

Л 2015


665к



Орынбай  
БӘЛДЕКОВ



ОРЫНБАЙ АЙТМАҒАМБЕТҰЛЫ БӘЛДЕКОВ  
12.01.1912 – 23.12.1994



ҒАЙНИЯ МЕНДАЛЫҚЫЗЫ ҚАРАБЕКОВА  
17.09.1915 – 05.12.1985





---

Бұл еңбегімді мені өмірге әкелген,  
өнегелі салт-сана, тәлім-тәрбие берген,  
жарқын бейнелері өмір бойы көз алдымда тұрған  
әкем ОРЫНБАЙ АЙТМАҒАМБЕТҰЛЫ

БӘЛДЕКОВ пен  
анам ҒАЙНИЯ МЕНДАЛЫҚЫЗЫ  
ҚАРАБЕКОВАНЫҢ  
рухтарына бағыштаймын

---



Қазақстан Республикасы  
Ғылым Академиясының  
кітапхана ғылымына  
осы кітапты құрастырушы  
Амангелді Орынбайұлы  
Бәлдековтен  
ізгі ниетпен

Астана қ. 12.11.2015ж.

Г.Р.Ә.Ә.



11 2013/003 K

УДК 821.512.122  
ББК 84 (0.кз)  
Б 23



# Орынбай БӘЛДЕКОВ

Өмірбаяндық, тарихи-танымдық жинақ



Құрастырушы Амангелді Бәлдеков



Астана-2014

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 қаз)

Б 22

Б 22 Бәлдеков А.

**Орынбай Бәлдеков. Өмірбаяндық, тарихи-танымдық жинақ/**  
Құраст. Амангелді Бәлдеков. – Астана: Фолиант, 2014. – 488 б.

ISBN 978-601-292-898-3

Бұл өмірбаяндық, тарихи-танымдық жинақта кезінде Маңғыстау облысының саяси-қоғамдық дамуына елеулі үлес қосқан қоғам қайраткері, еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдековтің өмір-еңбек жолы туралы мәліметтер, естеліктері мен шежірелік еңбегі, ол жинаған шежірелік әңгімелер, шешендік сөздер мен дастандар, жыр-толғаулар топтастырылған.

Маңғыстау өңірінің өнегелі азаматтарының бірі О.А. Бәлдековтің естеліктерінде өлкенің саяси-әлеуметтік даму тарихы сол тарихи кезеңдер куәгерінің тағдыры арқылы сипатталған. Оның өмірлік, еңбек және жауынгерлік тәжірибелерінің қазіргі заман жастарына, жаңа ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі мол.

Оның ел аузынан, көнекөз қариялар мен ақын-жыршылардан жазып алған халық ауыз әдебиетінің маңғыстаулық мұралары – шежірелік әңгімелер, шешендік сөздер мен дастандар, жыр-толғаулар оқырмандарды қызықтыратыны сөзсіз.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 қаз)

© Бәлдеков А., құраст., 2014

© «Фолиант» баспасы, 2014

ISBN 978-601-292-898-3





**ОРЫНБАЙ АЙТМАҒАМБЕТҰЛЫ БӘЛДЕКОВ**  
**(12.01.1912 – 23.12.1994)**



АҚТАУ ҚАЛАЛЫҚ  
МӘСЛИХАТЫ



АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ

АҚТАУСКИЙ  
ГОРОДСКОЙ МАСЛИХАТ

АКИМАТ  
ГОРОДА АҚТАУ

**ШЕШІМ және ҚАУЛЫ**  
**2008 жылы 15 қазан № 13/129**  
Ақтау қаласы

**РЕШЕНИЕ И ПОСТАНОВЛЕНИЕ**  
**2008 жылы 15 қазан № 1041**  
Ақтау қаласы

**Бальдеков Орынбай Айтмағанбетұлының**  
**есімін мәңгі есте қалдыру туралы**

Маңғыстау облысының саяси-қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл Жұлдыз», «II дәрежедегі Ұлы Отан соғысы» ордендерінің, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалінің иегері Бальдеков Орынбай Айтмағанбетұлының есімін мәңгі есте қалдыру туралы «Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық кеңесінің ұсынысын қарап, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. Бальдеков Орынбай Айтмағанбетұлы тұрған Ақтау қаласының 7 шағын ауданының № 17 үйіне ескерткіш тақта орнатылсын.

2. Осы шешім мен қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ә.Ванов

Қала әкімінің міндетін  
атқарушы



Т.Хитюев

Қалалық мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушы

С.Кутенов





АЛҒЫ СӨЗ



*...Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығанда бір рет болып көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған. Осы бір қасиетті жерде көптеген әйгілі адамдар, әулиелер жаны тыныштық тапқан. Лайым олардың рухы Сіздерді қоршап-қорғап, қолдап жүрсін..., бақытты өмір жолына бағдар берсін...*

*Н.Ә. НАЗАРБАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Президенті*





## МҰРА

Кітаптың негізгі арқауы киелі Маңғыстау өлкесінің дамуына сүбелі үлес қосқан қоғам қайраткері, еңбек және Ұлы Отан соғысының ардагері Орынбай Бәлдековтің ұлағатты еңбек жолы мен өмірі, халқы үшін атқарған ерлік істері жайлы сыр шертіп қана қоймай, көптеген тарихи мағлұматтармен толықтырылғаны шығарманың мазмұндық құндылығын кең ауқымда арттыра түскен. Орынбай Бәлдековтің ел аузынан жазып алған шежірелік әңгімелері, шешендік сөздер мен ауыз әдебиетінің мұралары аға буынның ғана емес, кейінгі толқын жастардың санасын нұрландырары сөзсіз. Себебі Орынбай Бәлдеков – өмірінде ата-баба тарихын мұқият зерделеп, көнекөз қариялар аузынан естіген жыр-дастандарды, толғауларды жинауда көп еңбек сіңірген жан. Оқырманның назарына ұсынылып отырған бұл тарихи-танымдық жинақ жердің тарихын дәріптейтін, елін шынайы сүйетін қауымның сүйсініп оқыр шығармасы болатынына сенемін.

Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдеков Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының Қаратөбе ауылында дүние есігін ашқан. Форт-Шевченко қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленген. Маңғыстау өлкесінде құрылған радио комитетін алғашқылардың бірі болып басқарып, радио хабарын тарату жұмыстарын белсенді түрде ұйымдастырған. Сонымен қатар ол Форт-Шевченко қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің меңгерушісі болып тұрғанда тікелей араласып, Маңғыстаудағы тарихи маңызды нысан – электр жүйесін іске қосуға атсалысқан. Аймақтағы тұрғын үйлер мен мекемелерді электрлендіруде Орынбай Бәлдековтің қолтаңбасы ерекше екендігін атап өткен жөн.




Шын мәнінде Орынбай Айтмағамбетұлының еңбек жолы мен өмірінің бел-белестері тағылымға толы десек болады. Оның туған жерін шексіз сүйіп, елінің дәстүрін құрметтеуі бір төбе. Сондықтан болар, Маңғыстау өңірінің өнегелі азаматтырының қатарында тұлғасы биік жанның бірі. Ол кісі Маңғыстаудың саяси-әлеуметтік жұмыстарына белсене араласты. Тіпті кешегі ел басына қара бұлт төндірген соғыс жылдары иығына қару асынып, туған жерді жау аяғынан азат етуге қатысты. Майданнан аман-есен оралғаннан кейін де күрделі тарихи кезеңдерді басынан өткерді. Оның табиғатынан берілген рухани беріктілік пен бекемдік, шынайы азаматтық келбеті халқының игілігі үшін еңбектенуге бағытталды.

Осындай тұлғалы азаматтың өмірінен сыр шертетін кітаптың дүниеге келуі – өте құптарлық жәйт. Шығарма көпшіліктің көкейінен шығып, оқырманның жүрегіне жол табады деп үміттенемін. Ал кітаптың «Мәтжан бидің әңгімелері», «Орынбай жинаған ауыз әдебиеті мұралары» тараулары халқымыздың тіл байлығын, тапқырлығын, шешендігін одан сайын айшықтай түсіп, жұртшылықты ауыз әдебиеті үлгілерінің құнарынан сусындандырады сөзсіз.


Тағы да бір айта кетерлік тұс – әке өмірінің жалғасы болған баласы Амангелді Бәлдековтің де еңбегін атап өткен жөн. Осындай маңызды да келелі мәселені қолға алып, әке мұрасын жаңаша реңмен көркем түрде халыққа табыстауы оның өрелігін аңғартса керек. Иә, «Мақтанарлық ұлың болса, мақтан» деген қазақтың нақылы осындайда айтылғандай. Зерделі де мағыналы кітап жазу еріккеннің ермегі емес. Бұл орайда Амангелді Орынбайұлы беттеген белесті бағындырды, алынбас асуды асты десе болады. Ендігісін түйсігі терең оқырманның еншісіне қалдыралық...

**Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,**  
*академик, «Қазақстан Республикасы*  
*ардагерлер ұйымы»*  
*республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық*  
*кеңесінің төрағасы,*  
*Астана, 31 наурыз, 2014 ж.*





ΚΙΡΙΣΠΕ ΣΘΖ



*...Ескі көздер бара жатыр азайып,  
Олар жайлы ойламаудың өзі айып.  
Ей, тірілер!.. Соларды бір еске алып,  
Тебіренейік, толғанайық, жазайық!..*

*Мұқағали МАҚАТАЕВ,  
ақын*



## АМАНАТ

Ежелгі заманда қалыптасқан әдеп-ғұрып, өнегелі қағида бойынша алдағы тұрған іске, мәселені талқылауға жүздескен, сұхбаттасқан бойда-ақ кірісіп кету дұрыстыққа саналмаған. Өдетте, мұндай сыпайылық, ізеттілік салт кездескендердің бірін-бірі нақтылы түсінісуіне мүмкіндік беретін көңіл күйлі жағдай туғызуға бағытталады. Осы ежелден келе жатқан қағиданы ұстанып, сіздермен, қадірлі оқырмандар, осы кітаптың беттерінде кездесуімде бір-бірімізді толық түсіну үшін алдағы тұрған іс – кітаптың негізгі мәтінін баяндауға кіріспестен бұрын оның жазылу, жарыққа шығуға дайындалу себептерін алдын ала әңгімелеп алғанды жөн көрдім.

Бұл еңбектің негізіне алынған, оның арқау-желісі болған мазмұн – өткен XX ғасырдың бас кезінде әлемнің тарихи сахнасында пайда болған жаңа Кеңестік қоғамның өсіп-жетілу жылдарында Маңғыстаудың саяси-әлеуметтік дамуы жұмыстарына белсенді араласып еңбектенген, ел бостандығына қауіп төнген Ұлы Отан соғысы жылдарында қолына қару алып, майдандағы ұрыстарға қатынасқан, соғыстан кейінгі бейбіт өмірдің де бел ортасында ел игілігіне еңбек еткен, Маңғыстау облысының саяси-қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан қоғам қайраткері, еңбек және соғыс ардагері – әкем Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдековтің өмірбаяны, еңбек жолы.

Маңғыстау өңірінің өмірі өнегелі азаматтарының қатарынан бағалы орын алған әкемнің еңбек тарихы мен өмірінің бел-белестері тағдырлас қоғамының қатал тарихи сынақтарға түскен мезгілдерімен сабақтас болған екен. Сол күрделі тарихи кездерде ол өз тағдырының тізгінін түзу ұстап, өмірлік ауыр сынақтарда сүрінбей, қиындықтарға қайыспай, заманының өмір-өзен арнасының аласапыран ағысында нық басқан қадаммен тіке жүріп, адал өмір сүріпті.

Болашаққа армандай қарап, туған өлкесі Маңғыстауда бақытты өмір орнатылатынына күмәнсіз сеніп еңбектенген әкемнің және онымен иық тіресіп, қатар өскен замандастарының





сол заманның қиындықтарына төзімділігі, еңбек пен соғыс майдандарында жеңіске жету жолындағы табандылығы – осылардың барлығының «жасырын» сыры оларда қалыптасқан рухани беріктілік пен табиғи бекімдіктің, шынайы адамгершілік пен азаматтылықтың негізінде болар. Бәлкім, қоғамдық құрылымға, уақыт талабына да байланысты болған шығар. Қалай болғанда да, өз өмірлерін ел-халқының игілігі үшін еңбектенуге арнаған әкем мен оның замандастарының өмірлік жолы, еңбек тарихы қазіргі заман жастарына, жаңа ұрпаққа әңгіме етуге тұрарлық.

Батыс Еуропа әлемі зиялыларының санасында алғашқы болып Пайғамбар Мұхаммедтің (саллаллаһу алайһи уа салләм) өмір тарихын, тарихи бейнесін қалыптастырған шотландиялық ойшыл, тарихшы Томас Карлейль «...дүниежүзілік тарих дегеніміз – адамдардың бұл дүниеде атқарған істерінің тарихы, жер бетінде еңбектенген тұлғалардың ғұмырнамасы...» депті. Осы айтылғанды негізге алып, біз де «Маңғыстаудың қара шаңырағы – Форт-Шевченко, қазіргі орталығы – Ақтау қалаларының, жалпы өлкенің тарихы осы өңірде әрқилы заманда өмір сүріп, еңбек еткен әйгілі тұлғалардың, сондай-ақ қарапайым қайраткерлердің өмірлік еңбек тарихынан тұрады» деген орынды тұжырымға келе аламыз. Осы кітапта баяндалатын әкемнің өмір тарихы мен еңбек жолын, оның естеліктерін Маңғыстаудың, Форт-Шевченко және Ақтау қалалары тарихтары тарауларының жеке тұлға тағдыры арқылы сипатталуы ретінде қабылдауға болады. Ол – өлкеде болған тарихи өзгерістердің сырттай байқаушысы емес, сол тарихи құбылыстардың ортасында болған куәгер. Оның өмірінің өзі өлкенің саяси-әлеуметтік өзгерістер тарихының нақты бір бөлігі.

«Тарих ағымдағы заманмен сабақтас, байланысты» деген пайымдау әлденеше рет дәлелденген. Алайда өткенді еске алып, Кеңес дәуіріндегі тарихымызды әңгімелегенде арамыздан «сол тоталитарлық коммунистік қоғам кездеріне, сол қоғамның қайраткерлерінің өмірі мен еңбек жолына көңіл бөлудің қандай қажеттілігі бар?» дейтін күдікшілдер, күмәншілдер табылуы ықтимал. Мұндай күдік-күмәндердің болуы – түсінікті жағдай. Әрбір жаңа қоғамның мүшелері өздерінің алдында болып өткен қоғам құрылысының құбылыстарына риза еместік көрсетеді. Сан алуан уақиғаларға, саяси-әлеуметтік өзгерістерге толы



өткен кезең дәуірінен, әсіресе Кеңес үкіметі билік құрған кезден, ерте заманда не қазіргі кезде қалыптасқан көзқарастарға қайшы келетін болмыстар да табады. Қалай болғанда да, халқымыздың Кеңес дәуірі кезіндегі өмірі де біздің басыбайлы тарихымыз, ақиқатымыз, оны мүлдем, біржолата естен шығарып, ұмытып, жадымыздан сызып тастай алмаспыз.

Сол кезде өмір сүрген адамдардың еңбек тарихына, өмір жолына, тағдырына аса бір түсіністікпен қарауымыз керек. Жоғары деңгейдегі адамгершілік қасиеттерімен сирек кездесетін жеке тұлғалар да өз заманының бағыныштысы болғанын ескерген жөн. Қазақ елі қоғамдық-саяси әлемінің жарқын жұлдыздары, әлемдік дәрежедегі тұлғалар – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев (1912-1993), Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев, басқа да республикалық дәрежедегі қоғамдық қайраткерлер және әкем Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдеков сияқты облыстық, аудандық; қалалық деңгейдегі еңбеккерлер түгел дерлік коммунист болды, тоталитарлық Кеңестік қоғам жүйесіне қызмет етті дегенмен, олардың өз елі үшін аянбай еңбек еткен қайраткерлер болғандығын ұмытпай, туған өлкелерінің өркендеуіне қосқан үлестерін дұрыс бағалауымыз орынды болады. Олар қоршаған қоғамдық ортамен тағдырлас, тәрбиеленген заманының бағыныштысы болғандықтан, сол нақтылы қоғамның мүшесі ретінде оның мүддесін қорғағандығына байымдылықпен қарауымыз керек.

Әйгілі орыс прозашы-публицисі А.И. Герцен «...өз естелігін жазу үшін адамдар ұлы тұлға әлде мемлекет қайраткері болу қажет емес. Ойында ел-жұртқа айтатыны бар жәй ғана қарапайым адам болу әбден жеткілікті. Қарапайым адамның өмірі тек сол адамның жеке басына байланысты емес, ол адам өмір сүрген ел мен заманға назар аударуды тудырады...» деген ой айтыпты. Әкем Орынбай Айтмағамбетұлы кезінде аса бір әйгілі тау тұлға, жоғары лауазымды мемлекет қайраткері болмағанмен, қарапайым еңбеккер ретінде өзінің өрнекті, өнегелі өмірінің өзекті тұстарын, майдандағы жауынгерлік өмірін, маңғыстаулықтардың қоғам мен халық игілігі үшін өз өлкесінің әлеуметтік дамуы жолындағы еңбектерін сипаттаған мақала-естеліктер жазып, жергілікті басылымдарда жариялаумен айналысқан адам болды. Сан жылдар санасында



сақталған ойларын, өткен өмірінде игерген өмірлік, еңбек және жауынгерлік тәжірибелерін, көрген-білгенін ілтипатпен, тиянақтылықпен жүйелеп, жариялап тұрғандығы – оның ел-жұртына, замандастарына, жас буынға айтатын ой-түйіні, әңгімелейтіні болғандығының кепілі. Ол өзінің жазған немесе жариялаушыларға баяндаған естеліктерінде жеке тұлғалық ғұмыр жолын сипаттауды отандастарының, жерлестерінің өмірін, Маңғыстау тарихының кейбір бел-белестерін суреттеумен сабақтастырады. Әкемнің баспасөзде жариялаған естеліктерін, отбасылық мұрағаттағы қолжазбаларын, мемлекеттік мұрағатқа тапсырған жадығаттарын және ол туралы замандастарының жазғандарын жинақтап, сұрыптаумен айналысқанда, соларды кітап мәтініне негіздеп, жұртшылықтың, жас ұрпақтың назарына ұсынуға тұрарлық еңбек болатындығына сенім туды.

Әкем естігенін, көрген-білгенін мәнерлеп баяндайтын, тыңдаушыларын үйірілтіп, өзіне қаратып алатын әңгімеші, сұхбаттастарын зейінмен тыңдайтын әңгімеқұмар адам болды. Ол қазақ халқының тарихына, Жүз, ру-тайпалық шежірелерге, ауыз әдебиеті мұраларына, әсіресе солардың Маңғыстау елі арасында тараған үлгілері – дастан, жыр-толғауларға, шежірелік аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздерге сүйіспеншілікпен көңіл бөліп, ел аузынан жазып алып, ыждағаттылықпен жинап, көпшілік арасында әңгімелеумен, жергілікті баспасөзде жариялаумен де айналысты. Әрдайым қойын қалта дәптершесі мен қарандаш-қаламын өзімен бірге алып жүруге алғашқы еңбек жолдарында ел арасында үгітшілік, өкілдік жұмыстарды атқарған кезде, сонсын соғыста майдандық әскер бөлімінің саяси тәрбиеші-қолбасшысы болғанда дағдыланған әкем сол жыр-толғаулар мен аңыз-әңгімелердің қайсыбірін көнекөз қариялармен, ақын-жыраулармен жеке таныстықта, араластықта болғанда жазып алып, жинақтағанын айрықша атауға болады. Маған жеткен әкемнің отбасылық мұрағатында жыр-толғаулардың ескіше қазақ әліпбиінің араб әріптерімен «төте жазу» үлгісінде жазып алынған қолжазба нұсқалары да бар. «Апыр-ай, қағаз бен қарындаш, қалам мен сия тапшылық болған кезде, «төте жазу» пайдаланылған дәуірде, сол сауаттылықты игергендердің де санаулы болған заманында қарындашпен жазылған, өткен уақыт



әсерінен күзгі жапырақтай сарғайған оқушылық дәптер беттерінің сырын ашпай болмас, олардың да өзінше құндылығы бар ғой, жарық көретін кезі жеткен болар» деп есептедім. Осы кітапта соларды әңгімелеп, жариялаудың реті келіп тұр. Осы жолы олардың қайсыбірі алғаш рет жариялануы да ықтимал.

Халық ауыз әдебиетінің қымбатты қазынасы, бүгінгі заманда әлемдік деңгейдегі ауыз әдебиеті ескерткіші дәрежесінде бағаланған «Қырымның қырық батыры» жырларын жастайынан жаттап, жадында сақтап, біздің дәуірге жеткізген жыр алыбы, уақыт кеңістігі мен заман талқысынан өтіп, «Маңғыстаудың Гомері», «Ұлы жырау» атанған әйгілі рулас атамыз Мұрын жырау Сеңгірбекұлымен көзі тірісінде әкем ағайынтумаластық араластықта болған. 1941 жылы Алматыдан Форт-Шевченкоға Мұрын жыраудың өз аузынан аталған жыр топтамасын жазып алу жұмысын орындауға әдебиет қорының қызметкері Асайын Хангелдин арнайы келгенде Шевченко аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің қызметкері О.А. Бәлдеков сол жұмыстардың басы-қасында болып ұйымдастырған жергілікті мемлекет органдарының өкілі болды. Сол үкімет тапсырмасын орындау ісі Орынбай Айтмағамбетұлының үйіндегі алғашқы жыр тыңдау, оны жазып алу отырысында басталғанын атап айтқым келеді.

Әкем маңғыстаулық ақындардың ардақты өкілі, сөз зергері, Қазақ КС Республикасының Халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлымен сонау 1930 жылдары жұмыстас, таныстық араластықта болған, 1960 жылдарға дейін созылған ұзақ сыйластық қарым-қатынас құрған.

Міне, осы аталған табиғи таланттылығы тау тасқынындай тасыған түбектің талғаулы тарихи тұлғалары туралы әкемнің олардың өз ауыздарынан естігендеріне негізделген естеліктері, сол ардақты аталар жырлаған жыр-дастандар, терметолғаулар да бұл еңбекте келтіріледі.

Ел басына қаратүнек күн туған, жау жағадан алған Ұлы Отан соғысы кезінде ауылдағы азамат атаулыларын ажалмен арпалысқа аттандырған ана-апалар арасында арыстай азаматының аманатын арқалап, Аташта, айлақ жағалауында жылап, жаулығының жиегімен көз жасын сүртіп, жағадан алыстап бара жатқан кеме-баржадағы жұбайына қол бұлғап қала берген Орынбай Айтмағамбетұлының құдай қосқан қосағы,





өмірлік жолдас-серігі Ғайния Меңдалықызы Қарабекованың өмір-еңбек жолын әңгімелеуге де бұл кітапта тиесілі орын берілді. Анам «соғысқа кеткендердің әйелдері олардың артында қалғандары үшін аналарындай жауапты болмақ...» деген діни қағиданы түзу ұстаған, тұрмыс қиыншылықтарына қайыспай балаларын асырап, тәрбиелеумен қатар, ер азаматтардың орнына еңсесі басылмай еңбектенген тыл қызметкері болды. Заманында қазақша-орысша сауаттылығымен, іскерлігімен көзге түскен анам Ғайния Меңдалықызы Ұлы Отан соғысы жылдарында аудандық партия комитеті ұсынатын, облыстық партия комитеті бекітетін Шевченко аудандық, Форт-Шевченко қалалық мемлекеттік мекемелерде жауапты лауазымды қызметтерге үш рет тағайындалған екен. Міне, осылай оның Маңғыстау өлкесінің қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен маңғыстаулық әйелдердің бірі болғандығы бұл еңбекте тарихи-мұрағаттық құжаттарға негізделіп әңгімеленетін болады.

Әкем туралы жарияланымдар, оның өзінің айтарлықтай өмір, еңбек тәжірибесін, заманының тарихи кезеңдерінің назар аударарлық тұстарын, атқарған қызметтерін суреттеген мақалалары біршама жиынтық құрайды. Ол туралы жазылған жарияланымдардың ең алғашқысы Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан сонау 1943 жылы Волхов Майданының «Фронтвая правда» газетінде жарық көріпті. Сұрапыл соғыс жылдарында әкемнің әскер бөлімшесінде жауынгерлер арасында жүргізген үгіт-насихат, саяси-тәрбие жұмыстарының, қолына қару ұстап неміс фашистерінің шабуылына қарсы тұрған ұрыстарының бір ғана көрінісі сипатталған сол шағын мақала басылған, күзгі жапырақтай сарғайған газет қиындысы кезінде біздің жанұямызда қымбатқа бағаланатын қастерлі нәрселердің бірі болды. Ол мақала отбасымыз жиналып оқығанда айрықша әсер ететін де, көтеріңкі мақтаныш сезімге бөлейтін. Міне, осындай әсер тудырған әкем туралы қазіргі кезде жарияланған мақалалардың бірінде (А. Гаркуша. По страницам календаря памятных дат Мангистау, «Тумба» газеті, Ақтау, 26 шілде, 2007 ж.) маңғыстаулық игі жақсылардың қатарына Орынбай Айтмағамбетұлын да қосып, еске алыпты. Ол туралы «...биыл Ұлы Отан соғысының ардагері, Маңғыстау облысы жұртшылығына белгілі қоғам қайраткері, республикалық



дережелі дербес зейнеткер болған Бәлдеков Орынбайдың туғанына 95 жыл толады...» деп, оның өмір-еңбек жолы туралы мәліметтер берілгені. Өткен заманның бір жыршысы айтқандай, «қайраты бұл заманның мал менен пұл» болған, нарықтық қатынас қалыптасқан, ақшаның, мал-мүліктің адамдар арасындағы қарым-қатынастық құндылықтарының қатарына қыстырылып, сұғына алға ұмтылған кезінде, жарияланым жазу жұмысы коммерциялық іске айналған уақытта, бұл дүниеден озғанына бір мүшел жылдар айналымынан астам мезгіл өткеннен кейін де Бәлдеков Орынбайды жерлестерінің еске алғандығы мені тағы да толғандырды. Осы бір жылы лебізді шағын жарияланымның қобалжытатын әсерінің негізі – өлкеміздің өмірден өткен өнегелі өкілінің өркенін өсіргендігінде, елдің еңбеккер ерін есіркеп, елегендігінде.

Осындай басылымдардың келесі бірі – Маңғыстау облысының шаңырақ көтергеніне 35 жыл толуын атап өту шараларының шеңберінде қайтадан толықтырылып, баспадан шыққан «Маңғыстау энциклопедиясы». Энциклопедияның кіріспе алғы сөзінде «...тарихты жасаушы да, жаңартушы да адамдар. Қай кезде өмір сүрсе де оларды ұмытпай, кейінгі ұрпақ санасына дарыту – біздің негізгі міндетіміз...» деп аталыпты. Әрине, энциклопедиялық басылымдардың қай-қайсысы да құнды кітаптардың қатарына жатады. Бірақ бұл кітаптың Бәлдековтер әулетіне құндылығы тек оның энциклопедиялық дәрежесінде ғана емес, сонымен қатар Маңғыстау өлкесінің тарихын жасаушы, жаңартушы адамдардың қатарында еңбектенген өкеміздің өмір жолы мен атқарған қызметтерін бағалағандығында. Бұл бағалаудың әділеттілігіне Орынбай Бәлдековтің көзі тірі замандастары, ағайын-тумаластары, оны білетін, онымен араласқан, сұқбаттас, дәмдес, жұмыстас болған маңғыстаулықтардың күмән келтірмесіне сенімдімін.

Әкеміздің есімі елінің есінде екендігін айғақтаған тағы бір уақиғаны арнайы атаған дұрыс болар. «Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық және Ақтау қалалық кеңестері Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдековті Маңғыстау облысының саяси-қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан қайраткер ретінде бағалап, есімін мәңгі есте қалдыру туралы ұсыныс-шешім қабылдады. Бұл ұсынысты Ақтау қаласының мәслихаты мен Әкімдігі



2008 жылы 15 қазан күні мақұлдады, бірлескен шешім-қаулы қабылдады. Бұл шешімдер 2009 жылы 12 қаңтарда жүзеге асты – Ақтау қаласының 7- шағынауданындағы Орынбай Бөлдеков тұрған № 17 үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды. Облыстық және қалалық әкімдіктердің белсенді қызметкерлері марқұмға шынайы ілтипат көрсетіп, ел-халықты жинап, салтанатты дүбірлі жиын өткізді, ескерткіш тақта ресми түрде ашылды, ас беру рәсімі болды.

Соңғы кезде жеке тұлғаларға арналған өмірбаяндық шығарма жазу ісінің өрістегені, осы жанрда көптеген кітаптар жарық көріп жатқандығы белгілі. Осыған байланысты болар, ел-халық «енді тағы да кім туралы кітап шығар екен» деп күтінеді де, әңгіме қозғайды. Ағайын-тумаластар, руластарымыздың, қайсыбір маңғыстаулықтардың арасындағы әңгімелерде де «Орынбай туралы да кітап жазылуы керек еді-ау» деген үміт-тілекті әңгіме айтылып қалатын көрінеді.

Әкемнің көзі тірісінде редакцияларының тапсырмасымен, кейде өз ынталарымен жарияланым дайындауға келген жергілікті жорналшылардың оны қаумалап, әңгіме, естелік сұраған дамылсыз кездер өтті. Енді олардың аяқтары басылған, іздері суыған, әкемнің және басқа да ол сияқты майдангер, еңбек ардагерлерінің өмір-еңбек тарихы қызықтырмайтын дәуір туды. Үстіміздегі нарықтық заманда жеке тұлғалар туралы кітаптардың жарыққа шығуы коммерциялық ұсыныссыз, тапсырыссыз атқарылмайтын жұмыстардың біріне айналды. Қайсыбір қалам қайраткерлері қаржылы қауыммен қадірлестік қарым-қатынас құрып, «ақысын берсе, қоқысын да шығарамыз» дегендей, коммерциялық тапсырыстар орындауға еңбектенуде. Қаламақыларын қазақ қоғамында «шартты бірлік» деген бүркенішті атпен аталатын Америка ақшасымен алуға көшті. «Әке туралы кітап шығарсақ екен» деген ой-арманды жүзеге асыратын осындай коммерциялық жол бар екені белгілі болса да «сатылымды сый сүйсіндірмес», «жүректен шықпаса, жүрекке жетпес» дегенге ден қойып, бұл жолға түспедім. Анығын айтсам, аталған арманды – абыройлы, адал азаматтың атын ардақтауды, Американың ақшасына айырбастау амалынан аулақтадым. Саудаласып, салғырттық салқын сезіммен, апыл-ғұпыл жазыла салатын сатулы жарияланымды жарыққа шығаруға жорналшы-жазушы жалдау-



ды жақтырмадым, жаным жаратпады. Адай елінде «Арқадан Дөбік палуан келер-дағы» деп ойдағы Адайлар күреспей отырма?» деген мәтел сөз бар. Сол айтқандай, «бір журналшы-жазушы Орынбай Бөлдеков туралы кітап жазар-дағы» деп отырмай, «егер мен болмасам, кім?» деп ойланып-толғанып, осы кітапті құрастырып жазуды өзім қолға алдым, тәуекелге бел байлап, осы іске өзім кірістім.

Халық арасында «Бидайдың арқасында бидайық су ішер» деген сөз бар. Мен бұл кітапты жазғанда, есімі маңғыстаулықтарға әйгілі қоғам қайраткері әкемнің өмір, еңбек тарихын баяндау арқылы атағымды шығарып, әкемнің абыройлы атағының арқасында жазушы атануды мақсат еткенім жоқ. Осы еңбекке кіріскенде басшылыққа алған негізгі ұстанымым – әкемнің өмір тарихын, еңбек жолын толық шолып шығып, ой-санамнан өткізіп, кеңдігі мен тереңдігін ұғып, жаңа көзқарастағы мағына беріп, оның жариялаған естеліктерін, өзінше құндылығы бар қолжазбаларын, жинаған қайсыбір жыр-толғау, аңыз-әңгімелерін жүйелеп, ұрпақтарына, Бөлдеков Орынбайдың өмір тарихына қызығушылық білдіретін маңғыстаулықтарға, жалпы оқырман қауымға жиынтықты түрде жеткізу. Мүмкін, бұл жұмыс көзі тірісінде әкемнің жүзеге асыра алмай кеткен істерінің, ұрпағына қалдырған аманаттарының бірі сипаттас болар. Міне, осы аманатты атқару тұрғысында талпынып, ізденіп, жұмыстанып, қолымнан келгенше, өзімнің сауаттылық, мәдени және рухани ақыл-ойымның, ой-өрісімнің деңгейі жеткенінше бұл шығарманы жазып шығуға еңбек еттім. Оқырмандарға сыйлағандық, әдептілік пен сыпайылық көрсеткендік ретінде айтайын дегенімді егжей-тегжейлі баяндап, түсінікті жазуды, тарихи мұрағаттық құжаттардың негізінде әңгімелеуді қолдандым.

Бұл кітапты дайындау кезінде «қалай атаймын?» деген ой да біраз мазалады. Әйгілі украин жазушысы П.А. Загребельный «Изгнание из рая» атты кітабына («Советский писатель», Мәскеу, 1988 ж.) жазған алғы сөзінде «...кітаптың атын атау – жауапты да, қауіпті де іс. Кітаптың аты әртүрлі тарихи-мәдени қатарластыра салыстыру да, қарадүрсін жұпыны тұспалдар да туғызады. Сондықтан кітапты оның басты кейіпкерінің атымен атау қауіпсіз болады...» депті. Ол өзінің мен сүйсіне оқыған тартымды да әсерлі өмірбаяндық туындыларын басты





кейіпкерлері – Түріктің Осман империясын билеген оныншы сұлтан Сүлейманның сүйікті жұбайы Роксолананың, Украин халқының азаттық күресінің әскери қолбасшысы, саяси қайраткер Богданның есімдерімен атапты. Соңғы кезде Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының ынталандыруымен жазылып, жарияланып жатқан «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаяндық сериясы көлемінде мұнай-газ өндірісінің белгілі қызметкерлері туралы кітаптар да солардың аты-жөнімен аталып жатыр. Шындығында, бұл дұрыс болар деп есептедім. Кітаптың атымен танысқан оқырман оның мазмұнды бөлігінде нендей тақырып әңгімеленетінін бірден, оның атауынан-ақ түсінеді. Сондықтан кітабыма жалған тебіреністі, көтеріңкі рухты атау таңдаудан аулақтап, өмірі мен еңбек тарихы сөз болғалы тұрған негізгі кейіпкерім, тағдыры Маңғыстау тарихының тармақ-тарауларымен тығыз тоғысқан, түбекке танымал тұлға – әкем Орынбай Бәлдековтің атымен атауды қаладым.

Кітап мәтінінің жазылу барысында маған таныс шығармалардың туындыгерлері айтқан ұғым-түсініктерді, мәліметтерді ескергендігімді, солардың кітап мәтіні желісінің кейбір тұстарында ойымды өрбіткендігін, үлгі, бағыт ретінде қажеттілерін пайдаланғандығымды айтуым керек. Пайдаланған дерек-көздерге кітап мәтіні желісінде сілтеме жасауды, әңгімеленіп отырған уақиғалар мен тұлғалар туралы анықтама, түсініктеме беруді дұрыстыққа санадым. Сонымен бірге қазақ елінің, Маңғыстаудың тарихтарына қатысы бар қайсыбір маған таныс уақиғалар мен мәліметтерді «мүмкін, олар оқырман қауымға бей-мәлім болар» деген оймен кітап мәтінінің реті келген жерінде әңгімелеп, қостым. Мұным «артық болмас» деп ойлаймын.


Бұл еңбек туған жерінің тарихын дәріптеп, еліне деген шынайы сүйіспеншілігімен өмір сүрген әкемнің көптеген әңгімелері, жазбалары және оның игі тәрбиесі арқылы маған дарыған жалпы адамдық мәдени құндылықтар мен туған өлкеміздің, ел-халқымыздың тарихына байланысты танымға сүйіспеншілік сезімімнің айғағы болар. Бұл біткен іске, оның сапасына баға беруші, сарапшы, сыншы, өздеріңіз боласыздар, қадірлі оқырмандар. Енді осы еңбекпен танысайық.

*Құрметпен,  
Амангелді Орынбайұлы БӘЛДЕКОВ,  
Астана, Ақтау*



I тарау

РУЛЫҚ ШЕЖІРЕМІЗ –  
АУЫЗША ТАРИХЫМЫЗ



*...Ұрпақ жадында ата-баба есімдерінің сабақтасқан тізімі ғана сақталып қоймайды, сонымен бірге шежірелік мәліметтер, ...қоныс-тұрағы туралы айғақ-деректерді де жеткізіп отырады. Бұл ретте, қазақ шежіресін шын мәнінде «қазақтың ауызша тарихы» деп атауға болады...*

*Ақселеу СЕЙДІМБЕК,  
филология ғылымдарының докторы*



## МҰРАТ (КЕШЕ) РУ-ТАЙПАСЫНЫҢ ШЕЖІРЕШІСІ

Бүгінгі ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғыртып жатқан заманда өзіміздің шыққан тегімізге, шежіремізге қатысты әңгімелердің айтылып, жазылуы орынды. Кітаптың негізгі тақырыбын баяндауды шежірелік тарихымызға үңіліп, ой жүгіртіп, шыққан тегіміз бен жадымызда тұрған жеті аталарымызды еске алудан, ата жұртымыздың сонау Алатау аймағынан ауып, көшіп-қонып, ақырында Маңғыстауға қоныстануына байланысты тарихи мәліметтерге шолу жасап, әңгімелеуден бастағанды жөн көрдім. Кезінде рулық шежіремізді, шежірелік тарихымызды айқындаумен айналысқан әкем бұл тақырыптағы мәліметтер мен әңгімелерге де қызығушылық танытқан екен. Демек, шежіреге байланысты әңгімелер Орынбай Айтмағамбетұлының ел тарихын жете білуге ұмтылысын, жалпы дүниетанымын түсінуге де қатынасы бар.

Қазақ халқының Үш жүзі мен ру-тайпаларының шежірелері – елдің өмір-тұрмысында, мәдени-рухани болмысында ертеден қалыптасып тараған құбылыс. Осы ежелден келе жатқан шежірешілікті қолдау және рулық шежірені айыра білу ел ішінде қарым-қатынас құрудың өмірлік қажеттілігі болған кездерді бастан кешкен көнекөз қарттар «жеті аталарыңды айыра білгендерің дұрыс», «рулық шежірені білу – өзіңнің, ата-тегіңнің, ру-тайпаңның уақыт пен тарихтағы, ел арасындағы орнын сезіну» деген мағыналы ойды өрбітеді, халқымызға тән осы дәстүрді ұмытпау керектігін сөз етеді.

Еліміздің шежірелік дәстүрінің құлдырап, құлазыған кезі Кеңес дәуірінде сол заманның идеологиясы жастардың ата-бабалар шежіресін танып-білуін коммунистік тәрбиеге жатпайтын, рушылдық пен ұлтшылдықты ушықтыратын іс ретінде бағалады. Сол қоғамның идеологиялық тәрбиесін бастан кешкен ұрпақтың басым көпшілігі «рулық шежірені талдай білу – ескі тұрмыстың сарқындысы, ауылдағы қарттардың ісі, солардың



арасында әңгімеленетін тақырып» дегендей шолақ түсінікпен шектеліп есейді.

Еліміз тәуелсіз мемлекет болған соң, бұрын тек қана шежіре білгір көнекөз қариялар мен солардан естігенін жадында сақтап, жазып алған әке-ағалардың әңгімелеуімен ауызша тараған шежірелер сұрыпталып, талданып, кітап-газет жарияланымдары түрінде таратылып жатыр. Бұл құбылыс – қазіргі заманда халқымыздың шежірелік тарихына көпшіліктің көз-қарасы өзгергендігінің айғағы.

Әкемнің қолжазба қорында шежірелік мәліметтер көп кездеседі. Рулық шежірені түзе білу, руластарды жете тану, рулық және руаралық араластықты нығайту тәрбиесімен өсіп, есейген ол сол ел арасында сөз болатын шежірелік әңгімелерді зейін қойып тыңдап, білгірлікпен әңгімелеп жүрді. Осындай ынтасының нәтижесі болар, ол маңғыстаулықтардың арасында Адай елінің ру-тайпа тақтасын, Мұрат (Кеңе) руының ата-тек шежіресін жете айыра білетіндердің қатарында болды. Ел-халық бас қосқан жиындарда, ағайын-тумаластар арасында болатын шежірелік әңгімелерге белсенділікпен араласып, білгенін ортаға салып, естігенін жазып алып, жадында сақтап жүрді. Оның бұл саладағы біліктілігін ағайындары, руластары «көзі көрген, көңілі жүйрік шешен-шежіреші», «Мұрат ауылының шежіре білгірі», «ескілікті шежіре деректерді жинақтап, артына үлкен үлгі, өнеге қалдырған абзал ағамызды ерекшелееу орынды» [1; (186, 323, 85-бет)]<sup>1</sup> деп бағалайды.

Әкем мен Бисен Жаңбырбаев ағамыз екеуі бірігіп, Мұрат (Кеңе) ру қауымы туралы ел арасында тараған, көнекөз қариялар білетін ататегімізге қатысты шежірелік мәліметтерді жинақтау бағытында жұмыстанып, алғашқы болып руымыздың шежіресін, шежірелік тарихын 1993 жылы 23 наурызда жариялады. Олардың шежірелік еңбегі Маңғыстау аудандық «Жаңа өмір» газетінде «Бабанама: ұрпақтар үндестігі үзілмесін» атты айдармен жарияланып, осындай шежірелік тарихты толықтыру жолында ізденісте болған маңғыстаулық азаматтарды ынталандыру мақсатында газет редакциясы тағайындаған бәйгелердің бір сыйлығына ие болыпты.

<sup>1</sup> Сілтеме жасалған әдебиеттер мен ақпарат дерекнама, мұрағаттық құжаттар тізімі кітап мәтінінің соңында келтіріледі.





Бұл ретте Орынбай Бәлдеков пен Бисен Жаңбырбаевты «қазақтың қадірлі ұлттық дәстүрінің бірі – шежірешілікті жалғастырушылар, Мұрат (Кеще) ру-әулетінің көнекөз қарияларының ұжымдық жады сақтаған шежіреміз бен шежірелік тарихымызды жүйелеп, тарихнамалық дерек ретінде баспада жариялап, қазіргі заманға жеткізген шежірешілер» деп бағаласақ, асыра айтқандық болмас. Сонымен қатар аталған шежірелік еңбекті «Орынбай Бәлдеков пен Бисен Жаңбырбаевтың Мұрат (Кеще) руының жеткіншек ұрпағына қалдырған мұрасы, руымыздың қазіргі заманға белгілі шежіресінің, шежірелік тарихының бірден-бір толық нұсқасы» деп қабылдаған орынды сияқты. Жарыұлы Мұрат ата ұрпақтарының шежіресіне қызығушылық білдірушілер, рулық түзілімін анықтап, жариялаумен айналысушы ағайындар бұл еңбекті негізге алып, пайдаланып жүр.

Аталған Мұрат (Кеще) руының шежіресі әлденеше рет баспада жарияланған болса да, осы Орынбай Бәлдековке арналған кітапта оны ескермей, оның мәтініне назар аудармай өтіп кету келіссіз болар. Енді сол шежірелік еңбекті тағы да қайталап оқып шығайық. Сонсоң рулық тарихымызды қазіргі заманға белгілі қазақ елі тарихының жарияланған мәліметтерімен сабақтастыра талдап, әңгімелеп көрелік.

## КЕШЕ (МҰРАТ) ӘУЛЕТІ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ, Бисен ЖАҢБЫРБАЕВ,  
Маңғыстау аудандық «Жаңа өмір» газеті,  
24 наурыз, 1993 ж.*

«Атасын айтқаннан алыс болмайды», «Жеті атасын білмеген жетесіз» дейтін ұлағаттылардан қалған сөз бар. Ата жігін айыра білу де, жариялау да, араға жік салу емес, ата салған жолжораны, үлгілі істерді, өнегелі өнерлерді, жағымды қадір-қасиеттерді ұрпаққа жалғастыру да, тегінді таныстыру да теріс болмаса керек.

Бұдан бұрын ататегін жариялаған ағайындар соңын жалғастырумен қатар Мұрат атаның «Кеще» аталу жағдайына да сауал қойған екен. Оның қосарлы аталуы ел арасында әртүр-



лі әңгімеленеді. Ақиқатын айтсақ, ертеден айтылып жүрген елеулі сөз бар.

Атақты Мәтжан би «Елде елеусіз өткен екі ер болды» деумен кеткен екен. Оның бірі – Қосайдың Есек батыры жезтырнақ пен таутайлақты өлтіріп, саяхат сапарынан айлап, апталап жүріп келсе, ауылын жау шауып, малдарын айдап кеткен екен. Есек батыр қалмақтың ханы Тайлан батырды қуып жетіп, Жем бойында өлтірген екен. Екіншісі – «Мұраттың жаугершілікте қалмаққа қарсы жеке шауып, жеңіске жеткізген батырлығы дәріптелмей, зая болып «Кеңе» аталынуы» деген екен. Бұның ақиқаттық белгісінің бірі – атамыздың қалмақ қызы – үшінші шешемізбен жорықта қосылғандығы.

Негізінде атамыз жалтақсыз, жарып салатын батыл, қысылшаң тұста артын бағып, аңдып тұрмайтын көңілді, қайсар мінезді болса керек. «Мақұл ойланғанша, тентек ісін бітіреді» дегендей, қалмаққа шабуыл кезінде сапарластарының ықпалына қосылмай, жауға қарсы жалғыз аттанған. «Бас-аяғымызды жиялық» деген шақыруға қайтпаған. Ойлаған мақсаты мен қайсарлығына қоса бір аттанып, жолға шығып кеткесін, артына мезгілсіз оралмайтын ырым тағы бар. Не болса да бағытынан қайтпағандықтан, «Әй, мынаның өзі айтқанға көнбейтін, бағытқа түсінбейтін бұра тартқан кеңе ме, немене өзі?!» деген атаққа қалса керек. Ақыры, осылай бірте-бірте аталып кеткен ғой. Бірақ ол бағытының дұрыстығын, әдіс-тәсілдерінің сәттілігін жеңіспен олжалы оралғанда пайымдап, дәлелдеп берген. «Біткен істің міні жоқ, бітірген ердің кемі жоқ» десіп, қолға түскен қалмақ қызын қолбасылары сол жорықта Мұратқа қосқан. Ел аузындағы басқа да дәлелді әңгімелерді жалғастырмай, осымен қысқартқанды мақұл көреміз. Тарихта дерек жетеді, әңгіме көп, қай-қайсысы да үйлесіп, орайласып жатады. Ел арасында қос атпен аталып жүрген ру аттары жетерлік.

Айталық, Қожамсүгірді «Шолақ» дегеннен ол елдің айбары төмендеп, абыройы ортайып, бағасы бәсең болып жатқан несі бар?..

Нұрмағанбетті «Кедей» деп атағанмен, үнемі жарлылықта жүріп, кемдік, тарлық, жетпестік көрген несі бар?..

Әйгілі «Жомарт» атанғаннан Жеменейлер ұрпағы аспа-төкпелік жасаумен келе жатқан жоқ қой...



Болмаса, Сүйіндікті «Жаманадай» дегенмен, ол ауыл жаман болды ма?

Бұл ауылдардан талай-талай игі жақсылар, шешен-жүйріктер, би-биіктер шыққан жоқ па?! Сондықтан да «аталар аты талқысыз, елге белгілі мағлұм болған күйінде, ешкімді де, тарихты да шатастырмайтын ақиқат қалпымен атала беруі жөн» деп санаймыз.

Енді ата жігіне келсек, Жаулыдан тараған Жарының сегіз баласының бірі – Мұраттың (Кещенің), жұбайларынан, үлкен шешемізден – Қожагелді, Шортық, кіші шешемізден – Меңдібай, Сасықбай есімді төрт бала өрбіген. Жоғарыда айтылып өткен қалмақ қызы, үшінші шешемізден – Тән, Тұяқ, Тұр деген үш бала болған, бірақ олардан ұрпақ жалғасып, орын қалмаған. Ұрпақтары өрбіген балалары былайша таратылады.

Кещенің (Мұраттың) бірінші баласы – Меңдібай. Ол атамыздың мүрдесі Қызан қауымында жерленген, басында белгітасы бар. Меңдібайдың Әжіберген, Боранқұл, Шолақ, Көбдік атты балаларынан тоғыз немересі – Сұлтангелді, Шәкі, Молбай, Тапа, Бабығұл, Иман, Сатыбалды, Бисен, Дүйсен болған. Бұл атадан Шәкі балалары көбірек өскен, көңілді, омыраулы азаматтары болған. Әулетте 102 жас жасап, өзінен өрбіген ұрпақтарының, ұл-қыздарының саны жүзге толған, салтанатты бәйгелерге ат қосып атағы шыққан Атағозы ұлы Есболай палуан өмір кешті.

Атамыздың келесі ұлы – Сасықбайдан Күшік атты бір бала болған. Меңдібайдың баласы Тоғаша жастайынан өлгесін айттырулы жесірі Торқаны Сасықбайға қосқан. Сасықбай ұрпақтары – Елдесбай, Жалғасбай, Оспан. Ал Тұрғанияз балалары – Ырысқұл, Итбай, Жақбай дегендер Жарылғас ауылымен жалғас отырған. Итбайдан Айтуар деген бір бала болған да, ұрпақ жалғаспаған. Жақбайдың Шам деген баласы Халкинголдегі соғыстан қайта оралмаған. Ырысқұлдан – Өрісбай, Еңсеген, Далабай, Арықбай деген балалар болған. Ырысқұл өлгесін әйелі – Аққыз қайынысы Жақбаймен отасқан. Сасықбай көп өспеген тайшамыз болу керек. Түрікменстан жақта қай-қайсысынан да орын бар. Әбілханов Құрымбайдың өзі Түрікменстанда, балалары Таңатар, Бегеніш Өзен қаласында жұмыс жасайды. Әбілханның қызы Ақзибадан туған жиен Ма-



шинист өрісі жоғары, білігі жетерлік, көргені, өмірден түйгені өзіне лайық. Қазір Форт-Шевченко қаласында жұмыс жасайды.

Ал Қожагелді – Қожағұл, Құлқара, Қараман деген үш баласынан Тайым, Айтбай, Жарық, Айғыр, Даңғыр, Нұрпейіс, Тілеуберді, Тілеміс деген сегіз немере көрген адам. Қожагелді ауылының көпшілік бөлігі Ұлы Үстірттің жоғарғы өңірін жайлап, сән-салтанатпен көшіп-қонып жүрген. Қожагелдінің бір тайпасы Сәңкібайдың атындағы суы мол шымыраулар күні бүгінге дейін бар. Әлемде теңдесі жоқ үздік жырау атанған Сеңгірбекұлы Мұрын – осы тайпаның перзенті. Қиын-қыстау жылдар заманында заң қызметінде ұзақ жылдар жұмыс жасап, «тізгінін түзу ұстаған тура би» атанған Екібаев Бердіхан да осы атадан.

Мұраттың (Кещенің) төртінші ұлы – Шортықтың Сырымбет, Бұхар, Жарылғас деген үш баласы, олардан тараған жеті немересі болған. Адай елінің Сауран айналып, қолайлы қоныс іздестіру дәуірінде Мұрат (Кеще) ауылы да елменен іргелес қозғалып, Сыр бойына келгенде, Шортық атамыз бір балалы болады, оның есімін қоныс ретіне қарай Сырымбет қояды. Екінші баласы Бұхараға жеткенде өмірге келеді, оның атын Бұқар қояды. Ел Бұхарадан да қозғалып, Жем, Сағыз бойындағы қалмақтар отырған жерге келген. Бұл жерде біраз аялдау болғанмен, мекендеген елмен арада түрткі көбейіп, жанжал жиілеп, жік ашыла берген. Қалмақтың ханы Тайлан батырды Қосайдың Есек батыры елтіргеннен кейін қалмақтар батысқа қарай бірте-бірте ығыса берген. Байұлы, Әлім, Табын тайпалары аралас қанат жайып орныға бастайды. Адай ауылдарынан Келімбердінің көпшілігі, Құдайкенің Қосай жағы Маңғыстауды бетке алып, осылай ойысса керек. Содан елдің алды Маңғыстауға құлағанда шешеміз үшінші баласын босанады. «Қолайлы қонысқа келдік, енді құдай жарылқар» деген ырыммен баланың атын Жарылғас қояды. Үш атамызға ат қойылуының осындай ыңғайлары болғанына тарих куәлік етеді.

Сырымбеттің Қазан, Сазан деген балалары, онан Азамат, Нарынбай, Қарынбай және Қапыш, Тілеқұл деген немерелері болған. Қазан тайпасында Тілепінің малы мен басы қатар өсің-



кіреген. Төрт әйелінен жиырма бір ұл, үш қыз балалы болған. Тілепі 63 жасқа келгенде Кедей атақты Қүрекеш тәуіптің тумаласы Наурызбайдың қызы Үнзираны алып, жиырма үш жыл бірге өмір сүрген, одан да бір қыз, тоғыз ұл сүйген.

Бұқардың балалары тұрыңқырамай, алғаш көрген баласын Құрым атаған, онан Алдияр, Алушы, Ақтан, Жаныс, Сүйіндік деген балалары болып, көбейген. Бұл ауылымыздан оқыған, мешіт-медресе ашып, ұстаздық құрған ахун-моллалар шықты. Елге «қырық моллалы Құрым» атанды. Құрым Қаратөбе қауымында. Қазіргі ұрпақтары жүз үйге барады. Ата басының белгісін жаңартып, сәнді күмбез тұрғызып, ас-садақа беріп, дұға оқытып, қазіргі ұрпаққа үлгі боларлық қолайлы іс тындырылды.

Жарылғас Алтай, Күнтай, Жанту, Жантуған деген төрт балалы, жиырма үш немерелі болған. Бұлардан өрбіген ұрпақ та жаңа отаулармен төрт жүзге толып қалды. Жарылғас Қыдыр Атаны көрген, қасиеті дарыған, әруақты әулие атанып, Адай халқына белгілі, танымал болған адам. Жарылғасқа Қыдыр Ата сыйлаған күміс кесе ожауымен атамыздың үлкен үйі – Имағанбет немересі, Тілекбайұлы Бисеннің үйінде сақтаулы. Ол Жылойда тұрады. Жарылғас әулие өзі мезгеген Бозашыдағы ең биік Тазтөбе жалдың басына жерленген. Жарылғас әулие ел қадірлеп, сиынатын, шарапат күтетін киелі орын болып есептеледі. Жарылғастың төрт баласы, өрбіген ұрпақтарымен қауымдағы атаның төрт жағына айнала жерленген. Осының өзінен бірліктің құрсауындай ынтымақ, береке, кейінге үлгі аңғартатындай-ақ. Әулие ата қасиеті өз ұрпақтары Жақсыбайға, Қылышаниязға жалғасқан. Олар адам жанына арашашы, қаріптерге жарылқаушы-жебеуші болуымен танымал. Қазір де пейілі, атаның қасиеті ұрпақтарына еншілі. Әруақты Жақсыбай атаның ақтығы Оразов Әзірбайда емсектік, біліктілік қасиеттер баршылық. Қасиет-кие дарып, адамға жарасымдылық кейіп орныққан. Оның үстіне ол білімді, оқыған дәрігер, медицина ғылымының кандидаты. Облыс орталығы Ақтау қаласында еңбек етеді.

Кеңе (Мұрат) атамыздың өз мүрдесі Маңғыстауға жетпеген. Мүмкін, Сыр бойында шығар. Кейінгі ұрпақтарының малы мен басы қатар өсіп, жапырағы жайыла өсіп келеді. Халық ақыны Сәттіұл Жары әулетінің өсуін айтқанда:





*Бектеміс пен Тоқтамыс,  
Және Базар үшеуі,  
Сегіз жүз үй Назардың  
Жартысындай азар бар.  
Жеті жүз үй Мұрат бар,  
Дәулеталы, Жетімек,  
Метені де қосқанда  
Оларда сондай болад-та.*

дегені осыны айғақтайтындай.

Кеңе (Мұрат) – мыңға тарта шаңырақ көтерген, өз алдына болыстық аймақ құруға көлемі жетіп, дербес ауыл болған тайпа. Ел басына қанша қиындық түссе де, ұрпағы бұрынғыдан кеміген жоқ. Ауылын қауымдастыруға зерделі ақыл-ойы мен ықпалы жүрген, өресі биік, сөз бастайтын шешен, ел бастайтын көсемдері аз болмаған. Кезінде Қожық, Сармыс, Жәңгірхан, Есеншеұлы Төлеубайлар болыстық басқару жұмысын атқарған. Ағайын арасында татулық, бірлікті нығайтушы, қисайғанды түзеп, адасқанды жолға бұрушы, даулы дағдарыстарда тұйықтан шығаратын көңілі жүйрік, шежіреші Итібай, Ерболат, Тұрсын, Қани, Жұбатыр, Нәсухан, Құлмұхандай сардар-ақылшылары өткен. Мырзағали, Тілекбай, Сақтап, Бекбай, Али, Сансызбай, Сран сияқты көңілді, елге танымал, ширақ азаматтары да болды.

Текті, абзал аталарымыз салған жол, қалдырған қалыпты «коммунистік қоғамның теріс әрекеті улады» дегеннің өзінде үлкендердің тіке қарап, туралап айтқанын ескерусіз тастай алмайтын жастар әлі үзілген жоқ. Елде болатын өмірге жарасымды сән-салтанатты, адам атқаратын шеберлікті, ақыл-ой мен өнер-өнегенің қай түрін игеру де, құдай жолына құлшылық ету де, ұрпағына ұстаздық жасау да, білім беру де Мұрат (Кеңе) ұрпақтары арасынан табылған.

Мектеп ұстап, дәріс берген Түйте ахун, Бектілеу ишан, Нәдірбек, Тайшыбай, Иманмәлік, Абдолла, Айдархан, Жаңай моллалардай тахуалар өткен.

Жарлыға жалғаушы болған Тілені, Сатыбалды, Өтеғұл, Қожамқұл, Ембергендей дәулеттілері болған.



Қазаны оттан түспеген, мінетін аттың майына, соғымдық малдың жасағасына тоқтаусыз сахилық жасаған Сақтаған, Нұрым, Құлшық деген қолы ашық, пейілді мырзалар өткен.

Тамаша, ойын-сауық ажары Мұрын, Мұқан, Абдолладай жыраулар, дүбірлі жиын-сайыста ағайынның атағын шығарып, мақтанышы болған Өмірбай, Мұнайбай, Тұрым, Бәлдек палуан, оларға Есболай, Марқабай, Мақу палуандар жалғасқан.

Темірден түйін түйген, ағаштан ою ойған ұста-зергер шеберлеріміз Назар, Зәкір, Мұрын, Қозығара, Бөлеубай, Заузанбайлардың соққан қылыш-кісені, шапқан ері, тіккен етік, кебіс-мәсі, жонасы, өрген қамшы-дойыры, жасаған домбырасы әр үйлерде де көрініп қалады.

Мұрат (Кеңе) ұрпақтары әр кезеңнің ағымынан адасқан жоқ, оған сергектікпен араласып келеді. Өз тұс-кезеңінде Ш. Масатов, Ж. Бекқожин Қазақстан КС Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Елеулi еңбек етiп, қоғамына мол үлес қосқан Қазақстан ауыл шаруашылығының шебері А. Шүйішев, оқу-ағарту ісінің үздігі Т. Жалғасбаев абыройлы, өнегелі жұмыс атқарды. Өз ісінің зерделі, оқыған мамандары А. Қалиев, Б. Абаев, А. Шамшадинов, Ж. Сүндетов, ақын Светқали Нұржанов сынды он сан азаматтары бар. Дәуірге лайық дәріс алған, ғылым тереңіне бойлаған ғылым кандидаттары Ө. Шүңкәров, Ә. Оразов мамандықтары бойынша қызмет жасайды, ортасына, еліне танымал.

Адай тайпалары туыстығы мен араластығына байланысты Тәзіке-Қосай, Мұңал-Тобыш, Жеменей-Жары, Дәулеталы-Кеңе болып қосарланып аталады. Жары ауылының көбірек араласып, қыз алып, қыз беріскен жағы Жеменей тайпалары, олармен осы кезге дейін арасы ашылмай, әзіл-шыны аралас, жасқанбай жарасымдылық жасап өмір жалғастырып келеді.

## **ҚАЗАҚТЫҢ РУЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ – ТАРИХИ ДЕРЕКНАМА**

Ел-халқымыздың тарихының жазбаша, хатқа түскен нұсқаларының болмағандығынан осы заманға тек халық жамдында сақталған, өткен тарихи кезеңдерден мәлімет беретін



шежірелік аңыз-әңгімелер ғана жетті. Өз руымыздың тарихындағы елеулі уақиғаларды, рулық шежіреміз бен аталарымыздың қоныстанған жер-су, аймақтарды тек қана сол халық жады арқылы ауызша жеткен шежірелік әңгімелерден білеміз. Осылай, халықтың жады арқылы жеткен мәліметтерді тарихи деректерге жатқызуға болатындығы жөнінде алғашқы ой айтқандардың бірі – XIX ғасырдың орта мезгілінде Мәскеу университетінде дәріс берген орыс тарихшысы, академик В.О. Ключевский (1841-1911) «...халықтар тарихы белгілі бір айқын да анық уақиғалармен белгіленеді. Оларды сол халықтың жадынан іздеу қажет. Әдетте халықтың жадында оның өзіне байланысты уақиғалар ұзақ уақыт сақталады, олар халық жадынан із-түзсіз жоқ болып кетпейді...» [2; (120-бет)] депті.

Еліміздің Жүздік, ру-тайпалық шежіресіне, шежірелік аңыз-әңгімелеріне халқымыздың тарихына байланысты мәлімет беретін деректеме ретінде қарау керектігіне филология ғылымдарының докторы Ақселеу Сейдімбек (1942-2009) көпшіліктің назарын аударды. Ол өзі жүргізген зерттеулердің қорытындысы болған елеулі шежірелік деректерді пайымдау еңбегінде «...ұрпақ жадында ата-баба есімдерінің сабақтасқан тізімі ғана сақталып қоймайды, сонымен бірге шежірелік мәліметтер, қоныс-тұрағы туралы айғақ-деректерді де жеткізіп отырады. Бұл ретте, қазақ шежіресін шын мәнінде «қазақтың ауызша тарихы» деп атауға болады...» [3; (17-бет)] дегенді айтыпты.

Сонымен қатар қазақ ауыз әдебиетінде кездесетін тарихи-шежірелік мағлұматтарға да еліміздің тарихы туралы түсінік беретін дерекнама ретінде қарау керектігі жөнінде Адайдың ежелгі тарихын нақтылау бағытында көп ізденіс жүргізген тарихшы-жазушы Өнес Сарай «...ауыз әдебиеті мұраларымызға немқұрайлы қол сілтеуді қойып, оны халқымыздың тарихи жады деп қарап, ұқыптылықпен пайдалана білгеніміз жөн...» [4; (42-бет)] деген пікір айтады.

Осы айтылғандар Мұрат (Кеңе) әулетінің шежіресінде келтірілген мәліметтерді руымыздың тарихын баяндайтын тарихи деректер ретінде қабылдауға, «рулық шежіреміз – ауызша тарихымыз» деуге негіз бола алады.



Шежірелік тарихымызда келтірілген Мұрат атамыздың қосарлы есіммен аталуына байланысты, Жарылғас атамыздың аруақты әулие болғандығы және оған Қыдыр әулие сыйлаған сыйлар туралы, Мұратұлы Шортық ата ұрпақтары Сырымбет пен Бұқарға есім берілуіне қатынасты шежірелік мәліметтерге талдау жүргізіп, жаңа көзқарас ойларды ортаға салып, алдымызда әңгімелеймін.

## **ТАҒЫ ДА ЖАРЫ ҰЛЫ МҰРАТТЫҢ ҚОСАРЛЫ ЕСІММЕН АТАЛУЫ ТУРАЛЫ**

«Атамыз Мұрат «Кеще» деген екінші қосарлы, лақап есімге қалай ие болды екен?» деген сауал кезінде көпшілігімізді ойландырған болатын. Бұл сұраққа әуелі Орынбай Бәлдеков пен Бисен Жаңбырбаевтың рулық шежірені, шежірелік тарихты баяндаған мақаласынан, кейін «Мұрат Жарыұлы» атты шежірелік жинақ-кітапта келтірілген аңыз-әңгімелерден жауап алдық, естіген-білетінімізді толықтырдық. Осы аталған жарияланымдардағы әлденеше мазмұндағы шежірелік әңгімелердің тобықтай түйіні – жаудың аз-көбіне қарамастан қарсы шабатын ерлік көрсету; ұрыста жеңіске жету жолында батырлық, тапқырлық таныту; елі мен жері үшін болатын шайқаста қаза тапқанша жауға қарсы тұру айрықша дәріптелген заманда Мұрат атамыздың жауға жалғыз аттанғандығы.

Әділеттілікті сақтау тұрғысынан қарап, Жарыұлы Мұраттың қосарлы аталуы туралы әңгіменің кейбір жарияланымдарда басқа да айтылыстары барын айта кету керек. Солардың бірінде (І. Сариев, Қанды ойран, «Жазушы», Алматы, 2001 ж., 132-133-беттер) Маңғыстауда 1930 жылдары болған «Адай көтерілісі» қанды қырғын уақиғалары туралы әңгімелердің арасына қисынсыз қыстырыла салған шежірелік әңгіме мынадай мазмұнда айтылған.

«Жазғытұрым Жары ауылы Маңғыстаудан көшкенде, Жем өзенінен өтер кезде Жары баласы Мұратты «Жемнің суы қайтты ма екен, соны қарап кел» деп жұмсапты. Ол суы қайтып, құрғап қалған терең сайды көріп, қайтып келіп «Жем суының тасуы



басылыпты» деп хабарлапты. Ауыл көшуін жалғастырыпты. Жемге келгенде өзен тасуының басылмағанын көрген Жары баласының тапсырма орындауда балалық, шалалық көрсеткені үшін ұрсып «сен кешесің» депті. Содан Жарының Мұрат деген тармағы Кеше атанып кетіпті».

Егер бұл әңгіменің астарына үділіп қарасаңыз, онда «Жаулығұлы Жары да, оның баласы Мұрат та жас кездерінде Маңғыстауда бірге өмір кешіпті» деген бұрын-соңды шежірелерде айтылмаған «тарихи шежірелік жаңалыққа» мезгегендік бар екенін аңғарасыз.

Екінші басылымда (Б. Төлеуғалиұлы, Бас сардар, «Информ-А», Алматы, 2005 ж., 19-20-бет) «Жарыұлы Мұратбек аңғал, ақкөңіл, ұмытшақ болыпты, содан оны жеңгелері «кеше» деп атап кетіпті» деген айтылады. Бұл еңбектің туындыгері (авторы) қосарлы есіммен аталу атасы Мұратқа ғана тән құбылыс емес, оның немерелерінің де қосарлы, лақап есімдері бар дейді. Мұраттың немерелері, Шортықтың ұлдары Бұқардың лақап аты «Құрым», Сырымның лақап аты «Қазан», ал Жарылғастың лақап есімі «Күмісаяқ» дейді. Осылай, бұл қаламгер де «тарихи шежірелік жаңалық» ашады. Сонсоң Мұрат (Кеше) руының шежірелік түзілімі жөнінде әңгіме қозғайды. «Мұратбектің бірінші әйелінен Қожагелді, Шортық, Меңдібай, Сасықбай деген ұлдары, екінші орыс әйелінен Орын (Орыс) деген баласы болды» дейді де, олардың ұрпақтары ретінде тек қана жалғыз Қожағұлды атайды. Басқа ұрпақтары туралы ештеңе айтпайды. Сөйтіп, оқырмандардың ойында «бұл қаламгер Мұрат (Кеше) руының шежіре түзілімін білмейтін болса, Жарыұлы Мұраттың ұрпақтары туралы әңгімені неге қозғады екен, ал білікті болса неге жазбады екен?» деген сұрақ тудырады.

Тасқа таңба салғандай болып көрінетін баспасөзде жарияланғандарға сенуге күмән туғызатын аталған жарияланымдарда айтылғандардың қисыны жоқтығының, жаңсақ айтылғандығының ашық аспандағы айдай анық айғақтарын атауға болады. Бірақ бұл кітаптардың авторларымен пікір таластырып, олардың шежірешілік деңгейіне баға беру қолдарыңыздығы еңбектің мақсаты мен мәтінін баяндау шеңберіне кірмейтін болғандықтан, оған тоқталмай, тек қана мына жайларды айта кетейін.



Соңғы мезгілдерде қайсыбір кітап құрастырушылардың тарапынан шежірелік мәліметтерді еңбектеріне қосуға әуесқойлық орын алғандық байқалады. Олар шежіретану ісіне ой-санасымен берілген тиянақты шұғылданушы болмағандықтан, толық көлемді ізденіс жасап еңбектенбей-ақ, ел арасында ауызекі айтыла салатын шежірелік тақырыптағы кездейсоқ, тиіп-қашпа әңгімені «шежірелік мәлімет» деп қабылдай салады. Естігендеріне сын көзбен қарап, ой-сана елегінен өткізбейді, қисындылығын бағаламайды. Сөйтіп, «естіген құлақта айып жоқ» дегенді тілге тиек етіп, еркін шығармашылыққа ерік беріп, көпшіліктің назарына ұсына салатындыққа барады. Адай елінде белгілі ру-тайпа болып қалыптасқан әулеттің Мұрат-Кеңе болып қосарлы аталуы туралы ойларын әркімдердің сан саққа жүгіртуінің, әлденеше түрде айтылуын жариялауының орын алғандығына қарағанда солай болса керек.

Сонымен қатар бұл жай Жарыұлы Мұраттың өз заманында қоршаған ортасындағы тетелес өскен ағайын-тумаластарынан өзінің мінез-құлқымен, жаратылысынан жеке басына тән ерекшеліктерімен оқшауланған, қоршаған ортасына жұмбақ тұлға болғанына да байланысты сияқты. Бұл ойымызды Мұрат атамызға берілген мына бір баға да толықтыра түсетіндей.

«...Мұрат – баланың азан шақырып қойған аты. Кеңе атанып кетуі ...аты солай болғанмен, заты солай емес. Мұрат жасынан өзге туыстарына қарағанда өзгеше болмысымен ерекшеленіпті. Ол бірде ханның, үлкендердің айтқанын тыңдамай, қалмақты шапқан. Тайшының қызын тоқалдыққа алған, Тұрат, Тұяқ атты екі ұлды болған. Сол сапарда үлкендерді тыңдамағаны үшін «Кеңе» атанған ...Жары батырдың бұл баласының ойлау жүйесі, сөйлеу мәнері қандастарынан өзгеше болыпты. Бүгінгі өлшемге салғанда, ол – ғылымның адамы, бойына ғұламалық қасиет дарыған. Амал не, қараңғы ауылда қадірі білінбей, Кеңе атанып кете барған. Сондай атым бар-ау деп, қатарынан қалып жатқан Мұрат-Кеңе жоқ. Қазір Жарының, қала берді исі Адайдың белгілі, белді, өскен ауылы...» [5; (13-14-беттер)].

Қорытындысын айтсақ, ру-тайпа аттарының қалыптасуы, жеке тұлғаларға есім берілуі жөніндегі анықтықтар мен түсіндірмелер ел-халықтың ұжымдық жадында сақталған, уақыт сынынан, тарих талқысынан, көпшіліктің сараптауынан өткен,





біздің заманға жеткен ауызша тарихи дерек ретінде талқысыз қабылдануы тиіс.

Енді Мұрат атамызға «Кеңсе» деген екінші қосарлы есім берілуіне қатысты шежірелік аңыз-әңгіменің әкемің отбасылық мұрағатынан табылған, бұрын жарияланбаған тағы да бір айтылысымен танысайық.

## ЖАУЫНГЕР МҰРАТТЫҢ ЖАУҒА ЖАЛҒЫЗ АТТАНУЫ

*(Орынбай Балдековтің отбасылық мұрағатында  
сақталған шежірелік әңгіме)*

«...Адайдың Қосайы, Байбол ұрпағы Есенғұлұлы Есек (Есекмерген) – аты аңызға айналған, елге белгілі батыр болған. Ол туралы «тау тайлақты өлтіріп, жез тырнақты жеңіпті» деген аңыз ел аузында әңгімеленеді. Басқа ерліктері көп айтыла бермейді. Сол Есенғұлұлы Есек батыр мен Жарыұлы Мұрат туралы атақты маңғыстаулық шешендік сөздің шебері Тілеумағамбетұлы Мәтжан би айтқан деген мынадай әңгіме бар.

«Елде елеусіз өткен екі ер болды. Олардың бірі – Қосайдың Есек батыры. Ол саяхат сапарынан апталап, айлап жүріп келсе, қалмақтар ауылын шауып кеткен көрінеді. Жаудың соңынан іздеп барып, Есек батыр қалмақтың батыры Тайланды Жем бойында өлтірген екен.

Екіншісі – Жарыұлы Мұраттың жаугершілікте қалмаққа қарсы жеке шығып, жеңіске жеткізген тапқырлығы, батырлығы дөріптелмей, есімі «Кеңсе» болып аталуы».

Қалмақтың ел басқарған батыры Тайлан ауқым-ауқым қазақ еліне шапқыншылық жасап, елді тонап, мал мен тұтқындар айдап әкетіп тұрған көрінеді. Сондай жорықтарының бірінен соң ол олжалаған мал мен тұтқындарды айдап, қонысына қайтып бара жатып, жар астында көлеңкелеп, демалып жатқанда Есек батыр оны қуып жеткен екен. Екеуінің арасында болған жекпе-жек айқаста Есек батыр Тайланды өлтіріпті. Малдар мен тұтқындарды айырып алыпты.



Осыдан соң Есек батыр «бұл жеңіспен жаугершілік бітпес, қалмақтар тағы да елімізге жорық жасар, асылы, қалмақты шауып, қонысын талқандап, оларды бездіріп, елімізден аулақ-татпасақ, тыныштық болмас» деген шешімге келіп, қол жинап, қалмаққа қарсы жорыққа аттаныпты.

Есек батыр жинаған қол қалмақтың бекінісіне жақындап келіп, ұрыс салғанда қалмақтар қарсылық көрсетіп, күн ұзағына қорғаныс-бекінісіне жақындатпапты. Қараңғы түскен мезгілде қазақ жауынгерлері қамалға ұрыс салуға келсе, күзетшілердің қақпа алдында байлаулы тұрған иті үріп, күзетте тұрғандарын алаңдатып, бөтен адамдар келгенін білдіреді екен. Ал күзетшілер болса, жау келгенін көріп, дүрлігіп, айқай-ұран салып, соғыс дабылын қағып, қалмақ жасақтарын көтереді екен.

Осы жорықта қалмақ бекінісін алу үшін қазақ жауынгерлері әлденеше рет ұрысқа ұмтылғанымен, талаптанғанымен нәтиже болмапты, бекіністі ала алмаған көрінеді. Осылай уақыт өте береді, бұл жағдай екі-үш күнге созылады, жауынгерлердің ұрысқа талпынысы баяулап, жігерлері босай бастайды, жол азықтары да азаяды. Сөйтіп, олардың көңілдері ауылға қайтуға ауыса бастаған көрінеді. Осы дағдарыс кезде қол ішіндегі жауынгерлердің бірі – Мұрат «жауды шаппай елге бос қайтқан ұят болар, не де болса қалмақ қамалына барамын, оған кірудің амалын қарастырамын» деп, жауға қарсы жалғыз аттанатын болып ұйғарыпты. Мұраттың бұл ой-ниетін қолбасылары, жауынгерлер бекерге балап, «ақылға сыйымсыз» деп санап, «біріккен қол бекіністі ала алмай тұрғанда жауға жалғыз барып, қамал бұзғысы келгені несі, бұл кешелік емес пе?...» деп түңіліпті. Сонда Мұрат өз шешімінен қайтпайтынын былай түсіндіріпті. «Түнгі шабуылымызға кедергі болып тұрған – қамал қақпасы алдында байлаулы тұрған ит. Иттің сырттаны, әккісі қандай жағдайда қоймастан абалап үріп, шабалақтауды біледі. Ол жалғыз адамға қасарысып көп үрмейді, үрсе де күзетшілер жалғыз адамды елеп, бүкіл қалмақ қолын көтерердей шу шығармас». Сонсын ол елең-алаңда, таң алдындығы алагеуімде қамалға жалғыз өзі аттанып кеткен көрінеді. Қалған жауынгерлер бұл істің қалай бітерін бақылап, Мұратты қадағалап қала беріпті.



Келген жалғыз адамға ит көп үрмей тынышталған соң, таң алдындағы ұйқылы-ою жағдайдағы күзетшілер бейқамдық жасап, келген адамға бекініс қақпасын ашыпты. Күзеттегі бір-екі қалмақты жойған Мұрат, артындағы бақылап тұрған жауынгерлер тобына белгі бергеннен кейін, олар лап қойып шабуылдапты. Сөйтіп, қазақ жауынгерлері қалмақтарды шауыпты, содан соң ел біраз мезгіл тынышталыпты.

Міне, осылай Мұрат атамыз қалмаққа шабуыл кезінде сапарластарының ықпалына қосылмай жауға қарсы жалғыз аттанғандықтан, таңдаған бағытынан қайтпай қайсарлық мінез көрсеткендіктен, «мынаның өзі айтқанға көнбейтін, алған бағытынан қайтпайтын кеше екен...» деген атаққа қалып, осылай аталып кетсе керек. Бірақ ол өзінің ұстаған бағытының дұрыстығын, әдіс-тәсілдерінің сәттілігін жеңіске жеткендікпен дәлелдеп берген соң, жаугершілікте қолға түскен қалмақ қызын қолбасылары Мұратқа қосқан екен...»

Зейінді оқырман байқаған болар, бұл әңгіменің бас жағында және соңында айтылғандар О. Бәлдеков пен Б. Жаңбырбаев жариялаған рулық шежіре-тарих мәтінінде бар. Соған қарағанда, олар осы аңыз-әңгіме нұсқасын аталған жарияланымда толық келтіре алмаған. Оған шежірелік мақаланы баспаға дайындағанда ықшамдағандық, газет бетінде берілетін орынның шектеулі болуы себеп болғанға ұқсайды. Онсыз да олардың газет редакциясына тапсырған шежірелік тарихтың мәтіні жарияланғанда көлемі шағындау аудандық газеттің төрттен бір бөлігін алыпты.

Көнекөз қариялардың жадында сақталған бұл шежірелік әңгімеде айтылғандар мен ақиқат арасындағы арақашықтық анағұрлым алыс болмас. Жалпы, қазақ-қалмақ қақтығыстарында қазақтар қалмақ қамал-бекінісін күшпен ала алмай, жауынгерлер мен батырлардың айла-амал, тәсілдер қолдануымен жеңіске жеткендігі басқа да шежірелік аңыз-әңгімелерде айтылады. Мәселен, Кіші Жүздің Алшын ұрпағы Қаракесектен тараған алты ата Әлімнің бірі – Қарасақал руы Айнық, Тегінболат атты батырлардан тараған ұрпақтар, кейін біріккен ру-тайпа көрінеді. Міне, осы ру-тайпаның «Қарасақал» аталуына сол батырлардың қалмақпен жаугершілік кезде көрсеткен жауынгерлік ерлігі, қалмаққа ойран салуға мүм-



кіндік туғызған тапқырлық әрекеттері және ұрыстан соң әскер қолбасшысының «осы жеңісіміз әлгі қара сақалды екі батырдың тапқырлығы, ерлігі арқасында болды ғой» дегені себеп болыпты. Бұл шежірелік әңгіме А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» кітабында («Фолиант», Астана, 2008 ж.) бар.

## **ҚЫДЫР ӘУЛИЕ СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ ЖӨНІНДЕ**

«...Жарылғас – Қыдыр атаның қасиеті дарыған әулие, тақуалы діндар атанып, Адай халқына белгілі, танымал болған адам. Жарылғасқа Қыдыр ата сый сыйлаған...» деген шежірелік мәлімет А. Тұраровтың жарияланымында [6], «Мұрат Жарыұлы» кітабында бар. Сол шежірелік әңгімелердің қысқаша мазмұны мынадай.

Жарылғас ата Адай елінің көші Маңғыстауға келіп, орныға бастағанда дүниеге келген. Өмірінің бастапқы кезінде жарлы адам болған. Бір күндері ауыл ақсақалдары Адай еліне әйгілі Қыдыр әулиені көрген Назар қожаны қонаққа шақырады, батасын алады. Назар қожа Жарылғасты ертіп «Домалақ ойық» деген жердегі биіктің басына апарып, айналадан көргенін сұрайды. Жарылғас алыстан аспанға атқан алтын сәуле көргенін, сол жерден шаң көтерілгенін айтады. Назар қожаның «ертең сол жерге барарсың» деген кеңесі бойынша Жарылғас төрт баласын ертіп, сол жерге барады. Онда сырлы зерек, алтын қасық және торсық көріпті. Торсықтағы қатықты төрт баласына бөліп беріпті. Міне, осылай Жарылғас адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші Қыдыр әулиенің құтты сыйына ие болыпты. Содан соң Жарылғастың қадір-қасиеті артып, өмір-тұрмысы түзеліпті. Малы да, ұрпағы да өсіп, етегін кең жайып өмір сүріпті. Жарылғас атаның көріпкелдік, сәуегейлік, болжамшылдық, емшілік қасиеттерін көрген ел-халық оны Қыдыр әулиенің қасиеті дарыған тұлға ретінде бағалап, абыз атап, тірі кезінде-ақ ерекше қадір тұтқан.

Жарылғас атамыз туралы бұл шежірелік әңгімеге бір еңбекте «жеке тұлға Жарылғас туралы айтылғанымен, оның



астарында Жер-Ана – Маңғыстаудың Жер иесі – Адайға берген несібесі, байлыққа иелік ету хұқының нышаны жатыр...» деген баға беріліпті [7; (118-бет)].

1993 жылы 14 шілде күні Жарылғас әулиенің басына белгі қойылып, қонақүй салу ісі аяқталып, ұрпақтары ас берген жиынға Жарылғас атаның ең кенже шаңырағы Имағанбеттен тараған немересі Бисен қатынасқан. Ол Қыдыр атаның Жарылғасқа сыйлаған сырлы зерені мен алтын қасығының әлі күнге дейін өз үйінде сақтаулы екенін мәлімдеген.

Қыдыр әулиенің Жарылғас атамызға тарту еткен сыйларының мән-мағынасын түсіну үшін осындай ескі заманнан белгілі аңыз-әңгімелерді зерттеген ғалымдардың ой-тұжырымдарына назар аударалық.

Қыдыр (Қызыр, Хызыр деп те аталады) көптеген түркі текті халықтардың фольклорлары мен аңыз әңгімелерінде, солардың ішінде қазақ халқының шежірелік әңгімелерінде де жиі кездесетін, ел аралап жүретін ақ киімді ақсақал кейпіндегі, адамға қамқоршы, бақ-дәулет беруші әулие көрінеді.

Скифтер мен ежелгі оғыздардың этнографиялық ұқсастығын зерттеген әзірбайжандық ғалым З. Гасанов «...түркі текті халықтардың арасында тараған аңыз-әңгімелерді зерттеген тарихшылар Хызыр (Қыдыр) туралы «...бұл бейне тыңғылықты толық зерттелген, оның бейнесінің арабтық емес, исламға дейінгі кезде қалыптасқаны, оған түркі текті халықтардың ислам діні тараған кезде табынғандығы дәлелденген...». «..Хызыр (Қыдыр) – әулие, құдіретті емші, көктемгі жыл мезгілі ауысып, табиғат жандануының, күннің, оттың, тағдыр мен өмірлік жолдың құдайы. Ол Құдайдың адамдарға арнаған сыйлығын жеткізу тапсырмасын орындаушы, оның жаршысы...» [8; (334-335-беттер)] дейді. Ғалымның осы айтқандарын ескерсек, «Қыдыр әулие тарту еткен сыйлар Жаратқан Жаббардың Жарылғасқа берген сыйлары» деп бағалауымыз орынды болатындай. Ол зерттеуші Әзірбайжан елінде тараған Хызыр (Қыдыр) әулие туралы аңыз-әңгіменің мынадай мазмұнын келтіреді.

«...Хызыр (Қыдыр) әулие Оғыз балаларына Құдай сыйлаған үш зат – алма, қобыз және семсер табыс етіпті. Бұл сыйлардың мағынасы «Құдайдың Оғыз ұрпағына алма сыйлағаны –



мәңгілік өмір бергені, қобызды сый еткені – қуаныш бергені, ал семсерді жаулардан қорғану үшін берді» деп түсіндіріледі. Алманы – Ыер (Жер) хан, қобызды – Даг (Тау) хан, семсерді – Год (От) хан иемденіпті. Содан соң оғыздардың ұрпақтары тоқтық пен қуанышта, өздерін жаудан қорғап өмір сүріпті...» [8; (158-159-беттер)].

Мұндай аспаннан қасиетті заттардың түсуі жөніндегі аңыздар мен фольклорлар үндіеуропалық, орал-алтай және түркі текті халықтарда тараған ескі заманның әңгімелерінде жиі кездесетін көрінеді. Сол ескі заман әңгімелеріндегі Құдайдың аспаннан түсірген сый-сыйлығын суреттейтін сюжеттерге КСРО Ғылым Академиясының ғылыми зерттеушісі, шығыстанушы филолог, филология ғылымдарының докторы В.И. Абаев (1900-2001) мынадай түсініктеме береді.

«...Халықтарда ерте заманда үш атқарымдық (трифункциональная) идеология қалыптасқан. Бұл идеология діни, әскери және шаруашылықтық әлеуметтік үш атқарымды (функцияларды) белгілейді, және халықтардың діни мен мифологиясының қалыптасуына негіз болды ...Бұл жай көптеген халықтардың ерте замандағы әлеуметтік өміріндегі нақтылықтарына сүйене отырып ғылыми тұрғыдан дәлелденді ...Аталған үш атқарымдық идеология екі түрдегі мотивте (сарында) дамыған.

...Бірінші сарын бойынша, әдетте әңгіме Құдайдың адамдарға аспаннан түсірген сыйлықтары туралы болады да, олардың құрамында үш – діни, әскери және шаруашылық мән-мағынаны түсіндіретін заттар болады. Мәселен, скифтерге аспаннан алтын соқа, ірі малға кигізілетін мойынтұрық (мойынағаш, мойынсалма), айбалта және алтын тостаған түскен ...Алтын соқа мен мойынтұрық – шаруашылық, айбалта – әскери, алтын тостаған діни атқарымдарды бейнелейді...» [9; (424-бет)].

Адамдарға аспаннан түсірілген сыйлықтар туралы З. Гасанов та «...әрдайым ол сыйлардың құрамындағы заттар діндарлық пен киелілік, әскери күш-қуаттылық және шаруашылық белгілерін бейнелеп, байқатады...» [8; (157-бет)] деген сипаттама айтады.

Біз қарастырып отырған шежірелік әңгіме бойынша «...Жарылғасқа Жаратқан Жаббар Қыдыр әулие арқылы сыр-




лы зерек мен алтын қасық, бір торсық қатық сыйлаған...». Осы сыйларды құрайтын заттардың мән-мағынасын түсіну үшін З. Гасановтың еңбегіндегі мына ой-тұжырымдар мен түсіндірмелерге сүйенуге болады.

«...Түркі текті халықтарда ыдыс-аяқтар (тостаған, зерек, кесе) құдіретті, киелі түсінігімен пара-пар, абыздықтың нышан-бейнесі деп бағаланады, киелі белгі болып есептеледі. ...Ол заттарды сыйлау көнетүркілік салттарда, салтанатты рәсімдерде мөр белгісін тарту ету, ат мінгізу, шапан жабу сияқты сыйлағандық ниет көрсетумен пара-пар киелі құрмет бейнесі. ... Аспаннан түскен ыдыс-аяқ құрбандық шалып, ас беру, діни шаралар кезіндегі рәсімдерге қатынасты киелі зат түсінігімен де байланысты. ...Ал тамақтық зат (оғыздық мифтік әңгімеде – алма) сыйлау «ұрпақтарына мәңгілік өмір берудің» белгісі болып есептеледі...» [8; (164-167-беттер)]. Демек, Жарылғас ата туралы шежірелік әңгімеде айтылған Қыдыр әулиенің қатық сыйлауы Жарылғастың ұрпақтарына мәңгілік өмір беруінің белгісі бола алады.


Осы айтылғандарды ескеріп, Жарылғас атаға берілген сыйлардың мән-мағынасын «Жаратқан Жаббар Жарылғасқа қасиетті, әруақты әулие, тақуалы діндар, халыққа сыйлы адам болуды, оның ұрпақтарына қанат жайып, көбейіп-өсіп, мәңгілік өмір сүруді берген екен» деп түсінуге болатындай.





II тарау

АЛАТАУ АЙМАҒЫНАН  
АУҒАН АДАЙЛАР



*...Асанқайғы ауылы түнгі салқынмен көшіп келе жатса керек. Көш алдында атқа мініп Асан Ата келеді. Ол ат үстінен еңкейіп, жерден тас алып, дорбасына сала береді. Оны аңдаған келіні де Асан Ата алған жерден тасты ала-ала дорбасын нық толтырыпты. Таңертең қараса, дорбаға салған тас дегеннің бәрі ылғи алтын екен.*

*Асан Ата Үстірт шыңынан Маңғыстауға қарап тұрып:*

*– Тасы алтын, құмы күміс, қойны толған қазына екен. Бірақ жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен, қазынасынан халқы қайыр көрмейтін, байлығы талауға түсер жер екен, – депті...*

*Мұсылман күнтізбесі. 2001 жыл.  
«Жылнама», Алматы, 2000 ж.,  
11 наурыз – 16 зу-әл-хижжа беті*



## ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ҚАНДЫ ҚАРСЫЛАСТЫҚТАРЫ ҚАҚЫНДА

*(Тарихи шолу)*

«Маңғыстау қай мезгілден бері Адай елінің соңғы тұрақты қонысына айналды?..», «Адай елі Маңғыстауға келгенге дейін қай жерлерді мекендеген?..» деген сұрақтар еліміздің тарихын түсінгісі келген бізді – қалың қауым, қарапайым жұртшылықты кезінде ойландырған болатын. Бұл сұрауларға соңғы кездерде айтылып, жарияланып жатқан шежірелік өңгімелер, деректер мен түсініктемелер бірталай анықтылық берді.

Қазақ елі тарихындағы қазіргі заманға белгілі деректерді, рулық шежіреміздегі, жыр-толғаулардағы мәліметтерді пайдаланып арғы аталарымыздың қоныстанған жерлерін, тіршілік-тұрмыс құрған мезгілін, олардың сан жылдарды артқа салып, көшіп-қонып жүріп, ақыры Маңғыстауға ат басын тіреген кезін қазақ халқының тарихындағы елеулі кезең – қазақ-қалмақ қанды қарсыластықтарына қатынасты уақиғалармен сабақтастыра әңгімелеп көрелік.

\* \* \*

Ел арасында тараған, баспада жарияланған көптеген аңыз-өңгімелерде Адай елі өзінің қонысы, мекені болған Алатаудан ауып, Сыр бойына көшіп, Сауранды айналып, Мұғалжарға, Ойыл, Жем, Сағыз өзендері өңіріне жетіп, сол жерлерде біраз мезгіл кідірістеп, сонсоң көшіп-қонып жүріп, Маңғыстаудың Үстірті мен Қараойына қоныстанғандығына байланысты болады. Адайлардың Сауран айнала көшіп, Маңғыстауға қоныстануының тарихы ауызша айтылып ұрпақтан-ұрпаққа тарап, күні бүгінге келіп жеткен аңыз-өңгіме түріндегі деректер мен тұжырымдамаларға ой жүгіртіп, сана-ақылға са-



лып қарағанда, олардың ақиқаттан алыс, шындықтан шалғай еместігі байқалады.

Қазақстан КС Республикасының Халық ақыны, маңғыстаулық Сәттіғұл Жанғабылұлы (1876-1966) жырлаған толғауларда мынадай жыр-толғау тармақтары бар [10; (126, 156-беттер)]:

*«...Айладыр халқын аударып,  
Маңғыстаудың қара ойын,  
Біздің Адай жерленді...»*

*«...Екі жүз елу жыл болды,  
Әзіреттің Алатауынан,  
Біздің ел көшіп келгелі...»*

Адай елінің тарихындағы осы көші-қоныстың ауыртпалығы мол, ұзаққа созылғандығы, ел тағдырындағы қиын сынақтардың бірі болғандығы анық. Ел басына төнген қауіп – қарақұрымдай қаптаған қарулы қалмақтардың қарақшылық шабуылы кезінде ел бастаған қариялар мен би-батырлардың алдына тағдыр екі таңдау қойды. Бірі – күші басым қалмаққа қарсы тұрып, қоныстанған жерді қорғау үшін шайқасып, елді қырғынға ұшырату; екіншісі – халықты қырғыннан сақтап, жер-қонысты тастап көшу. Тағдырдың талай тепкісін көрген, әртүрлі тарихи қилы замандарда тауы қайтпаған, талай рет елдігін сақтаған Адайлар бұл жолы да елін сақтауды таңдады, қоныс аударуға мәжбүр болды. Көрегенді көсем-билері, қамал бұзар қайратты батырлары, қадірлі де қасиетті жұрты бар Адайлар аман-есендік болса, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қолайлы қоныс табарына сенімді болды. Міне, осылай Адайлар Алатау алқабынан алшақтап, Сыр бойына мекендеді, одан да ауып, қазақ жерінің батысына көшті.

Алтай-Алатаудың шығысындағы Жоңғар жазық даласын мекендеген жоңғарлар (қалмақтар) мен батыс бетіндегі кең далалықта көшіп-қонып жүрген қазақ елі арасындағы қарым-қатынастар 1600-1700 жылдар кезінде күрделі, шиеленісті жағдайда өтіпті. Көшпенді халықтарға өмірлік маңызы бар өрісі кең, қолайлы қонысты шұрайлы жайылымдарды, көл-өзен су көздеріне бай кең байтақ даланы иемдену үшін ұмтылған қалмақтар мен сол жерлерді мекендеген қазақтар арасында-



ғы қақтығыстар, ауыр соғыстар, ауқын-ауқын толастағанмен, үнемі болып тұрған. «...Көлденең тартылған құжаттық негізі бар деректер қалмақ жаугершілігі, оларға қарсы соғыстар «Ақтабан шұбырындыдан»\* 90 жыл бұрын болғанына көз жеткізеді ...Кіші жүздің, оның құрамдас бір бөлігі Ноғайлының, қалмақпен жағаласы 1610 жылда басталып, 180 жыл бойы үзбей жүргізілді...» [11; (236-бет)] деп жазады тарихшы-жазушы Әнес Сарай.

**Анықтама.** \*Кейбір тарихи, әдеби жарияланымдарда «Ақтабан шұбырынды» дегенге «Алқакөл сұлама», «Қайың сауған», «Сауран айналған» деген қосылып айтылады. «Алқакөл сұлама» мен «Қайың сауған» дегенді Орта жүз қосты», «Сауран айналған» дегенді Кіші жүз қосты» деген пікір қалыптасқан.

Қалмақтардың қазақ халқына жасаған жаугершілік қысымы олардың елді ойрандап, қазақ даласына еніп, батысқа қарай жылжып, Еділ жағалауына қоныстануына әкелген. «...Қалмақтардың алдыңғы легі Жем өзенінде алғаш рет 1607 жылы қара көрсетті. 1610 жылдары олар орыстың Самара бекінісі мен Арал теңізі аралығында емін-еркін көшіп жүрді. 1614 жылы Еділ-Жайық аралығына сұғына ене бастады». Олар «...1619 жылы Еділ-Жайық аралығында ...Ноғайлыны ондырмай соқты ...1632 жылы ордасын Еділ жағалауына әкеп тікті...» [11; (194-бет)]. Сол кездерде Еділдің батыс бетіне өткен 30 мың үй қалмақ Ресей патшалығының қол астына бағыныштылыққа кіріп, қару-жарақ, мылтығымен қаруланып, шығыстан қазақ еліне шабуылдаған жоңғарларға демеуші боп Еділ-Жайық арасындағы Кіші жүз жұртына ойран салып тұрыпты.

Сол замандағы қазақ елінің басына түскен ауыр жағдай туралы Ресей патшалық империясының тарихшысы А. Левшин былай дейді. «...Еділ қалмақтары, башқұрттар, Сібір казактары 1717-1718 жылдары қырғыз-қайсақтарға (ол қазақтарды осылай атайды) шабуыл жасады...». Қалмақтардың билеушісі «...Галдан Церен қырғыз-қайсақтарға бірнеше қатты соққылар беріп, 1723 жылы Әбілхайыр ханның ордасы Түркістанды және Тәшкент, Сайрам қалаларын алды. Ұлы жүздің бір бөлігі мен Орта жүздің кейбір ру-тайпаларын бағындырды. Ұлы жүздің екінші бөлігі Ходжентке, Орта жүздің көпшілігі Самарқандқа,



Кіші жүз – Хиуа мен Бұхараға көшті. Үш жақтан қыспаққа, қуғынға түскен қырғыз-қайсақтар оңтүстікке қашпағанда, қырылып-жойылып кетуі мүмкін еді...» [12; (68-69-беттер)].

1723 жылы көктемгі төл алу кезеңінде, жазғы жайлауға көшу шаруасына дайындықпен айналысып жатқан қазақ ауылдарына қалмақтар тұтқиылдан шабуыл жасап, елді қырғынға ұшыратқан. Осы, ел басына күн туған, қазақ жеріне жау келген қаралы, аса зор апат әкелген кезең, ел-халықтың мал-мүлкінен, бала-шағасы мен туған-тумаластарынан айырылған, «бүкіл халықтың табаны тозғанша шұбырып, жаудан қашқан» 1723 жыл қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» деген атаумен сақталды. Сол жылдың көктемінде үріккен үйірдей дүркіреп, жөңкіліп қашқан қазақ халқы Орта Азия жеріне, Әмударияға дейін көшкен, Хиуа, Бұхара хандықтарына ауып барған. Жазушы Әнес Сарай «...Хиуа, Хорезм, Үргеніш, Бұхар... Кіші жүз қазақтарының жан сауғалар ықтасыны болған хандықтар. «Ақтабан шұбырындыда» Кіші жүз осы өңірлерде жан сақтап, Қызылқұм арқылы Сырға ілігіп, Қарақұм арқылы Ырғыз-Торғайға дейін жайлап отырды...» [11; (214-бет)] дейді.

Әкем Орынбай Бөлдеков пен Бисен Жаңбырбаев ағамыз жариялаған Мұрат (Кеңе) руының шежіре тарихында айтылған Адай елінің Сауран айналып, қолайлы қоныс іздестіру дәуірінде Мұрат (Кеңе) ауылының Сыр бойына, Бұхараға қоныстануы, сол уақытта Шортық атамыздың балалары Сырымбет пен Бұқар дүниеге келгенде жер атауына байланысты есім берілуі туралы тарихи уақиғалар осы мезгілдерде болғанын пайымдауға болады.

Реті аталған жерлерде Кіші жүз ұзақ қоныстанып отыра алмаған. Кейін Ырғыз-Торғай, Елек, Мұғаджар, Ойыл-Сағыз өңіріне дейін көшіпті. Бұған, біріншіден, қалмақ шабуылынан қашқан босқын халықтардың Сыр өңірінде тығыз топтасуына байланысты қоныс таршылығы; екіншіден, әрдайым шамасыз салық салып, аяусыз алым алып қинаған Бұхар, Хиуа хандықтарының көрсеткен қыспағы; үшіншіден, сол өңірлерге жақындап қалған, Бұхар мен Қоқан хандықтарын 1740 жылы ойрандатумен аяқталған парсы елінің билеушісі Нәдір шахтың қанды жорық, отты соғысы себеп болған шығар.

Қазақ елінің мұндай сенделуі, қорлық жағдайды бастан кешуі ұзаққа созыла бермеген екен. Басқа түскен азаптан құ-



тылудың амалын іздеген, болашақ өмір үшін тұрақты мекендеген жерлерін жаудан тазартуды көздеген елбасылары мен билер елді жауға қарсы тұруға шақырған. Солардың ықпалына көнген халықтың қалаулы батырлары қол жинап бірігіп, жауларға қарсы соғысыпты.

«...1723 жылғы «Ақтабан шұбырындыдан» үш жыл өткен соң Кіші жүз, Ұлы жүз қолдары Бұлақты, Белеуті өзендерінің бойында, Қара сиыр жерінде «қалмақ қырған» жеңістеріне жетіп, жоңғарларды қуып шығып, ата мекендерін босатып алуға бел буып кіріседі...». «...Жоңғарлардың қолына түскен аумақтарымызды біртіндеп қайтарып ала бастады. Қазақ жеріне торғауыттар, Жайық казактары және башқұрттар қол сала бастады. Бұл Орта жүз бен Кіші жүзді батыс және теріскей шептерін бекемдеуге мәжбүр етті. Екеуі де, әуелі Сарыарқаға, сонсын біреуі Ертіске, біреуі Жайыққа қарай жылжып, қол астындағы жерлерін ұлғайта түсуге күш салды...» [13; (7 том 64-65, 67-беттер)].

Шығыста қалмақтар қазақ жасақтарының жағасына жабысып жатқан кезде сол соғыстар сахнасынан шалғай жатқан Маңғыстау жеріне қызығушылық көрсеткен түрікпендер Маңғыстауды мекендеген елдерді қуып, жерлерін жаулап алыпты. Бұл уақиғаларды сол заманның куәгері батыр-жырау Қожаберген Толыбайсыншыұлы (1663-1763) «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Елім-ай» дастандарында былайша жырлайды [14; (70,75, 153-154-беттер)]:

*«...Ноғай мен Жеті руды жиі шауып,  
Түрікпендер жер алмақшы ебін тауып.  
Өңірін Маңғыстаудың жауламақ боп,  
Төндірді егіз жұртқа тағы қауіп...»*

*«...Аймағын Маңғыстаудың қыстап ұдай,  
Ежелден мекендеген Қазақ, Ноғай.  
Кердері мен Маңғытты көшірмек боп,  
Түрікпендер көрсетіп жүр күнде құқай...»*

*«...Түрікпендер Маңғыстауды алды басып,  
Күңгейлік Алшын, Ноғай көшті қашып.  
«Жау жагадан алғанда, бөрі етектен»  
Дегеннің кебі болды айтсам ашық...»*



Қожаберген батыр-жыршы – өз заманының білімді әскери қайраткері болған, сол тарихи уақиғалардың куәгері. Ол қалмақтардың қазақ жеріне шығыстан баса-көктеп кіріп, батыстағы Еділ өзеніне дейін жеткен әскери басымдығының себептерін былайша ашық айтады [14; (39, 43, 64-беттер)]:

*«...Өнерді надан қалмақ меңгерген жоқ,  
Дәу мылтық жасауды олар үйренген жоқ.  
Көрші екі ел мылтық беріп, айдап салды,  
Әйтпесе қалмақ бізге тең келген жоқ...»*

*«...Жоңғарлар қорғасын оқ боратқанда,  
Найза ұстап, садақ асып, қарсы шықтық...»*

*«...Көрші екі ел көмек бермей түпке жетті,  
Қалмаққа мылтық сатып, күшті ел етті.  
Жауыздар дәу мылтықтан доп атқанда,  
Халқымның, бірлігі жоқ, есі кетті...»<sup>1</sup>*

Қалмақтарға қарсы соғысқан қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарының біріккен жасақтарына 23 жыл бойы әскери қолбасшылық еткен Орта жүздің Керей руының батыры, жыршы Қожаберген жырлаған осы тарихи шындықтарды біздің заманға жеткен құнды тарихи деректер ретінде қабылдауға болады.

Қалмақпенен болған соғыстарға Кіші жүз елінің, оның ішінде Адайлардың да қатысқандығы туралы жазушылар – Әнес Сарай мен Әбіш Кекілбайұлының еңбектерінде айтылады.

«...XVII ғасырдың басында Алшындар арасында Адайлар ...Есім ханның төл жұрты болып, оның жеңістері мен жеңілістерін бастарынан бірге өткерді. Жәңгір хан тұсында олар Бұхардан бастап, Қарақұмды жағалай Мұғалжарға дейін көшіп-қонып жүрді. Адайлар «Ақтабан шұбырындының» алдында атқа қонып, Қазақ хандығының батыс шекарасын Ойылдан Жайыққа жеткізген Әбілхайырдың орыс казактарымен, қалмақтармен шайқастарының бел ортасында болды. Әбілхайырға 1710 жылы бөлінген 30 мың әскердің негізін

---

<sup>1</sup> Жыршының «дәу мылтық» деп зеңбіректі, «көрші екі ел» деп Ресей мен Қытайды айтқаны түсінікті болар.





құраған өзінің билеген төл жұрты Жетіру мен қайын жұрты Адайлар еді. Адайлар жасағы қалмаққа алғаш соққы берген Бұлақты шайқасына да, Аңырақай ұрысына да қатысты. 1750-1757 жылдары жоңғар қалмақтары әлсіреп, қазаққа тіс батыра алмаған кезде, Адайлар Үстіртке иек артып, Маңғыстаудың ойына көз жүгіртіп, қарауыл салып тұрды...» [4; (274-бет)].

Адай – Келімберді – Мұңал – Жаулы – Жары немересі Назарұлы Шотан (1705-1786) туралы Қазақстан Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әбіш Кекілбайұлы былай дейді. «...Шотан Назарұлының «Ақтабан шұбырынды» тұсында Бұлақты, Аңырақай соғысына қатысқаны сөзсіз. Бұхара, Хиуа босқыны мен Еділ, Жайық, Темір, Башқұрт жорықтарында шайқасқан. Ырғыз, Елек, Қобданы босатып, Сыр аяғы мен Хиуа үшін болған кескілестердің бел ортасында жүргені даусыз. Қалмақтармен болған шайқастардың белгілі сардары болғанын пайымдау қиын емес...» [13; (10-том, 100-бет)].

Ел мен ерлерге сенім берген қалмақтарды қырған жеңістерден кейін Кіші Жүздің ханы Әбілхайыр мен Орта Жүздің ханы Шөмекенің бастауымен қазақ елінің Ресейге қосылып, қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік жағдай өзгергеніне қарамастан қазақ жерінде, Кіші жүз қоныстанған аймақта бейбіт өмір орныға қоймапты. Тарихшы А. Левшин аталған еңбегінде қазақтардың сол кездегі сыртқы жаумен әртүрлі соғыстары ауқым-ауқым болып тұрғаны туралы мынадай мәліметтер береді.

«Әбілхайыр ханның әскері 1737 жылы башқұрттармен соғысты;

Кіші жүз 1755 жылы башқұрттарды ойсырата жеңді;

Кіші жүз бен Еділ қалмақтарының арасындағы шайқастар 1736-1737, 1740, 1746-1747, 1761-1762 жылдары болып тұрды;

Кіші жүзге 1774 жылы Ресей казактары шабуылдады».

Осы және де басқа тарихи деректер қазақ елінің, оның ішінде Кіші жүздің сыртқы жаумен жағаласы ұзақ уақытқа созылғандығын айғақтайды.

Ол заманда Қазақ хандығында нақтылы үлгідегі тұрақты әскер болмағаны белгілі. Қару асынып, жауға шабуға жарамды ер азаматтардан құралған қарулы қол тек қана ел қорғау соғысы мен жауға қарсы жорықтар кезінде жасақталып, ел басқарған ханның қол астына жиналатын болған. Халық жасақтары мен оларды басқарған батырлар әскери шайқастар



біткен соң тарап кететін. XVIII ғасырдың екінші жартысына қарай сыртқы жауларға қарсы қарулы шайқастар саябырсып, батырлар жаугершіліктен босаған соң ғана Кіші жүзге, сондай-ақ Адайларға, жер таңдау еркіндігі тигенге ұқсайды. Міне, осы мезгілде ғана елбасыларының еліне тұрақты қоныс іздеуі, Адай елінің Үстірт-Маңғыстауға қарай маңдай түзеуі басталыпты.

«Сауран айналған» соң Әмудария мен Сырдария, Нұратау мен Қаратау алқаптарында қоныстанған, содан соң әуелі Ырғыз, Торғай жерлеріне, Мұғалжар тауының етегіне көшіп келген, кейін Еділ-Жайық, Жем-Сағыз бойына қоныстанған Адайлардың бір бөлігі осы жерлерде тұрақты қоныстаныпты, бертін келе сол жерлердің отырықшы еліне айналған екен. Ал Адайлардың бірнеше ру-тайпаларынан тұратын бөлігі Сам құмдарына, Каспий жағасына, Үстіртке қарай ығысып, қоныстарын кеңейтіп, Маңғыстаудың ойын иеленуге ниеттенген екен. Адайлардың бұл көші-қонысы кезінде Үстірт жазықтығының Маңғыстау ойымен қыраттар арқылы ұласатын жеріндегі ұшпа шыңдар мен жарқабақтардың сілемдерінен өткел тауып, өзі бастаған қарулы қолмен елді қорғап, Маңғыстаудың ойына аман-есен түсуін басқарған Адайдың Құдайке – Қосайының Байболы, оның Есенғұлынан өрбіген, аты аңызға айналған Есек батыр (Есекмерген) деп айтылады. (Кезінде «КСРО Ғылым Академиясының 1926 жылғы Маңғыстау экспедициясының материалдарында Адайлардың батыры Есек Есенғұлұлының бастауымен 1751 жылы Сам, Ойыл, Темір жерлері қалмақтардан азат етілгендігі, Жайық бойындағы Кіші жүз қазақтарына қосылғандығы айтылады» дегенді оқығанмын. Өкініштісі, сол дереккөз атын жазып алмаппын).

«Маңғыстау жеріне Адайлардың аттарының тұяғы қай мезгілде тиді екен, ондағы түрікмендерді қашан ығыстырған екен?» дегенде назар аударатын төмендегідей мәліметтер бар.

Көрнекті жазушы Ә. Кекілбаев ағамыз бір еңбегінде «...Қазақтар 1741 жылдың көктемінде Маңғыстауды шабады... Айрақты тауына шығып алып, қорғанған түрікпендерді қоршап шайқасады. Мұндай жойқын қимыл туралы дерек 1762 жылы кездеседі. Сол жылы қазақтар Атыраудың мұзының үстімен барып, ойсырата соққы беріп, екі жүз түрікпен шаңырағын өздерімен бірге әкетіп, ауыл-ауылдарына таратып алады. Бірақ ол кезде Кіші жүз қазақтары Жемнің күнгеіндегі Үс-



тірт пен Маңғыстауға кеңінен өрістей қойды деген деректі тарихи әдебиеттен кездестіре алмай келеміз...» [13; (10-том, 113-114-беттер)] деп жазады.

«...Түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Ғұбайдолла Айдарұлының түрікмендердің шежіресін негізге алып айтуынша, «...XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейін түрікмендер жайлаған Маңғыстауды қазақтар (Адайлар) соғыса отырып тықсырып, 1759 жылы біржолата босатқан. Сөйтіп, қазақтардың алғашқы көші Маңғыстауға сол жылы қоныстанып бастаған...» Демек, Маңғыстауға қазақтар (Адайлар) XVIII ғасырдың екінші жартысында қоныстана бастаған десек, қателеспейміз...» [15; (26, 31-беттер)] деген мәлімет бар.

Ал аталған орыс тарихшысы А. Левшин мына мәліметтерді береді.

«...1797 жылдың қазан айында Әбілхайырдың баласы Айшуақ Кіші жүздің ханы болып жарияланды. Айшуақтың билік құрған кезінде қазақтардың арасында ішкі араздастық өршікті. Оның салдары Орал маңында көшіп-қонып жүрген қазақтардың алшақтап көшіп кетуіне әкелді. Кіші жүз елінің бір бөлігі Орта жүздің кейбір ру-тайпаларына қосылып, шығысқа қарай көшті. Екінші бір бөлігі Сырдың сағасына көшіп барып, қарақалпақтарды басып алып, сұлтан Әбілғазы Қайыпты хан қылып сайлады. Кіші жүздің сұлтаны Бөкей бастаған үшінші бөлігі 1799 жылы Орал маңындағы даланы тастап, Нарын құмына көшті. Төртінші бөлігі түрікмендерге шабуыл жасап, оларды жерлерін босатуға мәжбүр етті де, Каспий, Арал теңіздері аралығындағы мойнақты түгел иемденді...» [12; (320-324-беттер)].

Қорытындысын айтсақ, Адай елі қазақ жерінің солтүстік батыс аймақтарын қоныстанып жүріп, жаугершілік саябырсыған соң Каспий теңізінің жағалауына, Үстірт-Маңғыстау жеріне қоныс аударыпты. Адайлардың бұл жерлерге дендеп енуі XVIII ғасырдың орта кезінде басталып, түбегейлі иемденуі 1800 жылдардың бас кезіне дейін созылғанға ұқсайды. Бұл қоныс аудару дәуірінің ұзаққа созылған мол ауыртпалығын, уақыт пен тағдырдың ауыр сынақтарын бастан кешкен Адайлар ақыры, айнала келе «...тасы – алтын, құмы – күміс, қойны толған қазына, бірақ қазынасынан халқы қайыр көрмейтін, байлығы талауға түсер жер екен...» [16] деп Асанқайғы бағалаған киелі Маңғыстауға қоныстанған.



Бұл көші-қонысқа жазушы Әнес Сарай «...қазына жөнінен де, тарих жөнінен де, рухани құндылықтар жөнінен де теңдесі жоқ бай өлке – Маңғыстауға, «жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» киелі топыраққа Адайлар да осымен үш кетіп, үш келіп отыр. Бұл соңғы көш, соңғы келіс мәңгілік болсын» [17; (4-бет)] деген тілек айтады.


Адайлардың кейбір рулары Маңғыстау жеріне Сыр өңірінен тікелей де көшіп келіпті.

«...Жоңғар басқыншылығынан ығысып босқан Адай елі Сыр бойын біраз уақыт паналаған. Ол жерде тарлық көргесін, қыс түсіп, мұз қатқан кезде батырлар дариядан өтіп жер қарапты. Олар Маңғыстауды көріп, сонда барып, барлау жүргізіпті де, қайтып оралыпты. Көктем келіп, күн жылынған соң Маңғыстауға көшкен әуелгі 60 үйдің ішінде Шылымның Бөкен руы, Есен, Кенже, Ақбота рулары болыпты. Олар Қаратүйе, Маната, Алгынтөбе, Шөлтау, Күйкен, Бөктер деген жерлермен көше отырып Бозашыға өтіп, Тасорпа, Қырғын, Қызық, Ақшымырау, Аран деген суларға тоқтапты. Бұл жерлерде бұрыннан отырған түрікмен ауылдары бар екен, солармен көрші отырыпты, мезгіл-мезгіл олармен ұрысып та қалып тұрыпты. Қазіргі заманға белгілі «Қырғын» деп аталатын судың басындағы уақиға сол кездерде болған...»

Әкемнің отбасылық мұрағатында кездескен осы мәліметтің соңында «Бұл әңгімені Бөкен Телібай ақсақалмен, Қалша Жақып қариямен, Бөкен Бөкен, Қожағұл Әлібек деген қарттармен 1967, 1969, 1973 жылдары ел аралап жүргенде кездесіп, әңгімелескенде солардың өз ауыздарынан естіп, жазып алып едім» деген әкемнің түсініктемесі жазылған.


Маңғыстауға Мұрат (Кеңе) ауылының қоныстануына байланысты мынадай мәлімет-жарияланым бар.

«...Есенұлы Сейіт бидің еліне салған олжасы – ұлан-ғайыр қонысқа қолын жеткізгені. Маңғыстауды Адайға дейін мекендеп отырған түрікмен халқымен тіл табысып, мәмілеге келіп орын тебуі. Сейітекең жанына екі-үш ақсақал ертіп, қарусыз, мұз үстімен өтіп, сұрай-сұрай түрікменнің бір бегінің ауылына келіп түседі. Жағдайларын айтады. Өздерінің барлаушы емес, елші, дос пейілді ақжолтай адамдар екенін білдіреді. Сол жерде бекпен дос болады. Жер алады. Құртащы, Дөңқараның басында еру болып отырған елге хабар жіберіп, көшіріп алады. Келер жылы құданды жері Жарының Мұратының ауылын қасына көшіріп алады» [18; (87-бет)].



III тарау

ОРЫНБАЙДЫҢ  
АТА-ТЕГІ МЕН ЖАНҰЯСЫ



*...Өз руын, тайпасын, ата-бабасын жеті атасына дейін білу әрбір қазақтың ру аясындағы міндеті және сол білігі арқылы өз халқының дәстүрін сабақтастырып отырудың шарты болған...*

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ,**  
*Қазақстан Республикасының Президенті*



## ОРЫНБАЙДЫҢ АТА-ТЕГІ

Шежірелік еңбектерде айтылғандай АДАЙ ата ұлдары – ҚҰДАЙКЕ, КЕЛІНБЕРДІ. Келінбердіден тараған ұрпақтар – ҚҰНАНОРЫС, АҚПАҢ, БАЛЫҚШЫ, БҰЗАУ, ТОБЫШ, МҰҢАЛ. Мұңал ұрпақтары – ЖАУЛЫ, ШОҒЫ (ҚЫРЫҚМЫЛТТЫҚ), ӘЛИ, БӘЙІМБЕТ, АЛАҚҰНАН.

ЖАУЛЫ Мұңалұлынан тараған ұрпақтар – ЖАРЫ, ЕС-КЕЛДІ, ҚОСҚҰЛАҚ.


Жаулы туралы әкемнің қолжазбасында мынадай әңгіме кездесті.

«...Жаугершілік кезде қалмаққа қарсы ұрыста Жаулымен бірге иықтас, үзеңгілес соғысқан жолдасы қарақалпақ Шұбар деген батыр бір ұрыста жаралы болады. Ұрыстан кейін Жаулы жорықтас жолдасына қамқорлық жасап, жарасын кіші дәретімен жуып, зарарсыздандырып, биенің жаңа сауған жылы сүтін ішкізіп емдеп, бағып-күтіп, айықтырыпты. Жаулының шынайы жолдастығын бағалаған Шұбар батыр оған қарындасы Меңдісұлуды екінші әйелдікке беріпті. Сол кезде Жаулы 40 жаста екен. Жаулының сол қарақалпақ әйелі Меңдісұлудан Ескелді, Қосқұлақ туған дейді...»

Жаулы туралы Адай елінде тараған мынадай шежірелік әңгіме бар.

«...Қазақ-қалмақ жаугершілігі кезінде жауға аттанар алдында Жаулының бәйбішесі «құрсағымда бала бар, кетпе» депті, бірақ ол «менің қазақтың қырық батырына берген уәдем бар, қалмаққа бітімге барамын» деп жаугершілік кездегі бітімге, өкілдік міндет атқаруға кеткен екен, содан оралмаған көрінеді. Оның сапарға аттанар алдында айтқан қалауы бойынша дүниеге келген ұл Жары атанған...»

Жаулыұлы ЖАРЫ сегіз балалы болған. Оның бәйбішесінен төрт бала – ЖЕТІМЕК, ДӘУЛЕТАЛЫ, МҰРАТ (КЕЩЕ), МЕТЕ, тоқалынан төрт бала – НАЗАР, БАЗАР, БЕКТЕМІС, ТОҚТАМЫС өсіп, өрбіген. Адай еліндегі «сегіз арыс Жары» дейтініміз осылар. Жарылардың өсіп-өнгеніне байланысты «Жарының түйе қарағаны да бір үй толтырады» деген мәтел сөз бар.







**МҰРАТ (КЕЩЕ)** бабамыз туралы бірталай мәліметтер жарияланған, және осы жолы да азын-аулақ әңгімеленді. Сондықтан оларға толық тоқталудың қажеттігі болмас деп ойлаймын. Тек қана бұл жерде әкемнің қолжазбаларында кездескен мына жазбаларды келтірейін.

«Мұрат (Кеңсе) үш некелі болған. Оның қазақ әйелінен (үлкен шешемізден) туғандар – ҚОЖАГЕЛДІ, ШОРТЫҚ, түрікмен әйелінен (кіші шешемізден) туғандар – МЕНДІБАЙ, САСЫҚБАЙ. Атамыздың үшінші қалмақ әйелінен Тұр (Тұрат), Тұяқ, Тән атты балалары болған. Тұрдан ұрпақ болмаған. Тұяқтан бір бала болған, бірақ одан ұрпақ жалғаспаған. Тәннен Жақыбай, Итемген деген екі бала болған, олардан да әрі қарай ұрпақ жалғаспаған».

Мұрат (Кеңсе) әулеті туралы барша руластарымыз қолдап, растайтын қазіргі заманда қалыптасқан мынадай бір ақиқат айтылған. «...Мұрат бабамыздың төрт баласының ішінде Шортық атамыздың ұрпақтары жайылған. Сасықбай және Қожагелді аталарымыздан тараған бауырларымыз көп емес. Мендібай атаның ұрпағы «көп» демесек те, «шүкір» деуге толық негіз бар. Ағайындарымыз күні бүгінге дейін арасы ашылмай, сыйластықпен, бауырмалдықпен араласып келеді. Тіпті кейбір ағайын-жегжаттар арасында «Кеңселер ұйымшыл, той-мереке, садақаларда бәрі бірдей жинала қалады» дегенді естіп, марқайып қаламыз» [19; (8-бет)].

**ШОРТЫҚ** – Мұрат атаның үлкен шешемізден туған алғашқы аға буын ұрпақтарының бірі. Бұл атамыз өз басының өмірлік қажеттігіне жетерлік ілім-білімді, өзі өскен жаугершілік заманда әскери өнерге бейімділігін көрсетіп ер атанған, елін, әулетін жаудан қорғауға белсене араласқан ерлігі мен тәуекелдігі болған адам деген «Жарыұлы Мұрат» кітабында айтылады. «Шортық атамыз Алатауды қоныс еткен» [6] деген мәлімет те бар.

Шортық ұрпақтары – СЫРЫМБЕТ, БҰҚАР, ЖАРЫЛҒАС.

«...Шортық баласы Бұқардың бейіті Қаратөбе қауымында (Бозашыда), ұрпақтары 1992 жылы белгі орнатты...» [20; (85-бет)] дегенді оқыдым.

Шортық ұлдары Сырымбет пен Бұқарға есімдер берілуі Мұрат (Кеңсе) ауылының Сауран айналып, көшіп-қонған ке-



зіндегі қоныстанған жер аттарына байланысты болғандығы туралы рулық шежіреміздегі мәліметпен таныспыз. Бұл аталарымызға есім берудің сол көші-қонысқа байланысты болғандығына маңғыстаулық жорналшы-жазушы Ә. Ыспан да назар аударады. Ол «...жоңғар қалмақтарының шабуылынан ығысқан Адайлар тек беталды боса көшпей, бұрынғы бабаларының көш ізімен маңдай түзеткендей. ...Мұраттың (Кещенің) Шортығынан туған Бұқар, Сырымдардың есімдері де сол сапарлардың есімдік айғағы...» [5; (278-бет)].

Бұл шежірелік мәліметке ой тоқтатып, оны қазақ елі тарихындағы деректі уақиғалардың болған уақытымен сабақтастырып қарап, Сырымбет, Бұқар аталарымыздың бұл дүниеге келген мезгілін жобалауымызға болатын сияқты. Оны шамалауымызға, болжау айтуымызға «Ақтабан шұбырындыға» байланысты уақиғалар болған мезгіл негіз бола алады.

«Сырымбет пен Бұқар әкелері Шортықтың елмен бірге Сыр, Бұхар маңына қоныс аударуы тұсында немесе сол жерлерде қоныстанып отырған кезінде өмірге келген» деген мәлімет шежіреде анық айтылған. «Жорамал жол бастамас» дегенмен де осы шежірелік мәліметті негізге алып, «Сырымбет пен Бұқар аталарымыз XVIII ғасырдың 1725-1730 жылдар шамасында өмірге келген болар» деген тұспал айтып, жорамалдайық. Осылай тұспалдап, «аталарымыз «Ақтабан шұбырындыдан» соң дүниеге келген болар» деп, 1725 жылды белгілегенде «...шежіреші қарттардың айтуында Бұқар – Бұхарда туған, Сырым – Сыр бойында туған ...делінеді. Бұл кезең «Ақтабан шұбырындыдан» сәл кейіндеу уақытқа саяды...» [20; (85-бет)] деген пікірді ескеріп отырмыз. Ал екінші меже ретінде 1730 жылды алуымызға белгілі тарихи деректі уақиғалар – қазақ жерін қалмақтан босату жолындағы жеңісті шайқастар Бұлаңтыда 1726 жылы, Аңырақайда 1729 жылы болғаны, сол жеңістерден соң ғана Кіші жүздің, оның құрамындағы Адай елінің солтүстік батысқа қарай қоныс аударуына мүмкіндік туғаны негіз болып отыр.

Енді осы болжамды мезгілдерді қабылдап, ұрпақаралық межені белгілеген еңбектегі мына тұжырымға назар аударалық. «...Баспада жарияланған, мұрағаттарда сақталған және тікелей жиналған мыңға тарта шежірені салғастыра қарағанда



аңғарылған бөріне ортақ бір заңдылық – ол ұрпақаралық меженің 20-25 жыл болатыны...» [3; (58-59-беттер)].

Шортық балалары Сырымбет пен Бұқардың өмірге келген мезгілі жөніндегі тұспал, жорамалымызды 1725-1730 жылдар деп, ұрпақаралық межені 25 жыл деп қабылдасақ, онда «Шортық атамыз және Мұрат атамыздың алдыңғы, аға буын ұрпақтары – Меңдібай, Сасықбай, Қожағұл аталар XVIII ғасырдың бас кезінде, яғни 1700-1705 жылдар шамасында дүниеге келген болар-ау» деген болжамға келеміз.

Бұл жорамал-тұспалымыз Шопашұлы Ақдәулет ағамыздың шежірелік еңбегіндегі «...Назар атамыздың ұлы, Кіші жүздің бас сардары болған әйгілі Шотан батырдың 1705 жылы туылып, 1786 жылы өмірден өткені белгілі ...Жары ұлдары Мұрат пен Назар бір буынның өкілдері деп қарасақ, Меңдібай Шотан батырмен тұстас, замандас болып келеді...» [19; (50-бет)] деп айтқанын толықтыра түсетіндей.

Осы болжамдарымызға негіз болған есептерге сүйенсек, онда Жарыұлы Мұрат атамыз XVII ғасырдың сегізінші онжылдығы кезінде, яғни 1675-1680 жылдарда өмірге келген болып шығады.

Жалпы Мұрат (Кеңе) атамыздың өмірге келген кезі туралы жарияланған болжамдар шежірелік еңбектерде кездесіп қалады. Солардың бірінде [21; (7, 432-беттер)] «әрбір адамның өмірінде алғашқы ұлы ол адам 20 жасқа толғанда, ал соңғы ұлы 40 жас шамасында дүниеге келеді, сондықтан ұрпақаралық меже 30 жас болады» деген шарт қабылданған. Сонсоң 1350 жылды шыққан тегіміз Адай атаның дүниеге келген жылы ретінде негізге алған. Сол 1350 жылдан қазіргі заманға дейін өткен 660 жылды 30 жылға бөліп, 22 ұрпақ дүниеге келді деген есеп бойынша «Мұрат (Кеңе) 1710-1740 жылдары өмірге келген Адай атадан тараған 14 ұрпақ, ал оның ұлдары – Меңдібай, Сасықбай, Қожағұл, Шортық 1740-1770 жылдарда дүниеге келген 15 ұрпақ» деген жорамал айтылады.

Осындай екінші болжамды жариялаған маңғыстаулық журналшы-жазушы Ә. Ыспан «...Мұрат өскен ауыл. Ата жігімен келгенде, біздің Өрдек атамызбен тұстас. Арғы әжеміз, Өрдекеннің шешесі Ақсұқсыр шешеміз 1697 жылы келін болып түскенін ескерсек («бұл туралы қалмақ дерегінде айтылады»



дейді), ол да сол жылдары өмір сүрген болып шығады...» [1; (189-бет)] деп жазады.

Әрине, Мұрат атамыздың дүниеге келген мезгілі туралы айтылған бұл болжам-жорамалдарды ағайындардың, рулас көпшіліктің ұжымдық ақыл-ой елегінен, талқысынан өткізіп, қисындылығын тексеріп, саралаған дұрыс болар.

Бұл тақырыптағы әңгімемізді мына айтылғандармен қорытындылауымызға толық негіз бар.

Жарыұлы Мұрат (Кеңе) атамыз да, оның алғашқы буын ұрпақтары да есейген шақтарын, саналы өмірлерін қазақ-қалмақ шайқастарының шиеленіскен мезгілдерінде өткізген. Бүкіл елдің ат жалын тартып мінетін, қолдарына қару ұстай алатын, ел қамы мен халық тағдырына қарасты істерге араласа алатын жас жігіттерінен бастап есейген ер азаматтарына дейін елін қорғау үшін жауға аттанған кездерде аталарымыз қалмаққа қарсы болған шайқастардан тыс қалмаған, сол соғыстардың бел ортасында елімен бірге болған, қысылтаяң заманның ауыртпалығын бастан кешкен.

### **ЖАРЫЛҒАС – Шортық атаның үшінші ұлы.**

Маңғыстаулықтарға әйгілі шежіреші Алшын Меңдалыұлының шежірелік еңбегінде «...Жарылғас өскен ауыл – «малымен, басқа да байлықпен Адайда маған тайлас кім бар» деп, бәсеке-байлық айтып семіз-семіз сөйлеген адамдары болған ауыл. Бұл ата балаларынан оқыған жігіттер – Төлеуіш Сейтмағамбетов, Орынбай Бәлдеков,...» [22; (73-бет)] деп, әкем мен тумалас ағамызды атапты.

Жарылғас атамыз туралы ел-халыққа белгілі шежірелік аңыз-әңгімелер баршылық, олар кітап, газеттерде жарияланған. Осы жерде соларды тізіп, әңгімелеудің де, қайсыбірін еске алмай өте шығудың да реті жоқ, сондықтан кейбіреулеріне тоқтала кетпей болмас.

Атамыз Жарылғас ел жаңа қоныс – Маңғыстауға аяқ басқанда алғашқы дүниеге келген ұл деп айтылады. «...Жары ауылының ауызша тараған шежіресінде Мұраттың Жарылғас атты ұрпағының кіндігі көш жөнекей ел Маңғыстау ойына құлаған кезде кесілді...» [5; (279-бет)]. Осы үлкен қуанышты тойда «қолайлы қонысқа келдік, енді құдай жарылқар» деген



ырыммен дүниеге келген нәрестенің есімін Жарылғас атаған Адай еліне әйгілі Назар қожа көрінеді.

Жарылғас Бозашы түбегіндегі Ақжал, Кіндікті, Үштөбе, Ойық, Домалақ ойық, Тас ойық, Жырма ойық деген жерлердегі биік төбелерді асасын лақтыру арқылы өлшепті. Бұл дүниеден өтер алдында өзі мегзеген биік төбе Ақжалға жерлеуді аманат еткен көрінеді [6]. Ел арасында ол жер қадірлі, аруаққа сиынатын, шарапат күтетін киелі орын болып есептеледі. «... Шежіре дерегінде Жарылғас Жарының Бозашыға жерленген алғашқы ұрпағы делінеді. Жарылғастың басында ескерткіш-белгі бар, ол жерленген төбе сол маңайдағы биік жердің бірінен саналады...» [23; (291-бет)].

Жарылғас атамыздан төрт ұрпақ өсіп, өрбіген, олар – АЛТАЙ, КҮНТАЙ, ЖАНТУ, ЖАНТУҒАН.

**ЖАНТУ** – Жарылғас атаның үшінші баласы. Бұл атамыздан алты ұрпақ тараған, олар – ҚЫЗАНБАЙ, ТЕМІРБАЙ, ҮСЕН, ҚАМЕН, ШОБАТ, ТҮРЛЫБАЙ.

**ҚЫЗАНБАЙ** – Жанту атаның алты баласының бірі. Бұл атамыздан өскен ұрпақтар – ҚҰДАЙБЕРГЕН, ҚҰЛШЫҚ, МАСАҚ, ҚАРЖАУБАЙ, ЕСТІБЕК, ШОМПАҚ, МЫҚЫР.

Жантуұлы Қызанбай, оның ұлдары – Құдайберген де, Құлшық та, Масақ та Маңғыстау елі арасында талай рет жұлде жеңіп алған палуандық атақтарымен белгілі болған адамдар көрінеді.

Масақ немересі Тілегенұлы Мусахан (1894–...) көкеміз де (біздің отбасымызбен араластықта болған ол кісіні «Көке» деп атайтынбыз) домбырашы-күйші болған. Оның өзі шығарған «Ебелек», «Көбелек», «Бөгелек» деген күйлері болғандығын жиендері – марқұм Қабыл мен Совет Мәдіханұлдарының әңгімелегендігі «Мұрат Жарыұлы» кітабында айтылады (83-84-беттер). Марқұм Мусекең «атбегілікпен де айналысты, бәйгеге ат қосып жүрді» дегенді естігенім бар. Мусахан көке Қаңға Баба жерін мекендеді. Ол кісі Фортқа, біздің үйге жиі келіп тұратын-ды. Әкем мен анам да Қаңғаға Амалда көрісуге, қонақтыққа жиі барып тұратын. Балалық шағымда еңгезердей, бойшаң Мусекең көкемен жүздес, дәмдес болдым, оның қара



домбырасын шертіп, күмбірлетіп күй тартып отырғанын талай рет көрдім.

**ҚҰДАЙБЕРГЕН** ұрпақтары төртеу, олар – **ТОҚТАР, БӨЛДЕК, СЕЙТМАҒАМБЕТ, АЙТМАҒАМБЕТ**. Құдайберген Орынбайдың атасы.

**ТОҚТАР** балалары – **ЕСБОЛ, ҚҰЛТУМА, ЖАҒАН**.

Бұл ата ұрпақтарынан Орынбай ағасымен менің балалық шағымда тығыз ағайын-тумаластық қарым-қатынасты ұдайы қолдап тұрған Тоқтар немересі Құлтумаұлы Күзембай (1928-2000) ағамыз болды. Ол ұжымдық шаруашылықтың автокөлік жүргізушісі, автоклуб, автодүкен меңгерушісі қызметтерін атқарған кездерінде жұмыс бабымен Форт-Шевченкоға жиі келіп, біздің отбасымызбен тығыз араласып тұратын еді.

Құдайберген ұлы **БӨЛДЕК** атамыз – еліне есімі тараған кісі. Ол алысқанын жығуды мүлтіксіз игерген, қара күштің иесі, жауырыны жерге тимеген палуан болыпты. «Атқа мінсе – аттың белі, арбаға мінсе – арбаның арысы майысқан» дегендей тұлға бітімі ірі денелі, қайратты болғандығы, палуандығы туралы тамсанған әңгімелерді ағайын-тумалар жиналғанда әңгімедүкен құрғанда талай естігенмін.

Сөз орайы келген соң айта кетейін, «Бөлдек» деген есімнің негізі «бөл» деген «баға, құн» мағынасын білдіретін араб тілінен қазақ тіліне енген сөз екен де, «бөлдік, бөлдек» сөздері «бағалылық, құндылық» түсінік-ұғымын білдіреді екен. Бұл анықтаманы қазақ елінде тараған есімдерді арнайы зерттеп, талдап, жүйелеудің қорытындысы болған энциклопедиялық анықтамалық басылымда [24; (52, 304-беттер)] кездестірдім.

**Бөлдек** балалары – **АЙДАРБАЙ, МҰҚАН, ЖОЛДАСБАЙ**.

Бұл ата ұрпақтарын әңгімелегенде айтарым Бөлдек немересі Мұқанұлы Айдаралы ағамыз туралы білетіндеріммен шектеледі. Ол тумалас ағамыз Ресейдің орталық аймақтарының бірінде, Татарстанда әлде Башқұртстанда, КСРО Ішкі істер министрлігі әскері қатарында әскери қызмет атқарған. Әскерден босаған соң татар елінің қызы Сәнияға үйленіп, тұрмыс құрған. Кейін, 1950 жылдардың ортасында жеңгеміз, қарындасымыз Меңсұлу үшеуі елге оралғанда біздің үйге түсті. Ай-



даралы ағамыз біздің маңымыздан жеке үй-қора тұрғызып алып, бөлек шығып, тұрмыс құрып кеткенше біздермен бірге тұрды. Орынбай Айтмағамбетұлы Айдаралының әкесі Мұқанның жерленген жерін тауып берді. Айдар аға әкесінің басына төрт құлақты там тұрғызды. Бұл орта бойлы, мығым денелі, қайратты ағамыздың Форт-Шевченкода өткізілген бұқаралық спорттық шаралар шеңберіндегі палуандар жарысына қатынасып, жүлде алып жүргендігі есімде қалды.

Құдайбергенұлы СЕЙТМАҒАМБЕТ ұрпақтарынан әңгімелейтінім Сейтмағамбетұлы Алдан және Алданұлы Төлеуіш ағаларымыз туралы болады.

Сейтмағамбетұлы АЛДАН (1915-1985) Маңғыстау ауданының Қаратөбе ауылдық кеңесіне қарасты жерде дүниеге келген. Оның жас кезінде ескіше сауат ашқандығы туралы әкем өзінің жергілікті газетте жариялаған бір естелік мақаласында «...Алдан Сейтмағамбетұлы Шебірдегі Бекмағамбет моллада оқып бастады. Бектілеу ишанды ұстаз тұтқандардың бірі...» [25] деп жазыпты.

Алдан аға жаңаша сауаттылықты да игерген. Ол 1930 жылы Қазақстан орталық атқару комитетінің (КазЦИК-тің) халыққа бастауыш білім беруді енгізу туралы қаулысына сәйкес Форт-Александровскіде ұйымдастырылған мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсына бітіріп, арнаулы сынақтан өткен соң мұғалім-ұстаз болған. Алдекең ағамыз – Маңғыстау ауданының халыққа білім беру саласында көп жылдар бойы қызмет атқарған еңбек ардагері. Еңбек жолында 1931-1940 жылдары Маңғыстау, Шевченко аудандарының мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарған. Халық ағарту саласындағы еңбегі үкімет тарапынан мемлекеттік деңгейде жоғары бағаланған алғашқы маңғыстаулықтардың бірі болып Алдан Сейтмағамбетұлы 1939 жылы «Еселі еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Алдан ағамыз – Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасқан маңғыстаулық майдангерлердің бірі. Оның жауынгерлік ерлігі мен майдандық жолдары туралы алдымызда арнайы әңгімеленетін болады.

Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде Алдан аға 1945-1958 жылдары Маңғыстау ауданының мәдениет бөлімінің қызметкері, аудандық кітапхана меңгерушісі болған.



Тумалас ағамыз Алданның ұрпақтары – ТӨЛЕУІШ (1938-1985), НЫСАНБАЙ, СӘТЖАН, ЖҰМАШ, АҚЫН.

Алдан ағамыздың үлкен ұлы Төлеуіш аға – жайдары жайсаң жан, Жасаған Жаббардың жазмышына жазған жасын жасап, өмірден ерте кетті. Ол өмірінің соңғы жылдарында жаңадан құрылған Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданының халыққа білім беру басқармасының меңгерушісі қызметін атқарды. Төлеуіш тумаласымызбен «бір түндік астында түтін түтеттік, өріп-тұрдық» дегендей, бірге тұрып, дәмдес болу тағдырыма жазылыпты. Ол кездерде еңбекке ерте араласу, ауылдағы ата-анасына қаржылай көмектесу, мектеп бітірген соң, жоғары оқу орнына аттанар алдында қара жұмыс жасау, жол қаржыға, киім-кешекке қажет, алғашқы стипендияға дейінгі тұрмыс үшін табыс табу таңсық құбылыс емес еді. Мәселен, Зинеш апам Гурьев медицина училищесіне оқуға түсер алдында Баутин балық комбинатында қаңылтыр қалбырға балық салушы болып жұмыс жасады. Міне, Төлеуіш аға да осы өмірлік мектеп тәжірибесінен өтті. Ол Алматыдағы жоғары оқу орнына түсер алдында біздің үйде жатып Форт-Шевченкодағы ұлутас карьерінде жұмыс жасады. Бисен ағам тас кесетін комбайнның машинисі, марқұм Төкең кесілген тасты алып, жинаушы жұмысшылардың бірі болып, екеуі бір бригада құрамында ауыр қызмет атқарды. Күнұзағына комбайн кескен ұлутас кірпіш-блогын аударып-төңкерген ауыр жұмыстан шаршап келгендігін де сездірмей, әрдайым домбырамен күмбірлетіп күй тартып, әзіл сөз айтып, көңілі көтеріңкі жүретін-ді.

**АЙТМАҒАМБЕТ** (1854-1932) балалары – **ШАНШАР** (1898-...), **ОРЫНБАЙ** (1912-1994).

«...Құдайбергенұлы Айтмағамбет атамыздың есімі Жанту ата ауылынан мұсылманшылықтың, ислам дінінің жолын ұстаған аталар – Қамен ұлдары Ила мен Жақсыбай қажылардың, Қызанбайұлы Естібектің қатарында айрықша аталады» [1; (85-бет)] деген мәлімет бар.

«Айтмағамбет әкем мен Шаншар ағам екеуі Бозашыдағы Сатыбалды, Қосекен деген байларға жалданып, солардың малын, оған қоса өзіміздің он-он бес қой-ешкімізді бағып





күнелттік. Мен де жас кезімде мал бақтым, әкеме көмектестім. 1927 Қоян жылғы жұтта байлардың малы жұтаған соң қалаға көшіп келдік» деген әңгімені кезінде әкемнен естігенмін.

Айтмағамбет атамыз өзінің отбасымен Кетікке (Форт-Александровск) көшіп келген соң, күнелтіс үшін тұз өндірісінде жалдамалы жұмысшы болып жасапты. Ол 1932 жылы, 79 жасында науқастанып қайтыс болған, Форт-Шевченкодағы қауымда жерленген.

Айтмағамбетұлы Шаншар 1916 жылы солдаттыққа алыныпты, 1-ші дүниежүзілік соғыс майданында қара жұмыс атқарыпты. Елге 1923 жылы оралыпты. Ол 1940 жылдары Таушықтағы көмір өндірісі құрамындағы «Шахтастрой» мекемесінде жұмысшы болып жасаған. Бұл өмірден өткенше Таушықтың «№ 6 Шахта» деген елді мекенінде тұрған.

Айтмағамбетқызы Шолпан апа (1915-...) Нұрлеспес Алпанұлы деген Шоңай руының азаматымен тұрмыс құрған. Марқұм жездеміздің рулық ата-тегі былайша түзіледі: Шоңай – Боқай – Қарақойлы – Мырзатай – Жұбатыр – Қыдыр – Тілеп немересі Алпан ұлы Нұрлеспес. Ол Самда, Үстіртте жылқы баққан Бейнеу ауданының белгілі жылқышысы болды. Кейін оның жылқышылық кәсібін баласы Меңдіқұл жалғастырды. Шолпан апамыз бен Меңдіқұл жиеніміз туралы мынадай мәліметтер бар. «...Шолпан шешеміз ерекше жайсаң жан еді ...Ертеректе Шайыр халқы мал өсірумен де, бау-бақшалықпен де, егін шаруашылығымен де айналысқан. 1952 жылы егін бітік шығып, астық мол болыпты ...Сол күндерді Шолпан шешеміз көз алдына елестетіп, әңгімелеп отырушы еді. Ол кісі – белгілі саяси қызметкер, Ақтаудағы тұрған үйіне құрметтеп ескерткіш тақта қойылған ардагер Орынбай Бөлдековтің туған қарындасы...». «...Меңдіқұл Алпанов Маңғыстаудың, Бейнеу ауданының әйгілі жылқышыларының бірі болды. Ордендер мен медальдардың иегері...» [26; (66-бет)].

Айтмағамбет атамыздың жолдасы ҚОҢЫРША (1869-1959) әжеміз бұл дүниеден өткенше Қаңға Баба жерінде туған баласы Тілегенұлы Мусаханның қолында тұрды. Бізге жеткен әңгімелерден білетініміз – Мусахан көкеміз бен әкеміз Орынбай құрсақтас, кіндіктес, бір анадан туған. Әуелгіде Қоңырша Масақұлы Тілегенмен отасқан, тұрмыс құрған. Тілеген 37 жа-



сында қайтыс болған соң, Қоңырша тұрмыстың қиыншылық кезінде, өмір сүру амалын іздеп, екі баласы Әбді мен Мусаканды ертіп, сонау Жем, Сағыз бойында көшіп-қонып жүрген Адай елі ішіндегі төркіні Кенжелерге кетіп қалса керек. (Әкемнің нағашылары Адайдың Кенже руынан, олар туралы ілгеріде әңгімелейтін боламын). Міне, сонда Айтмағамбет іздеп барып, Қоңыршаны балаларымен Маңғыстауға – елге алып келіпті, екеуі қосылып тұрмыс құрыпты.

Балалық шағымда Қоңырша әжемен аз уақыт бірге тұрғаным есімде қалды. Ол кезде әжем кәріліктен бойын тік жазып жүре алмайтын-ды, екі қолын артына қайырып ұстап, еңкейген күйде жүретін еді. Кейін, көзі көру қабілетінен айрылған соң мүлдем отырып қалды. Сонда үйдегілерді тек дауыстарынан ғана танытын-ды. «Қоңырша бұл дүниеден озды» деген рациямен берілген хабар жеткенде 1959 жылдың ақпан айының суық күндерінің бірі болатын. Ол күн қыс айларында Маңғыстауда кей кездерде болып тұратын ұйтқыш қар жауып, боран соғып, арты ақпанның қатқақ қара суығына айналатын мезгілдердің бірі еді. Қаладан шығып жол жүру, Қаңға Баба жеріне жету қиын шаруаға айналды. Ол кезде калың қарлы, ия батпақты қара жолдарда жүргіш автокөлік тапшылық болатын. Әкем Форттағы жалғыз жүргіш автокөлік – мұнай-газ барлаушы экспедицияның тұрба тасуға арналған екі мостты ЗИЛ-157 автокөлігін сұрап алды. Автокөліктің кабинасына, жүргізуші екеуінің ортасына сыйғанынша дастарқандық ұн, шай-секер сияқты азық-түліктерді тиіп алып, 90 жасында бұл өмірден соңғы сапарға аттанған анасын жер қойнауына тапсыруға жалғыз өзі жүріп кетті. Қоңырша әжеміз Қаңға Бабадағы Қарагөз қорымына 1959 жылдың 23 ақпан күні мәңгілік орналасты.

**ОРЫНБАЙ (1912-1994)** – Айтмағамбеттің екінші жұбайы Қоңыршадан туған баласы.

Әкеміздің туған жері, өмірлік және еңбек жолдары туралы ілгеріде толығырақ әңгімеленетін болады. Бұл жерде мына жайға – Құдайберген немересі Айтмағамбет ұлы Орынбайға атасы Құдайбергеннің ия әкесі Айтмағамбеттің есіміндегі ата-тек (фамилия) берілмей, әкесінің ағасы Бәлдек есіміндегі фамилия берілуіне тоқталайын.



Жоғарыда айтылғандай, Бозашыда күнелту жағдайы қиындаған соң Айтмағамбет атамыз өзінің отбасымен Кетікке (Форт-Александровск) 1927 жылы жазда көшіп келіпті. Тұрмыс қиыншылығы қинағандықтан, баласы Орынбайды балалар үйіне (мектеп-интернатқа) орналастыру амалын қарастырған Айтмағамбет Орынбайды қайтыс болған ағасы Бөлдектің баласы деп жаздырған. Бұл белгілі жай, қай заманда да балаларын аға-аталарына тәрбиеге беру, олардың атына жаздыру ұлтымызға тән, ел арасында кең тараған құбылыс қой. Осылай, 1928 жылы көмелетке толған әкемізге жеке төлқұжат шығарылғанда «Орынбай Бөлдеков» болып жазылған екен.

## ОРЫНБАЙДЫҢ ЖАНҰЯСЫ МЕН ҰРПАҚТАРЫ

Әкеміз екі некелі болған адам. Оның алғашқы зайыбы Адайдың Тастемір руынан Жантілеуқызы Алтын деген болған. Біз естіген әңгімелерді негізге алсақ, Орынбай мен Алтынның қосылу тарихы былай болыпты.

1932-1934 жылдары Маңғыстау ауданының комсомол комитетінің жауапты қызметкері ретінде аудан аралап, үгітшілік-өкілдік жұмыстар атқарып жүрген кезінде Орынбай Айтмағамбетұлы Жантілеуқызы Алтын деген замандас құрбысымен танысады. Бір-бірін ұнатып, көңілдері қосылған екі жас тұрмыс құрып, өмірді бірге өткізуге уәделеседі.

Сол кездегі «қыз-келіншектерге теңдік тиді, жастар сүйгеніне қосыла алады» деген жаңа қоғам уағызына ден қойып, белді бекем буып, жас жігіт қыздың әке-шешесінің алдынан өтуге барады. Айтмағамбеттің, оның баласының тұрмыстық күй-жайын жетік білетін Жантілеу, қызын жарлы жігітке бергісі келмеді ме, әлде жаңа қоғамның әйел теңдігі жөніндегі саясатына қырын қарағандықтан ба, әйтеуір, екі жастың қосылуына қарсы екендігін білдіреді. Тауы қайтқан жігіт қоржынын қамдап, атын ерттеп, жолға жүргелі жатқанда қасына аз-кем киім-кешегін арқалаған Алтын келеді, уәдесіне берік екенін білдіреді. Ол әкесінің «қайт кейін!» дегеніне құлақ



аспай, аяғын үзеңгіге салып тұрып, «не болса да, тағдырымды осы жігіттің тағдырымен қосуға бел будым!» деп, атқа мінгесіп, Орынбайға еріп кете барыпты. Олар осылай тұрмыс құрып бастаған екен. Екеуінің тұңғышы, қыз бала Зинештен соң Алтын Жантілеуқызы екінші рет жүкті болады. «Әйел адам босанарда бір аяғы төрде, бір аяғы көрде» деген ескіден қалған сөз бар ғой, толғақтың ащы азабын тартып, дүниеге нәресте әкелем деп, өмір мен өлімнің арасында жанталасқан ол босану кезде қайтыс болған.

Зинеш апаның нағашылары Тастемірлермен жақын-жекжаттық қарым-қатынастық араластықты қолдап, үзбей келеміз. ЗИНЕШ (1936) апамыздың өмірі, еңбек жолы осы тараудың соңында әңгімеленеді.

Әкеміздің екінші құдай қосқан қосағы, өмірлік жолдас-серігі болған – ардақты анамыз Ғайния Меңдалықызы Қарабекова (1915-1985). Анамыздың өмір жолы, еңбек тарихы туралы арнайы тарауда баяндайтын боламын.

Әке-шешеміз өздерінің қосылуын бізге егжей-тегжейлеп әңгімелемесе де, бізге мәлімі – олар 1930 жылдардың ортасында Маңғыстаудың алғашқы комсомолдары, қоғамдық жұмыстардың белсенділері болған кездерде танысып, 1939 жылы бірге тұрмыс құрып бастаған. Өмірдің ащы-тұщысын, ыстық-суығын бірге өткерген, «отбасының екі арысы аман болса, дүние түгел» дегендей Орынбай Айтмағамбетұлы мен Ғайния Меңдалықызының өмірлік жолдастығы жанұяның тірегінің, екі арысының бірі – Ғайния анамыз 1985 жылы желтоқсан айында бұл дүниеден өткенше жалғасты.

Орынбай мен Ғайнияның ұл-қыздары – БИСЕН (03.10.1940-23.10.1994), СӘБИРА (19.11.1941-18.10.1989), АМАНГЕЛДІ (1945), ТАҢАТ (1947, жастайынан шетінеген), САРА (02.03.1949-08.10.2004), МӘЛІК (1951), КҮЛӘШ (1954, жастайынан шетінеген), МАРАТ (1955). Анамыз көп балалы ана ретінде Кеңес үкіметінің «Батыр Ана» күміс алқасымен марапатталған.

Бисен аға, Сәбира апа, Сара қарындас маңдайларына Жасаған Жаббардың жазған жылдарына сәйкес өмір сүріп, бұл дүниеден ерте өтті.

Бисен аға әскери міндетін Қиыр Шығыстағы Советская Гавань қаласында Тынық мұхит әскери-теңіз флотының су



асты кемелерін жөндейтін жағалық базада атқарды. Әскер қатарында екі жыл болған соң денсаулығына зақым келгені, әрі қарай әскерге жарамсыздығы анықталып, ерте босатылды. Елге келген соң ол жөнді ем алған жоқ, үйленіп, тұрмыс құрмады. Ол I дәрежелі автокөлік жүргізуші-механик, ұлутас кесетін комбайнның машинисі мамандықтарын игерген, техника тіліне жетік маман болды.

Сәбира апа Гурьев политехникалық техникумының геология-геофизика бөлімін бітірген соң «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресінің Қошақ алаңында мұнай-газ қорын іздестірген барлаушылардың геофизикалық экспедициясында техник-геофизик болып еңбек жолын бастады. Алматыда В.И. Ленин атындағы политехникалық институтта оқыған, Маңғышлақ өндірістік геофизика тресінің білікті инженер-геофизик маманы болды.

Сара қарындас Алматының халық шаруашылығы институтын бітірген жоғары білімді қаржыгер маман болды. Ұзақ уақыт Маңғышлақ теміржолшыларын, Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинатының жұмысшыларын жабдықтау мекемелерінде қаржыгер-жоспарлаушы қызметін атқарды.

Орынбай Айтмағамбетұлының екінші буын ұрпақтары былайша түзіледі.

Немерелері – **ЖАННАТ АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ, ЗЛАТА АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ, РУСЛАН МӘЛІКҰЛЫ, РЕНАТА МӘЛІКҚЫЗЫ, ЕРКІН МАРАТҰЛЫ, ҒАЙНИ МАРАТҰЛЫ.**

Жиендері – Зинештің ұлдары: **ЗЕЙНОЛЛА, СЕЙФОЛЛА, ҒАРИФОЛЛА;** Сәбираның ұл-қыздары: **НҰРЛАН, ЕРЛАН, АЙНҰР, АРАЙ;** Сараның қызы мен ұлы: **НҰРГҰЛ, НҰРКЕН.**

\* \* \*

Маңғыстаудағы медицина саласының елеулі еңбеккері болған, бұл дүниеге нәресте әкелу кезінде өмір мен өлім арасында жаны қиналған аналарды ажалдан арашалауды атқарған акушер, ардагер апа Зинеш Орынбайқызының өмір-еңбек жолы өнеге боларлықтай. Оның естеліктерін баяндайтын Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаттағы жеке мұрағат-



тық құжаттарына негізделген жарияланым болды. Сол жарияланымның қазақ тіліне аударылған мәтінімен танысайық.

## МҰРАҒАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР ӘНГІМЕЛЕЙДІ

*А.Ф. ГАРКУША*

*Ақтау қалалық «Тумба» газеті, 28 мамыр, 2009 ж.*

Қазіргі зейнеткер, Маңғыстаудағы медицина саласының еңбек ардагері Зинеш Орынбайқызы Бөлдекова 1950-1980 жылдары өлкеміздегі халыққа медициналық қызмет көрсету саласының даму тарихының куәгері.

– Мен Форт-Шевченко қаласында дүниеге келдім. Анам ерте қайтыс болған соң балалық шағым туған анамсыз өтті. Ал 1942 жылы, мен 6 жасқа да толмаған кезде, әкем майданға аттанды. Мен 1943 жылы мектепке бардым, алғашқы мұғалімім Есбол Өмірбаев болды. Бастапқы мектеп қабырғасындағы жылдары майдангер жанұясының мүшесі болғандықтан, маған күніне бір стақан шай, бір кесім нан беретін, жылына бір рет киім-кешекпен көмектесетін. Міне, менің балалық шағым осылай өтті, – деп Зинеш Бөлдекова өзінің балалық шағын еске алады.

– 1955 жылы Гурьев (Атырау) медицина училищесінің акушерлік бөліміне оқуға түстім. Оқуды аяқтағаннан кейін, 1958 жылы Форт-Шевченко қаласына жұмысқа жолдама алдым. Сол кезде аудандық біріктірілген аурухананың бас дәрігері, білікті маман-хирург, маңғыстаулықтарға әйгілі грузин халқының ұлы – Отари Андреевич Гиголашвили болды. Маңғыстауда 15 жыл жұмыс істеген, есімі ел арасында әйгілі болған Отари Гиголашвиліді «Маңғыстаудың тұрақты жергілікті халқы түгелдей біледі, әрдайым құрметпен, аса ризашылықпен, ілтипатпен естеріне алады» десем, асыра айтқандық болмас.



Мен еңбек жолымды бастаған кезде Форт-Шевченкода бар болғаны 5 кереует-орындық перзентхана болды. Міне, сонда жалғыз акушерка болып жұмыс істедім. Толғағы жеткен әйелдерді осы жерде қабылдап, босандыратынбыз. Ал күрделі бір жәйттер бола қалған жағдайда немесе операция жасауға қажеттілік туындағанда Баутино кентіндегі ауруханаға жіберетінбіз. Алғашқы жұмыс жылдары өте қиын болды. Мені ауыстыратын акушер маман болмағандықтан, тәулік бойы, мереке және демалыс күндері жұмыс істеуге тура келді. Жедел жәрдем автокөлігі болған жоқ, ол тек 1961 жылы ғана әкелінді, – деп жалғастырады естелігін Зинеш Бөлдекова.

– Сөйте тұра, босану үстінде ана немесе бала өлімі тіпті болмады деп айтуға негіз бар. Әлі есімде, «ХХ партсъезд» атындағы ұжымдық шаруашылықтан рациямен шұғыл шақырту түсті. Әйтп-бүйтп, ауыстырылып мінген көлікпен дәрігер Анна Георгиевна Фомичева екеуміз, әйтеуір, жеттік. Жас ананы үйінде босандыруға тура келді. Келіншек өте әлжуаз екен, бірде-бір рет дәрігерге қаралмаған. Оның үстіне туғандары егіз бала болмасы бар ма?.. Өте қиын болды, біз де қиналды. Әйтеуір, бәрі сәтті аяқталды, дүниеге екі ұл келді. Ата-анасы қуанып, риза болғандары сондай, бізге екі ұлға есімдер беруімізді өтінді. Біз балаларды Өмір, Бақыт деп атауды ұсындық, – дейді Зинеш Орынбайқызы.

– Мен медициналық қызметкер ретінде 1958-1991 жылдары Форт-Шевченко қаласында, Жетібай кентінде және Маңғышлақ стансасында жұмыс істедім. Сол жылдары менімен бірге медицина бибілері болғандар – Шолпан Қызылбаева, Валентина Ковтун, Нина Корсун, Ақжүніс Озғанбаева, Бағила Төлешова, Шырын Батықова, Саржан Көлбаева, – деп еске алады Зинеш Бөлдекова.

Зинеш Орынбайқызының жұбайы Файзолла Ақашұлы Батықов (1935-2011) бала дәрігері болды. Ол Алматы медицина институтын бітірген соң Жетібай кентіне жұмысқа жолдама алды. Міне, осы жанұя жағдайына байланысты 1964 жылы З.О. Бөлдекова Жетібай кентіне жұмысқа ауысады. Сол кезді есіне алып, ол былайша естелігін жалғастырады.

– 1964 жылы Жетібай кентіне көштік. Кентте тұрғындар саны өсіп, өмірдің қыз-қыз қайнап тұрған кезі. Барлаушылардың



әйелдері, балалары лек-легімен келіп, көмек сұрап жатыр. Ол кезде Жетібайда медициналық деп атауға тұратындай талапқа сай амбулатория, перзентхана болмады, медицина мамандары жетіспеді.

Кейін З.О. Бәлдекова 20 жылдан астам Маңғышлақ стан-сасындағы теміржолшылар ауруханасында жұмыс жасады. Оның еңбек кітапшасында мадақтаулар, адал еңбегі мен іскерлігі, жауапкершілігі, сырқаттар мен жұмыстастарына ықыласты қарым-қатынасы үшін алғыстар жарияланғандығы туралы жазбалар тіркелінген.

– Біздің жұмыс зор жауапкершілікті, зейінді сергектікті талап етеді. Бізге адам өміріне жауапкершілік жүктелгендіктен, кішігірім селқостықты да жіберуге болмайды. Медицина қызметкерлерінің еңбегі өте ауыр, оны тек өз мамандығыңа, өз жұмысыңа сүйіспеншілікпен қарағандық қана жеңілдете алады, – деп аяқтайды естеліктерін Зинеш Орынбайқызы.


Расында, Зинеш Орынбайқызы Бәлдекованың осы қарапайым әңгімесі сол бір алыс жылдардағы әріптестері туралы жан тебірентер еске алулары Маңғыстау медицина тарихының кейбір тарау-тармақтарын елестетері, сол кездердің тарихи құрғақ фактілері мен сандарын тірілтері анық.





IV тарау

АҒАЙЫНДЫҚТЫ  
АРДАҚТАҒАН  
ОРЫНБАЙ



*....Ата-тегіңді, туыс-туғандарыңды жақсы танып біл,  
...өзара қатынас жасауың үшін қажет болады...*

*Пайғамбар Мұхаммедтің  
(с. а. у. с.) хадиси*



## АҒАЙЫН-ТУМАЛАСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚОЛДАУШЫ

Әкеме тән адамгершілік қасиеттердің бірі – оның ағайыншылдығы, ағайын-жегжат, тумаластарының көңілінен шыға білетін мейірімділігі еді. Ол алысты жақындыққа, жақынды бауырмалдыққа тартқан, ағайын-жегжаттықты, рулық, руаралық қатынастарды қадір тұтқан адам болды. Жалпы оның өмір-тұрмысы руластарымен, жақын-жуықтарымен тиянақты тығыз байланысты қолдаумен өтті. Ол тек қана Маңғыстау өңіріндегі ағайын-тумаларымен, жақын-жуық, жегжаттарымен ғана емес, сонымен қатар алыс жерлердегі, сонау Ақтөбе облысы Шалқардағы нағашылары Бисенұлы Иманғалидың (руы Кенже), оның балаларының, Түрікменстанның Байрамалы қаласында тұрған бажасы Сағындықұлы Абеншенің (руы Құнанорыс) отбасыларымен қарым-қатынаста болды. Әрине, ол Саратов облысы Новоузенск (ескіше жер атауы Шортанды) қаласындағы құдасы Тұқбатұлы Меңдіханның (руы Байбақтының Еділбайы), Атырау облысы Мақат стансасындағы құдасы Бисенғалиұлы Шоқанның (руы Есентемір), Шевченко (Ақтау) қаласындағы құдасы Хамидолла Қыдыровтың (руы Кердері) отбасыларымен де араластықта болды.

Кезінде біздің Форт-Шевченкодағы үйіміздің маңына руластарымыз – Абдолұлы Қанғараның, Бектілеу ұлдары – Төлепберген мен Ылиястың, Бесімбайұлы Мырзабайдың отбасыларының іргелес қоныстанып, Орекең ағаларының үйімен тығыз көршілік қарым-қатынас, араластықта болуы да оның жылышырайлы көзқарасына байланысты болған шығар. Кейін аталғандардың қатарына тумалас ағамыз Бәлдек немересі Мұқанұлы Айдаралының әулеті қосылды. Ол ағамыз жанұясымен 1950 жылдардың ортасында елге оралғанда ағасы Орынбай мен жеңгесі Ғайния оларды жылы лебізбен қарсы алып, өз үйінің бір бөлмесін босатып беріп, орналастырды. Айдаралы ағамыз біздің маңымыздан отбасы үшін үй-қора тұрғызып алып, тұрмыс құрып кеткенше біздермен бірге тұр-



ды. Әкемнің ағайын-тумаластарына әрқашанда қол ұшын, көмегін бергендігін мәлімдейтін айтуға тұрарлық осындай мысалдар бар.

Ағайындарымыз Маштан ұлдары – Көбейхан, Кемелхан және Теңелхан отбасылары Өзбекстаннан ежелгі отанына оралған кезде Орынбай Айтмағамбетұлы қолдау көрсетті. Маңғыстау өңіріне теміржолдың жетпеген, алыс жермен қатынас жасаудың қиын-қысылтаяң заманында Гурьев (Атырау) қаласына пойызбен келіп түскен оларға автокөлік тауып беріп, Форт-Шевченкоға жүктерімен, бала-шағаларымен көшіп келуіне, орналасуына көмектесті. Кейін олардың Ескі Жетібай кентіне тұрақты қоныстануы кезінде де араласып тұрды.

Мақуұлы Дәуірбек ағамыз отбасымен аталарының тарихи отанына көшіп келгенде оған Орынбай Айтмағамбетұлы ағалық қамқорлығын көрсетіп, өзі басқарған Баутин мұнай базасына жұмысқа орналасуына ықпал жасады, Маңғыстаудағы еңбек жолының қолайлы басталуына септігі тиді.

Орынбай Айтмағамбетұлының бажасы Сағындықұлы Абенше мен балдызы Мариям балаларымен туып-өскен өлкесі, ата қонысы Маңғыстауға Түрікменстаннан көшіп келгенде оларды Ақтаудағы өз үйіне түсірді. Жайдары жүзбен қабылдап, пәтерінің бір бөлмесін соларға беріп, орналастырды. Олар Ақтауда мекенжай мәселесін шешіп, жүктері келіп, үй-жайларын жайғастырғанша Орынбай мен Ғайния бажа, жезде-апасының үйінде ұл-қыздарымен біраз уақыт бірге тұрды. Ол нағашы апа-жездеміз біздің әке-шешемізбен жастық шағында қалыптасып, бірнеше ондаған сан жылдар уақыт сынағынан өткен тығыз, жегжат-жұрағаттық қарым-қатынаста болды. Олардың әкем Орынбай мен анам Ғайнияға деген шынайы сыйластығының куәсі болдық.

Апа-жездесі Ғайния мен Орынбайды ардақтап, сыйластық көрсеткендердің бірі Дорал руының\* азаматы алматылық Дәуітов Ізмұқан\*\* нағашымыз болды. Ол зайыбы Жәмиламен Алматыдан апа-жездесі Ғайния мен Орынбайға көрісуге Кавказдағы шипажайға демалысқа бара жатқанда, ия одан қайтып келе жатқанда арнайы келіп, жиі болып тұратын-ды. Ізмұқан нағашымыз бен Жәмила жеңгеміз, Абенше жездеміз бен Мариям апамыз төртеуінің біздің үйде кездесіп, қуанышты араластықты бірге өткізіп, қонақ болғандары, әке-шешемнің



сан жылдар сыйластықта, достықта болған осы жақын-жек-жат жандармен 1963 жылы болған сағынышты кездесулерінде әңгіме-дүкен құрып, түн ортасы ауғанша ұзақ отырғандары есімде қалды.

**Анықтама.** \*Шежіре түзілімі бойынша АДАЙ – КЕЛІНБЕРДІ – ТОВЫШ – ОРАЗ – ЖАЙЫҚ – ӘЛМӘМБЕТ – ЗОРБАЙ – ТӨЛЕКЕ – ДОРАЛ болады. Әкемнің отбасылық мұрағатында кездескен, «Бақыт Рахманұлынан жазылып алынған, Алшын Мендалиевтің деректерінен алынған өзгерістер енгізілген» деген түсініктемесі бар, жазу машинкасымен қағазға басылған, ел арасында таратылған шежіренің бір нұсқасында «ДОРАЛ руы төрт ата болып түзіледі, олар – ЕСҚАРА, ҚЫСТАУ, ЖЫЛҚЫБАЙ, АНДАУ» деген мәлімет кездестірдім. Дорал руы ЖЫЛҚЫБАЙ, ЖӘМЕНКЕ, ҚЫСТАУ, САРЫ, ЕСЕНҚАРА болып бес атаға бөлінеді дегенді де естідім. Естіген әртүрлі әңгімелерден түсінгенім, Доралдар аз санды, әр жерде шашыранды тарап, қоныстанған ру-ел болғанға ұқсайды.

\*\*Шәудірбай ұлы Дәуіттің баласы Ізмұқан (1923-1973) – Маңғыстау ауданының Тұщыбек ауылының түлегі. Ол КСРО Жер комиссариатының Ашхабадтағы Гидроземлеустроительный техникумында оқыған (1938-1942 жж.). Әскер қатарында болғанда КСРО Қауіпсіздік комитетінің Бакудегі шекарашылар училищесін бітірген (1949 ж.). Түрікменстанда әскери шекарашылық қызмет атқарған (1949-1951 жж.). Алматы тамақ өнеркәсібі техникумын, С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген экономист маман болған. Еңбек жолында мынадай жауапты қызметтер атқарған.

Алматы облысы «Маслопром» басқармасының, Қазақ КС Республикасы Жеңіл өнеркәсібі министрлігінің «Маслопром» тресінің, Май өндірісі Бас басқармасының кадрлар бөлімдерінің бастығы (1951-1954 жж.);

Алматы шарап-шампан зауытының экономика-жоспарлау бөлімінің бастығы (1954-1963 жж.);

Алматы қаласының Фрунзе (кейін Медеу) аудандық партия комитетінің өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі (1963-1965 жж.);

Алматы темекі комбинаты директорының орынбасары, Талғар шарап зауытының директоры (1966-1973 жж.).



Орынбай мен Ғайнияны жақын-жуық, жегжаттарының сыйлағандығының тағы да бір мысалы менің өзімнің өмір – еңбек жолыма байланысты. «Орта мектепті бітіретін мезгіл де жақындады» деп жүргенімізде білім беру саласына өзгеріс енді. Мектеп түлектері білімдік қуәлікпен қоса бір мамандықты игеріп шығуы қарастырылды. Сөйтіп, мектебіміз 11 жылдық политехникалық болды. Негізгі сабақтармен қатар «мұнай-газ ұңғылары бұрғышысының көмекшісі» мамандығына оқыту жүргізілді. Қыс өтіп, көктем келгенде біздерді Ералыдағы, Жетібайдағы, Өзендегі мұнай-газ барлау экспедицияларына өндірістік тәжірибе алуға жұмысқа жіберді. Жұмысқа бөліс кезінде маған Жетібай мұнай-газ барлау экспедициясына жолдама берілді. Мен ұңғыма бұрғылайтын өндірістік ұжымға бұрғышының көмекшісі ретінде ресми түрде жұмысқа қабылдандым, үш ауысымдық қызмет кестесі бойынша жұмыс жасадым. Еңбек жолымның алғашқы қадамын Жетібайда мұнай-газ барлаушылардың қатарында бастауым болашақ мамандығымды таңдауға ықпал еткен болса, Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай-газ институтын қалауым сол институттан өндірістік тәжірибе алуға келген, жұмыстас болған студенттермен қарым-қатынасқа әсер етті.

Сонда әкем мені ертіп барып, Ескі Жетібай кентінде тұратын нағашы апа Сән мен Алшымбай жезденің үйіне орналастырды. Сәби кезімде ана сүтінен айырғанда Қарабекұлы Меңдалының тумаласы Балтаның зайыбы Тәжік шешемен бірге мені мәпелеп, бағып-күткен нағашы апа Балтақызы Сән бұл жолы да мені жаратылысынан өзіне тән мейірімділікпен, шынайы жылы шыраймен өз баласындай қарсы алды. Жұмыс ретіне байланысты күндіз де, түнде де келіп-кетіп жатқанымда әрдайым дастарқанын жайып, ақжарқын көңілмен ағарғанын, қоңыр шайы мен асын ашық пейілмен ұсынып отырды. Осы бір қайырымды, мейірбан жандар – Сән апа мен Алшынбай жезде (Бүркітов Алшынбай Сәтенұлы, руы Жаңайдың Қасымы) екеуін аса бір ризашылықпен өмір бойы еске алумен келемін. Осы қарапайым, ізгі ниетті кісілердің адамгершілік бейнесі санамда тұрақты орнықты. Олардың маған көрсеткен ықылас-ниеттерін әкем Орынбай мен анам Ғайнияға деген дәріптеушілік пен шынайы сыйластықтың белгісі деп қабылдадым.

**Анықтама.** Анам 1943 жылдың наурыз айында өзі толтырған, Гурьев облыстық партия комитетіне жолдаған пар-



тиялық сауалнамадағы әке-шешесінің көзі тірі тумаластарын атау туралы сұраққа «әкемнің Қарабеков Балта деген тумаласы Қызылөзен ауылдық кеңесі жерінде тұрады, Шевченко атындағы ұжымдық шаруашылықтың мүшесі, басқа тумаластарымыз жоқ» деген жауап жазыпты. Қарабекұлы Балта мен оның зайыбы Тәжік шеше (Қырымқұл руының қызы) Сұлу және Сән есімді екі қыз тәрбиелеп, өсірген. Тәжік шеше мен Сән апа анамның тығыз араласқан ең жақын жандары болған. Олар Аташ кентінде тұрды. Кезінде Сән апа Баутин балық комбинатының қаңылтыр қалбырға балық салушы қызметкері, әйгілі еңбек озаты болды.

Қазіргі көзі тірі нағашыларымыздың жасы үлкені Жалғасбай немересі Жұмалыұлы Қаршыға Ескі Жетібай кентінде тұрады. Оның анасы Сарша шешей (Жамбоз руының қызы) – анаммен, Зәйтүнә әжемен көп жылдар сыйластық араластықта болғандардың бірі. Кезінде Зәйтүнә әжеміз Сарша шешеймен жақсы араластық, сырлас сұқбаттастық құрған көрінеді. Сарша шешей жұбайы Жалғасбайұлы Жұмалы Ұлы Отан соғысы майданына аттанып, содан хабарсыз кеткен соң жалғыз баласы Қаршығаны өзі тәрбиелеп өсірген қарапайым адам болды.

Өз руының үлкен-кішісінің тірлікте бар-жоғын әрдайым нақтылап, айқындап жүргендігінен болар, әкем жақын-жуықтарын, ағайын-тумаластарын іздестірген руластарымызға мәліметтер беріп тұрды. Бұл ретте мына бір жайды айта кету орынды болар.

Кеңес Одағының шекарасындағы «темір шымылдық» ашылып, Қазақстан Республикасы егемендікке қол жеткізіп, шет елмен араласу, хат-хабар алысу мүмкіндігі туған 1990 жылдары Ираннан ата жұрты Маңғыстауға бір топ Адай елінің жігіттері келген болатын. Сол ирандық қандастар Горган қаласының тұрғындары Боран және Әбділда деген руластарымыздың 1991 жылы 8 қазанда елге жолдаған хатын әкеме табыс етіпті. Олар Маңғыстаудағы ағайын-тумаластарын іздестіріп, сұрау салып, солармен байланыс орнату мақсатында хабарласқан екен. Әкемнің отбасылық мұрағатында шет елден келген осы хатты кездестіргенде «апыр-ай, Маңғыстаудағы ең Кеңенің ішінен Орынбай Айтмағамбетұлына арнап хат жазғандарына қарағанда, әкемнің есімі Ирандағы ағайындардың есінде болған екен-ау» деген ой келді.



«Алыс жерден, жақындық жүректен сәлем» деп басталған бұл хатта олар әуелі өздерін толық таныстырады. Бірі – Боран (әкесі Ұзақбай, атасы Қадірбек). Оның айтуынша, әкесі елден кеткенде Атшыбай, Ұзақбай атты екі туысқан болған екен. Атшыбайдан ешкім қалмаған да, Ұзақбайдан ағалы-інілі үш ұрпақ – Тағантұрлы, Боран, Қаржаубай тараған көрінеді. Осы үш ағайынды руластарымыздан тірілікте бары, хат жазушы Боран Маңғыстау жерінде әкелерін, ата-бабаларын білетіндерді, ағайындарды іздестіру мақсатында хабарласыпты. Екінші өзін таныстырушы – Әбділла (әкесі Қарашбай, атасы Кеңесбай) да тумаластарын, әке, ата-бабаларының ағайындарын іздестіріп, олардың хабарласуын өтінеді. Олар хаттың соңында «ал, ағайындар, қош-аман тұрыңдар» деп, Иранның Горган қаласындағы мекенжайларын жазыпты. Әкем, осы хатқа «1991 жылы 28 қазанда жауап бердім» деп бұрыштама жазыпты.

1975 жылы мен үйленетін болғанда танысуға, құда түсуге, қыз ұзату, келін түсіру тойларының уақытын белгілеу, тағы да сондай шаруаларды ақылдасып, шешуге Саратов-Алғай (Александров Гай) темір жолы бойындағы Новоузенск қаласына, Тұқбатұлы Меңдіханның үйіне әкем екеуміз бірге бардық. Негізгі шаруасы біткен соң ауылға қайтарда әкем «осы маңда, Сеңгірбекұлы Батыр деген Кеңенің үйі бар, соны іздеп тауып, тұрмысымен танысып, көріп кетуім керек» деді. Жол реті бұру болса да Урбах стансасына қарай жүріп кеттік. Пойыздан түскен соң ол ағайынымыздың мекенжайы туралы сұрау салдық. Айтқандай, ол совхоздың жауапты жұмысын атқаратын беделді қызметкері екен, кездескендер оның үйіне тіке сілтеді. Сөйтіп, сол ресейлік руласымыздың үй-ішімен, құда Рахымғали Сіғалиевпен (руы Алаша), құдағай Малюфа Әминовамен, олардың тұрмыс жағдайымен танысып, бірекі күн қонақтап, ауылға қайттық. Кейін сол Рахымғали құданың баласы Рашид жеңіл авиация ұшағының ұшқышы мамандығын игеріп, Маңғыстау авиаотрядына жұмысқа жолдама алып, Ақтауға келіншегімен келгенде Орынбай Айтмағамбетұлы оларды өз үйіне орналастырды. Бұл жайды да әкемнің ағайыншылдықты, жегжаттықты қадір тұтқан адам болғандығының мысалы ретінде әңгімелеп отырмын.

Әкем өзінің тумаластарының балалары мен немерелеріне де қамқоршы болып, олардың өмірлік жағдайларын үйлестіруге





араласты. Ағасы Шаншардың баласы Оңайбай әскерден келген соң мамандық алып, жұмысқа орналасуына көмектесті. Кейін денсаулығы бұзылып, емделген кезде де оған қамқоршы болды. Айтмағамбетқызы Шолпан қарындасының немерелері, Меңдікүл жиенінің қыздары – жиеншарлары Бірсұлу мен Рыскүлдің оқып, білім алуына көмектесті. Жиені Мәдіханұлы Советтің баласы Айғалиды өз үйіне орналастырып, оның мамандық алуына ықпал жасады. Марқұм Совет Мәдіханұлы да Орынбай Айтмағамбетұлы нағашысымен әрдайым араластықта болып, шынайы сыйлағандығын көрсетіп тұрды. Менің зайыбым, Орынбай келіні – Тамара Меңдіханқызы Маңғыстау облыстық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарған кезде Бейнеу ауданына іссапармен барғанда оны ақжарқын көңілмен қарсы алып, үйінде қонақтап, аудандық мекемелердегі іс-жұмыстарын орындауға өзінің жекеменшік автокөлігімен жүріп апарып, ағайындық қамқорлық көрсетуі – Орынбай мен Ғайнияға көрсеткен ықылас-ниетінің, дәріптеушілігі мен шынайы сыйластығының белгісі.

Орынбай Айтмағамбетұлы өзінің руластарының, ағайынтумаластарының өмір тұрмыстары мен атқарған қызметтеріне де қызығушылық танытып, олар туралы естеліктер жазып, жариялаумен де айналысты. Ол жыршылық өнердің әйгілі саңлағы, рулас атамыз Мұрын жыраудың өмір-тұрмысы жайлы, Маңғыстауда ел басқарған рулас Қожық болыстың еділдігі туралы, зұлмат жылдарда «халық жауы» атанып, жазаға тартылып, атылып марқұм болған Бектілеу ишан жөнінде, майдангер ағаларымыз Алдан Сейтмағамбетұлы мен Көбейхан Маштанұлының Ұлы Отан соғысы майдандарындағы жауынгерлік ерліктері туралы естеліктер жариялады. Әкемнің отбасылық мұрағатында сақталған сол қолжазбалармен, жарияланымдарымен алдымызда танысатын боламыз.

Осы тақырыптағы сөзімді мына бір әңгімемен аяқтағым келіп отыр.

Әкемнің өмірінің соңғы күндеріне дейін араластықта болған ағайындарының бірі марқұм Сүйеубайұлы Сарбас (1921-2006) ағамыз болды. (Рулық түзілімі Мұрат (Кеңе) – Қожагелді – Қожағұл – Жайық – Санбай – Бекжан – Елеу немересі Сүйеубайұлы Сарбас). Ата жұрты Маңғыстауға қоныс аударған Сарбас ағамыз – кезінде Түрікменстанның Красноводск (Тү-



рікменбашы) қаласының Белек елді мекенінде тұрған. Ол кезінде он жыл орыс тілінің мұғалімі, отыз жыл есепші болып жұмыс жасаған ескіше, жаңаша сауатты болған адам.

1990 жылдардың бас кезінде Маңғыстаудың елді мекендеріне діни қызмет атқаруға, моллалыққа медресе бітірген жас жігіттер республикалық діни басқарманың жолдамасы бойынша келіп жатты. Ол жас моллалар Құран сүрелерін жатқа білетіндіктерімен, оларды мәнерлеп, дауыстап оқитындықтарымен, діни хадистердің, қасиетті Құран сүрелерінің мағынасын түсіндіре алатын діни сауаттылықтарымен ерекшеленіп, көзге түсті. Алайда олар өмірлік тәжірибелері жетіспеген жастар болғандықтан, қаза шегіп отырған үйге шақырылғанда марқұм болған кісіні соңғы сапарына аттандыруға байланысты шара-қаделерді атқару ісінде ақыл-кеңес беріп, моллалықты қажет ететін шаруаларына бастан-аяқ араласпайтын-ды. Олардың біреуі кісіні шығаратын күні келсе, кезекті садақаларында басқа біреулері болатын. Мұндай жағдай Маңғыстау елі арасында бұрын қалыптаспаған, жергілікті әдет-ғұрыпта болмаған жағдай еді. Сондықтан қазалы үйдің отбасы медресе бітірген сауаты болмаса да, жергілікті, елдің дәстүр-салтын жете білетін, о дүниелік болған марқұмды шығару істерінде ақыл-кеңес беріп, сол жұмыстарға араласатын өмірлік тәжірибелері мол ауылдық моллаларды іздестіретін.

Ескіше сауаттылығы бар, кезінде Маңғыстау облыстық атқару комитетінде КСРО Министрлер Кеңесінің діни істер жөніндегі тұрақты өкілі қызметін атқарған, Адай елінің салт-дәстүрін жете білетін, моллалықтың дәреже-деңгейін де анық айыра алатын Орынбай Айтмағамбетұлы сол Сарбас ағамыздың діни сауаттылығын, моллалығын жоғары бағалады. Екеуінің дүниетанымдық әңгімелері жарасты. Ол Сарбас ағамызды қайғылы қазаларға, көңіл-ниет білдіруге, садақаларға ертіп апарып жүріп, ел-жұртқа таныстырды. Сөйтіп, сол ағамыздың қазаларда көңіл айтып, жұбатып, ақыл-кеңес беріп, барлық қаде-садақаларын бастан-аяқ атқаратын, Адай елінің дәстүр-салтын жете білетін, ел-жұртқа белгілі діндар молла болып танылуына үлкен ықпал етті, септігі тиді.

Ол ағамыз Орынбай Айтмағамбетұлының ағайыншыл мейірбандылығын дәріптеп бағалап, оның бұл жарық дүниедегі



өмірінің соңғы күндеріне дейін араластықта болды. Әкемізді ажал алқымдаған кезде Сарбас аға ең соңғы сәттеріне дейін қасында болды, көзін жапты, жаназа шығарып, мүрдесін ол дүниеге аттандыру шара-қаделеріне адал ниетпен араласып, өз қолымен атқарды. Әкеміздің барлық садақаларында бастан-аяқ отырып, көңіл айтуға үздіксіз келіп жатқан кісілердің ниеттерін қолдап, дұға оқып, ертеден кешке дейін біздермен бірге болған сол Сүйеубайұлы Сарбас ағамызды зор ризашылықпен әрдайым еске аламыз. Марқұм ол ағамыз, өзіне арғы аталарынан жеткен, үлбіреген беттері үзілуге келген, қадірлі мұра ретінде үйінде көзінің қарашығындай сақтап жүрген қасиетті ескі заманның Құранын оқып шығып, Айтмағамбетұлы Орынбайға арнап «Құран қатым» қылғанын, «Құран шығарғанын» ағасының қырық күндік қазалы садақасында елге жариялады.

\* \* \*

Енді Орынбай Айтмағамбетұлының руластары мен ағайынтумаластары туралы жазғандарымен, жарияланымдарымен танысайық.

## **ТУРА ВИДЕ ТУҒАН ЖОҚ... НЕМЕСЕ КЕЩЕ ҚОЖЫҚ БОЛЫСТЫҢ ӘДІЛ ТӨРЕЛІГІ**

*Орынбай БӘЛДЕКОВ*

*(Маңғыстау облыстық жергілікті газеттің бірінде  
жарияланған)*

Мұрат (Кеңсе) – Шортық – Сырымбет – Қазан – Азамат немересі Тасым ұлы Қожық туралы бұл әңгімені әкем жергілікті газетердің бірінде жариялапты. Сақталған газет қиындысында мақаланың жарияланған уақытын, газеттің атын көрсету ескерілмеді. Кейін бұл әңгімені Шетпе кентінің тұрғыны Жетібай Жылқышыұлы «Орынбай Бәлдековтің жазғандарынан алып едім» деп «Мұрат Жарыұлы» кітабын құрастырушыларға беріпті, сол кітапта жарияланды.



\* \* \*

Меңдібай Кеңенің Шолағы Көшмағамбет Ниетбайұлы суырыпсалма сөз айтатын шешен әрі ақын, реті келсе айтыса да кететін айтыскер, сөзге жүйрік адам болыпты. Бірақ оның айтыстары, шешендік сөздері қағазға түсірілмей қалыпты. Ол кісі туралы мен тек қана ел аузынан естіген мына Қожық болыс туралы әңгімеден білемін.

Көшмағамбет Ниетбайұлының бір ағайыны қарызға алған бойдақ қойын қайтарып бермейді. «...Болысқа барсаң, ол менің жақын ағам, мені саған жығып бере қоймас. Ал күш көрсетуге әлің келмейді, өзің аз тұқымнансың» деп қарызын қайтармайтынын білдіріпті. Сол ағайынына жасайтын амалы болмаған соң Көшмағамбет Қожық болысқа арыз айтуға келіп, былай депті.

*Мұраттың баласы бар арыс-арыс,  
Қазанның айналасы алты қарыс.  
Дүмдісі әлімжеттік қыла берсе,  
Жан тартқан жақының да болар алыс.  
Қазанның алыс емес құлақтары,  
Қожеке, сен сөйлесең жұрт бұғады.  
Арғы атаң сенің – Азамат,  
Азаматтан сен – Қожеке,  
Артық туған қазанат.  
Қазанат сүйер алысын,  
Жорға сүйер шалысын.  
Жабы да біледі шабысын.  
Жақсы мен жаман арасын,  
Көргенсіз қалай танысын.  
Тура биде туған жоқ,  
Туғанды биде иман жоқ.  
Әділсіз іске тап болып,  
Алдыңа келдім мейман боп.  
Дұрыс берсең төреңді –  
Алдыңда тұрып сынаймын.  
Қисық берсең төреңді –  
Бір құдайға жылаймын.*



*Не қылсаң да, өзің біл,  
Бір-екі ата былаймын!*

Бұл сөздерден соң Қожық болыс Көшекеңнің зорлықшы ағайыны Әлібайұлы Қожантайды шақырып алып:

– Мына кісі – жала жауып біреуге жабыспайтын адам. Малын қайтарып беріп, бітісесің. Егер осылай жасамасаң, мойныңа қосақ, соңыңа тіркеу – үш қой тартқызамын, – депті. Сөйтіп айтқанын істетіпті.

Қожық болыс «жақын, алыс екен» деп айырмайтын, әркімге де әділ қарайтын ел басқарушы болған екен. Арыз-шағыммен Қожық болыстың алдына барған адам оның шешіміне риза болып, «Тура биде туған жоқ» деген сөздер осындайдан қалған екен-ау» деп тарайтын болған көрінеді.

\* \* \*

Бұл жарияланымда әңгімеленген, әділ төрелегіне ел риза болған Қожық болыстың еңбегін Ресей патшалық үкіметі де жоғары бағалаған екен. Ол туралы Қазақ КС Республикасы Халық ағарту ісінің үздігі Жалғасбайұлы Тұрар ағамыз «Ағарту асуында» атты кітабында мынадай мәліметтер келтіреді.

«...3-ші Бозашы Мұрат (Кеңе) ауылының болысы Тасым ұлы Қожық 1888 жылы «Ел арасында жүргізген адал қызметі үшін» деген бағамен Станислав лентасына жазылып, Кіші Күміс медальмен, Аннинский лентасына жазылып, Кіші Алтын медальмен марапатталған...»; «...Адай округінің Халық сотында сот-би қызметін атқарғанда арнайы медальмен марапатталған...»; «...Өзіне жүктелген қызметтерді адал атқарғаны және ұзақ мерзім абыройлы жұмыс жасағаны үшін Үлкен Күміс медальмен марапатталған...» (Сілтемесі – Маңғыстау облыстық «Местное время» газеті, 3 мамыр, 2000 жыл, облыстық мемлекеттік мұрағат қызметкері А.Ф. Гаркушанын мақаласы). Аталған медальдар сол кезде Ресей патшалық империясында төменгі дәрежедегі қызметкерлердің ынталы еңбегін, мінсіз жұмысын бағалауда кең тараған марапаттар болған.



\*\*\*

Әкемнің алғашқы ұстаздарының бірі болған Бектілеу ишан (рулық түзілімі Мұрат (Кеңсе) – Шортық – Жарылғас – Күнтай – Бегімбет немересі Санамас ұлы Бектілеу) туралы жариялаған естелік мақаласымен танысайық. Бұл жарияланым – ХХ ғасырдың бас кезіндегі Бозашы жеріндегі діни сауаттылар, ескіше сауаттылықты игергендер туралы тарихи деректер келтірілгендігімен де назар аударуға тұрарлық жарияланым.

## БЕКТІЛЕУ ИШАН

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
18 қыркүйек, 1992 ж.*

Маңғыстау өлкесіндегі Бозашы түбегінің ортасында орналасқан Қаратөбе, Мәстек, Имағамбет, Жаңасу, Жаңабай, Қоңырорпа, Жанұзақ, Отыншы дөнгелек атты сулар мен өріс-жайылымдары негізінен жергілікті Жары руының Мұрат тармағынан тарайтын ауылдардың қоныстары болды. Сол қоныстарда мыңдаған қой, жылқы, түйе айдаған Ысмайыл баласы Сатыбалды, Емберген, Ила қажы, Өтеғұл, Нұржігіт, Есенше, Шағатай, Имағамбет сияқты ірі бай ауылдары қыс қыстап, жаз жайлап отыратын, таршылық көрмейтін-ді. Сол жерлерде Кеңес заманына дейін көшіп-қонып жүріп мал баққаны болмаса, ел отырықшылықпен айналыспаған болатын. Қыс айларында қара жұртта киіз үйлерде қыстап шығатын. Халықтың негізгі күнкөріс тіршілігі тек қана мал бағу болғандықтан, сол малдың қонысына, жайылымына жайлы жер іздеп, көшіп-қонумен жүріп орнықты қоныс, тұрақты қоралар мен үйлер, балаларын оқытатын мектеп-медреселер тұрғызбаса да, жас ұрпақтың көзін ашып, көңілін оятып, білім беріп, сауаттандыруды ұмытпаған. Сол уақыттардың өзінде тек осы жоғарыда айтылған ауылдардан шыққан Шампақов Жәнібек – Адай уездік милициясының бастығы, Қадыров Қазихан – Ақтөбе облыстық прокуроры, Қани және Қартбай атты сауатты,



қазақша, орысша білім алған, жоғары лауазымды қызметтер атқарған азаматтар болған еді. Бұндай сауаттылықты игергендердің болуы сол көшпелі ауылдарда бала оқытатын молла-лар болғандықтан еді.

Иткелді орпасында Есеннияз, Түйте ахун, беріректе Бектілеу ишан мешіттер ашып, бала оқытқан. Сол мешіттерде оқыған, балаларға хат таныта алатындай, олардың білімін ұштай жүретіндей дәрежелі, жазда ауылдармен бірге көшіп-қонып жүретін дүмше моллалар да көп болды. Мысалы, Абдол Есеннияз баласы, Халимолда, Көңілімқос, Ербол, Қазихан, Жақсыбай, Қармыс атты моллалар болған. Біздер солардан сауат ашып, әліппені бітіріп, олардан да жоғары білімді молла іздеп кететінбіз.

Мен Тұщықұдықтағы Ержан моллаға барып оқып, Құран бітірдім. Сейтмағамбетұлы Алдан Шебірдегі Бекмағамбет молла-да оқып бастады. Бізден бұрынырақ Ерболат Аманқұлұлы Сазды жеріндегі Нұрнияз ахунда оқып шыққан көрінеді. Бірақ ол кісі кезінде діндік жолмен емес, билікпен әуестеніп кетіп, бертін келе пірге қол беріп, құдай жолына түсіп, отырып қалды.

Ал Мұраттың (Кещенің) Құрым ауылы «қырық моллалы» деп аталып кетті. Олар Түйте ахунның оқытқандары болатын. Біздің Есеннияздан кейінгі ұстазымыз – Санамасұлы Бектілеу ишан болды. Ол Қоңырорпада мешіт салып, қысы-жазы бала оқытты. Бұл кісі орасан ұстамдылығымен, мал табу және пайда іздеумен ісі жоқтығымен, тек қана құдайшылық жолға түскен, адалдығы мен адамгершілігі молдығымен, саналылығымен есімде қалды. Халыққа өте сыйлы кісі болды. Оны елдің үлкен-кішісі, әйелдер мен азаматтары – бәрі де «Сары ишан» деп, «Сареке» деп атап, сыйлайтын-ды. Олай атаудың өзі жарасты, орынды еді. Өмірде кездесетін сан алуан ақылдасуды қажет ететін қандай да бір жағдайда «әуелі Сары ишаннан сұралық, дұрысы қалай болар екен» деп отыратын ауылдағылар. Мысалы, құрметті ақсақал, ел сыйлайтын әже ия азаматтардың бірі дүниеден өтсе, ең алдымен сол кісіні іздеп тауып, хабар айтып, жаназа шығартып, мүрдесін ол дүниеге аттандырса, марқұмның туыстарының көңілдері жайланып, өлі аруағы алдындағы борыштарын ақтағандай күйге көшетін. Ол кісінің



айтқан өсиеті, имандылық сөзі жиналған көпшіліктің көкейіне қонып тұратын. Ол нақышына келтіріп Құран оқып бастағанда жұбанбай, жоқтау айтып жылап отырған әйелдер еріксіз тынышталатын-ды.

Бектілеу ишан өмірдің барлық саласында да еліне риясыз қызмет етуге жаралғандай адам еді. Ол кісіні ұстаз тұтқандардың менен басқаларының кейбіреулерін айтсам, олар – Маңғыстауға белгілі Ембергеннің қызы Мақпал, Сейтмағамбетұлы Алдан, Бейнеу ауданы Тұрыш елді мекеніндегі Бисембі молда және басқалар.

Қара түнек қиын мезгілдерде халқына ағартушылық қызмет еткен адал азаматтардың бірі болған Санамасұлы Бектілеу ишан 1938 жылы зұлмат кезінде жазықсыз тұтқындалып, соңынан атылыпты. Бар болған жазығы – діни сауаттылығы мен бала оқытқандығы болса керек. Ишанның жұбайы Нақыш шешеміз кейінірек өз ажалынан қайтыс болды. Олардың артында Ғұбайдолла, Төленберген, Ылияс атты ұлдары, олардан тараған оннан аса ұл мен қыз, немерелері бар. Зұлмат жылдарында етек жайған «халық жауы» атағы тағылған, міне, енді еске алып отырған осы Бектілеу ишандай азаматтардың ұрпақтарын әкесінен бездіріп, балалар үйіне тапсыру және де басқа қасіретті істер көп болды ғой. Дегенмен ең ауыр жаза – ату үкіміне іліккендердің ақталғаннан кейінгі көптеген жылдар ішінде ең болмаса марқұмдардың мүрделерінің табылмауы олардың көзін көріп, шәкірт болған біздерге – ағайынтумаластарына, үрім-бұтақтарына орны толмас өкініш...

Қазір еліміз тәуелсіздік алған, егеменді ел болған кезде халқымыздың дінін, тілін, салт-дәстүрін сақтауға, болашақ ұрпаққа тәрбие беруге атсалысқандардың бірі – жазықсыз жазаға тартылып, марқұм болған ауылдастарымыздың адал еңбегін паш ету, құрмет тұту – тірілердің парызы. Міне, мен де ұстазым Бектілеу ишанның, басқа да аты аталған азаматтардың аруақтарына бағыштап, артында қалған ұрпақтары оларды есте ұстап, мақтан етсін деген ниетпен осы бір көптен ойда жүрген борышымды, толғанысымды жеткізіп отырмын. «Өлі риза болмай, тірі байымас» демей ме халқымыздың даналығы.





\* \* \*

Кеңес одағының саяси қуғын-сүргінге түскен құрбандары туралы мұрағаттық құжаттардан алынған мәліметтерді жинақтап, зерттеу жұмыстарын жүргізуші Ресейдің «Мемориал» орталығы жасақтаған тізімде Санамасұлы Бектілеу туралы мынадай мәліметтер бар.

«Санамасов Бектілеу, қазақ, 1867 жыл туған. Туған жері – Гурьев облысы, Маңғыстау ауданы, 15-ші ауыл. Жұмыс орны – жер өңдеу серіктестігінің мүшесі. Мекенжайы – Гурьев облысы Маңғыстау ауданы 15-ші ауыл. Ішкі істер Халық комиссариатының (ІХК) Маңғыстау аудандық бөлімі 1938 жылы 25 маусымда тұтқындады. ІХК-ның Гурьев облыстық басқармасы төтенше үштігі 1938 жылы 3 қарашада соттады. Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының (РКФСР) Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-6, 58-8, 58-11-тармақтары бойынша айыпталып, ату жазасына үкім шығарылды».

Санамасұлы Бектілеудің тағдырындағы осы қаралы үкімде көрсетілген заң тармақтарының мазмұнын, оған тағылған айыптарды түсіну үшін «Мемориал» орталығының ғылыми қызметкері С.А. Ларьков деген азаматпен электрондық жүйе арқылы хабарласқанымда ол заңгер мынадай түсініктеме берді.

«Санамасов Бектілеуге РКФСР-ның 1926 жылы күшіне енген Қылмыстық кодексінің 58-2 тармағы бойынша «көтерілістік әрекет», 58-6 тармағына сәйкес «шпиондық әрекет», 58-8 тармағы бойынша «террорлық әрекет» жасағандығы, 58-11-тармағына сәйкес «төңкеріске қарсы ұйымның жұмысына қатысқаны» үшін деген жалған, сандырақ айыптар тағылып, ату жазасы берілген».

Апыр-ай, қазақ жерінің бір түкпірі Бозашыда бала оқыту ісімен айналысқан ауыл азаматы қандай «көтерілістік, террорлық әрекет» жасаған, «қандай шет елдің шпионы», «нендей төңкерістік ұйымның мүшесі» болуы мүмкін еді?!.. Ия, шындығында да бұл үкімді сандырақ деп атаған дұрыс болар.

Кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылы 16 қаңтарда бекітілген жарлығы негізінде Түркістан әскери округінің Әскери прокуратурасы 1989 жылы 27 маусымда Бектілеу Санамасұлын ақтау туралы үкім шығарыпты.



## СЕЙТМАҒАМБЕТҰЛЫ АЛДАННЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

Сейтмағамбетұлы Алдан – Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатынасқан маңғыстаулықтардың бірі. Соғыстың бастапқы кезінде ол Грузияның Батуми қаласында қалыптасқан 9-шы таулық атқыштар дивизиясының 193-ші арнайы тобының атқыштар бөлімі жауынгерлерінің қатарында неміс басқыншыларына қарсы Кавказда болған ұрыстарға қатынасқан. Жаумен жағаластың бір саябырсыған, үзіліс болған кезінде әскербасы бір-екі жауынгерге айналаны барлап келу туралы бұйрық-тапсырма береді. Солардың бірі болған жауынгер Алдан Сейтмағамбетұлы бұйрықты орындауға кірісіп, өзіне белгіленген бағыттағы жақын маңды аралап жүргенде тау жартастарының арасынан фашистер әскерінің айналаны шолып жүрген барлаушы жауынгерін байқап қалады да, жартас тасасында жасырынып, немісті күтіп тұрады. Жау жақындаған кезде бірінші болып тап беріп, оны мылтығының дүмімен ұрып жығып, тұтқындайды. Сөйтіп, ол немісті дивизияға алып келіп тапсырады. Бұл қолға түскен неміс барлаушысы қарсылас әскердің байланыс жүйесінің сымын іздеп жүрген унтер-офицер шеніндегі жауынгер болып шығады. Осы майдандық ерлігі үшін Алдан Сейтмағамбетұлы «Жауынгерлік айбыны үшін» медалімен марапатталады.

Бұдан басқа Кавказдағы ұрыстарда көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін ол «Кавказды қорғағаны үшін» медалімен де марапатталған, оған кіші сержант әскери шені берілген. Кейін ол зениттік артиллерия қондырғысы сардарының орынбасары болып әскери қызмет атқарған.

Кавказдағы ұрыстардың бірінде жарақаттанып, 1943 жылдың ақпан-мамыр айларында Мақашқалада әскери емханада емделеді. Емделіп шыққан соң, қайтадан соғысқа кіріскен. Ол Ұлы Отан соғысы ұрыстарын 1650-ші артиллерия полкінің құрамында жалғастырып, жауды қудалаған әскермен бірге Кавказдан Балтық теңізі жағалауына дейін жетеді. Майдандағы ұрыстар аяқталған соң сауатты жауынгер Алдан Сейт-



мағамбетұлы сол полктің штабында кеңсе хатшысы қызметін атқарып, әскери қызметтен 1945 жылдың қыркүйек айында босап, аман-есен елге оралады.

## БІЗДІҢ КӨБЕЙХАН

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газеті,  
23 ақпан, 1971 ж.*

Ұлы Отан соғысында неміс фашистерінің талқандалғанына ширек ғасырдан астам мезгіл өтті. Сол сын сағаттардағы халқымыздың басына түскен қиындықтары, тылдағы жанқиярлық еңбекті, басқыншылармен қолма-қол шайқасқан жауынгерлер мен тыл еңбеккерлері жете біледі. Ұлы ерлік шежіресі бұл адамдардың есінде мәңгі сақталады. Кейінгі ұрпақ бұлармен ардагерлердің әңгімесі, көркем әдебиет пен фильмдер арқылы таныс болса да, халқымыздың қаһармандығының шыннайы суретін біле бермейді. Сондықтан жастарға халқымыздың даңқты ерліктері туралы баяндау, кешегі жауынгер, бүгінгі қарапайым еңбеккердің игі ісін үлгі етіп ұсынуымыз – аға ұрпақ өкілдерінің борышы. Солардың бірі туралы баяндайын.

«Автомобильный транспорт Казахстана» журналында (№ 10, 1970 жыл) жарияланған «Семьялылар цехы» атты суретті репортажда Жетібай автокөлік базасының жұмысшысы Көбейхан Маштанұлы мен оның зайыбы Нұрия Құлдыбайқызы бейнеленген. Бір цехта жұмыс істейтін ерлі-зайыптыларға үлгілі еңбегі үшін «Коммунистік еңбектің екпіндісі» атағы беріліпті. Ал осы еңбек озатының Ұлы Отан соғысындағы ерліктерін жұмыстастары, жастар біле бермейді.

...1942 жылы Қызыл Әскер қатарына аттанған Көбейхан Сталинград, Солтүстік Майдандарында соғысып, екі рет жақаттанады. Емделіп шыққан соң 2-Белорус Майданына жіберіледі, 133-ші артиллерия полкіне зеңбірек көздеушісі болып тағайындалады. Бұл кезде Белорус Майданының әскерлері әйгілі «Багратион» шайқасына дайындалып жатқан болатын.



Көп ұзамай сол шайқас басталады, әскер шабуылға шығады. Сол шайқас туралы майдандық «Майдан ақиқаты» газетінің 1944 жылғы бір саны «Жауды Көбейхан мен Шәдише (бұл да ерлік көрсеткен жауынгер) соғыңдар!» деген тақырыппен шығыпты. Газет «...зеңбірек көздеушісі, аға сержант Көбейхан Маштанов ұрыс алдында партия қатарына алуды өтініп берген арызындағы сертінде тұрды, жан сүйсінерлік ерлік көрсетті» деп жазыпты.

Көбейханның зеңбірегінің құрамы жаудың бес «Тигр» танкісі мен өздігінен жүретін «Фердинанд» зеңбірек қондырғысымен жекпе-жек ұрысқа түседі. Қасындағы жауынгерлердің бәрі қаза тапқан соң, ұрыс даласында Көбейханның жалғыз өзі ғана қалады. Ол ұрыс шебін тастамайды. Жаудың ақырғы «Фердинанд» зеңбірек қондырғысы ажал оғын себелеп, жылжып келе жатты. Көбейхан бұл аждаһаны да жайратты. Осы жағдайды пайдаланған біздің танктер қарсы шабуылға шығып, жаудың әлегін аспаннан келтірді.

Бұл ерлігі үшін Көбейхан III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Ел басына күн туғанда жеке басының ерлігімен көзге түскен бұрынғы жауынгер, бүгінгі еңбеккер біздің Көбейхан – осындай абзал адам.

Мұрат (Кеңе) – Шортық – Жарылғас – Жанту – Темірбай – Ақбала – Құлдыбай немересі Маштанұлы Көбейхан ағамыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлігі туралы әкем жариялаған бұл мақаланы «Тағзым. Маңғыстаулықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» кітабын («Фолиант», Астана, 2005 ж.) құрастырушылар өз еңбектеріне қосыпты (188-189-беттер). Марқұм Көбейхан ағаның ерлігі қазақ жазушысы Мифтах Жантиннің «Жауынгерлік даңқ шежіресінен» кітабында («Қазақстан», Алматы, 1965 ж.) орын алыпты (51-53-беттер).

\* \* \*

Келесі жарияланым Мұрат (Кеңе) – Шортық – Жарылғас – Жанту – Темірбай – Аманша немересі Шүйіншұлы Марқабай (1895-1967) палуан туралы.



## АТЫШУЛЫ МАҚАҢ ЕДІ...

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
қаңтар, 1991 ж.*

Өткен жылы «Маңғыстау» газетінде «Марқабай палуан» атты мақала жарияланды (А. Әбдіров, Марқабай палуан, «Маңғыстау» газеті, 22 желтоқсан, 1990 ж.) Бұл әңгімедегі айтылған уақиғалар мен келтірілген деректер ешқандай бояусыз, «түймедейді түйедей» еткен бөспе сөз жоқ, болған жай қаз-қалпында баяндалған. Бұл мақала біздің Маңғыстау халқының өткен өмірінен аз да болса мәлімет беріп, көңілімізді көтеріп тастады. Ата-бабаларымыздан қалған жиын-той, ат бәйгесі, палуандар сайысы сияқты қызықты, жан сүйсінтіп, рухты көтеріп, арқа қыздыратын ұлттық ойын-сайыс түрлерін сол күйінде еске түсіріп, мақтаныш сезім туғызды.

...Елдің орынды қуанышы, мақтанышы болған алып күш иелері – палуандарды, желден озған сәйгүліктерді қалай ұмытарсың?!.. Міне, солардың ішіндегі ең елеулілері – Марқабай палуан мен алдына ат атаулыны шығармаған Қалымның «Кер биесі» еді-ау.

Біздің өлкеде палуан көп болған. Оларды халық қадір тұтқан. «Арқадан Дәбік палуан келеді деп, ойдағы Адай күреспей отыра ма?» деген аңыз болған сөз бар. (Ертеректе Ақботаның Аманы Дәбік деген палуан болыпты). Маңғыстаулық Тұрым, Қызанбай, Бөлдек, Есет, Құдабай, Қаралда, Қарабай сияқты тағысын-тағы арқасы жерге тимеген палуандарды түбек халқы әлі күнге дейін аузынан тастамай, мақтанып, әйгілі Қажымұқанға бүкіл қазақ мақтанғандай айтып жүреді.

Марқабай палуан – беріде, тіпті күні кеше болған адам. Оны көргендер арамызда баршылық. Оның қоғамға сіңірген адал еңбегі туралы аталған мақалада қысқаша жазылған. Жалпы ол кісі туралы шағын кітап жазылса, бүгінгі жастар қызығып оқитын дүние болар еді.

Мақаң күрескенде жығылған кезі болмапты. «Мен күрестің соңына түскен адам емеспін, бірақ «күрес» дегенде күреспей қалған да емен. Күрескенде жыққанға берілетін бәйгені қо-



лыма алып та көргенім жоқ, ағайындар, ақсақалдар алып кететін еді. Мен үшін өзіме үміт артқан ағайынды жерге қаратпай, қарсыласымды жықсам болды. Менің байрақ-бәйгем сол» дейтін жарықтық. «Мақаңның күресін, оның қолдана-тын айла-әдісін жетістіріп жаза алмаспын» деп қорқасоқтап отырмын... «Күші жеткен алып та жығады, шалып та жығады» деген ғой, әйтеуір, ол жығылмаушы еді...

## ОРЫНБАЙДЫҢ НАҒАШЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Адайдың Келінбердісінің алты баласының бірі Бұзаудан Жеменей мен Айтұмыс тараған. Әрі қарай бұл арыс Шылым – Өрдек – Кенже болып таралады. Әкем өзінің Кенже нағашыларының шежіресін былай түзеді: Кенже – Қонай – Дауымбай – Айзақ – Төребек – Бисен (Әжемiз Қоңырша осы Бисеннің қызы). Бисен балалары Иманғали, Шаңбай. Иманғалидан – Шаңдыбай, Қайнарбай, Сиян; Шаңдыбайдан – Нұрлан; Сияннан – Еділ, Жайық.

Әкем Иманғали нағашысымен, оның балаларымен араластықта болды. Сонау Ойыл, Сағыз, Миялы, Шалқарға бірнеше рет барып-келді. Көзі тірісінде Имекеңнің өзі де Маңғыстауға келіп-кетті. Жас кезімде көрген сол сұңғақ бойлы қария есімде қалды. Кейін әкем нағашыларымен қарым-қатынасты Иманғали ұлы Сиянмен жалғастырып тұрды. Сиян ұзақ жылдар бойы Ақтөбе облысы Шалқар ауданының прокуроры қызметін атқарған сол өңірдің белгілі заң қызметкері болды. Сиян Ақтауға келіп кетті. Оның ауылына, Шалқарға әкем бірнеше рет барды, соның бірінде Сиян Иманғалиұлының 60 жасқа толған мерейтойына, екіншісінде, үш жыл өткен соң оның қайғылы қазасына барды.

Қай заманда да қазақ қуанышты көңілін де, қайғылы налуын да өлең-жыр жолдарымен жеткізіп отырған ғой. Әрдайым қалтасында қойын дәптершесі мен қаламы дайын жүретін, ел арасында айтылатын әңгіме, өлең, жыр-толғауларды зейін қойып тыңдап, жазып алуға әдеттенген әкем сол бірі – қуанышты, екіншісі – қайғылы, өмірлік жағдайларға байланыс-



ты айтылған өлең-сөздерді қағазға түсіріп алыпты. Әкемнің халықтың бұл өнеріне қызығушылығын көрсететін мысал ретінде солардың бірін осы жерде келтірудің артықтығы болмас деп ойладым.

## ИМАНҒАЛИҰЛЫ СИЯНМЕН ҚОШТАСУ

*Базар РЫСБАЕВ,  
Ақтөбе облысы Шұбарқұдық кенті, 9 наурыз, 1989 ж.*

*(Орынбай Балдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

Иманғалиұлы Сиянмен көп жылдар бойы қызметтес болған жолдасы, құрдасы Базар Рысбаев досының қаралы қазасында мына сөздерді айтыпты.

*Арамыздан кеткенің бе, Сияным?  
Қара жерге қалай сені қиямын!  
Отыз бес жыл ойнап-күліп есейген  
Балапаны сияқты едік бір ұяның.  
Сырласым-ай, бірге тұрып, бір жүрген,  
Жолдасым-ай, құдіретіңді білдірген.  
Құрдасым-ай, құлаш ұрған өмірге,  
Ойда жоқта бүйтеріңді кім білген?!  
Татар дәмің, көрер күнің таусылды.  
Қыс па, жаз ба, көрмейсің сен маусымды.  
Қолдан келген құрметім бұл ең соңғы,  
Ақырғы рет есітермісің, даусымды!  
Өстің өрлеп, көрмей өмір қыспағын.  
Адамдыққа, адалдыққа нұсқадың.  
Ел басқардың елеулі боп ауданда,  
Заң тұтқасын отыз үш жыл ұстадың.  
Бәріміз де шетімізден ірі едік,  
Жеткенше әл шаптық, табыс күредік.  
Отан үшін, халық үшін қимылдап,  
Нардың жүгін иығымызбен тіредік.  
Қалжың менен әзіліміз жарасқан,  
Жетті бәрі, кезіміз жоқ таласқан.*




Ойламаған жерден бүгін бұл тағдыр  
Тудырды-ғой басымызға қара аспан!  
Бұл жалғанда күліп-ойнап бірге өстік,  
Бір-бірімізге бақыт қана тілестік.  
Арамызды ажыратты бұл тағдыр.  
Тұяқ қалды мәңгілікке жасатар,  
Ұл-қызыңды тұғырына қондырдың.  
Өкінішті-ақ келмеске бет бұрғаның,  
Басыңа кеп, басымды иіп тұрғаным.  
Шаңырағыңа ие болып Жайығың,  
Бас-көз болар інің сенің Нұрланың.  
Арманың жоқ, бәрін қолдан жасадың,  
Ішіп-жеу ме, пайғамбардай асадың.  
Пайғамбардың жетіп тұрып жасына,  
Бар шаруадан мәңгілікке босадың.  
Паналайсың қара жердің қуысын.  
Шулап тұр ғой бала-шағаң, туысың.  
Атың өшпес, ұл-қыздарың тұрғанда,  
«Сен» деп соғар жүрек қалай суысын.  
Енді сендей жолдасым жоқ, ерім жоқ.  
Бір құдайдан басқа тіпті керім жоқ.  
Ол құдайым көрінбейді, барар ем,  
Қорғап қалар, арыз айтар жерім жоқ.  
Алты құлаш ақ кебінді сүйретіп,  
Кете бардың жүректерді күйретіп.  
Коммунист ек, ардагер ек, қоштаспай,  
Кете бардың санымызды сиретіп.  
Сен жатырсың бәрімізді сорлатып,  
Мен тұрмын-ау ескерткішті орнатып.  
Дұрыстығын Орынбасар, Сағиеа,  
Мусаларға алармын-ау қолдатып.  
Қош бол енді асыл қымбат еріміз,  
Қоштасатын осы белді жеріміз.  
Топырағың торқа болсын! Жұмақта  
Әсиямен жеміс-жидек теріңіз!..





V тарау

ЖАҢА ҚОҒАМ ТҮЛЕГІ



*...Октябрьдің нұрымен  
Маңғыстауым гүлденді.  
Жайнады жаңа заманым,  
Орнатып жаңа өмірді...*

*Сәттігүл ЖАНҒАБЫЛҰЛЫ,  
Қазақстан КС Республикасының Халық ақыны*



## АЛҒАШҚЫ ӨМІРЛІК ҚАДАМДАР

Әкем өзінің ресми өмірдерегінде туған жері мен мезгілі туралы «1912 жылы 12 қаңтарда қазіргі Маңғыстау облысының (ол кезде Закаспий облысының Мангышлак уезі)\* Бозашы түбегіндегі Қаратөбе ауылында дүниеге келдім» деп жазыпты. Ол жөнінде «...марқұм Орынбай Бәлдеков ...Мұраттардың иелігіне өткен «Жаңай қазған» құдығының құбыла бетіндегі төбе басында туыпшын...» деп отыратын еді...» [1; (191-бет)] деген мәлімет жарияланған.

**Анықтама.** \*Маңғыстау өңірі әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша 1882-1920 жылдар аралығында Закаспий облысының Мангышлак уезі болған. 1920-1927 жылдары Адай уезді, 1927-1928 жылдары Адай округі, 1928-1939 жылдары Маңғыстау ауданы болды. 1939 жылдың қазан айынан бастап Гурьев облысының Маңғыстау, Шевченко аудандары болып екіге бөлінген. 1973 жылы алғаш рет құрылған Маңғышлақ облысы 1988 жылы таратылып, екінші рет Маңғыстау облысы болып 1990 жылы қайтадан құрылып, дербес әкімшілік аймаққа айналды.

Атамыз Айтмағамбет пен әжеміз Қоңырша бұл баласына есім таңдағанда «Кедейлік – ұят емес, байлық – мұрат емес» деген халық арасында тараған сөзді ескерген секілді. Бай болу олардың бақтарына жазылмаған болса да, дүниеге келген нәрестесіне «бағымызға бітпеген байлық баламызға тисін, қоралы қойлы, мыңғырған малды бай болсын» дегенді армандамай, «өмірден өзінің орнын тапқан адам болсын» дегендей тілек-армандарына байланысты есім таңдап, Орынбай деп атаса керек. Әйтпегенде Малдыбай, Қойлыбай және де басқа сондай «бай болсындыққа» ырымдалған есім таңдаған болар еді.

Орынбай Айтмағамбетұлының Адай елінің Мұңал – Жаулы ұрпағы Жарыұлы Мұрат (Кеще) руының өнегелі өкілдерінің қатарынан, Маңғыстау облысының қоғамдық-саяси өмірінде,



ел-халқының арасында өзінің бағалы орнын алғандығы әкешесінің сол арман-тілектерінің орындалғандығын айғақтайды. Әкемнің өмірбаянымен, еңбек тарихымен таныс болған соң оған осы кітаптың оқырмандарының да көзі жететіндігіне сенімдімін.

Әкем, осыған дейін айтқанымдай, тұрмыс таршылығына байланысты бала кезінде, 9-11 жасында, 1923 жылға дейін байлардың қойын бағып күнелтіп жүрген әке-ағасына қолғабыс ретінде қозы-лақ баққан. 1923-1927 жылдарда Бозашы бойындағы моллаларда мұсылманша оқып, сауаттылықты игергендігін, өзінің алғашқы ұстазы Санамасұлы Бектілеу ишан атамыз болғандығын мына төмендегі естелігінде еске алады.

Енді осы мақаламен танысайық. Айтқандай, бұл мақала өткен XX ғасырдың басындағы Маңғыстау өңіріндегі мешіт-медреселер, оларда бала оқытқан діни сауаттылар туралы тарихи деректер келтірілгендігімен де оқырмандардың назарын аударуға тұрарлық.

## **ӘПТИЕК, ҚҰРАН АШТЫРҒАН... НЕМЕСЕ МАҢҒЫСТАУДАҒЫ МЕШІТТЕР МЕН МЕДРЕСЕЛЕР**

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
10 желтоқсан, 1992 ж.*

Туған ауылым Қаратөбе ауылдық кеңесіне қарасты Иткелді, Қоңырорпа жеріндегі Кеңе Бектілеу ишан мектебінде оқып, «Әптиек»\* шықтым. Одан кейін Шебірдегі Бекмағамбет ишанда, 1926 жылы Тұщықұдықтағы Ержан моллада\*\* оқып «Құран» шықтым, «Бақырғани»\*\*\* атты түркі кітабын оқыдым...

Анықтама.\* «Әптиек» дегеннің анығы – «Хафтияқ». Ол – жеке кітапша болып басылып, мұсылман медресе-мектептерінде



өз алдына бөлек оқу құралы ретінде пайдаланылған Құранның жетінші бөлімі;

**\*\*Ержан молла – Адайдың Бектеміс руынан шыққан Маңғыстаудың атақты діндарларының бірі Төлегенұлы Ержан хазірет (1888-1967);**

**\*\*\*«Бақырғани» атты түркі кітабы – түркі тілдес халықтардың арасында кең тараған, XII ғасырдан осы заманға жеткен, сопылық ағымдағы ізгілікке, имандылыққа, рухани тазалыққа үндейтін әдеби ескерткіштердің бірі.**

...Кезінде Тұщықұдық пен Шебірдегі екі мешітте болдым. Шебірдегі мешіт «Төлеу ишанның мешіті» деп аталатын. Ол кісі қайтыс болған соң бұл оқу орнын баласы Бекмағамбет ишан, кейін Ағзам ишан ұстап, бала оқытқан еді. Бозашы жеріндегі Тұрымда Кеңе Түйте ахун мешіт ұстап, бала оқытты. Қызық жерінде Бөкен Сүлеймен молла мешіт ұстағанын білеміз. Қайлыда Беріш Әбдірахман ишан мешіт ұстап, бала оқытты. Ауыздыбастың Жыңғылды сайының бойында Кедей Қосайдың мешіті болғаны мәлім.

Әрине, Кетікте де (Форт-Шевченко) мұндай оқу-ағарту орны болғаны белгілі. Мұнда Шалбар Әлжан ишанның мешіті жұмыс жасап, оны соңынан мұрагері Оспан ишан ұстады, бала оқытты. Бұл кезінде «Түрікмен мешіті»\* деп аталған мешіт болды.

**Анықтама.** \*Түрікмен мешітінің екі қатарлы үйдің биіктігіндей үлкен ғимаратының 1950 жылдары қойма ретінде пайдаланылғанын, кейін ашық болып, қаңырап бос тұрғанын бала кезімде көргенмін. Мешіттің Құбыла бетіндегі қабырғаға жапсарлас салған жартылай күмбезді михрабының, жалпы мешіт ғимаратының сыртқы-ішкі сәулеттік кескіндері есімде қалды. Оның намазға жиналатын кең бөлмесінің екінші қабаттың деңгейінде де намаздық орын, оған көтерілетін кіреберіс бөлмеде ағаш баспалдақ-сатылар болатын. Мешіт ауласын қоршаған, тастан қаланған дуалының кейбір сақталған бөліктері мен құлаған қалдықтары да көрініп жататын. Мешіттің алдына Сталинге ескерткіш орнатылды, ұлутастан



қаланған мінбе, құрмет және көрсеткіш тақталары тұрғызылды. Ол жер Октябрь, Совет, Киров, Жамбыл көшелерінің түйіскен жері, орталық болғандықтан, мереке күндері қала жұртшылығының салтанатты шерулер өткізетін алаңына айналды. Хрущев үкімет басына келгенде Сталин ескерткішінің түн қараңғысында құлатылғанын білдік, таңертең тек қана оның тұғыры қалғанын көрдік. Кейін ол мешіт қиратылды, орнына Маңғыстаудағы алғашқы жалғыз кеңформатты кино көрсетуге арналған «Заря Мангышлака» атты кинотеатр салынды.

Мақала мәтінін әрі қарай жалғастырайын.

...Бұдан көп бұрын Қосай Рымбай Айтмағамбетов деген ақсақалдан Сам өңіріндегі мешіттер туралы сұрап білгенім бар еді, соны әңгімелейін. Ол кісі мұсылманша оқыған сауатты кісі еді. Оның айтуынша, Сам жерінде 12 мешіт, медресе болыпты. Олардың ішінде Адай елінің 10 мешіті, Табын елінің 2 мешіті болған көрінеді. Қазіргі Қызыл әскерде Қырықмылтық Тұрман ишанның, Теректіде Бегей Көшмағамбет ишанның, Ноғайтыда Бегей Сисембай ахунның, қазіргі Қызыл жұлдыз жерінде Түрікменадай Шолақ ахунның мешіттері болған, балалар оқытылған екен. Сол сияқты Тұрыш жерінде Балықшы Тұрыш ишанның, Ақшиде Қырықмылтық Берді ишанның, Сарша жерінде Қырықмылтық Сарша ишанның мешіттері жұмыс істеген. Ал Қопаның алдында Түрікменадай Өтеулі ишанның медресесі, Самның алдыңғы бетінде Қосқұлақ Төлеш ишанның мешіті халықты имандылыққа үндеп, сауат ашу қызметін атқарған. Жарқұдықта Қырықмылтық Көшербай және Құлыбек ишандардың медреселерінде балалар оқытылған. Төңірегіндегі ауылдардың діндар адамдары сонда жұма намазына жиналып, аталған ишандардан шарифат, хадистер тыңдауға келіп-кетіп тұрған көрінеді. Мешіт салынған жерлердің бәрінде де ел жайлаған ауызсу құдықтары болғанын айтқым келеді. Бейнеу (Ескі Бейнеу) жерінде Бекет Ата мешіті, оның имамы атақты Асар Сұпы Қажы болған. Бейнеуден әрі Желтаудың етегінде, Ақкетіктен құлағандағы Егіндібұлақ жерінде салынған Жәуіптің баласы Шегем Қайырша ахунның мешіті бар. Сол ахунның баласы Икай молда Жеті-



байда тұрды. Оның Мұңалбай, Аралбай атты балалары бар. Мұңалбайы Ералы ауданының әкімі болды. Марқұм Иқай молламен дәмдес болдым, әңгімелестім. Өте сабырлы, инабатты, сыпайы адам еді.

Жоғарыда аталған, мешіт ұстаған, ұстаздық құрған ахун, ишан, молла адамдар өлкеміздің халқына, атақты ел басқарған билерге, батырларға, ақындарға, жыршыларға тәрбиетәлім, білім беріп, үлгі көрсеткендігіне талас жоқ. Атақты Абыл, Қашаған, Сәттіғұл ақындар кезінде хат таныған, дүниетанымы мол, шариғат тілімен сөйлеген үлкен сөз зергерлері болғаны белгілі. Міне, сол кісілер білімділіктерін қайдан игерген? ...Әрине, Маңғыстаудағы мешіт-медреселерде оқып, білім алған. Мәселен, сол атақты сөз зергерлерінің бірқатар жыр-дастандарында, айтыстарында Құран сүрелерін, пайғамбар хадистерін басшылыққа алып жырлағандарын, шығармаларында шариғат, хадистер нұсқасын дәл қолданғандарын көреміз.

Бұл жарияланымда әңгіме болған Маңғыстау аймағындағы мешіттер туралы әкемнің қолжазбаларында кездескен Сам өңіріндегі мешіттердің мына тізімімен оқырмандарды таныстырудың реті келіп тұр. Олар мына мешіттер:

1. «Қызыл әскер» жерінде Қырықмылтық Тұрма ахунның мешіті;
2. Теректіде Бегей Көшмағамбет ахунның мешіті;
3. Ноғайтыда Бегей Сисенбай ахунның мешіті;
4. Қызыл жұлдызда Түрікменадай Шолақ ишанның мешіті;
5. Тұрышта Балықшы Тұрыш ишанның мешіті;
6. Ақшиде Қырықмылтық Берді ишанның мешіті;
7. Саршада Қырықмылтық Сарша ишанның мешіті;
8. Көшербайда Қырықмылтық Бөгежанның мешіті;
9. Асаубараққа жақын жерде Қырықмылтық Құлыбек ишанның мешіті;
10. Қопаның алдында Түрікменадай Өтеулі ишанның мешіті;
11. Жарқұмның алдында Табын Үбіжанның мешіті;
12. Самның алдында Қосқұлақ Төлеш ахунның мешіті;
13. Саршаның құбыласында Табын Сұлтан ахунның мешіті.



\* \* \*

Маңғыстауды мекендеген Адай еліне өмір бойы Хиуа хандығы қыр көрсетіп, осы жерді иемденіп, елді өзіне бағындыру мақсатымен қанды жорықтар жасап, қырғындар ұйымдастырып, тұтқындар алып, мал айдап кетіп, халықты ауыр күйзелістерге ұшыратып отырған. Көрші түрікпендермен де қанды қақтығыстар болып тұрған. Бұл зардаптардан соң Маңғыстау еліне орыс патша үкіметі үстемдік жүргізді.

Міне, осындай қанды қорлықтар мен ауыр азаптарды бастан кешкен Маңғыстау ауылдарының тұрғындары үшін «бақытты өмір» деген түсініктің өлшеуіші не болды екен, оны өмірдің қандай құндылықтарымен бағалады екен?..» деген сауал туралы ойланғанда ойға келетін бір ғана жауап бар. Ол – «сол қарапайым, кедей, тұрмыс қиындықтарын көп көрген, көңілдері сынық жандардың арманы тек қана өздерінің жанұя-әулет мүшелерінің өмір сүруге керекті табиғи қажеттілігін қамтамасыз ету; жоқшылық пен аштықтың немесе қуғын-сүргіннің зардабы секілді бәле-қазаларды бастан кешпей, тағдырдың тәлкегіне түспей, бұл жалған өмірді табиғи кәрілікпен, имандылықпен аяқтау болған шығар» деген ой.

Күнделікті тұрмыстың қилы-қиян қиыншылықтарын таңның атысынан күннің батуына дейін жалындаған жаз ыссылығы мен қақаған қыс суықтығында кешіп жүрген қарапайым жарлылар осыдан басқа қандай өмірді армандады дейсің?.. Ошақ басының, үй-ішінің қамы сияқты өмірдің ұсақ мақсаттарынан басқа өтіп жатқан өмірі, болашақтары туралы ойлағанда, олардың өмірден түңілушілікке, кешегі мен бүгінгіден торығушылыққа, болашаққа үмітсіздікпен қарауға бейімділігі басымырақ болған сияқты.

Міне, сондықтан болар, Маңғыстау елі орыс патша үкіметі үстемдігінен арылтқан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне өмірлеріне түбегейлі өзгеріс әкелетіндей, жаңа қоғам құрылысы әділетсіз қара түнекті сейілтіп, жарқын жаңа өмір құруға жеткізер деген үмітпен қарағанға ұқсайды. Сол кезде ауылдарға келіп, үгіт жүргізген «бостандық пен тәуелсіздік келді, теңдік пен әділеттілік орнайды, соның бәріне қолымызды жеткізген жарлы-жақыбайлардың көсемі Ленин» деген жаңа үкімет





үгітшілерінің үгіт-насихатын мойынсұнып қабылдап, жаңа Кеңес үкіметіне жүрек толы үмітпен, көкірек толы сеніммен қарап, оны шын ниетпен қарсы алған секілді.

Сол XX ғасырдың басында тарих сахнасына келген жаңа қоғам – Кеңес үкіметінің аяғынан тұрып жатқан аласапыран, дүрбелең кезіндегі туған өлкесінің өмір-тұрмысын әкем өзінің естелігінде суреттеп, жергілікті газетте жариялапты.

## СОЛ БІР ЖЫЛДАРДА...

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газеті,  
14-19 қыркүйек, 1982 ж.*

...Жаз болса, әр төбенің басына аңыздап шашырай қонған жыртық киіз үйлер... Ыңғыршағы айналған, қабырғасы арса-арса болған бірен-саран түйе... Ауыл маңының оттайтын шөбінен бүйірі шықпай, жілік майы сарқылып, солуға келген бес-алты уақ жандық, арқасы жауыр бір ат... Менің бала кезімдегі ауылымыздың тіршілік көрінісі көбінесе осы кейіпті болып келетін.

Мен, міне осындай кедей ауылда дүниеге келіппін. Туған жерім – Бозашы түбегіндегі Қаратөбе, Мәстек атты жердегі шыңырау құдықтың маңы болатын. Сол өңірде менің балалық шағым өтті. Дәулет атаулыдан біздің шаңырақтың маңдайына біткені – он-он бес қой-ешкі, бір-екі түйе ғана болатын. Сол аз ғана малдың жазда – сүтін, қыста – етін талшық етіп, қалт-құлт күнімізді көретінбіз.

Әкем Айтмағамбет пен ағам Шаншар байлардың малын бағатын. Қысы-жазы қой соңында жүргенде алуға тиесілі табыстары – үш-төрт бойдақ қой. Бірақ есеп айырысқанда бай «ішкен-жеген тамағың, киген киімің, сауған сауының үшін» деп ұстап, ырым-жырым етіп, тиісті ақыны да қолға дұрыс тигізбейтін. Қыста соғымға сойған бір ірі қой үшін екі бойдақ ұстап қалатын. Сөйтіп, іш қазандай қайнап, күресерге дәрмен жоқ, қанша ренжісе де қарапайым қара шаруаның қолдан келер амалы болмайтын. Өйткені далада байдың малын бағудан



басқа кәсіп жоқ. Баймен нағыз «ат құйрығын кесіп» ренжісіп кеткенде олардың барар жері – Кетіктегі (Форт-Шевченко), Бұрыншықтағы (жергілікті қазақтар оны «Жаудыр» деп те, «Мұрыншық» деп те атайтын), Долгий-Құлалыдағы балық кәсіпшіліктері. Онда да қарық болатындай түк жоқ еді. Атырау айдынының көл-көсір байлығын аузын арандай ашып жұтып жатқан орыс байлары – Захар Козьмич Дубский, Шарев, Генераловтар мен түрікмен байлары – Машырық, Қарағұл, Шағыр, қазақ байлары – Асар, Қошанай сияқты алпауыттар жұмысшыларды аямай қанайтын. Олар күнкөріс іздеп, қысылып келген сорлы, пақыр шаруа-кедейлерді ауыл байларынан бетер қанайтын. Міне, сондай өмір тауқыметі басына түскен сол бір кездерде ызасы өткен сорлы кедей жігіттер «әй, әйтеуір, Захар бір қайық бермес деймісің?..» деп Кетікке кететін еді. Капиталист Захар жокшылық қысып келген кедейді күлімсірей қарсы алып, қамқорлық көрсеткенсіп қайық, ау-құрал беретін. Жарытымсыз пай тағайындап, борышқа азық-түлік беріп, теңізге ия жағалаудағы балық батағаларына аттандыратын. Күзде есеп айырысқанда қырық түрлі айла-әдіс салып, сорлы балықшыны борышты қылып шығаратын. Оның ауыл байынан айырмашылығы – «борышыңды қазір төле» деп қыстамайтыны, «келесі табысыңнан өтерсің» деп кейінге қалдыратыны. Сөйтіп, сорлы кедей өмір бойы дерлік құтыла алмайтын Захардың қанды қақпанына түсетін. Осындай қу да сұм алпауыттың «ұзын арқан, кең тұсауымен» ақырында басыбайлы жұмыскері болып шыға келетін. Арзан жұмыс қолын тапқан бай тегін олжаға батып, бұрынғыдан бетер байи түсетін-ді. Сол Дубскийдің балық батағаларының орындары теңіз жағалауында – Кетік маңында, Саурада, Құрықта, Кендірліде соңғы кездерге дейін сақталған еді. Баутин кентіндегі аурухана үйі, теңіз-сауда портының кеңсе үйі сол байдан қалған. Форт-Шевченко қаласынан солтүстік бағытта сегіз шақырым жердегі, теңіз жағалауындағы жеміс ағаштар өскен саябақ – Дубскийдің дачасы, кейінірек пионерлер лагері болды. Жалданғандардың да көрген күндері күн емес, көргендері қорлық, тапқаны тамағынан ауыспайтын-ды. Осыны естіп, көріп-білген өкем, не де болса туған жерден өкше көтермеуді ұйғарды.

Сол шақта Маңғыстау кедей-кепшіктері кәсіптің жаңа түрі – егіншілікке бет бұра бастаған-ды. Көктемде еріген қар



суы көбірек жиналатын ойпаңдау жерлерге тары, бидай, арпа егетін. Қаратау бойы бұлақтарының сағасын мекендегендер ағын суды пайдаланып егін өсіретін де, бозашылықтар бар үмітін жаңбырдан күтіп, аспанға қарап қол жаятын. Сондай егін салған жерлердің орны Мәстек, Имағамбет шыңыраулары, Жалғызтөбе, Қаламқас маңында, Тасым ойы, Қаранар, Қарабатыр, Ақшымырау, Аран құдықтарының төңірегінде, Қоңырорпа маңайында соңғы кездерге дейін сақталған.

Мен жеті-сегіз жасқа келген кезде әкем Айтмағамбет егін егумен айналысты. Басына өткірлеген темір күрек кигізген ағаш соқаны түйеге сүйреттіріп, маған түйені жетектеттіріп, аумағы ат шаптырымдай ойдың бір бөлігін шамамыз келгенше жыртатынбыз. Сонда көбінесе егетініміз – қызыл тары мен ақ тары. Өйткені тары тез көктейтін және шөлге төзімді, әрі-берісі қырық шақты күнде пісіп-жетілетін дақыл. Бір пұт тұқым сепкен жерден үш-төрт қап өнім алатынбыз. Егіннің арам шөбін отау, басқа да жасалатын әрекеттерін біліп, қолданбайтын біздер үшін ол, әрине, көп өнім еді. Бірақ бұл еңбектен алған өніміміз алты ай күз-қысқа жетпейтін. Бұған сеніп отыра беруге болмайтын. Сондықтан қолдағы аз ғана малдың жүнін, бастырған киіз, тоқылған алашаларды астық алу үшін Қарақалпақ жеріне, Ойылға (Көкжар), Қарақамысқа баратын қалашыларға қосатынбыз. Қалашылар кемі отыз-қырық күн жүріп, жарты құрсақ болып жүрген біздерге қосқан аз ғана мүлкімізді астыққа айырбастап әкелетін. Қалашының қайтып ауылға келуін екі көзіміз төрт болып күтетінбіз. Қалашы келген күннің қуанышы шаш етекпен. «Қалашың келгендей қуанасың ғой» деген мәтел содан қалған болса керек. Ал мата, шай-секер және тағы басқа да қажетті заттарды Кетікке барып-келетін қалашылардан алатынбыз. Бұл бағыттан келген қалашылардың да ауылға ат басын тіреген күні кішігірім тойға тең болатын. Бұл жайлар кейін Кеңес үкіметі нығайып, ұжымдық шаруашылық құру жұмыстары жолға қойылып, ел тұрақты қоныстанып, кеңес, шаруашылық орталықтары белгіленіп, кооператив бөлімшелері ашылғанға дейін созылып келді.

1916 жылдың дүрбелеңінен енді ғана ес жинай бастаған кезде «патша тақтан түсіпті» деген хабар елді дүр сілкіндірді. Езілген, еңсесі түскен ел «залымға сол керек, мың асқанға бір



тосқан» деп күбірлесті. Одан кейінгі Ұлы Қазан төңкерісінің жеңісі де талай құрым үйдің шаңырағына «өзгеріс болар, өміріміз жақсарар» деген үміт әкелді. Алыс ауылдағы жағдай әлі де қаз-қалпында, баяғыдай болса да жыртық шекпенді кедейлер, әйтеуір, жақсылық жақындап келе жатқандай сезініп, жаны жадырап жүрді.

Көп ұзамай 1918 жылдың жазында «Бұрыншыққа келіп қызылдар тобы түсіп жатыр, топ бастығы Ленин көсемнің өзімен ауызба-ауыз сөйлескен, көзбе-көз дидарласып, тапсырма алған – Әліби Жангелді атты қазақ екен» деген хабар ел ішін кернеп кетті. Үлкендердің сөздерінен менің сезгенім – бұл жәй қобалжу емес сияқты.

Бозашы түбегінің мүйісі Керелден шығу үшін әскер, оқ-дәрі тиеген қос кеме келді. «Бұл не нөкер, қиырдағы түбекте не жұмысы бар?» деп ел басқарғандар алдын ала халықты көтеруге тырысты. Бұл тегін жорыққа ұқсамайтын. Түбектегілер бұрын-соңды откеме көрген емес-ті. Үлкен құрлықтан келетін кемелердің тоқтайтын тұрағы Кетіктегі айлақ болатын. Біренсаран балықшы қайығы болмаса Керелден кеме шықанды ел көрмеген-ді. Бірқатар ел әкімдері «келе жатқан қолдың бұл дабыры тегін емес» деп өзінше жорыған-ды. «Өткен қыста Үстірттен шұбырған атты нөкерлер қырылды емес пе? Кексіз қан, сұраусыз жан бола ма? Сол өлгендерінің кегін алуға келе жатқандар болуы мүмкін» деп жорыды тағы да басқа ақсақалдар. «Әлбетте, мынауың ғажап емес, әйтпесе ұлы жолдың бойы емес шет түбекте не жұмысы бар?» деп басқалары қостады. «Естеріңізде ме, баяғыда орыс қолбасшысы Рукинді өлтіргенде патша не істемеді? Тағы сондай пәле болмай! Әйтпесе құда түсейін деп келді ме бізге?» деді біреулері. «Олай болса, қол қусырып отырамыз ба, шайқасып қалайық» дегендер де болды. Олар өңірдегі қолына қару ұстай алатындарды күреске шақырды. Ата-бабаның аруағына сиынып, «ар-намыс, жер-су, ата қонысымыз үшін шыбын жанымызды құрбан етеміз» дегендердің аттанбағаны қалмады. Халық тұтас толқыды. Күні-түні шабыс, ерсілі-қарсылы жүріс, дайындық басталды.

«Откемемен келген бастық жиын шақырады» деген хабар түбек еліне күдік, қорқыныш туғызды. «Ертең Қаратөбедегі



жиынға барамыз» деген үлкендердің сөзін естідім. Әкем мен шешем екеуі келіскен соң, ертесіне әкем, үйіміздегі барымыз да, нарымыз да болатын атанға мені мінгестіріп, Қаратөбеге келдік. Таңғаларлық бір жай – өзіміз секілді жан-жақтан келушілердің үсті-үстіне көбеюі. Көпшілігі – қару-жарақ асынғандар. Сірә, бір сенімсіздік болды-ау, жиналғандардың бәрі бірдей мәжіліс қырына көтерілмеді. Қарттар көліктерін қарайлауға бірталай жігіттерді ойда қалдырды. «Дайын тұрыңдар, бізден әмір күтіңдер!..» деп, өздері асынған қару-жарақтарымен төбе басына беттеді. Келгендер жазық қырқаның кең алаңын қоршай отырысты. Бәрінің де қабағы түсіңкі, өндерінен сенімсіздік ызғары аңғарылады, қолдарын қаруларынан алмайды.

Көп кідірмей-ақ ортаға оншақты бастық кісілер шықты. Жергілікті халық өкілі – толық денелі, тапалтақ келген, келте мұртты жігіт ағасы топтан екі-үш қадам оқшауырақ шығып, сөз бастады.

– Азаматтар, – деп, отырғандарды көзбен бір шолып шығып, – ортамызға ұлық Әліби келіп отыр. Екі откемеге тиеген әскері бар. Нәсілі өзімізден – қазақ, – деді. Жиналған ел біраз қобалжып қалды.

– Жерімізге бұрын откеме шықпаған соң, мұндай нөкер келмеген соң «дұшпан екен» деп ойладық. Онымыз қателік болып шықты, жаңылыппыз. Әлібидің өзі де түбек халқының абыржуын естіп, сіздерді осы жиынға жинап отыр. Мен түбек халқы атынан және өз атымнан Әлібиге «қош келдіңіз, сапар сәтті болсын!» дегім келеді, – деп сөзін бітірді, басын иіп, әскери киінген мейманға қол беріп қошамет көрсетті.

Отырғандар «Әліби дей ме? Өзі қазақ екен ғой» деп өзара күбірлесіп жатты.

Бойы ортадан жоғары, ат жақты, белдемше келген, аққұба, көркем, әскери киінген Әліби ортаға шықты да, бас киімін қолына алып, сөз бастады.

– Тумалар, қадірлі бауырларым, мен де өздеріңдей қазақтың баласымын. Торғай аймағында тудым. Кедей табынанмын. Осы сапарда Мәскеу шаһарынан келемін. Ресейді үш жүз жыл билеген Романов тұқымы Николай патша тақтан құлады. Оны құлатуға басшылық еткен – еңбекші табының көсемі данышпан Ленин, – деп, отырғандарға айнала көз тастады.



Осы арада жұрт «Не дейді? Апырай, патшаны тақтан құлатқан қандай батыр адам екен» деп жабырласып кетті.

– Патша жұмысшы-кедей табын, шаруаларды аямай қанап келді. Алпауыт байлардың сөзін сөйлеп, шашбауын көтерді. Қазақтың және де басқа ұлттардың мал-мүлкін, жерін тонады. Өздерін адамға санамады. Наразылық жасап, бас көтергендердің қанын судай шашты. Орыс халқына жасағанын айтпағанда, оның озбырлығы жөнінде осы Маңғыстау елінің өткен өмірінен мысал келтіруге де болады. Осында келгелі қарттармен әңгімелестім. Солардың айтуынша, түбек кедейлерінің бостандығы үшін күрескен жергілікті батыр Досан Тәжиевтің ерлігі елдің есінде екен. Ол ер кедейлерді кезенай салықпен құртатын болған патша әкімдеріне қарсы наразылықты басқарды, патшаның қарулы қолымен шайқасты. Қолбасшысы Рукинді өлтіріп, әскерін қырды. Ал патша болса, халық мұңына құлақ салудың орнына, қаһарын төгіп, өзінің нөкерлеріне берген бұйрығында Маңғыстау түбегіндегі халықтың басбұзарлық әрекеттеріне тойтарыс беруді Кавказ әскери басшыларына жүктеді. Міне, осылайша, зұлым патша қарулы қол жіберіп, Маңғыстау түбегінің кедейлерін, қарусыз халқын қанға бояп, қырып-жойды. Көтерілістің көсемін азаптап өлтірді, – деді.

Сонсын ол халықты Кеңес үкіметін қолдауға, билікті соған беруге шақырды. Жиынға келген халық бұл ұсынысты қабыл алып, төңкерістік комитет (ревком) құрды. Бұл жиын Кеңес елі тарихына «Қаратөбе съезі» деген атпен енді.

**Анықтама.** Бұл әңгімеленіп отырған уақиғада аталған Әліби Тоғжанұлы Жангелдин (1884-1953) – қазақтан шыққан белгілі мемлекет қайраткері. Ол әртүрлі ұлттардың өкілдерінен құралған 130 жауынгерлерден тұратын әскери топты бастап, 1918 жылы 23 тамызда теңізбен Түпқараған айлағына келіп, Форт-Александровскиде болады. Сонсын әскеріне ат-түйе жинау үшін тамыздың 28-і күні теңізбен Бозашыға келіп, Бұрыншықтан түседі. Жергілікті ақсақалдармен кеңес құрады, халық жиналысын өткізеді. Бозашыда төрт жұмадай уақыт болып, ат-түйе сатып алып, әскери тобын жергілікті жігіттермен, жол көрсетушілермен толықтырып, жауынгерлік жорықпен



Шалқардағы Ақтөбе майданының қызылгвардияшылар әскеріне қаражат, қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлік жеткізеді.

Сол кезде біз Қаратөбенің шығыс жағындағы төрт-бес шақырым жердегі «Жаңабай қазған» шымырауының басында отырған едік. Ауылға бірге қайтқан үлкендердің жадыраңқы жүздерінен, ұзын сонар әңгімелерінен байқағаным – Әлібидің жаңалық жаршысы болғандығы. «Апыр-ай, мына Мәстектегі моллалар Әлібиді «шоқынған кәпір екен» деп танытып еді, бәрі бос сөз болып шықты. Кәмесар кәдімгі кеспе тұмсық қара қазақтың өзі ғой. Сөйлегенде ағып тұр. Бәсе, Ленин жолдас тапсырма берер кісісін танып алса керек-ті». Жарлы ауылдың адамдары жиыннан алған әсерлерін осылайша әңгіме қылып айтатын болды.

Сол жиыннан кейін бозашылықтар Әліби керуеніне аттүйе көлік, ерікті жігіттер жинап, көмек берді. Әліби тобын Маңғыстау жерінен Шалқарға дейін шығарып салуға, керуенге жол көрсетуге біздің ауылдан Қаражан Тасымов қарт келісім берді. Сол жорыққа қатынасқандар – Мақаш Бектұрғанов, Ауған Қызылов, Сәрсенғали Бектеміровтер талай қызық әңгімелер шертетін. Олар сол жорықтағы өткізген күн мен түндерін өмірлерінің ең бір мазмұнды шағына балайтын.

*«...Шығысқа ер Әліби жол бастаған,  
Біз бердік жеті жүз ат, төрт жүз түйе,  
Шығарда шөл далаға жан баспаған...»*

деп жырлады 1918 жылдың күзінде Мұстафа Ысмағұлов өзінің тарихи дастан өлеңінде.

1920 жылдың қысы кезінде «ақ пен қызыл соғысып жатыр» деген хабарды естіп, ел елеңдеп, тағы да дүрлікті. Ауылдарды үгітшілер аралап, Үйшіктен (Гурьев, қазіргі Атырау) ақтар генералы Толстов басқарған әскердің қызылдардан жеңіліп, шегініп келе жатқанын, жолшыбай қазақ ауылдарын тонап, малын тартып алып, адам айтқысыз зорлық жасап келе жатқанын жеткізді. Сол үгітшілер: «Қаруы барларың қарсылық көрсетіңдер, басқыншы әскер өтетін жолдарда отырған ауылдар аулағырақ көшсін!..» – деп жар салды. Ол



кезде кімнің жау, кімнің дос екенін айқындап, аңғара бастаған бұқара халық қызыл үгітшілердің бұл ұсыныстарын құлшына қарсы алды. Бұрыннан жаугершілікті көрген көнекөз қариялар Үстірттің Маната, Сайөтес, Өрмелі сияқты жау келетін ұрымтал құлауларына тосқауыл ұйымдастыруға кеңес берді. Қолында қарулары бар жігіттер жасақ құрып, ауыл мен малды дұшпаннан қорғауға аттанды. Біздің ауылдан Құлбайдың ұлдары – Мұңалбай мен Өтесін, Тілегенұлы Әбді, Қадірұлы Қазихан деген жершіл, аңшы, мерген жігіттер сол жасақ ішінде болып, Толстов әскерінің шегінер жолдарында әлденеше рет тұтқиылдан шабуыл жасап, жарақты жауды біраз шығынға ұшыратты.

\* \* \*

Әке естелігінің бұл тұста жазғандарын мына мәліметтермен толықтыруға болады.

Толстов әскерінің Гурьевтен Форт-Александровскиге шегінген әскери жорығына қатынасқан прапорщик Л. Масянов өзінің естелігінде «...жергілікті қазақтар бөлек-бөлек келе жатқан топтарымызға шабуылдап, адамдарымызды өлтірді. Олар әскер қазынасын қорғаушыларды жойып, күміс ақша толған бірнеше жәшіктерді, азық-түліктерді алып кетті...» [27; (138-бет)] дейді.

Халық жасақтары ұйымдастырған осындай батыл әрекеттер Маңғыстау тарихына қатысты басылымдарда да айтылады.

«...Қалым Қожықов (рулық шежіре түзілімі Кеңе (Мұрат) – Шортық – Сырымбет – Қазан – Азамат – Тасым немересі Қожық ұлы Қалым) бастаған бір топ намысты, жігерлі жігіттер – інісі Тұрсын, Ауған Қызылов, Балабатыр Сұлтанов және басқалар Толстовтың қарулы жасағын қолға түсіріпті. Біразын қақтығыс үстінде өлтіріп, бірнешеуін тұтқындап, Фортқа айдап әкеліпті. Бұл уақиға шындық еді...» [28; (119, 120-беттер)].

Қожық ұлдары Қалым мен Тұрсын екеуінің өздері ойластырып, іске асырған әрекеттерінің нәтижесінде толстовшы қарақшылардың бес адамын тұтқындағаны жөнінде Жал-





ғасбайұлы Тұрар ағамыз «Ағарту асуында» кітабында әңгімелейді (82-бет).

\* \* \*

...Ақтар көшуге көлігі жоқ мешеу ауылдарды олжалады. Олардың шабуылынан біздің ауыл да сырт қалған жоқ. Бір күні түске таман қару-жарақ асынған бір топ адамдар Қоңырорпада отырған ауыл үстіне сау етіп түсе қалды. Алдарынан үріп шыққан бір топ ауыл иттерінің бірнешеуін тарс-тұрс етіп атып салды. Бейқам отырған ел үрпиісіп қалды. Шақырылмаған «қонақтар» келісімен қой сойып, қазан асуға бұйрық берді. Үйлерді, кебежелерді ақтарып, табылған азық-түлікті шикілі-пісілі деп талғамай, аттарына арта бастады. Өздері тамақ ішіп болғанша іргедегі төбе басында екі-үшеуі қарауыл қарап тұрып, ауыл адамдарын қия бастырмады. Кейіннен білсек, бұлар Толстов әскерінің негізгі күшінен жырылып қалып Теміртапқан, Байтақ, Күйкен асулары арқылы мұз үстімен тіке өтіп, Кетікке беттеп келе жатқан шағын топ екен. Ал Толстов әскерінің басшылар тобы Керел, Қаламқас, Долгий арқылы жол тартыпты.

Сол жылы көктемде толстовшылар тізе бүкті де, Маңғыстауда Кеңес үкіметі түбегейлі орнады...

\* \* \*

Ақгвардияшылардың әскери тобы тек қана Бозашыдағы елге тиісіп, тонау жүргізіп қана қоймапты. Олар оң жағадағы Маңғыстаудың ел-халқына да зорлық-зомбылықтар мен қарақшылық қиянаттар жасаған екен. Ақгвардияшылардың сол қарақшылық әрекеттері жергілікті халықтың өз тағдырында бастан кешкен қорлықтарының, жалпы өлке тарихының ақтаңдақ беттері деуге болады. Ол тарихи мәліметтер тарих мамандарынан басқа көпшілік қауымға беймәлім шығар. Өлке тарихына байланысты сол уақиғаларды оралдық казактардың атаманы, генерал В.С. Толстовтың естелігін негізге алып әңгімелейін.



## АҚГВАРДИЯШЫЛАРДЫҢ МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҚИЯНАТТАРЫ

Қызылгвардия әскерінен жеңіліп, Гурьевті тастап, бас сауғалап қашқан ақгвардияшылар теріс жағадан Маңғыстауға келіп, Форт-Александровскиге ат басын тіреуге ұмтылышты. Реті келсе, осы қалада тұрақтауға, болмаса Каспий теңізінің арғы бетіне өтіп, солтүстік Кавказды бақылауына алған ақгвардияшыл генерал А. Деникиннің әскеріне қосылуға үмітті болған екен.

Толстов бастап қашып келе жатқан оралдық казактардың әскери тобына ақтарды қолдаған Ұлыбританияның әскери миссиясы, жауынгер казактардың отбасылары – қарттар мен әйел-балалардан тұратын шұбырындылар ілескен екен. Бұл қашқындар әскер қазынасын, кеңсе құжаттарын, әскери туларды, тағы да басқа әскери дүние-мүліктер, қару-жарақтар тиеген түйелер мен арбалардан тұратын бейберекет созылған көш құлаш үлкен керуен болған екен. Толстовтың негізгі тобынан бөлек келе жатқан басқа да қашқын ақгвардияшылар болыпты. Мысалы, Қызылқоғанда қызылдарға берілуден бас тартып, сытылып шығып, қашқан казактар тобы мұз үстімен теңіз жағалап 60 күн жүріп, арып-ашып Фортқа 1920 жылы ақпан айының соңғы күндерінде жетіпті.

Өзінің естелігін атаман В.С. Толстов «...бұл Форт-Александровск оралдықтардың түгел бір буын ұрпағының есінен шығып қалған еді. ...Бұл қала тек қана өз әкелері баяндаған, 1870 жылдың көктемінде Маңғышлақ приставы Рукиннің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін атқарған елудей оралдық казактардың қырғыздардың (жергілікті халықты ол осылай атайды) залымдығынан мерт болғандығы туралы әңгімелерден ғана оралдықтардың жадында болды...» [29; (1-бет)] деп бастайды.

Толстовшы әскери топ Фортқа 1920 жылы 15 ақпан күні келіпті. Атаман Толстов Шәкір Бекназаров деген саудагер-көпестің үйінде ертерек келіп орналасқан әйел-балаларымен кездесіп, өзі де сонда жайғасыпты. Сөйтіп, Толстов бастаған ақгвардияшылар Форт-Александровскиде бір жарым айдай уақыт билік құрыпты. 1920 жылы сәуір айының бас кезінде



қызылдар теңізбен келіп Түпқараған айлағына әскер түсіріп, ақтарға қарсыластықты тоқтатып, тұтқындыққа берілу жөнінде үзілді-кесілді талап қойыпты, талаптарға көнгендерді тұтқындап, Фортта Кеңес үкіметін орнатыпты.

Қызылдардың бұйрығын орындаудан бас тартқан генерал Толстов, 1920 жылы 4 сәуір күні түн қараңғысы түскенде астыртын түрде, құрамында 53 офицер, өзінің және офицерлер мен жауынгерлердің әйел-балалары бар 214 адамды бастап, теңіз жағалауымен оңтүстікке қарай қашып шығады. Оның алдына қойған мақсаты – оңтүстік Маңғыстау, түрікмен жерлері арқылы Парсы (қазіргі Иран) еліне өтіп кету болған.

«...Барлығымызды біріктірген бір сенім – ол бізге қажетті көп көліктік түйелерді табатынымыз. Әскери топтың басқарушысы ретінде маған тек сол түйелерді өз меншігімізге алуды белгілеу қалды...» [29; (130-бет)] деп, генерал Толстов сапарына қажетті ат-түйе көлікті жергілікті халықтан зорлықпен тартып алып, меншіктенетін жоспарын ашық айтыпты. Жоспарын жүзеге асыру үшін ол жан-жаққа шолушылар жібереді. Барлаушылар малдарын айдап қашып бара жатқан жергілікті тұрғындардан 6 түйе, 6 жылқы, малдар тартып алады. «...Түнге қарай бізде тамақтық қой-қошақандар пайда болды, алаулап от жағылып, ет пісіріліп, қуанышты дауыстар естіле бастады...» [29; (131-132-беттер)] дейді генерал Толстов.

«...8 сәуір. Жолға шығуға дейін тамақ қорын, ат-түйе, арба-көліктерімізді санаумен айналыстым. Санақ қорытындысы бойынша 55 пұт астық пен бидай, 26 арба, 31 жылқы, 73 түйе бар екені анықталды...» [29; (134-135-беттер)]. Форттан астыртын түрде ешқандай дайындықсыз, тек қана 4 «фурманка» деп аталатын кішкене арбамен шыққан әскери топта осыншама астық, ат-түйе, арбалардың төрт күндік мерзім ішінде қайдан, қалайша пайда болғанын оқырмандардың өздері түсініп отырған болар.

«...9 сәуір. Түйелерін қайтарып алуға үмітті, бізге еріп жүрген қазақтан жақын маңда ауыл бар екенін білдік. Керек-жарағымызды тартып алудың бұл мүмкіндігін жібермеу үшін атты топты сонда жібердім. Сол ауылдың тұрғындары құдық басында жылқыларын суарып жатыр екен, біздің жауынгерлер солардың жылқыларын бөліп алды...» [29; (137-139, 140-беттер)].



Сәуірдің 11-і күні кезекті қарақшылық жорықтан толстовшылар 35 түйе, 165 қой айдап келеді. Бұл жолы оларға жергілікті халық айтарлықтай қарсылық көрсетіпті. «...Барлаушыларға жол көрсетуге еріп кеткен қазақ тапсырманы дұрыс орындамай, бұрмалап, жолды басқа жаққа қарай сілтеп, қазақтардың түйелерін айдап, қашып кетуіне мүмкіндік жасағаны үшін оның денесіне аз-кем зақым келтіруге тура келді...» – [29; (141-142-беттер)] дейді генерал Толстов. Мұнысын «байғұс қазақты қорладық, азаптадық» деп түсінсек, қателеспейміз.

Сәуірдің 12-сі күні әскери топ Ақшұқыр құдығының маңына келіп, түнеуге орналасыпты. «...Түнде тыныш ұйқтап жатқанымызда мылтық атылған дауыстар естілді. Бұл жергілікті қазақтардың өздерінің малдарын қайтарып алу үшін жасаған шабуылы екен. Олардың бұл жоспары жартылай орындалды, олар 80 бас қойды айырып алып, айдап кетті...» [29; (142, 147-148-беттер)].

«...16 сәуір күні малдар тартып алу жорығына бір топты Батыр тұзды көлінің солтүстігіне жіберетін болып шештім. Ал өзім, қалған адамдармен Айша және Батыр көлдерінің арасындағы Құрық құдығы бағытында жүру туралы шешім қабылдадым. Осылайша көл жағаларындағы құдықтарды қоныстанған қазақтарды қоршауға алу мүмкіндігін ойластырдық...» [29; (149-бет)]. Аса қауіпті, қарулы әскерге қарсы соғысқа дайындалғандай, генерал Толстов бейбіт елге шабуылдайтын қарақшылықтың осындай жоспарын құрыпты.

«...17 сәуір күні шолғыншыларымыз ешкілер бағып жүрген шал мен кемпірді кездестіріп, тұтқындап, ешкілерін айдап келді. «...Ол қартты жол көрсетуші ретінде пайдаланып, Сағды құдығына қарай жүрдік, бірақ күн батып кеткен соң оған жете алмадық. Ол қарттың байғұс ешкілері келесі таңды көре алмады, бәрін жаппай сойып, етке, бізге қажетті қайрат-күшке, айналдырдық...» [29; (153-154-беттер)] дейді генерал.

18 сәуірде әскери топ келесі жорықта елден 50 түйе, ондаған сан қойлар, ауыз су тасуға қажетті шағын күбілер, метейлер мен мес қарындар тартып алыпты. Бұл жолы да жергілікті қазақтар өздерін, мал-мүліктерін қорғап, қарулы қарсылық көрсетіп, толстовшыларды оқ атысының астына алып, өздеріне жақындатпапты. Күн батып, қараңғы түскенде толстовшы-



лар Батыр көлінің солтүстігінде көшіп бастаған қазақтардың керуеніне шабуылдапты. Сол ұрыста қазақтар Толстовтың әскеріне айтарлықтай қарсылық көрсетіпті. Толстовтың атты қуғыншылары бірнеше қазақты өлтіріп, керуеннің артындағы қойлар мен түйелерді айырып алыпты [29; (154-155-беттер)].

Сәуірдің 24-і күні болған келесі қарақшылық шабуылға генерал Толстовтың өзі де қатынасыпты. Сол шапқыншылықта толстовшылар бір ауылдан 20 түйе, көшіп бастаған екінші ауылдан 80 түйені айырып алып, өздерінің меншігіне айналдырыпты [29; (159-163-беттер)].

Сәуірдің 25-і күні Аққуаң деген жерде қоныстанған ауылдан толстовшылар 8 түйе тартып алыпты. [29; (166-бет)].

Мамырдың 2-сі күні түнде толстовшылар жолдағы елге шабуыл жасап, 30 түйе, 200 қой, көптеген жылқылар айдап кетіпті. Сол күні қарсы бағыттан келе жатқан сауда керуенін кездестіріпті. Бұл сауда керуенін қорғаған күзетшілердің қару-жарағы, саны басым болған шығар, осы жолы шапқыншылық жасамай, керуеншілермен саудаласып, 627 мың сом ақша төлеп, бірнеше күбі су, азық-түлік, шай, төсемдік киіздер сатып алыпты [29; (175-176-беттер)]. Осыдан соң Толстов қарақшылары түрікмендердің жеріне өтіп кетіпті.

Міне, осылай Толстовтың қарақшылықпен тонау жүргізген әскери тобы оңтүстік Маңғыстауды қоныстанған Адай еліне орасан зор зорлық-зомбылық көрсетіп, қиянат, озбырлық жасапты.

Кеңес одағы тарихында «Азамат соғысы» деп аталған, орыс халқының қызылдар мен ақтарға бөлініп, өзара қырқысқан таптық күресінің зобалаңы мен отты лебі Маңғыстау жерін де, маңғыстаулықтарды да шарпып өткен екен.

## СОЛ БІР ЖЫЛДАРДА...

*(Орынбай Бәлдековтің естелігінің жалғасы)*

Ескі үкімет құлады. Бірақ «билік кедейлерге тиесілі, соларға көшеді» дегенмен, бұрыннан үстем болып келгендер басындағы бағынан айырыла қойған жоқ. Алуан түрлі айла-құлықпен біразға дейін болыстыққа, ауылнайлыққа сайланып



жүрді. Менің туған жерімде 3-ші Бозашы болысы атқару комитетінің төрағасы болып сайланған Өтеғұлдың Сармысы, болыс болып сайланған Әмет баласы Жұмағазы дегендер нағыз «шынжыр балақ, шұбар төс» байлардың өзі еді. Одан кейін Төлеубай, Аманқұл мырзалар болыс болды. Әрине, бұлардың халықты қараңғы тобырға балап, билікті қара табан кедейлерге бере қоймайтындығы белгілі болды. Оның үстіне шаруалардың жаппай сауатсыздығы, төңкерістің мақсатын айқындайтын ұғымдарды терең түсініп болмағандығы да бар.

1928-1929 жылдары байлар мен орташа шаруалардың мал-мүлкін тәркілеудің басталуы ел-халықты толқытты, оның түбі ақыры 1931 жылы халықтың қолдарына қару алып, үкіметке қарсылық көрсетуіне әкеліп соқты. Көтерілістің басталуына жергілікті басшылардың, шолақ белсенділердің асыра сілтеуі, бұлардың қызмет бабын пайдаланып, елді алдап-талап, өздерінің жағдайын көздеуі де себеп болды. Бұл өрттің тұтануына ұшқын болған жағдай – Кетіктегі түрікмен байы Шағырдан тәркіленген, түрмеге айналдырылған үйге қамалған, ірілі-ұсақты байлар мен саудагерлердің түрмені өртеп, қашып шығуы болды. Олар елдеріне барған соң қол жинап, жасақтар құрып, үкіметке қарсы қарулы көтеріліске шықты. Көтерілісшілерге еті тірі, айбынды кедей адамдар да қосылды, олар жасақтар басқарып, «хан» болды. Мысалы, сондай «хандардың» бірі Қарабатыр деген байлармен бірге көшіп-қонып, құдығын қазып күнін көріп жүрген кедей-шаруа еді. Қарабатыр қазған шымырау-құдық кәзіргі Ақшымырау қонысына таяу жерде осы күнге дейін бар. Сондай «хандардың» бірі Мамай Ортаеспе жеріндегі (қазіргі Қаражанбас) балық аулап күнелткен сауатсыз кедей балықшы болды. Осылайша жасақталған көтерілісшілер Кетікті қамады. Көтерілісшілерге қарсы тұруға Кетікте жергілікті үкімет органдары тез арада партия, комсомол мүшелерінен, мемлекеттік қызмет белсенділерінен жасақталған топтар құрды. Қорғаным жұмысын саяси басқарманың өкілі А.И. Фетисов басқарды. Топтарды он-оннан бөлімшелерге бөліп, пошта, телеграф, банк сияқты маңызды мекемелерді қорғауға жұмсады. Мен ол уақытта Үйшікте (Гурьев, Атырау) кеңес-партия мектебінде оқитынмын. Ауылға демалысқа келіп, уезд орталығында



жұмыс жасап жүрген кезім еді, мені де банк үйін қорғау тапсырылған топқа қосты. Келесі күні қаланы қорғаушылармен болған қақтығыстан кейін көтерілісшілер ауыл-ауылдарына тарай бастады. Содан кейін Фетисов бастаған әскери топ ел аралап, жазалау қорқынышынан бытырап көшкен ауылдарды кері қайтару жұмысына кірісті. Кейін Фетисовтың Қараған Босаға деген жерде болған қарулы шайқаста қаза тапқандығын естідік.

**Анықтама.** Бұл әңгімеленіп отырған уақиға – Маңғыстау халқының 1930 жылдардағы көтерілісі, «Адай көтерілісі» деген атпен ел жадында, қазақ халқының тарихында сақталды.

Сол жылдың күзінде ел біраз сабасына түсіп, қобалжу басылды. Содан кейінгі жылдары партия, кеңес орындары елді отырықшылыққа үгіттеп, шаруалардан ұжымдық шаруашылық артельдерін ұйымдастыруды қолға алып, батылырақ іске кірісті. Сауатты жастар үгіт жұмысына тартылдық. Бірақ бұл маңызды істерді жүзеге асыру науқанында байлар мен олардың сойылын соғушылар қарап қалған жоқ, кесел келтіруге барлық амал-айласын салып бақты. «Ұжымдық шаруашылықтарға кірмендер, кірсеңдер қайта шыға алмайсыңдар, әуелі малыңды ортаға салады, одан кейін кезек әйелің мен қызыңа келеді, бір төсекте жатып-тұрасыңдар, бір қазаннан тамақ ішесіңдер, малдарыңды оларға бергенше, сойып жеп, қызығын көріңіздер!» деп алуан түрлі үгіт-уағыз айтты, үрей таратты. Мұндай азғыруға иланғандар малдарын жаппай қырып, сойып бастады. Сол кездегі аудандық газетке «Түйеге тиді іш жарғыш, Еңсеген мен қос жарғыш» деген тақырыппен мақала шыққаны есімде. Қарашағыр ауылдық кеңесінің (қазіргі Қаражанбас жері) тұрғыны Еңсеген деген азамат өз түйесінің ішін пышақпен жарып өлтіріп, «түйем іш жарғыштан өлді» деп жұртқа жаяды. Онымен тұрмай тамыртаныстарына өз «әдісін» насихаттайды. Бұл кісінің кедей атын жамылып, байлардың сойылын соғып жүрген адам екені кейін белгілі болды. Ондай, «Сырдың суы сирағынан келмейтін суайттарды» әшкерелеп, малды орынсыз қырып-жоюдың алдын алу біз сияқты үгітшілерге оңайға түскен жоқ. Еселенген



жігермен байлардың үгіті теріс, кедейлерге түп-тамырымен зиян екендігіне жұрттың көзін жеткізіп үлгердік-ау десек, біздер бүгін үгіт айтып кеткен ауылдарға ертесіне байлардың үгітшілері қайта келіп азғыратын. Сөйтіп, кезек-кезек арбасып жүріп, ақыры, жұртты көндіретінбіз. Сондайда «шырағым-ау, жүзің жылы, лебің сенімді екен, обалыма қалмассың деп ойлаймын, арыз жазып, ұжымдық шаруашылық мүшесі болайын деп едім» дегенді естігенде, төбеміз көкке жеткендей болатын. Мұндай болашаққа бет бұрып отырған ақпейіл шаруаға шын жүректен бақыт тілейтінбіз.

Міне, біздер – 1930 жылдардың жастары, бұқараны осылай үйрете жүріп, өзіміз де үйрендік, басқа түскен өмір қиыншылықтарымен суарылып, шыңдалдық. Кейіннен сол кездерде үгітші болған маңғыстаулық жастардың арасынан көрнекті партия, кеңес қызметкерлері, шаруашылық басшылары өсіп-жетілді. Мысалы, 1930 жылдары ұжымдық шаруашылық құрылысына белсене араласқан Шадырақов Сисенғали 1938 жылға дейін Маңғыстау аудандық балықшы колхоздар одағын басқарды. Мәскеудегі орталық балықшы колхоздар одағының коллегия мүшесі болды. Ол 1948 жылы қайтыс болғанға дейін адал қызмет етті.

Кендірлінің байырғы балықшысы Рымбай Мұңалбаев қатардағы балықшыдан колхоз басшысы, аудандық атқару комитетінің төрағасы деңгейіне дейін көтерілді.

Кедей балықшының баласы Михаил Ефремович Донсков алғашқы құрылған балықшы колхоздың тұңғыш басшыларының бірі болды, ұзақ мезгіл моторлы балық аулау стансасын басқарды.

Осы орайда Долгий жергілікті кеңес депутаттарының бірінші төрағасы болған Михаил Борисов туралы біраз сөз айттып өткім келеді. Ол Бозашыдағы кедей балықшылардың ішінен жаңа саяси ұғымға тұңғыш құлай берілгендердің бірі болды. Кейіннен кеңес құрылысы жұмысына белсене араласты. Колхоздастыру қозғалысында да іскерлікпен танылды. Кісіге жағымды, өте мәдениетті, биязы адам еді. Қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен әңгімелескен кісісін баурап алатын ұстаз болды. Әйелі Наталья Александровна да





өте мәдениетті, мейірімді кісі болды. Мен өзімнің алғашқы білім мен еңбек сабақтарын осы кісілерден алдым. Осы екі ұстадарымның есімдерін осы күнге дейін ілтипатпен еске аламын.

1932 жылы Орталық партия комитеті мен Халық комиссарлары Кеңесінің «Қазақстанның ауыл шаруашылығын, мал шаруашылығын өркендету туралы» қаулысы өңірде ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастыру ісін жаңа арнаға салған тұңғыш құжаттардың бірі болды. Түбекте жаппай шаруашылықтар, артельдер ұйымдастыру ісі қолға алынды. Аудандық комсомол комитетінің қызметкері, партия комитеті мен кеңес ұйымдарының өкілі ретінде маған да бұл істерге белсене араласуға тура келді. Бозашыдағы менің туған ауылымдағы «Талап», «Еңбек» артельдерін құрғанда үгіт-насихат, көпшілік ұйымдастыру жұмыстарын жүргіздім. «Қарақұм» артельін құруға тікелей араластым. Кейін, 1938 жылы, бұл артельдер Қаратөбе ауылдық кеңесінде екі шаруашылық қосылып ірілендірілді, орталығы болып Қызан ауылы тағайындалды. Бертінде ол «Ақшымырау» шаруашылығының орталығы, Маңғыстау ауданындағы іргелі шаруашылықтардың біріне айналды.

Маңғыстауда елді қоныстандыру мәселесі кеңес үкіметі орнағаннан кейін-ақ, кідірмей күн тәртібіне кірген болатын. 1925 жылдан бастап «Қосшы» ұйымдарын құру, шаруаларды сол ұйымдарға тарту жөніндегі жүргізілген жұмыстардың көздеген мақсаты да осы болатын. 1927 жылдың наурыз айында өткен аймақтық құрылтай жиын Қосшы комитетін сайлады. Маңғыстаулықтардың көпшілігі осы одаққа мүше болды. Осы кезеңде егістік және жайылым жерлерді әділетті түрде бөлудің маңызы зор болатын. Өйткені әлі де жойылып бітпеген үстем тап өкілдерінің қалдықтары шұрайлы жерлерді өз меншігіне қаратуға күш салып бақты. 1929 жылы құрылған шаруашылықтар бөлімшелері осы бағытта көлемді істер атқарды. Ұжымдық шаруашылықтың әлеуметтік маңызы мен бағытын бұқара арасында дәйекті түрде насихаттап отырды. Сөйтіп, түбекте жаңа шаруашылық артельдері пайда бола бастады. Осыған байланысты көптеген жаңа жұмыс үлгілері



өмірге келді. Атап айтқанда, түбекте бұрын болмаған мал азығын дайындау, малдәрігерлік жұмыстары қолға алынды.

Түбекте жаңа өмір орнату, халықты саяси ұғым рухында тәрбиелеуде, шаруашылық құрылысына бұқараны іскерлікпен тартуда 1931 жылы құрылған «Колхоз жолы» газеті де елеулі үлес қосты. Ол шын мәнінде шаруалар газеті болды. Онда түбек шаруаларының алдында тұрған көкейтесті міндеттер сараланып, олардың мұң-мұқтаждары, ой-пікірлері түсінікті тілмен жарияланып отырды. Газет 1933 жылдың 1 қаңтарын екпінді еңбек күні ретінде жариялап, шаруаларды осыған үлес қосуға шақырды. Еліміздегі әрбір ірі саяси және шаруашылық маңызы бар уақиғаларға жедел үн қосып, өз оқырмандарына насихаттап отырды. Осы орайда газеттің 1936 жылғы жаз айларындағы сандарында Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне арналған көптеген мәліметтер берілді.

Маңғыстау өңірінде ұйымдастырылған ауыл шаруашылық және балықшы артельдері жыл санап сан және сапа жағынан өсіп, дамып, нығая берді. Мысалы, 1933 жылы барлығы 18 артель болған болса, 1939 жылы 28 ауылшаруашылық және 10 балықшы артельдері ұйымдастырылып, жұмыс жасады. Сол 28 мал шаруашылығы артельдерінде мыңдаған үйлер мүше болып, 10-15 мыңдаған қой мен ешкілер, бірнеше мың жылқы мен түйелер бағылып, өсірілді.

Маңғыстаулықтар егістік жерлерді игеру жұмысын да назарынан тыс қалдырмады. Сол жылдары Қаңға, Ақсу, Қолмыш, Суат, Борлы, Жыңғылды, Ұланақ, Шайыр, Шетпе, Тұщыбек, Жармыш, Аусары, Ағашты, Оңды және басқа да сайлы атыраптарға суармалы егін егетін алғашқы серіктестіктер пайда болды. Олардың бірқатары суармалы жерлерді, өзгелері жаңбыр, қар суларын пайдаланатын бағар алаңдарды негізге алып жұмыс жасады. Егістік жерлердің жалпы көлемі ондаған мың гектардан астамға жетіп, бұл жерлерде бидай, арпа, жүгері өсіріліп, бірталай өнім алып тұрды. Бау-бақша салу, жеміс-жидек, көкөніс өсіру ісі де қолға алынды. Кетікте (Форт-Шевченко) бау-бақша салынып, көкөніс өсірілді. 1934 жылы ауыл шаруашылығы машиналарын жөндеу шеберханалары, алғашқы машина-трактор стансасы ұйымдастырылды.



1938 жылы әлсіз ұсақ ұжымдық шаруашылықтарды ірілендіру шаралары жүргізілді. Бұл ірілендіру жұмыстарына да белсене араласуыма тура келді. Алдымен қажетті жұмыстарды жоспарлап, біріктірілетін шаруашылықтарды белгілеп, анықтап, аудандық атқару комитетінде бекіту, нұсқау жобаларын әзірлеу және басқа да көп ұйымдастыру жұмыстарын жасадым. Өзім атқару комитетінің өкілдерінің бірі болып Ақтөбе ауылдық кеңесінде өкілдік қызмет атқардым. Ол кезде ауылдық кеңес төрағасы Есберген Таңатаров болатын, кейін ол Ұлы Отан соғысында қаза тапты. Осы ауылдық кеңеске қарасты «Жаңа қорған», «Қызыл Қазақстан» атты шаруашылық артелдерінің орталығында жиналыс өткізіп, бірігуге қаулы алдық. Орталығын Үштаған жері деп белгіледік. Кейін бұл Маңғыстау ауданындағы Ильич атындағы шаруашылықтың орталығы болды. Түпқараған, Бозашы, оң жаға, тау бойындағы шағын шаруашылықтар да іріленіп, олардың негізінде бірнеше жаңа ұжымдық шаруашылықтар құрылды. Мен, осы жаңа шаруашылықтардың бірі – С.М. Киров атындағы балықшылар ұжымын ұйымдастыруда да біраз еңбек еттім.

Партия мен Кеңес үкіметінің ауылды социалистік жолмен қайта құруға бағыттаған барлық шаралары бұқара арасында кең қолдау тапты. Жеке-жеке жүргізген шаруашылықтан ұйымдасқан шаруашылықтың артықшылығына елдің көзі жетті. Іріленген шаруашылықтардың орталықтары белгіленді. Бұрын көшіп-қонып жүрген шаруа халық отырықшылыққа ауыса бастады. Ауылдарда сауда орындары ашылып, мектептер салынып, кітапханалар мен оқу үйлері, мәдениет ошақтары пайда болды. Шаруашылықтардың өркендеуі түбек еңбекшілерінің саяси, еңбек белсенділігін, қоғамдық меншікке көзқарасын өзгертті. Малшылар, балықшылар, дихандар ел, Отан игілігі үшін үлгілі жұмыстар атқарып, жоғарғы көрсеткіштерге жетті.

Мысалы, 1930 жылдардағы алдыңғы қатардағы малшылардың бірі Баржығұлов Өтебай қоғамдық мал басын аман сақтаудағы өз тәжірибесін өлкелік жиналыста паш етті. 1937-1938 жылдары А. Намазов, Т. Тәжікеновтер мал басын өсіру жөніндегі жоспарларын үнемі асыра орындаумен аттары шық-



ты. 1940 жылы Маңғыстау ауданының «Орпа» шаруашылық артелінің жылқышысы Назарбаев төл алу, оның басын аман сақтау жөніндегі жарыста бірінші жүлдеге ие болды. Қаратөбе ауылдық кеңесінің «Талап» шаруашылық ұжымының бас шопаны Ш. Масатов өзіне берілген 180 бас саулықтан 204 қозы алып, аман сақтап, еңбек озаты атанды. Сауыншылар Б. Теңізбаева, Ж. Ұзақбаева, жылқышы З. Медетов осы шаруашылықтың озаттары болды. Ал осы шаруашылық ұжымының жылқышысы Танаш Бисенов үлкен табыстарға жетіп, Гурьев облыстық еңбекшілер Кеңесінің депутаты болып сайланды. «Бірлік күші» шаруашылық ұжымының қой отарының бақташысы Төлеуова алдына жан салмаған жарыс озаты атанды.

Сол кездерден соң халқымыздың басына ауыр сын түсірген тарихи кезең – Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыс алдында енді ғана қалыптаса бастаған, үлкен жолға бет алған шаруашылықтар соғыс жылдарында жұртшылықтың басын біріктіріп қана қоймай, елде қалғандарға пана болды, азаматтары соғысқа кеткен қарттар мен әйел-балаларға қамқорлық істеді. Майдан мен тылдың бірлігін қамтамасыз етті. Елдің бас көтерген ер-азаматтары зұлым жаумен күреске аттанды. Солардың қатарына мен де қосылдым. «Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен саз кешкен» бұл сын кезең – өз алдына бөлек еңгіме.

\* \* \*

Кеңес үкіметінің Маңғыстауда орнығып бастаған кезіндегі өкемнің өмір, еңбек жолдарының қысқаша мазмұны мынадай.

Ол 1928 жылдың сәуір – 1930 жылдың шілде айлары аралығында Форт-Александровск қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алады. Сол кезде, 1928 жылы, Коммунистік жастар одағы (комсомол) мүшелігіне қабылданған.

1930 жылдың қыркүйек – 1932 жылдың мамыр айлары кезінде Гурьев қаласында партия-кеңес мектебінің тыңдаушысы болған. Осы оқу орнын бітірген соң ол Батыс Қазақстан



облысы орталық комсомол комитетінің шешіміне сәйкес Маңғыстау аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған. Бұл жұмысты 1932 жылдың маусым айынан 1934 жылдың сәуір айына дейін атқарыпты.

1934 жылдың сәуір – 1938 жылдың мамыр айлары аралығында Маңғыстау аудандық балықшы ұжымдық шаруашылықтары кәсіподағының кадрлар бөлімінің инспекторы қызметін атқарған. Міне, сол кезде, әкем мен Маңғыстау, Шевченко аудандарында ақын-үгітші қызметін атқарған, кейін Қазақ КС Республикасының Халық ақыны дәрежесіне жеткен Сәттіғұл Жанғабылұлы екеуінің таныстығы, тығыз араластық қарым-қатынасы басталған екен. Сәтекең ақын атқарған үгітшілік қызмет туралы жазған әкемнің естелігі, ақынның өз аузынан жазып алған дастан, өлең, толғау-термелерін ілгеріде, арнайы тарауда әңгімелейтін боламын.

**Мангистауский район  
1928-1991 гг.**

**Ответственные работники райкома  
ЛКСМ Казахстана**

Тудепбергенов А.	1928
Джиенбаев С.	1929-1930
Балдеков Орынбай Айтмағанбетович	1932-1934
Чапаев	1937
Гумаров	1937
Губашев	1937
Сенгирбаев Дашен	1938-1939
Шакратова Княз	1942-1943
Утесинов Маху	1946

О.А. Балдековтің Маңғыстау аудандық комсомол комитетінің жауапты қызметкері болғаны туралы мәлімет «Жастығым менің – комсомол (Маңғыстау комсомолына арналады)», «Балалар әдебиеті», Алматы, 2008 ж., кітабында жарияланған (263-бет)



Орынбай Айтмағамбетұлы 1938 жылдың мамыр-желтоқсан айларында Қазақ радио комитетінің уәкілі ретінде Маңғыстау радио комитетін басқарған. Өлкеде радио хабарын тарату жұмысын ұйымдастырған.

Ол 1939 жылдың қаңтар-қараша айларында Форт-Шевченко қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесінің меңгерушісі қызметін атқарған. Сол кезде оның ұйымдастыруымен, тікелей қатысуымен Маңғыстау тарихындағы елеулі тарихи маңызды халық тұрмысын жақсарту шараларының бірі – қалалық электр жүйесін іске қосу, тұрғын үйлер мен мекемелерді электрлендіру ісі жүзеге асты. Әкемнің сол қызметі туралы замандасы, жергілікті өлкетанушы-тарихшы, Форт-Шевченкодағы Т.Г. Шевченко атындағы мұражайды 20 жыл бойы басқарған Қазақ КС Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Есбол Өмірбаевтың (1916-1988) айтқанымен ілгеріде танысамыз.

О. Бәлдеков Форт-Шевченко коммуналдық шаруашылық мекемесінің меңгерушісі болған кезде замандасы, кезінде комсомол белсендісі, кеңес-партия қызметкері болған Жазмағамбет Қызылбаевтың басына қиыншылық түскенде оған адамгершілік көмек көрсеткен. Ол туралы мынадай мәлімет оқыдым.

«...Үлкенді-кішілі кеңес қызметтерін абыроймен атқарған адал коммунист Жазмағамбет Қызылбаев 1937 жылдары айыпталып Гурьев түрмесінде отырып, ақыры, ақталып шығады. Оның ізін бағып жүрген аңдушылардан күдіктенген бұрынғы дос-жолдастары бір қондырған соң, екінші күні сырт айналады. Түрмеден шыққан Жазекене елге жету қиынға түседі. Сөйтіп жүргенде қол ұшын берген Орынбай Бәлдеков екен. Сол кезде Форт-Шевченко қалалық коммуналдық қызметінің бастығы боп жүрген Орекең жұмыс бабымен барған сапарында Жазмағамбетті өзіне берілген моторлы кемесінің трюміне палатады, сырт көзден оқшау ұстап, елге жеткізеді...» [30].

Әкем 1939 жылдың желтоқсан – 1940 жылдың тамыз айларында Маңғыстау аудандық мал дайындау мекемесінің меңгерушісі қызметін атқарған. 1940 жылы Коммунистік партия қатарына қабылданған, 50 жылдан астам уақыт партия мүшесі болды.

Ол 1940 жылдың қыркүйек – 1941 жылдың наурыз айы кезінде Форт-Шевченкодағы мектеп-интернаттың директо-



ры қызметін атқарған, С.М. Киров атындағы орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болған. Ал 1941 жылдың сәуірінен 1942 жылдың сәуіріне дейін Шевченко аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде жұмыс жасайды. Міне, осы кезде, 1941 жылдың қараша айында, КСРО Ғылым Академиясы Қазақ бөлімшесінің әдебиет үлгілерін жинақтаушысы Асайын Хангелдин Мұрын жыраумен кездесуге, оның өз аузынан «Қырымның қырық батыры» жыр-эпостарын жазып алуға Форт-Шевченкоға келеді. Осы маңызды үкімет тапсырмасын орындау шеңберінде жүргізілген жұмысқа Орынбай Айтмағамбетұлы тікелей араласқан, басы-қасында болған. Әкемнің ол естелігімен де ілгеріде танысатын боламыз.

## **БІЗГЕ ЖЕҢІС КЕНЕТТЕН КЕЛЕ ҚОЙҒАН ЖОҚ...**

*Есбол ӨМІРБАЕВ,*

*Маңғыстау облыстық «Огни Мангышлака» газеті,*

*7 қараша, 1987 ж.*

...1939 жылы Қазан төңкерісінің мерекесі қарсаңында Форт-Шевченкодағы әрбір үйде электр шамдарының жануы маңғыстаулықтардың санасында, көңіл күйінде кәдімгідей өзгеріс жасады.

Бұл істі жүзеге асырудағы айтарлықтай үлестің иегерлері – аудандық партия комитетінің бюро мүшелері – Орынбай Бөлдеков, Ғайния Қарабекова (ол кезде анам Ғайния Меңдалықызы Қазақстан КП Шевченко аудандық партия комитетінің Іс басқармасының меңгерушісі болып жұмыс жасаған), С. Шымыров, З. Құсайынова, А. Құсайынова.

Барлығынан көп еңбек еткен коммуналдық шаруашылықтың меңгерушісі Орынбай Бөлдеков болды. Ол электр құрал-жабдықтарын, сымдарын, шамдарын іздестіріп, Мақашқала, Гурьев қалаларында болып, адам айтқысыз қиындықтардан өтіп, соларды және де ғаламат бір мүмкіндікпен динамомашинаны тапты. Сонан соң ол Форттағы жалғыз электр мама-



ны Воронцовпен бірге еңбектеніп, тұрғын үйлер мен қоғамдық кеңселерге электр жүйесін тартты.


Міне, осылай 7 қараша мейрамы күні кешке қалада көз тұндырар жарығы бар үш жүздей электр шамдары жарқ етті. Біздің қуанышымызда шек болмады!..»





VI тарау

МАЙДАНГЕР КАПИТАН  
ОРЫНБАЙ БӘЛДЕКОВ



*...Гитлердің Кеңестік Ресейге бекерлік басқыншылық шабуылы өзінің мағынасыз, тағылық ойрандатуы мен қазалылығы тұрғысынан адамзат тарихында болған уақиғалардың ешқайсысымен – ессіз соқыр тәуекелге барып, баянсыз мәртебе, даңқ пен қожалық, билік іздестірген Кирдің, Дарийдің, Ескендірдің, Цезарьдың, Атилланың, Мамайдың, Шыңғысханның, Темірланның, Наполеонның халықтарды жан түршігерліктей жаппай қырып-жойып, құлдыққа салуымен салыстыруға келмейді...*

*Теодор ДРАЙЗЕР,  
американдық жазушы*



## ТАҒЫ ДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ

1941-1945 жылдары халқымызға көп бейнет-азап, қиыншылықтар мен ауыртпалықтар әкелген Кеңес одағы мен гитлершіл Германия арасындағы Ұлы Отан соғысы кезінде майдандарда қырғын ұрыстарға қатысқандар мен тылда тынымсыз еңбек еткендер туралы жазылғандар тек қана осы замандағылардың ғана емес, болашақ ұрпақ-түлектің де назарынан тыс қалмайтын болар.

Маңғыстауымызға майдан шебі жетпеді, өлкемізде ұрыстар болған жоқ, тек қана жерімізге соғыс отының бірен-саран ғана ұшқыны тигендей болды. «...1941-1942 жылдары майдан шебінің Кавказға, Еділге жетуіне байланысты Маңғыстау бұрынғыдай терең тыл емес, алдыңғы шепке жақын аймақ болды...». «...Жүк кемелерін жою мақсатымен Каспий теңізінің шығыс жағалауын жаудың бомбалаушы ұшақтарының торығаны, 1942 жылдың күзінде Таушықты бомбалағаны белгілі...» [28; (205, 210-беттер)].

Фашистердің Еділ жағасындағы Сталинград қаласы үшін шайқасы тарихи маңызды ұрыс болыпты. Егер жау сол ұрыста жеңіп, Еділден өтіп, Жайыққа жетіп, оны да әрі аттағанда, ақын-жыршы Мұрат Мөңкеұлының толғауында айтқан:

*«...Еділді тартып алғаны –  
Етекке қолды салғаны,  
Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға қолды салғаны...»*

дегендей жағдай туатын еді. Сөйтіп, немістер қазақтың да жағасына жармасып, етегінен алып, кең байтақ қазақ даласына қанды қолын сұғып, біржола еніп кетуіне мүмкіндік туатын еді. Бағымызға қарай, мұндай жағдай ел басына туған жоқ.

Сол кезде Сталинград майданына жақын орналасқан Батыс Қазақстан аймағының қазіргі Атырау, Ақтөбе, Орал облыстарының жерлері майданның ең жақын қорғаныс тылына



айналғандықтан, бұл аймақтарда 1942 жылдың күзінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен соғыс жағдайы енгізіліпті. 1942 жылдың қыркүйек айының басында Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы М. Бекжанов басқарған Гурьев Қорғаныс комитеті құрылыпты. Ал 1942 жылдың 10 қыркүйек күні Гурьев аспанында аш құзғындай самғаған алғашқы жау ұшағы пайда болыпты [31].

Сол «ел басына күн туған, ер етігімен су кешкен», жаумен жағаласқан жылдарды әкем өзінің естеліктерінде төмендегідей сипаттайды.

## ОТ КЕШКЕН ЖЫЛДАР

*(Ұлы Отан соғысының ардагері  
Орынбай Бәлдековтің естелігі)*

«Соғыс басталыпты! ...Фашистік Германия біздің елге қарсы соғыс ашыпты!» – міне, осынау оқыс хабар бейбіт еңбекте тер төгіп жүрген Маңғыстау түбегі тұрғындарының арасына жан түршіктірер жай оғындай әсер етіп, жүрек мұздата, лезде тарап кетті. Бүкіл халық дүрлікті, қаһарға мінгендей күйге түсті. Неміс-фашист басқыншыларының отанымыздың жеріне опасыздықпен басып кіруі әрбір адамның жүрегін жауға қарсы ыза менен кекке толтырды.

1941 жылдың маусымында ұжымдық шаруашылықтарда болып, ауыл шаруашылығы жұмыстары барысына бақылау жүргізіп, саяси оқу өткізіп жүргенмін. Бір күні кешке сол шаруашылықтардың бірінің шөп шауып, мал азығын дайындап жатқан пішеншілер тобының қосына қонуға бардым. Сонда шұғыл келген хабаршы Германияның әскері елімізге тұтқиылдан соғыс ашып, Отан жеріне баса-көктеп кіргені, осыған байланысты Форт-Шевченкода партия-кеңес белсенділері қатысқан қала жұртшылығының жиналысы болғаны, онда аудандық партия комитетінің хатшысы Ғ. Ишкенов сөз сөйлегені туралы хабар жеткізді.

Сол кезде қалада, Баутин кентінде, балық комбинатында, ұжымдық шаруашылықтарда халық жиындары бірінен соң



бірі өтіп жатты. Осы бұқаралық жиындардың түйінді сөздері – «Жерімізді жауға бермейміз! ...Майданға көмек үшін қолдан келгеннің барлығын жасаймыз! ...Соғысқа аттануға әзірміз!» – міне, осы мазмұнда болды.

Отанды қорғау – қасиетті іс, абыройлы борыш, азаматтық парыз. Соңғы кездерде осы сөздер жиі айтылып тұрады. Оларды «жаттанды сөздерге айналып кетті» деуге де болмайды. Бұлар – қасиетті, еш уақытта мезі қылмайтын, әрқашанда жігермен айтылатын сөздер. Бұл сөздер санамызға да әбден сіңіскен сияқты. «Ой өрісі кең, санасы жетіскен азамат жастар Отан үшін қандай қатерге де ойланбай аттанатындай болуы керек» деп ойлаймын. Мұны сол соғыс кездерінде әскер қатарына алынғандар да, еңбек сапында қалғандар да дәлелдеп берді. Орнағанына ширек ғасыр да толмаған жас мемлекетіміздің басына қауіп төнген сонау 1941 жылы өз отанының болашақ тағдыры не боларын түсінген, жүрегі ел үшін соққан жастар маңғыстаулықтардың арасында аз болған жоқ. Соғыс басталған алғашқы күндердің өзінде-ақ қолдарына арыз-өтініштерін ұстаған жас жігіттер Шевченко аудандық әскери комиссариатының есігін тори бастады. Бейбіт өмірді бұзып, қарақшылықпен соғыс ашқан жауға деген ыза, өшпенділік кернеген азаматтар жеке-жеке, топ-тобымен келіп, әскери комиссариаттан жолдама алып, соғысқа аттанып жатты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ қолына қару ұстауға жарайтын барлық ер азаматтар майданға аттанғанда олардың орнына еңбектен қол үзе бастаған қарттар, қабырғасы қатпаған жастар, бала бағып үйде отырған әйелдер, соғысқа аттанып кеткен балалары мен әкелерінің, күйеулерінің, туыстарының орнына тұрып, еңбекке араласып кетті. Шаруашылықтың барлық саласы соғыс тәртібіне көшіріле бастады, жұмыс күні сағатпен емес, таңның атысы – күннің батысымен өлшенетін болды. «Барлық мүмкіндіктер майданның керегі үшін, жеңіс үшін жұмсалсын!» – сол кездегі еңбекшілер жиналыстарының қаулылары, міне, осындай еді. Арада өткен бірталай мерзімнен кейін сол күндерге ойша көз жүгірткеннің өзінде жүрегімді өзгеше бір толғаныс билейді. Әлде содан бергі өткен уақыт кедір-бұдырын тегістеп, әсерін жойып үлгермеді ме, әйтеуір, сол кездегі адамдардың жүрегі жалынға айналып, кек болып ұшқындап кеткендей бір әсер көңілімнен арылмайды.



Ол кездегі ел-халықтың қайсыбір өкілдері де майдан үшін қолынан келгенін жасап қалуға ұмтылатын. Еңбек ұжымдарында жаңа бастамалар туындады, алынған міндеттемелердің асыра орындалуына көпшілік ынтасын салды. Мысалы, Баутин балық комбинатының «Гелиотрон» кемесінің ұжымы көтеріңкі міндеттемелер алып, жерлес жауынгерлеріне хат жолдады. Хатта балықшылар өздерінің қан майданда жүрген жерлестеріне қажырлы еңбектерімен көмектесетіндерін айтты. Сол хат тарихи құжат болып сақталып қалды. Біз, аудандық партия комитетінің қызметкерлері, соғысқа кетуге ұмтыла жүріп, майдандағы ұрыстың тылдағы ерлік еңбектен ажыратқысыз екендігін терең түсіндік. Еңбек ұжымдарындағы адамдардың жігер отын жағуға күш салдық. «Әркім өзіне тапсырылған істі адал орындасын! ...Әр адам өзінің үлкен іске қосар үлесінің салмағын айқын білсін! ...Қолымыздан келетін мүмкіндіктерді жеңіс кәдесіне жаратайық!» деген ұрандармен маңғыстаулықтар тынымсыз еңбек көрігін қыздырды. Әзір соғысқа жол түсе қоймаған біздер майдан үшін жылы киім, азық-түлік, әскери аттар жіберу, Отан қорғау қорын жасақтау жұмыстарын жүргізуге араласып кеттік. Халықтан жиналған қолдан тоқылған жылы қолғап-шұлықтар, тігілген жылы киімдер майданға жөнелтіліп жатты. Әйелдер өз әшекей бұйымдарын ортаға салуды да бастады.

Есімде қалғаны, осындай қызу күндердің бірінде Ералиев атындағы ұжымдық шаруашылықта бұқаралық жиналыс өткіздік. Сол жиналыста ертеден бақташы болып жұмыс жасаған Тұрмағамбетов Кенжебай деген қарт сөз алды. Ол кісі аса салмақты кейіппен айналасын күңіреніп сөйлегенде, бәріміз де демімізді ішімізге тартып, тыңдап қалған едік. Ақсақал өзінің сөзін:

*«Ел шетіне жау тисе,  
Ал, жігіттер, аттаның!  
Өзіңе тұғыр тапқаның,  
Ер басына қой айттық,  
Көтерілсін бақтарың»*

деген ұран тастайтын ата-бабадан келе жатқан салтымыз бар, – деп бастады.



– Міне, бүгін сондай күн туып отыр. Отанын, елі мен жерін қорғауға қолына қару ұстай алатындардың бәрі де шұбырып, майданға кетіп жатыр. Мен жасым асқан қарт адаммын, ұрысқа бара алмаймын, бірақ отан қорғау қорына мал атаулыдан қалған жалғыз ешкімді беремін. Соны пайдаға жаратындар. Маған малдың қажеті жоқ. Отаным аман болсын! – деген.

Сол бір өмір бойы мал соңында жүрген қарапайым адамнан осындай жан тебіренерлік сөздерді ешкім күтпеген болар. Қарияның бұл сөздері жиналған көпшілікке ерекше әсер етті. Осы жиналыста ұжым мүшелері қорғаныс қорына ірілі-ұсақты 80 бас мал берді. Сол жиналыста ауданның барлық еңбекшілерін майданға көмек беруге шақырған үндеу қабылданды. Айта берсе, мұндай мысалдар көп-ақ.

Жалпы соғыс жылдарында Маңғыстау еңбекшілері майдандағы жауынгерлер үшін ондаған мыңнан астам әртүрлі сыйлықтар жіберді, танк колоннасын, «Советтік Қазақстан» атты әуе эскадрилиясын құру үшін қаржы жинап берді. Жау қолында қалған жерлерден көшіп келген отбасылар бауыр-малдықпен қарсы алынып, Маңғыстау өңірінен пана тапты. Мұның бәрі, әрине, қан майданның ортасында бел шешпей, дұшпанмен бетпе-бет алысқан жауынгер жазбаларынан сипаты өзгешелеу, отты күндер шежіресін біржақтылау көрсететін болар. Бірақ бұлар – менің өмір белестеріндегі өзінше салмағы бар, көкірегімде із қалдырған жайлар. Олар менің қанды жорыққа шығар алдындағы жаттығуларым сипатты. Соғысқа бармай жатып-ақ, мен сол сұрапыл оқиғалардың ел басына тудырған ауыр әсерін, халыққа жасаған қиянатын, орны толмас қасіретін өз көзіммен көріп, бүкіл жан дүниеммен сезіндім, лағынет айттым.

Көп ұзамай майданға кеткен жерлестерімізден алғашқы хабарлар келе бастады. Солардың бірі – жерлесіміз Ораз Бозақаров туралы келген хабар болды. Ол Смоленск бағытындағы ұрыста шегінген әскерлеріміздің артында кедергіге қалып, станокты пулеметпен гитлершілердің бірнеше шабуылын тойтарып, біздің әскеріміз қайта оралғанша сол орныққан жерді жауға бермей ұстаған. Жауды көптеген жауынгерлерінің өліктерін ұрыс даласында тастап шегінуіне мәжбүр еткен. Осы ұрыста Ораз ауыр жаралы болады. Ол майданнан Жауынгер-



лік Қызыл Ту орденімен марапатталып оралды. Ол елге келген соң да қажырлы еңбек етті. Осындай жауынгерлік ерліктері үшін марапатталған жерлестеріміз аз болған жоқ. Мысалы, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған маңғыстаулық жігіттердің қатарында Әмірқұлов Далжан елге III дәрежелі «Даңқ» орденінің, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің иегері болып оралды. Еділ бойында жүргізілген әйгілі Сталинград майданында да біздің жерлестеріміз ерлік көрсетті. Олардың ішінде ертегінің батырлары сияқты аты аңызға айналған Исатай Сүйеубаевтың ерлігін маңғыстаулықтардың көбі біледі. Н. әскери құрамасы саяси басқармасының әскер басы генерал Соколов жерлесіміздің көрсеткен ерлігі жөнінде Гурьев облыстық партия комитетіне мынадай хат жолдапты.

«Жақында танкішілер десантында болған сіздің жерлесіңіз Исатай Сүйеубаев бір өзі он адамның орнына ұрысты, көптеген фашистерді қырды. Автоматының оғы таусылғанда, оны қоршауға алған жауды гранаталармен сыбады. Оны тірі ұстамақ болып жекпе-жек ұрысқа келген неміс офицерін дулығасымен ұрып өлтірді. Ол ұрыста 150 неміс жауынгерлері мен офицерлерін жойды, 7 дзотын талқандады. Исатай ең жоғарғы құрмет – Ленин орденімен марапатталды. Облыс еңбекшілері мен жұмысшыларына, оның отбасына Исатайдың ерліктерін жеткізіңіз. Оның бұл ерліктері жерлестерін бұрынғыдан да жігерлендіре түссін»...

...Ақыры, біз майданға аттанатын күткен күн де келіп жетті. 1942 жылдың сәуір айы болатын. Бір топ жерлестерімізді майданға шығарып салып келген бойымызда өзімізге де жолға жиналуға хабар келді. Көптен күтіп жүрген күн ғой, көңіл сөл қобалжығанымен, қуаныш нышаны да жоқ емес. Отанды қорғауға ауылда жүріп емес, жаумен қан майданда тіресе жүріп қатысу ол кезде кім-кімге болса да мәртебе еді. Оған қоса отбасының бас көтергендерін соғысқа аттандырып, қабырғаларын қайыстыра еңбек етіп жүрген әйелдердің алдында әлі де майданға кетпей жүргеніңе өзінді кінәлідей сезінетін кездер де болмай қалмайтын...

...Сонымен, майданға кететін болып ауылдан тоғыз жігіт – мен, Елубай Ізтілеуов, Бөлекбай Қанбаев, Әбдіраш Омаров, Боқан Лақбаев, Әбен Бегеев, Ибат Тәжібаев, Мырзахмет





Өтешев, Құлмырза Ыбыраев бірге аттандық. Сөз реті келіп тұрғанда айта кетейін, сол тоғызымыздан туған жер топырағын қайтадан аяқпен басуға тек қана мен, Бегеев Әбен, Лақбаев Боқан үшеуіміз ғана оралдық. Бізді бірден майдандағы ұрысқа салмай, әскери дайындықтан өтуге жіберді. Бұл жағдай біздің аптыққан жас көңілімізді біраз жасытып тастағандай болды. Мені Ленинградтың Фридрих Энгельс атындағы кіші сардарлар дайындайтын әскери-саяси училищесіне апарды. Училищеде оқып, әскери жаттығуды бастадым. Бұл да қиын уақыт болды. Оқу-жаттығудан бас көтермейтін едік, қай кезде дем алатынымыз есімде қалмады. Әскери дайындығымыз күн ұзағына – таңның атқанынан, күннің батқанына дейін, ара-арасында түнде де ешқандай тынымсыз жүргізілді. Дайындық сабақтары – ұрыс тәсілі, әскери тактика және тағы басқалар көбіне ашық далада, ауа райының желді, жаңбырлы болуына қарамастан, жүргізіле береді. Офицерлер «оқуда қиын болса, ұрыста жеңіл болады» деп үйретті. Ал кешкі жиындарда жауынгерлермен жүргізілетін ұрыс алдындағы, ұрыс кезіндегі, ұрыстан кейінгі саяси тәрбиелік жұмыстар егжей-тегжейлі өңгімеленетін. Адам үйретсе, өте шыдамды болады екен, қанша қиындықтар жүктелген, үзіліссіз оқу-тәжірибе сабақтары жүргізілсе де, аз ғана тыныс алып, демалғаннан соң, шаршағанымыз кетіп, тыңайып қалатынбыз. Сол кездегі сұрапыл жағдайларға байланысты демалыстың болуы да мүмкін емес еді. Оқуымыз, жаттығуымыз көпке созылмады. Ленинград қаласы үшін жүріп жатқан соғыстардағы жағдайдың қиындап кетуіне байланысты бізді оқудан босатып, майданға аттандырды...

\* \* \*

Ұлы Отан соғысы басталған соң 9 айдан кейін, 1942 жылдың сәуір айында әскер қатарына шақырылған әкем 30 жасқа толған еді. «Тылдағы саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты қажетті қоғамдық саяси-әлеуметтік қызметкер ретінде оның майданға шақырылуы кейінге қалдырылған болар» деп ойласам да, оның соғысқа кештеу аттануының себебін түсіну



мақсатында аз-кем жүргізген ізденісім кезінде танысқан кейбір деректердің мазмұнына тоқталғым келеді.

Соғыстың алғашқы жылдарында фашистердің әскери қарулы күштерінің басым болғаны, сол басымдықты пайдаланып, олардың Кеңес Одағының бірталай жерлеріне баса-көктеп кіріп, жаулап алғандығы белгілі. Мұның бірден-бір себебі, соғыстың бастапқы кезінде КСРО-ның бүкіл өнеркәсібі мен өндірістік шаруашылығының соғыс жағдайына бейімділікпен жұмыс жасауға, әскердің қару-жарақ қажеттігін толық өтеуге көшіп бола қоймағандығы болған.

Неміс әскерінің соғысу әдісі бойынша қарсылас әскердің орналасқан қорғаныс шебін әуелі аспаннан ұшақтармен бомбалаған, артынша артиллериямен соққылап, сонан кейін ілешала қаптаған танк колоннасын салып, тек қана осы шаралардан кейін автоматты қарумен қаруланған жауынгерлерін шабуылға салған. Ал Кеңес әскері жауынгерлерінің қару-жарақтары, оларды қолдайтын соғыс әуе күштері, артиллерия техникасының жеткіліксіз болғандығынан олар жауға төтеп беріп, қарсы тұра алмай, жаппай шегіне бастаған. Осы негізгі себептерге байланысты майдан шебінің ел астанасы Мәскеуге жақындағаны, жаудың Ленинградты қоршағаны, неміс әскерінің Кавказ бен Еділге жеткені соғыс тарихынан аян. Осы себептермен қатар мына жағдай да орын алыпты.

Кеңес үкіметі тарапынан жауға тойтарыс беруге бағытталып, жүзеге асырылған шаралардың бірі ретінде әскер санын көбейтіп, тірі адам күшін жауға қарсы қою саясатын жүргізген екен. Осы соқыр саясатқа байланысты, бүкілхалықтық жаппай адам күшін соғысқа жұмылдыру кезінде шақырылғандар әскери дайындықтан өтпеген қарапайым халық өкілдері болған. Соғысқа дейінгі саналы өмірінде қолдарына қару ұстап та көрмеген, орыс тіліне де шорқақ, орыс тілінде берілетін әскери бұйрық-нұсқауларды түсіне алмайтын, ішінара шала сауатты, кейбірі тіпті сауатсыз ұлты орыс емес халықтардың қарапайым азаматтарының талайы тиянақты әскери дайындықсыз, соғыстағы әскер қатарына косылып, майданға жіберіліпті. Осылайша құрылған, қару-жарақпен қамтамасыз етілмеген әскери күш жауға тойтарыс беруге де, жауды тоқтатып, майдан шебін тежеп тұруға да жарамсыз болғаны түсінікті жай.



Немістермен соғыста Кеңес әскерінде адам шығынының, жау қолына тұтқынға түскендер санының көп болуы осы себептерге байланысты болған. Соғыс тарихы баяндалған еңбектерде осы айтылғандарды оқығанда, ежелгі ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «дайындықтан өтпеген адамдарды соғысқа жіберу – олармен айырылысумен тең» дегенінің дұрыстығын түсінесің.

Осы ретте, соғысқа әскери дайындықсыз аттанған бір маңғыстаулықтың, өзіміздің жақын-жегжатымыздың өмірлік тағдыр тауқыметі есіме түседі. Соны әңгімелеп өтейін.

\* \* \*

Айтмағамбетқызы Шолпан апамыздың жұбайы – жездеміз Нұрлеспес Алпанұлы, соғысқа дейінгі өмірінде қолына қару ұстап та көрмеген, жылқы баққан ауылдың жігіті, әскерге шақырылып, майданға жіберіледі. Марқұм Нұрекең екі-үш рет Форт-Шевченкоға, Ақтауға емделуге, тіс салдыруға келгенде, біздің үйде бірнеше рет ай-апталап жатып, емделді. Сол кездерде, кешкі шай-астан кейін, ия демалыс күндері әңгіме-дүкен құрғанда марқұм Бисен ағам одан соғыс жайында бастан кешкендерін сұрайтын-ды. «Ой, сен мылтық ату білмейтін жылқышы, соғыста не бітірдім дейсің, бірде-бір фашисті жоймай, ауылға бос келген боларсың?» дегендей жезде-балдыздық ретте өзіл-шыны аралас әңгіме қозғайтын. Бисен ағаның мұнысына мыңқ етпейтін, болмысынан біткен салмақтылығына қоса өмірдің ащысын молынан татқан, бастан кешкені сабақ болған тұйықтығы да бар, көп сөйлемейтін Нұрекең тұтқынға түскенін аз-кем әңгімелеп, арасында бірекі неміс тіліндегі білетін сөздерін де қосып жіберетін. Бірақ баяндауын ұзаққа созбай, көп әңгіме шертпей, сөзін тез доғаратын-ды. Нұрлеспестің тағдырында болған жайдың анығын жетік білетін, соғыстың қиянатын көрген жауынгер жандардың жасырын жатқан жазылмастай жарасын қозғаудың, еске салудың олардың көңіліне қандай әсер ететінін білетін майдангер офицер-сардар болған әкем «әй, сол әңгімені қозғап не қыласыңдар?» деп тоқтау айтатын-ды. Сонда құлақ түргенде естіген азын-аулақ әңгімелерден түсінгенім мынау.



Ешқандай әскери дайындықсыз майданның алдыңғы шебіне немістермен ұрысқа алғашқы рет түскен Нүрекең жаудың артиллериялық дайындық атысы кезінде ес-түсінен айрылып зақымдалып (әскери терминмен айтқанда – контузияланып), жартылай топырақ басып, ұрыс шебінде қалып қойған. Жау қай жақта, өз әскері орналасқан бағыт қай жақта – оны айыра алмаған ол ұрыс қарқыны басылып, екі жақтың әскері де тынышталғандай болғанда ұрыс шебінен тезірек алшақтап, бас сауғалау әрекетін жасай алмаған. Осылайша ол ұрыс даласын шолып, сүзіп қарап, тексеріп жүрген немістерге тұтқынға түскен.

Оның адам айтқысыз ауыр тәлкекке ұшырағаны, біршама қуғын-сүргінді, қорлық-зорлықты, іріктеу лагерьлеріндегі ұрып-соғуды және басқа да қиянаттарды басынан өткерген тұтқындық өмір кешкені айтпаса да түсінікті. Сол тұтқындық кездердің бірінде, әртүрлі жұмыстарға жегіліп жүрген азиялық нәсілді, орыс тіліне де шорқақ тұтқынды немістер әскери жылқыларды бағып-күту жұмысына салады. Міне, сонда ол өзінің жылқы малымен жете таныстығын, бағып, баптауға бейімділігін байқатады. Немістер оны сол жұмысты атқаруға пайдаланады. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген бар, тағдырдың жазмышы солай болар, Кеңес әскерінің немістерді өкшелеп қуған, Еуропа жерлеріне майдан шебінің жеткен кезіндегі аласапыранда немістердің бақылауынан тыс қалған Нүрекең және да басқа отандас тұтқын орыстар бас сауғалап қашып, орманда жасырынып жүріп, ақыры Кеңес әскері тобына тап болады. «Қырық күн қырғын болса да, ажалды өледі» деген бар. Ажалы жетпеген, тағдыр тәлкегіне түскен Нүрекең арып-ашып, қайраты қажып, жүйкесі жұқарып, өз отанындағы тергеу-тексеру тәлкектерді де басынан кешіп, әйтеуір, тірі, соғыс біткеннен кейін біраз уақыт өткен соң ғана ақыры ауылына келеді.

«Нұрлепес ауылға соғыс біткен соң да кешендеу келді. Шолпан апамыз балаларын жалғыз асырап, өсірді» дегенді бұрыннан білетінмін. Бұл жөнінде соңғы кезде бір жарияланымнан мынадай мәлімет кездестірдім. «...Соғыстан кейін біраз уақыттан соң келген Тілеген Қалмағамбетов пен Нұрлепес Алпанов Нұрбергенді (кезінде Маңғыстау облысының ауыл



шаруашылығы саласында елеулі еңбек еткен Меңдібай Нұрбергеновтің әкесі, кітап сол азаматтың өмір-еңбек жолына арналған) 1943 жылдың соңғы айларында Орел майданында көргенін айтқан...» [26; (85-бет)]. Бұл кеш келу түсінікті. Кеңес Одағының жаудың қолында тұтқында болған жауынгерлерін заңды түрде қудалағаны – тарихи ақиқат. Тұтқында болғандар сталиндік қатал заң бойынша отанына келген соң да жер аударылу жазасын тартуы тиіс еді. Марқұм Нұрекең оған ұшырамаған болар, бірақ өз еліндегі неміс тұтқынында болғандарды тергеу-тексеру лагерінде болғанын пайымдау қиын емес.

Аталған басылымда келтірілген мәлімет Нұрлепес Алпановтың Орел қаласы маңындағы соғысқа қатысқандығын білдіреді. Бұл мені ойландырды, сондықтан Ұлы Отан соғысы тарихына шолу жасаған соң «Нұрекең Орел қаласының маңында 1941 жылы болған ұрыстар кезінде тұтқынға түскен болды-ау» деген жорамалға келдім. Бұлай болжауыма негіз бола алатын уақиғалар соғыс тарихында бар.

КСРО әскерінің Орел қаласы үшін немістермен шайқасы екі рет жүріпті. Бірінші ұрыс 1941 жылы 30 қыркүйек – 3 қазан күндері болыпты. Мәскеуге шабуылдау жолындағы Орел қаласы үшін болған осы ұрыста немістер Брянск Майданының әскерін орасан зор шығынға ұшыратып, оның қорғаныс шебін талқандап бұзып, екпінді қарқынмен екі күннен кейін ақ қаланы алыпты. Сол ұрыста олар Кеңес әскерінің 8 мыңнан астам жауынгерлерін тұтқындапты. Міне, осы ұрыста, 1941 жылдың күзінде, Нұрекең тұтқынға түскен болар. Ал Орел қаласының маңында 1943 жылы шілде-тамыз айларында болған екінші ұрыста немістер жеңіліп, бас сауғалап шегінумен болған.

Маңдайына жазылған тіріліктің қалған уақытында да Нұрлепес Алпанұлы жастайынан үйреншікті ісі – жылқы бағумен айналысты. Өзі есейген соң оның ісін баласы, жиеніміз Меңдіқұл жалғастырды. Нұрекең Бейнеу-Қоңырат темір жолы бойындағы Ақжігіт стансасының күнгей бетіндегі мидай даладағы бір төбенің басындағы, кезінде чумаға қарсы күресу шараларын жүргізген экспедиция үшін салынған үйде өмірінің соңғы жылдарын өткізіп, бұл өмірден өтті.



Өңгімемізді баяндап отырған негізгі тақырыбымызға аударып, әрі қарай жалғастырайын.

\* \* \*

Соғыстың бастапқы кезінде КСРО әскерін халық өкілдерімен толықтырып, санын көбейту саясаты жүргізілген. Сол кездегі орасан зор адам шығыны әскери дайындықтан өтпеген халық өкілдерін майданға салуға негізделген бұл саясатқа көзқарасты өзгертіпті. Әскердегі жауынгерлермен саяси, әскери дайындық жұмыстарын жетілдіруге маңыз беріліпті. Жауынгерлермен тікелей араластық қарым-қатынаста болатын орта және кіші лауазымды әскери бөлімшелердің сардарлығына сауатты партия-кеңес қызметкерлерін тағайындау ісі қолға алыныпты. Сол шаралар шеңберінде қысқа мерзімді әскери дайындықтан өткен, саяси сауатты партия-кеңес қызметкерлері майданға арнайы партиялық жұмылдыру арқылы жіберіліпті. Осы жұмыстарды дамыту үшін СОКП Орталық комитеті арнайы қаулылар қабылдапты. Сол шешімдер бойынша облыстық партия комитеттеріне, әуелі, 18 мыңнан астам партия мүшелерін соғыстағы әскерге аттандыру, кейін, тағы да 23 мың коммунистерді іріктеп алып, Қорғаныс халық комиссариаты қарамағына жіберу тапсырылыпты. Кіші әскери бөлімше сардарларының әскери дайындықтарын қамтамасыз ету үшін қосымша 59 әскери оқу-дайындық училищелері ашылды. Міне, осылай майдандағы әскерлер қатары арнайы әскери дайындықтан өткен 100 мың партия мүшелерімен толықтырылған екен. Бұл партиялық шаралар туралы мәліметтер П.Н. Бобылевтің (Великая Отечественная война. Вопросы и ответы, «Политиздат», Мәскеу, 1985 ж.) кітабында бар.

Осы деректермен танысқан соң, «соғыс басталған кезде Шевченко аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде жұмыс жасап жүрген әкем және онымен бірге аттанған маңғыстаулық коммунист жігіттер партия-кеңес қызметкерлерін майданға жұмылдыру шарасы кезінде шақырылған екен» деген тұжырымға келдім.

Майданға аттануға уақыт келгенде әкем Айтмағамбет атамыз жерленген қорымға тәу етіп, әкесіне бата оқыпты. Сонсоң өзімен бірге соғысқа жүргелі тұрған жолдасы Ізтілеуов Елубай екеуі қала маңындағы Сислам Ата қорымына зиярат жасап,



әулиеге сиынуға барыпты. Міне, осындай мұсылманшылық ниет көрсеткен күннің ертесіне әкеміз соғысқа аттаныпты.

Туған жердің бір уыс топырағы түйілген тұмарын мойнына тағып алып, санасында өшпестей із қалдырған, кіндік қаны тамған, кірі жуылған туған жерімен, шешесі Қоңыршамен, зайыбы Ғайниәмен, бес жарым жастағы қызы Зинешімен, бір жарым жастағы ұлы Бисенімен, бес айлық нәресте қызы Сәбирасымен, ағайын-тума, дос-жолдастарымен қоштасып, әкем 1942 жылдың сәуір айында майданға аттанып кете барыпты. Сол бір күндер туралы оның қойын дәптершесіндегі қолжазбасында мынадай күнделік-естелік бар.

«8 сәуір, 1942 жыл. Түпқараған айлағы, теңіз жағасы. Аташтағы балық өндеу зауытының кемежайы. Кемежай басы – ығы-жығы адамдар. Таңертеңгі сағат 10 шамасында мыңнан астам соғысқа аттанған азаматтар қатарында «Түрікменстан» атты моторлы кеме тартқан баржаға мен де міндім. Баржа тіркеген кеме жағадан жылжып, қозғала бастады. Жағада көрілер мен жастар, ата-аналар, аға-інілер, әйелдер мен балалар, дос-жолдастар – барлық жолға шығарып салушылар жамырай дауыстап, шулап жылап, қалып барады. Красноводскіге (қазігі Түрікменбашы) бет алған кеме-баржамыз бірнеше рет ащы айқайға салып-салып жіберіп, су бетін тілгілеп, құрлық жағалауынан ұзап, теңіз айдынына бағыт алды. Кіндік кесіп, кір жуған туған жер алыстап, қалып барады. Жағада қалған, қол бұлғаған қалың топқа әбден қарасы үзілгенше қарап тұрғандардың ішінде тоғыз жігіт – мен, Ізтілеуов Елубай, Қанбаев Бөлекбай, Омаров Әбдіраш, Лақбаев Боқан, Бегеев Әбен, Тәжібаев Ибат, Өтешев Мырзахмет, Ыбыраев Құлмырза бармыз».

«10 сәуір, 1942 жыл. Красноводск айлағына келіп, тоқтаған кемеге тіркелген баржадан түскен соң теміржол бекетіне жеттік те, кешке пойызға отырып, жүріп кеттік. Үшінші күні Тәшкентке келдік. Мұнда тағы да бір топ майданға шақырылғандарды күтіп кідірістеп, соларға қосылып алып, жолға шықтық. Пойыз үстінде госпитальдан емделіп шығып, ауылда болып, енді Уфа қаласындағы жаяу әскерлер дайындайтын оқу-жаттығу орнына бара жатқан жерлесіміз Ораз Бозақаровпен бір вагонға тап болдық. Ол бізге соғыс жайлы, әскердегі өмір жөнінде әңгімеледі, әскер қатарында тәртіпті



болуға үндеді, сардардың айтқанын бұлжытпай, мінсіз орындау керектігі жауынгер үшін әскери тәртіптің негізі екендігін түсіндірді. «Әскер бірлігімен, тәртіптілігімен ғана күшті болады және жеңіске жетеді. Ал біздер жауды жеңу мақсатына үлес қосуға бара жатырмыз» деген ой-ақылдар айтқан болатын».

«17 сәуір, 1942 жыл. Ленинградтың Ф. Энгельс атындағы әскери-саяси училищесі Иваново облысының Шуя қаласына көшіп келген екен, сонда орналастық. Фашистермен қанды шайқастар жүріп жатқанын күн сайын радиохабардан естиміз. Сол хабарларда жау күн сайын біздің қалаларымызды бірінен соң бірін алып, баса-көктеп жерімізді жаулап алып жатқаны аян болды. Жау Лениградты да қоршап, қаланы басып алмақ үшін қанды шайқастар жүргізіп жатқанын, соны болдырмау шараларының бірі ретінде генерал Мерещков басқарған қосымша Волхов Майданы құрылғанын естідік».

Әрі қарай бұл қойын дәптершедегі күнделікті жалғастыра беруге әкемнің мүмкіндігі де болмаған шығар.

**Анықтама.** Қызыл Тулы Ф. Энгельс атындағы Ленинград саяси-әскери училище КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 1940 жылғы 24 тамыздағы бұйрығына сәйкес құрылған. Ленинград қаласын жау қоршаған қиын жағдайда Қорғаныс Халық Комиссариатының 1941 жылғы 3 қыркүйектегі бұйрығы бойынша училище Иваново облысының Шуя қаласына қоныс аударған.

\* \* \*

Енді, құрамында әкем соғысқан Волхов Майданының тарихынан қысқаша мағлұматтар келтірейін. Бұл мәліметтерден Орынбай Айтмағамбетұлының соғыстың қандай қысылтаян кезінде, тағдыр күрмеуіндегі күйі елеусіз Майдан сапында ұрысқа кіріскенін түсінеміз.

## ВОЛХОВ МАЙДАНЫ ТУРАЛЫ

Ұлы Отан соғысының аса бір айқын, ерекше қиын уақиғаларының бірі болған Ленинград қаласы үшін шайқас ұзақтығы, қарсыластардың қасарушылығы тұрғысында соғыстар





тарихындағы өзіне теңдігі болмаған ұрыс болып бағаланыпты. Сол кезде бұл қала үшін шайқас бүкілхалықтық іс сипатын алған.

Нева өзені жағалауындағы осы қаланы жаудан қорғау әрекеттерінің бірі ретінде 1941 жылы 17 желтоқсанда Волхов Майданы құрылған екен, бірақ көп ұзамай, 4 ай ғана уақыт өткен соң, 1942 жылы 23 сәуірде бұл Майдан таратылыпты. Содан соң Ленинград Майданының құрамындағы Волхов әскери тобы атағымен Ленинградты қорғау ұрыстарын жүргізіпті. Соғыс жағдайының қиындаған кезінде Волхов Майданы екінші рет 1942 жылдың маусым айында қайтадан құрылыпты.

Соғыс кезіндегі Майдандардың қайсыбірінің әскери басқармасы мен жауынгерлер құрамы болмасын, барлығының да майдандағы жағдайы оңайлықпен өткен жоқ қой. Дегенмен кейбір сараптамаларға сүйенсек, Волхов Майданы құрылғанынан бастап-ақ аса қиыншылықтарға ұшыраған, тағдыры қиын болған әскери құрылым болыпты. Мұны түсіну үшін осы Майданның тағдырындағы мына жағдайларға назар аударалық.

...Волхов Майданы – бұл құрамындағы 2-ші Әскер жаудың қоршауында қалып, көп адам шығынына ұшыраған, әскер басшысы – генерал Власов отанын сатып, жауынгерлерін тастап, жау қолына өз еркімен берілгенімен әйгілі болған Майдан.

...Волхов Майданының 2-ші Әскерінің сапында татар халқының ардақты ұлы, майдандық «Отвага» газетінің тілшісі, аға саяси жетекші Муса Джалиль (толық аты-жөні Муса Мустафович Залилов) соғысқан. Ол – жау қоршауында қалып, тұтқынға түскен, әлемге фашистік тұтқындар лагерінде жазған «Моабит дәптері» атты өлеңдер жинағымен әйгілі болған ақын.

...Волхов Майданы – бұл басқа әскери құрылымдардың тарихында болмаған жағдайға ұшыраған, бір рет таратылып, екінші рет қайта құрылған Майдан. Оның қолбасшысы әскери генерал К.А. Мерецков (1897-1968) кезінде белгілі әскери қолбасшы болғанымен, Ұлы Отан соғысының басталғанына екі-ақ күн болғанда, жалған айып тағылып, тұтқындалған. Соғыс жағдайы қиындаған кезде ол шұғыл түрде қамаудан босатылып, қайтадан әскер сапына қайтарылып, Волхов Майданының қолбасшысы болып тағайындалған.

Міне, осындай айрықша тағдыры болған әскери құрылым туралы оның әскери қолбасшысы генерал К.А. Мерецков өзі-



нің естелігінде (К.А. Мерещков, На службе народу, «Политиздат», Мәскеу, 1968 ж.) былай дейді.

«...Құрылған кезде Волхов Майданының күйі елеусіз болды. Майдан ұрыстарда көнетоз болған 2-ші Әскер мен жаңадан ұйымдастырылған 59-шы Әскерден құралды. Апыл-ғұпыл Сібірде жасақталған 59-шы Әскердің тылдары, коммуникация, байланыс қызметтері сонау Орал тауының арғы бетіне дейін созылып жатты. Сондықтан Майданның әскер күші батысқа бет алғанда, оған бөлінген қару-жарақ жүктелген пойыздар құрамы шығысқа, әскердің бұрынғы орналасқан жері – Сібірге бағытталып жатты. Осыған байланысты оқ-дәрілер жетіспеді. Майдан құрамына берілген 2-ші Әскер де толық дайындықтан өтпеген, әскер басқару, ұрыс жүргізу әдістері қалыптаспаған еді.

Екі Әскердің де әскери бөлімдері далалық аудандардың тұрғындарымен жасақталған еді. Олардың басым көпшілігі алғаш рет орманды, батпақты жерлерге тап болғандар еді. Туған жерлерінде кең даладағы кеңістікке, ашықтыққа үйреніп қалған ол адамдарға, орман мен батпақ қапалық, азаптық әсер етті. Олар адасып, жоғалып кету қаупінен қорқып, бір-біріне ұмтылып, тығызданып, бір жерге топтасу әрекеттерін жасады. Ал бұл әрекеттер жаудың артиллерия мен әуе соққыларын дәл беруіне тиімді нысаналар қалыптастырды...»

Әкем Орынбай Айтмағамбетұлы Ленинградтың Қызыл Тулы Ф. Энгельс атындағы кіші әскери сардарлар дайындайтын әскери-саяси училищесінде қысқа мерзімді әскери оқуды бітірген соң, осы әңгімеленіп отырған, шұғыл қалыптасқан Волхов Майданының 59-шы Әскерінің 2-ші атқыштар дивизиясы құрамына тіркелген де, соғысқа аттандырылған. Міне, осылайша Ленинград қаласын жау қоршауға алған соғыстың күрделі, қиын кезеңінде жауынгер әкем ұрысқа кіріскен екен. Ленинград қаласын қорғауға Волхов Майданының әскерлері тікелей қатысқан. Қаһарман қала халқын аштық пен ажал құрсауы қысқан немістердің блокадасын 1943 жылғы 18 қаңтарда бірінші рет бұзған осы Волхов және Ленинград Майдандарының әскерлері еді.

**Анықтама.** Шұғыл түрде Сібірде жасақталған Волхов Майданының 59-шы Әскері өзінің соғыс тарихын 1941 жылы



17 желтоқсан күні Ленинградты жаудан қорғау ұрыстарына қатынасудан бастапты. Кейін бұл Әскер Выборг жағалауын, Финляндиямен шектес мемлекеттік шекара аймақтарын фашистерден тазарту ұрыстарын жүргізген. Соғыс барысында Кеңес әскерінің басымдығы артып, жауды тықсырып Еуропа жеріне қуған кезде, құрылғандағы негізгі мақсаты орындалған соң, Волхов Майданы 1944 жылдың желтоқсан айында таратылған, Жоғарғы Бас Қорғаныс Қолбасшысының ставкасы резерві қарауына берілген.

## АЛҒАШҚЫ ҰРЫС

*(Ұлы Отан соғысының ардагері  
Орынбай Бәлдековтің естелігінің жалғасы)*

«...1942 жылдың қазан айының 24-і күні – менің майдандағы ұрысқа алғаш кіріскен күнім болды. Курсанттар батальоны құрамында өзімнің соғысқа кіріскен осы алғашқы күнім мәңгі есімде қалды.

...Атыс таң атқанша созылды. Сол күнгі шабуылдың маңызы, ұрыстағы біздің алдымызға қойылған тапсырма қандай? ...Егер қазір біреу осындай сұрақтар қойса, кезінде түсіндірілген, жетік ұғымдар болса да, қазір нақты жауап бере алмасым хақ. Мұның неліктен екенін ойлап көрсем, алғашқы ұрысқа қатысқан күннің әсері тым қою екен. Оның бәрін өмір бойы есте ұстау оңай болмаса керек. Әйтеуір, білетінім – біздің бөлімшеміз таңға жуық Октябрь темір жолы бойындағы Званка стансасында бір топ неміс жауынгерлерін қоршап, қолға түсірді. Сардарымыз Василий Иванов екеумізге қолға түскен 17 неміс жауынгерлерінен тұратын тұтқындар тобын Волхов өзенінің сол жағасында орналасқан әскери қалашықтағы штабқа жеткізуге бұйрық берілді. Бұл маған берілген алғашқы жауынгерлік тапсырма еді. Егер менің қасымда өзім сияқты майдандағы ұрысты аз көрген, соғыс тәжірибесі шырдалмаған жауынгер болса, қорқып, сасқандықтан бұйрықты мүлтіксіз орындауымыз күмәнді еді. Ал сардарым Иванов Василий болса, бұрын ұрысқа қатысқан, әскери ауруханадан (госпиталь-



дан) шыққаннан кейін ұрысқа қайта қосылған байырғы жауынгер еді. Осыны ұғып, өз көңілімді демегендей болдым.

Соғыста ойланып-толғанып жатуға мұрша жоқ, бұйрық – заң, оны қалай да орындау керек. Сол бұйрықты орындауға екеуіміз кірісіп кете бердік. Қазір ойлап қарасам, «тұтқындар болғанымен немістердің саны біз екеуімізден көп болды ғой, егер олар бытырай қашса, не істер едік, оның арты немен бітер еді, екеуіміз нешеуінен айырылар едік, тірі қалар ма едік?» деген ойлар келеді. Ал сол кезде, осындай қиын-қыстау жағдайда адамның өзінің ақыл, айласы да жұмыс жасауы керектігі үлгісін тұңғыш рет майданға кіріскен маған сол Василий көрсетті. Стансадан азғантай ұзап шыққан соң, ол тұтқындарды тоқтатты. Мен бұл тоқтауымыздың мәнін түсінбей, аң-таң болдым. Ол тұтқындарға шалбарларының қайыс белбауларын шешіп, алдарына ілгерірекке лақтыруды бұйырды. Сонсын жағалай жүріп сол лақтырылған қайыс белбауларды жинап алып, иығына асып алды. «Осылай еткеніміз сенімдірек болады» деп, маған айласын түсіндірген соң ғана көңілім жайлана түскендей болды. Оның әлгіндей алдын ала жасаған сақтық шарасынан кейін қашуға үміткерлер көп болған жоқ. Саптан шыға безген, қашуға ұмтылған бір фашисті Василий атқан оқ сұлатып тастағаннан кейін, қалғандары тәртіп бұзған жоқ. Сөйтіп, біз штабқа 16 тұтқынды жеткіздік.

Штабта бізді 2-ші атқыштар дивизиясының саяси бөліміне жіберді. Иванов Василий рота командирінің орынбасары болып тағайындалды да, мен ұлты орыс емес жауынгерлер арасында жұмыстар жүргізу жөнінде нұсқаушы болып тағайындалдым...»

\* \* \*

Осы жерде естелік мәтініне үзіліс беріп, Кеңес әскерінде ұлты орыс емес жауынгерлер арасында әскери саяси-тәрбие жұмыстарына қандай көңіл бөлінгендігі туралы мына төмендегі мәліметтерге назар аударалық.

«...1942 жылдың ортасында әскер қатарында қырықтан астам ұлт өкілдері шайқасты. Олардың ішінде орыс тілін на-



шар білетін жауынгерлер аз емес еді. Оларға тіл үйрету, әскери бұйрықтарды, әскери жарғы талаптарын, маңызды саяси құжаттарды түсінікті ету бірден-бір маңызды мәселе болды. Майдан құрамында Орта Азия және Кавказ республикаларынан келген жауынгерлермен жұмыс жасайтын саяси қызметкерлер бекітілді. Олар жауынгерлерге орыс тілін үйретті, қару-жарақты меңгеруге көмектесті. Майданның саяси басқармасы өзбек, татар, қазақ тілдеріндегі газеттерді алдыра бастады. Қазақ, татар және басқа тілдерді білетін үгітшілер Совинформбюроның мәлімдемелерін жеткізіп, отанның даңқты ұлдарының ерліктерін насихаттап тұрды. Саяси органдар барлық жауынгерлердің өз туыстары мен жақындарынан хабардар болуына қамқорлық жасады. Бұл үшін әскер арасында өз жанұяларымен байланысы үзілген, хат-хабар ала алмай жүрген жауынгерлердің есебін алу санағы жүргізілді. Міне, осындай шараларды жүзеге асыра жүріп, саяси қызметкерлер де көпшілікпен бірге өздерінің әскери дайындығын жетілдіре түсті, жеке құрамды қарсыластардың қорғанысын бұзып, жоғарғы қарқынды, екпінді шабуыл жасауға үйретті...» Бұл айтылғандар Волхов Майданының қолбасшысы К.А. Мерцковтың «На службе народу» атты естелігінде, «На Волховском Фронте. 1941-1945 гг.» («Наука», Мәскеу, 1982 ж.) атты кітапта бар. Осы мағлұматтармен танысқан соң мен әкемнің майданда атқарған әскери міндеттерін толық түсіндім.

Енді сөз кезегін әке естелігіне берейін.

\* \* \*

«...Қазақстаннан басқа Орта Азия республикаларынан майданға шақырылған, орыс тілін білмейтін, сауаты да жарытымсыз жауынгерлер ол кезде жиі кездесетін. Менің олармен жасайтын жұмысым, шындығын айтқанда, оңай болмайтын. Ұрыс алаңында, майдан ортасында арпалысып, күнде өліммен бетпе-бет шектесіп жүрген, соғыс қиындықтары жүйкелерін жұқартқан сол бір аяулы жандармен әңгімелесудің, олардың ұрысқа ынтасын көтермелеудің өзі кейде жүрекке ауыр тие-тін. Олардың арасынан бұрын-соңды ауылынан алысқа ұзап



шықпағандар да, өздерінің тұратын жерлерінің мекенжайын айтып, жазып бере алмайтындар да, сауатсыз болғандықтан, хат танымайтындықтан майданға келгелі отбасыларына хат-хабар салмаған ұлттастар мен ортаазиялықтар табылды. Мекеннің жұмыс шеңберіме осындай жауынгерлерге көмектесу де, оларды майдандағы жағдаймен таныстырып, алдағы тұрған міндет, тапсырма-бұйрықтарды түсіндіру де, тіпті қажет болса, ауылына жіберетін хат-хабарын жазып беру де, келген хат-хабарларын жеткізіп, оқып беру де кіретін. Сондай майдангерлерге келген хаттардың біріндегі мына бір сөздер әлі естен шықпайды.

*«Жеңіп қайтсаң, жауыңды,  
Анаңның жарқын күнісің!..  
Жеңе алмасаң, жауыңды  
Жер жастанғыр қорқақтың  
Тумай кеткір бірісің!..»*

Бұл майдандық үгітші жұмыстардың қиындық туғызатын жері – сол жауынгерлермен кездесу үшін оларды іздеп, траншея, окоптарды аралап, кейде майданның алдыңғы шебіне өтіп кету болды. Кейбір жауынгерлердің ұлттық тілін жете білмесем де, тілдеріміздің ұқсастығын пайдаланып, оларды әңгіме-сөзге тартып, естіген-білген шешендік сөздер мен тарихи мазмұндамалар айтып, халық ақындарының шығармаларынан үзінділер оқып, білгенімді әңгімелейтінмін. Соңғы саяси үгіт мәліметтері мен соғыстағы жағдаймен таныстырып, жауынгерлер ерліктерін насихаттайтынмын. Осы жұмыстар үшін арнайы дивизия штабы арқылы қазақ тіліндегі «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» және де басқа тілдердегі газеттер алдырып тұрдық. Майдандағы жауынгерлер арасында жиі оқып беретін өлең-жыр үзінділерінің бірі, өзіме таныс, жатқа білетін ақын Сәттіғұл Жанғабылұлы шығармаларының мына бір жолдары еді.

*«Кездескен күні дұшпанға  
Қайнасын қызып қандарың  
Алмастай өткір кесетін,*



*Найзағай болып тесетін.  
Бой жасырып бұқпаңдар,  
Қайыспай қарсы тұруға  
Уәдені мықтаңдар!  
Ата менен ананың  
Аманатын ақтаңдар!..»*

Ұйымдастыра білгенге жұмыстың түрі көп қой. Біз де өзімізше жауынгерлерді жігерлендіретін, рухын көтеретін мүмкіндіктерді талмай іздестіретінбіз. Бірде Қаражанов деген жауынгердің ауылына оның ұрыста көрсеткен ерлігі медальмен марапатталғандығын хатқа жазып жіберген едім. Біраз уақыттан кейін сол ауылдан құттықтау хат келді. Сол бір жерлесіне деген мақтаныш сезімге толы хат ол жауынгерді талай рет келесі ұрыстарда жігерлендіргені сөзсіз. Содан кейін Қаражанов өзінің әскери есебін ашып, өзі өлтірген дұшпанның санын ала бастады. Бұл кейінірек сөз болатын мергенділік қозғалысының жаңа өрістеу кезімен сәйкес келді. Өзі «құртқан жаудың саны жеткілікті болды-ау» деген кезде ол партия қатарына кіруге арыз-өтініш берді. Көп ұзамай оның үлгісін басқалар да қолдай бастады. Сержант Мыршымов, жауынгерлер – Ромашев, Ибрагимов, Шамсутдиновтар да о дүниеге аттандырған фашистердің есебін жүргізе бастады. Кейінірек өмірдің сан жылдар қырқасынан асып өткеннен кейін ой жүгіртіп қарасам, сол күндердің қиындығымен қатар көңіл толтыратын жемістері де болған сияқты. Мен траншея-окоптарды сүрініп-қабынып аралап, атылып жатқан оқ астында жатып-тұрып, қызыл қан сіңген қарды омбылап кешіп жүріп, адамдар көңіліне сенім егіппін. Әрине, ол жүректердегі сенімге де әртүрлі жол жеткізгені анық.

Бір күні Қоғашев Мәтен деген аға жасындағы жауынгер ұлттасыммен әңгімелескенде, оның ауылдан алып шыққан ақшасы бар екенін, оны жерүйдегі нарға төселген шөп астына жасырып жүргенін айтты. Онысын жоғалтып алудан сақтау үшін жинақ кассасына тапсыруға кеңес бергенмін. Алғашында екіойлы болғанымен, мен дәлелді сөздер айтқан соң көнді. Ақшасын алып кетіп, жинақ кассасына өткізіп, жинақ кітапшасын өзіне ұстатқанда өте риза болып, қалбалақтап алғысын



айтып, қуанышын білдірген. Оның себебі, жер үйдегі жатағына келсе, онда тазалық жұмыстары жүргізіліп, төсеніш шөпті өртеп жіберген екен. «Сенің айтқан ақылыңды алмағанда, ақшадан айырыламын екен» деген. Мұндай азды-көпті кеңес, ақыл беріп, жауынгерлерге септік тигізген кездер аз болған жоқ.

Кейбір кезде өзімді майдандық тыл мен алдыңғы шепте жалғыз жүріп атқарған үгіт-ұйымдастыру жұмыстары қажытқандай сезінетінмін, алайда өзіме тапсырылған істі негізінен атқарып шыққандай көңіл бұл сезімімді басатын. Көп ұзамай, Саяси бөлім бастығының шешіміне сай маған арыз-өтініш беріп, полк қарамағына сұрану ұсынылды. Ол кісі менің атқарған қызметіме ризашылық білдіре отырып, мені 261-ші атқыштар полкіне саяси жетекші болып саяси-насихат жұмысын атқаруға жіберуді ұйғарды. Мұнда да сол үгіт жұмыстарын атқарудан, жауынгерлерді әскери тәртіпке, қару-жарақты игеруге үйретуден бастадым...»

## **ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ САЯСИ ЖЕТЕКШІСІ ТУРАЛЫ**

Ұлы Отан соғысы кезінде саяси жетекші болған әкемнің жауынгерлік міндеттерін, әскери қызметіндегі жауапкершілігін толығырақ түсіну үшін мына мен танысқан тарихи түпнегіз құжаттағы ережелерге назар аударалық.

КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының 1937 жылғы 21 желтоқсандағы 260 санды бұйрығымен бекітілген КСРО Қызыл Әскерінің ішкі қызметінің жарғысы (Устав внутренней службы Рабоче-Крестьянской Армии. УВС-37, «Воениздат», Мәскеу, 1938 ж.) бойынша әскери бөлімдердің басшылық құрамындағы саяси жетекшінің лауазымдық міндеттері бекітіліпті.

Осы құжатқа сәйкес, әскер бөлімінің саяси жетекшісі бөлім сардарымен қатар барлық жеке құрамның тікелей басшысы болып тағайындалатын болған. Саяси жетекшіге бөлімде саяси-моральдық жағдайдың ойдағыдай болуына, әскери міндеттердің орындалуына, жеке құрамның әскери тәртіпті сақ-





тауына, ұрысқа өзiрлiкке, жауынгерлiк дайындыққа, қару-жарақтар күйi мен әскери шаруашылықтың жағдайына толық жауап беретiндiгi жүктелген. Сонымен қатар саяси жетекшi бөлiм құрамының барлық жауынгерлерiмен жеке таныс болуы, олармен тiкелей қарым-қатынас орнатуы, жауынгерлердiң мәдени-тұрмыстық мұқтаждарын қамтамасыз етуi, әскери оқуда көмек көрсетуi мiндеттелген. Оған әскери бөлiмде жеке өзi саяси оқу өткiзу, жауынгерлерге партия мен үкiмет шешiмдерiн түсiндiру, халықаралық жағдайлар туралы саяси ақпараттармен таныстыру мiндеттерi тапсырылған.

Осы әскери жарғымен танысқан соң, әкемнiң от жалынның, өмiр мен өлiмнiң ортасында жауынгерлер сапында олардың жеңiске ұмтылған жiгерiн жанай бiлген саяси жетекшi, жауапты әскери басшылардың бiрi болғанын, оның майданда маңызды саяси тәрбие қызметтерiмен бiрге үлкен әскери басшылық жауапкершiлiк атқарғанын ұғып, бiлдiм.

Ақиқатты ту етiп анығын айтсақ, Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков сол кездегi көзi ашық, көкiрегi ояу, өрiсi кең, саяси-моральдық тәрбиесi жоғары, саяси саналы, жан-жақты сауатты майдандағы әскердiң саяси жетекшi қызметiн атқаруға жұмылдырылған қазақтан шыққан жауынгер-офицерлердiң бiрi болған.

\* \* \*

Естелiктi әрi қарай жалғастырайық.

«...Үгiтшi жұмысы соғыс уақытында да аса бiр қажеттi екен. Күндiз-түнi оқпен, ажалмен арпалысқан сәттерде жанындағы жақын-жолдастарынан айырылып жүрген адамдарды жұбатып, азапты күндерiнiң салмағын жылы әңгiме, жалынды үгiтпен жеңiлдетiп жүрдiк» десек, артық айтқандық болмас. «Осының бәрi кiм үшiн, не үшiн қажет?.. Өз жанымызды отқа салғанда кiмге жақсылық жасаймыз?» – бiз жауынгерлер санасын осындай сұрақтардың жауабына қарай жетелейтiнбiз. Олардың күш-жiгерлерiн оятуға еңбектенетiнбiз, оларды сергiтетiнбiз.

Бiрде, Маңғыстаудағы Шевченко ауданының Каганович атындағы колхозынан келген Бердiғұл деген жерлесiмдi жо-



лықтырып, өз ротама алдым. Хат танымайтын кісі екен, елден шыққалы ешбір хабар алыспапты. Ауылда жалғыз баласы мен әйелі қалыпты (кейін білдім, баласының аты – Табылды, Сенек тұрғыны, мал дәрігері). Осы кісінің де туыстарымен хабарласуына дәнекер болдым. Сол Бердігүл жерлесімнің «осының бәрін жалғызым – Табылдым үшін, соның бақыты, болашағы үшін көріп жүрмін деп түсінгенім дұрыс па?» деп айтқан сөздері есімде.

1942 жылдың күзінен бастап біздің батальонның барлық бөлімшелері мен полкте мергендік қозғалысы етек жайды. Жауынгерлердің бір тобы атқанда мүлт жібермейтін дәлдікке үйренуді, оптикалы нысанасы бар қаруды игеріп, иеленуді бастады. Әрбір жауынгерге мергендік кітапшасы тапсырылды, құртылған фашистердің есебі жүргізілді. Жалпы ол кезде мергендікке үйретумен негізінен саяси қызметкерлер шұғылданатын. Бұл арада өзімнің осы жұмысқа біршама қатысым болғанын айтқым келеді.

Алғашқы мергендердің бірі болып есеп ашқан Қарағұл деген ұлттасымыз болды. Ол төрт фашисті құртқаннан кейін партия қатарына өтуге арыз-өтініш берді. Осы мергендер даярлау кезінде өзіме таныс бір жауынгердің тағдыры жиі ойыма келеді.

Толық аты-жөні есімде қалмапты, біздің әскери бөлімде Ақтөбе облысынан келген Жомарт деген жігіт болды. Ол жігіт кезінде түрмеден қашқандықтан, одақтық іздеу жариясына іліккен адам екен. Міне, осы жігіт асқан бір мерген болды. Жауды торғайша жусатып, сұлата берді. Сол жауынгер 250 фашисті жер жастандырғаны үшін Ленин орденімен марапатталды, сонан соң ауылына қысқаша демалысқа жіберілді. Сол жігіттің ауылына жеткеннен кейін, пойыздан түскен бойда тіке үйіне бармай, аудандық заң-сот орындарына барғанын, майданда алған марапаттарын көрсетіп, өзінің түзу жолға түскенін айтқанын, ауылдағы жолдас-жораларының құрмет көрсеткендерін айтып, жауынгерлер аңыз етіп жүретін-ді. Біздің мергендеріміз жөнінде кезінде майдан газеттері талай жазды. Арамызда мергендер көбейген сайын мерейіміз өсе түскендей болатын. Олар «Дұшпанның еңсесін көтертпейміз!.. Фашистер жерімізде бой жазып жүре алмайтын болсын!»



деген-ді. Әрине, мергендік те өнер. Оны меңгеріп, сол өнерімен халықты сүйсіндіргендер де, оны меңгеріп кете алмағандар да болды.

1943 жылдың маусым айында басқа полкке ауыстырылдым. Майданда әркімнің өзіне тиісті қызметі бар болғанымен, кім-кімнің де қолындағы қаруын жауға кезейтін уақыты келеді. Осындай жағдай менің басыма да ұшырасты. Ол кезде біздің полкіміздің алдына қойылған негізгі міндет – берік қорғанысты қамтамасыз ету болған. Біз фашистердің Ленинградқа қарай өтер жолын бөгеумен қатар, зеңбіректі атыс қаруларымызбен оларға тыныс алдырмай тұрдық. Жаудың қатынас-байланыс, орнығу жүйелерін талқандадық. Осындай жағдайда біздер – бөлімше сардарлары, саяси қызметкерлер, жауынгерлердің рухын көтеріп, өз жеріміз үшін күресуге өзір болуына бағыштап, соны қамтамасыз етуге жұмыс жасадық. Жауынгерлер «қолымыз қару ұстаудан қалғанша, кеудемізде жүрегіміз соғуын тоқтатқанша жауды ілгері бастырмаймыз», «Ленинград түбінде жалғыз жауынгер қалғанша ұрыс саламыз» деп ант етіп, мәлімдемелер айтатын. Бұл айтылғандар тегін ұран сөздер емес екенін өмір шындығы көрсетті.

Осындай жанды шүбірекке түйгендей ұйқысыз түндердің бірінде жауынгерлермен әңгіме-үгіт өткізу үшін, маған ротаның бір шетіндегі алғы шепке дзотқа баруға тура келді. Аға сержант Соколов басқарған мұндағы топта санаулы ғана жауынгерлер бар болатын. Кенет жау жағынан абыржу-қозғалыс басталды да, гитлершілер дзотқа шабуыл жасады. Біздің жауынгерлерге пулеметтен қоймастан оқ жаудыруына тура келді. Олар біраз фрицтерді сұлатып салды. Бірақ дұшпанның беті қайтар емес, құрамында взводқа жақын адам күші бар олар өздеріне сенімді секілді, шабуылын үдете түсуде. Біраздан соң біз оқ қорымыздың азайғанын есептеп білдік – тек қана бірекі қорап (диск) қалыпты. Жағдайымыз қиынға айналғанын сездік. Мен бір жауынгерді дереу көмек шақыруға жібердім. Енді тек қана аға сержант Соколов, қатардағы жауынгер Омаров және бір жауынгер, мен – төртеуіміз қалдық. Қорқыныш сезімі жоқ сияқты, дегенмен «әйтеуір, тұтқынға түспесек екен» деген іштей тілек бар. Бір кезде жауынгер Омаров, іштей қорқынышы болып, сонысын жойғысы келгендей өзіне





## ҰЛТЫ ОРЫС ЕМЕС ЖАУЫНГЕРЛЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ

*Ахмет ФАЙЗИ,  
аға лейтенант,  
Волхов Майданының «Фронтовая правда» газеті,  
7 қыркүйек, 1943 ж.*

Үгітші, аға лейтенант Бәлдеков өзінің жорық сөмкесіне бір-неше дәптерлер мен қойын кітапша салып жүреді. Дәптерлерде жауынгерлер тізімі, олармен өткізген әңгімелердің қысқаша мазмұны, әрбір жауынгердің сипаттама-мінездемесі бар. Ал қойын кітапшасында – халық мақал-мәтелдері мен өлең сөздер. Солардың ішінде Жамбылдың өлеңдері, орыс ақындарының аудармалары, қазақ халқының батырлар эпос-жырларынан үзінділер және өзі көшірген өлеңдер. Сол қойын кітапшаның ішіндегілердің барлығын Бәлдеков жолдас жатқа біледі. Үгітші Бәлдеков жауынгерлермен әңгіме өткізіп, оларды беріктік, табандылық, батырлық және өз қаруына деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Бірде үгітші дзотқа әңгіме өткізуге келді. Осы кезде атыс нүктесіне гитлершілер тобы шабуыл жасады. Дзотта бес адам болды. Олар қол пулеметінен оқ жаудырып, жеті фашисті сұлатты, бірақ фашистер баспалата берді. Оқ-дәрі таусыла бастағанда үгітші былай деді.

– Бізде әлі гранаталар бар. Егер біз табандылық көрсетсек, немістер біздің дзотты ала алмайды. Гранаталар ұрысқа!..

Гранаталар ұрыстың тағдырын шешті. Гитлершілер өліктерін қалдырып, шегінді.

– Осы ұрыста өзім өткізген әңгіме-үгіттің тигізген тәжірибелік көмегін көрдім, – деп Бәлдеков ризалық білдіріп айтады.

Мергендік шеберлік жөнінде өткізген үгіт-әңгімеден соң өзбек жауынгер Қаражанов өзінің жауынгерлік есебін ашты. Төрт гитлершілерді өлтірген соң Қаражанов партия қатарына өтуге өтініш-арыз берді. Қазір оның есебінде құртылған гитлершілер саны он. Ол «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Қаражановтың үлгісіне басқалар да еруде. Сержант Мыр-



шымов төрт фашист өлтірді. Ромашев – үшеуін, Ибрагимов пен Шамсутдинов – екеуден өлтірді.

Үгітші қызылөскерліктердің жерлестерімен хат жазысуын ұйымдастырды. Мысалы, ол Қаражановтың медальмен марапатталғанын қышпаққа жазды. Ол жақтан ержүрек жерлесіне деген мақтанышқа толы құттықтау жауап хат келді.

Бөлдеков жауынгерлердің өз халқына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеуді олардың Кеңес Одағы халықтарының арасындағы бауырластық пен достық сезімдерін тәрбиелеумен үйлестіреді.

Өзбек Юлдашев дзотқа орыс жауынгерлерімен бірге тап болды. Бұлар – көңілді жандар. Олар әзілдесіп күлетін, ал Юлдашев жабырқаулы – себебі ол орыс тілін түсінбейтін. Сонда Бөлдеков дзотта халықтар достығы туралы әңгіме өткізді, Михалковтың «Сен қайдансың?» өлеңін орыс және өзбек тілінде дауыстап оқып берді. Содан соң Юлдашевты орыс тіліне оқытты. Енді Юлдашев орыс тілінде сөйлесуді үйренді.

Жанды, көңілге қонымды сөз – үгітшінің күш құралы. Үгітші сөзді қарудай қолдана білуі тиіс. Мұны Бөлдеков жақсы игерді.

«Мықты сөз қамал бұзады» дейді қазақ мәтелі.

**Анықтама.** Ахмет Файзи деген псевдонимді әскери тілшінің толық аты-жөні – Ахмет Ахметсафиевич Файзуллин (1903-1958). Ол Москваның әдебиет институтында оқыған. Соғыс кезінде Волхов Майданының «Фронтвая правда» газетінің әскери тілшісі қызметін атқарған. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде Татарстанның Ғабдолла Тоқай атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері дәрежесіне жеткен, татар халқының көрнекті жазушысы болған.

## ЖАУ ШЕБІНЕ ЖАЛҒЫЗ АТТАНУЫМ

*(Ұлы Отан соғысының ардагері Орынбай Бөлдековтің естелігінің жалғасы)*

...Сол бір жылдардағы қиын-қыстау шақтарды бастан өткеріп жүріп, көп нәрсені көңілімізге тоқып-түйгеніміз – соғысқа



білудің де өнер екені. Оған менің көзім сол бір кездерде жетті. Соғысу деген – тек алдыңа келген жауды қарумен жайпап тастау емес екен. Онда да зерттеуді, айла-тәсілдерді іздестіретін, кейде батылдық пен тәуекелдікті қажет ететін тұстар аз емес. Соның мысалы ретінде өз басымнан кешкен мына бір уақиғаға тоқталғым келеді.

Волхов Майданы. 1943 жылдың наурыз айы. Күнтізбе бойынша көктем айы болғанымен боран көз аштырмай ұйтқып, соғып тұрғанына үш күн болды. Үздіксіз ұйтқыған қар жинала келе немістер беттегі шепті жауып тастады. «Ақ көрпеге» оранған аппақ далада көз тоқтатар ешнәрсе көрінбейтін. Бірақ сардарымыз – лейтенант Киселев бақылау пунктiнiң алақандай терезесі алдынан кетпейді, сүзіліп келіп қайта-қайта қарайды. «Оның мазасын кетiрген не екен?» десек, ол – немістер шебі жақтағы болар-болмас қана аңғарылатын кішкентай төбешік екен. Бұл «дұшпанның жаңа доты болар» деп есептейін десе, ол тұстан бізге қарай бірде-бір оқ атылған жоқ. Ондай нүктелерден тарсылдатып оқ атпай, тыныш жату фашистердің әдетінде жоқ болатын. Бұл нендей төбешік екені жөнінде айқындық керек болды. Себебі бүгін-ертең полк роталары жауынгерлермен толықтырылған соң, жау шебін бұзу үшін шабуылға шықпақшымыз. Сонда сол төбешіктен күтпеген «сый» алып қалсақ, не болмақ?..

Қар әлі жауып тұр. Ату нүктелеріміздің арасындағы жолдар қар астында қалды. Сардарымыз Киселев оларды әзірше тазартпай қоя тұруға бұйрық берді, өйткені «жолдар тазалағаннан кейін үйілген қардың алдыңғы шепті тасалағаннан өзге пайдасы жоқ» деп шешті. Ол әлі ойланып отыр. Төбешікке қарай бағыттағы жердің миналанғаны белгілі. «Жұмбақ төбешікке қалай жетіп, құпиясын қалай ашамыз?» деп жүріп, босқа адам шығынына ұшыраймыз ба?». Оны мазалаған осы ойлардан мен де хабардармын. Бір кезде байланысшы арқылы бізді полк штабына шақырған хабар келді. Полк сардары – подполковник Анисимов бізді штаб жеруіінде қабылдады. «Сендер бір жұмбақ төбешік тауып, содан көздеріңді айырмай жүрміз» деп едіңдер, сол «жұмбақ» бізді де мазалап отыр. Аға лейтенант Бәлдековтің қарауына жауынгерлер бер, барып соның не екенін біліп қайтсын» деп Киселевқа тапсырма берді.



Екеумізден де «тапсырма-бұйрық түсінікті» деген жауап алған соң, жүре беруге рұқсат берді.

Мен осыған дейін түнгі барлауға барып көрген емес едім. Ротаны шабуылға бастау, көппен бірге жауға қарсы ұрандап шабу – мұның бәрі бір басқа, үйреншікті жәй. Ал түн жамылып, жау шебіне өту, өтіп қана қоймай, оның «шаруашылығына» тексеру жүргізу, «тіл» әкелу – бұл істердің оңай еместігін білетінмін. Өзім жалпы барлаушыларды ерекше бағалайтынмын. «Барлаушылыққа таңдалып алынған жауынгерлерге көп адамдарда бола бермейтін қасиеттер дарыған» деп есептейтінмін де, «сол қасиеттер өз басымда бар» деп ойлаған емеспін. Енді, міне, сондай жауапты кезең менің басыма да түсті.

...Біз окоптан жылжып шығысымен алды-артымыз аппақ өлемге ұласып кете берді. Дұшпан ара-тұра ракеталар атып, айналаны жарқыратып жібереді. Ондай кездерде автоматтарымызды бауырымызға қысып, жұмсақ қарға көміле кетеміз. Бірақ сәлден кейін біздің аласапыран боранда түн құшағына енгендегі ойлаған қауіптенуіміздің негізсіз екенін ұқтық. Біздің саперлер миналаған аймақтан барлаушылар өту үшін қалдырған жолға да келіп жеттік. Ол жолда бір-бірден жер бауырлап жылжуға ғана мүмкіндік бар, сәл ауытқысаң, ауыс кетсең, минаға ұрынып, жарыласың. Мұндай қауіпті жерде барлығымыздың басымызды қатерге тігуді артық көріп, орныма сардар ретінде сержант Несговоровты тағайындап, жауынгерлерімді миналы аймақтың шетіне қалдырдым да, қатардағы жауынгер Волошинді ілестіріп ілгері жылжыдым. Сәлден соң ұйтқыған боран бізді жолдастарымыздан бөліп тастады. Біраз жылжыған соң, кенеттен дәл маған жақын маңнан жарылған минаның «гүрс» еткен үні естілді де, мені жарылыс екпінімен көтерілген қар басып салды. Содан малтыға шығып, еңбектеп серігіме жетсем, әйтеуір, тірі екен, бірақ аяғынан жараланыпты. Оның жарасын іле-шала байлап бердім. «Еңбектей алатын халім бар, бірақ сізге кесірім тиеді-ау, жолдас аға лейтенант» деген өзінің орашолақтығын жуып-шайғандығын естіп, тез қозғалып, жүре алмайтынын ескеріп, тастап кеттім.

Әлгіндегі жарылыс түк әсер етпегендей, немістер жақтан үн жоқ. Анда-санда атылған ракеталар қарлы дала үстінен аппақ





әлемді өз жолақтарымен айғыздап жатады. Қалың қарды кешіп, алға еңбектеп жүре бердім. Құпия төбешік алыс емес сияқты еді, көп жүрген секілдімін, «әлгі нысаналы жерден өтіп кеткен жоқпын ба» деген ой да келе бастады. «Тағы да кішкене жүре түсейін» деп ілгері қозғалғаным сол-ақ екен, жардан құлағандай әсермен күрт төмен түскенімді аңғардым. Ес жиып, айналама қарасам – тор үстінен сырғанап, окопқа түскен екенмін. Немістер окоптарының үстінен тор құрып, қармен жауып тастаған екен. Соңғы кездерде дұшпан окоптарының белгісі жоқ боп кету себебін енді түсіндім. Жоғарыда боран гулеп тұрса, мына тордың астында қар да, боран да жоқ. Өзімнің дұшпанның дәл мұрын астында тұрғандығым енді ғана санама жетті. Соны түсініп, кез келген сәтте жаумен бетпе-бет кездесіп қалу мүмкіндігін ойлап, тез есімді жинап, қараңғы траншеяны бойлай жылжи бастадым. Қалтамда қол шамым бар еді, бірақ оны пайдалансам, өзімді өзім ұстап бергенге тең екенін түсініп, жақпадым. Бір кезде түн қараңғысын жарған жарықтың сәл ғана сызаты көзіме шалынды. Ештеп жақындап келдім. Жүрегім алып-ұшып барады. Сәл жүргеннен кейін есікке тап болдым. Қаруымды, гранатамды дайындап, есікті иығыммен қатты итеріп, ашып жібердім де, қолымдағы гранатамды ішке қарай лақтырдым. Жарылыс бола сала ішке тап бердім. Айналып қарасам – жерүйде жан адам жоқ. «Осыншама неге шу шығардым екен» деп өкініп, үй ішін бір шолып шығып байқағаным – жарылыс екпінімен талқан болған байланыс құралдары мен телефон аппараты. «Енді кідіре берсем, үй иелері келіп қалар» деген ой келісімен тездетіп кері жүгіріп шығумен болдым. «Құпия төбешіктің сыры енді белгілі болды, тек соның хабарын штабқа шеткізуім керек!» деген тұжырым-ой қайтуға жетеледі. Жер үйден шыққан бойым-ақ екен, жап-жақын жерге келіп қалған дұшпан жауынгеріне көзім түсті. Дереву автоматтан оқ «бүркіп» өттім. Қару жұмсауға кешігіп қалған неміс сұлап түсті. Абырой болып, құдай сақтағаны ғой, ол неміс жалғыз екен, артында келе жатқан ешкім болмады. Дереву оның қаруын сыпырып алып, мойнына асқан былғары сөмкесін (планшетін) қойныма сүңгіте сала жөнеліп кеттім.

Сөйтіп, тапсырманы орындап, аман-есен штабқа оралдық. Құпия төбешік немістердің бақылау нүктесі екен. Ал былғары



сөмкеден біздің алдыңғы шептен бақылап, көрген-білгендерін түсірген маңызды мәліметтер бар қағаздар шықты. Осы түнгі барлауға барып, тапсырманы ойдағыдай орындағаным үшін мен «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталдым.

\* \* \*

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 35 жылдығы қарсаңында республикалық «Казахстанская правда» газетінің тілшісі А. Шетинин майдангер Орынбай Бәлдековпен кездесіп, әңгімелескен болатын. Кейін ол тілші Орынбай Айтмағамбетұлының жоғарыда әңгімелеген соғыс кезінде жау шебіне жалғыз барған түнгі жорығы туралы 1980 жылы 17 қаңтарда «Ночной поиск» атты мақала жариялады.

## АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕГІ ШАЙҚАСТАР

*(Ұлы Отан соғысының ардагері  
Орынбай Бәлдековтің естелігі)*

Алдыңғы шепке келгеннен кейін менің қызметімнің сипаты іс жүзінде өзгерді. Майдан жанында ұйымдастырылған қысқа мерзімді әскери оқу-дайындықтан өткеннен кейін мен атқыштар ротасын қабылдап алдым. Осы ротаммен Новгород, Псков қалаларын жаудан тазарту үшін жүргізілген ауыр шайқастарға қатынастым. Новгородты азат еткеніміз үшін біздің атқыштар дивизиямызға «Новгородтық» деген құрметті атақ берілді. 1944 жылдың жазында, Ленинград облысын дұшпаннан тазартқаннан кейін, Карелия мойнағына шықтық. Ауыр шайқастар жүріп жатты. Карелия жері батпақты болады екен, көп қиындық көрдік. Бұл кездердің де ешқашан естен кетпес өз уақиғалары аз болған жоқ.

Выборгты немістерден тазартқаннан кейінгі біздің міндетіміз – оларды әрі қарай желкелеп, қуа беру болатын. Біз гитлершілерді «өкшелеп» қуып келе жатқанбыз. Мақсатымыз олардың есін жиып орнығуына мүмкіндік бермеу және сол



# Ночной поиск

## Страницы Великой Отечественной

Март 1943 года. Волков. Буран не утихает третий сутки. Голящие ветром крупные хлопья пелёной закрывают диким образом гитлеровцев. На краю ледубойки блики ежасят безрельсовую заспанную стеною. Командир роты старший лейтенант Киселев из окопа наблюдательного пункта пристально всматривается в окуляры кругозора. Ему не даёт покоя обнаруженный недавно бойцами странной буровой. Похоже, что это новый тип замаскированной аэбрауры, в которой, однако, не было замечено ни одного выстрела. А ведь многие вражеские огневые точки постепенно вылазили, гитлеровцы выжили, особенно на ночном/стрелы из пулемётов.

Есть ли злот, так что это зрото? Нужна ясность. Ведь не сегодня-завтра роты поиска по-явятся новыми бойцами, и им придётся вести оборону врага.

Поля — преврат размешле-ние Киселева свинкой. — При-казано вместе с вами вылезти в штаб оцеля лейтенанту Баль-декову.

Командир роты подполков-ник Анисимов встретил Кисе-лева и его замполита в штаб-овом бундараде.

— Вы так, как мне доложи-ли, на одну загадочную кочку все глаза проглядели. Нас она тоже очень заинтересовала. Дай, Киселев, этому молодцу человек завласть бойцов по-скориваюте, пусть создаст но-чью проветрат, что это за шу-ка такая.

— Ясно, товарищ подполков-ник.

— Тебе тоже, в Бальзевую? — Мне тоже.

— Тогда идите.

Лейтенант Бальзевый еще не зрото не дошел в ночной поис-ке. В душе он считал разведчиков людьми необыкновенными раз-ных способностей. Озимо дел-ва не в обороне или под-жимать роту в атаку, и совсем

лживали, тогда в мякни шест, чтобы маскарлати сплывали с ним. Но скоро стало ясно, как бы ни светили растре, бран и ночь — хорошая дополнитель-ная маскарлатина.

Вот и тропя, продолжая саверая через заминирован-ный участок. Озле только след, по которому надо пройти. Дур-ла другим, не отклоняясь в сторону. Орыбай Бальзевый принял решение оставить отде-ление прикрытия под командо-ванием сержанта Несговорова-у частного поля, а самому с по-пыткой Волковичем прогла-даться к цели.

— Если что, ты, Володя, зна-ешь, как поступать, — попор-тился он с Несговоровым. — На мими бойцов не бросай, на-чиная завтрака — прихватя нас огнем.

Волшши все же ополшал, случайно задевая им мина гла-зо ухнула, обдав ползущего вперед лейтенанта снежной волной. Он поджался и бросил-ся к месту вырыва, представил себе самоту злое. Но Волшши отдался лишь ранимем в ногу. Почему-то гитлеровцы взрыв не встревожил, из пе-редней край молчал, только ракеты чаще стали вылетать над снежным полем.

— Пахты мюшев? — спросил Орыбай солдата, переки-вая косынку рапу.

— Наверное, мюгу. Позвела вас, товарищ лейтенант.

— Ладно уж, давай к реба-там.

Несколько успокоившись, Орыбай поплел дальше. Кон-ец тропы означал конец много-го поля. Теперь надо продолжи-ть несколько метров снежной целины, и тогда он увидит «карманный злот». Надо пред-на. Орыбай уязвет в снегу ло поиска. Он уязвется про-себя. «Хитрый комплекс, вы-брал самого маленького». Но тут же перед мысленным взором представило строгое лицо подполковника. «Почему сам пошел и бг бойцов? Разве та, в деле должен вести себя командир? Нет, нет, Анисимов бы Орыбай лежать в снегу, пока кто-то другой создаст к фискалам в постель. Не смог бы и не доложил, ведь за сего-перации отвечать ему!»

Разведчику кажется, что произошло уже слышном много и что вражеские окопы остались где-то позади. Вернуться? А если еще не дошел?

Взрус он наступает на что-то

забыл и не успев ничего со-образить, летит в глубокую яму, улетая за собой массу снега. «Ах, ах!» Оказалась оца? Зачем? Смотри ты, дет-ривай! Так вот почему в по-следнее время почти совсем не слышно жизни немецких окопов! Там, наверно, пурга, а здесь, под снегом, тепло и сухо. Можно до-жить, при таком-то кон-форте. Только не от тебя — это доказит, чужесем!»

Риская в любой момент встретиться лицом к лицу с врагом, Бальзевый беснуимо ищет по изгибам траншеи. В воздухе злого летит, боясь, ко-упольваться им ичюпопая. Голубоватый ночной свет все же пробивается через та-кую «шоталка», скоро глаза на-чинают различать стени узкого хода сообщения. Полюбо саж-естью и голодом. Разведчик уперся в дверь. Рынок — в «шоталка» летит в землянку. Он прокинул туда сразу же после боя врага. Пожалел, что надел много шума: в землянке никого нет. Орыбай заметил телефонный аппарат, сброшен-ный мурмом ко стола. Мгновен-но судел сигнал. Чутьем поил, что с минуты на минуту здесь появится «чюлнева».

Что ж, затача «чюлнева», мо-жно пробовать. Лейтенант вышел из землянки. И впереди к ней приближались гитлеровцы. Раз-ведчик опередил врага короткой очередь из автомата. Фа-насет, залоревный детина, по-казался на дно траншеи, выро-ния растопил. Орыбай, подо-брав ближе, смел с убийство-вой смужу. Заглянув в нее, пред сел фонарик, развед-чик поил: «молчаливый бугор» был наблюдательным пунктом, а доставилась ему бичога — не что иное, как дин-ные наблюдения за нашим пе-редним краем. Теперь скорее к продолжению им тропе. Сейчас тут начнется. Уже слышен топот ног в хрятой траншее. Пусть его снова прикроет ночь и снег...

За этот дерзкий ночной по-иск Орыбай Агтамбаевич Бальзевый был награжден орде-ном Красной Звезды. Сейчас он живет в городе Шевченко. Былкий и талантливый, творче-ческий персональный пенсионер, часто встречается с ребятами в шко-лах. Он поведал им немало ин-тересных историй о мужестве советских воинов в годы Вели-кой Отечественной войны.

В. ШЕЩЕНКО.



А снег все падет. Уже засыпан-ным холм-сообщения между ог-невыми точками Киселев при-казал пока не ожидать их: бес-полезно, только расстрел по кра-ям траншеи крупные валы, де-маскируя передний край.

Командир роты возмущал, что к «молчаливому» злоту будет трудно подобраться: гитлеровцы поставили чучело. Он пред-ставил себя, как делал так, на нейтральной полосе, смертонос-ный металл, коварно прикри-тый блямм саваном. Да, нелег-ко придется саперам, очень да-же нелегко.

— Товарищ старший лейтен-ант, вас вызывает командир

другое — пробраться под прикрытием ночи в траншею врага, завалить «измак» или навест-ить ранимо «чюлнева» про-тивника. Многими качествами должен обладать разведчик, думал Бальзевый, он не мог назвать сам себя, что все оно есть у него, только успех побыв-ания в тамы переплетает, когда бойцам остаются по частой случайности.

Метельная ночь поглотила группу сразу же, как только бойцы оставили свои окопы. В начале все лодилась, когда в миглеме все блымавали вражеские ракеты. Пряча под себя автоматы, солдаты взап-



АДРЕС И ТЕЛЕФОНЫ: 490044, Альма-Ата, ул. М. Горького, 90. Для зв-33-30-42. Ответ, сорефер — 33-37-77; зам. ответ, сорефер — 33-30-34; справочный звон — 33-33-82, 33-37-42; сореферного стра-ло-33-40-37; радиодиффузия — 33-38-84, 33-38-89; автомобильного — 33-41-09 августа — 33-27-57; «Новости» — 33-31-94, 33-31-33; оном с «Новости» — 33-40-84. Стенографистки — 33-34-53. Дежурный редактор — 33-79

Республикалық «Қазақстанская правда» газетінде О. Бәлдеков туралы жарияланған мақаланың көшірмесі



талапты орындап келе жатқанымыз күмәнсіз еді. Кенеттен, бір шабуыл кезінде қарсы алдымыздан жау пулеметі «сарнап» қоя берді. Көзге түспейтін жерге әбден жақсы бекініп алған. Ол жау қаруының ұзақ «сөйлейтіндігі» сонша, тіпті бас көтеруге мүмкіндік беретін емес. Полк командирі маған, мен басқарған атқыштар ротасына сол нүктенің «үнін өшіруге», жауынгерлердің ілгері жылжуын қамтамасыз етуге бұйырды.

Взвод командирлерін шақырып алғанда сол дотты жою жоспары басымда қалыптасып та қалған еді. Бірінші взводқа дұшпан дотының қақ маңдайынан тіке шабуыл жасауын тапсырдым. Бұл арадағы ойым – дұшпанның назарын өзге жаққа аударуға мүмкіндік бермеу. Атыс-шайқас жүріп жатқан кезде екінші взвод доттың сол жағынан оралып өтіп, жау бекінісіне тұтқиылдан тарпа бас салуы тиістігін тапсырдым. Үшінші взводты кезекте қалдырдым. Бірінші взвод жауынгерлері кіші лейтенант Несговоровтың бастауымен дұшпан бекінген тұсқа жақын келгенде күн де кешкірген еді. Неміс пулеметі сол мезетте тағы да жанұшыра «сарнап» қоя берді. Біздің жауынгерлер жата қалып, «жауап қатуға» кірісті. Осы кезде дотқа бір секіріп жететіндей жерге келіп үлгерген біз дұшпан орналасқан дотқа басып кірдік. Дұшпанмен арпалысымыздың арты қолдасып алысуға айналды. Алайда бұйірден бас салған біздерден мұндайды күтпеген жау көп ұзамай жеңілді. Бірнеше жауынгерін тұтқынға түсіріп, қару-жарақ, оқ-дәрі олжалап, бұл тапсырманы да орындадық.

Финдермен болған ең соңғы ұрыс та есімде. Бұл 1944 жылдың 8 шілдесі болатын. Вуокс өзенінен өткеннен кейін, жаудың жанталасқан қарсылығын жоя отырып, жағалаудағы стратегиялық маңызы бар кішігірім алаңды біздің әскер иемденді. Бізге осы арада берік бекініп, қалай болғанда да кейінгі күштеріміз келгенше оны ұстап тұру тапсырылды. Финдердің әскері осы алаңның маңызын жоғары бағаласа керек, көп күштерін жоғалтқанына қарамастан, бізді өзенге қарай кері ығыстыруға талпынып, жанталаса ұмтылды. Жау шабуылы бірнеше күн бойы толастамады. Ротамыз сиреп бастады. Жаралылар да, жан тапсырғандар да көбейді. Жағдайымыз күрделілене бастады. Айналамыз тегіс батпақ, тереңдетіп ор қазу тіпті мүмкін емес, аяғымыздың асты шылқыған су. Әуелде «мина салып, қорғаныс жасаймыз» деген ой болып еді.



оны жүзеге асыруға болмайтын болды, дұшпанның үздіксіз жаудырған оғы астында қозғалудың өзі қиындыққа айналды. Алайда қанша қиындық болса да жауынгерлер мойымады. Ақыры, сан қайтара шабуылдары еш нәтиже бермеген финдер ұрыс даласында ондаған жауынгерлерін тастап, шайқасты тоқтатуға мәжбүр болды.

1944 жылдың шілдесі. Біздің 382 Новгородтық атқыштар дивизиямыз Ленинград түбінен жау шебін бұзып, дұшпанды өкшелей қуып келе жатқан кез. Ұрыс жүріп жатыр. ... Пулеметтен оқ жаудырып тұрған бір жау дотын орағытып, ішке граната лақтырдық. Жарылыстан кейін ішке кірсек, төрт неміс жауынгері сұлап жатыр. Үстіне бүркеме жамылғы-жадағай (плащ-палатка) жамылған біреуін тартып, қозғауым-ақ мұн екен, қарсыласа кетті, пышағын сұғып алуға шақ қалды. Бірақ оны жанымдағы старшина – Мәжит қапсыра құшақтай алып, мұршасын келтірмеді, сөйтіп, бір ажалдан сақтап қалды. Осы жолы мені мерт қыла жаздаған сол жау – неміс қызы екен. Қыз баланы қастерлейтін халқымыздың дәстүрі санама сіңген менің ойымнан сол уақиға ұзақ уақыт кетпей жүрді.

Волхов майданы жүргізген ұрыстарда соғыстың ауыр күндерін бірге өткізген көптеген майдандас достарымыздан айырылды. Олардың ішінде Соколов, Бессонов, Жәумітов, Ізтілеуов, Мартынов, башқұрт Меркаров, татар Хисматуллин, қарақалпақ Сейдуллаев және тағы басқалар қаза тапты. Сол кезде ұрыстарда қаза болғандар да, қан төгіп бейнет шеккендер де өз ерліктерін Отан алдындағы борышын өтеу түсінігімен аянбай шайқасты, олар ешқандай марапат, атақ, даңқ, мақтау-мадақтау күтпеген болатын. Соғысқа қатынасқан жауынгерлердің ұрыстардағы өмір жолы, ерліктерін бастан аяғымен әңгіме етіп айтып жаза берсе, жеке кітап болар еді.

## МАЙДАН МЕН ТЫЛДЫҢ БІРЛІГІ

*(Ұлы Отан соғысының ардагері  
Орынбай Бәлдековтің естелігінің соңы)*

Запорожье атқыштар дивизиясының 203-ші атқыштар ротасының бөлімше командирі, Кеңес Одағының Батыры – Мәди



Бегенов, Сталинград түбіндегі ерлігі үшін Ленин орденімен марапатталған Исатай Сүйеубаев, минометшілер бөлімшесінің командирі, «Даңқ» орденінің иегері Жұмабай Жұбатыров, Жауынгерлік Қызыл Ту орденді Жүсіп Жайлыбаев және де тағы басқа да көптеген жерлестерімізді ел орынды мақтан етеді.

Жетібай автокөлік кәсіпорнында бұрынғы жауынгер, соғыс ардагері Көбейхан Маштанов жұмыс жасады. Ол Солтүстік Батыс майданында болған. Үш рет жарақаттанып, үш рет қайта сапқа тұрған. 2-ші Белорус майданы құрамында әйгілі «Багратион» соғыс операциясына қатысқан жауынгер. Сол Көбейханның бір өзі немістің «Жолбарыс» атты бес танкісімен жекпе-жек шайқасып, оларды ілгері жібермей, құртқан. Ұрыстан кейін шала-жансар жатқан күйінде табылып, аман қалған. Осынау жайларды ойға салып, сөрелеп қарағанда, қазіргі бейбіт те, бақытты өмірді сыйлаған сол Көбейхандай талай қарапайым сержанттардың, қатардағы жауынгерлердің ерліктеріне тағы да бас игің келеді.

Соғыс жылдарындағы қиыншылықтарға қарамастан, қажырлы еңбек үлгісін көрсетіп, үздік табыстарға жеткен жерлестеріміздің бір тобы еңбек ерліктері үшін Социалистік Еңбек Ері атанды. Калинин атындағы балықшылар ұжымы шаруашылығының төрағасы Тұржан Құлыбеков, осы ұжымдық шаруашылықтың жылқышыларының басшысы Ақназар Жақауов, жылқышы Балажан Қожашов, Ералиев атындағы ауыл шаруашылығы артелі жылқы фермасының басшысы Ұзақбай Есқожаев, «Қарақұм» ауыл шаруашылығы артелінің жылқышысы Дүйіш Сатыбаев, «Қызыл Өзен» балықшылар ұжымы шаруашылығының жылқышысы Сатыбалды Сисенбаев, Киров атындағы балықшылар ұжымы шаруашылығының жылқышысы Дүйсе Бердібеков, «Құлалы» балықшылар ұжымы шаруашылығы жылқы фермасының басшысы Кенған Қошақанов, «Орпа» ауыл шаруашылығы артелінің жылқы фермасының басшысы Нұрсейіт Бейнеуов осындай жоғары атаққа ие болды. Форт-Шевченко қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Уали Нуруллин «Отан Соғысы» орденімен марапатталды. Ал жерлестеріміз Самалық Өмірбаев, Үнзира Ұзақбаева, Қадырхан Әминова, Есболат Атағозиев, Оңай Көшбаев Ленин орденімен марапатталды.



Бұл марапаттаулар – соғыстың ауыртпалығын қабырғалары қайысып, суыққа тоңып, ыстыққа күйгендеріне қарамай мал баққан тылдағы ерлердің еңбегіне, еңбекшілердің еңсесін еселі еңбекке жұмылдыруға бағыттауда атқарған жұмыстарына берілген жоғары баға. Ұлы Отан Соғысы кезінде тылда еңбек еткен ұлтымыздың өкілдерін өзіндік қадір-қасиетпен бағалауға тиіспіз. «Правда» газетінің 1943 жылғы ақпандағы бір санының бас мақаласында «...қазақтар майданда жақсы ұрысуда, ал олардың әкелері мен шешелері, әйелдері де майдан үшін тылда аянбай еңбек етіп, байтақ өлкесінің қазыналарын игеріп, майданға сенімді тірек бола түсуде...» деп жазды.

Сонау от кешкен соғыс жылдарынан біраз уақыт өтіп кетті. Содан бері ол жылдар туралы қаншама шежірелер айтылды, қаншасы әлі түгел айтылып біткен жоқ десеңші?!.. Соған өз үлесімізді қосуға тиістіміз, сөйтіп, сол бір сұрапыл соғыстың адамзатқа әкелген қасіреттерінің қаншалықты зор екенін қайыра еске түсіруге себепші болуымыз қажет. Ажалмен арпалысқан жауынгерлердің ол кездегі ең қасиетті мүддесі – ел тыныштығын қайта орнату, ел-жұртын, жетістік-жеңістер мен байлықтарды, туған жерді, жеткіншектердің болашағын фашистерден қорғап қалу болды. Әрине, соғыс тек қана ерліктер шежіресі емес. Ол – ел басына келген апат. Сол апаттан құтылу үшін ақыл-білім, айла-әдістердің неше түрі қолданылады. Санады адамды үрей-қорқыныш билеп, кернейтін кездер де аз болмайды екен. Жүректі ауыртып, жүйкені жейтін кездер де көп болды.

Халқымның қасиетті дәстүрлерін қадір тұтып, адамзаттың үлкен мұраттары үшін бейбіт заманда еңбек еткенге не жетсін?!.. Ұлы Отан соғысындағы Кеңес елі халқының Ұлы Жеңіске жеткенінен кейінгі осынау жылдардың қаншасы соғыс кезінде бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіруге кетті десеңізші?!.. Егер сол неміс фашистерін талқандауға кеткен күш-жігеріміздің бәрі тек қана халық шаруашылығын, ғылым мен техниканы өркендетуге, халықтың тұрмысын жақсартуға жұмсалған болса, қазіргі өміріміз бүгінгіден де артық құлпыра түсіп, шуақты болмас па еді?!..

Ия.., біз соғысты көрдік. Қан майданда жүріп халық бақыты үшін күрестік. Енді сол біз көргенді ұрпақтар көрмесін – соғыс



ардагерлерінің үлкен тілегі осы. Аспан әрқашанда ашық болсын!.. Жастық шақта соғыста жүріп біз көрмеген қызықтарды ұрпақтарымыз көрсін!.. Заманымыз гүлдене берсін!..

Ей, адамдар!.. Жер Ананың үстіндегі, ашық аспан астындағы, қуаныш құшағындағы бейбіт күндерің мен түндеріңдегі жарқын өмірлеріңді бір-біріңнен қызғанбаңдар!.. Тіршіліктің алаңсыз қызығын бір-біріңе көпсінбендер!.. Жер шары адамзаттың бақытты алтын сарайына айналсын!.. Соғыс болма-сын!..

\* \* \*

Орынбай Айтмағамбетұлының Ұлы Отан соғысы туралы жазған естелігі осылай, маңғыстаулық жерлестерінің майдандағы жауынгерлік ерліктері мен тылдағы қажырлы еңбектері туралы жазғандарымен аяқталады.

Әкемнің қолжазбасында мына өлең шумақтары да кездесті. Мұны өзі жазды ма, әлде басқа бір жауынгердің шығармасы ма – бұл жай бізге беймәлім.

*Менменсіген фашиспен  
Волховта өткен соғыстың  
Отын кешіп, тауын астым.  
Болдың ба, сен, Волховта?  
Көрдің бе, оның орманын?  
Батпақты орман осы жер  
Байтақ Отан біз үшін.  
Сол орманның әр талын  
Өз жанымдай қорғадым.  
Орманы қалың сол жерде  
Жатты бүкіл жеңісім.  
Құрбан болды қанша адам,  
Жалғыз адым жер үшін.  
Қара елтірі терідей  
Нулы қалың орманда,  
Жолың түсіп, қонғанда  
Есіңе бізді ал, достым!..*





\*\*\*

1942 жылы сәуірде әскер қатарына шақырылып, майданға аттанған әкемнің майдандық жолы, атқарған міндеттері мынадай.

Ленинградтың Қызыл тулы Ф. Энгельс атындағы кіші сардарлар дайындайтын әскери-саяси училищесін 1942 жылы қыркүйек айында бітірген соң оған лейтенант әскери шені берілген. Сонсын Волхов Майданы Әскер басқармасының Саяси бөлімінің қарауына жіберілген. Әскер басқармасы оны Волхов Майданының 59-шы Әскерінің 2-ші атқыштар дивизиясының 261-ші атқыштар полкінің құрамындағы бір ротаға сардардың орынбасары етіп тағайындайды.

Міне, әкем осылай, 1942 жылдың қазан айында майдандағы соғысқа кірісіп кетеді. Бұл жауапты майдандық әскери қызметті 1943 жылдың шілде айына дейін атқарып, майданның алдыңғы шебіндегі қан төгіскен әлденеше ұрыстарға қатынасады. Сол ұрыстардың бірінде, 1943 жылдың наурыз айында, өзіне тапсырылған арнайы маңызды әскери бұйрық-тапсырманы орындауда көрсеткен ержүректігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталуға ұсынылады. Шағын әскер бөлімшесін басқару ісінде танытқан қабілеттілігін ескеріп, әскер басқармасы оған 1943 жылдың мамыр айында аға лейтенант әскери шенін береді, рота сардары етіп тағайындайды.

Содан кейін 1943 жылдың шілде айында қысқа мерзімді майдандық сардарлар дайындайтын жаттығудан өткен соң, Ленинград Майданының әскери басқармасының қарауына жіберіледі. Ол осы Майданның 23-ші Әскерінің 382-ші атқыштар дивизиясының 1265-ші атқыштар полкінің құрамындағы ротаның сардары болып тағайындалып, майдандағы ұрыстарға қатынасуын жалғастырады. Өзі басқарған ротамен Ленинград қоршауын бұзу, Выборг, Новгород, Псков, Нарва, Таллин қалалары, Финляндия мен Эстония шекарасындағы кейбір аймақтарды жаудан босату ұрыстарына қатысқан. Сол кездерде, 1944 жылы мамыр айында, оған 1942 жылы желтоқсан айында марапатталған «За оборону Ленинграда» медалі табыс етіледі. Ал 1944 жылдың тамыз айында, майдангер Орынбай Бөлдековтің «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталғандығы



туралы әскери басшылыққа арнайы хабар келеді. (Бұл марапат 1948 жылы 23 ақпанда құжатталып, иесіне табыс етіледі). Ленинград әскери округінің 1944 жылғы 27 қазандағы 140 санды бұйрығына сәйкес оған капитан әскери шені беріледі.

Эстония жерінде болған ұрыстардың бірінде майданның алдыңғы шебіндегі ұрыстарда арпалысып жүріп, капитан Орынбай Бәлдеков 1945 жылдың қаңтар айында қатты науқастанды (Бұлайша айтуымның себебі – оның әскери құжатында «жарақаттанды» ия «контузияланды» деген мәлімет жазылмаған, тек қана «1945 жылдың ақпан айында тылдағы Чкалов (Оренбург) қаласындағы 359-шы тыл-эвакуациялық әскери госпитальға емделуге жіберілген» деген жазба бар. Ал, егер жеңіл жарақаттанған немесе жеңіл науқастанған болса, тылдағы емханаға жіберілмес еді деп ойлаймын). Емделу кезінде, сәуір айында қысқа мерзімді демалыста, Форт-Шевченкода отбасымен бірге болады. Ол 1945 жылдың мамыр айында әрекеттегі әскер қатарына қайтып оралады. Оңтүстік Орал Әскери аймағы штабы сардар офицерлер құрамының кезектегі 21-ші атқыштар батальонның 12-ші атқыштар дивизияның 40-шы атқыштар полкінің рота сардары болып тағайындалады. Сонсоң Башқұртстан астанасы Уфа қаласы маңындағы Алкино темір жол стансасында әскери жабдықтау қызметін 1945 жылдың қыркүйек айына дейін атқарып, әрекеттегі әскер қатарында болады. Содан кейін Оңтүстік Орал әскери аймақтың штабы капитан Орынбай Бәлдековті әрекеттегі әскер қатарынан босатып, Гурьев облыстық әскери комиссариаттың қарауына жібереді. Сол комиссариаттың бұйрығына сәйкес ол Шевченко аудандық әскери комиссариаттың 4-ші бөлімінің бастығы жұмысына тағайындалып, қыркүйек айында аман-есен туған жеріне оралады, ел-жұрты мен отбасына келіп қосылады.

## ЖЕҢІС ЖЫЛЫНЫҢ ҚУАНЫШТАРЫ

Бүкіл Кеңес Одағының ел-халқына қуаныш әкелген 1945 жыл Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдеков пен Ғайния Меңдалықызы Қарабекова екеуінің отбасылық өмірінде аса бір



қуаныштарға толы жыл болып, біздің жанұямыздың тарихында мынадай қуанышты жағдайлармен есте қалды.

Шаңырағымыздың тірегі – әкеміз Ұлы Отан соғысынан аман-сау еліне оралды. Бұл қуанышты Орынбай Айтмағамбетұлы мен Ғайния Меңдалықызы ағайын-тумаластарымен, дос-жолдастарымен, көрші-қолаңмен бірге тойлайды. Тұрмыс тапшылығы қыспаққа алып тұрған кез болса да, соғыс кезінде үй иесінің орнына қалған анамыз Ғайния «барымен базар» дегендей дастарқан жайып, майдангермен көрісуге келген ауылдастарды, жұмыстастары мен ағайын-тумалас, жегжаттары қуанышпен қарсы алып, кішігірім той жасапты. Сол бір қуанышқа толы күнді Зинеш апа былайша еске алады.

«Орынбай соғыстан аман-есен біржолата келді» деген хабарды естіген ағайын-тумалас, көрші-көлем, дос-жолдастары күн-ұзақ үйге лек-легімен келіп, әкемізбен амандасып, шүйіркелесіп әңгімелесіп жатты. Үйге кіріп-шығып жатқан адамдардың көп болғандығы, олармен жүздесіп, әңгімелескеннен босай алмағаны сонша, келе сала құшақтап көрісіп, маңдайымыздан сүйіп, басымыздан сипап қана үлгерген әкемізге Бисен інім екеуміз күн ұзағына бара алмадық, үш жастағы Сәбира сіңлімді де апара алмадық. Тек қана кешкісін, жұрт сиреген соң ғана тағы да табыстық.

Қаңға Баба жеріндегі Мусахан «Орынбай соғыстан біржолата келді» деп хабар айтып, сүйінші сұрап барған Өтеген деген күйеу баласына (кіші қызы Бибатпаның жұбайы) қолындағы екі сауын түйесінің бірі – Қара інгенді сүйіншіге берді».

Орынбай Айтмағамбетұлы мен Ғайния Меңдалықызының отбасына екінші бір қуаныш сол жеңіс жылының соңғы күндерінің бірі – 30 желтоқсан күні келді. Сол күні бұл дүниеге, олардың жанұясына, ұл бала келді.

Қазақ елінде сол 1945-1946 жылдары туған ұл-қыздарына әке-шешелері Жеңіс, Пәбедин, Бауыржан, Мәншүк, Әлия деген есімдер бергені аян. Қайсыбір ата-аналардың өз ұлдарын маңғыстаулық тарихи батыр-тұлғалар – Шотанның, Досанның және де басқа батырлардың есімдерімен атауды қалағаны да белгілі. Әкем өз жанұясында соғыстан кейінгі алғашқы бейбіт 1946 жылды қарсы алып отырып, жаңа туған ұлына әлдилеп ән айтып:



*«Папасы өзінің Шотанын,  
Социалистік Отанын  
Фашистерден қорғаудан  
Аман-есен келген соң,  
Амангелді деп атады», –*

деп, маған Амангелді деген есім беріпті. Жаңа жылдың алғашқы жұмыс күні 2 қаңтарда азаматтық актілерді тіркеу орнына барып, менің атыма Форт-Шевченко қаласында 1946 жылы алғашқы санды тіркелген туу туралы куәлік алып келіпті.

Тарих ағымдағы заманмен сабақтас, байланысты. Біздің халқымыздың фашизмді жеңген, әлемге бейбітшілік әкелген Жеңіс күні «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!» деген ұранмен бейбіт заманның бақыты бұйырмай, майданда қаза болғандарға, бұл өмірден өткен майдангерлерге, тылда аянбай еңбек еткендерге тағзым ету күні ретінде жыл сайын аталып жүр. Ел-халқымыздың шексіз қуанышты күні 1945 жылдың 9 мамыры – Жеңіс мерекесі КСРО тарихында, жалпы дүниежүзілік тарихта ерекше орын алып, адамзат жүрегіне жара салған соғыстың біткен қуанышы ретінде халық жадында сақталды.

Майдангер капитан, Ұлы Отан соғысының ардагері Орынбай Айтмағамбетұлы мен соғыс жылдарындағы тыл қызметкері Файния Меңдалықызы үшін де бұл күн аса киелі, қасиетті мейрам күні болды, олар жыл сайын, бұл өмірден өткенше, Ұлы Жеңіс мерекесін өз елімен бірге тойлады.

Сол Жеңіс жылының ескерткіш таңбасы, нышан-айғағы – фашистік Германияның ең жоғары мемлекеттік құрылымы Рейхстагтың күмбезіне тігілген Жеңіс Туы. Ол Ту I Белорус Майданының 3-ші Екпінді соққы Әскерінің 79-шы Атқыштар корпусының II дәрежелі Кутузов орденді 150-ші Саптық Идрицк дивизиясының жауынгерлік туы еді.

КСРО халықтарының аса құрметті, киелі заты ретінде Мәскеуде, Кеңес әскерінің орталық мұражайында сақтаулы тұрған Жеңіс Туының алдында өндіріс озаты ретінде ресми түрде суретке түсу құрметі менің тағдырыма жазылыпты.



Ұлы Отан соғысы жеңісінің 30 жылдығын атап өту кезінде, 1975 жылы мамырда, Маңғышлақ облысының өндіріс озаттарын ВЛКСМ (БЛКЖО) Орталық комитеті Мәскеуге шақырды. Солардың қатарында мен де болдым. Мен ол кезде «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестіктің «Жетібай» мұнай-газ өндірістік басқармасының Асар, Асар-2, Шығыс Жетібай, Түрікменой кен орындарын игеруді қамтитын № 6 Мұнай өндірісінің бастығы болып жұмыс жасайтынмын.

Бізбен бірге Ұлы Отан соғысының ардагерлері, майдангерлер – белгілі әскери қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әскери генерал И.И. Федюнинский (1900-1977) және қатардағы жауынгер, Кеңес Одағының Батыры, Қарағанды облысының Қарқаралы қаласының тұрғыны Мартбек Мамыраев (1908-1989) суретке түсті.

\* \* \*

Орынбай Айтмағамбетұлы Шевченко аудандық әскери комисариатында 1945 жылдың қыркүйек айынан 1946 жылдың қазан айына дейін жұмыс жасапты. Сонсын бейбіт өмірдің алғашқы жылының демалысына шығып, жанұясы – зайыбы Ғайния Меңдалықызымен, балалары – 6 жасар Бисенімен, 10 айлық Амангелдісімен, бажасы Абенше Сағындықұлы мен балдызы Мариям Меңдалықызымен бірге Алматы қаласында болады.



Ол 1948 жылы 15 қазанда әрекеттегі әскер қатарынан шығарылып, кезектегі әскер есебіне тіркелген.

Енді майдангер Орынбай Бөлдеков туралы майдандық «Фронтвая правда», Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс», Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газеттеріндегі жарияланымдармен танысайық.

## ЖАҚСЫ ҮЛГІ

**НЕСГОВОРОВ,**  
*кіші лейтенант, Волхов Майданының*  
*«Фронтвая правда» газеті,*

*(Қазақ тіліне аударылған мәтін)*

Аға лейтенант Бөлдековтің ротасында қызыләскерлер жиыны өтті. Онда сардар біздің отанымыздың шекара-межесін қорғаудың маңызы туралы толық әңгімеледі. Біз зор екпінділікпен жұмысқа кірістік. Әркім жұмысты көбірек жасауға тырысты. Сырқаттануына байланысты ауыр жұмыс жасаудан босатылған рота старшинасы сержант Шпагин сардардан оны бөлімшемен бірге жіберуін өтінді. Бұл күні ол өзінің жұмыс мөлшерін төрт сағатта орындады. Коммунист старшина Шпагинның әрекеті жеке құрамды одан әрмен жігерлендірді. Ұзамай қызыләскерлер Комков, Исаков, Васючка, Кривдин, Сайдуллаев, Моханьков және басқалар өз жұмыс мөлшерлерін асыра орындады.

## ЖАЙЫҚ БАТЫРЛАРЫ

**А. ИЛЬТЕБЕКОВ,**  
*аға сержант,*  
*Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газеті,*  
*№ 23, 2 ақпан, 1945 ж.*

Жайық – батырлар анасы. Өйткені Жайық ел қамын жеген Едігені, садағын сала байланған Орақ пен Мамайды, қасарған жауын қан ететін Қобыландыдай, жауды көрсе, жайнаған



## ХОРОШИЙ ПРИМЕР

В роте старшего лейтенанта Волдекова состоялось красноармейское собрание. На нем командир подробно рассказал о значении укрепления обороны рубежей нашей Родины.

С большим подъемом приступили мы к работе. Каждый старался сделать как можно больше. Старшина роты сержант Шпагин, освобожденный по болезни от физического труда, упрощал командира, чтобы тот

отпустил его вместе с подразделением. В этот день он свою норму выполнил за четыре часа.

Поступок коммуниста старшины Шпагина еще больше воодушевил личный состав подразделения. Вскоре стали невыполнять свою норму красноармейцы Комков, Исаков, Васючка, Кравдин, Сайхулаев, Мохальков и многие другие.

Младший лейтенант  
ПЕСКОВРОВ



Бұл майдандық газет қиындысы Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы



Қарасай мен Қазиды, жауын жеңбей тынбаған Тарғынды туды. Орыс патшасымен он төрт жыл соғысқан Сырымды, Еділ үшін егескен, Жайық үшін жандасқан Махамбет пен Исатайды туды. Бұлар Кіші жүздің батырлары болып аталды. Міне, сондықтан да халық аузында «Кіші жүзді найза бер де, жауға қой» деген мақал туды.

Гитлершіл Германия отанымызға опасыздықпен шабуыл жасап, ел басына ауыр күн туғанда Жайық тағы да батырларын атқа мінгізіп, ел намысын тапсырып, майдан төріне аттандырды. Олар ата салтын жоғары ұстап, өткен ерлерше соғысты, солардың батыр бейнелерін үлгі етті. Өзінің көсемі Сталин жолдастың есімімен жеңіске жетіп отыр.

Қазақтың тұңғыш генералы Шәкір Жексенбаев Волхов Майданындағы қанды ұрыста өз жауынгерлерін жау қоршауынан шығарып, жауды үлкен шығынға ұшыратып, жеңіске жетті. Оның даңқы майдан төріне тез тарады. Ол Жайықтан шыққан қолбасы болды.

Жайық өзінің ерлері Кеңестер Одағының Батырлары – Қайырғали Ысмағұловты, Боран Исамбаевты, Ахмедияр Құсайыновты және 300 немісті өлтірген Исатай Сүйеубаевты мақтан етеді.

Маңғыстау ауданының Шетпе ауылдық кеңесінің бұрынғы ұжымдық шаруашылығының мүшесі, қазіргі лейтенант Жәуметов Ықылас – Жайықтың жас батырларының бірі. Ол өзінің бөлімшесімен күші төрт есе артық жауға қарсы тұрып, оларды үлкен шығындарға ұшыратып, Н. елді мекенінен қуып шықты. Ықылас «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. Ықылас Ленин атындағы қаланы қорғауға қатысып, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталды.

Әйтен Жүнісов – даңқты пулеметші. Ол жалғыз өзі 28 неміспен ұрысып, 22 немісті өлтірді. Жүнісов – Сталиндік сыйлықтың иегері, Социалистік Еңбек Ері Василий Алексеевич Дегтяровтан оның пулеметін жақсы меңгергені үшін алғысхат алды. Аға лейтенант Бәлдековтің бөлімшесі Ленинград қаласын қорғау ұрыстарында аса көзге түсті. Талай сұрапыл ұрыстарға қатынасты. Н. селосын аларда Бәлдековтің бөлімшесіне немістер 5 рет қарсы шабуыл қолданды. Жауынгерлер күшті оқ жаудырып, немістерді ауыр шығынға ұшыратты. Ұрыс да-





Барлык ишлардык аракетлери башланган

# Социалистик КҮРҮЛҮС

Кыргыз Республикасынын Социалистик Ишканаларынын Бирлиги

1945 жылдын 2 февралы - Шүбһа 1945 (1945)

Облысымызга берилп отырған зор сыйлык — Мемлекеттик Коргау Комитетинин аусулалы Кызыл Туу и Берик Устау үшін, оған көрүнкті іспен жауап беріп, қысқы алынған төлді аман сақтаумен, жазғы төл алуға өзіндікті осы күннен күшейткі. Бір де алынған төл шығын болмайтын шараларды күн ішгері іске асырайық!

## МАЙДАННАН ХАТ Жайық батырлары

Жайық батырлары арасы Өткені, Жайық ел намын жеген Едгемі, олардың ала байлаған Орак пен Мамайды, қаорған жауы қап егері Қобландыдай жауы көрсе жайыған Қазоай мен Қазды, жауы жепбей тымбаған Тарғы туды. Ормы патшаом мен өтөрт жыл соғыскы Сырмыды, Еділ үшін егеске, Жайық үшін жаңадасқан Махамбет пен Исатайды туды. Булар кіші жүздің батырлары болып алады. Міне, сондықтан да халық аузында «кіші жүзді найза бер де жауға қой» деген мақал туды.

Гитлерші Германия отанымызға опасыздықпен шабуыл жасап, ел басма аумр күн туғанға Жайық тағы да батырларын атқа мінгізіп, ел намысын тапсырып майдан төріне аттадырды. Олар ата аалтын жоғары ұстап, өткен ер дерше соғысты, олардың батыр бейнесерін үлгі етті. Өзінің көесі Сталин жолдастын елімізге жеңіске жетіп отырды.

Қазықтың тұңғыш генералы Шәзір Жексенбаев Волхов майданындағы қанды ұрыста өз жауыгерлерін жау қоршауына шығамды, жауды үлкен шығынға ұшыратып, жеңіске жетті. Оның дүңкі майдан төріне тез тағалды. Ол жайықтап шыққан қол басп болды.

Жайық өзінің ерлері Советтер Одағының Батырлары Қайыратын Ысмағұловты, Боран Исмаиловты, Ахмедьяр Хусайыновты және 3-дүңкісті өзі ген Исатай Сүрбаевты мақтан етеді.

Мәскеуді аударынып Шығыс жұмыт сөзетінің бұрынғы қолқазшысы, көзгері дейгенат Жәуметов Ыхлаз Жайықтың жао батырларының бірі. Ол өзінің бөлішесімен күші төрт есе артық жауға қарсы тұрып оларды үлкен шығындарға ұшыратып, Н.С.Елің жеріне күш шықты. Ыхлаз «Қызыл тууды» арлашымен наградалды. Ыслаз Ленин атындағы қоланн қорғауы қатынысып, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалмен наградалды.

Әдеген Жүнісов дақтың аударынып. Ол жалғыз өзі 28 кемісіне ұрысқа, 12 кемісіні өлтіріп. Жүнісов Сталиндік сыйлықтың лауреаты, социалистік еңбек ері Василий Алексеевич Дегтяровтан оның пулеметін жақсы менгергені үшін алды хат алды. Аға дейгенат Валдековтың бөлімшесі Ленинград қаласын қорғау ұрыстарында аға көзге түсті. Талай ұрыстың қорғауына қатынасты. Н.С.Елің ағарда Валдековтың бөлімшесіне кемістер 5 рет қарсы атақ қолданды. Жүнісовтар күшті оқ жаудырып, кемістерді аумр шығындарға шыратты. Ұрыс даласында 160 жем өлігі қалды. Н.С.Еліңнің үстінде Советтік Қызыл Ту қайтп жеткіреді. Жайықтың жао қорғандары жеңістің Қызыл Туымен аға басуда. Аға сержант А ИЛЬТЕНОВ. (Майдандағы армия).

«СОЦИАЛИСТИК КҮРҮЛҮС»  
2 февраль 1945 ж. 3 бет.

Бұл газет қиындысының көшірмесі Алматыдағы Республикалық А.С. Пушкин атындағы кітапхана қорынан алынды



ласында 160 жау өлігі қалды. Н. селосының үстінде Кеңестік Қызыл Ту қайта желбіреді. Жайықтың жас қырандары жеңістің Қызыл Туымен алға басуда.

## КАПИТАН БӘЛДЕКОВ БАСҚАРҒАН БӨЛІМНІҢ ҰРЫС ҚИМЫЛЫ

*М. ЖАНИМЕНОВ,  
Шевченко аудандық «Колхоз жолы» газеті,  
8 наурыз, 1945 ж*

1944 жылғы қаңтар айының 12-сі күні. Н. елді мекені үшін кескілескен қатты ұрыс басталды. Біздің әскерлер немістердің қорғану ұясына өту үшін артиллериядан екі сағаттан астам уақыт бората оқ жаудырып, дұшпанды мықтап тұншықтырып жатты.

Осы қызу шайқас үстінде капитан Бәлдеков басқарған бөлімшенің жауынгерлері ерекше көзге түсті. Бөлімдегілер жаңбырдай жауған артиллерия оғы астымен жылжып, дұшпанның қорғану шебіне басып кірді. Олар жау бекінісінен жеті немісті өлтіріп, бір офицерді, олардың қару-құралдарын қолға түсірді. Жаудың бұл қорғану орны дұшпан шебінің бір бүйірінде еді. Жаяу әскерлеріміз жаппай шабуылға бет алған кезде, оларды дұшпан оқ атып бөгемек болды. Осы кезде жау шебіне бұрын өткен Бәлдековтің бөлімі немістердің бір қырынан автомат пен пулеметтен күшті оқ атып, неміс әскерінің әрекетін бөгеп, соққы берді. Мұның нәтижесінде әскерлеріміз немістің қорғану шебін ойдағыдай бұзып өтіп, Новгород қаласын алды.

Бұл шайқасу капитан Бәлдековтің жауынгерлік сапарының қадамы еді. Шілде айының бас кезі. Әскерлеріміз Вуокс өзенінен өту үшін ұрыс жүргізді. Бұл ұрыста да Бәлдековтің бөлімі айтарлықтай қимыл жасады. Бөлім жауынгерлері өзеннен бірінші болып өтіп, өзеннің арғы бетіне бекінді. Бұл бекініске неміс пен финнің әскерлері 30 күн шабуыл жасады. Бөлімнің ержүрек жауынгерлері дұшпанның қарсы шабуылдарының бәрін тойтарып, қорғану орнын табандылықпен ұстап тұрды.

Майданнан қат

018.03.1945 №5(1443)

## Капитан Бәлдеков басқарған бөлімнің ұрыс қимылы

1945 жылдың басында капитан Бәлдековтың ұшыраған ұрыс кезіндегі ерекшеліктері туралы бізге қызық болды. Оның басындағы ұрыс кезіндегі ерекшеліктері туралы бізге қызық болды. Оның басындағы ұрыс кезіндегі ерекшеліктері туралы бізге қызық болды.

Осынау шайқас үшін капитан Бәлдеков басқарған бөлімнің жаумен күресуіне көмегі үшін жауға қарсы бірінші астаммен жылжып, дубинаның қорғаны шебіне басма кірді. Олар жау бекінісінде 7 кемісті өлтіріп, бір офицерді, олардың қару құралдарын қолға алды. Жаудың бұл қорғаны орын дұшпан шебінің бір бүйірінде еді. Жау әскерлеріміз жаппай шабуылға бет алған кезде оны дубина оқатап бөлшек болды. Осы кезде жау шебіне аурын өткен Бәлдековтың бөлімі немістердің бір қырып автоматпен, пулемет-

пен күштеп оқ атып немістердің әрекетін бөгеп, оққа берді. Мұның нәтижесінде әскерлеріміз немістердің қорғаны шебіне ойдағыдай бұзылып, олардың қорғаны бұзылды. Бұл шайқаста капитан Бәлдековтың жауынгерлік сәпарының атқарған қадамы еді.

Июль айының басы кезінде әскерлеріміз Вукожавиннен өтетін ұрыс жүргізді. Бұл ұрыста да Бәлдековтың ерекшеліктері айқын көрінді. Жауынгерлері өздерінен бірінші болып өтпелі шеңберге бетіне бетінді. Бұл бекініске немістердің әскерлері 30 күн атып жасады. Бөлімнің ержүрек жауынгерлері дұшпанын қарсы атып, оның сәрін қыратып, қорғаны орын табындылықпен ұстап тұрды. Олар июльдің 23 күні бір ұрыстың өзінде немістің бір ротасын жойып, 160-тан астам солдаттарын мен офицерлерін қырып алды.

Бұлар қаптан Бәлдеков

басқарған бөлімі ұрыс қимылдарының бір екі ғана көрінісі.

Капитан Бәлдеков басқарған бөлім ұлы Ленин атындағы қаладан, Нарвадан, Выборг пен Петрозаводскіден, Таллиннен неміс фашист басқыншыларды қуып, толқандаудағы даңқтары ұрыстарға қатысты.

Бөлімдегі айрықша көзге түскен 60-тан аса адам жауынгерлер Советтер Одағының ордендері мен медалдарын алды. Олардың ішінде Мерказов, Жауметов жолдастар екі реттен «Қызыл жұлдыз» ордені мен наградтады.

Бәлдеков жолдас соғыстан бұрын КК(б) Швейцария аудандық комитетінде пропагандист болып қызмет істеді. Қазір оның әскери атағы капитан, Бәлдековтың ұрыстағы жауынгерлік қимылы тылдағы аудан жерлерінің бұрынғыдағы қажырлы еңбек істеуге жұмылдырды.

М. ЖАНИМЕНОВ.

Бұл майдандық газет қиындысы Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы

Олар шілденің 23-і күнгі бір ұрыстың өзінде немістің бір ротасын жойып, 160-тан астам солдаттары мен офицерлерін қырып салды.

Бұлар – капитан Бәлдеков басқарған бөлімнің ұрыс қимылдарының бір-екі ғана көріністері.

Капитан Бәлдеков басқарған бөлім ұлы Ленин атындағы қаладан, Нарвадан, Выборг пен Петрозаводскіден, Таллиннен неміс-фашист басқыншыларын қуып, толқандаудағы даңқты ұрыстарға қатысты.



Бөлімдегі айрықша көзге түскен 60-тан аса жауынгерлер Кеңес Одағының ордендері мен медальдарын алды. Олардың ішінде Мерказов, Жауметов жолдастар екі реттен «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды.

Бәлдеков жолдас соғыстан бұрын ҚКП (б) Шевченко аудандық комитетінде насихатшы болып қызмет істеді. Қазір оның әскери атағы – капитан. Бәлдековтің ұрыстағы жауынгерлік қимылы тылдағы аудан жерлерін бұрынғыдан да қажырлы еңбек істеуге жұмылдырады.

## ҚОРҒАНЫС ШЕБІНДЕГІ ҰРЫС

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Коммунистік еңбек» газеті,  
22 желтоқсан, 1967 ж.*

Ұлы Отан соғысының от жалынды жылдарының бірі – 1943 жылдың наурыз айының бас кезі. Волхов өзенінің оң жағасында орналасқан Апраксин бор, Померанье, Побережье атаулы, бір-біріне жалғасып жатқан селолардың аумағын біздің 2-ші атқыштар дивизиясының бөлімдері қорғап тұрды.

Қорғаныста тұрған бөлімдерде жағдай ауыр болатын. Қатардан шыққан жауынгерлердің орны жедел толықтырыла қоймайтын. Ал жау болса, біздің осал жерімізді іздейтін. Бұл жәй, сөз жоқ, сардарлар мен саяси көмекшілердің жауапкершілігін арттыра түсетіні түсінікті.

Мен ол кезде рота сардарының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары едім. Наурыз айының 6-сы күні түнде жалпы шептен ілгерірек, оқшау тұрған бір нүктеге жақындап келгенімде, аласалау ордың бойымен бұқпақтап жүгіріп келе жатқан жауынгер қарсы келді. Ол ынтығын баса алмай, «жау нүктені қамап жатыр, мені сардарымыз хабар беруге жіберді» дегенді әрең түсіндіре алды. Жағдай толықтай белгісіз болған соң, жауынгерді алып, тездетіп жеттім. Сол бойда нүктедегі жағдайды тексерсем, қол пулеметте оқтаулы бір ғана қорап (диск) бар, жауынгерлерде бірді-екілі оқтізері бар екі мылтықтан ғана бар екен. Оқпен қамтамасыздығы нашар екен, жау



шабуылға көшсе, оны тоқтатуға жеткілікті оқ керек екені белгілі болды. «Әзірге жау жауынгерлері жалғыздап келіп, тобын көбейтіп, нүктеден алыс емес бұзылған танкті тасалап, жасырынып жатыр» деді аға сержант Соколов. Осы жағдайларды анықтап, қорғаныс шебіндегі взвод сардарына, ротаға жағдайды айтып, оқ жеткіліксіздігін тез арада хабарлауға жауынгер жұмсадым. Менің өзімде бір қораппен оқтаулы ППП автоматым бар-ды. Жер күркеден оннан аса гранаталар бары анықталды. Бұзылған танк бағытына қол пулеметімен Соколовты, сол жақ қанатты бақылауға және қорғауға жауынгер Мыршымовты қойып, өзім гранаталарды дайындап, оң жақ бүйірді бақылауға алып, жау шабуылға шығатын болса, қарсы алуға дайын болуға орналастым.

Көп ұзамай «сол жағымыздан жау көрінді» деген хабар болды. Өз орныма бір жауынгерді қалдырып, сол жаққа өзім бардым. Сол жақ қанаттағы жауынгердің тек қана мылтығы болғандықтан, ол жауды тоқтата алмауы мүмкін болды. Сондықтан өзім барып, автоматтан оқ жаудыруға, жауды қалайда нүктеге жақындатпауға бекіндім. Жау шабуылға шықты, қаптап жүгіріп келеді. Олардың жақындауы мұң екен, мен оғымды үнемдей отырып, жау жақындағанда автоматтан бірнеше кезек атыс бердім. Жаудың бірнешеуі оққа ұшып, қалғандары жата-жата қалысты. Шайқас тек басталған бойы, жау шабуылын тағы да әлденеше рет қайталайтыны белгілі болды. Дайын тұру керек, бірақ оқ аздығы қинайтын түрі бар.

Міне, шабуыл тағы басталды. Соколов та пулеметтен оқ жаудыра бастады. Шабуыл толастағандай болды, бірақ артынша қайтадан басталды. Оқ таусылды, біз енді гранаталарды сыбаумен жауды қарсы алдық. Талай ұрыстарды бастан кешкен біздердің ешқайсымызда да қорқу, қорғаныс шебін тастап, шегіну ойымызда болған жоқ. Шындығында, ұрыс тағдыры гранаталармен шешілді, бізге оқ-дәрі жеткенше сол гранаталарды сыбап, жауға бас көтертпедік. Взвод сардары Ықылас Жәуметов жауынгерлерімен көмекке келгенде, бізде гранаталарда таусылуға жақын еді. Оқ-дәрі келгеннен кейін барлық қарудан түгел оқ жаудырып, жауды шегіндірдік. Қашқан жауды бекіністеріне жеткенше оқпен сыбап, желкелеп, олардың адам шығынын көбейттік. Таң атқанда аппақ қар үстінде олардың өліктерінің сұлап жатқанын көрдік.



# ҚАЙ ОРТАНЫҢ ДА ҚАДІРЛІСІ БОЛАТЫН

Балқасақ Орынбай Алматыда туған 1932 жылы. 12 сыптарда Мәңгішұлы ауданы Құрбанбаев орта мектебінде оқыған кезінде, бірінші (1949) және екінші (1952) сыныптарда (1952) мектеп-интернатта тәрбиеленген. 1928 жылы коммунистік лагерге одағы кеткеннен кейін Жастықтан кеткен, ағыр жеті арнайы бөлімі көтеруге ұтылып, 1930-1932 жылдары Гурьев өнеркәсіп-агрономия институтының (қазір Батыс Қазақстан университеті) құрамына қабылданып, 1934 жылы оқу бітіріп, 1935 жылы Мәңгішұлы ауданының орманшысы болып қалыптастырылды. Бұдан кейін Алматыдағы Мәңгішұлы ауданының орманшысының қызметін атқалып жүріп тұрғанда, аймақта ұжымшарлар шаруашылығын ұйымдастыру жұмыстарына белсенді атқанды. 1934 жылдан 1935 жылға дейін Мәңгішұлы ауданының орманшысы болып қызметін атқарды.

Ол өзіндеріне қарай алып, күннен-күнге өсіріліп отырған ұрпаққа Орынбайдың өзіне ұқсас сипаттағы ұрпақ тәрбиелеуіне өзінше бір суреттің қалдыруға ұмтыла бастады. Сондықтан қолымен іс жүзінде адамдарды бір орманға тұрақтатты, жәй-жәй жұмыстарға жұмысқа берген. Осындай жолдан Орынбай өзінің да бірден 1939 жылдан бастап 1945 жылға дейін Мәңгішұлы ауданының орманшысы болып қызметін атқарды. Осындай жолдан Орынбай өзінің да бірден 1939 жылдан бастап 1945 жылға дейін Мәңгішұлы ауданының орманшысы болып қызметін атқарды. Осындай жолдан Орынбай өзінің да бірден 1939 жылдан бастап 1945 жылға дейін Мәңгішұлы ауданының орманшысы болып қызметін атқарды.

жылы ол Қазақстан (бөлшектесті) коммунистік партиясының қатарына қабылданып, Форт-Шевченко орманшысы партия комитетінің бірінші секретары болып тағайындалды. 1948 жылдан бастап Форт-Шевченко орманшысы партия комитетінің бірінші секретары болып тағайындалды.

Орынбай 1942 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.

1948 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.

1948 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.

## ҰЛЫ ЖЕҢІС САРЕБАЗДАРЫ

ұран өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті.

Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті.

Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті.

Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті.

Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті.

Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті. Осымен бірге өнеркәсіпшілерінің қызығуына байланысты Есірге айларда ұйым өсті.



1948 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.

1948 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.

1948 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.

1948 жылдан бастап Форт-Шевченко ауданының орманшысы болып тағайындалды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды. Сол жылдан бастап аймақ бойынша жұмыс атқарды.


Б. ЗАХАРОВ,  
Форт-Шевченко ауданы.





VII тарау

**БЕЙБИТ ӨМІР  
БЕЛ-БЕЛЕСТЕРІ**



*...Расын айтқанда, еліміздің қызметіне және азаматтық борышына құштарлықпен қарайтын адамдар өте қажет. Осындай адал еңбеккерлердің арқасында Кеңестік Одақ елінің мәртебесі ...жоғары сатыларға көтерілді. Олардың өз халқының, қоғамының мүддесі үшін және Отаны алдындағы міндеттеріне адалдылығы – нағыз ерлігі болып табылады. Ақтау қаласының осындай адал азаматтарының бар болғандығын айқындап айттып кетсек, артық болмас. Сырттай өте албырт, ашық жанды, бүкіл аймаққа танымал адам – Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдеков солардың біреуі болды...*

*Әбілқайыр СПАНОВ,  
жорналшы-жазушы,  
Егізбай САТЫБАЛДИЕВ,  
партия-кеңес қызметкері*





## БЕЙБИТ ЕҢБЕК ЖОЛДАРЫ

Орынбай Айтмағамбетұлының Ұлы Отан соғысынан кейінгі өміріндегі еңбек жолы 1946 жылдың қазан айында Шевченко аудандық әскери комиссариатының 4-ші бөлімінің бастығы жұмысынан босатылған соң басталады. Ол Шевченко аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөліміне жұмысқа шақырылып, онда 1947 жылдың тамыз айына дейін насихатшы, кейін, 1949 жылдың қазан айына дейін партия кабинетінің меңгерушісі қызметтерін атқарады. Сонсын Шевченко аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі жұмысына ауыстырылады. Осы қызметті 1952 жылдың тамыз айына дейін атқарып, ол Алматыдағы Қазақстан КП Орталық комитеті жанындағы Республикалық Жоғарғы партия мектебіне оқуға кетеді.

Маған жеткен әкемнің отбасылық мұрағатын жүйелеп, қолжазбаларымен танысқан кезде екі иықтас, қадірлес замандастар – Орынбай Айтмағамбетұлы мен Маңғыстауда белгілі қоғам қайраткері болған марқұм Өтежан Алшымбайұлы (1921-2013) екеуінің бертін келе де араластықта болғандығын, қарым-қатынастарының үзілмегендігін көрсеткен, бір-біріне жазған екі шағын ғана хаттарды кездестірдім. Солардың көшірмесін Өтекең ақсақалға баласы Нұркен арқылы беріп жіберген болатынмын. Замандасы Орынбайды есіне түсірген бұл жайға көңілі толып, бүкіл Маңғыстау құрметтеген ақсақалымыз маған аса ерекше сыпайылық, құрмет көрсетіп, уақытын бөліп, естелік жазып, жауап жіберіпті. Ол Орынбай Айтмағамбетұлын «ұрпаққа үлгі аға еді» деп бағалап, әкемнің сол кездерде Шевченко аудандық партия комитетінде атқарған жұмыстарының бір ғана қырын сипаттапты.

Ел аузында «Әкең өлсе де әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген нақыл сөз бар. Міне, әкемді көрген, оның замандасы болған маңғыстаулықтарға әйгілі Өтежан Алшымбаевтың бұл адамгершілік, азаматтық, мейірбандық, ілтипат құрметін



мен аса зор қанағаттанушылық сезіммен қабылдадым, ризашылығымды білдіріп, алғысымды айттым. Сол жылы лебізді естелікті оқырмандар назарына ұсынып отырмын. Кейін марқұм Өтежан Алшымбаевтың бұл жазғаны оның естелік еңбегінде (Есейдім бірге еліммен, «Фолиант», Астана, 2011 ж., 198-199-беттер) «Партияның саптағы солдаты» деген тақырыппен жарияланды

## ҰРПАҚҚА ҮЛГІ АҒА ЕДІ

*Өтежан АЛШЫМБАЕВ,  
Жаңа Өзен қаласы, 18 ақпан, 2009 ж.*

Орекеңмен менің қызмет жүйесінде жақын таныстығым 1946 жылдан басталады. Мен Маңғыстау аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы едім, жоғары партия басшылығының ұсынуымен 1947-1949 жылдары Алматыда Қазақстан КП Орталық комитеті жанындағы Республикалық Жоғарғы партия мектебінде оқып, осы оқу орнын бітіргеннен кейін Шевченко аудандық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне жіберілдім. Сөз реті келген соң айта кетейін, сол жылдары Қазақстан КП Шевченко аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Төлеген Қағазов, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Бекжанов Хиту болатын.

Орынбай Айтмағамбетұлы сол кезде Шевченко аудандық партия комитетінің партия кабинетінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Коммунистік партияның ең бір ерекше маңыз беретін қызмет саласы – коммунистік идеологияны уағыздау, жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу, кеңестік патриоттықты барынша терең ұғындыру, елді еңбекке жұмылдыру болатын. Аудандық партия комитетінің осындай үгіт-насихат шараларының мүлтіксіз орындалуына беріліп еңбек еткендердің бірі Орынбай ағамыз болды.

Партия кабинетінде кітапхана, одақтық, республикалық газет-журналдардың, басылымдардың жинақ тізбесі болатын және лекция оқылып, саяси сабақ жүргізілетін оқу залы болды. Лекторлар топтарының құрамы аудандық партия комитетінің



бюро мәжілісінде бекітілетін. Сол топтардың ішінде мен де болдым. Партия кабинетіне ауданның қоғамдық-саяси өмірінің белсенділері айына екі рет жиналып, саяси мектеп сабақтарына қатынасатын. Саяси мектеп тыңдаушыларының оқуға қатынасуы, тыңдаушылардың және лекторлардың сабаққа дайындықпен келуі – Орекеңнің тікелей бақылауында болатын. Дәлелсіз саяси оқуға қатынаспағандарға, сабаққа дайындықсыз келгендерге Орекең жеңіл қарамайтын, партиялық ұйымдық тәртіпке шақыру шараларын қолдануы да кәміл еді.

Әрине, оған іскерлік қабілет жайдан-жай келе салған жоқ. Ол осы партия кабинетіндегі қызметіне дейін көптеген жұмыс салаларын игерді. Ол партия-кеңес органдарында, аудандық Жастар одағы комитетінде, алғашқы балықшылық ұжым-шарларды ұйымдастырудың қиын кезеңдерінде Балықшылар одағының аудандық басқармасында жұмыстар жасап, әртүрлі қызмет сатыларынан өтті.

Орекең Ұлы Отан соғысына қатынасып, өзінің азаматтық борышын абыроймен орындап, отанымыздың мемлекеттік жоғары марапаттарына ие болып, әскери аға лейтенант шенінде елге оралды.

Бейбіт еңбек жолының соңғы онжылдығында да ол өлкеміздегі өндірістердің әр салаларында, шаруашылық органдарында қызмет етті.

Зайыбы Ғайния екеуі ұл-қыздарын тәрбиелеп, өсіріп, қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырған, береке, ризық дарыған отбасы иесі болып, халқына қадірлі, еліне елеулі әке мен ана болып дүниеден өтті.

Мен әрқашан Орекеңді өзіме үлгі тұтар аға деп білдім. Сондықтан Орекеңе деген жарасымды аға-інілік сыйластық сезімімді көңілімде берік сақтадым.

## **ЖОҒАРЫ ПАРТИЯ МЕКТЕБІНІҢ ТҮЛЕГІ**

Орынбай Айтмағамбетұлы 1954 жылы Алматыдағы Қазақстан КП Орталық комитеті жанындағы Республикалық Жоғары партия мектебін бітіргеннен кейін Шевченко аудандық



халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Ол жұмысты 1955 жылдың қыркүйек айына дейін атқарған соң, ол қайтадан Шевченко аудандық партия комитетіне жұмысқа шақырылып, онда ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі жұмысын 1956 жылдың желтоқсан айына дейін атқарады. Сонсын Шевченко аудандық партия комитеті оны Гурьев облыстық балық аулау ұжымдық шаруашылықтары мен моторлы балық аулау стансалары басқармасының «ІІІ Интернационал» ұжымдық балықшылар шаруашылығы төрағасының орынбасары – партия комитетінің хатшысы жұмысына жібереді. Құрамында балық аулайтын көптеген моторлы кеме-сейнерлері болған бұл ұжымдық шаруашылық 1950 жылдары Маңғыстау өңіріндегі ең ірі балық аулайтын шаруашылық болатын. Кейін ол халық шаруашылығын өркендетудегі социалистік жарыстарда елеулі жетістіктерге жеткен, балық аулау жоспарын асыра орындап тұрған алдыңғы қатарлы ұжым деңгейіне көтерілді. Қазақстан КС Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Министрлер Кеңесінің және Қазақстан КП Орталық комитетінің 1957 жылы 13 қарашада қабылдаған № 818 біріккен қаулысына сәйкес осы ұжым республикадағы алдыңғы қатарлы шаруашылық, өнеркәсіп мекемелерінің бірі ретінде Қазақстан КС Республикасының «Құрмет кітабына» енді. Сол ұжымдық шаруашылықтың басшыларының бірі, партия комитетінің хатшысы Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдековтің де есімі Қазақстан КС Республикасының «Құрмет кітабына» 1957 жылы жазылды.

Орынбай Айтмағамбетұлы 1955-1956 жылдары Шевченко аудандық партия комитетінің мүшесі, Форт-Шевченко қалалық партия комитетінің бюро мүшесі, 1950-1953 жылдары Шевченко аудандық еңбекшілер депутаттары кеңесінің депутаты, 1955-1956 жылдары Форт-Шевченко қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланған.

Әкем «ІІІ Интернационал» ұжымдық балықшылар шаруашылығында 1958 жылдың наурыз айына дейін жұмыс жасапты. Содан соң, Э. Тельман атындағы ұжымдық балықшылар шаруашылығы басқармасының төрағасы болып тағайындалады. Бұл жұмысты 1958 жылдың қыркүйек айына дейін атқарады.



Содан соң ол 1958 жылдың қыркүйек – 1961 жылдың наурыз айы аралығында Маңғыстауда мұнай-газ кен орындарын іздестіру-барлау жұмыстарын жүргізіп бастаған, түбекте жаңадан құрылған кәсіпорын – «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің кадрлар бөлімінің инспекторы қызметін атқарады.

1960 жылдардың бас кезінде ҚСРО үкіметі Маңғыстау түбегінің қазбалы байлықтарын игеріп, халық игілігіне жарату мақсатында жаңа өндіріс салаларының қарқынды дамуына зор көңіл бөлді. «Маңғыстау аймақтық-өндірістік кешенін (комплексін) игеру» атты ҚСРО Министрлер Кеңесі қабылдаған жоспар-бағдарлама шеңберінде әртүрлі жаңа өндірістер ұйымдастыру жұмыстары жүзеге асырылды. Жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың тиімді және тез қарқынмен игерілуіне Кеңес Одағы КП Орталық комитеті баса назар аударды. Партияның XXIII съезі Маңғыстаудың Бозашы түбегінде мұнай-газ өндіру өнеркәсіп саласының жаңа ірі өндірісін құру керектігі туралы директивалық шешім қабылдады.

Міне, осылай Маңғыстауда қызу қарқынмен басталған қазба байлықтарды игеру ісінің даму кезінде өндірістік саладағы жұмыстарға партиялық ықпалды арттыру үшін оларды тәжірибелі коммунист-кадрлармен толықтыру мәселесіне де зор маңыз берілді. Осы бағыттағы шаралар шеңберінде, Маңғыстаудағы жаңадан ашылып жатқан өндірістер мен шаруашылық ұжымдарының мұнай өнімдеріне сұранысы артуына байланысты 1961 жылдың наурыз айында Шевченко аудандық партия комитетінің ұсынысына сәйкес, Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков Баутин кентінде орналасқан Маңғыстаудағы жалғыз типтік үлгілі жанар-жағар мұнай өнімдері базасын басқару қызметіне жіберіледі. Осы жұмысқа тағайындалуы жөнінде Гурьев облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттармен таныстым.

Қазақ КС Республикасы Министрлер Кеңесінің 1960 жылғы 11 тамыздағы № 736 қаулысының 6-бабына және Қазақ КС Республикасы Министрлер Кеңесінің «Главнефтьснаб» басқармасының 1960 жылғы 7 қыркүйектегі № 177 бұйрығына сәйкес, 1960 жылғы 7 қыркүйекте Гурьев қаласында «Гурьев тауар-тасымал басқармасы» құрылыпты. Басқарманың бастығы А. Кузиннің 1960 жылғы 9 қыркүйек күнгі № 1 бұйры-



ғының 2-бабына сәйкес Баутин мұнай базасы осы басқармаға бағындырылыпты [32; (1-3-беттер)].

Гурьев тауар-тасымал басқармасының бастығы Г. Шушкевичтің 1961 жылғы 14 наурыздағы № 32 бұйрығына [32; 92-93-беттер)] сәйкес, Баутин мұнай базасының директорын тағайындау жөнінде мынадай шешімдер қабылданыпты:

1. Қазақстан КП Шевченко аудандық партия комитетінің жеделхат-ұсынысына және өзінің өтінішіне сәйкес Баутин мұнай базасының директоры Каныгин Николай Григорьевич 1961 жылғы 2 сәуірден бастап директорлық жұмыстан босатылсын.

2. Қазақстан КП Шевченко аудандық партия комитетінің жеделхат-ұсынысына және өзінің өтінішіне сәйкес, Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков 1961 жылдың 15 наурызынан бастап Баутин мұнай базасының директоры болып тағайындалсын.

3. Баутин мұнай базасының материалдық-қаржылық құндылықтарын алу-беру жұмыстарын жүргізуге мына құрамдағы комиссия тағайындалсын:

Бөлдеков Орынбай – директор, комиссия төрағасы;

Каныгин Николай Григорьевич – бұрынғы директор, комиссия мүшесі;

Сисенбаев Қаналы – аға бухгалтер, комиссия мүшесі;

Матаев Жәнібек – аға өнім қабылдаушы-тапсырушы, комиссия мүшесі.

4. Баутин мұнай базасының материалдық-қаржылық құндылықтарын алу-беру жұмыстарына қатынасу үшін Басқарманың мұнай өнімдерінің саны мен сапасы жөніндегі инженері Рахымжан Әмірұлы Ізболатов 1961 жылдың наурыз айының 16-21-і күндеріне іссапарға жіберілсін.

5. Баутин мұнай базасының материалдық-қаржылық құндылықтарын алу-беру жұмыстары 1961 жылдың 21 наурыз күні аяқталсын. Комиссия мүшелері қол қойған материалдық-қаржылық құндылықтарды алу-беру актінің көшірмесі басқармаға тапсырылсын.

Осы жауапты қызметті атқарған кезде Орынбай Айтмағамбетұлы өлкедегі мұнай-газ, қазбалы байлықтар барлау мекемелері мен ауыл шаруашылығы ұжымдарының мұнай өнімдеріне ағымдағы және болашақтағы сұранысын толық



қамтамасыз ету үшін жаңа мұнай базаларын құрып, іске қосу жұмыстарын ойдағыдай атқарды. Оның сол кездегі қызметтері «Маңғыстау деген бұл аймақ. Мангистау: становление индустрии и люди» («Парасат», Астана, 1999 ж.) атты кітапта «Ақтаудың жайсаң жандары» (101-102-беттер), «Қадірлі және атақты адамдар туралы» (314-316-беттер) деген тақырыптармен төмендегідей суреттеледі. Енді сол жарияланымдардың мәтінімен танысайық.

## АҚТАУДЫҢ ЖАЙСАҢ ЖАНДАРЫ

*Әбілқайыр СПАНОВ, Егізбай САТЫБАЛДИЕВ,  
«Маңғыстау деген бұл аймақ. Мангистау: становление  
индустрии и люди», «Парасат», Астана, 1999 ж.*

«...Елдің елдігінің келбетін келістіретіндердің дені – мыңдаған қарапайымдар мен кішіктер. Бұлардың ең басты ұлылығы – міндеттеріне қашан да адал болғандығы және сонысын ешкімнің алдында салық қылмағандығы. Мақтанып та, шаттанып та айтсақ, Ақтау сондай жайсаң жандардан кенде болмапты. Енді солар туралы аз ғана сыр.

Жүзіне қашанда күлкі үйіріліп, үлкенмен де, кішімен де сырласа кетуге бейім, ешкінің асығындай шымыр кісіні бір қарағанда сексеннің сеңгірін артқа салған деуге болмайтын сияқты. Мықтаса, алпыстан асқан деп қарағандайсың. Міне, марқұм Орекең – Орынбай Бәлдеков осындай қария еді.

Бозашы түбегіндегі Жаңай қазған атты шыңырау бар. Бұл – қашаннан осы төңіректің шаруа баққан елінің құтты қонысы. Орекең 1912 жылы осы судың басында қойшының киізі қорқыр, сүйегі шағын үйінде дүниеге келіпті. Сонда Айтмағамбет ақсақал атасының атасы жайлап келе жатқан құдық суына шомылдырып жатқан мына қара баласының күндердің күнінде теңіздің тұшытылған мөлдір суын тұтынып, түбектің екінші бір шетіндегі ғажайып қаланың құрылысына қатынасатынын білсе ғой...

...Ақтаудың атағы шыға бастағанда Орынбай Бәлдеков – Форт-Шевченкодағы, осы түбектің маңдайына басқан жалғыз



мұнай базасының бастығы. Бір сөзбен айтқанда, сол кездегі ең бір қат дүниенің кілтін ұстап тұрған «керек» адам. Бірақ о бастан «керек кісі екенмін» деп керең қалу бұл ағаңызға жат. Жергілікті жер осы қасиетке орай ғой, оны бұрын-соңды сол техника атаулы жанармай жоқтықтан жиі қаңтарылатын уақытта осы жерге қойғаны. Бүкіл соғыс ауыртпалығын бастан өткерген жауынгер офицер «осы бір қиын шаруаны дөңгелетіп әкелер» деп есептеген. Айтқандай-ақ Орекең бұл жұмысында жаман атанған жоқ. Бүкіл екі ауданның бар колхозы, қаптаған экспедиция түгілі, Ақтауға келіп жатқан қонақтарды да қажет жерінде жарылқап тұрды...»

## **АҚТАУДЫҢ ҚАДІРЛІ ЖӘНЕ АТАҚТЫ АДАМДАРЫНЫҢ БІРІ**

*Әбілқайыр СПАНОВ, Егізбай САТЫБАЛДИЕВ,  
«Маңғыстау деген бұл аймақ. Мангистау: становление  
индустрии и люди», «Парасат», Астана, 1999 ж.*

*(Қазақ тіліне аударылған мәтін)*

...Расын айтқанда, еліміздің қызметіне және азаматтық борышына құштарлықпен қарайтын адамдар ол кезде өте қажет еді.

Осындай және көптеген басқа да адал еңбеккерлердің арқасында Кеңестік Одақ елінің мәртебесі күннен-күнге жоғары сатыларға көтерілді. Олардың өз халқының, сонымен қатар қоғамының мүддесі үшін, ешнәрсемен санаспай, өз сөздеріне және сол кездегі баршаның Отаны – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы алдындағы міндеттеріне деген адалдығы – олардың нағыз ерлігі болып табылады. Біз, Ақтау қаласының тұрғындарына, қаланың жас болғанына қарамастан, осындай адал азаматтарының бар болғандығын айқындап айтып кетсек, артық болмас.

...Сонда, «олардың өз міндеттеріне, азаматтық борышына риясыздықтың құпиясы неде?» деген сұрақ ойға келеді. Осын-





дай керемет қарапайым, сонымен қатар еңбек адамдары туралы жан-жақты әңгіме жүргізуге уақыт келді деп ойлаймын.

Сырттай өте албырт, ашық жанды, бүкіл аймаққа танымал адам – Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков солардың біреуі болды. Сексеннен асып кетсе де, оған қарап алты ондық жасты бере алмайсың. Біз ақсақалымыз жайлы толығырақ, жан-жақты мінездеме бергіміз келеді. Өкінішке орай, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының және еңбек майданы ардагерінің жүрегі соғуын таяуда тоқтатты. «Топырағыңыз торқа болсын, Орынбай Айтмағамбетұлы!» – осы біздің жалпы пікіріміз. Оның көптеген естеліктерінен алынған деректерді айта кету орынды болар деп санаймыз...

«...Болашақ қаланың (Ақтаудың) іргетасын салғанда мен Форт-Шевченкодағы аймақтағы жалғыз үлгілі мұнай базасының бастығы болатынымын, – деп айтушы еді марқұм Орекем.

– Мен шаруашылықтағы жеткілікті жұмыс тәжірибемді пайдаланып, аудандардың, сондай-ақ жаңа құрылып, дүниеге келіп жатқан болашақ Ақтау қаласының тұтынушыларының өскен сұраныстарын, сонымен қатар Ералы, Жетібай, Өзен кенттеріндегі геолог-барлаушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге тырыстым.

Әрине, сол кезде Ақтау қаласында жаңа мұнай базасын салу қажеттілігі анық болды. Міне, біраз уақыттан кейін қала құрылысы басқармасының атына Гурьев мұнай өнімдері басқармасынан менің Ақтау қаласына жедел түрде жетуімнің, жаңа мұнай базасын салу мәселелерін шешумен айналысуым керектігі туралы бұйрық-жеделхат келді.

Келе сала, алдымен жерлесіме, сол кезде Еңбекшілер депутаттарының қалалық кеңесінің төрағасы қызметін атқарған Ибаш Жанболатоваға бардым. Сол кезде олар бір қабатты барақта қалалық партия комитетінің дәл осындай ғимаратында, қаланың қазіргі 3 «б» шағынауданында орналасқан болатын.

– Қала әкімі маған бастан-ақ қолдау көрсетіп, қала құрылысының бастығы Р.А. Григорянға баруды ұсынды, – деп, Орекем әңгімесін жалғастырды.

– Қалалық кеңестің ғимаратынан шыққанда шынайы досым А.И. Корневский есіме түсті. Оған әлбетте кіріп шығу керек, –



деп жалғастырды Орекем, – өйткені оны ешқашанда орағытып өтіп кетуге болмайтын еді, ол әрқашанда өзінің барлық таныстарына көмек көрсететін жолдасшыл адам болатын. Ол мені бірауыздан мақұлдап, сол бойда Р.А. Григорянға телефон шалды. Ал Григорян әр күнінің сағаты мен минуты толығымен кестеленген және бос уақытының мүлдем жоқ болғандығына қарамастан, бес минут қана уақыт мені қабылдай алатынына келісім берді.

Әрине, Рубен Арамаисович туралы көп естігенім бар, оның іскерлік қасиеттерін және адамдарға, шаруашылық мәселелерді шешуге әділдікпен қарайтынын сырттай білетін едім. Бір аңғарғаным, оның барлық жұмысы, әскердегі сияқты кестелеулі. Рубен Арамаисович мұнай базасын салуды өзінің орынбасары С.О. Гольманға тапсырып, шапшаң түрде шешті. Қиындықтар туғанда кез келген уақытта кіріп хабарласуым және жұмыс барысын баяндап тұруым туралы тілек білдірді. Рубен Арамаисовичке көмек пен қолдау үшін алғысымды білдіріп, кездескенімізге риза болып кеттім.

Ұзаққа созбай, тез арада А.И. Кореневскийді тауып, сонымен бірге С.О. Гольман үшеуміз болашақ мұнай базасының орнын қарауға жүріп кеттік, себебі оның жобасын тұрғызылатын орнына байластыру дайындалған еді. Тек қана тез арада жұмыс бастау керек болатын. Келесі күні кезекті жиналыстан кейін С.О. Гольман құрылыс және құрастыру басқармасының бастықтарын қалдырып, менің алдымда «мұнай базасының ғимаратын қысқа мерзім аралығында дайын болуын» тапсырып, бұйрық берді.

Облыстық мұнай өнімдерінің басқармасы осы мұнай базасының құрылысын бақылау басшылығын маған тапсырды. Құрылысшылар мен құрастырушыларға тиісті бағасын беру керек, олар төрт айдан кейін Ақтау мұнай базасы құрылысын бітіргендіктері туралы баяндады. Ақтаудағы жаңа мұнай базасын қабылдау үшін облыстық әкімшіліктен құзыретті, білікті қызметкерлер келді...

...Соғыстық және аймақтық еңбек майданының ардагері Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков өз еңбек тарихының бір бөлігі туралы естелігін осылай аяқтады.



\*\*\*

Осы әңгімеленген, құрылысы аяқталған Шевченкодағы (Ақтаудағы) жаңа мұнай базасын іске қосу туралы Қазақ КС Республикасы Министрлер Кеңесінің Мұнай өнімдерімен жабдықтауды ұйымдастыру жөніндегі «Казглавнефтеснаб» Бас басқармасы бастығының міндетін атқарушы Н. Өкіметовтің 1965 жылғы 15 шілде күнгі № 66 бұйрығының 1-бабына сәйкес, «...Қазақ КС Республикасы Министрлер Кеңесінің 1965 жылғы 8 шілде күнгі № 1123-р жарлығына сәйкес жұмыс істеп тұрған мұнай базаларының тізіміне Шевченкодағы (Ақтаудағы) мұнай өнімдерін тарататын база дербес баланстағы филиал ретінде Гурьев тауар-тасымал басқармасының құрамына қосылсын» [33; (41-бет)] деген шешім қабылданыпты. Осы құжаттың негізінде Гурьев тауар-тасымал басқармасының бастығы М. Ткенбаев 1965 жылғы 19 шілде күнгі № 84 бұйрық шығарып, Баутин мұнай базасының құрамында дербес баланстағы Шевченко (Ақтау) мұнай өнімдерін тарататын бөлімше (филиал) құрыпты. Ол бөлімшені негізгі өндірістік құралдармен, материалдық құндылықтармен қамтамасыз ету жөнінде нұсқау қабылдапты. Бұл мұнай өнімдерін тарату филиалының бастығы болып Матаев Жәнібек, бастықтың орынбасары-бас инженер қызметіне Дәуірбек Сүндетов тағайындалыпты [34; (123-124-беттер)].

Орынбай Айтмағамбетұлы 1961 жылдың наурыз – 1969 жылдың наурыз айлары аралығында Баутин мұнай базасының директоры қызметін үзіліссіз 9 жыл бойы атқарды. Міне, сол кезде ол Ақтау қаласында жобаланған типтік мұнай өнімдерін сақтау, тарату базасын, Шетпе кентінде мұнай өнімдерін қабылдайтын шағын базаны тұрғызып, іске қосу жұмыстарын ұйымдастырып, басы-қасында болып, басшылық етті.

Жалпы Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдековтің 1961-1969 жылдары Маңғыстау өңіріндегі тұтынушылардың мұнай өнімдеріне қажеттігін өтеу саласындағы атқарған еңбегін «түбекте мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау, тарату жүйесін құрған, сол іске айтарлықтай үлес қосқан мекеме басшысы болған қайраткер» деп бағаласақ, артық айтқандық болмас.

Ақиқатын айтсақ, Маңғыстау өңіріндегі өндіріс, өнеркәсіп мекемелері мен ауыл шаруашылығы ұжымдарының, мұнай



өнімдерін тұтынушы жеке тұлғалардың ағымдағы қажеттігін өтеп келе жатқан түбектегі мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау, тарату жүйесінің негізі өткен ғасырдың 1960 жылдары Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдековтің басшылығымен, тікелей арасуымен құрылып, іске қосылып, дамыды.

## **ОРЕКЕҢ АҒАМЫЗ ІСКЕР БАСШЫ БОЛДЫ**

*Дәуірбек СҮНДЕТОВ,  
Ақтау, 12 қаңтар, 2009 ж.*

...Баутин және Аташ кенттерінің ортасында, теңіз жағасында, біздің базаның қасында Каспий теңіз флотилиясының теңіз әскери бөлімшесі орналасқан болатын. Сол әскери бөлімшеде өздерінің басыбайлы дизель жанармайын сақтайтын үлкен көлемді сұйықтық қоймалары (резервуарлары) болды. Сол әскери бөлімшенің көшетінін естіген Орекең әскери бөлімше басшыларымен сөйлесіп, жай-жапсарды анықтап, мөлметтер алды. Сонсын жергілікті партия-кеңес органдарының, бас мекемеміз – Гурьев тауар-тасымал басқармасы басшыларының алдына сол әскери бөлімшенің резервуарларын Баутин мұнай базасының меншігіне материалдық құндылық ретінде қосып алса, базаның мұнай өнімдерін қабылдау көлемінің артатынын, одан тауар айналымының өсетінін, тұтынушылардың қажеттігін өтеуге мұнай өнімдерінің қорын жасақтауға қажеттігін дәлелдеп, ұсыныс қойды. Дереву Мәскеуге, КСРО Қорғаныс министрлігіне хат жаздырды, сол резервуарларды өзімізге алуымызға көп еңбектенді. Бір күні Мәскеуден Қорғаныс министрлігінің екі құзыретті офицері келіп, екі арадағы қабылдау-тапсыру актісін жасап, резервуарларды Баутин мұнай өнімдері базасының меншігіне беріп кетті. Сол кезде кәсіпорынды ұлғайту, кеңейту үшін қаражаттық, материалдық қордың жеткіліксіздігін және олардың бөлінуінің қиындығын ескерсек, Орекеңнің іскерлігінің нәтижесінде жасалған бұл іс аса ұтымды шара болды.

Екінші бір айта кететін жай – Орынбай Айтмағамбетұлы тек қана өндіріс ісін тындырған басшы ғана емес, сонымен



қатар жұмысшылардың қамын ойлап, әлеуметтік жағдайына көңіл бөлген басшы болды. Гурьевтегі бас мекемемізбен бұрын істе болған шағын моторлы қайықты қалдық құнымен сатып алуға келісіп, Орал-Каспий балық қорын қорғау мекемесінен теңізден балық аулауға рұқсат-лицензия алды. Сөйтіп, жұмысшыларды кезекпен ау салып, балық аулауға жіберіп, ауланған қазандық балықтар көлемін барлық жұмысшыларға тең бөліп беру жұмысын ұйымдастырды.

## ЕҢБЕК ЖОЛЫ ЖЕТТІ МӘРЕГЕ

Жалпы 1969 жылға дейін Маңғыстауда тек қана сол Орынбай Бөлдеков басқарған Баутин мұнай базасы және оның Ақтаудағы бөлімшесі (филиалы) болды. Сонсын Ақтауда Каспий аймақтық тау-кен металлургия комбинатының (тарихи аты – ПГМК) ішкі қажетін қамтамасыз ететін мұнай өнімдері базасы іске қосылды.

Міне, сол кезде ПГМК басшылығы оны өздерінің жаңа ғана іске қосылған мұнай базасына жұмысқа шақырды. Ол 1969 жылдың сәуір айында ПГМК-ның Өндірістік техникалық жабдықтау басқармасына қарасты мұнай базасы директорының орынбасары қызметіне тағайындалады.

Анығын айтсақ, сол кезде жартылай әскери өндірістік кәсіпорын болған, халық арасында «мемлекет ішіндегі мемлекет» деген бағалауға ие болған – КСРО Орта машина жасау министрлігінің уран өндірісі комбинатына жергілікті адамдар үшін қарапайым жұмысшы болып орналасудың өзі қолдан келмейтін шаруалардың бірі болатын. О. Бөлдековтің бұл басқарушы жұмысқа шақырылуы – оның іскерлік қабілетін, мұнай базасы жұмысын ұйымдастыру ісінде игерген тәжірибесін жоғары бағалағандық еді. Ол бұл жауапты жұмысты да абыройлы атқарып, 1972 жылы зейнеткерлікке шықты. Оған республикалық дәрежедегі дербес зейнетақы тағайындалды.

Зейнеткерлікке шыққан соң да Орынбай Айтмағамбетұлының өмірлік, еңбек тәжірибесіне сұраныс болды. Ол, 1973 жылы Маңғыстау облысы алғаш рет құрылғанда, Маңғыстау



облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің атқару комитетіне діни істер жөніндегі жұмыстарды басқаруға шақырылды. Ол кезде бұл қызметке тағайындалуға ұсынылған кандидатура Мәскеуде КСРО Министрлер Кеңесінің кадрлар және діни істер басқармаларында сұхбаттасудан өтіп, бекітілген соң ғана жұмысқа қабылданатын болатын. Орынбай Айтмағамбетұлы сол сұхбаттасулардан ойдағыдай өтті, оның кандидатурасы одақтық министрлікте бекітілді. Осылай, ол 1973 жылдың сәуір айында Маңғыстау облыстық еңбекшілер депутаттарының атқару комитетінде Кеңес Одағы Министрлер Кеңесі діни істер басқармасының Маңғыстау облысындағы тұрақты өкілі қызметіне тағайындалды. Бұл жұмысты 1976 жылдың тамыз айына дейін атқарды.

Зейнеткер, майдан және еңбек ардагері Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдеков қалада, облыста жүргізілген қоғамдық мерекелік шараларға, жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу жұмыстарына белсенді араласты.

## **БАСТАЛУЫ БАР ӨМІРДІҢ АҚЫРЫ ДА БОЛАДЫ**

Зейнеткер әкеміз туған өлкесінде өркендеген өндіріс салаларының жетістіктеріне көңілі толып, ризашылық білдіріп отырды. Ұл-қыздарының, немерелерінің бақытты өмірі мен қуаныштарына ортақ, жарқын да шатты өмірді қызықтап, ағайын-тумалас, жақын-жегжат, руластарымен араластықты белсенді түрде қолдап жүріп өмір кешті.

Ол, заманымыздың тарихи өзгерістерінің – Кеңес үкіметі мен партияның «қайта құру» деген саяси-қоғамдық өзгерістер енгізгенінің, тарих сахнасынан бұрынғы үкіметтің кетуі, жаңа үкіметтің келуі кезіндегі өліара шақтың, қазақ елінің ежелден аңсаған арманы орындалып, егемендік алып, тәуелсіз мемлекет құрғанының куәсі болды.

Өзінің бүкіл саналы өмірін өркендеуіне, жаудан қорғауға сарп еткен Кеңес Одағының тарих сахнасынан ғайып болуын, 50 жылдан астам уақыт мүшелігінде болған коммунистік



партияның күйзеліске ұшырауын, нарықтық капиталистік ұстанымды алға қойған 1990 жылдардағы нарықтың қыспағына түскен елінің қиналысын көргендегі қамығуы да болды.

Жуанның жіңішкерген, жіңішкенің үзілегін кезі келген, ел ішін жоқшылық жайлаған аумалы-төкпелі заманда пайда болған кейбір жарамсыз өзгерістерді, қоғамымызда орын алған ұлтымызға жат, жастарға жарамсыз қылықтарды, көнекөз қариялар айтқандай, «балақтағының басқа шыққан» шақтағы шексіз, шетсіз былықтардың орын алғандығын көргендегі қынжылысы да болды.

\* \* \*

Бұл өмірдегі тірі пенденің маңдайына жазылған, басына түсетін аса бір қиын жай – ең жақын жандарымен қоштасып, оларды өмірдегі соңғы сапарына аттандыру ауыртпалығын да Орынбай Айтмағамбетұлы бастан кешті. 1985 жылдың желтоқсан айында 70 жастағы зайыбы Ғайнияны, 1989 жылдың қазан айында 48 жастағы ортаншы қызы Сәбираны мәңгілік сапарға аттандырды, 1994 жылдың қазан айында 54 жастағы үлкен ұлы Бисенді жерледі. Бірінен соң бірі келген сол жақын жандарының қазалары да оны жасытып, жанына жазылмастай жара салған болар.

«Туып-өсірген үш ер балаң ер жетіп, бөлек отау тігіп, «қара шаңырақ – үлкен үйден» бөлек шығып, өз алдарына отбасылар болды, солардың ішінен қалағаныңның қолына келіп отыр» деген ұсынысымызды әкеміз қабыл алмады. Өмір бойы азаматтық, шаңырақ-отау иесілік, отбасылық міндеті санап, балапандарын қорғаған қызғыш құстай жанұясын, жұбайын, ұл-қыздарын қорғауға дағдыланған ер азамат, қан майданда қатардағы жауынгерлердің де өміріне жауапкершілікті атқарған офицер, майдангер сардар, бейбіт өмірде де жұмыстас қызметкерлерінің қамын ойлаған басшы болған әкеміз өзінің ой-санасында берік орын алған азаматтық жауапкершілік дағдысынан жазбады. «Сендер саналы тәрбие, сапалы білім алдыңдар, абыройлы жұмыс жасап жүрсіңдер, өздеріңнің отбасыларыңды, оған қоса мені асырап, бағып-күтетін жағдай-



ларың бар екенін көріп, қуанамын. Бірақ мен сендерге бара алмаймын, тағдырының қиындығына қиналып, жалғыз өзі екі баласын бағып отырған кіші қызыма қарайласуым керек» деді. Өмір бойы санасында қалыптасқан қамқоршылық қағидасын ұстанды. Қыз баласын қастерлеген халықтық дәстүр санасына сіңген әке кіші қызы Сараны, оның ұлы мен қызын өз қолына алып, өз үйінде тұрмыс құрып қала берді.

Тұрмыстық шаруа шыққанда оны тындырмайынша тынышталмайтын шыдамсыздыққа түсіп, пендешілікке жол беріп, күтіну дағдысынан, байсалдылықтан сәл ауытқып кеткен кездердің бірінде, сексеннің сеңгірінен асқан әкемізді өмірдегі дауасыздар – мінез, көрілік, ажал үшеуінің бірі – көрілік қинамаса да, ажал құрығына түсірді, алқымдады, ақыры алды. Сексен үш жасқа толуына бір айдан да кем уақыт қалғанда кең көлемді инфарктан кейін құлады. Бір тәулікке де жетпес уақыт төсек тартып жатып, бұл өмірден қол үзді...

...Асқар таудай әке, ардақты ата бұл дүниеден өтті, пәниге көшті... ..Дариядай толқыған игілік өмірі үзілді ...Тамырын кең жайып, тереңге бойлатқан зәулім бәйтерек құлады...

Әкеміздің біздің арамызда ұзақ уақыттар жүре бергенін тілесек те, басталуы бар өмірдің ақыры да боларымен, Жаратқан Жаббардың жазмышқа жазғанының өзгермейтіндігімен келісуге тура келді.

**...АЙТМАҒАМБЕТҰЛЫ ОРЫНБАЙ 1994 ЖЫЛЫ 23 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ ЖАРАТЫЛҒАН ЖЕР ҚОЙНАУЫНА МӘҢГІЛІК КЕТТІ...**

Ардақты әкені туып-өскен Маңғыстау жерінің Ақтау қаласының маңындағы қасиетті Қошқар Ата қорымына, Құдай қосқан қосағы, өмірлік жолдас-серігі, зайыбы Меңдалықызы Ғайнианың қасына, екеуіне ортақ тұрғызылған там күмбезінің астына мәңгілікке жайғастырдық.

...Пайғамбарымыз Расулаллаһ Мұхаммед (саллаллаһу алайһи уа салләм) «жан тапсырысымен пенденің үш амалынан – жария садақасынан, үйреткен пайдалы білімінен және тілеуін тілеп, дұға жасайтын салиқалы балаларынан басқа барлық амалы тоқтайды» дегенді айтыпты.

Әрдайым еске алып, садақаларын беріп, дұға оқытып, әкемізді дәріптеп жүрген бұл тіршілік дүниеде оның артында





қалған біздерде – ұл-қыз, ұрпақтарында, әкенің берген өсиеті, ақыл-кеңес, ілім-білімі, санамызда тұрақты орын алған сапалы тәлім-тәрбиесі, өнегелі өмірінің үлгісі, жарқын бейнесі қалды.

Әкемнің өткен өміріне көз жіберіп, тереңдігі мен кеңдігін түсініп қарасам, ол өз елінің ардақты азаматы, қоғамының қадірлі перзенті, белгілі қайраткері болған екен...

...Ол өз дәуірінің талабына сай саналы, мағыналы өмір сүрген, адалдық пен әділдікті ұстана білген абзал адам болды...

...Өмір сүрген заманының көзі ашық, көкірегі ояу, өрісі кең, жан-жақты сауатты комсомол, партия, кеңес, өндіріс қызметкері болды. Соғыс жылдарында саяси-моральдық даярлығы жоғары болғандықтан, майдандағы әскердің саяси жетекшілік қызметін атқаруға жұмылдырылған, сондай дәрежеге жеткен қазақтан шыққан жауынгер-офицерлердің бірі болған екен. Сұрапыл соғыс жылдарында қолына қару ұстап, қиян-кескі ұрыстарға қатынасқан, өмір мен өлім арасында жауынгерлер сапында жауға қарсы тұрған, соғыстың от-жалынынан, оқ жаңбырынан өткен майдангер сардар болды...

...Ол биік парасатты адамгершілігімен, таза адалдығымен, сыйлы кісілік бірегей мінезімен, еліне деген сүйіспеншілігімен, отағасы, ел ағасы ретінде өз ортасының, ағайын-тумалас, жақын-жегжаттарының, замандастарының жадында орнықты...

...Ол құрметті тұлға, қайырымды жолдас, жанұясының сүйеніші, сүйікті жар, ардақты да абзал әке, ата, абыройлы, абзал ақсақал бола білді...

Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков өз ұлтының салт-дәстүрін, тілін, дінін терең игерген, туған өлкесінің тарихын, елінің рулық шежіресін жете білген шежіреші ақсақал деңгейіне жетті. Ол ел арасында ауызша тараған ауыз әдебиеті үлгілеріне қызығушылық, құштарлық танытқан, оларды жинап, әсерлі әңгімелеп, жариялап, уағыздап жүрген маңғыстаулық әңгімешіл, сөз шебері көнекөз қарттардың қатарынан орын алды.

Ол замандастарының, туған-туыстары мен ағайын-жегжаттары арасында аса сыйлы, қадірлі, ізгі көңіл-ниетті адам, түбекке танымал тұлға, біртуар ел азаматы ретінде елінің есінде сақталды.



«Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Маңғыстау облыстық және Ақтау қалалық кеңестері Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдековті Маңғыстау облысының саяси-қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан қайраткер ретінде бағалап, оның есімін мәңгілік елінің есінде сақтау туралы ұсыныс-шешім қабылдады. Осы ұсынысты мақұлдаған Ақтау қалалық мәслихаты мен Ақтау қаласының әкімдігі 2008 жылы 15 қазанда бірлескен шешім-қаулы қабылдады. Бұл шешім 2009 жылы 12 қаңтарда жүзеге асты – Маңғыстау облысының орталығы Ақтау қаласының 7 шағынауданындағы Орынбай Бөлдеков тұрған № 17 үйдің қабырғасына Ескерткіш тақта орнатылды.

Осы парасатты іске облыстық, қалалық әкімдіктердің белсенді қызметкерлері – Маңғыстау облысының әкімі жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірзақ Озғанбаев, Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Тарас Хитуов, Ақтау қалалық мәслихатының хатшысы Жаңбырбай Матаев және де басқа лауазымды қызметкерлер атсалысып, майдангер ардагерге шынайы ілтипат көрсетіп, ел-халықты жинап, салтанатты дүбір жиын-митинг өткізді. Ескерткіш тақта ресми түрде ашылды. Орынбай Айтмағамбетұлын еске алу отырысы, ас беру рәсімі болды. Ағайындары, жақын-жуық, жегжаттары, ұрпақтары жиналған Орынбай Айтмағамбетұлын еске алу, садақа беріп, рухына бағыштап Құран оқу рәсімі оның туғанына 100 жыл толғанына байланысты 2012 жылдың қаңтар айында да өтті.

\* \* \*

Пайғамбар Мұхаммед (саллаллаһу алайһи уа салләм) «Әр нәрсенің бір шоқтығы бар. Құранның шоқтығы – Бақара сүресі» дегенді айтыпты. Қолдарыңыздағы Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков туралы осы кітаптың шоқтығы – оның өмірі мен еңбек жолы баяндалған тараулар. Солардың мәтіні осымен аяқталды деуге болады. Бірақ Орынбай Бөлдеков туралы әңгімелеуіміз мұнымен біткен жоқ. «Осыған дейінгі жазылған беттерден ол туралы, оның өмірі жөнінде толықтай дерлік мағлұмат алдық. Орынбай жазған естеліктермен, жинаған



шежірелік тарих, аңыз-әңгімелермен таныстық» дегенмен, оның ой-сана дүниесінен орын алған Маңғыстау елі арасында тараған ауыз әдебиеті мұраларына, рулық шежірелік әңгімелерге қызығушылығын, құштарлығын, шартты түрде, қысқаша айтқанда, Орынбайдың дүниетанымының бір ғана бағытын түсінуге арналған әңгімемізді алдымыздағы тарауларда жалғастырамын.

Қандай да жазушы ия кітапты құрастырушы болмасын, барлығы да өздерінің шығармаларына негіз болып отырған тақырып мәтінінің көлемді, баянды жазылғанын қалайды, алғашқы беті мен соңғы парағының арасы алшағырақ болғанына қарсы емес қой. Мен алдыма көлемді шығарма жазу мақсатын қойған жоқ едім. Дегенмен кітап көлемі ұлғайып кететін болса да мына тақырыптарды баяндайтын мәтіндерді жазбау ретсіздік болар.

Біріншіден, бұл еңбек әкем Орынбай Айтмағамбетұлының өмір тарихы, еңбек жолына арналған болса да, оның замандасы, өмірлік жолдасы, құдай қосқан қосағы – зайыбы Ғайния Мендалықызы Қарабекова туралы ештеңе айтпай, ләм-мим демей өте шығу орынсыз болатынын ескердім. Біздерге – ұл-қыз ұрпақтары мен немерелеріне, әке-шешемізді білетін ағайынтумалас, жақын-жуық, жегжаттар, көптеген маңғыстаулықтар үшін «Орынбай – Ғайния» деген жұп – бірінен бірі айырғысыз біртұтас түсінік болып қалыптасқан ұғым.

Анам Ғайния Қарабекова өзінің сауаттылығымен, іскерлігімен танылып, Ұлы Отан соғысына дейін, соғыс жылдарында аудандық, қалалық деңгейдегі жауапты қызметтерге тағайындалу дәрежесіне жеткен қызметкер әйел болған. Сол қиын-қыстау заманда ел-халқының басына түскен қасіретқайғысын, ауыр тұрмыс-тіршілігін бөлісіп, бейнеттерін белден кешкен, майданға кеткен ер азаматтардың орнына еңбектеніп, өмір қиыншылықтарында құрыштай шыныққан тыл еңбеккері.

Міне, сол Адай елінің, Маңғыстау өңірінің еңбеккер әйелдер қауымының қатарында өзіне тиесілі орын алған анам Ғайния Мендалықызы Қарабекованың өмір-еңбек жолын баяндауға бұл кітапта орын берген артық болмас.


Екіншіден, осыған дейін айтқанымдай, әкем ел арасында тараған толғау-жырлар мен көркем шешендік сөздерді жазып



алып, жинап, жариялап жүргендердің бірі болды. Солар өз алдына бір бөлек жиынтық құрайды. Олардың барлығын осы кітапта келтіру қажеттігін негіздеу қиын. Сондықтан бір тарау ретінде олардың тек қана қайсыбірін, жыр, терме-толғаулардың ескіше қазақ әліпбиінің араб әріптерімен «төте жазу» үлгісінде жазып алынған қолжазба нұсқаларының қазіргі заманның кириллица жазбасына аударылғандарын қостым. Оған мені жетелеген – «әкемнің отбасылық мұрағатындағы маған жеткен ауыз әдебиеті мұралары менің отбасылық қорымда жасырын жатпасын, соларды оқырмандарға жеткізейін, ел-халық танысып, қызықтап оқысын» деген ой.


Бұл ісіме «бүкіл ел-халқымызға ортақ Маңғыстау мұралары болып есептелетін ауыз әдебиеті үлгілерін «Орынбайдың еңбегі» деп меншіктенген екен» деп қарамаңыз. Олар өздеріңізге таныс болса, кейбіреулері бұрын жарияланған болып шықса, осы кітапта тағы да жарық көргендігін артық деп санамаңыз, «бұл да бір ғанибет игілік іс болған екен» деп қабыл аларсыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ, ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ  
АУИЗДІК ӘДЕБИЕТ БӨЛІМІ  
А. А. АЙТӨНІСОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ, ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ  
АУИЗДІК ӘДЕБИЕТ БӨЛІМІ



VIII тарау

ОРЫНБАЙ ЗАЙЫБЫ  
ҒАЙНИЯНЫҢ ӨМІРЛІК  
ЖОЛЫ МЕН ЕҢБЕК ТАРИХЫ



*...Соғысқа кеткендердің әйелдері олардың артында  
қалғандары үшін аналарындай жауапты болмақ...*

*Пайғамбар Мұхаммедтің  
(с. а. у. с.) хадисі*



## МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Қазақ әйелдері, олардың ішіндегі, Маңғыстау өңірінің әйелдер қауымының өкілдері – ардақты әже-аналардың, апа-қарындастардың, инабатты да сыпайы жеңге-келіндердің бітім-болмысы, адами қасиеттері туралы сөз айту оңай емес. Өздерінің отбасы-жанұясында, құдаңдалы екі елдің арасында қалыптасқан қарым-қатынастардың ерекшеліктерін сана-сезімдерімен жете түсініп, қолдайтын олар – жанындағыларға жан жылуын бағыттаған, табиғаты тылсымды жандар, сыры жасырын жұмбақтар.

Осынау асыл жандар – «өз шаңырағында аман-есен таң атқызып, алдында бір күндік тамағы болған адамға бүкіл дүние берілгенмен тең» деген діни хадистегі қағидаға сүйеніп, жазмыштарына жазылғанды мойынсұнып, тағдырларының бейнетіне сабырлық, рахатына шүкірлік еткен парасатты адамдар. Олардың қайсыбірі от басы, ошақ қасы тірлігін өткерген әйелдіктен асып, ел арасындағы, қоршаған ортасы мен қоғамдағы өз орындарын тауып, елінің, ерінің абыройын, ұрпағының болашағын ойлап қам жеген мейірімді тұлғалар деңгейіне жеткен.

Әйелдердің тәрбиелеушілер ретінде бесік жырын айтып, аңыз-ертегі-дастандарды әңгімелеп, тақпақ-өлеңдер жаттатып, ұл-қыз, немере ұрпақтарына, тәрбиеленушілерге көркемдік-эстетикалық тәрбиенің негізін беруші болғандығы бесенеден белгілі. Мәселен, орыс халқының ертегі, дастан, өлеңдерін жатқа айтып, оқып беріп жас бала Александр Пушкинді тәрбиелеп, оның әдебиетке, поэзияға құштарлық-құмарлығын оятқан қарапайым шаруа әйелі Арина Родионовна Яковлева екені – орыс әдебиеті тарихындағы айтарлықтай құбылыс.

Міне, сондай тәрбиешілердің қазақ елінде, Адай елінің тарихында да болғаны күмәнсіз. Адайдың әлемге әйгілі ардақ-тылары – Мырзағұлұлы Бекет пірге, Сеңгірбекұлы Тілеген



(Мұрын) жырауға олардың бала кезінде мейірімді ана-әжелік тәрбие бергендер, ұлылықтың рухын дарытқандар – діндарлы ортада тәрбиеленген, діни сауатты болған Жәния ана\* мен халық ауыз әдебиетінің өлең, жыр-дастандарын көп білген Қалдықыз әжедей\*\* ұрпағының болашағын ойлаған ер анасы, ел анасы болған әйелдер қауымының ардақты да қадірлі өкілдерінің тарихтағы орны бөлек. Шаңырақ иелері – ер азаматтар отбасының күнелтіс қамын ойлап, түздегі шаруаны тындырып жүргенде оттың қасы мен ошақтың басында болған сол ана-әжелер бала-немерелерінің ой-санасын оятып, ел-халқына, ұлтының діні мен әдебиетіне сүйіспеншілігін тәрбиелеп, ұрпақтарының ішкі жан дүниесінде тұнып тұрған табиғи таланттың көзін ашты, рухы күшті рухани қазақтық халықтық тәлім-тәрбие берді. Олар ана-әжелік сүйіспеншілігін атқарып қана қоймай, ұрпақтарын рухтандырды, шабыттандырды. Міне, осылай ұрпақтарының өсе келе, бірінің ел қорғаған батыр, тірі жанға, ел-халқына арашашы діндар-пір болуына, екіншісінің ежелгі ғасырдың жырларын жастайынан жаттап, жадында сақтаған халық жырының ғұламасы, жыршы-жырау болуына ана-әже тәрбиесінің зор ықпал еткені күмәнсіз. «Егер менің атымды болашақ ұрпақ құрметтейтін болса, онда менің тәрбиешім – қарапайым кемпір де ұмытылмау керек» деп ақын Пушкин айтқандай, Жәния ана мен Қалдықыз әженің де есімдері елінің есінде болу керек.

**Анықтама.** \*«Бекеттің шешесі Жәния намаз, оразаны қаза қылмаған. Балиғат жасына жеткен соң, ауыл молласынан сауат ашып, «Құран Кәрім», «Сұпы Аллияр», «Пікәйдан», «Мұхтасар» және тағы сондай мұсылман дінінің шарифат кітаптарынан дөріс алған» [15; (90-бет)].

\*\*Мұрын жыраудың баласы Дәуітбай «Мұрынекең Қалдықыз анасынан «Размүйіз», «Көроғлы», «Қысырау» қиссаларын үйреніпті» [35] дейді.

Қазақ әйелдері қай заманда да ел сеніміне ие бола білген, ерлік рухын, қайраттылығын жоғалтпаған. Өткен ғасырдағы Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ қыздары қан майданда ел қорғаған батырлық көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атан-





ған болса, тылда қалған әйелдер белдерін бекем буып, ажалмен арпалысқа аттанған азаматтарының орнына тұрып, қажыр-қайратымен, іскерлікпен адал қызмет атқарып, елінің еңсесін көтеруге үлес қосты. Солардың қатарында жаумен жағаласуға жөнелген жұбайларының жылқы отарларын бағуды мойнына алған Маңғыстау өлкесінің қайсар да қайратты қарапайым әйелдері де аталады.

Сағындық ауылында туып-өскен, Тельман атындағы ұжымдық шаруашылықтың жылқы фермасының меңгерушісі болған Қадірхан Әминова (1909-1956) қыстың үскірік желді, аязды боранында Тортыдан Сенекке дейін ыққан жылқылармен бір күн, екі түн алысып, қоғамдық малды сақтап қалып, ерлерше еңбек ерлігін көрсеткен, Ленин орденімен марапатталған, Қазақ КС Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған [36], [37].

Қызылқұм ауылының түлегі, Калинин атындағы ұжымдық шаруашылықтың жылқы фермасын 1941-1954 жылдары меңгерген Баланжан Қожашова (1920) 1948 жылы Социалистік Еңбек Ері атану дәрежесіне жеткен [36], [37].

Міне, осындай Маңғыстау өңірі әйелдер қауымының ерте заманда, соңғы ғасырда өмір сүрген өкілдерінің өмірлік өнегесі көркем әдебиеттік, тарихи-танымдық шығарма-жарияланымдарға арқау, негіз боларлық дәрежесі болса да, олардың бітім-болмысындағы жақсылықтарын жазуға жетер жәйттер жиі жазылып, айтыла бермейді. Анығын айтсақ, атақтарын атағанда ат үркетін ағалар да, атағын шығаруға жұмыстанып жүрген журналшы-жазушылар да, қаламын ұштауға кіріскен жас қаламгерлер де бұл тақырыптан ат-тонын ала қашып жүр. Кітап жазу коммерциялық жұмысқа айналған, еркектердің еңбек жолдарын мадақтаушылық кең өріс алған үстіміздегі заманда маңғыстаулық әйелдер қауымының өкілдері туралы әдеби, тарихи жарияланымдар жоқтың қасы, көп болса, саусақпен санарлықтай.

Осы жолдарды жазып отырғанда кейбір оқырмандардың «жоғы несі, күні кеше Ибаш апай туралы кітап шықты ғой» деген қарсылық сөздерін алдын ала естіп отырғандаймын. Әрине, Кеңес дәуірі кезінде белгілі кеңес қызметкері болған, әкем Орынбай Айтмағамбетұлы мен анам Ғайния Меңдалықызының



замандасы Ибаш Жамболатова (1920-1986) – өмір тірілігін өткерген әйелдікті артына тастап, белгілі қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен маңғыстаулық әйелдердің бірі. Бірақ ол туралы кітаптың да жарыққа шығу ықылас-ынтасы қаламгер қауымға тиесілі емес. Ол кітап қоғам қызметкері И. Жамболатованы қазақ мұнайының ардақтыларының қатарына қосқан, ол туралы өмірбаяндық еңбектің жазылып, баспадан шығуын ынталандырған – Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының игілікті ісі.

Кеңес дәуірі кезінде қазақ әйелдері мен қыз-келіншектері туралы шығармалар жазған С. Торайғыров («Қамар сұлу»), Сәбит Мұқанов («Ботакөз»), Ғабит Мүсірепов («Ұлпан») және де басқа белгілі жазушылар болды. Осы қаламгерлердің еңбектеріндегі шығарма жазуға ұмтылыс танытқан, Маңғыстау өңірі қыз-келіншектерінің өмір-тұрмысын, әлеуметтік ортада алған орнын бейнелеуге талпыныс жасаған маңғыстаулық 1940 жылдары болыпты. Ол туралы қадірлес замандастар – әкем Орынбай Айтмағамбетұлы мен Өтежан Алшымбайұлы екеуінің арасындағы хат-хабар алысқан, әкемнің отбасылық мұрағатында сақталған қолжазбалардан оқыдым. Марқұм Өтежан Алшымбайұлы 1986 жылы 17 наурызда Орынбай Айтмағамбетұлына жазған хатында өлең жазу мен әдебиетші шығармашылыққа әуестенген маңғыстаулық Сәду Нұрниязов деген замандастары туралы азды-көпті білетіндерімен бөлісіп, соны толықтыруды сұрапты. Сол хатқа әкем мынадай жауап қайтарыпты.

«Сәду Қаранұрниязұлы Нұрниязов\* 1910 (әлде 1911) жылы туған. Оның жазушылық қабілеті бар болатын. Ол «Жамал» атты повесть, бөлкім, роман болып та қалар, жазайын деген ойым бар. Менің Жамалым басының азаттығы үшін күрескен, ескілікке, қалыңмалға сатылуға, әмеңгерлікке қарсылық көрсеткен Маңғыстаудағы алғашқы саналы қыз, ұжымдық шаруашылықтың белсендісі, озат еңбеккер болады. Оны ел арасында тараған «Ақбөбек-Қайыптағы» Ақбөбектің, «Қозбанша-Балжандағы» Балжанның, замандастарымыз – Қадірханның, Баланжанның, Ибаштың бейнелерін жинақтаған кейіпкер жасаймын» деп жүретін еді. Бірақ ол арманын орындай алмады, денсаулығы болмай өмірден ерте кетті».



**Анықтама.** \*Бұл маңғыстаулық туралы «Адай уезінің орталығында 1920 жылдары ұйымдастырылған ағарту қызметкерлерін дайындайтын екі жылдық курстан өткен, Қаратау бойында, Тұщыбек, Жыңғылды елді мекендерінде мектеп ұйымдастырып, бала оқытуда елеулі еңбек еткен мұғалім» [38; (120-121-беттер)] деген мәлімет бар.

Енді осы тараудың негізгі тақырыбы – Маңғыстау өңіріндегі еңбеккер әйелдер өкілдерінің бірі болған анам Ғайния Меңдалықызы Қарабекованың өмір-еңбек жолын баяндауға көшейін.

## ҒАЙНИЯ ҚАРАБЕКОВАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Анамның өмірлік, еңбек жолдарын тиянақты, толық баяндауда қиындық көрсеткен жай болды. Ол – баяғы көпшілігімізге тән, санымызды соқтырып, шынтағымызды тістететін «Әттең!..». Әттең!.., кезінде анамыздың өмір-еңбек жолын тәптіштеп сұрап-біліп, қағазға түсіріп алуды құнттамаппыз.

«Өмір сыйлаған ардақты анамды жастайымнан білемін, оның құшағында, аясында өстім, жарқын бейнесі көз алдымда, санамда тұр» дегеніммен, ол туралы баяндау оңайға түсіп тұрған жоқ. Ол жаратылыс табиғатынан сырын ішіне бүккен, өзінің ішкі дүниесін ашып, жариялап, мадақтаушылыққа немесе бастан кешкендерін айтып, шағынуға бармаған, тағдырдың тәлкегіне төзе білген адам болды. Осыған дейінгі тараулардағы әңгімелеуімде менің өне бойы әкемнің отбасылық мұрағатына сілтеме жасағандығымды зейінді оқырмандар байқаған болар. Ал анам туралы жазудың кезегі келгенде ондай сілтеме жасау мүмкіндігі шектеулі болды. Ол құжаттарын, өмір-еңбек жолына байланысты мәліметтерді жүйелеп, отбасылық мұрағаттар қорын жинақтамаған екен. Мұның себебі, әлгіде айтқандай, өзін мадақтаушылыққа ниеттенбегендігімен қоса тұрмыстық жағдаймен, бала-шаға қамымен жүргенде онымен айналысудың мүмкіндігін де таппаған болар. Сондықтан осы



тараудың мәтінін дайындағанда анам туралы естіген әртүрлі әңгімелер мен маған жеткен оның азды-көпті құжаттарына қоса, мемлекеттік мұрағатқа сенім артуға тура келді.

Заманында қазақша-орысша сауатты болған, өзінің іскерлігімен көзге түскен анам Ғайния Меңдалықызы Қарабекова Ұлы Отан соғысы жылдарында Шевченко аудандық партия комитеті ұсынатын, Гурьев облыстық партия комитеті бекітетін жауапты лауазымды қызметтерге үш рет тағайындалған екен. Осы тағайындауларға байланысты партиялық тәртіпке сәйкес дайындалған облыстық басқармалардың келісім хаттары мен мінездеме-сипаттамалары, Гурьев облыстық партия комитеті бюросының бекіту шешімдерінің хаттамалары, анамның өзі жазған өмірбаяны мен өзі толтырған партиялық сауалнамалары Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталыпты. Айта кету керек, сол кездегі партиялық тәртіп-талапқа сай, әлгі, облыстық партия комитетіне жіберілген өмірбаяндар, сауалнамалар және Шевченко аудандық партия комитетінің ұсыныс-шешімдері аупарткомның жауапты қызметкерінің, тіпті кейбіреуі бірінші хатшының өзінің қолы қойылып, мөр басылып куәландырылыпты.

Сонымен, осы, сіздер танысқалы отырған тарауда, анамның өмірлік еңбек жолдарын сол мұрағаттық құжаттарды [39], [40], [41] негізге алып, басқа да білетінімді ортаға салып әңгімелейтін боламын.

\* \* \*

Бізге аян мәліметтерді саралап, ой елегінен өткізіп қарасам, анам заманының қиыншылықтарын, тағдырдың қыспақтарын жас шағынан-ақ бастан кешкен екен. Өзі жазған ресми өмірбаяны бойынша ол 1915 жылы 17 қыркүйекте Татарстанның Первомайское селосында\* дүниеге келіпті.

**Анықтама.** \*Анам өмірге келген кезде ол жер Татар елінің Қазан губерниясына қарасты Чирмешән авылы (ауылы) аталған. Бүкілодақтық орталық атқару комитеті (ВЦИК) 1931 жылдың қазан айында Татарстан аймағында жаңа аудандар құру туралы қаулы қабылдағанда Чирмешән авылы Первомай-



ское селосы деп өзгертіліпті, жаңа құрылған Первомайский ауданының орталығы болып белгіленіпті.

Анамыздың туған әкесі зайыбы Зәйтүнәны, екі жетім қалған тумалас інілерін асырап, шағын шаруашылығымен, егіншілікпен айналысып, кедейлік өмір кешкен көрінеді. Ол 1917 жылы халық жасақтары қатарына алынып, азамат соғысына қатынасқан, содан хабарсыз кеткен. Оның інілері жетім балалар үйіне алынған, кейін олар сол кездегі ашаршылықта қайтыс болыпты.

Сөйтіп, аумалы-төкпелі төңкерістік, ашаршылық жылдарда жас келіншек Зәйтүнә сәби қызымен қалады. Ол ашаршылықтан құтылу мақсатын алға қойып, 1919 жылы жазда туған жерін тастап, 4 жасқа да толмаған қызы Ғайнияны арқалап-жетектеп, Татарстан елінен оңтүстікке қарай шұбырған босқын қандастарының тобына қосылады. Реті бұл қоныс аударушылардың ішінде Зәйтүнәмен бірге өзінің бір тумаласы да болғанға ұқсайды. Бұлай айтуыма негіз болатын нәрсе – біздің отбасылық мұрағатта сақталған Зәйтүнә әжеміздің өзі жазып қалдырған шағын ғана жазбахат. Сол жазбахатта әжеміздің өзімен бірге отанынан босқан бір тумаласының Өзбекстан жерінде екені көрсетілген (Әжеміздің басқа, екінші буын жақын-жуықтары Татарстан Республикасының Азнакаево ауданының Старый Ибрайкино селосында. Анам олармен 1960 жылдары араласыпты).

Міне, осылай, сәбиі мен өзіне баспана, күнелту мүмкіндігін іздеген Зәйтүнә бір жылдай уақытқа созылған босқыншылық сапарында Еділ бойымен Астрахань қаласына келеді. Бұл қалада ол кезде олардан да басқа шұбырынды босқындар аз емес еді. Мұны көрген, ол жерде күнелту мүмкіндігінің тар екендігін түсінген Зәйтүнә Каспий айдынының шығыс жағалауынан балық аулау кәсібімен күнелтіп жүрген балықшылардың шағын кемесіне жолаушы болып отырып, Маңғыстау жеріне түсіпті (Кезінде Форт-Шевченко қаласында едәуір көп болған татар ұлты өкілдерінің қауымы, қазіргі терминмен айтқанда – татар диаспорасы, сол кездерде қалыптасқанға ұқсайды).

Тағдырдың қатал тауқыметін тартқан Зәйтүнә Батдалқызы (1897-1951) мен оның 5 жасқа толмаған қызы Ғайния Адай уезінің Форт-Александровск қаласына 1920 жылдың



көктемінде аяқ басыпты. Маңғыстауға келген соң 23 жасар Зәйтүнә Батдалқызы Адайдың Келінбердісінің Тобышынан тарайтын Дорал руының Қарабекұлы Меңдалы деген азаматына екінші рет тұрмысқа шығады.

Қарабекұлы Меңдалы Қазан төңкерісіне дейін «табан етімандай терімен» дегендей өз малын бағып күнелткен, шаруа, күй-жай тұрмысы оңалып тұрған адам болған көрінеді. Жаңа үкімет билікке келген соң, ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастырылғанда жекеменшік малдарынан айырылған ол Форт-Александровск қаласына көшіп келеді. Онда үй құрылысы жұмыстарымен айналысқан жұмысшылардың қатарында тас қалаушы болып жұмыс жасап күнелтіпті.

Анамның өмірбаянындағы мәлімет бойынша Меңдалы Қарабекұлы 1932 жылдың қаңтар айында 60 жасында бұл өмірден өткен. Осы мәліметті және Зәйтүнәның Меңдалыға 1920 жылы тұрмысқа шыққанын негізге алып есептесек, онда Меңдалы 1872 жылы дүниеге келген, ол 49 жасында Зәйтүнәға үйленіп, онымен 12 жыл, қыздары Ғайния 16 жастан 17-ге қараған кезге дейін, отасқан болып шығады.

Зәйтүнә әжеміз әке-шешеміздің үйімен бір ауладағы көршілес өзінің үйінде (жұбайы Қарабектен қалған үй болу керек) тұрғанын бала кезімнен білемін. Соғыс жылдарында таңның атқанынан күннің батқанына дейін мемлекеттік жауапты жұмыстарда жүрген қызы Ғайнияға қарайласып, екі сәби немерелері – Бисенді (1940 жылы қазан айында туған), Сәбираны (1941 жылы қараша айында туған) бағып-күтіп, ана-әжелік қамқоршылық көрсеткен. Жалпы Сәбира апа Зәйтүнә әжеміздің қолында тоғыз жылдан астам уақыт бірге тұрыпты.

Зәйтүнә Батдалқызы Форт-Шевченко қаласындағы Сислам Ата қорымында жерленген. Оның төрт құлақты тамы, ондағы «Зәйтүнә, 1951 жылы 4 мамырда 54 жасында жерленді» деген жазба осы күндерге дейін анық сақталған. Бұл мәліметке сүйенген есеп бойынша Зәйтүнә әжеміз 1897 жылы өмірге келген болады.

Бізге жеткен әңгімелерде әжеміздің бұл өмірден өтер алдында науқастанып, төсек тартып жатпағаны, қатты ауырмағаны айтылады. 1951 жылы сәуір айында болған нәсер жаңбыр кезінде тұрғын үйінің төбесінен жауын суы аққан көрінеді. Сол



жерді жөндеу үшін теңіз жағасынан жинап, бір-екі қапшық теңіз шөбін алып келген, сонсын сол жұмыспен айналысқан. Шаруасын бітірген соң, жатып қалған, содан тұрмаған. Кешкісін жұмыстан келе жатқан әке-шешеміздің алдынан 9 жасар Сәбира апа «әже ұйқыдан оянбайды, тұрмайды» деп жылап, жүгіріп шыққан көрінеді.

Сөйтіп, тағдырдың бірталай ауыртпалығын басынан өткерген Зәйтүнә әжеміздің талай күйзеліс, күйініш көрген, қайғы тартқан жүрегі 54 жасында тоқтапты. Ол кісі Маңғыстаудың қасиетті Сислам Ата қорымында, жер қойнауында мәңгілік тыныштық тапқан.

Кейбір жегжаттарымыздың әңгімелерінен білетініміз – Меңдалы мен Зәйтүнә қыздары Ғайнияны тәрбиелеп өсіруге, оқып, білім алуына, жұмысқа орналасуына, өмір-тұрмысының қолайлы басталуына айтарлықтай ықпал жасап, еңбектенген әке-шеше, ата-аналық қамқорлық жасаған кісілер болған көрінеді.

## ЖАҢА МЕКЕН – МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ӨМІРЛІК ҚАДАМДАР

Анам Ғайния Меңдалықызы 1924-1928 жылдары Форт-Александровск қаласындағы С.М. Киров атындағы мектепте оқып, бастауыш 4 сыныптық білім алған. Тұрмыс жағдайына байланысты мектепте оқуды әрі қарай жалғастыруға мүмкіндігі болмағандығын өмірбаянында жазыпты.

Мектеп бітірген соң, өмірлік тағдырын өз қолына алып, 1929 жылы 14 жасында еңбекке кірісіпті. Ол Маңғыстау аудандық халыққа білім беру бөлімінің Форт-Александровск қаласындағы жалғыз оқу үйінің (партиялық сауалнамада «изба-читальня» деп көрсетілген) меңгерушісі қызметін атқарудан еңбек жолын бастаған екен. Ол жұмысты 1929-1930 жылдары<sup>1</sup> атқарыпты. Сол 1929 жылы комсомол мүшесі болып қабылданған.

<sup>1</sup> Ол кезде қызметкерлерге еңбек кітапшасын толтыру іс қағаздарын жүргізуде енгізілмегендіктен, анамның өзі толтырған мұрағаттық партиялық сауалнамадағы еңбек жолы туралы мәліметтерде осылайша тек қана жұмыс жасаған жылдары көрсетілген.



Сол кездегі Маңғыстау аудандық халық ағарту бөлімі 14 жастағы, 4 сыныптық білімі бар, комсомол мүшесі Қарабекова Ғайнияны жастарды сауаттандыру үйіне жұмысқа алғанына қарағанда, ол сол кездегі жастар қатарында орысша, қазақша сауаттылығымен көзге түскенге ұқсайды. Мұндай дәрежедегі білімдарлықты ол тек қана мектеп қабырғасында игерген емес, оған шешесі де әсер етіпті. Қызының орысша сауаттылық деңгейін көтеруге орысша сауаты бар шешесі Зәйтүнә Батдалқызы үлкен үлес қосыпты.

Қалалық комсомол ұйымы мен жергілікті үкімет органдары белсенді комсомол мүшесі Ғайния Қарабекованың сауаттылығын, ынта-жігерін бағалап, үлкен сенім артыпты. Оны партия-кеңес қызметіне дайындау мақсатында Алматыға, Қазақстан Орталық атқару комитеті (КазЦИК) жанындағы кеңес органдары қызметкерлерін дайындайтын мектепке оқуға жібереді. Ол мектепте 1930 жылдың мамыр айынан 1931 жылдың қаңтар айына дейін оқып, дайындықтан өткен.

Сол оқу орнын бітіргеннен кейін Ғайния Қарабекова мынадай жұмыстар атқарған:

Маңғыстау аудандық атқару комитетінің ұйымдастырушы инструкторы (1931-1932 жылдар);

Маңғыстау аудандық халыққа білім беру бөлімінің бастауыш мектеп мұғалімі (1932-1933 жылдар);

Өлкеде құрылған алғашқы Маңғыстау аудандық мемлекеттік еңбек жинақ кассасының (ГосТрудСберКасса) қызметкері (1933-1934 жылдар);

Маңғыстау аудандық комсомол комитетінің пионер бөлімінің меңгерушісі (1934-1935 жылдар).

Ол Маңғыстау комсомолдарының белсенді мүшелерінің бірі болған. Бұл туралы жарияланған тарихи мәліметтер бар.

## **ҒАЙНИЯ ҚАРАБЕКОВА – МАҢҒЫСТАУЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КОМСОМОЛ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІРІ**

«...Маңғыстау комсомолдарының ұйымы жылдан-жылға бекемденді, жұмыстарының қарқыны өсті. 1930 жылдары комсомол мүшелері ұжымдық шаруашылықтар ұйымдастыру





жұмыстарына белсенді араласты, ауыл шаруашылығы салығын жинауға қатынасты, алыпсатарлыққа қарсы күресті, сауатсыздықты жою жұмыстарын атқарды. Тапаралық күрес жүріп жатқандықтан, кей уақытта бұл жұмыстар қиын болды. Аталған жұмыстарды жүргізуге белсенді араласқан комсомол мүшелері Орынбай Бәлдеков, Жазмағамбет Қызылбаев, Хүсни Әлимова, Ғайния Қарабекова, М.А. Андреев, Г.И. Сапожникова және басқалар болды» [42; (12, 86-беттер)].

Кезінде, 1932-1934 жылдары, Маңғыстау аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болған әкем Орынбай Айтмағамбетұлы 1930 жылдары Маңғыстаудағы комсомол ұйымының белсенді мүшелері туралы отбасылық мұрағатында мынадай естелік мәлімет қалдырыпты.

«...Адай уездік коммунистік жастар одағы комитетінің алғашқы бірінші хатшысы Ораз Шағырбаев, одан кейін 1928 жылға дейін Избай Қоцанов болды. Сол комитеттің белсенді комсомол мүшелері қатарында өзім де, зайыбым Ғайния Қарабекова да болды.

Бізден басқа әр мезгіл комсомол белсенділері болғандарды айтсам, олар – Рахмет Үмітбаев, Лепесхан Оңғалбаев, Маңғыстау Ақшолақов, Жазмағамбет Қызылбаев, Айтбай Аманиязов, Естөре Оразақов, Сисенғали Шадырақов, Қаби Жұбаназаров, Сүйеубай Жиенбаев, Шайқы Еркеғұлов, Сәйдім Тумышев, Құрамшин, Жөкеш Айнабаев, Сабытай Нұров, В.Г. Водовской, Б.М. Переплюков, Қате Сарышева, Ұлықпан Өтегенов, Айырғали Тышқанбаев, Шомпақов Жәнібек, Тумыш және Қойсары Сарғожаевтар...»

Форт-Шевченко қаласындағы Т.Г. Шевченко атындағы мұражайды 20 жыл бойы басқарған Қазақ КС Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Е. Өмірбаевтың жинап құрастырған алғашқы маңғыстаулық комсомол мүшелері туралы мұражай көрмесіндегі стендіде Ғайния Қарабекова туралы да мәліметтер болды. Кезінде ол стенд мұражай көрмесін көрушілер бөлмесінде тұратын-ды. Заман өзгеріп, «Маңғыстауда екі тарихи мұражай болуы қажет емес, Форт-Шевченко қалалық мұражай этнографиялық болуы керек» деген тұжырымдамалық бағыт қабылданған соң ол стенд алынып, мұрағаттық қоймадағы қорға ауыстырылған.



Ғайния Қарабекованың 1930 жылдары Маңғыстаудың қазақ қыз-келіншектері арасындағы саяси-тәрбие жұмыстары туралы Есбол Өмірбаев, Саламат Шалабаев және Қабиболла Сыдиқов үшеуі бірігіп жариялаған Маңғыстау туралы алғашқы жарық көрген еңбекте былай жазылыпты.

«...Адай төңкерістік комитеті мен уездік комитетінің ерекше көңіл бөлген ісінің бірі – қазақ қыз-келіншектері арасындағы саяси-тәрбие жұмысы. 1920 жылдары әйелдер арасындағы жұмыс мүлде ауыр еді. Осыған орай 1926 жылы Губерниялық комсомол комитеті Орынбор партия-кеңес мектебін бітірген Әнәпия Жұмағалиеваны уездік әйелдер бөлімінің меңгерушілігіне жіберді. Әйелдер бөлімінің негізгі міндеті – қалыңмалға, көп әйел алушылыққа, әмеңгерлікке қарсы күресу, сауатсыздықты жою, әйелдерді қоғамдық істерге тарту еді. Бұл жұмыстарда комсомол қызметінде – Хұсни Әлимова, Ғайния Қарабекова, пионер жұмысында – Жәми Елеуова, партия-кеңес қызметінде – Аппазы Құлшыманова, үгіт-көпшілік жұмысында – Ермекова елеулі еңбегімен көзге түсті...» [43; (89-90-беттер)].

Маңғыстау туралы алғашқы бірден-бір толық жарияланымда Ғайния Қарабекованың аты аталуы – оның Маңғыстау өлкесінің қоғамдық өмірінде өз орнын тапқан, елеулі қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен маңғыстаулық әйелдердің бірі болғандығының айғағы. Әрине, бұл жай бізді көтеріңкі мақтанышқа бөлеп, айрықша әсер етті, рухымызды көтерді.

Аталған кітаптан келтірілген үзіндіде әңгімеленіп отырған 1920-1930 жылдары Маңғыстау өңіріндегі әйел теңдігі, бостандығы, сүйгеніне қосылу жайлы әңгіме, ой-тебіреністер мен іс-қылық, жайлар халық арасында бой көтере бастаған екен. Олар туралы әкемнің қолжазбаларында да сол кездерде орын алған жайлар жөнінде мынадай мәліметтер бар.

«Жары Әбдіқалық өз қызын әуелгі күйеуінен айырып алып, сүйгеніне қосты; Шолақ Қозбаншаның әйелі ерін тастап, сүйгені Иса дегенге тұрмысқа шықты; 1925 жылы Мұрат (Кеңе) Қалдыбайұлы Таңбай деген ағамыз 17-ші ауылдың азаматы Кенже Сейілхан дегеннің әйелі, сүйгені Бәтінш сұлуды алып қашып кетті. Бұл іске Ерболат деген би араға түсіп, ұрыс, жанжал шығартпай, әйелді қайтарып бергізеді; 1927 жылы 17-



ші ауылдың азаматы Мәулетдиннің қызы Меке сұлуды сүйгені – 18-ші ауылдың азаматы Тоқтамыс Ауанов Нұрмұқан деген жігіт алып қашты, екеуі қосылып, бірге тұрды; 1927 жылы Мұрат (Кеще) Қармыс деген ағамыз сүйгені Тұқия деген сұлуды қашырып алды, бірге тұрды, бір қызды болды».

## ФАЙНИЯ ҚАРАБЕКОВАНЫҢ ЕҢБЕК ТАРИХЫ

Файния Қарабекова 1934-1935 жылдары Маңғыстау аудандық комсомол комитетінің пионер бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарғаннан кейінгі еңбек жолында мынадай жұмыстар жасаған:

1935-1937 жылдары – Маңғыстау аудандық партия комитетінің іс жүргізуші хатшысы; 1937-1938 жылдары – Маңғыстау аудандық халыққа білім беру бөлімінің инспекторы.

Ол 1938 жылдың қыркүйек айында Маңғыстау аудандық «Колхоз жолы» газетінің жауапты хатшысы болып тағайындалады (Еңбек кітапшасы\*, 2-ші жазба). 1939 жылы 28 қаңтарда шығарылған Еңбек кітапшасында «Маңғыстау аудандық «Колхоз жолы» газетінің жауапты хатшысы қызметіне тағайындалғанға дейінгі жалпы жұмыс өтілі 9 жыл» деген жазба бар.

**Анықтама.** \*КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1938 жылы 20 желтоқсанда қабылдаған қаулысына сәйкес, қызметкерлерге Еңбек кітапша шығару 1939 жылдың 15 қаңтарынан бастап енгізіліпті.

Файния Қарабекова 1939 жылдың сәуір айында партия мүшелігіне қабылданады. Сонсын 1939 жылы қыркүйек айында Шевченко аудандық партия комитетінің іс басқармасының меңгерушісі қызметіне тағайындалады (4-ші жазба). Сол мезгілде, 1939 жылы 25 қарашада, Форт-Шевченко қалалық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің сайлауы өтеді. Файния Қарабекова қалалық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің депутаты болып сайланады.

Анамыздың замандасы, Есбол Өмірбаев Маңғыстау облыстық «Огни Мангышлака» газетіне берген сұхбатында Файния



СВЕДЕНИЯ				О РАБОТЕ		
№ записи	Дата			Сведения о приеме на работу и увольнении	работу, перемещениях по работе, перемещениях по работе (указанием причин)	На основании чего (по приказу, его дата и номер)
	Год	Месяц	Число			
1				Сведения о приеме на работу	З. 10.06.1918	З. 10.06.1918
2	1918	Июль	10	Сведения о приеме на работу	З. 10.06.1918	З. 10.06.1918
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11						
12						
13						
14						
15						
16						
17						
18						
19						
20						
21						
22						
23						
24						
25						
26						
27						
28						
29						
30						
31						
32						
33						
34						
35						
36						
37						
38						
39						
40						
41						
42						
43						
44						
45						
46						
47						
48						
49						
50						

СВЕДЕНИЯ				О РАБОТЕ		
№ записи	Дата			Сведения о приеме на работу и увольнении	работу, перемещениях по работе, перемещениях по работе (указанием причин)	На основании чего (по приказу, его дата и номер)
	Год	Месяц	Число			
1	1918	Июль	10	Сведения о приеме на работу	З. 10.06.1918	З. 10.06.1918
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11						
12						
13						
14						
15						
16						
17						
18						
19						
20						
21						
22						
23						
24						
25						
26						
27						
28						
29						
30						
31						
32						
33						
34						
35						
36						
37						
38						
39						
40						
41						
42						
43						
44						
45						
46						
47						
48						
49						
50						

Ғайния Қарабекованың еңбек кітапшасының беттері



Қарабекованың сол кездегі қызметі туралы «...1939 жылы Қазан төңкерісі мерекесі қарсаңында Форт-Шевченкодағы әрбір үйде электр шамдарының жануы маңғыстаулықтардың санасында, көңіл күйінде кәдімгідей өзгеріс жасады. Бұл істі жүзеге асырудағы айтарлықтай үлестің иегерлері аудандық партия комитетінің бюро мүшелері – Орынбай Бәлдеков, Ғайния Қарабекова, С. Шымыров, З. Құсайынова, А. Құсайынова болды» [44] депті. Ғайния Меңдалықызы Шевченко аудандық партия комитетінің Іс басқармасы меңгерушісі жұмысын 1940 жылдың 15 сәуіріне дейін атқарған. Сонсың Форт-Шевченко қалалық депутаттар кеңесі инвентарлық бюросының меңгерушісі болып 1941 жылдың тамызына дейін жұмыс жасапты.

Бұл кезде Кеңес Одағы тарихындағы ең ауыр жағдай – Германияның басқыншылық соғысы басталған еді. Халқымыздың басына қиын-қыстау күндер туған осы Ұлы Отан соғысы кезінде азамат жүгін арқалаған мыңдаған қазақтың қыз-келіншектері ұрыс шебінде де, тылдағы қажырлы еңбекте де батырлық, қайраттылық көрсетіп, уақыт сынынан, тарих талқысынан өтіп, жоғары адамгершілік баға алды. Солардың қатарында Маңғыстау әйелдер қауымының мыңдаған өкілдері де болды. Сол тұрмыс ауыртпалығы мол Ұлы Отан соғысы жылдарында анамның мойнына қалалық, аудандық дәрежедегі жауапты, күрделі қызметтерді атқару міндеті жүктелген екен.

Форт-Шевченко қалалық депутаттар кеңесі инвентарлық бюросының меңгерушісі қызметінен соң, 1942 жылдың ақпанаурыз айларында, Форт-Шевченко қалалық депутаттар кеңесінің қазынашы инспекторы болған.

Міне, сол сұрапыл соғыс кезінде анамның еңбек жолындағы ауыр кезең – соғыстық төтенше жағдайда жауапты, лауазымды қызметтерді атқаруы басталады. Ол 1942 жылдың сәуір айында Шевченко аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің (РайСобес) меңгерушісі болып тағайындалады. Бұл жұмысқа бекіту облыстық партия комитетінің құзыретінде болғандықтан, Ғайния Қарабекованың осы жауапты қызметке тағайындалуын бекіту ісі 2 айдан кейін, шілде айында, жүргізіліпті. Сол бекітуге берген келісімін Гурьев облыстық



партия комитетіне жолдаған Гурьев облыстық әлеуметтік қамтамасыз ету басқармасының (ОблСобестің) меңгерушісі Ұзақовтың Ф.М. Қарабековаға 1942 жылдың шілде айында берген мінездеме-сипаттамасында мынадай жазбалар бар.

				СВЕДЕНИЯ	О РАБОТЕ	
№	Дата			Сведения о приеме на работу и увольнении	работу, перемещениях по (с указанием причин)	На основании ст. 108 закона РК (или иного закона и постановления)
	Год	Месяц	Число			
1	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
2	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
3	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
4	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
5	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
6	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
7	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
8	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
9	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942
10	1942	Июль	16	Принята на работу в качестве переводчицы с немецкого языка.	Секретарь Исаева	Исх. № 1942

Ғайния Меңдалықызы Қарабекованың еңбек кітапшасының беттері

«Ғайния Қарабекова сәуір айынан бері осы қызметті атқарады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Майдангерлердің отбасыларына жәрдемақы тағайындау туралы» жарлығын тыңғылықты орындауды қамтамасыз етті, ұқыптылық танытты, қаржылық есепті уақытында тапсырып тұрды» [40; (5-бет)].

Аталған жұмысқа бекіту туралы шешім Гурьев облыстық партия комитеті бюросының 1942 жылы 7 тамыз күні өткен мәжілісінде қабылданыпты (№ 197 хаттама, 18-тармақ) [40; (4-бет)].



Мұрат (Кеше) ауылының шежірешілерінің бірі  
Орынбай Айтмағамбетұлы



Орынбай Айтмағамбетұлы мен Ғайниа Меңдалықызы.  
Форт-Шевченко, сәуір, 1951 жыл

Зинеш Орынбайқызы Бәлдекова



Қазақстан КП Шевченко  
аудандық партия комитетінің  
Үгіт-насихат  
бөлімінің меңгерушісі  
Орынбай Бәлдеков.  
Қазан, 1949 жыл





Волхов майданының 59-әскері  
2-атқыштар дивизиясы  
261-атқыштар  
полкінің рота сардары аға  
лейтенант  
Орынбай Бәлдеков.  
Мамыр, 1943 жыл



Ленинград майданының 23-әскері  
38-атқыштар дивизиясы  
1265-атқыштар  
полкінің рота сардары капитан  
Орынбай Бәлдеков.  
Қазан, 1944 жыл



Орынбай Бәлдеков, зайыбы Ғайния Қарабекова, балалары –  
6 жасар Бисен, 10 айлық Амангелді, бажасы Әбенше  
Сағындықов пен балдызы Мариям Қарабекованың отбасымен бірге  
соғыстан кейінгі бейбіт өмірдің алғашқы жылындағы демалыс кезінде.  
Алматы, 27 қазан, 1946 жыл

За нашу Совет

СС



\* УДОСТО  
За участие в гер

ЛЕНИН

*Балдек*

*Арумбай*

Указом ПРЕЗИ  
ХОВНОГО С

Копия.

За нашу Советскую Родину !

С С С Р

УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в героической обороне г. ЛЕНИНГРАДА  
тов. БАЛДЕКОВ АРУМБАЙ

Указом Президиума Верховного Совета СССР от  
22 декабря 1942 года награжден медалью "ЗА ОБОРОНУ ЛЕНИН-  
ГРАДА" от имени Президиума Верховного Совета СССР медалью  
"ЗА ОБОРОНУ ЛЕНИНГРАДА" и вручена 27 мая 1944 года.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО  
КОМИТЕТА ЛЕНИНГРАДСКОГО  
ГОРОДСКОГО СОВЕТА ДЕПУТАТОВ  
ТРУДЯЩИХСЯ

ПАПКОВ

СЕКРЕТАРЬ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО  
КОМИТЕТА ЛЕНИНГРАДСКОГО  
ГОРОДСКОГО СОВЕТА ДЕПУТАТОВ  
ТРУДЯЩИХСЯ

А. БУБНОВ



*Копия Верна! Шевченко И. И. (А. Лукацкий)*  
*6. января 1977*

Орынбай Балдековтің 1942 жылы 22 желтоқсанда «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталған құжатының кепілденген көшірмесі



Серия Д

5/154

Серия Д  
№ 49642 Балдеков  
(фамилия)  
Орынбай  
(имя)  
Т. 2122223  
(отчество)  
В. В. В.  
(личная подпись владельца билета)



Военный билет выдан  
12. Октября 1948 г.  
Шевченко-Скандинавский  
(наименование военного комиссариата)  
Слободяновский Орынбай Балдеков  
(должность, звание, подпись)

Серия Д

I. ВОЕННО-УЧЕТНЫЕ ДАННЫЕ

1. Род войск (служба) Пехота  
ВУС № 1

2. Военское звание Капитан  
№ Лев 30 № 0110 от 27.10.1944г.

3. Запас \_\_\_\_\_ разряда \_\_\_\_\_ разряд  
\_\_\_\_\_ разряда \_\_\_\_\_ разряд

4. Должность Командир стрел-  
Кольца роты

5. Должен состоять на учете по 31 декабря  
1952 года

Капитан Орынбай Балдековтің кезектегі әскер қатарына тіркелген әскери құжатының алғашқы беттері

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 гг.“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

За участие в Великой  
Отечественной войне  
Капитан  
Балдеков Орынбай

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР от 9 мая 1945 года  
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

„ЗА ПОБЕДУ НАД ГЕРМАНИЕЙ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА  
Орынбай Балдеков  
1945 г.  
(должность, военное звание и воинские звания,  
М. П. М. П. Слободяновский  
вручившего медаль)

Орынбай Балдековтің 1945 жылы 15 желтоқсанда «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған құжаты

„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 гг.“



АА № 091655

### УДОСТОВЕРЕНИЕ

За доблестный и самоотвер-  
женный труд в период  
Великой Отечественной войны

*Балдеков  
Орынбай*

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР от 6 июня 1945 года  
НАГРАЖДЕН МЕДАЛЬЮ

ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

г. *Самарканд*, 1945 г.

*Балдеков Орынбай*  
(подпись и подпись лица)

М. П. *М. П. Балдеков*  
(подпись и печать)

Орынбай Балдековтің 1946 жылы 25 қазанда «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған құжаты

Награжден орденом  
*Кызыл Жұлдыз*

№ ордена  
*2754563*

*Балдеков*  
Орынбай

Исполнение обязанностей с *Балдеков Орынбай*  
на основании приказа о денежных выдач и  
на основании приказа о имущества, согласно  
приказа о наградах Союза ССР.



В № 069942

Орынбай Балдековтің 1948 жылы 23 ақпанда «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған құжаты



„ДВАДЦАТЬ ЛЕТ ПОВЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 гг.“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

Катитан  
Балдеков  
Орынбай

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР

от 7 мая 1965 года

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„ДВАДЦАТЬ ЛЕТ ПОВЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

31 января 1965 года

Раисовский

М. П. К-Н: Ситни = Сарсе  
подпись (лица, вручившего медаль)

Орынбай Балдековтің 1965 жылы 7 мамырда «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің  
20 жылдығы» медалімен марапатталған құжаты

„50 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

БАЛДЕКОВ

Орынбай

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
ОТ 26 ДЕКАБРЯ 1967 ГОДА

НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„50 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ  
СИЛ СССР“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

7 мая 1969 года

в/части I4250

подпись (лица, вручившего медаль)

Г. ГРИГОРЯ

Орынбай Балдековтің 1967 жылы 26 желтоқсанда  
«КСРО Қарулы күштерінің 50 жылдығы» медалімен марапатталған құжаты

„В ПАМЯТЬ 250-летия  
ЛЕНИНГРАДА“



Б № 620384

## УДОСТОВЕРЕНИЕ

В ознаменование  
250-летия Ленинграда  
пов. Балдеков  
Орынбай  
от имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР  
награжден  
ИСПОЛНИТЕЛЬНЫМ КОМИТЕТОМ  
ЛЕНИНГРАДСКОГО ГОРОДСКОГО  
СОВЕТА ДЕПУТАТОВ ТРУДЯЩИХСЯ  
медалью

„В ПАМЯТЬ 250-летия  
ЛЕНИНГРАДА“

22 октября 1970 г.

М. П. *Семил*  
Председатель Исполнительного Комитета  
Ленинградского Городского Совета  
депутатов трудящихся  
Секретарь Исполнительного Комитета  
Ленинградского Городского Совета  
депутатов трудящихся *Рыжук*

Орынбай Балдековтің 1970 жылы 22 қазанда

«Ленинградтың 250 жылдығын есте қалдыру» медалімен марапатталған құжаты



ВООРУЖЕННЫЕ СИЛЫ СССР

УДОСТОВЕРЕНИЕ  
К ЗНАКУ  
„25 лет ПОБЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ“

## УДОСТОВЕРЕНИЕ

За доблесть и отвагу  
в Великой Отечественной  
войне.

Капитан от огня Министр обороны СССР  
звание Маршал Советского Союза  
Балдеков  
фамилия  
Орынбай  
ИМЯ  
отчество



Орынбай Балдековтің 1970 жылы «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 25 жылдығы» белгісімен марапатталған құжаты



„ТРИДЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ВОЙНЫ

**УДОСТОВЕРЕНИЕ**

*Вардгис салысан, Заман  
Балдековт, Орынбай  
Жеңістің атымен*


В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
от 25 апреля 1975 года  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„ТРИДЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА



Орынбай Балдековтің 1975 жылы 25 сәуірде «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы» медалімен марапатталған құжаты



Маңғышлақ облыстық әскери комиссариаттың 1974 жылы 21 ақпанда Орынбай Балдековті бұқаралық-қорғаныс жұмыстарына белсене араласқандығы үшін КО Әскері мен Соғыс-теңіз флотының 56 жылдығы құрметіне марапаттаған грамотасы



„60 лет ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



УДОСТОВЕРЕНИЕ

Балдеков  
Орынбай

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
ОТ 28 ЯНВАРЯ 1978 ГОДА  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„60 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ  
СИЛ СССР“

ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА



27 сентября 1978 года

Шевченкоский горбоцком  
Служба, воинское звание и

М. П. *Шевченко*  
подпись лица, вручившего медаль  
= Ратушенко =

Орынбай Балдековтің 1978 жылы 28 қаңтарда «КСРО Қарулы күштерінің 60 жылдығы» медалімен марапатталған құжаты



А № 142829

Балдеков  
Орынбай

ЗА ХРАБРОСТЬ, СТОЙКОСТЬ И МУЖЕСТВО,  
ПРОЯВЛЕННЫЕ В БОРЬБЕ С НЕМЕЦКО-  
ФАШИСТСКИМИ ЗАХВАТЧИКАМИ,  
И В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 40-ЛЕТИЯ  
ПОБЕДЫ СОВЕТСКОГО НАРОДА  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 ГОДОВ

УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
ОТ 11 МАРТА 1985 Г.

НАГРАЖДЕН ОРДЕНОМ  
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ  
II степени

Секретарь Президиума  
Верховного Совета СССР *Григорьев*

№ ордена 5408929

Орынбай Балдековтің 1985 жылы 11 наурызда «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған құжаты

„СОРОК ЛЕТ ПЕРАБЕДА  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ  
1941—1945 гг.“



УЧАСТНИКУ ВОЙНЫ

### УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Бальдеков  
Орынбай*

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
от 12 апреля 1985 года  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„СОРОК ЛЕТ ПЕРАБЕДА  
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ  
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

4. м.апр. 1985 года  
Шевченкоковский районный  
М. П. (должность и подпись лица, вручившего медаль) *Идрисов*

Орынбай Бальдековтің 1985 жылы 12 сәуірде  
«Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы»  
медалімен марапатталған құжаты

„70 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ СССР“



### УДОСТОВЕРЕНИЕ

капитан в отставке  
БАЛЬДЕКОВ  
ОРЫНБАЙ АЙТМАГАМБЕТОВИЧ

В СООТВЕТСТВИИ С УКАЗОМ ПРЕЗИДИУМА  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР  
от 28 января 1988 года  
НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ

„70 ЛЕТ ВООРУЖЕННЫХ  
СИЛ СССР“

От имени ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО  
СОВЕТА СССР МЕДАЛЬ ВРУЧЕНА

23 февраля 1988 года  
Нач. УЧБ Ваз. ССР по Манг. обл.  
Молкозник (должность, подпись, печать)  
В. Гончаров


Орынбай Бальдековтің 1988 жылы 28 қаңтарда  
«КСРО Қарулы күштерінің 70 жылдығы» медалімен марапатталған құжаты





Майдангер Орынбай Айтмағамбетұлы Бәлдеков Ұлы Отан соғысы ардагерлерін  
Жеңіс күні мерекесімен құттықтау шарасына жиналған  
Ақтау қаласының майдангерлері арасында  
(жоғарғы суретте: оң жақтан үшінші, төменгі суретте: оң жақтан екінші)





Республикалық Жоғары партия мектебіне оқуға келген маңғыстаулықтар  
Орынбай Бәлдеков (сол жақтан екінші) пен Молдабек Сисенбаев (сол жақтан бірінші) Алматыдағы М. Горький атындағы  
мәдени-демалыс саябағында. Алматы, тамыз, 1952 жыл





Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық Жоғары партия мектебіндегі  
Гурьев облысынан келген тыңдаушылар. Алматы, қараша, 1952 жыл

*Пролетария всех стран, соединяйтесь!*

Мы должны стараться  
поднять звание и значение  
члена партии выше, выше  
и выше.

В. И. ЛЕНИН

## УДОСТОВЕРЕНИЕ

Товарищу Бальдекову

Орынбаю

члену КПСС с 1940 года

вручен знак

**„50 лет пребывания в КПСС“**



Орынбай Бальдековтің коммунистік партия қатарында 50 жыл  
мүше болғандығы туралы куәлігі




Каспий аймақтық тау-кен  
металлургия комбинаты  
Өндірісті техникалық  
жабдықтау басқармасының  
мұнай базасы  
бастығының орынбасары  
Орынбай Бальдеков. Ақтау, 1970 жыл





Зейнеткер Орынбай Айтмағамбетұлы өз үйінде. Ақтау, 1972 жыл





Зейнеткер ата немерелерімен бірге. Атасының оң жағында Нұргүл, сол жағында Жаннат. Екінші қатарда: Нұркен, Злата, Руслан



Зейнеткер Орынбай Айтмағамбетұлы Краснодар өлкесіндегі «Горячий ключ» шипажайында демалыста. 1976 жыл





Жас ұрпақты отандық рухта тәрбиелеу жұмыстарына белсене араласқан зейнеткер, майдан және еңбек ардагері Орынбай Балдеков жеткіншектер арасында (фотосуреттер жергілікті басылымдардан алынды)









Орынбай Айтмағамбетұлы мен баласы Амангелді.  
Мәскеу. Кремль, Александр бағы

„ПОБЕДИТЕЛЬ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОГО  
СОРЕВНОВАНИЯ 1973 ГОДА“



Знак учрежден ЦЕ КПСС,  
Советом Министров СССР,  
ВЦСПС и ЦК ВЛКСМ

УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Бальдеков  
Орынбай*

награжден знаком

„ПОБЕДИТЕЛЬ СОЦИАЛИСТИЧЕСКОГО  
СОРЕВНОВАНИЯ 1973 ГОДА“

Постановление *секретариата*  
*Казсовпрофа и коллегии*  
*Казгладмертеснеба №28*

30 " января 1974 г.

*Чайр*  
(подпись)



Орынбай Балдековтің еңбек жолындағы кейбір марапаттары



УДОСТОВЕРЕНИЕ

*Бальдеков  
Орынбай*

*Житмағашбетов*  
за долголетний добросовестный  
труд от имени Президиума  
Верховного Совета СССР  
решением исполкома  
*Мангышакского*  
*областного*  
Совета депутатов трудящихся  
от *17 февраля* 1975 г.

награжден медалью  
„ВЕТЕРАН ТРУДА“

Секретарь исполкома  
*областного*  
Совета депутатов трудящихся  
*Жүрген*


М. П.  
„17" " февраля 1975 г.







Орынбай Бәлдековтің 1970 жылы 26 тамызда марапатталған Құрмет грамотасы



Орынбай Бәлдековтің 1971 жылы 23 ақпанда марапатталған Құрмет грамотасы



Орынбай Балдековтің 1972 жылы 22 ақпанда марапатталған Құрмет грамотасы



Орынбай Балдековтің 1972 жылы 7 мамырда марапатталған Құрмет грамотасы




Орынбай Айтмағамбетұлы  
Бәлдеков.  
Алматылық суретші  
В. Псарёвтың жұмысы.  
1 наурыз, 1986 жыл



1.03.86  
В. Псарев.  
г. Шевченко  
Бәлдеков Орынбай  
Айтмағамбетұлы.

«Білім» қоғамының құрамында  
30 жыл еңбекшілер арасында  
білімді насихаттауда белсенді  
қызмет атқарғаны үшін Орынбай  
Бәлдековті Маңғыстау облыстық  
«Білім» қоғамының 1972 жылы  
8 маусымда марапаттаған  
грамматасы



1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысының ардагері Орынбай Айтмағамбетұлы Бальдековтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында, оның тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Ақтау қаласы, 2008 жыл.

Увечовечена память Бальдекова Орынбай Айтмағамбетовича, ветерана Великой Отечественной войны 1941-1945 гг., установлением мемориальной доски на доме, где он проживал. г. Ақтау, 2008 год.



Ақтау қаласының 7-шағынауданындағы Орынбай Бальдеков тұрған № 17 үйдің қабырғасына ескерткіш тақта орнатудың ресми түрде ашылуына арналған митинг.

Ақтау, 12 қаңтар, 2009 жыл.


Бұл фотосурет «Тағзым. Поклонимся великим тем годам. 2 книга» («Балалар әдебиеті», Алматы, 2010 ж., 331-бет.) кітабынан алынды







Маңғыстаулық алғашқы комсомол мүшелерінің бірі болған  
Гайния Қарабекова (суретте алдыңғы қатарда оң жақтан бірінші).  
Фотосурет «Жастығым менің комсомол (Маңғыстау комсомолына арналған)»  
кітабында («Балалар әдебиеті», Алматы, 2008 ж., 215 бет) жарияланған



Қазақстан Орталық атқару  
комитеті (КазЦИК)  
жанындағы кеңес органдары  
қызметкерлерін дайындау  
мектебінің тыңдаушысы  
Гайния Қарабекова.  
Алматы, желтоқсан, 1930 жыл



Гайния Қарабекованың партиялық құжатындағы фотосуреті.  
1973 жыл

**Еңбек кнiщкaсы**

Famillasy *Қарабекова*  
Аты *Гайния*  
Әкесiнiң аты \_\_\_\_\_  
Туған cылы *1915 ж.*  
Bilimi: *бастауыс*, орта, қоғамь  
(асты. асығыс)  
Professiasы *Ғали дәйметкері*

Еңбек кнiщкaсы iзiнiң қолы  
*Г.Қарабекова*

Еңбек кнiщкaсы толтырылған уақты  
*"28" желтоқсан 1939 ж.*

Гайния Қарабекованың  
еңбек кітапшасының бірінші беті





Барлық естеріңізді пролетарларды біріктіңіз!  
(Пролетарии всех стран, соединитесь!)

Строго Секретно

КАЗАХЫСТАН КОММУНИСТ БОЛЬШЕВИКТЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ  
ГУРЬЕВ ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІ  
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ БОЛЬШЕВИКОВ КАЗАХСТАНА  
ОБЛАСТНОЙ КОМИТЕТ  
Гурьевской области

197, 18.

7/УШ-42г. Шевченковский РК КП(б)К, сектор учета кадров.

Выписка из протокола № 127 пункт 18 Заседания бюро ОК КП(б)К 4 августа 1942 г.

О работе тов. Карабековой Г.

Принять предложение Шевченковского РК КП(б)К об утверждени тов. Карабековой Г. зав. райообесом Шевченковского района.

2 экз.  
В.М.

Секретарь обкома КП(б)К

*В.М. Бенканов*

(Бенканов)

Полоску вырезати и вклеить в книгу учета ОК КП(б)К в 10-й отделении после со дня выдачи

Гайния Қарабекованы Шевченко аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындауды бекіту туралы Гурьев облыстық партия комитеті бюросының 1942 жылы 7 тамызда қабылдаған шешімі

1942 жылдың күзінде Еділ өзеніне жеткен майдан шебіне жақын орналасқан Гурьев облысының жерінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен соғыс жағдайы енгізіледі, облысымыз майданның ең жақын қорғаныс тылына айналады.

Анамның сол кездегі еңбегіне ой жүгіртіп қарасам, ол бүкіл еліміз соғыс жағдайында жұмыс жасап жатқанда жауапты жұмыс жасауға жұмсалып, қиын қызметке басшылық етіпті. Сол ұстараның жүзіндей өткір, құбылмалы, қауіп-қатерлі қысылтаяң кездегі анамның өмірі жұмақ пен тозақтың қылкөпірімен жүргендей күйде өткендігін түсінуге болады. Егер сол кезде, жазатайым, оның қарауындағы орындаушылар немесе өзі қателік жіберіп, майдангерлердің отбасына тиесілі жәрдемақы дұрыс тағайындалмай, әлде дер кезінде жетпей қалса, сталиндік қатал заманда «мүлт кеттің, мүрдем кетесің» дегеннің кербін киіп, Сібірге айдалып, түрменің түкпірінен шығуы мүмкін болғанын да пайымдау қиын емес. Әйтсе де, анам



өмірінің бұл соғыстық төтенше жағдайдағы сынақтарынан сүрінбей өтіп, қиындықтарға қайыспай, заман талабына сай жауапкершілік пен іскерлік көрсетіпті.

Тағдырдың қатал сынағы мұнымен бітпеген екен. Ауыртпалығы мен жауапкершілігі мол қоғамдық қызметтерді атқару міндетіне қоса, тағы бір өмір қиыншылығы басына түсіпті. Жанұясының тірегі, нәрестелерінің әкесі, жұбайы Орынбай Айтмағамбетұлы 1942 жылдың сәуір айында әскер қатарына шақырылып, майданға аттанады. Сонда оған тағдыр отбасының отын сөндірмей, жұбайының орнына жанұясына басшылық ету, соғысқа аттанған Орынбайдың артында қалғандарына жауапкершілікті атқару міндетін жүктепті.

Сол ел басына қаратүнек күн туған, жау жағадан алған, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде ауылдағы азамат атаулыны ажалмен арпалысқа аттандырған абзал ана-апалардың арасында арыстай азаматының аманатын арқалаған анам Аташ та айлақ жағалауында көз жасын жаулығының жиегімен сүртіп тұрып, жағадан жылжып, алыстап бара жатқан кеме сүйреген баржадағы жұбайына қол бұлғап қала берген екен. Осы күннен бастап ол жұбайының орнына жанұясына қамқоршы, ері көтерген шаңырақтың иесі болып қала береді.

Апыр-ай, сол күндері 27 жасқа да толып үлгермеген жас келіншектің басына қандай қиындық, тұрмыстық ауыр жүк, жұмыста орасан зор жауапкершілік түскенін соларды бастан кешкен тек қана анамның өзі және соғыс кезіндегі сондай қиыншылық күндерді бастан кешкендер ғана толық түсіне алатын болар!..

«Соғысқа кеткендердің әйелдері олардың артында қалғандары үшін аналарындай жауапты болмақ...» деген діни хадис қағидасын түзу ұстаған анамыз, тұрмыс қиыншылығы қысқан соғыс жылдарында оның қолына қараған жандар – бес жарым жастағы қызы Зинешті, бір жарым жастағы ұлы Бисенді, бес айлық нәресте – қызы Сәбираны, анасы Батдалқызы Зәйтүнәны асырап, өмір кешіпті. Ел-халқының басына түскен қасірет-қайғысын, ауыр тұрмыс-тіршілігін бірге бөлісіп, өмірлік қиыншылықтарда құрыштай шыныққан екен.

Ол 1943 жылы Шевченко аудандық атқару комитетінің әлеуметтік қамтамасыз ету бөлімінің (РайСобес) меңгерушісі



қызметін атқарып жүрген кезде Шевченко аудандық атқару комитетінің сауда бөлімінің (РайТорг) меңгерушісі Қоңылбаев деген азамат майданға аттанады. Осыған байланысты 1943 жылы 26 маусымда Шевченко аудандық партия комитеті сол қызметке Ғайния Қарабекованы тағайындау туралы шешім қабылдайды [39; (3-бет)].

Бұл жұмыс та облыстық партия комитеті бекітетін лауазым болғандықтан, оған Ғайния Қарабекованы бекіту туралы шешім Гурьев облыстық партия комитеті бюросының 1943 жылдың 24 тамыз күнгі өткен мәжілісінде қабылданыпты (№ 262 хаттама, 32-тармақ) [39; (5-бет)]. Анам бұл қызметті де абыроймен атқарып, Шевченко аудандық партия комитеті бюросының 1944 жылғы 10 қазан күні қабылдаған шешіміне сәйкес босатылыпты.



Ғайния Қарабекованы Шевченко аудандық сауда бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындауды бекіту туралы Гурьев облыстық партия комитеті бюросының 1942 жылы 24 тамызда қабылдаған шешімі



Ұлы Отан соғысынан кейін Ғайния Қарабекова Шевченко аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің жоспарлау бөлімінің (РайПлан) төрайымы қызметіне тағайындалады. Бұл туралы шешім Шевченко аудандық партия комитеті бюросының 1945 жылы 12 маусымда өткен мәжілісінде қабылданыпты (№ 1 хаттама, 3-тармақ) [41; (9-бет)].



Ғ.М. Қарабекованы Шевченко аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің жоспарлау бөлімінің төрайымы қызметіне тағайындау туралы Шевченко аудандық партия комитеті бюросының 1945 жылы 12 мамырда қабылдаған шешімі

Бірақ оның артынан іле-шала, бір ай мерзім өткен соң-ақ, 1945 жылы 4 шілде күні Шевченко аудандық партия комитетінің бюросы жаңадан ашылған мекеменің жұмысын жолға қою үшін Ғайния Қарабекованы жергілікті сүт өнімдері, сүзбе, ірімшік өндірісінің директоры қызметіне жолдапты. Бұл жұмысты анам 1946 жылдың мамыр айына дейін атқарыпты.





Шевченко аудандық партия комитетінің 1946 жылы 13 мамырда қабылдаған шешіміне (№ 40 хаттама, 6-тармақ) [41; (13-бет)] сәйкес, Гурьев облыстық өндірістер одағына (ОблПромСоюз) қарасты Форт-Шевченкодағы Н.К. Крупская атындағы өндірістік артельдің төрағасы А. Демеуов міндетін ойдағыдай атқара алмағандықтан қызметінен босатылып, оның орнына Ғайния Қарабекова тағайындалыпты. Артельдің жұмысын Ғайния Қарабекова 7 ай басқарған соң, 1946 жылдың қорытындысын бағалағаннан кейін ғана оны артель төрайымы жұмысына бекітуге келісім берген Гурьев ОблПромСоюз президиумының төрағасы Новиков облыстық партия комитетіне жолдаған сипаттамасында:

**КАЗАХСТАН КОММУНИСТ (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ  
ГУРЬЕВ ОБЛЫСЫНЫҢ ШЕВЧЕНКО АУДАНДЫҚ КОМИТЕТІ  
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ (БОЛЬШЕВИКОВ) КАЗАХСТАНА  
ШЕВЧЕНКОВСКИЙ РАЙОННЫЙ КОМИТЕТ ГУРЬЕВСКОЙ ОБЛАСТИ.**

СЕКРЕТНО

Выписка из протокола № 40 пункт 6 заседания бюро РК КП(б)К от 13/5 1946 г.

*Утвердить тов. Карабекова Талия*  
*Утвердить тов. Карабекова Талия на должности*  
*Обязовать тов. Артема и Картежа одновременно*  
*Совокупить ранее утвержденную на эту должность*  
*тов. Акишова в том же объеме выполняющие функции*  
*в артели внести на утверждение бюро обкома*  
*КП(б)К.*

*Секретарь Шевченкоского*  
*райкома*

*У. Нурталиев*

Порядок пользования секретными документами РК КП(б)К  
Товарищ, получивший конфиденциальный документ, не может ни передавать, ни закончить о нем кого бы то ни было, если нет на то специального ордера райкома.  
Счет за копии и ссылки в советском деле производится на решения райкома, категорически возпрещается.  
Отметка об ознакомлении производится на каждом документе лично товарищем, которому документ адресован.

Подлинник находится в архиве секретной канцелярии РК КП(б)К в 20-дневный срок с даты изготовления.

Ғ.М. Қарабекованы Н.К. Крупская атындағы өндірістік артельдің төрайымы қызметіне тағайындау туралы Шевченко аудандық партия комитеті бюросының 1946 жылы 13 мамырда қабылдаған шешімі



Барлық алдымен пролетарлары, бірігіңдері!  
Пролетария всех стран, соединяйтесь!

Секретно

КАЗАХСТАН КОММУНИСТІ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ  
ГУРЬЕВ ОБЛАСТЫҚ КОМИТЕТІ  
КОММУНИСТИЧЕСКАЯ ПАРТИЯ (большевиков) КАЗАХСТАНА  
ГУРЬЕВСКИЙ ОБЛАСТНОЙ КОМИТЕТ

Выписка из протокола № 403 пункт 4 заседания бюро ОК КП(б)К от 23/7 1947 г.

О работе тов. Карабековой Г. /тов. Крупской/

Принять предложение Шевченкоского РК КП(б)К и  
председателя обкома тов. Карабековой  
председателем артели им. Крупской, Шевченкоского района.

Секретарь обкома КП(б)К



*С. Галиев*  
С. Галиев /

553

Содержание в записке секретаря ОК КП(б)К  
в 10 дневный срок со дня получения.

Ғ.М. Қарабекованы Н.К. Крупская атындағы өндірістік  
артельдің төрайымы қызметіне тағайындауды бекіту туралы  
Гурьев облыстық партия комитеті бюросының 1947 жылғы  
23 қаңтарда қабылдаған шешімі

«Ғайния Қарабекова ынталы, адал қызметкер, 7 ай мерзім  
ішінде артельдің 1946 жылдың жылдық өндірістік жоспа-  
рын 81,5 пайызға орындауын қамтамасыз етті» деп жазыпты.  
Бекітуді қолдаған бұл № 61 хат [41; (7-бет)] облыстық партия  
комитетіне 1947 жылы 13 қаңтарда жолданыпты. 1947 жылы  
23 қаңтарда Гурьев облыстық партия комитетінің бюросында  
Ғ. Қарабекованы артельдің төрайымы қызметіне бекіту туралы  
шешім қабылданыпты [41; (8-бет)] (№ 403 хаттама, 4-тармақ).

Анам Н.К. Крупская атындағы өндірістік артельдің тө-  
райымы қызметін атқарып жүргенде КСРО Жоғарғы  
Кеңесінің 1945 жылғы 6 маусымдағы жарлығына сәйкес  
марапатталған «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы  
кезіндегі қажырлы еңбегі үшін» медалі 1946 жылы 15 мамырда  
табыс етіліпті. Ол жөнінде мұрағаттық құжатта жарияланған  
[45; (29-30-бет)].





**АКТ (Список)**  
**вручения медалей «За доблестный труд в Великой Отечественной войне**  
**1941-1945 гг.» работникам партийных, советских**  
**и других общественных организаций по Шевченковскому району**

15 мая 1946 года

№ п/п	Фамилия, имя и отчество	Должность или занятие	№№ удостоверений	Военное звание
26	Нургалiev Надир	Зав. АГЮ РККП(б)К	0053376	
27	Нуруллин Уали	Секретарь РККП(б)К	0053375	
28	Ниязгулов Шади	Машинистка РИКа	0053374	
29	Нуруллин Жагфар	Председатель ФКА	0053373	
30	Карабелова Ганша	Председитель артель им. Крупской	0053394	
31	Сутенов Ескаут	Секретарь РККП(б)К по кадрам	0053371	
32	Сенгирбаев Лашин	Зав. парткабинет РККП(б)К	0053370	
33	Нуржасинова Алтынсары	Экономист райплана	0053372	
34	Суденов Койкара	Зав. райпартотдел	0053368	
35	Суйменов Кузембай	Секретарь Кулалинск. а/с	0053367	
36	Тумашев Сайдым	Зам. местн. промышлен. РИКа	0053366	
37	Тулинова Фатима	Секретарь АКСМК	0053365	
38	Темирбеков Утарбай	Председатель гор. исполком	0053364	
39	Таспов Бекмурза	Инструктор орготдел	0053359	
40	Шубалова Тамара Ивановна	Зав. женотдел РККП(б)К	0053363	
41	Шакшаев Мерген	Редактор	0053362	
42	Шетреков Шарип	Нарсудья	0053358	
43	Мангибаев Еркебай	Уполномоченный	0053351	
44	Иттурганов Жайлыбек	Инструктор отдела кадр.	0053357	
45	Мукашев Кайракум	Председатель рыбкооп.	0053352	
46	Жусупов Жаксыгали	Секретарь АКСМК	0053356	
47	Жолдыбева Мамык	Зав. учет Уполномоченный	0053351	
48	Фешин Иван Михайлович	Начальник райспизь	0053355	
49	Утепбергенов Исламбай	Зав. районо	0053354	
50	Утепбергенов Тигирбай	Курьер РИКа	0053353	

Председатель исполкома Шевченковского  
райсовета депутатов трудящихся подпись /А. Мукашев/

ГАМО. Ф. 71. Оп. 1. Д. 121. Л. 125

Н.К. Крупская атындағы өндірістік артельдің төрайымы қызметінен кейінгі Ғайниа Меңдалықызының атқарған жұмыстары төмендегідей болады:



Форт-Шевченко қалалық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің инвентарлық бюросының есепшісі (1947 жыл қараша – 1950 жыл сәуір);

Форт-Шевченко қалалық № 2 асхананың меңгерушісі (1950 жыл мамыр – 1952 жыл тамыз);

Шевченко аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің есепшісі (1952-1953 жылғы қыркүйек айлары);

Шевченко аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің кадр инспекторы (1953-1955 жылғы қазан айлары);

Шевченко аудандық еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің бөлімше меңгерушісі (1955-1956 жылғы қараша айлары);

1956 жылдың тамыз айы мен 1965 жылдың мамыр айы аралығында Шевченко аудандық денсаулық сақтау бөлімінің Форт-Шевченко қалалық туберкулез диспансерінің шаруашылық бөлімінің меңгерушісі жұмысын атқарған. Осы жұмыстан зейнеткерлікке шығуына байланысты босатылған.

Зейнеткер кезінде 1967 жылдың сәуір айы мен 1968 жылдың тамыз айы аралығында Форт-Шевченко қалалық мемлекеттік сақтандыру инспекциясының бастығы болып жұмыс жасаған.

## КЕҢПЕЙІЛДІ ЖАН

Ғайния Меңдалықызы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тұрмыстық қиыншылықтарды жеңе жүріп, жақын-жуық, жегжаттарына, қайсыбір ел-халық өкілдеріне қарасып, қолдау көрсетіп жүріпті. Ол туралы үлкендердің айтуымен бізге жеткен мынадай әңгімелер бар.

Соғыс жылдарында Форттағы балалар үйінде тәрбиеленген қайсыбір Кеңе ауылының жас балалары «қиналыс көрсендер аға-жеңгелерің Орынбай-Ғайнияның үйіне барып тұрарсыңдар, олар қайырымды жандар, қол ұшын берер» деген тумаластарының айтқандарын естеріне алып, анда-санда Орынбайдың үйінің, қалалық мекемелер кеңсесінің есік алдын



торуылдап жүріп Ғайния жеңешелерін кездестіріп, оның бөліп-жарып берген нан карточкаларына қарындары тоярлықтай қара нанға қарық болмаса да, көңілдері толған кездер болған көрінеді.

Анамызды көрген бір қария айтқан мына әңгіме де оның адамгершілік қасиетінің бір қырын суреттейді. Ол әңгімені Мәлік інім «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігінің Жетібай бұрғылау басқармасында жұмыс жасап жүрген кезінде естіген.

Өндірістік жұмыстарды орындау үшін оған бөлінген автокөліктің жүргізушісі фортшевченколық жерлес болып шығады. Адайдың ақкөңіл жігіті «жерлес екенсің, біздің үйден дәм таталық» деп Мәлікті үйіне алып барыпты. Үйінде қарт шешесі бар екен. Дастарқан дайындалып, шай демделгенше шешеймен әңгімелесіп бастағанда елдегі қағида бойынша інім руын, әкесінің атын айтып, өзін таныстырыпты. Сонда әлгі қарт ана:

Ия, қарағым, Ғайнияның баласы екенсің ғой, – депті.

Аты қазақ әдетте бір-бірін руы, әкесінің аты арқылы танып біледі ғой. Бұл қарияның анамызды білетіндігіне елең ете қалған інім:

– Шеше, сіз анамды танитын болып шықтыңыз ғой, – дегенде, әлгі қария ана мына әңгімені баяндапты.

– Мен сенің әкең Орынбаймен жеке таныс емеспін, бірақ оны сырттай жақсы білемін. Ал шешең Ғайниямен сонау бізден алыстаған соғыс жылдарында мына бір жағдай үстінде таныстым.

Азаматым соғысқа кеткенде мына ер балам кішкентай нәресте еді. Күнелтістің жағдайымен, аздаған уақ жандықтың қамы үшін ағайын-тумалармен бірге жазғытұры қаланың сыртына, қырға көшіп, күнелтіп жатқан кезіміз еді. Бір күндері ауылымызға аудан орталығынан үкімет тапсырмасы бойынша соғысқа ет дайындау шараларын орындау үшін ел-халықта бар малдың санын есепке алып жүрген бір топ қызметкерлер келді. Сол есепшілер аз ғана уақ жандығымның ішінен мал алынатынын айтты. Әрине, соғыстағы майдангерлер үшін ешнәрсе аяғанымыз жоқ қой. Дегенмен күнелтісімнің күйзелетінін



айтқанымда, есепшілер «біз өздігімізден бұл мәселені шеше алмаймыз, бізді бастап келген жауапты қызметкер Ғайния Қарабековамен сөйлесіңіз, ол – кеңпейілді, мейірімді кісі, бұл жайға түсіністікпен қарар» деп кеңес берді. Сонсоң ауыл аралап жүрген есепшілердің ішінен сол кісіні тауып алдым.

Мен көргенде Ғайния шешең әдеміше келген, көрнекті реңді, отызға толар-толмас жас келіншек еді. «Қарағым, мен майдангердің жолдасымын. Мына қолымдағы жас бала сол майдангерден қалған, әкесі соғыстан тірі оралмаса, орнын жоқтатпайтын тұяқ. Осы баланы аз ғана сан уақ жандықтың жазда сүтін ішкізіп, қыста сүр етін талмап, аузына салып асырап, өмір сүріп келемін. Менің қолымдағы уақ жандықтан етке мал алынатын болды» деп жағдайымды айттым. Сонда Ғайния жиналған елдің алдында «майдандағы жауынгердің үйінде жанұясының күнкөрісі үшін ұстап отырған аз ғана малынан етке мал алғанымыз келіссіз болар. Ол бір бас малдан майданға дайындалатын ет мөлшері көбеймес. Жауапкершілікті өз мойныма аламын» деп жауап беріп, көңілімді қалдырмады. Мың сан алғысымды айтып қала бердім. Мен сонда ел арасында Ғайния Қарабекова туралы айтылып жүрген «көлкөсір кеңпейілді, парасатты адамгершілігі бар қайырымды адам» деп бағалаған әңгімелердің шындығына көзім жетті. Мүмкін, осы отырған баламның ер жетіп, майданнан қайтпаған әкесінің орнын, ұрпақ жалғастығын жоғалтпай отырғанына сенің анаң Ғайнияның қайырымдылығының, маған қарасқандығының септігі тиген болар, – деп әлгі қарт ана әңгімесін аяқтап, көзге келген жасын жаулығының жиегімен сүртіпті.

Ғайния Қарабекованың көңілі кең, ізгі ниетті, жақын жандарының, жұртшылықтың көңілінде жылу шырағын жағып, «Алла разы болсын, қарағым!» деген шынайы алғысын естіген, көңілінің көркемдігімен көмек қолын созғандықтан ел-халқының ризашылығына ие болған адам болғандығын осы және де басқа ел арасында тараған әңгімелерден білеміз.



\* \* \*

Ғайния Меңдалықызы Қарабекова туған ұлт-нәсілі Алаш санатын құрайтын қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, татар – алтауының бірі татардан болғанмен, 6 жасынан Маңғыстау ел-жұртының, Адай елінің ішінде өсіп, есейіп, қазақ қызы болып кеткен екен. Әкесі Меңдалы Қарабекұлы мен шешесі Зәйтүнә Батдалқызының жанұясында Адай елінің салт-дәстүрін санасына сіңіріп, қазақи рухта тәрбиеленген, өмір сүрген заманының жаңа үкіметінің, қоғамының білім беру, еңбекке баулу тәрбие-ықпалынан өткен, Дорал ру-тайпасының қызы, Мұрат (Кеңе) әулетінің келін-абысыны болған ол еліне етене сіңіп, біте қайнасып өмір өткізген екен.


Ұлы Отан соғысы жылдарында тұрмыс қиыншылықтарына қайыспай балаларын асырап, тәрбиелеумен қатар, тыл қызметкері ретінде ер азаматтардың орнына еңсесі басылмай еңбектенді. Орысша-қазақша сауаттылығымен, болмысына біткен іскерлігімен, жауапкершілігімен өзіне жергілікті үкімет органдарының назарын аудартқан Ғайния Меңдалықызы Шевченко аудандық, Форт-Шевченко қалалық мемлекеттік мекемелерінде жауапты лауазымды қызметтер атқарды. Сөйтіп, ол Маңғыстау өлкесінің қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен маңғыстаулық еңбеккер әйелдердің бірі болды. Маңғыстау ел-халқының өмірінде әлеуметтік өзгерістердің өріс алуына, кемелденуіне өз үлесін қосты.

...Қатал тағдырлық қыспақтарда қажыған жүректің әлсіздігінен 71 жасына қараған кездегі науқасты жеңе алмаған ол аз ғана мезгіл ауырып, бұл дүниеден өтті, пәниеге көшті.

...Ұл-қыз ұрпақтарының, немерелерінің бақытты өмірге қол жеткізгендігіне қуанып, қызықтап, қарапайымдылықпен өзін сыпайы ұстап өмір кешкен, кең көңілді, ізгі ниетті, жақын жандарына жан жылуын таратқан ардақты ананың игілік өмірі үзілді.




...МЕНДАЛЫ ҚИЗИ ҒАЙНИА 1985 ЖЫЛЫ 7 ЖЕЛ-  
ТОҚСАН КҮНІ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ҚОШҚАР АТА ҚОРЫ-  
МЫНДА ЖАРАТЫЛҒАН ЖЕР ҚОЙНАУЫНА МӘҢГІЛІК  
ЖАЙҒАСТЫ...



IX тарау

МҰРЫН ЖЫРАУ ТУРАЛЫ  
ЕСТЕЛІКТЕРІ. «ҚЫРЫМНЫҢ  
ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЫНЫҢ  
«ҚАРАСАЙ – ҚАЗИ» ЖЫРЫ



*...Мұрын жырау Сеңгірбекұлы – кұллі қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ құбылыс. Оның бізге жеткізген жырларының тәрбиелік мәні, көркемдік ерекшеліктері өз алдына, олар – халқымыздың, қазақ елімен қанаттас отырған басқа халықтар тарихының мол шежіресі...*

*...Жырау жырларының да, оның өнернамасының да маңызы орасан зор. Асылымызды қадірлей білейік...*

**Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облысының  
қоғам қайраткері**





## ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ АСЫЛ САНДЫҒЫ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
6 шілде, 1990 ж.*

Қазақ халқының дәстүрлі жыршыларының біздің дәуірімізге жеткен көрнекті өкілі Мұрын жырау Маңғыстау өлкесінің Бозашы түбегінде 1859 жылы кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Оның арғы атасы – Мұрат (Кеңе), одан тараған балалардың бірі – Қожагелді. Қожагелдіден Қожағұл, Құлқара, Қараман атты үш бала болды. Мұрын сол Құлқарадан тараған. Құлқараның Айғыр деген баласынан туған Сеңгірбек, одан Төлеген, Тілеген (Мұрын) деген екі бала өсіп, өрбіген.

Тілегенді (Мұрын жырауды) өзім көрдім, дәмдес, сұхбаттас болдым, ағайын-жегжаттық араластық қарым-қатынастықты қолдап тұрдым. Ол ұзын бойлы, атжақты, сұйық шоқша сақалды, қапсағай қара торы, мұрынды кісі еді. Жеңгелері «Тұмсық» деп атайды екен, содан Мұрын\* атанып кетіпті...

**Анықтама.** \*Жазушы Әнес Сарай «...көне түркі тілінде «мөрөн» деген тіркес бар. Ол «дария шалқар бұла өзен» деген ұғымды білдіреді. Осыған байланысты Мұрын жыраудың атын «дария шалқар жыр теңізі» деген атақ-титул деп түсінген жөн...» [46; (431-бет)] деген пікір айтыпты.

...Жыраудың туған жері – Бозашы түбегіндегі, бұрынғы кездерде Қаратөбе ауылдық кеңесі аталған, кейін Ақшымыраудың Иткелді-Қоңырорпа деп аталған қонысы. Мұрынекеңнің кәрі әкесі де, өз әкесі де, туған ағасы да, өзі де – ұсталық, зергерлік кәсіппен шұғылданған адамдар. Жыраудың әкесі Сеңгірбай екі баласын да қасына алып, өз өнеріне баулып, үйреткен (Оның негізгі есімі Сеңгірбек, бірақ Мұрын жырау Сеңгірбайұлы аталып жүр. Бұл жөнінде «оған құжат толтырған кезде орын



алған қателікке байланысты оның ата-тегі Сеңгірбаев болып жазылған» деген пікір бар). Туған ағасы Төлеген асқан шебер ұста-зергер болған. «Ол көбіне ат тағалайтын, айбалта, қылыш, қанжар, жекеауыз мылтық, орақ, пышақ, сабын өрнектеген кездік соғып, дос-жарандарына сыйлаушы еді» деп Мұрынекең жақсы көретін ағасын еске алып отыратын. Әкесі мен ағасы Мұрынекеңе ұсталық-зергерлік өнерді үйретіп, оны сол өнерге толық бейімдегілері келіп қаншама тырысып, соңына түссе де, оған болмай, Мұрынекең өлең-жырға, ән-күйге құмарта беріпті. Дарынды жас сөз өнеріне, өлең-жырға ұмтылыс көрсеткен. Оны осы өнерге баулып, тәрбиелеген – кәрі шешесі Қалдықыз. Ол кісі аңыз-ертегі, әңгімелерді, жыр-өлеңдерді көп білген адам екен. Өзінің білгендерін немересіне үйретіп, той-жиынға барғанда қасына ертіп жүрген, үйреткен, көпшіліктің алдына шығып өлең-жырларын орындауға баулыған. «Міне, сөйтіп жүріп жыршы атандым» деп отыратын Мұрынекең. Оның Қашағаннан алған өнегесі, үйренген жырлары – бөлек әңгіме.

Мұрынекең маған әрі ағайын, әрі әкеммен қадірлескен адам болған соң жиі барып, сәлемдесіп тұратынмын. Ол кісімен хал-жай сұрасып, әңгімелесіп, реті келгенде жыр айттырып, ораза ұстағанда ауызашарға үйге шақырып, араласып тұратынбыз. Садақа-тойымызда бата жасататынбыз, үлкен кісі болған соң оны «жыр айтыңыз» деп қыстамайтынбыз, бірақ оның өзі көңілі көтеріңкі болған кездерде жырлап та жіберетін. «Қырыққа келгенше өлең-жырды ермек еттім, содан кейін оны қойып, ата кәсібі – ұсталыққа кірістім. Тиіп-қашып жүріп бұл өнердің де құпия-сырын үйреніп алған болатынмын» деп отыратын Мұрынекең. Ол естігендері, жадында сақтағандары көп адам болды. Қазақ елінің руларын бастан-аяқ білетін, оның ішінде Кіші жүзді жатқызып-өргізетін еді. Ол ара-тұра былай дейтін:

*Жылқыда ұстатпайды құла ат маған,  
Пендесі жоқ Алланың жылатпаған.  
Ойнамайын, күлмейін десем-дағы  
Өмір өтіп барады сылақтаған.*



Ол – екі некелі болған адам. Алғашқы әйелі Дәметкенмен 16 жасында қосылған. Одан үш ер баласы, үш қыз баласы болды. Орта жасқа келіп, кемелденген кезінде жырауды қайғы-қасірет торлады. Маңғыстау қазақтарының көтерілісінен кейін елден көшіп, Бесқала жерін қоныстайды. Бұрын әр жерлерде үш баласы дүние салған болса, 1897 жылы Хожәліде Жаңбыршы, Телеғұс атты екі ер баласы қатар қайтыс болады. Бұл жағдай оған ауыр әсер етеді. Бұрынғыдай ел аралап, топқа түсіп жыр жырлауға зауқы болмайды. 1899 жылы Хожеліні тастап, туып-өскен жері Маңғыстауға көшеді. «Сол кезден бастап жыр-әңгімені тек арнайы шақырған, әдейі жиналған жерде ғана айтатын болдым» деп отырушы еді.

Мұрынекең Маңғыстауға келген соң Форт-Шевченко қаласында қоныстанып, екі бөлмелі үй, ұсталық дүкен тұрғызып алды, жұбайы Дәметкен дүние салып, көп балалардан қалған жалғыз қызы Тұрлан екеуі қалады. Көп ұзамай екінші зайыбы Жаншаға (Жансалхамға) үйленіп, шаруасы біраз түзелгендей болды. Жыраудың ошағының оты қайта маздап, төңірегіне ақын, жыраулар жиналатын болды. Бұл кезде Мұрынды Сәттіғұл, Дүсенбай, Айтқұл, Жанжігіт, Бүркітбай, Алпамыш, Өткелбай, Шамғұл сынды ақын-жыршылар қоршап, жырын тыңдайды, ара-тұра жиын-тойға алып барып көңілін аулайды. 1940 жылы жұбайы Жанша бұл дүниеден өтіп, күйеу баласы Дүйсенбай мен қызы Тұрлан Мұрынекеңді қолдарына алады. Олар Дәуітбай атты ұлын ата-әкесіне бала етіп береді. Қасынан бөлек үй салып алады. Сөйтіп, әйгілі сөз жүйрігінің мойнына тағдырдың құрығы түсті, кәрілікпен жолдас болып, өмірінің соңғы күндеріне дейін өмір кешті.

1941 жылдың басында, ақпан-наурыз айларында, Форт-Шевченкоға Алматыдан арнайы Мұрын жыраумен кездесуге әдебиет қорының қызметкері Асайын Хангелдин келді. Ол кезде Шевченко аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ғилаж Ишкенов жолдас болатын. Осы хатшы өз кабинетінде аудандық партия комитеті қызметкерлерін жинап, мәжіліс өткізді. Мен, ол кезде 29 жастағы жас жігіт, Шевченко аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі



меңгерушісінің орынбасары қызметін атқаратынынмын. Хатшы астанадан келген қонақты таныстырды, содан соң былай деді:

– Қаламызға сыйлы қонақ келді. Бұл кісінің жұмысы біздің Мұрын жыраудың «Қырымның қырық батыры» дастанын жазып алу көрінеді. Қонақпен ақылдасып, ойланып, мынадай ұсыныс айтқым келіп отыр. Жыраудың жұбайы өткен жылы қайтыс болған, оның қолындағы жиен баласы жас, жыраудың үйінде қонақ күте алмас. Өзіміздің ежелгі қонақжайлық салтымызға орай, Мұрынекеңнің қонағын күн сайын бір үйге шақырып, қонақ қылып атқарайық. Жырауды кешке түнде жырлатып, күндіз демалдырып және күндіз Хангелдин жолдасқа жыршының айтқандарын қағазға түсіріп отыруна жағдай жасалық. Осыған қалай қарайсындар?.. – Бұл айтқанды жиналғандар қабыл алды.

– Олай болса, осы жиналғандар әркімнің өздерінің келісіміне қарап тізім жасаңыз, кімнің үйінде қай күні жиналатындарыңды белгілеңіз. Жұмысты ертеңгі кештен басталық. Бірінші шақыруды, қонақ атқаруды жыраудың жақын ағайыны Бөлдеков жолдас, сіз өзіңізден бастаңыз. Жалпы, бұл жұмыстарды атқаруды Исмұханов пен Бөлдеков жолдастарға тапсыралық, – деді хатшы Ишкенов жолдас.

Аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің және де басқа мекемелердің жауапты қызметкерлерінің өздерімен келісілген тізім жасап, хатшыға көрсетіп мақұлдау алдық. Ертесіне кешке Мұрынекең қонағымен, баласы Дәуітбаймен біздің үйге келді. Олардың қасына үйге сыятын есеппен тізімдегі қонақ атқаратын қызметкерлерден жыр тыңдаушылар шақырдым. Ас әзір болғанша жыр айтылды, содан соң қонақтар асқа отырды. Жыр айту астан кейін де жалғастырылды, арасында шай берілді.

Міне, осылайша бір айдай уақыт өте шықты. Сол кезде Асайын Хангелдин «Қырымның қырық батыры» жыры құрамына кіретін отыз жеті жыр үлгісін жазып алды. Кейіннен ол кісі сол жазып алғандарын Қазақстан әдеби зерттеу қоғамының қорына табыс еткенін, халық қазынасының аса құнды байлығын көп білетін сұңғыла жырауға кезіккенін мәлім еткенді.



Халық мұрасының қадірін, бағасын терең сезінуден туған осындай әлеуметтік һәм азаматтық істердің бірі – маңғыстаулық Мұрын жыраудың жырлауымен «Қырымның қырық батыры» ерлік жырларын қағазға түсіру болатын. Бұл маңызды жұмыс 1942 жылы Мұрын жыраудың арнаулы шақырумен Алматыға баруымен толық жүзеге асты. Баласы Дәуітбайдың айтуынша, бұл сапар алты ай он екі күнге созылған көрінеді. Мұрынекең одан кейін де 1947 жылы Алматыға шақырылып, онда бір ай үш күн болып, жырының қалған жалғасын және толық өмірбаянын жаздырды.

1948 жылдың шілде-тамыз айларында мен Шевченко аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгеруші ретінде Гурьев облыстық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Нәдір Нұрғалиевты қостап, Форт-Шевченко маңындағы Асан жерінде теңіз жағалауындағы балықшылар кепесінде күйеу баласы мен қызының қолында тұратын Мұрын жырауға барып, үш күн болып, әңгімелесіп, өмірбаянын жазып алдық. Қарттың мемлекеттік зейнетақы тағайындауды сұраған арызын алып, аудандық атқару комитетіне әкеліп тапсырдық. Көп кідірмей Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен оған мемлекеттік зейнетақы тағайындалды.

Міне, осылайша, өмір бойы халқымыздың асыл мұрасын жүрегiнiң терең түбіне бөлеп, аялап келген Мұрын жыраудың еңбегі еленіп, қамқорлыққа бөленді.

Мұрынекең 85 жастан асқан соң ұсталық, зергерлік өнерін доғарып, бұрынғыдай ұзақ жыр айтуды да қойды. Өмір бойы халқын елдікке, ерлікке үндеп, батырлық жырлар айтып келген Мұрын жырау бір жетідей ғана төсек тартып жатып, өзі туып-өскен жерінде 95 жасында дүние салды. Ол Форт-Шевченко қаласының құбыла бетіндегі Сислам Ата зиратына жерленді...

Мұрын жырау Сеңгірбайұлы – күллі қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ құбылыс. Оның бізге жеткізген жырларының тәрбиелік мәні, көркемдік ерекшеліктері өз алдына, олар – халқымыздың, қазақ елімен қанаттас отырған басқа халықтар тарихының мол шежіресі. Демек, жырау жырларының да, оның өнернамасының да маңызы орасан зор. Асылымызды қадірлей білейік.



## МҰРЫН ЖЫРАУ АЙТАТЫН...

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
7 шілде, 1990 ж.*

Соңғы кездерге дейін көпшілік жиналған жерде ерте замандарда елімізде қандай батырлар, билер, ақындар, күйшілер және басқа да өнер иелері болғандығын ашық айта алмадық. Міне, енді тарихи тұлғалар, құдіретті сөз, күмбірлеген күй мен қолөнер иелері еленіп, олар туралы әңгімелер жарық көре бастады.

Алдымызда Мұрын жыраудың 130 жылдығы, Қашаған ақынның 150 жылдығы тойланғалы тұр. Бұл уақиғалар халықты дүр сілкіндіріп, қуантуда. Талай жылдар елдің қызығы, сауығы болған ардақты жырау мен дүлдүл ақынның айтқан жырларын халық еске алып, әңгімелеп бастауда. Мен де сол көптің бірі болып Мұрын атадан естігендерімді жазып жүрмін. Осы жолы менің айтайын дегенім – Мұрынекеңнен өз аузынан естіген Қашаған туралы әңгімелері.

«...Қашаған ұстазым еді, одан он төрт батырлар жыр-дастандарын үйреніп едім...» деп отыратын-ды Мұрынекең. «...Қашағанның қасында бес жылдай еріп жүріп, үйреткен жырларын жаттадым. Ол кісіден үйренген жырларым – «Көкше батыр», оның баласы Қосай батыр туралы жыр, «Қобыланды батыр», «Әмет батыр», «Алау батыр», «Асанқайғының аңыздары», оның баласы Абат батыр туралы жыр және тағысын тағылар. Сөйтіп үйреніп, олардың санын он төртке жеткіздім...» дейтін еді. Әңгімесінің арасында Мұрынекең қызынып, сол жырлардан үзінділерді жырлап та жіберетін. Ол былай деген еді:

– Қашаған келбетті кісі болатын. Жаттаған өлеңдерін маған айттырып, тындап, жаңылған жерім болса, немесе өзіне ұнамаған жері болса, түзеттіріп отырушы еді. Әрбір жыр жолының сөзінің бұзылмауын, айту сарынының, жыр сөздерін жыршының анық естіртіп айтуын қадағалаушы еді. Жырдың кейбір жерлерін өзі сазға салып айтып та беретін. Оның айтқан жырын тыңдағанда жан-жүйең тебіреніп жөнелетін. «...Домбыраның үнін өз даусыңа қосып, жетектеп отырсаң, тыңдаушың сүйсініп, құмартып, ұйып тыңдайды...» деп



үйретуші еді. Үйреткен бір жырын тындап, риза болған соң ғана ол «...енді мынадай жырды үйреніп бастаймыз..» дейтін. Сөйтіп, өз машығымен жырды бастап, «...үніңді маған қосып отыр...» деп ескертіп қоятын. Оның бір кереметі – жыр айтқанда әр сөзін сабырлы, салмақты, терең ойлы қалыппен жырлайтын. «...Жырды тек жай ғана емес, тындасаң да тында, тындағың келмесе де тында дегендей шегелеп, тегеурінмен айт...» дейтін. Сонан соң мен де ақын сынынан мүдірмей өту мақсатында барымды салып бағатынмын. Менің көп жылдар бойы жырларды есімде сақтап, айтып келе жатқанымның бірден-бір себебі де сол ұстаздың шын ықылас пен қатаң талап қойып үйреткендігінде болу керек. Мен ол ұстаздан жырлардың сөздері мен желістерін ғана емес, оларды айту машығын да үйреніп, жаттығып, жыршы болып төселіп алғанмын. Менің осыныма риза болған ұстазым «...сен иең бар жыршысың...» деуші еді Мұрынекең.

– Одан басқа ұстаздарым – Нұрым және Мұрат болды. Осы ақындардан үйренген отыз жеті жырдың соншама сазы бар. «...Әрбір жырды өзіне лайық түрдегі сарынмен айтсаң, тындаушылар жалықпай, құмарлана тындайды...» деп үйреткен солар болатын, – деп, сөзін түйіндеп тастап отыратын Мұрынекең. Ол «...Қашаған «Топан» дастанын жырлағанда ерекше шабытпен, көтеріңкі, әдемі қоңыр дауысымен, арнайы баппен айтушы еді...» дейтін. Онысымен жыршы Қашағанға арнаған ықыласын танытқандай болатын. Өлі есімде, Мұрынекең дастандағы Атырауды суреттеген тұстарын ерекше жырлап, төге түсетін. Мұны тындап отырғанда көз алдыға мыңғыртып мал айдап, аң қағып өмір сүрген елдің, ереуілдеп ат мініп, елін-жерін қорғаған ерлердің құтты қонысы елестейтін-ді. «...Қашаған алдына жан салмаған дүлдүл ғой...» деп қызынып, одан әрі әңгімесінің арасында жыршы Қашағанның бар тілегі мал жинауға ауған сараң байларды шенеп айтқан өлеңдерін де жырлап кететін-ді. Соның мысалы ретінде Қашағанның Оразалыға арнаған:

*«Үлкен қойды «анам» деп,  
Кіші қойды «балам» деп,  
Бұл қой кетсе алдымнан,  
Мұнан қайтіп қалам деп», –*



деген жолдарын айтып, «...Қашекең жарықтық, байлардың өмірін дәл тауып айтқан ғой...» деп отырушы еді.

Мұрын жыраудың Қашаған туралы айтқандары сарқылмастай шежіре сынды. Жырлап отырғанда да, сол кезеңдегі ел басына төнген ауыр тауқыметті айтып отырып та Қашаған туралы әңгімесін өрбітіп отыратын. Әңгіменің төркінінен әйгілі ақынның өмірінің өзі елдің шежіресі екендігін анықтауға болатындай. Осы әңгімелерді естіп отырып ел өмірінің тарихына қаныға беретін едік.

– Қашаған ақынның бармаған, көрмеген жері, араламаған, таныспаған елі жоқ деуге болатын. «...Биіктен қарап билік айтпай, халықтың арасында болғаның мақұл...» дейтін Қашекең. Ол қайда барса да күйзелген елді, шаңырағы шырт сынған қараша үйлерді, арып-ашыққан жандарды көріп, соларға жаны ашып, қабырғасы қайысып, өзегі ашығаннан туған ойлар оны қатты күйзелтті. Кеудеге сыймаған ел ахуалы, болашақтың арманы өлең болып төске өрлеп, күй-жыр болып оның көмекейінен шықты. Елдегі күйкі тірлікті, ағайындар арасындағы араздықты, дау-жанжалды, теңсіздіктерді көргенде оның еңсесі төмен басыла түсетін-ді. Халық Қашағанды тәңіріндей көретін. Ақын да өзін қадірлеген халыққа «не көрсеттім» деп, мұңайып отыратын. «...Айналайын халқым-ай! Қара домбырам қарлыққанша, өлеңіме өлім тақалғанша сенің мерейің үшін жауыңмен жұлқысуға бармын!..» дегенін ақын бүкіл өмірімен дәлелдеп кетті. Қашекең жасампаз өмірді, керемет көріністі кеңістікті аңсады. Сондай күндерді көзімен көруді армандады. Жасы ұлғайып, сақал-мұрты ағарса да елді қасқырдай талаған қожаларды, моллаларды түйреп, өлеңмен өртеп, күймен күйретті. Қартайса да қара домбырасы мен отты сөзін әділетсіздіктің құтын қашыратын қасиетті қару ретінде пайдаланды, – деуші еді Мұрынекең. Осы айтылғандарға мысал ретінде мынадай бір жайды әңгімелеген болатын.

Бір қыста Қашекең Маңғыстаудан Жем бойына келеді. Мұнда да оны жарлы ауылдар құшақ жая қарсы алады, «Қонысбай байдан көрдік қорлықты» деп мұңдарын шағады. Қашекең қара домбырасын қолына алып, қасына қосшылар ертіп, бай ауылына бет алып, жүріп кетеді. Ақын бастаған топ бай ауылына кештетіп жетеді. Қатар тігілген қос ақбоз үйлердің





үлкендеуіне кіріп келеді. Келгендерді жақтырмаған Қонысбай бай қабығы түксіп отыр екен. Кіргендер бай үйінің текшелеп жинаған жүгіне де, керегеге ұсталған қалы кілемдеріне де көз тоқтатпайды, тек төрде ілулі тұрған үкілі домбыраға көңіл бөледі. Біраздан соң, даладан үйге кірген бес-алты жасар ойын баласы домбыраны қолға алып, домбыра тартқанда, терісіне әзер сыйып отырған бай «таста, күңіреңтпей!» деп балаға зекіп тастайды. «Өңгіме бастаудың қалай реті келер екен» деп күтіп отырған Қашекең осы кезде домбыраны қолына алады да, құлағын бұрап шертіп қарап, бабына келтірген соң күй тартып, сонсын іле-шала бар даусымен өлеңдетіп сарнай жөнеледі:

*Жаман адам белгісі –  
Қонақ келсе үйіне,  
Қабағынан қар жауып,  
Боп кетеді зарлауық...*

...Ол одан әрі де өлеңін жалғастырып, семсердің жүзіндей өткір сөзімен байдың бар қылығын аяусыз бетіне басып, оны сөзбен тілгілейді. Бай жаны алқымына тірелгендей қысылып, қара терге малынады. Намыс буып, қозғалақтап, бір-екі рет ақырынып, қонағының көңілін аударып, сөзінен жаңылдыруға тырысады. Бұған Қашекең тоқтамайды. Ақынның ащы дауысы, берісі үй маңындағы, әрісі төңіректегі жарлы-жақыбайларды алаңдатып, аяқтарына тік тұрғызады. Өншейінде байдың маңына жуықтай алмайтын жалаңаяқтылар ақбоз үйді қаумалап, толып кетеді. Үй қожасының қабағының түйілісіне елең етпеген олар көздері жауаңдап, жырлап отырған қаратаудай қара шалға қарап, бұл дүниедегі барлық қиыншылықтарын ұмытқандай болады. Қашаған жиналған топ алдында елдің тартқан тауқыметін, күштінің істеген зорлығын, жарлының көрген қорлығын айтады. «...Жасым ортадан ауды, қайсыбірін айтайын, әйтеуір, өкінішім көп. Ең алдымен айтарым, халқым шын бақытқа жеткенді көре алмадым, менің арманымның ең ауыры сол. Қолымнан келгені – жылаған халқымды жырмен тербеп, күймен әлдилеп жұбатқаным. Артыма асыл қазына, шұбырған мал қалдыра алмасам да, аталы сөзімді, аруақты өнерімді қалдырамын. Кім ұстаса да, қара



домбыраның қақпағын қайта қақса, қоңыр күйім жоғалмас, халқымның қолтығынан демеп, жігерін тасытар...» деген екен Қашекең.

Халық ақыны Сәттіғұл ағамыздан да Қашаған туралы әңгіме естігенмін. Ол да ақын есімін ауызға алғанда толқып кететін. Қашағанмен айтысқысы келген кейбір Берекет, Избас атты ақынсымақтарға «әлін білмеген – әлек» деп күліп отыратын. Мұрын жыраудың Қашаған ақынға қатты сүйсініп, қадірлеп, тереңнен қозғап айтқан сөздерінің есте қалғандарын бүгінгі ұрпақ есіне салу үшін айтып беруді парыз көріп, жазып отырмын.

## ОЛ ЗЕРГЕР ДЕ ЕДІ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
29 мамыр, 1991 ж.*

*Маңғыстау өнер шеберлерінің бір ерекшелігі – бірнеше өнерді меңгерген ғой. Мұрын жырау да зергерлігімен көпке әйгілі болған. Бұл туралы жыраудың жақын туыстарының бірі әрі оны жақсы білетін ардагер Орынбай Бәлдеков естеліктерінде де қаперге беріліп жүр. Біз қадірменді ақсақалдан әйгілі жыраудың зергерлігі туралы тоқталып өтуін өтінген едік.*

– Мұрынекең тек жыршы ғана емес, бармағынан бал тамған зергер де еді, – дейді Орекең қысқа әңгімесінде. – Оның өз қолынан соққан, бетінде «Сеңгірбек ұлы Мұрын» деп жазылған күміс сақинасы, күміс сапты, бетіне алтын жалатқан пышағы әлі бар. Жасаңдау кезінде оған бой жеткен байдың қыздары, сәнқой кербездер іздеп келіп, ауылына алып кетіп, үстіне үй тігіп, алтын-күмістен білезік, өңіржиек, сәукеле және тағы басқа да қымбат бұйымдар жасатып алады екен. Зауза деген апамыз (қазір көзі тірі, 77 жаста, Ақтау қаласында тұрады) «Мұрынекем соққан күміс білезігімді тұңғышым Айманның кіндігін кескен Құбаша деген Ақбота Күзембай әйеліне бұйым салғасын беріп едім, ол қайтқан соң Түрме деген әйел алыпты» деп отыратын. «Мұрынекемнің қолынан шыққан қымбат



бұйымдарды соғыс жылдарында отан қорғау қорына, самолет жасауға, танк колонналарын құруға қаржы жинаған кезде беріп жібердік қой» деп күрсініп отыратын кейбір әйелдер.

Әнеки, ол сондай қолдан-қолға көшкен қымбат дүние жасаған, қолы алтын шебер болған.

## ХАЛҚЫНА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
29 мамыр, 1991 ж.*

Мұрын ағамыз Маңғыстау ауданының Бозашы түбегіндегі Қоңырорпа қонысында кедей шаруаның әулетінде 1859 жылы дүниеге келіпті. Оның әкесі Сеңгірбек шаруасы шағын, тек қана өзінің қолының шеберлігімен, ұсталық өнерімен күнін көрген еңбекқор адам болған екен. Білезік, сақина, жүзік, өңіржиек, деңмент белбеу, әйелдер құлаққа салатын сабақ соғатын, алтын-күміс балқытудың құпияларын меңгерген зергерлік өнері де болған. Қысқасын айтқанда, қолынан бал тамған шебер болыпты. Ол өзінің өнерін, оның құпияларын екі баласы Төлеген мен Тілегенге үйретіп, баулыған. Қарттың үлкен ұлы ата мұрасын ұстап, шеберлік шаруа құрыпты.

Баланың кішісі Тілеген (Мұрын жырау) еркелеу болып, жастайынан кәрі шешесіне еріп той-томалақ аралап, ән салып, жыр айтқан жерлерге баруға әуестенушілік білдіріпті. Немересінің мұндай әуестігін көріп, түсінген кәрі шешесі Қалдыкөз өзінің білетін ертегі, аңыз-әңгімелерін, өлеңдерін үйретіп және ауыл арасында ән салдырып баулыған. «Сөйтіп жүріп бала жыршы атандым» деп отыратын Мұрынекең.

Мұрынның бізге ағайындық жақындығы бар. Әкем Айтмағамбет екеуі бірі-бірімен жақсы сыйласқан, әңгімелері жарасқан адамдар болды. Форт-Шевченкодағы үйлеріміз бір көшеде (Киров көшесі) аралары жақын болған соң, ағамызға сәлемдесу үшін жиі қатынасатынмын. Ораза ұстаған кезінде, кешкісін ауыз ашуға үйге шақырып, қонақжайлық көрсететінбіз, той-садақаларға шақырудан да қалдырмайтынбыз.



1941 жылдың ақпан-наурыз айларында Мұрынекеңнің жырын жазып алуға Алматыдан белгілі әдебиет қайраткері Асайын Хангелдин келгенде жергілікті партия органы ағамыздың қонағын күнде бір үйге шақырып қонақтап, жыршыны жырлатып тұруға ұсыныс жасаған. Сонда бірінші болып бастап өз үйіме шақырдым. Сөйтіп, Форттағы партия-кеңес органдарындағы жауапты қызметкерлер кезекпен жыршы қонағының қонақтығын атқарған болатын.

Содан соң Мұрынекеңе зейнетақы тағайындау шаруасы болғанда арызын, өмірбаянын, басқа да құжаттарын дайындау сияқты жұмыстарына бастан-аяқ араласып, қолдан келген шаралардың бәрін істеген едім. Олар жөнінде өткен жылы осы газетке жазғанмын.

– Мен айтып жүрген жырларды негізінен үш ұлы ақындардан – Қашағаннан он төртін, Құрымнан сегізін, Мұраттан он алтысын үйрендім, – деп отыратын Мұрынекең.

– Осы ұстаздарым маған жырдың желісін ғана емес, жырды қалай жырлаудың әдісін де үйреткен болатын. Қайталап айттырып, тыңдап, ұнамаған жері болса, оны түзеп игергенше келесі жырды сабақтауға кіріспейтін. Жырдың ұмытылмай есте қалуының сыры да сонда болар, – дейтін еді.

– Мұрынеке, өне бойы «Қырық батырды» айта бересіз, басқа батырлар жоқ па, оларды жырлайтын ақындар жоқ па, олар неге айтылмайды? – дегенімізде, ол:

– Ой-бой, бізде батыр да, ақын да көп қой. Оларға Ноғайлының батырларынан кезек тимей жатыр ғой, – деп Ақтанның мына бір жырын төге салатын.

*Өрден шыққан батырлар  
Атагозы, Бердібек,  
Ерлік еткен белгілеп.  
Есен, Сүгір, Шабайды,  
Шотан, Қармыс, Қонайды,  
Тұсында ешкім бұларды  
Айтпаған екен кем-ді деп.  
Қайсыбірін айтайын,  
Ертеде өткен атақты  
Асыл ердің орны көп...*



Содан кейін «Нұрымның сөзі» деп былай дейтін.

*Хас жүйріктің белгісі  
Дуды көрсе, ұмтылған,  
Айтулы жүйрік мен едім,  
Салдырмай қамшы ұмтылған...*

Тағысын-тағы осындай қысқа үзінділер айтып көпшілікті желпіндіріп тастап, өзінің сүйіктісі «Қырымның қырық батырына» ауысып кететін.

*«...Содан бері жыл талай  
Желдей зулап өтіпті.  
Тасқа басқан таңбадай  
Іздерін тастап кетіпті...» –*

деп бір ақын айтқандай, Мұрынекең бүгінгі ұрпаққа үлкен мұра қалдырып кетті ғой...

«Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей, жыр дүлділі Мұрын ағамызды қасымыздан кетпестей көрдік пе, «ортамызда әрқашан жүре береді» деп ойладық па, «көзі тірісінде оның өлең-жырларын неге өзіміз жаттамадық, жастарға жаттатпадық, оны қадірлей алмаған екенбіз» деген өкінішті ойға келеміз.

Ол кісі тек қана «Қырымның қырық батыры» жырларын емес, өлең мен жырдың өз заманында болған саңлақтары Ақтан, Нұрым, Мұраттардың, «Адайдың жеті қайқысы» жыр-өлеңдерін арасында жырлап жіберетін. Оларды, әсіресе «тыңдаушылар жырды ұзақ тыңдап, жалықты-ау» дегендей оймен істейтін, болмаса кейде көпшілік болмай, тек қана әкем мен шешем үшеуі оңаша отырғанда өзі ұнататын өлеңдерден мынадай үзінділер айтып жіберетін:

*Ақсұңқар ем мен ұшатын  
Қауырсыным түлеген.  
Қалың да қалың елімнен  
Біз секілді ерлерді*



*Жаратты ма екен құдайым,  
Кейінгі туған бала үшін  
Қайғыға батып өлуге... –*

деп ойланып отыратын.

Бертін келе, Асанда қызының қолында тұрғанда, қалаға қарай жүрген жолдағы «Жан Ата» атты әулиенің басына барып, өз қолынан ағаш отырғызған болатын, жиі барып дұға оқушы еді. Кейде қалада қалатын да, біздің үйге келіп қонатын. Кейде оны іздеп Тұрлан апамыз есек арбасымен келіп, «жаяу жете алмас, шөлдеп қалар, қалаға жаяу кетпесін деген ақылдарыңды айтсаңызшы» деп, алып кететін.

«Мұрынеке, «еріктім, шүйіркелесіп әңгімелесуді сағындым» десеңіз, өзіміз барып тұрайық, қалаға жаяу келмеңіз» деп, шамамыз келгенше жылы сөйлеп, көңіліне тимеуге тырысатынбыз. Ертеректегі көрікті де, көңілді де кездерін көз алдымызға елестетіп, әңгімелеп, көңілімізге аяныш сезім келетін, бірақ оны ол кісіге сездірмеуге тырысатынбыз. «Жырларыңыз көп қой, көп ұзамай баспадан шығатын болар, зейнетақыңыз да беріліп қалар, ат сатып аларсыз, сонсын қалаға атпен келіп кетіп тұрарсыз, Дәуітбайды үйлендірерсіз, келін алған соң қалаға келіп отырарсыз» деп жұбату сөздер айтатынбыз.

– Сөйтсем жақсы болар еді-ау, жалғыз үй тұрамыз, айналада ел жоқ, мен көпшілікке үйренген адаммын ғой, ішім пысады, отыра-отыра жалығамын, – деуші еді Мұрынекең.

Өзінің ұзақ өмірінің көп уақытын жырға, аға ұрпақтың ерлік жолдарын паш етуге арнаған, өз замандастарын солардың сара жолы, өнегесімен өмір сүруге уағыздап, жар салып өткен қарт өзі туған жерінде, халқының ортасында бір жеті уақыттай науқастанып, төсек тартып жатып, 1954 жылы 29 тамыз күні тоқсан бестен тоқсан алтыға қараған шағында көз жұмды. Оның мүрдесі Форт-Шевченко қаласы маңындағы Сислам Ата қауымында. Ол қайтыс болған кезде мен ауылда болғаным жоқ, Сенек жақта іссапарда жүргенмін, келген соң барып бата оқығанмын.

... Бұл дүниеде армансыз пенде бар ма?.. Ол кісінің армандары біршама орындалғандай болды. Жырларының барлығы дерлік жинақталғандай, тер төккен еңбектері ақталғандай болды. Еңбегін еліміз бағалап, дүрілдетіп той жасап жатыр, оған бүкіл республикамыздан сыйлы қонақтар келуде. Жыршы-



ның атын қастерлеп, мәңгі есте қалдыру үшін Форт-Шевченко қаласының бір көшесін, қаладағы өнер мектебін Мұрынекеңнің атымен атау ұйғарылған. Ол тұрған үй жөнделіп, мұражайға айналдырылды, мүсіні тұрғызылды, бейітіне құлпытас қойылды. Осының барлығын да сол кісіге көрсетілген құрмет ретінде қабылдаймыз. Ардақты жерлесіміз, рулас ағамыз көзі тірісінде елдің жыр айтқан базары болса, міне, бүгін мақтанышы болып отыр. Ол өз отандастарына жыршылық өнерді қастерлеуді, батырлықты, қол өнерін, шеберлікті өнеге, үлгі тұтуды уағыздады. Азамат болуды, туған еліне, өз халқына қалтқысыз, адал қызмет етуді өсиеттеумен өтті. Жастарымыз осыларды есте ұстап, қастерлеп, өнеге, үлгі етсе, болашақта олардың арасынан Мұрынекең сияқты жезтаңдай, күміс көмей, алдына жан салмайтын жүйрік ақын-жыршылар шығарына үміттенеміз. Данышпан Абайдың «Ондай болу қайда» деп, айтпаңыз ғылым сүйсеңіз» деген өсиетін жастар ұмытпасын...

\* \* \*

1991 жылы 31 мамыр – 1 маусым күндері Форт-Шевченко қаласында, қала маңындағы Қарабөкеже жерінде Мұрын Сеңгірбекұлының 130 жылдық мерейтойы өтті. Сол тойға Орынбай Айтмағамбетұлы да қатысты.



Орынбай Айтмағамбетұлы Мұрын жыраудың 130 жылдық мерейтойының қонақтары мен жыраудың ұрпақтарының арасында. Қарабөкеже, 1 маусым, 1991 ж.



Мұрын жыраудың ұрпақтары. Қарабөкеже, 1 маусым, 1991 ж.

Екінші фотосуретте алдыңғы қатарда солдан оңға қарай тұрғандар:

1) Мұрынекеңнің жиені әрі баласы Мұрынов Дәуітбайдың зайыбы, Мұрынекеңнің келіні – Ақтөреш. Бұл кісі 1947-1954 жылдары Мұрынекеңді күтіп, баққан адам;

2) Мұрынекеңнің баласы, жиені Мұрынов Дәуітбай (1927-2010). 1942 жылы Мұрынекеңнің Алматыға барып-келу сапарында бірге болған осы кісі;

3) Мұрынов Дәуітбайдың қарындасы Оразгүл (1930-2010);

4) Мұрынов Дәуітбайдың қарындасы Жаңыл (1933).

Екінші қатардағылар – Мұрынекеңнің үлкен жиені Бахтияр мен жиен күйеу баласы Сағиев Әбдінің (бірінші суреттегі өрнекті шапан киген, оң жақта бірінші тұрған кісі) қыздары Сәуле мен Дәме.

Бұл фотосуреттерді түсірген, отбасылық мұрағатында сақтап, ізгі ниетпен маған ұсынған Мұрын жыраудың ұрпақтарының бірі Мұрынов Төреғали Дәуітбайұлына мың да бір алғысымды айтып, ризашылықпен қабылдадым.





\* \* \*

Өткен замандарда қазақ халқының құрамында болған ноғайлардың басқыншыларға қарсы жүргізген ерлік күрестерін жыр-дастан түрінде бейнелеген «Қырымның (ноғайлының) қырық батыры» жырларының 1990-2000 жылдарға дейін баспада жарияланбай, ел-халықтың назарынан тыс қалуын әңгімелейік.

## СОҚЫР САЯСАТТЫҢ ЗАРДАБЫ

«Қырымның қырық батыры» жырларының біздің заманға жетуіне, қағазға жазылып, қазақ елінің әдеби қорының құнды мәдени мұраларының қатарына енуіне рулас атамыз Мұрын жыраудың зор үлес қосқаны баршаға аян. Мұрынекең бұл жырларды Нұрым, Қашаған жыршылардан үйреніп, жаттағандығы белгілі, оның жырлауының көркемдігі айрықша аталады.

«Өкінішке орай, Мұрын жыраудың өз аузынан жазып алынған жыр-дастандар осы күнге дейін қолжазба күйінде сақтаулы, халықтың игілігіне жаратылмай жатыр» дегенді кезінде бірнеше жарияланымдарда оқығанмын. Сол мақалаларда «жоғары лауазымды республикалық қайраткерлердің ынтасының арқасында ол жырлар қағазға түсті, ескінің ерекше эпостық мұралары әдеби қорда сақталды» деген айтылады да, ал олардың баспада жарияланбау себептері туралы анықтық жазылмайды.

«Неліктен «Қырымның (Ноғайлының) қырық батыры» жырлары жарияланбаған, халық арасында кең тарамаған екен?» деген сауал ойландырып, өзімше бір аз-кем ізденіс жүргізіп, өртүрлі жарияланымдармен, Кеңес Одағы ВКП (б) тарихы туралы ресейлік мәліметтермен танысқан соң, ол мәселенің партияның саясатына байланысты болғанын түсіндім.

Әуелгіде «Қарасай-Қази» жырының Мұрат Мөңкеұлы жырлаған нұсқасы 1924, 1943 жылдары, Нұрпейіс Байғанин жырлаған нұсқасы 1946 жылы жарияланыпты. Соғыс жылдарында Мұрын жыраудан жазылып алынған «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази» жырларының үзінділері 1943 жылы «Қызыл



әскер кітапханасы» атты айдармен, «Неміс басқыншыларына өлім келсін» деген ұранмен жеке кітапша болып жарық көріпті. Содан соң ол жырларды жариялауға, зерттеуге тыйым салынған көрінеді. Оның себебі мына төменде баяндалатын жағдайларға байланысты.

Ұлы Отан соғысының алдында Татар елі өзінің тарихын айқындауға кіріседі. Осы шараның шеңберінде 1939 жылы Қазан қаласында Татар тілін, әдебиетін және тарихын ғылыми-зерттеу институты ашылады. Тарихшылар, ғылыми қызметкерлер іске құлшынып кіріседі. Халық арасында тараған «Идегей (Әдиге)» («Едіге») жыр-эпосының нұсқалары, бөлек тараулары жинақталып, қағазға түсіріліпті, баспадан шығып, елге тарапты. 1940 жылы Татарстанның көрнекті әдебиетші, драматург-фольклоршысы Исанбет Наки Сиразеевич (1889-1991) «Совет әдебиеті» журналында (№ 11-12) «Идеге» эпосын жариялайды.

Соғыстың алғашқы жылында ел басына қиын-қыстау күн туған кезде қалың бұқараның рухын көтеріп, отаншылдық сезімін оятып, елін сыртқы жаудан қорғауға, ерлікке жігерлендіруге бағытталған идеологиялық тәрбие шараларын жүргізу көзделген екен. Партия идеологтарының нұсқауы бойынша тарихи, әдеби шығармалардағы орыс халқының, басқа да ұлттардың халық батырларының бейнелерін қайта жаңғырту, басқыншыларға қарсы күрестердегі ерліктерін ел-халық арасында уағыздау тапсырылыпты. Осы бағытта жүргізілген жұмыстардың шеңберінде халық эпос-жырларының жыршылардың жадында, әдеби қорларда сақталған үлгілерін жинау ісі жүзеге асырылған екен. Қазақстан КП Орталық комитетінің қолдауымен, Қазақ КС Республикасы Ғылым академиясының Тіл, Әдебиет институтының тапсырмасымен оның беделді қызметкері Асайын Хангелдиннің 1941 жылы Форт-Шевченкоға атамыз Мұрын жыраудың өз аузынан «Қырымның қырық батыры» жыр топтамасын жазып алу мақсатында келген іссапары, сонсоң жыраудың 1942 жылы Алматыға шақырылуы да осы аталған шараларға байланысты болғаны күмән тудырмайды.

Міне, осылай татар-ноғай-қазақ халықтарының жадында сақталған айтарлықтай көлемдегі, фольклорлық, эпостық әдеби қазына жиналған екен. Сол замандағы ел билеген партия-



ның идеологтарын жиналған ерлік эпос-жырлардың орасан зор көлемділігі ме, әлде олардың мазмұны мен маңызы, халықтың сол эпостық жырларға сүйіспеншілігі дүрліктірді ме, әйтеуір, сол тарихи мол ауыз әдебиеттік мұра дереу идеологиялық сынға, тыңғылықты сараптауға түседі. Оларды ВКП (б) Орталық комитеті арнайы талқылаудан өткізу керектігі жоспарланады. Тіпті сол партиялық талқыға дайындық кезінде «Идегей» («Едіге») жыр-эпосын орыс ақыны Семен Липкин 1944 жылы ВКП (б) Орталық комитетінің талқылауы қарсаңында орыс тіліне де аударыпты.

Осындай жұмыстардың қорытындысы бойынша 1944 жылы 9 тамызда «Татар партия ұйымындағы бұқаралық-саяси және идеологиялық жұмыстарды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» деген ВКП (б) Орталық комитетінің арнаулы қаулысы қабылданады. Партиялық идеологиялық талқылаудың қорытындысында Ұлы Ноғай ордасын құрған, оны билеген тарихи тұлға, би-батыр Едіге (1352-1419) «орыс халқының жауы болды, оның өмірін ел-халыққа уағыздап, мадақтауға болмайды» деп бағаланады.

Сол кездегі партиялық қағида-тәртіпке сәйкес, Қазақстан КП Орталық комитеті де халық ауыз әдебиетіне байланысты талқылау өткізеді. 1947 жылы «Қазақ КС Республикасы Ғылым академиясының Тіл, Әдебиет институтының жұмысы туралы» деген сталиндік саяси шешімді құптаған қаулы қабылданады. Сөйтіп, ерте заманнан қалыптасып келе жатқан тарихи халықтық жадыны жою жұмысы одақтық республикаларда да жалғасын табады.

Міне, осылай партияның орталық және республикалық идеологиялық бөлімдері татар-ноғай-қазақ халық эпос-жырларының тағдырын шешкен соң, ескі заманның тарихи тұлғалары, батырлар – Едіге, Шора, Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын – бесеуі туралы жыр-эпостардың қатарынан Едіге мен Шора туралы жырлар шығарылып тасталады, оларды жариялауға тыйым салынады. Бұл шешім, өз кезегінде, Едіге би-батырдың әулетінен тараған ұрпақтардың ерлік-батырлығы жырланатын «Қырымның қырық батыры» жырларының, олардың бірі «Қарасай-Қази батырлар» жырының 1990-2000 жылдардың бас кезіне дейін жарық көрмеуіне,



қаһармандық эпос-жырлардың XX ғасыр оқырмандарының назарынан тыс қалуына әкеледі.

Кезінде «Қырымның қырық батыры» жыр топтамасының құрамындағы «Қарасай-Қази батырлар» жыры көркемдік тартымдылығымен үлкен сұранысқа ие болған, қазақ елінде «Қобыланды батыр» жырынан кейінгі халықтың сүйсіне тыңдайтын жырына айналған көрінеді. Біздің заманға бұл жырдың отыздан астам нұсқасы жетіпті. Оларды халық арасында алғашқы таратушылар – Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин ақындар, атамыз Мұрын жырау болған.

Маған жеткен әкемнің қолжазбалары мен жеке отбасылық мұрағатында «Қарасай-Қази батырлар» жырының ескіше қазақ әліпбиінің араб әріптерімен «төте жазу» түрінде жазылған қолжазба нұсқасы бар. Ол жырдың мәтінінің көлемі оқушылық дәптердің 56 бетінен (28 парақ) тұрады. Алдымызда сол жырдың қазіргі кириллица жазу үлгісіне аударылған мәтінімен танысатын боламыз.

«Төте жазу» үлгісінде «Қарасай-Қази батырлар» жыры жазылған оқушылық дәптердің кезінде әке-шешемнің қызмет орындарынан жалақы есебінен алған КСРО мемлекетінің құнды қағазы – едәуір көлемді бума болған мемлекеттік несие облигацияларымен бірге ақ матаға оралып, түйілген күйінде түпкі үйдегі сандықтың түбінде сақталатынын бала кезімде білетінмін. Бір жылы біздің үйде Кавказдан, шипажайдағы демалыстан соң келген Дәуітов Ізмұқан нағашы мен оның зайыбы Жәмила жеңгей, Түрікменстанның Байрамалы қаласынан Маңғыстауға қыдырып келген нағашы апа Мариям мен Абенше жезде әке-шешеммен бас қосқан отырыс болды. Сонда олардың кешкі астан кейін жаздың қоңыр салқын кешінде аулада, самал салқында, сөкінің үстінде әңгіме-дүкен құрып, жұлдыздары жымыңдаған жазғы ашық аспан астында тұн ортасына дейін ұзақ отырғаны, әлгіде айтқан жыр жазылған дәптердің сандықтан шығарылып, барлығы бірігіп оқығаны, ара-тұра пай-пайлап тамсанып, қызу талқылап, әңгімелеп отырғандары балалық шақтан есімде қалды.

Сол кездерден қаншама уақыт өтсе де, өзінше құнды дәптердің ішіндегі «Қарасай-Қази батырлар» жырының мазмұнын



әкемнің кириллица нұсқасына аудармай, жергілікті газетте жарияламай, ол жұмысты тек бұл дүниеден өтер алдында қолға алғаны да жоғарыда айтылған, жырдың жарияланбау себебіне байланысты болғанға ұқсайды. Әкемнің замандасы марқұм Өтежан Алшымбайұлы «партияның саптағы солдатты» деп бағалаған, ұзақ жылдар бойы Шевченко аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің қызметкері болған Орынбай Айтмағамбетұлы партия қабылдаған шешімді, партиялық тәртіпті бұза алмаған болды. Ойлап қарасам, ол жырды кириллица нұсқасына аударып, баспаға бергенде де, биліктегі партия салған тыйымды бұзып, жырды жариялауды өз мойнына алып, басын бөлеге байлайтын редактордың табылуының өзі екіталай мәселе екені белгілі ғой.

«Қырымның қырық батыры» жырлары құрамына кіретін жыр-эпостар қазіргі заманда Қазақстанда «Бабалар сөзі» атты 2007-2008 жылдары «Фолиант» баспасынан шыққан ғылыми басылымдардың 41, 42, 46 және 50-томдарында жарияланған. «Қарасай-Қази» жырының сол кітаптардағы нұсқаларының мәтіндерімен танысып, шолып шыққан соң, қолымдағы әкемнің отбасылық мұрағатында сақталған нұсқаның мазмұн-сюжеті сарынының, уақиғаларының дамуының Қашаған Күржіманұлы (1841-1929) нұсқасына бірден-бір жақындығын, айнымас ұқсастығын анықтадым.

Мен кәсіби ауыз әдебиетін зерттеуші, әдебиет талдаушы, сыншы маман болмасам да, назарларыңызға ұсынылғалы отырған «Қарасай-Қази батырлар» жыр-эпосының сол әкемнің отбасылық мұрағатындағы нұсқа мәтінін Қашаған нұсқасының мына [47; (41-82-бет)] басылымдағы мәтінімен салыстырдым. Толықтай терең, кәсіби болмаса да осы өзім жасаған салыстырма Орынбай Бәлдековте сақталған нұсқаны «Қашаған ақын нұсқасы және оның басқа бір белгісіз айтылысы, жырлану түрі» деп қабылдауыма негіз болатын себептердің бірі болды. Осы әңгімелеп отырған екі жыр нұсқасы арасындағы айырмашылықтарға оқырмандардың назарын аударуды, кейбір түсініктемелер беруді жөн көрдім. Ол түсініктемелер жыр мәтінін баяндауда реттік санмен белгіленіп, мәтіннің соңында келтіріледі.

Қашаған ақын жырлаған нұсқаны салыстыруға алуыма Отыншы Көшбайұлының «Азамат тұлғасы» кітабында кел-



тірілген Мырзағали Іңірбаевтың жазғаны да әсер етті. Ол Алпанов Нұрлеспес жездемізбен, Шолпан Айтмағамбетқызы апамызбен, олардың баласы, жиеніміз Меңдіқұл Алпановпен нағашылы-жиендік араластықта болғандығын айта келіп «...Орекең (Орынбай Бөлдеков) «Қашаған атаның көзін көрген үлкендердің аузынан жазып алған, сондай-ақ Аязбай ақсақал арабша қағазға түсірген біраз өлең-жырлар менде бар. Бір қарап шығып, өзіңе беремін...» деп жүргенде дүниеден озды ...Ол жазбалар от пен судан аман болса, ақыр көпшіліктің игілігіне ұласар...» [26; (66-бет)] депті. Сол, әкем айтқан Қашағанның өлең-жырларының бірі осы араб әріптерімен «төте жазу» үлгісінде жазылған «Қарасай-Қази жыры» болар деп ойладымыз.

## **«ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЫНЫҢ «ҚАРАСАЙ – ҚАЗИ» ЖЫРЫ**

*(Орынбай Бөлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған, «төте жазу» үлгісіндегі нұсқасының кириллица жазуына аударылған мәтіні)*

Өткен заманда, Ноғайлы дәуірінде, Құрманбай деген бай болған екен. Оның өмір бойы ұл-қызы болмапты. Күндердің бір күнінде байдың әйелі ұл туыпты. Сол балалы болған қуанышына арнап бай үлкен той жасайды. Тойына қазақ, ноғай халқын түгел шақырыпты. Тойға тігілген үй мен келген адамдардың саны көп болыпты. Ішінде тентектер мен бұзықтар да болу мүмкіндігінен қауіптеніп, бай тойды басқару жұмысына батырларды қоюды ұйғарады. Тойға келген қонақтарды түгендегенде, Орақ батырдың жыл садақасы өтіп жатқаны, оған Орақтың Қабан Құлақ Қара аты сойылып, садақа беріліп жатқаны, батырлардың сонда екені белгілі болады.

Байдан екінші рет тойға шақырылған хабар барған соң, батырлар келеді. Бай тойды басқаруды батырларға тапсырады. Қызығы мол той бірнеше күнге созылады. Бір күні, түс ауғанда құбыла жақтан оқтай шаншылған шаң көрінеді.





тірілген Мырзағали Іңірбаевтың жазғаны да әсер етті. Ол Алпанов Нұрлеспес жездемізбен, Шолпан Айтмағамбетқызы апамызбен, олардың баласы, жиеніміз Меңдіқұл Алпановпен нағашылы-жиендік араластықта болғандығын айта келіп «...Орекең (Орынбай Бөлдеков) «Қашаған атаның көзін көрген үлкендердің аузынан жазып алған, сондай-ақ Аязбай ақсақал арабша қағазға түсірген біраз өлең-жырлар менде бар. Бір қарап шығып, өзіңе беремін...» деп жүргенде дүниеден озды ...Ол жазбалар от пен судан аман болса, ақыр көпшіліктің игілігіне ұласар...» [26; (66-бет)] депті. Сол, әкем айтқан Қашағанның өлең-жырларының бірі осы араб әріптерімен «төте жазу» үлгісінде жазылған «Қарасай-Қази жыры» болар деп ойладымыз.



## **«ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ЖЫРЫНЫҢ «ҚАРАСАЙ – ҚАЗИ» ЖЫРЫ**

*(Орынбай Бөлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған, «төте жазу» үлгісіндегі нұсқасының кириллица жазуына аударылған мәтіні)*

Өткен заманда, Ноғайлы дәуірінде, Құрманбай деген бай болған екен. Оның өмір бойы ұл-қызы болмапты. Күндердің бір күнінде байдың әйелі ұл туыпты. Сол балалы болған қуанышына арнап бай үлкен той жасайды. Тойына қазақ, ноғай халқын түгел шақырыпты. Тойға тігілген үй мен келген адамдардың саны көп болыпты. Ішінде тентектер мен бұзықтар да болу мүмкіндігінен қауіптеніп, бай тойды басқару жұмысына батырларды қоюды ұйғарады. Тойға келген қонақтарды түгендегенде, Орақ батырдың жыл садақасы өтіп жатқаны, оған Орақтың Қабан Құлақ Қара аты сойылып, садақа беріліп жатқаны, батырлардың сонда екені белгілі болады.

Байдан екінші рет тойға шақырылған хабар барған соң, батырлар келеді. Бай тойды басқаруды батырларға тапсырады. Қызығы мол той бірнеше күнге созылады. Бір күні, түс ауғанда құбыла жақтан оқтай шаншылған шаң көрінеді.





Араб әліппесімен «төте жазу» нұсқасында  
 «Қырымның қырық батыры» жырының  
 «Қарасай – Қази» тарауы жазылған оқушылық дәптердің  
 О. Бәлдековтің өз қолымен жырдың атын жазған мұқабасының  
 және алғашқы бетінің көшірмесі



Көп кідірмей бір атты кісі келіп жетеді. Ол күллі қазақ пен ноғай елінің билеушісі – Қоңды Күдердің (1) <sup>1</sup> шабарманы болып шығады. Ол патшаның жазған хат-жарлығын тапсырады да, іле-шала кейін қайтады. Келген хат-жарлықты оқитын сауатты біреуді тауып, оқытса, оның мән-мағынасы мынадай болады.

Қалмақ ханы Күзбан Қоңды Күдерге елші жіберіп, «Маған бас бұрмай, ұрыспай көн, көнбейтін болсаң, алдымен орданды шауып, үйінді отын етемін, қызыңды қатын етемін, тұрысатын жерінді айт» деген екен. Бұған бағынғысы келмеген патша «Қырымның қырық батырына хабарлап, қалмақты ордасынан шығармай талқандан» деп әмір беріп, олардың атақтыларына айрықша сәлемін арнап айтқан екен.

*Әуелі дұғай сәлем айт –  
Мекен еткен Еділ сағасын,  
Ауызы тұкті кәпірдің, (2)  
Бітірмеген жарасын,  
Еңіреткен қатын-баласын,  
Ат үстіне мінгеннен,  
Қазақ пенен қалмақтың,  
Ашқан екен арасын.  
Қастас болған қалмақтың,  
10 Жыртқан талай жағасын.  
Көк Еділ мен Самардың  
Кестірмеген ағашын.  
Дұшпанға намыс бермеген,  
Дұшпанның көңілін көрмеген,  
Кілауыз мылтық, зеңбірек  
Оғы тисе өлмеген,  
Мұсылманның бәрін ес деген,  
Ерлердің бәрін дос деген,  
Кәпірдің бәрін өш деген,  
20 Жазатайым тиген жалын от,  
Терісіне жара түсірмеген, (3)  
Қызыл шұбар ту алған,*

---

<sup>1</sup> Жақшаға алынған санмен белгіленген түсіндірмелер жыр мәтінінің соңында келтіріледі.



- Алмасын қанға суарған,  
Душпанын көрсе, қуанған,  
Елдің ішін толтырған  
Қалмақтың қызы мен жауынан,  
Мұнартып жатқан дария  
Қатуланып ақырса  
Қара жер болды суалған,  
30 Сүйіншінің ұлы – батыр Қазтуған,  
Ежелден қали болмаған, (4)  
Сізге арнаған хаты екен.  
Және де дұғай сәлем айт –  
Астына мінгені Ақтабан,  
Ақтабаннан басқа жақпаған,  
Душпанға қарсы шыққанда,  
Ерлердің бәрі мақтаған.  
Қорамсақ толы көп оғын  
Алтынменен қаптаған.
- 40 Он жасына келген соң  
Төсекте тұзу жатпаған,  
Бір өзінің дәл басын  
Мың кісіге шақтаған.  
Аламанын қырмен өргізісін,  
Әскерін қолмен жүргізісін,  
Менің жазған бұл хатыма  
Іркілмесін барғасын,  
Қалмақтың қара қышқыл қанына  
Суарсын, келіп алмасын.
- 50 Көгістің ұлы ер Тама –  
Бұл да келсін, жаудан қалмасын.  
Және де дұғай сәлем айт –  
Мұниям байтақ шәһармен, (5)  
Жалғыз өзі жау болған,  
Руы кәпір бәрінен, (6)  
Әруағы асқан қау болған, (7)  
Қырылған әскер сүйегі  
Асқар ала тау болған.  
Бұлағай салып, бұрқ етсе,



- 60 Бұдан да аман, сау болған.  
Қара тасты атып сындырған (8)  
Халықтың көңілін тындырған,  
Ханның да көңілін тындырған,  
Ақташ ханның – Ақжүніс  
Ат сауырына мінгізген,  
Еділден шыққан ен Шаған (9)  
Шағаннан қалмақ сайланған,  
Қалмақты қойдай айдаған,  
Балқашқа малды кіргіздің
- 70 Ноғайға дәуір сүргіздің,  
Алты мыңдай келген қалмақтың  
Бәрін қоймай қырғыздың.  
Не қыларыңды өзің біл,  
Мөр басылды қағазға  
Қарсының ұлы ер Тарғын,  
Атыңды жазып, қол қойдым.  
Және дұғай сәлем айт,  
Анасы өткен Ақмеңді,  
Ұл бойына біткенде,
- 80 Толғатып туды қырық күн.  
Қайғырып еді күн мен түн.  
Қорамсақ толы көп оқты  
Күдер аузына төккен ер,  
Мұсылмандардың қамы үшін,  
Қиындық, жапа шеккен ер,  
Атқан оғын сұрасаң  
Алты қырдан әрмен зулатқан,  
Көк жебенің күшімен (9)  
Талай қалмақты құлатқан. (9)
- 90 Астына мінген тұлпарды  
Шабуылмен қуантқан.  
Байласын белге алмасын,  
Арып-ашып талмасын  
Атақты ердің баласы –  
Нәріктің ұлы ер Шора,  
Ол да келсін, жаудан қалмасын.  
Және де дұғай сәлем айт,



- Аламанды бастап меңгерген,  
Ерлердің бәрін тең көрген,  
100 Дұшпанның бәрін кем көрген  
Көк сүңгісін алға өңгерген,  
Талай-талай жол көрген,  
Садағын сала байлаған,  
Астана жұртын айналған,  
Қылбуырдай қиналған,  
Қалмақты қырса, тыншыған,  
Ар алған талай қамалдан,  
Мұсылман батпаған жауынан (10)  
Оза шауып, талай жол салған,
- 110 «Аттанды» деп естіп, қорқыныштан  
Кетпей тұр ауызым тобадан,  
Кетпей тұр қолым жағамнан.  
Сәлем-хат осы жеткен соң,  
«Аламанды бастап келер» деп  
Дәмелі болып мен тұрмын,  
Қарт Нәрік сынды ағамнан.  
Және де дұғай сәлем айт,  
Қалмақтың алған елдерін,  
Елін жаман бұлдіріп,
- 120 Тартып алған жерлерін,  
Тартып алып меңгерген  
Дария, шалқар көлдерін.  
«Біздің елге қарай бағыттап,  
Аттанды» деп айтып тұр  
Менің келген жансызым.  
Есіктегі күң мен құл,  
Болмаса елдер қойдағы  
Қалмақтарды бұл күнде  
«Бізге қарай бағыттап
- 130 Аттанды» деп айтып тұр,  
Жыралап жатқан аймағы.  
Бұл сөздерді есітіп,  
Есіме түсті қайдағы,  
Бұл да келсін, батырым.  
Қыдырбайдың ұлы ер Қобылан,



- Туа бастап ер болған,  
Ерлігінің белгісі,  
Қолына талай ел қонған,  
Оза шауып, олжа алған,  
140 Жасанған жауға қол салған,  
Айдарлысын құл еткен,  
Тұлымдыларын күң еткен,  
Алдына айдап мал салған,  
«Қайратың қандай жансың» деп,  
«Ия бір қыбырлаған жансың» деп.  
Сәтемір хан мен Сәтті хан –  
Екі бірдей ақ сұлтан,  
Екеуіне де хабар бар салған.  
Алмасы шапса, кеседі,
- 150 Жау көрсе, көңілі өседі,  
Қайратын көзім көрген жоқ,  
Қыдырбайдың ұлы ер Қобылан  
«Арсылан асқан» деседі, (11)  
Атын айтып әркімдер  
«Қобылан, Қобылан» деседі.  
Ол да келсін, қалмасын. (11)  
Және де дұғай сәлем айт,  
Алтын сарай ішінде  
Ерлердің бәрін жидырған,
- 160 Садақтың оғын құйдырған,  
Кілауыз мылтық, зеңбірек  
Мұның да оғын жидырған,  
Атасы – өткен Бүркіт хан,  
Билеген елін бес мың сан,  
Қаумасынан кетпеген  
Бас көтерген тірі жан.  
Дұшпанға қарсы шыққанда  
Оқ-дәрісін арттырған,  
Арбаға пұттап тарттырған.
- 170 Жөнелер кезде той етіп  
Ат бәйгісін шаптырған,  
Бір параға нар беріп,  
Бір параға ат беріп,



- Бір параға сарпай жаптырған,  
Байтақ малды сойдырған,  
Астана жұртын тойдырған.  
Аламанның сыртына  
Күзетші-сақшы қойдырған.  
Қара көңілді залымды,  
180 Сағат қоймай, жойдырған.  
Шаригаттан басқаны  
Құлағына алмаған.  
Өз көзімен көрмесе,  
Айтқан сөзге нанбаған.  
Ораза мен бес намаз –  
Біреуін де қаза қылмаған.  
Уәде қылып, қаулы етсін,  
Уәделерін бекітсін,  
Сәлем-хат осы жеткен соң,  
190 Бүркіттің ұлы ер Әділ,  
Ол да жаудан қалмасын.  
Тез арада жетіссін.  
Және де дұғай сәлем айт,  
Күндік жерден оқ атқанда,  
Алты қырдан асырған,  
Ерте тұрып, кеш жатқан,  
Күндіз жүріп, түн қатқан,  
Қабағына сүйем мұз қатқан, (12)  
Айдаһармен, аюмен  
200 Қойындасып бір жатқан,  
Айдаһардың ішкен су  
Қордасынан келіп дәм татқан,  
Астына мінген тұлпары –  
Қабан Құлақ Қараша ат  
Дұшпанға қарсы шапқанда,  
Қаршыға құстай парлаған.  
Айдаһардың жүрегіне  
Қолын салып барлаған,  
Дулығалы басты көп кескен,  
210 Дұшпанды көрсе, өштескен,  
Жебедей еді-ау, қияғым,  
«Өлді» деп тұр ғой, Орағым,*



*Орағымнан қалған қарағым,  
Айналайын Қарасай,  
Аламаннан, қалқам, қалмай кел,  
Қабыл болсын талабың.*

Осы хат оқылған соң, атақты батырлар жорыққа даярланып, қару-жарақтарын, әскерлерін дайындай бастайды.

Қарасайдың мінуге аты, тағынуға қару-жарағы, оларды са-тып алуға пұлы да болмайды. Сонда Қарасай «менің атымды бұл патша қайдан біледі екен, бұл иін тірескен жұрттың қатарынан қалғанша менің өлгенім артық қой» деп, жұрттан жасырынып, екі ауылдың арасындағы бір апан-шұқырға келіп, жылап жа-тады.

Әлқисса, енді әңгіме желісінен сәл ауытқып, Қарасайдың шешесі жөнінде айталық.

Орақ батыр бір жорықта қалмақтың Масал деген қаласын шауып, әскерімен келе жатып, бір ауылдың дөңіне келгенде, ауылдан бір қыз үйінен шығып, бір аяғын сылтып басып ба-рып, дәретке отырыпты. Дәрет алып болған соң, орнынан тұ-рып кете бергенде қыздың дәрет еткен жерінен аспанға қара түтін көтеріледі. Сонда батыр «апыр-ай, мынау тегін түтін бол-мас» деп, атын бауырға салып жіберіп жетіп келсе, жаңағы қыздың кіші дәреті жерді күйдіріп, түтіні аспанға көтеріліп жатыр екен. Оны көрген батыр әскерін сол араға тоқтатады. Өзі қасына Қосай батырды ертіп, ауылға түсіп, сұрастырып қараса, ауыл Шөлгез деген батырдың ауылы екен. Жаңағы қыз сол Шөлгездің қызы екен. Қыздың оң қолы жазылмай-тын бүкір екен де, бір көзі соқыр екен. «Батырдың қызы бар» дегенді естіп, байдың, мырза-бидің ұлдары, шора, әнші-домбы-рашылар айттырып келіп, көреді екен де, жеті мүшесі кем, жарымжан болғасын қызды алмай кететін көрінеді. Ауылдың қатыны өлген қарттары, тоқалқұмар шалдары «бала көтерсе болады» деп айттырса, оларға қыз бармайды екен. Орақ ба-тыр сол ауылда қызбен бетпе-бет жүздесіп, әкесімен сөйлесіп, әйелдікке сұраған. Әкесі «берем» деген, қыз да «осы кісіге ба-рамын» деген. Орақ «мына қыз жай адам емес, өз орнымды басып, мұрагер болатын бала туып беретін әйел алсам деп ар-мандаушы едім, осы қызда сол арманыма жеткізетін қасиет





бар-ау» деп ойлаған екен. Орақтың осы әйелі үш бала туады. Олар – Қарасай атты ұл, Ғибат атты қыз бала және Қазидеген ұл бала.

Үлкен ұлы Қарасай «ауыл арасындағы апан-шұқырда ойға түсіп, жылап жатыр» дегенді естіп, шешесі баласына келген екен. Сонда шешесі былай депті.

- Піруәрдигер, Жасаған,  
Өзекті жалын-өрт еттің,  
Жүректі қайғы-дерт еттің.*
- 220 *Қарағым менің, Қарасай,  
Ішкі сырыңды айтпастай  
Мұнша неге серт еттің?..  
Атаға тартпас жаман жоқ,  
Жау жаулаумен ісің жоқ,  
Саған тисін жалғыз оқ!..  
Бұл не қылып жатқаның?..(13)  
Қараған қарғыс жетті ме,  
Біреудің сөзі өтті ме?..  
Ия болмаса, шырағым,*
- 230 *«Жасы кіші бала» деп  
Біреу зорлық етті ме?..  
Не қылайын, Жасаған,  
Бұл күндері болғанда  
Ақ сұңқар құстың баласы,  
Құладың болып кетті ме?..  
Атаң сенің сұлу таңдаған,  
Асылын жұрттың аңдаған,  
Сонда менің айтпағым –  
Ақсақ, көзім көр дағы,*
- 240 *Айттырып соңымнан қалмаған,  
«Асыл бала болар, деп,  
Ажалым жетіп, мен өлсем,  
Әруағым сонда қалар» деп,  
Сонда алғаны мен едім.  
Сен қайдан тудың, оңбаған?!..(14)  
Бір жеріктен дәмем бар, (14)  
Өз-өзімнен еліктім, (14)*



- Жын соққандай желіктім, (14)*  
*Сен бойыма біткенде,*  
250 *Айдаһардың мен жедім*  
*Жауырыны мен төс етін.*  
*Және алдырып мен жедім,*  
*Көзі менен ерінін,*  
*Бұдан да жерік қайтпаған.*  
*Қайтпаған соң, қарағым,*  
*Аюдың жедім қол етін,*  
*Жолбарыстың жедім жон етін,*  
*Пілдің де жедім жон етін.*  
*Жеті айдаһар жыланның (15)*  
260 *Тірідей басын шауып, жеп, (15)*  
*Сонда жерікті қандырдым. (15)*  
*Атаға тартпас, жаман боқ,*  
*Төсекте жатып жылаумен*  
*Тұлдыр болдың ба, сен жетім!..*  
*Отын тасып, от жақсаң,*  
*Таяқ алып, мал бақсаң,*  
*Өзіңе-өзің пышақ сал,*  
*Қазаңнан бұрын өліп қал,*  
*Көре көрме, тіпті, ел бетін!.. (16)*  
270 *Әкеңе сенен үміт күткен, (17)*  
*Көрсеткенің осы ма?!.. (17)*

Осыларды айтып, «мұның жарамайды, ойлан, жігерлен, қатарыңнан қалмай аттан» дейді шешесі. Сонда Қарасай: (17)

– Ардақты анам!.. Мен бәрін де түсінемін. Мен қорқып, қашып, бұқпантайлап жатқан жоқпын, – деп сөзін былай жалғастырады: (17)

- Жауға мінер атым жоқ, (17)*  
*Ер-тұрман, қару затым жоқ. (17)*  
*Жауға қарсы шапқанда (17)*  
*Оқ қағатын дулыға, (17)*  
*Сауыт-сайман тағы жоқ. (17)*  
*Жауға бару – талабым, (17)*  
*Келгенінше шаманың. (17)*



Қару-жарақ асынбай (17)  
280 Оған қалай барамын?.. (17)  
Патшадан сәлем-хат келді, (17)

**Ескерту.** Өкінішке орай, осы жердегі жыр тармақтары жазылған дәптер бетінің бір бұрышы жыртылып қалған (18).

«Атойға мінер арғымақ,  
Келіп өзі көрсін, деп,  
Тәңірім берсе, тілекті,  
Қалың қол, қару оқпенен  
Сыбағасын берсін» деп,  
Ерлерге сәлем жазыпты.  
«Аруақты батыр баласы,  
Атаға тартқан ұл болса,  
290 Қарасай да келсін», деп,  
«Мал бағуға туған құл болса,  
Үйінде жатып, өлсін» деп.  
Мен сорлының атымды  
Қағазға патша іліпті,  
Патша қайдан біліпті.  
Көрмесін патша жарықты,  
Патша қайдан білді екен  
Мендей жетім, гәріпті?..  
«Барайын» десем, бұл жауға

**Ескерту.** Осы жердегі жыр тармақтары да сол дәптердің жыртылып қалған бұрышында болған.

300 Барарыма сенбедің,  
Бір батырдан кем бе едім?..  
Айналайын, қарт ана,  
Жауға қорқып бармайтын,  
Жаман туған, мен бе едім?..

Сонда кемпір баласының сөзіне қуанып:

– Атың жоқ болса, оның табылады. Азды-көпті малыңды бер, оған көнбейтін болса, қарындасың Ғибат сұлу бар. Бір-жар



қараның жетпесіне алса, мені де бер, қалай да ат тауып, жауға аттан, қатарыңнан қалма! – дейді.

Сонда Қарасай:

– Бұл сапарға тек тұлпар ғана жарайды. Тұлпар атты таңдап алмаса болмайды. Нағыз тұлпар ат жусағанда басын сауырына салып, құсқа ұқсап жусайды. Егер осындай ат табылса – арықтығына қарамай саудаласыңдар, ал егер ондай ат болмаса, басқа ат саудаламай-ақ қойың, – дейді.

Тұлпар ат іздеген жігіттер ел аралап жүріп, бір ауыл маңынан көрі тарлан аттың басын сауырына салып, құсқа ұқсап жусап тұрғанын көреді. Атты ел ортасына айдап келіп иесін сұрастырса, бұл аттың иесі Көкшенің ұлы ер Қосай деген кісі екен. Қосай сол кезде тоқсанға келіп, алжып жатыр екен. Атын саудалап сұраса, «әлі жаудан дөмем бар» деп, бергісі келмепті. Келген жігіттер ұзақ саудаласып, атты алатын болып келісіпті. Сонда Қосай батыр Қарасайға мынадай сөлем айтыпты.

– Менің атыма тоғыз құл, тоғыз күң, тоғыз сусар тон және Ноғайлының сұлуы – қарындасы Ғибатты маған кішілікке берсін, – депті.

Алып келген атты таң атқанша байлап қояды. Таң ата, Шолпан жұлдызы белгі берген кезде, бес қаруды белге байлап Қарасай атына мінуге келсе, қарындасы Ғибат аттың шылбырын беліне орап тұр екен. Сонда Ғибат мына сөздерді айтады:

*Ардақты аға, Қарасай!..  
Менен үлкен сен едің,  
Сенен кіші мен едім.  
Атам Орақ өлгелі  
Қайғы мен уайым жеп едім.*

*310 Атам тірі тұрғанда,  
Қай қазақтан кем едім?..  
Жамандарға көп едім,  
Жақсыларға еп едім.  
Атқа тұрман саласың,  
Жалғыз атқа саудалап,  
Мені сатып барасың.  
Қарғысымнан ат өлер,  
Ит пен құсқа жем болып,*



- Жаһан түзде қаларсың.  
320 Жүретін едім сағынып,  
Жалғыз атқа сатқандай  
Кінәлі болдым, не қылып?..  
Кінәсіз болсам, Қареке,  
Өлгенің жақсы қағынып.  
Мырзаға көңілімді бермеген,  
Ғұмырымда көзім көрмеген, (19)  
Сұмырай басым, қайтейін,  
Бір алжыған қақбасқа,  
Қалғаным ба бағынып?..  
330 Алманың мойным сабындай  
Менен артық бар ма еді?..  
Маңдайым күндей балқыған,  
Ажарым нұрдай шалқыған,  
Қастарым қама құндыздай,  
Көздерім Шолпан жұлдыздай,  
Қасиетіме біткен қарасам –  
Аққа таққан құндыздай.  
Мұңаюым жатқан табындай,  
Ашпаған екен, Алла, бағымды-ай,  
340 Жаратқан бір Аллаға  
Мендей жетім не қылды-ай?!..  
Жылатып шалға берер ме,  
Мендей сұлу жалғызды-ай?!..  
Шал аузына қор қылма,  
Жауға сымдай етімді,  
Күн көрмеген бетімді.  
Көп өтініш етемін,  
Тілімді алсаң, аға-жан,  
Жылатпа мендей жетімді.

Сонда Қарасай қарындасынан сөзден жеңіліп, құр мәрттік еске түсіп, «қарағым, сені жылатып алған атпен кеткенше, жаяу кетейін» деп, аттан секіріп түсіп, қарындасының бетінен бір сүйіп, бес қаруы белінде жаяу жүріп кетеді. Ел оны тоқтауға қорқады. Шешесі мүгедек үлкен кісі ғой, қоштасып үйде қалған екен, оған халықтан «бір себеп болып балаң жауға жаяу



кетті, ол жауға да, ауылға да жете алмайды, далада қалады» деген хабар жетеді. Сонда кемпір тұра жүгіргенде ұйықтап жатқан баласы Қазидың басына сүрініп жығылады. Сонда Қазидың басынан ұстап отырып айтқаны мынау екен.

- 350 Басыңды көтер, Қазижан,  
Атады бұгін неғып таң.  
Жаңа келіп отырмын,  
Аузыма келіп қара қан.  
Жаяу кетті жалғызым.  
Болмады айла етерге.  
Алған атын бермеді,  
Айтсам сөзім өтер ме,  
Соңынан қуып жетерге.  
Есіктің алды қос терек,  
360 Біреуі бар да, біреуі жоқ.  
Бір желіде қос тұлпар,  
Біреуі бар да, біреуі жоқ.  
Бір қяда отырған  
Бірі – лашын, бірі – сұңқар,  
Біреуі бар да, біреуі жоқ.  
Бірі – айдаһар, бірі – жылан,  
Біреуі бар да, біреуі жоқ.  
Айым жатыр, күнім жоқ.  
Көкірегім менің толған шер,  
370 Енді бұлдыр қара жер.  
Жаңағы кеткен қарағыма,  
Баба тұкті Шашты Өзіз  
Сыртынан қолдап, көмек бер!..

Сонда ұйқыдан оянған Қази ағасын сұрап, кетіп қалғанын естіп, тұра жүгіріп кетеді.

Мына сөздерді есітіп,  
Ұйқыдан Қази тұрады.  
«Қарекем қайда кеткен» деп  
Анасынан сұрады.  
Сол арада жылады,  
Жылады да, жүгірді.



- 380 Жүгіре-жүгіре келеді,  
Бұл да жаннан түңіледі.  
Сөйтіп жүріп сөйлейді:  
«Қолымнан кетті көмегім,  
Белімнен кетті демеуім,  
Алланың берген медеуім.  
Жалаң аяқ, жалаң бас  
Жүгіре-жүгіре келемін.  
Әлде қашан көремін.  
Көре алмай қалсам осыдан,
- 390 Қайғы менен қан жұтып,  
Қайғырып мен де өлермін.  
Ішіп-жеуге нәрім жоқ,  
Бір жаратқан Алладан,  
Болмаса менің қорегім.  
Айырылып қалдым ағамнан,  
Балалық қылды, амал жоқ.  
Байқап енді қарасам,  
Қарасай ағам маған жоқ.  
Еңіреп қалған қарт ана,
- 400 Қарасай мен Қазі саған жоқ.  
Айырылып енді елімнен,  
Елімде сендей адам жоқ.  
Халқымның кетті қаласы,  
Айдаһардың кетті баласы.  
Бастыратын болмады  
Табандарымның жарасы.  
Жасаған Жаппар, Құдай-ай,  
Бір күндері болғанда,  
Аңдып жүрген дүшпанның
- 410 Қанатын болды табасы.

Осыны айтып Қазі жол жүріп келе жатқанда, алдында кеткен, шаршап-шалдығып, енді жүруге әлі келмей, табаны тесіліп, маңдайы кесіліп, бар киімін шешініп, екі аяғын көсіліп далада, тау шатқалды салада есі кетіп, еңіреп, аузын ашып отырған Қарасайды көреді. Оған Қазі келіп, екеуі кездесіп, барлықты-жоқтықты айтып отырады.



Қарындасы Ғибат ауылда отырып, әртүрлі ойға кетеді. Қосайдың Тарланын алып келген күні түс көріп, осы жолы кеткен әскердің, Қарасайдың жауды жеңе алмайтындығын біледі. Ғибат көп ойлап, «атты апарып берейін, көнсе – екеуін, көнбесе – біреуін алып қайтайын» деп, Тарланға мініп, Қарасай мен Қазиды қуып жетеді. Қарасайға сөйлеуден қорқып, Қазига былай деген екен:

*Қази-жан, елге қайтайық,  
Ағаға қош айтайық.  
Қареке, кетіп барасың,  
Көреміз бе енді біз жарық?!..  
Біздер шулап жылаймыз,  
Құс ұшпастың құла шөлінде.  
Ұйқыда жатып түс көріп,  
Бір ғаламат іс көріп,  
Ат бермей қалдым сынарға.*

*420 Орақ, Мамай хан болған  
Он сан Ноғай елінде.  
Атам Орақ-Мамайдың  
Сүйегі тұтас асылдай.  
Келген жерін бермеді,  
Барса жауын қашырмай.  
Атаңның орнын алдырма,  
Етіңе қажаяу салдырма,  
Буыршын мен бесті атан,  
Құладан құсқа шалдырма.*

*430 Жолдасыңды жауға тастасаң,  
Халыққа қайтып көрінбе.  
Айналайын, Қази-жан,  
Еділ қайда, ел қайда,  
Мыңтөбедей жер қайда?.. (20)  
Болып тұр ма, қарағым,  
Сенің де көңілің бұл жайда?..  
Қайсыбірің мінерсің,  
Айналдырған бір тайға?..  
Ойлап-ойлап қарашы,*

*440 Орынсыз қалып мұңайма.*





Сондағы Қазидың айтқаны былай екен:

- Апыр-ай, қалай сөйлейсің,  
Мен артыма, апа, қараман,  
Семірген атам жарадан.  
Көкемді жалғыз жіберіп,  
Мұнда неғып қаламын.  
Ауырып өлсе, бір жерде,  
Сүйегі қалмай ма далада?..  
Атадан жетім қалдырды  
Құдіреті күшті Жасаған.*
- 450 *Жер тебіренткен Орақты  
Сұм қара жер асаған.  
Көкемді жалғыз жіберіп  
Мені қара басты ма?..  
Мұнда қалып мен енді,  
Не бұйымға асамын?..  
Шыққанмын жаяу елімнен,  
Қоштасқанмын шығарда,  
Асау асқар беліммен,  
Мамыр үйрек, қаз бен қу,*
- 460 *Шағалалы шалқар көліммен.  
Денсаулық баста тұрғанда  
Құр қалмаспын қалмақ ерінен.  
Ажал-бейнет келген күн,  
Қай пенде қашып құтылған,  
Алланың қазған көрінен.  
Апеке-ау, маған сөйлейсің,  
Мен де бір туған перімін,  
Көкемнен, тіпті қала алман.  
Мен бойына біткенде,*
- 470 *Жерінген анам арамнан.  
Көкемді жалғыз жіберіп,  
Қонысқа қайта бара алман.  
Құладан құсқа көз салып,  
Қанжығама қаранған,  
Не қылып шыдап жүрермін,  
Жіберіп тұлпар қорамнан.*



- Тұлпар бір кетіп барады, (20)*  
*Мыңғырып жатқан қорамнан. (20)*  
*Ноғайлының ерлері*  
480 *Түсімде тірі оралған.*  
*Торға қалды оралып,*  
*Келер жылы болғанда*  
*Екі құс барды соңынан,*  
*Шалқұйрықтарын таранып.*  
*Торға құстар түйілді,*  
*Қанаттарын қомдай шүйілді.*  
*«Неге жаздым торды» деп,*  
*Иесі тордың күйінді.*  
*Осы сапарда қайт, аға,*  
490 *Сұраймын сізден бұйымды.*  
*Тыңдамасаң айтқанды –*  
*Шығарарсың жаудан шиіңді.*

Сонда Қарасайдың берген жауабы былай екен:

- Азып туған кілең боқ,*  
*Мұндай сөзді сөйлеме,*  
*Өпкеңменен елге қайт.*  
*Қази-жан мен Ғибатым,*  
*Жер тепкілеп ырғиды,*  
*Байлаулы тұрған ғиратым.*  
*Алла берсе тілекті –*  
500 *Шығарармын жаудың пиратын.*  
*Қазам жетсе – өлермін,*  
*Қазасыз болсам – келермін,*  
*Бітпеген болса, ажал-ширатым.*  
*Және айтамын сіздерге,*  
*Ажал жетсе – өлермін,*  
*Ажалсыз болсам – келермін.*  
*Атам – Орақ, ер Мамай,*  
*Бүлдірмеген жаудың нелерін.*  
*Бөрі тиген қойдайын,*  
510 *Ортасынан бөлермін.*  
*Мен – қайнаған қара бұлт*  
*Желге қарап өрлеген,*



- Жаудан қорқып тұрар ма,  
Асыл болса, ер деген?..  
Атағы Орақ, ер Мамай,  
Қасарған жауға «кел» деген.  
Мен – жез бұйдалы нар тайлақ,  
Бұйдасын бір сүйретіп,  
Желге қарай өрлеген.*
- 520 Жез шылбырлы құнан піл,  
Сүйкенермін барып қалаға,  
Тәңірім берсе, тілекті,  
Біздей жетім балаға.  
Сен әпкеңмен елге қайт  
Алды-артыңа қарамай.  
Мұншама жерге келген соң,  
Кеткенімді халық білген соң,  
Енді елге қайтып бара алман,  
Доп ойнауға шыққан баладай.*
- 530 Айналайын, менің інім-ай,  
Қызғалдақтай қызыл гүлім-ай,  
Енді ауылға мен қайтсам,  
Ұят болмай ма, мұным-ай?..  
Алып келермін Қосайдың  
Тоғыз сусар тонымен,  
Тоғыздан күң мен құлын-ай.  
Ұйтқыған жүрек басылмас,  
Бір тайпа елге ұрынбай.  
Сендер айтқан түстерді,*
- 540 Мен де көргем, бұрында-ай.  
Бірақ атам Орақ, ер Мамай,  
Талай түскен тіреуге,  
Сонда да келген аман-сау,  
Мұрындығы жырылмай.  
Сен апаңмен елге қайт,  
Мен кетейін, бұрылмай.*

Қарасай осы сөздерді айтып, Ғибат пен Қазиды елге қайтарып, өзі Көк Тарланмен жауға тартып кеткен екен. Көк Тарлан әрі қарысқан, әрі арық, бапталмаған ат екен. Соған қара-



мастан, әуелі екпінмен шаңды-шаңға ілестірмей, Ғибат пен Қазидың көзінен ғайып болады. Әрі-бері шапқаннан кейін тұлпардың екпіні қайтып, тек желе шоқырақтап отырады. Мұны көрген батыр тұлпардан күдерін үзе бастайды. Тұлпардың екпінімен Қарасай елден он екі күндік жерге ұзап кеткен екен. Ол «бұл ат мені елге де, жауға да апармайтын болды, мені далада қалдыратын болған екен» деп, қылышты суырып алып, бір жерді белгіге алады да, «соған дейін шапсаң, шабасың, шаппасаң, басыңды өзім-ақ алайын» деп, тебініп жіберіп шаба жөнеледі. Осылай шауып келе жатқанда бірте-бірте тұлпардың шабысы үдей бастайды. Қарасай атты байқап қараса, екі құлақтың түбі, сауыры терлей бастаған екен. Сөйтіп, тұлпар шауып келе жатып, үш рет үш қаптай тезегін тастап, ішін тазартады. Батыр мойнын бұрып, атының сауырына қараса – ақ көбік жаңа ғана шығып келе жатыр екен. Ақ көбікті көреді де, батыр тақымын қысып, тұлпардың басын қоя береді. Сонда тұлпар бүктеледі де, жазылады да, шапқанда артында ошақтай ізін қалдырады. Шаңды шаңға қосқандай, ұшқан құстың алдын тосқандай, құйрық-жалы аспанға көтеріліп, шуылдап береді. Тұлпар шауып жерде келе жатыр ма, әлде ұшып көкте келе жатыр ма – бұл батырға белгісіз болады. Сонда батыр аттың шабысынан қауіп етіп, тұлпардың басын тартайын десе, ол әл бермейді. «Апыр-ай, бұл қалай болды, алдымнан асқар тау шығып, соғар ма екен, немесе дария кездесіп, соған салып кетер ме екен» деп аттың шабысынан сескенеді.

Сөйтіп келе жатқанда алдынан бір төбе кездесіп, соның өріне қарай шауып, үстіне шыққанда ғана аттың басына Қарасайдың әлі келіп, тоқтатады. Секіріп түсіп, жетелеп қараса – ат баяғы өзінің жас күніне қайта түскендей екен. Бұрынғы жамандықтың бірі де жоқ – шекесінен қарайды, аяғын кербез басады, тер жоқ, шауып келе жатқанда кеуіп кеткен екен. Міне, осылай Көк Тарланның ащы тері кетіп, тұлпар қалпына түсіп, батыр тұлпарға риза болған екен.

Батыр шаршап тұрып алдына көз салса, көп қара көрінеді. Бірақ оның жау ма немесе – ел ме, болмаса – алдыңғы кеткен қол ма, оны біле алмайды. Батыр сонда өзінен-өзі қапа болып, «не де болса бара-тұра көрейін» деп, атқа мініп, тұлпарды көрінген қараға қарай қоя береді. Сонда келе жатып былай депті:



- Көзіме бір қара көрінді, (20)  
Көтергейсің, Алла, белімді.  
«Көп екен» деп мен тайсам,  
550 Бергенің жақсы өлімді  
«Бұл жорықтан қалма» деп,  
«Қалсаң, перзент болма» деп.  
Түн ұйқыда жатқанда  
Атам Орақ келіп көрінді.  
Қалмақтың келдім жеріне,  
Көрінген қара еліне.  
Жау көрінді көзіме,  
Тебіренер ме екен сөзіме?..  
Атам Орақ қайдасың,  
560 Медет бергейсің өзіме?!..  
Атаға тартқан ұл болса,  
Көптен көмек сұрар ма,  
Келген жауға кезене.  
Кел, тәуекел қылайын,  
Әулие менен Әнбие  
Жар бола көр, құдайым!..  
Мерт қылмағай дұшпанға  
Жаратқан, Жаппар, құдайым,  
Баба ерім – шашты Әзіз!..  
570 Ер қайратын сынайын,  
Тәуекел еттім қыларға,  
Батырлар жауға құмар ма,  
Көкіректің шерлері  
Соғыссам, жаумен шығар ма?..  
Мен бидайық қырғимын,  
Шабытым келсе, шүйілемін.  
Қалмақты, шіркін, қаз, торғай  
Құстардай келді қуарға.  
Мен бір көкжал бөрімін,  
580 Сан мың көп ел алдымда  
Қарсы шыдап тұра ма?!..

Қарасай батыр қалың қара топты ортасынан қақ жарып өте шығып, қылышын суырып қайта оралса, бұл ел де емес, жау да емес, бұрынғы кеткен Қырымның қырық батырларының



әскері екен. Олар өздерінен кімді хан сайлауды біле алмай, біреулері – «мен боламын» деп, екіншілері – «мен боламын» деп, соған өзара келісе алмай тұр екен. Мұны Қарасай көріп, «мыналарың дұрыс емес, «Жау көрмей жаман бүлінеді» деген нақыл сөз бар еді. Жау бізге алыс болмауы керек. Біздің аталарымыз – Орақ пен Мамайдың жас күнімде айтқан әңгімесін еске алғанда, мына жерлердің белгілері сол айтқандарға ұқсас келеді» деген екен.

*Құлақ салсаң, ерлерім,  
Атамнан қалған есімде,  
Көріп тұрмыз бүгін бесінде.  
«Бұл бағытта жүргенде  
Кездесер, деп еді, бұлдыр тау,  
Ар жағында бар, дейтін  
Тағы да бір құрғыр тау.  
Көрінген сонда екі жол  
590 Екі аттыға тар болар,  
Қиыншылығы да бар болар.  
Әскер екі бөлініп,  
Бірін-бірі көргенше  
Бір жетіге дейін зар болар.  
Құрғырдың тауынан өткенде,  
Қиғаш тауға жеткенде,  
Біз іздеген дұшпаннан,  
Бейне-белгі бар болар,  
Тәуекел етіп жүрелік,  
600 Ғайып ерен, Қырық шілтен<sup>1</sup>  
Алланың өзі жар болар.*

Қарасайдың осы сөздерін естігеннен кейін батырлар ойға қалады. «Мына Қарасай – Орақ батырдың баласы. Осыны хан сайлайық. Орақ батырдың әруағы қолдар» деп ойлайды да, орталарынан Қарасайды хан сайлайды. Сонда арадағы бір батыр сөз айтады. Ол «Қарасайдың айтуы бойынша, мына жол-

<sup>1</sup> Мұсылмандар арасында тараған түсінік бойынша көзге көрінбейтін, бірақ адамдарды қолдап жүретін жанапшыр, жебеуші рухты қырық жолдас.



дан өткенде әскер екіге бөлінетін болып тұр, сондықтан екінші әскерге хан етіп Бүркіт ханның ұлы Әділді сайлайық» дейді. Мұны батырлардың бәрі қуаттайды.

Әскерді екеуі тең бөліп алып, жүріп кетеді. Қарасайдың айтқанындай, бір жетіден кейін әскерлер бірін-бірі көріп қуанысып, сол жерде демалады.

Алдын болжау үшін барлаушылар жібереді. Бұлар, Қарасайдың әскерінен – Көгістің ұлы Ер Тама, Әділдің әскерінен – Қарсының ұлы Ер Тарғын болады. Екі батыр Қиғаштың басына шығып, арғы жағына қараса, көз жетпейтін дария екен. Дарияның еңсіздеу жерінің жағасынан бір қара көрінеді. Келіп қараса, тастан қалаған оба екен. Тасты айнала жүріп, қақпақ тасқа мұсылманша ойып жазылған жазуды көреді. Жазуды оқып қараса, онда мындай сөздер жазылған екен.

«Менің атым – Орақ. Мен дарияның осы еңсіздеу жерінен жер асты арқылы арғы бетке өтетін жол салдым. Жолдың аузы – осы оба. Ноғайлы батырлары Күзбанның шаһарын іздеп келе қалса немесе ат тұяғын салып келсе, менің соларға тастап кеткен белгім. Қолдарына шам-шырақ алып, аттарына мініп, арғы бетке өтсе, қалмақтың берік соққан қамалын көреді. Бұл жолды салған мен – қайта айналып келем бе, болмаса ажал жетіп өліп қалам ба, сондықтан ескерткіш ретінде салған белгім еді». «Мұса ұлы Орақ» деп қол қойылған екен.

Батырлар обаны құлатып жіберіп қараса, ұзындығы жүз қадам, ені жүз қадамдай болатын тастарды көреді. Екеуі күш қосып, тастарды аударса, астынан үңгір көрінеді. Аттарын белдеріне байлап, қолдарына шам-шырақ алып түсіп, арғы бетке шығып, берік соққан қалмақтың қамалын көреді. Көргендерін өбден ойларына тоқып, әскерге қайтып келіп, жауаптарын берген екен.

Бірінші болып Тама сөйлейді:

*Барып келді Тамаңыз,  
Жиналған көп, ағамыз.  
Адам көрмеген қиын жол,  
Келер ме бұған шамаңыз.  
Алладан жәрдем болмаса,  
Қайтер екен бала-шағаңыз.*



Осындай қиын жол бардан  
Сескеніп келді Тамаңыз.

- 610 Орақтан қалған жол екен,  
Бұған қайтіп барамыз,  
Мұрға қайтіп аламыз?.. (21)  
Асты – тас та, үсті – жол,  
Қараңғы жерде жолы бар.  
Жүре алмауға ұқсайды  
Жиналған әскер, ауыр қол. (21)  
Жолының барған төрінде  
Беріктеу соққан тас қала.  
Айнала қазған оры бар.
- 620 Қаласының басында  
Асылы гауһар болаттан,  
Құрулы жебе торы бар.  
Ендігі қырық бар саны,  
Ел жағалай қонғандай.  
Сол қамалдың басына  
Шабуыл шапса болғандай.  
Сырты темірмен қаптаулы,  
Мұнараның басында  
«Мұсылман жаулар келер» деп
- 630 Күзетшілер тұр сақтаулы.  
Сол қаланың ішінде – (21)  
Жүйрік аттар баптаулы, (21)  
Найза-қылыштар сақтаулы. (21)  
Қорғанының басында  
Қырық мыңдай атқыштар –  
Мергендер де сақтаулы.  
Бұл қалаға барған жан  
Бір пәлеге анық жолығар.

Осылай деп Тама сөзін аяқтапты. Сонда батырлар не қыларын білмей, бір-біріне қарасқан екен. Топ ішінде тұрған Тарғын «мен де осыны айтқан кісінің жолдасымын ғой, мен де көрген-білгенімді айтайын» деп мына сөздерді сөйлеген екен:

Батыр Тама, ер аға,  
640 Айпыр-ай, қалай сөйлейсің?..





- Мен де көрдім қалмақ қаласын,  
Жұрттың көрдім қарасын.  
Аруағыңды қарасам –  
Қаптатып қара барасың.  
Сенен де батыр болар ма,  
Жұрттың жүрегін жарасың,  
Жұртты уайымға саласың.  
Қазулы жатқан орлары –  
Ат жорытқан жол болар, (21)
- 650 Аққан дария көлдері – (21)  
Әруақпен қара жер болар (21).  
Беріктік соққан тас қала –  
Ерлерімнің зарпынан,  
Ақырса, кесек, күл болар.  
Қалмақтың қызы күң болар,  
Солқылдаған ұлдары,  
Табанға түсіп, күл болар.  
Ат құрағы аламан –  
Біздерге қара пұл болар.
- 660 Жұрттың зейінін құлатпа,  
Жұртты босқа жылатпа,  
Қаларсың босқа ұятқа.  
Қалаға қарсы біз барып,  
Өлгендерін өлтіріп,  
Қалғандарын бір қосып,  
Кәлимаға тілін келтірсек,  
Жетпейміз бе, мұратқа?..  
Сіз айтқан сөздер ып-рас,  
Қаласының басында
- 670 Құрулы тұрған торы бар,  
Айнала қазған оры бар,  
Айтпай кеттің сен жаңа,  
Айдын шалқар соры бар.  
Қалаға қарыс қалғанда  
Қатындар қалар, ер барар,  
Соған барған аламан  
Олжаға қарық мол болар.



Батырлар осындай сөздерді айтқан соң жұрт «қалаға апаратын жол болса, қаланы қалайда аламыз» дейді. Батырлар Тама мен Тарғынның бастауымен қолдарына шам-шырақтарын алып, жер асты жолымен қала жаққа қарай жүреді. Байқап қараса, Тама, Тарғын батырлардың айтқанының бәрі де рас болады. Бір уақытта қалмақтар жауды көріп, соғыс дабылын қағып, дайын тұрған мергендер оқ ата бастайды. Қамалға кіруге ешқандай мүмкіншілік болмайды. Сондықтан атақты батырлар аттарын жеңілдетіп, қаланың ішіне кірудің амалын іздейді (22). Қаланың ішіне кіру үшін тұлпарларын әуелі сорға, сонсын – орға, сонсын – торға, сонсын – қалаға секірту арқылы жететін болады. Сөйтіп, қалаға бір кіріп, бір шығып жүргенде, әскер көп қырғынға ұшырайды, ту алып жүрген Әділ жоқ болып шығады. Қарасай мен Әділ екеуі өмірлік бірін-бірі жауға тастамасқа серт еткен дос болған екен. Қарасай жалғыз өзі қалаға тоғыз кіріп, Әділден ешқандай дерек таба алмайды. Тек қана, жауға ұстатпай жүрген Әділдің Ақтабан тұлпарын алып шығады.

Бұл сапарда батырлар қаланы жаулап ала алмайды. Бірақ батырлардың елге тигізген пайдасы – егер де, енді бір-екі күн кешіккенде, Күзбан хан елге қарсы жорыққа шығып кетеді екен. Батырлар жорыққа дайындалғандардың үстінен шыққан екен. Сонда Күзбан «біз Ноғайлы елін нашар ел ғой» деп жүрсек, оларда да мынадай батырлар бар екен» деп, батырлардан қорқып, шабуылға шықпай қалады. «Бұл батырлар тағы да қайтып келер» деп дайындығын күшейте береді.

Қарасай қалған әскерімен елге қайтады. Оның еш затпен ісі болмай, өзімен-өзі қамығып, Әділдің Ақтабан атын жетегіне алып, әскердің шетін алып жүре береді. Әскерлер бірнеше күннен кейін елге жақындайды, бірақ мұны Қарасай байқамайды.

Елде Әділдің шешесі төбеге шығып, күнде баласын қарайды екен. Бір күні қарап тұрса, төбеден құлап келе жатқан көп әскерді көреді. Әскердің оң жақ бетінде Әділдің Ақтабан атын жетелеп келе жатқан Қарасайды көріп, әскердің санының бұрынғыдан азайып қалғанын байқайды. Сонда кемпір «көрініп барып сұрасам, айтпас, не де болса тосын сұрап састырайын» деп әскердің жолына жасырынып, Қарасай тұсына келе берген мезгілде аттың тізгінінен ұстап алып, баласын сұраған екен.



- Уа, шырағым Қарасай!..  
Аман-есен келдің бе?..*
- 680 *Менің Әділ ханымды  
Жауға тастап кеттің бе?..  
Ұят болса, шырағым,  
Өз қолыңнан көмдің бе?..  
Қарасай достым сен едің,  
Әуре бейбақ мен едім,  
Екі көзім еңіреуде,  
Қайғы мен уайым жеп едім.  
Сен қасында болған соң,  
Әділ сұлтан қарағым,*
- 690 *«Жауда қалмас» деп едім.  
Сол бойыма біткенде,  
Балалы пілді асырап,  
Сүтін ішкен мен едім.  
Қарасай, айтшы шыныңды,  
Мен алайын тынымды.  
Қорқып тұрмын, қарағым,  
Көрген соң сенің тұрғанды.  
Әуре қылмай, шыныңды айт,  
Қай жаққа тастап келесің,*
- 700 *Әділ сынды менің ұлымды?..*

Осы сөздерді есіген Қарасай жалт қараса, көргені Әділдің шешесі екен. Сонда ол «балаң жауда қалған жоқ» деп үйіне қарай кете берген екен. Ол өз үйіне келгенде алдынан шешесі шығып, мына сөздерді айтыпты:

*Әуре болдым сенделіп,  
Талай кездім желденіп.  
Жағасы жақұт кіреуке  
Жыртыла жаздады енденіп.  
Кете жаздадым, шырағым,  
Көрінген жұртқа жем болып.  
Айым мен күнім – екеуің,  
Қосылдың ба, жаңа тең болып.  
Алғаным кетіп арланып,*



- 710 Алғаным қолдан кеткен соң,  
Айдаһардың екі баласы,  
Ізденді талап қарманып.  
Тәңірім тілек бермеді,  
Көздің жасын көрмеді,  
Аян беріп менің түсімде  
Бабаңыз жәрдем жолдады.  
Қарасай, аман келдің бе?..  
Қалмақ жауды көрдің бе?..  
Қасыңдағы әскерің  
720 Сау-саламат келді ме?..

Шешесінен осы сөздерді естігеннен кейінгі Қарасайдың берген жауабы былай екен:

- Аруақты қарт ана,  
Ақылға кемел сен ғана.  
Өз теңімнен кем болмай,  
Дұшпанға қылған қайратым  
Сонда қалды шен болып.  
Әділімнен айырылып,  
Жез қанатым қайырылып,  
Жасылған жездей майырылып,  
Осы күнде келемін,  
730 Қас масқара мен болып.  
Өтер де бауыр, бүйрегім,  
Қайғыменен күйініп.  
Тоғыз қатар ат салдым,  
Сонда да көре алмадым,  
Оның жатқан сүйегін.  
Қамалға қанша кірсем де,  
Әділімді көрмедім.  
Қайратымнан не пайда,  
Соның жатқан жерінде  
740 Мен неге жатып, өлмедім?!..  
Енді қашан көрермін,  
Бір көрмесем өлермін.  
Таңда, махшар күнінде



*Тар көшенің бірінде,  
Бір көрсем сонда көрермін.*

Сонда соқыр кемпір «бұлар Әділ өлді деп, күдерлерін үзіп келген екен, менің көрген түсім бойынша ол өлген жоқ сияқты еді. Шешесі жылап отырған шығар, көңілін көтерейін» деп, бір адамға жетектетіп, сол үйге барады. Абысынын көріп, Әділдің шешесі мына сөздерді айқан екен:

*Айналайын, ене-еке,  
Мен теңімнен кем болып,  
Пақырлармен тең болып,  
Дұшпанға қалдым жем болып,  
750 Әділімнен айырылып,  
Жез қанатым қайырылып,  
Осы күні отырмын,  
Қас масқара мен болып.  
Жүруші едім сағынып,  
Болармын адам не қылып.  
Кешегі менің жалғызым –  
Жатыр ма екен жер қабынып.  
Жатыр ма екен жалғызым,  
Ақ кіреуке жамылып.  
760 Қолдан жуып қоярға,  
Үйде де өлмеді, қағынып.  
Кезіп қайда барайын,  
Қайдан ақыл табайын,  
Маңдайсыз болған сорлы қыз,  
Сені қайтіп бағайын?..  
Бір үйдегі екі жан,  
Қайткенде бабың табайын?..  
Әділ менен Қарасай –  
Жүретін еді тең болып,  
770 Рас тағы айрылып қалғаны.  
Көрінген соң көзіме,  
Өкпемді айтып қалайын,  
Қара тамақ қайғысын.  
Қай есікте жүрермін,*



- Дорба салып мойныма,  
Қайдан тамақ тілермін?..  
Таяқ алып қолыма,  
Не қылып жаяу жүрермін,  
Жетім қызды құшақтап,  
780 Не қылып дәурен сүрермін?..  
Қарағым келіп қасқып,  
Құдай-ай, қашан күлермін?..  
Енді қайтып баруға,  
Жүрегі қайтты бұл елдің.  
Айналайын, қарағым,  
Артыңда қалған ағаң жоқ,  
Жалғыздықтан жаман жоқ.  
Ия болмаса, құдай-ай,  
Артыңда қалған балаң жоқ.  
790 Көкіректе алаң жоқ.  
Тым болмаса, қарағым,  
Артыңда қалған інің жоқ.  
Мен сорлыда тыным жоқ,  
Жұрт көретін түсім жоқ. (23)  
Халқым қалды қаласыз,  
Мен сорлы қалдым баласыз.  
Бишара болған сорлы қыз –  
Сен де қалдың ағасыз.  
Адыра қалған ақ орда –  
800 Әділім саған кірер ме,  
Арқасы құтсыз Ақтабан,  
Әділім саған мінер ме?..  
Ауылымның үстіне,  
Билер кеңес құрар ма,  
Билердің басы құралып,  
Көңілімді сұрар ма?..  
Отырсам не ғып тұрармын,  
Қарағым, еді-ау тұрағым.  
«Қарағың аман келді» деп,  
810 Естір ме екен құлағым?..  
Алладан үміт үзбейін,  
Саламат, жаны бар болса –  
Бір күні келер шырағым.



Сонда соқыр кемпір абысынына мына сөздерді айтқан екен:

- Жылама, байғұс, жылама,  
Жылағаннан пайда жоқ,  
Көз жасыңды босқа бұлама.  
Қаза мен бейнет әуелден,  
Тірі пендеге сыбаға.  
Жалына бер, шырағым,*
- 820 *Жаратқан Жаппар Құдайға.  
Тұлпарың кетті желіңнен,  
Айбарың кетті еліңнен,  
Қуатың кетті бөліңнен.  
Көрген түсім шын болса –  
Әділің аман секілді-ау.  
Әділден кетпе тұңіліп,  
Екі көзің көр болар,  
Жол қарасаң үңіліп.  
Қарауыл қарап кеткенде,*
- 830 *Жолға талап еткенде,  
Енді өлмей кеткен деп,  
Мына кілең боқ, жаман,  
Келіп тұр ғой одан тұңіліп.  
Жолда жатқан асқар тау,  
Жоғалды белден қылыш бау,  
Жаулаған талай қалмақ жау.  
Тоғыз жыл жатып зынданда  
Орақ пенен ер Мамай –  
Олар да келген, аман-сау.*
- 840 *«Қалды, деп, балам» налыма,  
Атағы шыққан ханыма. (23)  
Көзім ұйқыда жатқанда,  
Үңіліп едім жолына,  
Ұшып барып, тап болды  
Аналардың құрған торына.  
Алыстан көріп, шақырдым,  
Кешігіп қонды қолыма.  
Әділің аман өлімнен,  
Тағы бір зат тап болмаса*



850 Сормаңдай, сенің сорыңа.  
Төрт түлік қалды жиған мал,  
Бұл сөзіме құлақ сал.  
Болмаса да Әділдей,  
Бас-көз болар малыңа,  
Қарасай мен Қазидың,  
Екеуінің бірін қалап ал.

Бұл айтқан сөздерді естіп, Әділдің шешесі «олай болса, баламның досы еді, Қарасайды аламын-дағы» депті де, оны қолына алып отыра беріпті. Бұған да бір жыл толады. Атақты батырлар жаға жағалап тарап кетеді. Әділден ешқандай хабар болмайды. Бір күні Әділдің қарындасы Ілия түс көріп, түсінен қуанып оянып, ұйықтап жатқан шешесін оятып, мына сөздерді айтады:

Түрегел, ана, түрегел,  
Түсімде жаңа менің көкем  
Қасыма менің келіп жүр,  
860 Қолынан тағам беріп жүр,  
Көтеріп алып алдына,  
Мойныма қолын салып жүр.  
«Қарасайдай досым жоқ,  
Көңілімнің қошы жоқ»  
Деп, өртеніп-күйіп жүр.  
«Торға түсіп қалдым» деп,  
Өзінен-өзі налып жүр.

Бұл кезде шешесі де түс көріп, Әділдің тірі екенін біліп жатыр екен. Сондағы оның айтқан сөздері былай екен:

Ұйықтап едім мен жатып,  
Келіп жүр екен қарағым,  
870 Қасыма менің сөз қатып.  
Және жүр екен, қарағым,  
Емшектерімнен дәм татып,  
Қойныма келіп бір жатып.  
Сөйтіп жүріп айтып ед





*«Жатырмын қалмақ жерінде,  
Жеті қабат темір үй,  
Темір үйдің төрінде,  
Шынжыр арқанмен байлаулы,  
Арқандар менің белімде.  
880 Қарасайдай досым жоқ,  
Көңілімнің қошы жоқ.  
Қадірсіз досы мен бе едім,  
Мал ішінен жоғалған,  
Бір жандықтай көрмеді,  
Мен қиындықта жатқанда,  
Мойнын тартар ер ме еді?..  
Ілия мен қарт анамды  
Жылатқаны оның жөн бе еді?..*

Сонда шешесі «батырларды тағы да аттандырып көрсек қалай болады» деп елге сауал салады. Елдегі атақты батырлар тарап кеткен, тек қана, Қарасай мен Қази қалған екен. Атағы шамалы батырлардың жүректері шайылып қалған, олар баруға батпайды.

Қарасай мен Қази тәуекел етіп, жолға аттанады. Қази Әділдің Ақтабан тұлпарын мінеді. Бұрынғы көрген жол бойынша барып, қалаға тимей, сақарада жүріп қалмақтың еліне күн көрсетпейді. Содан қалмақтар запы болып, Күзбанға хабар береді. Күзбан олардың «екі бала» дегеніне сенбей, «бұлар тек екеу болмас, бұлардың артында қол бар болар, мыналар солардың шапқыншылары болар» деп барлық есікті аштырып, әскерді сырнай-кернейімен, иттерімен шығарады да, өзі тамашалауға ере шығады.

Сонда, қалмақтың Әшке деген батыры «бұл балаларды өзім ұстап аламын» деп бірінші кезекке ұрысқа шығады. Сол батырдың түрі, сипаты мынадай екен:

*Күндік жерден әрмен ақырған,  
890 Айбатына қарасаң,  
Дүниенің жүзі қапылған.  
Қырық қашар екен көлігі,  
Дәулер екен серігі.  
Ашуланып балаларға*



- Батырдың келді желігі,  
Келе беріп сөйлейді,  
Сөйлегенде Әшке бұй дейді: (23)  
«Танымайсыңдар бабаңды,  
Танымасаңдар бабаңды – (23)
- 900 Тарттырармын жазаңды!..  
Солай іздеп келдің бе,  
Біздегі жатқан ағаңды?..  
Ноғайлы, Қалмақ болды қас,  
Кеудем – темір, басым – тас,  
Барасың қайда екі жас?!..  
Жерге барып түседі,  
Сендердің енді келдең – бас.  
Мен, мен едім, мен едім,  
Қалмақтан шыққан ер едім.
- 910 Ноғайлының батырларын  
Қырып жүрген де мен едім,  
Не қылған күнде тең едім,  
Аты-жөн айтып, білдірші,  
Қайдан шыққан неме едің!..»  
Сонда Қарасай сөйлейді,  
Сөйлегенде бұй дейді: (23)  
«Ол айтқаның ып-рас,  
Кеудең – темір, басың – тас,  
Тәңірім берсе тілекті –
- 920 Жерге түсер келдең-бас.  
Сөйлейін сөзді жараса,  
Қылармын саған тамаша.  
Менің атымды сұрасаң –  
Айдында – Орақ, айда – Орақ,  
Аштарқанда даңды Орақ, (23)  
Атса, мылтық өтпеген,  
Салса, найза теспеген,  
Қылышпен шапса – кеспеген,  
Өзір болған жарандар
- 930 Түк қасынан кетпеген.  
Аты-жөнімді айтайын,  
Қази менен Қарасай –  
Сол Орақтың баласы.



Көп айтып алма мазамды,  
Жеткізермін қазаңды,  
Тарттырармын сазаңды.  
Келбетіңе қарасам –  
Жасың ұлкенге ұқсайды,  
Кезегіңді берейін,

940 Қалдырмай жұмса барыңды».

Мына сөзді айтқан есітіп,  
Сонда қалмақ бұрқанды,  
Бұрқанды да, бұрсанды,  
Мұздай темір құрсанды.  
Садағын қолға алады,  
Қалқиып тұрған баланы,  
Толғай тартып қалады.  
Қалмақтың атқан қол оғы,  
Темірге тиген немедей,

950 Тойтарылып, қайтып қалады.

Сонда Қарасай сөйлейді,  
Сөйлегенде бұй дейді:  
«Саржамды тартып көрейін  
Тәңірім берсе тілекті,  
Қозы жауырын қол оқпен,  
Сыбағаңды берейін»  
Деп, садағын қолға алды,  
Толқып тұрған қалмақты,  
Толғай тартып қалады.

960 Баланың атқан қол оғы,

Аспаннан түскен жасылдай,  
Саулап өтіп барады,  
Қалмағың құлап қалады.  
Енді келіп қос батыр  
Ойранды жауға салады.  
Сөйтіп жүріп сөйлейді:  
«Әділ сұлтан-хан үшін,  
Қылайын құрбан жанымды,  
Әділімнің жолына

970 Садақа еттім бар малымды.

Алла берсе тілекті  
Жоқ қылайын өңшең залымды.



- Атам Орақ әруағы,  
Бүгін пана болыңыз,  
Бүгін басқа қоныңыз»  
Деп айқайлап, дауыстап,  
Аспанға соза береді.  
Сол уақыттар болғанда,  
Көк те «Аллалап» келеді,  
980 Шөп те «Аллалап» келеді,  
Тау да «Аллалап» келеді,  
Тас та «Аллалап» келеді,  
Аспандағы ұшқан құс –  
Бұл да «Аллалап» келеді.  
Бір пәленің келгенін,  
Бір сойқанның болғанын  
Сонда қалмақ біледі.  
Алтыншы күн қырады,  
Қызыл қанға бояйды,  
990 Көлдете сай мен жыраны.  
Жетінші күн болғанда  
Батырлар сыртқа қараса –  
Үштің бірі болмапты.  
Батырлар рухқа жылады,  
Сөйтіп жүріп сөйлейді:  
«Астыма мінген тұлпарым,  
Ауызыңа мың кісі,  
Сыпыра жалыңа мың кісі,  
Құйрығыңның талына,  
1000 Оған да тиер мың кісі.  
Біз өзіміз қос жетім,  
Қалмақ деген көп кісі.  
Көп кісіге жолықтырған,  
Алла тәңірінің бұл ісі, (23)  
Деп айқайлап, дауыстап,  
Аспанға соза береді.  
Сол уақыттар болғанда,  
Алладан болған пәрменмен,  
Көк шекпенді, көк атты,  
1010 «Менің атым Орақ!» деп,  
Саулап кіреді қалмаққа.*



- Аламаны қойдай дуылдап,  
Әскерлері артынан  
Маңыраған қойдай шуылдап,  
Аламандар кетті соңынан  
Аш бөрідей жабылып,  
Жаудың тартты қоңынан.  
Сол мезгілдер болғанда,  
Айналдырған екеуі
- 1020 Шәһарды кетті аралап,  
Аш бөрідей жаралап.  
Қалмақ шіркін сап болды,  
Қарап тұрса шамалап.  
Көк семсердің астында  
Талай қалмақ құлады,  
Талай қалмақ сұлады,  
Талай қалмақ жылады,  
Қалмақ шіркін сап болды,  
Батырлар көңілі бір тынды.
- 1030 Сол мезгілдер болғанда,  
Қылыш астына бір әйел  
Басын сала жаздап жүр,  
Басы менен кеудесін  
Ат астына салып жүр.  
Батырлар байқап қараса,  
Асылы нашар бір әйел  
Тізгіндеріне оралып,  
Шаужайдан келіп алып жүр.  
Сөйтіп жүріп сөйлейді:
- 1040 Ноғайлық едім, жақыным,  
Азап берді мына кәпірің.  
Мен де бір Ноғайлы баласы,  
Мен бір жүрген пақырың.  
Қарақтарым, мені алып кет,  
Болмаса, өздерің қолыңнан  
Өлтіріп, дарияға салып кет.  
Мен де бір Ноғайлы елінен  
Қалмаққа түскен жан едім,  
Ноғайлыны көрмекке



1050 Көптен бері зар едім.  
Әділің – аман, сүйінші!,  
Жеті қабат темір ұй,  
Темір ұйдің төрінде  
Әділің аман, бар еді.  
Құсас болған қалмақтың  
Білдірмей берген дәрісі,  
Сол дәрінің уыты,  
Әлі келсе, азғантай,  
Қарақтарым, мен де бар.

1060 Бұдан артық не дейін,  
Әділіңді тауып берейін.  
Мұсылманға жаяу ерітсең,  
Ат бергендей көрейін.  
Өлсем, шейіт болармын,  
Мұсылманның жолына  
Талап етіп мен бір көрейін.

Арпалыс соғыс үстінде мұсылман әйелдің осы сөздерін естіп, «Әділге көмегі тиетін дәрі бар» деген соң Қарасай қолын созады, сонда қолына бірнәрсе ілінеді.

Соғыс бітіп, Қарасай қаланы аралап, қауіпті жерлерді қарап жүрсе, айтқандайын жеті қабат темір үйді көреді. Ішіне кіріп келсе, темір үйдің төрінде аяқ-қолы кісендеулі жатқан Әділді көреді. Қарасай кісенді үзіп, екеуі көріскенде, екеуінің де көңілдері босап, көздеріне жас келеді.

Сонда Әділ Қарасайға мынадай өкпе-назын айтады:

Қияметті досым, Қарасай,  
Мұнша жаттың не қылып?..  
Өлер болдым сені сағынып.  
1070 Әділ сұлтан досыңды  
Іздемей жаттың не қылып?..  
Көптен бері келмедің,  
Келіп, сәлем бермедің.  
Таудай тартқан көкірегім  
Қайғы басып шерледі.  
Мен қиында жатқанда



*Бас тартатын ер ме едің?..  
Мал ішінен жоғалған  
Бір жандықтай көрмедің.*  
1080 *Ілия мен қарт ананы,  
Жылатқаның жөн бе еді?..  
Қарасай, қайтіп жасармын,  
Елге қайтып, асармын.  
Қол-аяқта дәрмен жоқ,  
Не ғып аяқ басармын.*

Олар осылай отырғанда Қази келеді. Екеуінің көздеріндегі жасты көріп, «Бұларың не, жаудың көңілін өсіріп, ер емес, қатын екенсіңдер ғой. Сендердің бастарыңды өзім-ақ алайын» деп қылышына қолын қояды. Екі батыр сескеніп, «еті қызып жүрген батыр неме жазым қылар» деп, көздерінің жастарын сүрте бастаған екен.

Әділді сол қаланың бір үйіне кіргізіп, табылған тамақтың түрлерін, дәрілерін беріп, қалпына келтіреді. Өздері халыққа жағымды адамды хан сайлап, елге қайтуға дайындала бастайды. Қарасай «Қосайға және құдайға берген уәдем бар еді, соны осы жерде орындайын» деп, тоғыз құл, тоғыз күң және тоғыз сусар тонды бөлек алады. Сөйтіп, Қарасай мен Қази шаттанып, Әділге қосылып, көңілдері тасып, елге қайтады.

Елге жақындаған соң, сүйінші сұрауға Қазиды оздырып, алдарына жібереді. Олардан озған Қазига мынадай бір ой келеді. «Осы біздің анамыз әр нәрсенің алдын болжап айта береді. Сол біліп айта ма екен, болмаса аналығын бұлдап, босқа айта ма екен, сынап көрейін» деп, астындағы атын тоғайға тастап, ауылға келіп, жабықтан сығалап қараса, үйде тек қана Ғибаты мен анасы бар екен. Ғибат анасының басын қарап отыр екен.

Сонда Қази кіріп келіп сөйлейді:

*Ассалаумағалаяйкүм,  
Ғибат пенен қарт ана,  
Ақылың асқан сен дана.  
Айналайын, Ғибатжан,*  
1090 *Неге бардым қасыңа,  
Болмадым қамқа басыңа.  
Ойлап-ойлап қарасам,*



- Қарағым, сенің көзіңнің  
Келіп тұрмын жасына.  
Тәңірім тілек бермеді,  
Көздің жасын көрмеді.  
Қарекем қолда барында  
Дұшпанға теңдік бермеді,  
Бұл күндері болғанда,*
- 1100 Қарекемнен айырылып,  
Жез қанатым қайырылды  
Жасық жездей майырылып.  
Дұшпандар кетті зор болып,  
Біз сорлы қалдық қор болып.  
Қырық құлаш зындан ішінде (23)  
Қарекем қалды қор болып. (23)  
Шабал алмады қайта қамалға,  
Келе алмады тілі аманға.  
Қарекемнен айырылып,*
- 1110 Бишара болып, Ғибатжан,  
Тап болдым мұндай заманға.*

Мына сөздерді естіп, Ғибат шошып кетіп, Қазифа қарай жүгіргенде кемпірдің басы түсіп кетеді. Кемпір басын көтеріп байқаса, келіп тұрған өзінің баласы Қазифа екен.

Сонда кемпір Ғибатқа қарап, «сен бұдан хабар сұрама, хабарды менен сұра. Бұлардың біреуі емес, екеуінің де меніменен іштей бөсекелері бар еді» деп сөйлей жөнеледі.

- Иншалла, дұрыс тілегім,  
Келеді аман, білемін.  
Тек, жайыңа қарап тұр,  
Албырт туған боқ, шіркін,  
Баламның жарма жүрегін.  
Қарағым жауда қалған жоқ,  
Көкіректе арман жоқ,  
Налып жатып көргенмін.*
- 1120 Атаң Орақ пен Мамай да,  
Халыққа қиянат салған жоқ, (23)  
Мұндай жауды алған жоқ.  
Мен ризамын құдайға,*





- Бүгін өлсем де – арман жоқ,  
Қарасай, Қази сен едің,  
Менен туған неме едің.  
Талай жерде тарықтық,  
Сонда-дағы сендерге  
Жәрдемші болған мен едім.*
- 1130 Кешегі күні қалмақтың  
Өшке батырын өлтіріп,  
Тәубесіне келтіріп,  
Өлгендерін өлтіріп,  
Қалғандарын бір қосып,  
Кәлимаға тілін келтірді.  
Жағалай таудың басында,  
Екі емшегім салынып,  
Көзімнен аққан қанды жас  
Өңірім судай малынып,*
- 1140 Еңіреп жүрген мен едім.  
Мұсылман әйел табылып,  
Абыройларың жабылып,  
Жеті қабат темір үй,  
Темір үйдің ішінде  
Әділ менен Қарасай,  
Көрісіп еді сағынып.  
«Екеуің бірдей қатын», деп, (23)  
Өлтірейін, деп, сендерді»  
Қоймадың ба қолды қылышқа?.. (23)*
- 1150 Қарағым, маған ұрыспа,  
Өзің ойлап қарашы,  
Осы айтқан сөзім дұрыс па?..*

Сонда Қази шешесінің алдына құлай кеткен екен. Соқыр кемпір Ғибатты үйде қалдырып, өзін бір кісіге жетектетіп, налып жатқан Әділдің шешесіне келіп сүйінші сұрайды. Сонда былай деп сөйлей жөнеледі:

*Сүйінші, байғұс, сүйінші!..  
Көңіліңнен кетсін күйінішің,  
Бармысың үйде, қарымыз,  
Тірілді өшкен жаныңыз,*



- Қайта жанды жарқырап  
Өшіп қаған шамыңыз.  
Келіп қалды Әділ хан –
- 1160 Бұл сөзге айтқан наныңыз.  
Әділден кетіп ең түңіліп,  
Екі көзің көр болып,  
Жолына қарайлап үңіліп.  
Талай қатты зарладың  
Аш күзендей бүгіліп.  
Мына сөзді есітіп,  
Қарындасы – Ілия  
Жөнеле берді жүгіріп.  
Тұра шықты анасы,
- 1170 Көруге шықты қаланың  
Үлкені мен бала-шағасы.  
Менің айтқан бұл сөзім  
Өтірік емес, жігіттер,  
Осы жыр – соның куәсі. (23)  
Анасы келіп сөйледі:  
«Құшақтап сүйген құмарым,  
Айдан ару шынарым,  
Моллалар берген тұмарым!..  
Түк болмай кетті хабарың.
- 1180 Мүз басқандай сырғанап,  
Тайғақ болды табаным.  
Алла басқа салған күн,  
Болмады, тіпті амалым.  
Жасаған ием жар болып,  
Оңғарылған екен заманым.  
Не қылайын көп айтып,  
Аллаға шүкір қылайын.  
Иесі келген екен ғой  
Біздің де мал мен қораның».

Ел батырларына қосылады. Бұл қуанышқа ел той жасап, ат шаптырып, думан жасайды. Тойға Қосайды алдырады. Той аяқтала бергенде Қарасай халыққа арнап сөз сөйлейді. Сөзінің соңында, Қосайдың тұлпарын, тоғыз құл, тоғыз күң, тоғыз сусар тонға, мұның үстіне – қарындасы Ғибатты қоса



беретін болып, уәде етіп алғанын, сол уәдесін қазір орындайтынын білдіреді. Моллаға Құран оқытып, «Ғибаттың некесін қиыңыз» деп өгінеді. Молла Құран оқи бастағанда, Қосай орнынан тұрып, молладан құранды қолына алып тұрып мынадай сөз сөйлейді:

– Орақ батыр қалмақтың Масал деген қаласын жаулап келе жатып, мына балалардың шешесі болған қыздан дәмепіп, «осыдан бала туса, менің аруағым соларда болар» деп, үйленіп еді. Құрманбайдың тойының үстінде келген хат-хабар маған тойдан тоғыз күн бұрын белгілі болып еді. Онда кім батырлардың аты аталғанын, Қарасайдың да аты аталғанын, атасына тартқан бала болса, ол жаудан қалмайтынын, сол үшін ат іздейтінін, ат издесе – менің атыма келетінін білгенмін. Сонда мен жігітті сынау үшін аттың сатылмайтын бағасын айттым. Сонда да Қарасай қорықпай атымды саудалап алып еді. Бұрынғы кезде «Атадан бала ширек кем туады» деген мақал бар еді, бұл бірде дұрыс, бірде бұрыс болады екен. Кейде бала атадан артық туады екен. Мына Қарасай мен Қазі атадан артық туды. Себебі атасы Күзбанды ала алмап еді, оны балалары алды. Мен әкелген заттарына ризамын. Саудаласқанда Ғибаттың аты тек сынау үшін айтылған еді, сондықтан бұл той Әділ мен Ғибаттың қосылу тойы болсын.

Осы сөздерді айтып, Қосай өз қолынан моллаға Әділ мен Ғибатты некелетеді. Басқа заттарының алғанын алып, қалғанын жұртқа таратып береді.

Бұл жыр осымен аяқталады.

### **Түсініктемелер:**

(1) – салыстырмалы нұсқада қазақ-ноғай елінің билеушісі Қондыкер деп аталған. Бұдан әрі қарай салыстырмалы нұсқада (аталған [48; (41-82-беттер)] жарияланымдағы Қашаған ақын нұсқасы) қалай айтылғаны көрсетіліп, түсініктеме берілетін болады;

(2) – Бұл сөздер екінші рет 5-тармақта қайталанған;

(3) – Осы жыр жолы «Терісіне қажаяу салып, теспеген» деп айтылған;

(4) – Мұндай жыр жолы жоқ;

(5) – Бұл тармақтан кейін «Дию, көпір – бәрімен» деген жыр жолы қосылған;



- (6) – Мұндай жыр жолы жоқ;  
(7) – Мұндай жыр жолы да жоқ;  
(8) – Бұл жыр жолы «Барпардың қара тасын атып, сындырған» деп берілген;  
(9) – Мұндай жыр тармақтары жоқ;  
(10) – Бұл жыр тармағы «Мұсылманның батпай жатқан жауынан» деп жыр жолдары ұйқастығын сақтамайтын түрде айтылған;  
(11) – Мұндай жыр жолдары жоқ;  
(12) – Бұл жыр жолы «Қабағына қарыс сүйемге жақын мұз қатқан» деген тармақпен берілген. Бұл тармақ та жыр жолдары ұйқастығын сақтамайды;  
(13) – Мұндай жыр жолы жоқ;  
(14) – Мұндай төрт тармақ жоқ. Олардың орнына «Бір жеріңнен дәмем бар» деген жалғыз тармақ берілген;  
(15) – Мұндай жыр жолдары жоқ;  
(16) – Осы жыр тармағынан кейін мынадай жыр ұйқастығына сай келмейтін жыр жолдары келтірілген:  
«Мен өз-өзімнен еліктім,  
Сен бойыма біткенде  
**Жеті** айдаһар жыланның  
Тірідей қосып, басын бір шайнап  
Сонда қандырған  
Бетбақ едім-ау жерікті»  
(17) – Мұндай жыр жолдары және қара сөзбен берген мазмұн салыстырып отырған нұсқада жоқ;  
(18) – Өкінішке орай, жырдың осы тұстағы жыр тармақтары дәптердің жыртылған бұрышында кеткен. Сол себепті Қарасайдың апан-шұңқырдан шығып, шешесіне айтқан сөзінің мәтінін толықтай келтіру мүмкін болмай отыр. Біз салыстырып отырған жарияланымдағы нұсқада жырдың бұл жері былай баяндалған:

*Келіп тұрған қарт ана,  
Ақылың асқан сен дана,  
Айтпасам, нені білесіз?!*  
*Мен бүгін тойға барғанда,  
Қатар-қатар ат келді.  
Ат үстінде бір азамат –  
Хабаршы бір адамзат? келді.*



Ұзындығы – үш құлаш,  
Көлденеңі – бір құлаш,  
Бойға таза сақтаулы,  
Алтын сырмен қаптаулы,  
Алақандай мөр басқан,  
Оқыған адам адасқан,  
Бір қызыл печатты хат келді?.  
Оқытып, тыңдап қарасақ,  
Қоңдыкердей Ноғайлы  
Патшаның жазған хаты екен.  
Еліме қалмақ келді, деп.  
Күзбан деген – күшті жау,  
Мұны келіп көрсін, деп.  
Тәңірім берсе, тілекті,  
Қозы жауырын қол оқпен  
Сыбағасын берсін! – деп,  
Ерлердің бәріне де сәлем жазыпты,  
Аруақты батыр баласы –  
Қарасай да қалмай келсін, деп,  
Атаға тартпас ұл болса,  
Мал бағу үшін туған құл болса,  
Үйінде жатып өлсін, – деп,  
Мен сорлының атымды  
Қағазға патша іліпті,  
Патша қайдан біліпті?!  
Көрмесін патша жорықты,  
Патша қайдан біледі екен  
Мендей жетім ғаріпті?  
Барайын десем, бұл жауға,  
Атсыз қайда барамын?  
Егерде атсыз жөнелсем,  
Маңдайымды күн тесіп,  
Табанымды жер тесіп,  
Бір майданда қалармын.  
Атамнан қалған тұлпарым –  
Қабан құлақ қара ат жоқ.  
Атасы кәпір дұшпанға  
Жаяу бармақ санат жоқ.  
Өзім барып, алмадым



Қалмақтың соққан қаланы.  
Етіме қажая салдырып,  
Түсірмедім жараны.  
Мен қалмаққа бармасам,  
Атаның орнын алмасам,  
Жұрт келемеж етеді.  
Жұрттың еткен күлкі сөз  
Сүйегіме жетеді.  
Мұндай қорлық көргенше,  
Жасымнан өлсем, не етеді!  
Тәңірім, тілек бермедің,  
Көздің жасын көрмедің.  
Астымда атым бар болса,  
Айналайын, қарт ана,  
Жауға бармайтын  
Жаман туған сенен мен бе едім?!

(19) – Мұндай жыр жолы жоқ.


(20) – Мұндай жыр жолдары жоқ.

(21) – Мұндай жыр тармақтары жоқ.

(22) – Қара сөзбен баяндалған мазмұнның осы жері «Сондықтан атақты батырлар аттарын жеңілдетіп, қалаға штурм жасайды» деп берілген. Бұл да, жоғарыда «Бір қызыл печатты хат келді?» деп көрсетілген жыр жолындай жыр мәтініне орыс тілінің кірме сөзі енгендігін көрсетеді. «Бұларды жыршының айтқаны емес, кейін жырды ауызша таратушының немесе қағазға түсірушінің қосқаны болар» деп қабылдағанымыз жөн болар;


(23) – Мұндай жыр жолдары жоқ.

Қорытындысын айтсақ, жыр мәтінінің аталған басылымдағы нұсқадағы жыр тармақтары құрылысының, үндестік-ұйқастығының Орынбай Бөлдековте сақталған нұсқадан айырмашылығы байқалады. Онда орыс тілінен енген кірме сөздерді кездестіреміз. Демек, «аталған жарияланымдағы мәтін бертін келе жыр жинаушы әуесқойдың естіген, қағазға түсірген, кейбір тұстарын өзі қосқан болар» деген ойға қалдырады. Салыстырып отырған екі нұсқа бірі-бірінен бөлек тараған мәтіндер деп қабылдауға да негіз жоқ емес. Олардың азды-көпті айырмашылықтары болғандығына қарағанда, ел ішінде кең тараған, бірнеше нұсқасымен танылған туынды болған секілді.




X тарау

СӘТТІҒҰЛ ЖАНҒАБЫЛҰЛЫ  
ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕРІ.  
СӘТТІҒҰЛ АҚЫННЫҢ ДАСТАН,  
ТЕРМЕ-ТОЛҒАУЛАРЫ



*...Сәттіәул – Қашағаннан кейінгі Маңғыстау, Жайық бойындағы суырыпсалма халық ақындарының дарындысы, шоқтығы биігі....*

**Сәбит МҰҚАНОВ,**  
жазушы





## ТҮЛЕГЕН ТҮБЕК АҚЫНЫ

Қазақстан КС Республикасының Халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлы (1876-1966) еліне мол әдеби мұра қалдырған шығармашы. Өмір сүрген заманының талабына сай халық шаруашылығын, елдің ерен еңбекшілерін мадақтап, Маңғыстау, Шевченко аудандарында 1926-1957 жылдары үгіт-насихат жүргізген ақын.

Орынбай Айтмағамбетұлы 1934-1938 жылдары Маңғыстау аудандық балықшылар ұжымдық шаруашылықтары кәсіподағының қызметкері болған кезде Сәттіғұл ақынмен жұмыстас болған. Екеуінің тығыз араластық қарым-қатынастығы сол кездерде басталып, 1960 жылдардың ортасына дейін үзілмеген. Міне, сол кездерде Орынбай Айтмағамбетұлы Сәттіғұл Жанғабылұлының кейбір өлең, толғау, қиссаларын оның өз аузынан жазып алып, кейін жергілікті басылымдарда жариялапты. Мысалы, Сәтекең ақынның діни тақырыптағы «Хазірет Әлидің құл болып сатылуы» дастанын жазып алып, өзінде сақтапты. Заман өзгеріп, қазақ қоғамында діни тақырыптағы шығармаларды жариялауға мүмкіндік туғанда, жергілікті газетте 1992 жылы жариялапты. Кейін ол дастан «Орынбай Бөлдековтің жариялатуынан» деген түсініктемемен ақынның 1996 жылы жарық көрген «Аманат» атты толғаулар, жыр-дастандар жинағына енді.

Әкемнің отбасылық мұрағатында Сәттіғұл Жанғабылұлының Адай елінің зиялыларының, ел-халық мақтанышының бірі болған Оңғалбайұлы Қонарбайға арнаған мадақтау толғауының қолжазбасы сақталыпты. Онымен осы тарауда танысатын боласыздар.

Сондай-ақ әкемнің отбасылық мұрағатынан Сәттіғұл Жанғабылұлы жырлаған, араб әліппесімен «төте жазу» нұсқасында қағазға түсірілген, оқушылық дәптердің 22 бетінен (11 парақ) тұратын толғаулары, 32 бетінен (16 парақ) тұратын термелері сақталған екен. Солардың кириллица жазбасына аударылған мәтіндерімен осы тарауда танысатын боласыз.



Сәттіғұл ақынның жанында жырлағандарын толықтай хатқа түсіретін хатшысының болмағандығына байланысты оның әдеби мұралары қағазға түсіріліп, дер кезінде халыққа жетіп тұрмаған. Сондықтан ақынның көзі тірісінде оның шығармалары кең көлемде, тез арада жарияланбапты, өлең, жыр-толғау жинақтары кештеу жарық көріпті. Шындығын айтсақ, Сәттіғұл Жанғабылұлы ақынның қайсыбір әдеби мұраларын сақтау, ел-халыққа жария ету тұрғысынан қарағанда, Орынбай Айтмағамбетұлының бұл бағыттағы еңбегінің маңыздылығында күмән жоқ.

Әкем Сәттіғұл ақынның өмірі мен еңбек жолы туралы бірнеше естеліктер жазып, жергілікті газеттерде жариялапты. Оның жазған алғашқы естелігі 1976 жылы ақынның туғанына 100 жыл толу мерейтойы қарсаңында жарық көріпті. Енді О. Бәлдековтің Сәттіғұл Жанғабылұлы туралы жазған сол естеліктерімен танысайық.

## ТАМАША АДАМ ЕДІ...

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,*

*Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газеті,  
8 маусым, 1976 ж.*

Сәттіғұл Жанғабылұлын Маңғыстау түгелдей, оған шектес Гурьев, Орал, Ақтөбе облыстары, Түрікменстан мен Қарақалпақстан халқының көпшілігі жақсы біледі. Кезінде аталған өлкелердің халқы оны біраз мезгіл көрмесе сағынып, келгенін асыға күтіп отыратын. Кейде жыршыларынан «Сәттіғұлдың сөзін білесің бе, білгенінді айтып жіберші?» деп өздері сұрайтын. Сәттіғұлдың өзін де, сөзін де қадірлейтін халық оны «Сәтеке» деп еркелете атайтын. Халықтың өзіне арнаған ықыласын жақсы түсінетін Сәтеке де ауылға келіп, аттан түсіп, аман-түгел алысқаннан кейін-ақ өзі бастап беріп, қасындағы домбыра тартып, өлең айтатын қосшыларына «ел бізді сағынып, күтіп отырған болар, зарықтырып күттіріп қоймалық, қыздырып отырайық, келгенімізді білмегендер естіп, жиналсын» деп отырушы еді. Бұл айтқанға оның мына бір сөздері куә бола алады:



*Көпшілік басын қосып жиналғанда,  
Сөйлеуге шешен едім ерінбеген.  
Кешегі отыз-қырық, жиырма бесте,  
Көзіме бір кеткесін көрінбеген.*

Сәтекең – жас кезінен бастап бұл дүниеден озғанша өмірін сайраумен өткізген адам.

*Қолыма домбыра алдым он бесімде,  
Айдағы ырзық қуған жел несібе.  
Мен сүйген ер Махамбет, Абыл ақын,  
Өтіпті отты өмірмен белдесуде.*

«Солардың бағдарымен жырым кеткен» деп тоқсанға келгенде де жырлап отырды. Ол өмірінің соңғы күндерінде былайша жырлады:

*Ақынмын екі өмірді аудан еткен,  
Арайлы Октябрьдей таңға жеткен.  
Жамбылмен жадырасып жаз өмірде,  
Қырандай болат топшы самғап өткем.*

Сәтекеңмен қоныстас, үй арасы жақын және көңіл тату ағайын болуымыз себепті бір-бірімізбен ұзақ араласып, сырлас болғанбыз. Соңғы жылдарда жұмыс-тұрмыс жағдайымен ол Таушыққа, одан Жетібайға көшіп кетті. Мен Форт-Шевченкода қалып қойдым, анда-санда жол түсіп қалаға келгенде, Сәтекең біздің үйге соқпай, қонбай кетпеуші еді. Біз Сәтекең келіп қонғанда қуанып, көтеріліп қалатынбыз (Ол барған жердің бәрінде де солай болар). Оның әңгімесін, өлеңін тыңдап қасында отыруға өзіміздің жақын-жуықтарымызды, оның өзі қалаған адамдарын шақырып, жинап алатынбыз. Сәтекең адамды жалықтырмай, өлеңге араластырып күлкілі әзілдер де айтып отыратын. Оның айтқандарының көбі ойда тез жатталып қалатын.

Сәтекеңнің бір ерекшелігі – сөзінің көбін домбырасыз, дауысын әуелі аздап көтеріп алып, тақпақтап анық естіртіп, салмақпен айтатын. «Тыңдаушы сөзді анықтап естісін» дегені



болса керек, ол өзінің сөзін айтқан қосымшаларына «сөмбелердан дауысын басымырақ, сөзін анық естілім, тыңдаушы екенді жақсы түсініп отыратындай айтылдар» дейтін. Соған соғысының алдындағы жылдарда болған Әбікелбай ағашы жаурағына «дауысың күшті-ау, жақсы айтқалар, бірақ әкеңнің сөзді белгі жібересің, содан тыңдаушы адасып қалады» деп отыратын.

Ол өз сөзін өзгертуменге, кейбір қолданылған теңеу, анау сөздерді тастап кеткенге немесе басқа сөзбен айтықаларға ренжесім қалатын. Олардың қандай теңеу екенін, неңдей мағынада қолданылғанын айтып, түсіндіретін. Кейбір жезде әңгімеленіп отырған адам немесе уақытқа қайда болғанын, жағдайдың қалай екенін, жеке кейіпкерлерді – осылардың бәрін тәпшілестіп, бажайлап айтып, «жазып қой, осы жаңғыс сөз» деп отыратын. Бірде маған біздің үйде әңгімелесіп отырғанда мына сөздерді жаздырған еді.

*Адайың, сенде бір мін бар,  
Бірінді бірін күтпейсің,  
Балтырдың, сенде бір мін бар,  
Елшілікке тійгіні бермейсің,  
Шалақандың, сенде бір мін бар,  
Алқалы әтерге келгенде  
Сыбаным билек «кел» дейсің,  
Жүйткілік, сенде бір мін бар,  
Сүйгенінді іздет шөлдейсің,  
Кербездік, сенде бір мін бар,  
Жыланып құрғын келмейсің,  
Қызыл тій, сенде бір мін бар,  
Жылқылар келсе, құрмалып,  
Көтеріп көңіл дермейсің.*

Сөзекен өз сөзін түсінікті етіп, өзі айтқанды жазуды, айтуды, ықыласпен тыңдағанды, ең керекте алып болмағанды жақсы көретін. Бірау ақпаның үсіне келсе, алып қалса, немесе бір шәрме шығып қалса, «кел тұрдың, мін жаурағың» дейтін. Ол жаурағын жаурағын немесе керекшіп, амалсыздықпен тыңдағандықын ұялғандығын.

Сөзекен өлеңіретін деп еді, ер ақпаның құрғын, болған уақытқа қалса кейбір теңеулермен анық сөзін өзгені біретін жаурағып



түсіндіретін. Анығына жетпей біреуді айыптағанды, жамандағанды сүймейтін. Мысалы, осы өңірде ертеде болған Сүйін-қара батыр туралы дұрыс түсінуді, ол жөнінде байлар тараптан өсектер мен оған жабылған жалаларға сенбеу керектігін айта-тын.

Ол жақсының жақсы істерін мадақтап, оны көпшілікке үлгі етіп, кейбір жаман қылықты, сарандықты сынап-мінеп, өткір сөзімен түйреп те тастайтын. Бір бай ағайыны мысқылдап, «саған қойың көбейсін» деген ниетпен тұқымы егіз туатын саулықты екі қозысымен қалдырдым, айдап кет» депті. Көп қойға ере алмай қалған қой екен, әрі құтылғысы келген, әрі жыршыға қой беріп, жақсы атты болғысы келген байдың арамын ойын түсініп, Сәтекең былай депті:

*Мына жатқан үш қойдың  
Үлкенінің тісі жоқ,  
Анау жатқан екеудің  
Бір-бірімен ісі жоқ.*

Осылайша айтып, «бұл қойлардың менің ауылыма жетуі оңай болмас» деп тастап кетіпті.

Бірде жолаушылап келе жатып, кешкісін байдың ауылына қонса, ол желісті қонақасы берменгі. Кетерінде байдың баласын оқытып ошырған молласына мынадай өлең жолдарын жаздырып, «мен келжесім байға өзің оқып берерсің» депті.

*Қайың ағамыз Нұрқабай,  
Қорықпай қойың бірталай.  
Қонаққа қозы сойлаңыз,  
Қозыны қонақ құртпады-ай.*

Бұл сөздерден кейін бай оның соңынан адам жіберіп, қайға түсіп, қонып, қонақасы жем кетуді өтініп, келтіріп сұраған екен, Сәтекең оған бармағаны. «Бай қорықпай-ақ қойың, ең кімге айыпталып» дегенмен, бұл әңгіме еште тарап келіпті.

Сәтекеңінің кәрікем де өткір сөздерімен ғана емес, оның шандоз кәліңдімен, жүріс-тұрысымен де көзге түсетін, ұстадан сөйлеушісімен де өз қапарына, жасарға үлгі болуға лайық ісі



болды. «Ақын адам, жақсы адам осылай жүріп-тұруы керек болар» деп ойлайсың. Оны отырысынан-ақ танитынбыз.

Сәтекең бұлбұлымызды, оның еңбектерін ескеріп, туғанына 100 жыл толуын мерекелеу – оны көрген, оны қадірлейтін жерлестері, біздерге үлкен қуаныш. Ақынды ардақ тұтып, оны мәңгілік еске сақтау үшін оның туған жеріндегі ұжымшарды ия мектепті Сәттіғұлдың есімімен атаса екен. Оның сол жердегі бейіті басына бейне-белгісін қоюға болмас па екен? Осындай шаралар жасалса, ақынға арнаған халық құрметі бұрынғыдан да арта түскен болар еді.

## МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҮГІТ БРИГАДАСЫ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
20 шілде, 1990 ж.*

Ежелгі Маңғыстау тұрғындарының төрт түлік мал бағудан кейінгі күнкөріс кәсібі балық аулау болғаны мәлім. Қазан төңкерісіне дейін бұл кәсіптің тізгінін ұстаған санаулы алпауыттар болды да, кедей-кепшіктер солардан ау, құрал алып пайдаланып, ақысын аулаған балығымен өтеп, немесе қара жұмыс атқарып дегендей тіршілік кешетін.

Кеңес үкіметі кезінде су байлығы халықтың өзіне берілді. Бірақ шашыраңқы түрде ұйымдастырылған балық аулаудың өнімі мардымсыз болды, сондықтан күрделі түрде ұйымдастырылған балық аулау кәсіпшіліктерінің қажеттігі туды. Осылай, 1925-1926 жылдары жеке балықшылар артельдік серіктестіктерге біріктірілді. Жаңа құрылым бірден-ақ өз тиімділігін дәлелдеді де, оған кірем деушілер көбейе түсті. Сөйтіп, 1927 жылы серіктестіктер саны көбейе келе, 1929 жылы 83-ке, ал оның мүшелерінің саны 2667-ге жетті. Оларды «Райпосредник» деген мекеме ау, құралдармен жабдықтап, қарыз беріп, қаржы жағынан жәрдемдесіп отырды.

Сол артельдердің ішіндегі ең негізгілерінің бірі Баутин кентіндегі «Еңбек» артелі еді. Бертін келе ол «ІІІ Интернационал»



ұжымшары болды. Мұндай ұжымшарлар Долгий, Құлалы, Ортаеспе, Кендірлі, Құрық, Саура, Қызыл өзен, Аралды жерлерінде де құрылды. Осылайша, Атыраудың сонау Ақсудан бастап Жандауырға дейінгі жағасының бойынан балық ауланып, елді мекендер ірге тепті.

1932 жылы Маңғыстау аудандық балықшы ұжымшарлары одағы құрылып, оның алғашқы бастығы Иван Сероштан, орынбасарлары Сисенғали Шадырақов, Иван Сапожников болды. 1934 жылы аудандық партия комитеті мені осы одақтың кадр бөліміне жұмысқа жіберді.

Ол кездегі кадр бөлімінің жұмысы қазіргідей емес, алуан түрлі болатын. Соның бір қыры – балықшыларға мәдени қызмет көрсету ісі. Ашығын айту керек – бұл біздің ең бір осал тұсымыз деуге болады. Себебі мәдениет ісінен хабардар мамандарымыз жоқ еді. Бар мамандарымыз – ауылдағы қадау-қадау әншілер, күйшілер, жыраулар. Олардың басын құрай қалған күнде, қаражат, көлік жағы жетіспейді. Әйтсе де «жұмыс қиын екен» деп қол қусырып қарап отыру – ол кез үшін мүлдем жат нәрсе. Қолда бар мүмкіндікпен іске кірістік. Әуелі шағын үгіт бригадасын құрадық. Оның мүшелері – Сәттігүл Жанғабылұлы, аудандық оқу бөлімінің саяси-ағарту жұмыстар жөніндегі нұсқаушысы Алпамыс Қабатбаев, күйшілер – Шамғұл Ибрагимов, Қауынбай Сеңгіров, әнші-жыршылар Хамит Өскінбаев, Жанжігіт Қосназаров болды. Әрине, бұлардың кейбіреулерінің есімдері бүгінгі ұрпақтың көпшілігіне таңсық. Сондықтан оларды таныстыра кеткеннің артықтығы болмас.

Алпамыс Қабатбаев балалар үйінде тәрбиеленіп, жетім өскен жігіт еді. Сол уақыттың көзқарасымен қарағанда, едәуір сауаты бар адам-ды. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деуге лайық, өнерпаз болатын. Домбырашы, әншілігіне қосымша гармоншы да еді. Ол көбінесе маңғыстаулық шығармашылар – Досат пен Шолтаманның, Мұхиттың сазды әндерін, халық әндерін орындайтын. Жұрт алдына шыққанда әнге тәнті болған ел оны біразға дейін жібермей қоятын. Алпамыс 1935 жылы Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласында құрылған қазақ драма театрының басшысы болып тағайындалды. Ал 1937-1938 жылдардың бірінде сол драма театры өртенеді де,



«соны өртеген басшысы» деген жала айып тағылып, тұтқындалады. Халық қадірлісі болған есіл өнерпаз азамат сол кеткеннен мол кетті, ешбір дерегін біле алмай қалдық. Артында қалғанынан менің білетінім – бір қыз баласы бар еді, бірақ оның тағдыры белгісіз.

Хамит Өскінбаев – белгілі домбырашы Мұрат Өскінбаевтың туысы. Ол әрі әнші, әрі күй шығарушы болатын. Оның «Талкеме» атты әні – осы күнге дейін әншілеріміз сүйсіне орындайтын шығарма. Хамит Ұлы Отан соғысына кетіп, содан оралмады.

Жанжигіт Қосназаров Мұрын жыраудың соңынан ерген шәкірттердің бірі болатын. Ол батырлық жырларды, дастандарды таңды таңға ұрып айтқанда тыңдаушыларын жалықтырмайтын.

Ал Сәтекең болса, ол – белгілі ақын. Айта кету керек, осы үгіт бригадасында болған сапарлар оның шығармашылық белсенділігіне елеулі ықпал етті. Өйткені ол жол-жөнекей көрген-түйгендерін, шаруашылықтардың кемшілік міндерін өлеңіне арқау етіп, халық алдында жырлап айтып жүретін. Мысалы, ақынның бір ұжымшарда шаруашылықпен танысқан соң айтқан мына бір өлең жолдары әлі есімде:

*Колхоздың аты – «Жаңалық»,  
Басқармасы – Дағаров.  
Жүдеу екен малдары,  
Бұзаулары ембепті,  
Таңдайлары ағарып.*

Әрине, ол кездегі шаруашылық басшылары дені шала сауатты, қара тәжірибеге ғана сүйенген кісілер еді, сондықтан олардың жұмыстарында олпы-солпылық көп болатын. Бір ескеретін жәй – Сәтекеңнің көзі соның бәрін байқағыштығы. Сонымен қатар ақын еңбек озаттарының есімдерін де насихаттап жүретін. Мысалы, балықшылар одағының Одақтық орталық комитетіне мүше болған «Құлалы» ұжымшарының озат балықшысы Еркеш Жаманқұлова, Фетисов ұжымшарының балық аулау бригадасының басшылығынан бас-аяғы төрт-бес жылда аудандық балықшы ұжымшарлар одағының төрағасына дейін жоғарылаған Рымбай Мұңалбаев, «Долгий» ұжым-





шарының бастығы Михаил Донсков – міне, осылардың бәрі – кезінде Сәтекеңнің өрнекті өлең жолдарында есімдері аталған жандар.

Атырау айдынының кең жағалауын жағалай орналасқан шаруашылықтар шашыраңқы болатын. Оларға баратын дұрыс жол жоқ, қыс, көктем, күз айларында ауа райы қолайлы бола бермейтін кезде оларға жету қиын болатын. Үгіт бригадасы осы қолайсыздықтарға төзіп, жел оңынан тұрса, қалт-құлт еткен желкенді қайыққа мініп, айдын төсіне тартып кететін. Қыста ат шанамен Құлалыға, одан Ортаеспе, Қарашағыр, Қамыранға жол шегеді.

Мен, әрине, жалпы ұйымдық бағыт-бағдар беруім болмаса, бригада сапарларының бәріне бірдей ере алмадым, қаншама ергім келгенмен, оған мүмкіндік жоқ-ты. Үгіт бригадасын аудандық партия комитетінің, әкімшіліктің көз, құлағы ретінде де пайдаландық. Олар барған жерлерінде халықпен қатынасып, сөйлесіп, пікірлесіп түйгендерін, балықшылардың мұң-мұқтаждарын бізге жеткізіп отыратын, содан соң аудан әкімшілігі шұғыл шара алатын. Мен сол кадр бөліміндегі қызметімде 1938 жылға дейін жасадым. Сол төрт жыл ішінде бригаданың өз жұмысына едәуір төселіп қалғанын, жаңа мүшелермен толыққанын, қойылымдарының кемелденгенін көрдім. Бұл өнер ұжымы тек елді мекендерді ғана қамтып қойған жоқ, сонымен қатар аудан орталығы Форт-Шевченкодағы болатын әртүрлі ойын-сауықтардың да ұйытқысы еді.

Артынша соғыс басталды. Көппен бірге маған да майданға жол түсті. Соғыстан қайтып оралғанда «үгіт бригадасы соғыс кезінде де жұмысын тоқтатпады, бұрынғыдан да жігерлілікпен жұмысын жалғастырды» деп естідім. Сөйтіп, тыл еңбеккерлеріне сүйеніш, демеу болыпты.

Өттең, сол отызыншы жылдары аудан өмірінің жылнамасы іспетті мерзімді баспасөз болмады. Сондықтан Сәтекең сияқты арқалы ақындардың «аттың жалында, атанның қомында жүріп» дерлік шығарған көп өлеңдері сол айтылған жерінде қалды. Сол шығармаларды тыңдап, «құлағы қармады, жадына ілді» дерлік көнекөздер де азайды. Әйтсе де «сол бір Маңғыстау



өңіріндегі мәдениеттің алғашқы қарлығашы іспетті тұңғыш үгіт бригадасының қызметі, игі ісі ұмытылмас» деп сенемін.

\* \* \*

Енді Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған Сәттіғұл Жанғабылұлының Адай елінің зиялы азаматтарының бірі Оңғалбайұлы Қонарбайға арнаған мадақтау толғауының мәтінін назарларыңызға ұсынғалы отырмын. Бұл толғаудың 68 тармақтан тұратын нұсқасы ақынның «Аманат» атты өлеңдер жинағында жарияланған. Ал Орынбай Айтмағамбетұлы сақтаған толғаудың нұсқасы 289 тармақтан тұрады. Айта кету керек, бұл қолжазба тиянақты, баспада жарияланатын түрге дайындалмағанға ұқсамайды. Реті, әкем сол арнау-толғау мәтінімен тиіп-қашып, ара-тұра қайта оралып жұмыс жасаған секілді. Сондықтан оны осы кітапқа кіргізерде тексеріп, сұрыптауыма тура келді. Бұл арнау-мадақтау толғаудың қолжазбасында әкем жазған «бұдан бұрын еш жерде жарияланбаған» деген түсініктеме бар. Сондықтан «бұл толғаудың осы жолғы жариялануы оның бірден-бір толық нұсқасы және алғаш рет жарық көруі болуы ықтимал» деуге болатындай.

Бұл қолжазбаны әкем кезінде жергілікті журналшы-жазушы Ә. Спанға көрсетіпті. Қолжазбаның алғашқы бетінде оның өз қолымен жазған, қол қойған «Қадірлі Ореке! Осы мұраны жоғалтпай, қатыгез кезеңнің қанаттысына қақтырмай, тұмсықтысына шоқыттырмай сақтап, бізге жеткізгеніңіз үшін мың сан алғыс! Әбілқайыр» деген жазба бар.

**Анықтама.** Қонарбай Оңғалбаев (1870-1930) Адай уезі Бозашы болысында туған. Маңғыстаудан шыққан тұңғыш кеденші. Кезінде Закаспий облысының Красноводск (Түркменбашы) қаласында шекарашылардың кедендік жасағының басшысы болған орысша сауатты, еңбегі Ресей патша үкіметі тарапынан бірнеше рет медальдармен марапатталған қайраткер. Кеңес дәуіріндегі саяси қуғын-сүргіннің құрбаны.



## ҚОНАРБАЙ ОҢҒАЛБАЙҰЛЫНА АРНАУ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған Сәттігүл Жанғабылұлының толғауы)*

Шығармалық көңілден  
Бір жаратқан Алланы-ай.  
Пәни дүние, ойласаң,  
Кімдерден кейін қалмады-ай.  
Асқар таудай салмағы-ай,  
Алланың артық жандары-ай,  
Байтақтың патша-хандары-ай,  
Таба алмаған солар да,  
Ажалға қабат далданы-ай.

10 Талайды тартып жалмады  
Қара жердің аңғары-ай.  
Атамыз Қыдырқожадан  
Түзеген екен бері қарай,  
Қатардан озған халық едік  
«Адай» ұран, таңбалы-ай.  
Құдайке, Келінбердінің  
Шетінен жүйрік көп шықты,  
Суырылған тозаң, шаңдары-ай,  
Ерлері шығып ішінен,

20 Сасқанда жұртты қамдады-ай.  
Алшын, Қазақ, Бай ұлы  
Талай құрал болынып,  
Біреуді біреу аңдыды-ай.  
Ұлықсат етсең, Қонеке,  
Бес-алты ауыз сөз шығарып,  
Шайырың жауап арнады-ай.  
Аруақты жігітсің  
Туған бастан бар бағың,  
Асқар таудай айбарың,

30 Әділдік құрған әкімсің  
Қай күннен жұртқа пайдалы-ай.  
Ағытсын жыршың ескертіп  
Естімеген әртүрлі  
Зәкүн мен заңды қайдағы.



Кешегі бір күндерде  
Сескеніп еді Айладыр  
Ел-жұртының аймағы.  
Қарсы келген дұшпанға  
Маңдайың ауып таймады.

- 40 Алқа болса қамалған  
Бұлбұлдай тілің сайрады.  
Оңғалбайдың балалары,  
Сендерге мирас қашаннан  
Баршаның жүлде-байрағы.  
Хабарыңа қай күнде  
Алаш ұлы қанықты-ай.  
«Өтірік» деп жұрт айтпас,  
Ұшқан сөзге нанықты-ай.  
Желдес ағаң Ораз би,
- 50 Патшадан байрақ, баға алып,  
Тұсындағы хандардан,  
Қос наград тағы алып.  
Арыз айтқан артыңа  
Қазақ жұрты қамалып,  
Айтты деме жаранып,  
Мінсіз жауап табылар,  
Расын айтып қаралық.  
Белгілі берен жорғалық,  
Дұшпаннан жүрген ар алып.
- 60 Асылың қымбат алтынсың,  
Қадірі жоқ қолдағы.  
Таптырмайтын жақсысың,  
Іздесе қарап Алаштан.  
Алшайып атқа мінгесін,  
Арың жоқ кеткен алынбай.  
Жақсысың болған дабылдай,  
Көтерген, Алла, бағынды-ай,  
Кесілмейтін үздік несібең.  
Арыз айтып алдыңда
- 70 Қазақ түгіл алты арыс  
Айладыр жұрты шағынды-ай.  
Тура қарап, тексердің  
Бізғарың өтіп, залымға-ай.



- Батырлық, білік, әкімдік,  
Қатар біткен, қалыспай.  
Ойлағанда-ай зейініңмен,  
Зәкүн жоқ қалған табылмай.  
Жұрт таңданған жүйріксің,  
Жерің жоқ қалған шаба алмай.
- 80 Бүгін емес қашаннан,  
Келе жатқан жігітсің  
Басыңнан бақыт арылмай.  
Арғы атаң берен белгілі,  
Қатыгез қара Тоқтамыс,  
Қылышынан қан тамған,  
Қалмақтай жауды қайтарған.  
Ауылым едің айтулы  
Ар кетпеген артыңнан.  
Қара Жүсіп, Оңғалбай –
- 90 Жақсылар еді өнерлі,  
Бармағынан бал тамған.  
Оңғалбайдың ұлдары –  
Ораз бенен Қонарбай,  
Дұшпанға салған бар таңбаң.  
Шешендікпен сөйлесең,  
Былайғы жұртты қайтарған.  
Егескен жерде беттесең,  
Талайлар тайып, жалтарған.  
Қарсы келген дұшпанға
- 100 Найзағайдай ойнайсың.  
Дәреже мен байлыққа  
Тоя ма көзі пенденің?,  
Болған жоқ орта, кем жерің.  
Қазақ түгіл шеттегі  
Тентегін тыйып жөндедің.  
Алқалы көпті басқарып,  
Жарыссаң жолды бермедің.  
Тұрсың асып қайрат, өнерің  
Алжасқанда әркімнің
- 110 Қажауына көнбедің,  
Қалғаның жоқ құр қалған,  
Атаң Қара Жүсіптен,



- Мұра қылып үлгіні,  
Шешендер шығып тілділі,  
Озып едің қатардан.  
Ақылы терең данасың,  
Адасқан ақыл сұрасқан,  
Сұрасқан талай жол тапқан.  
Сасқандарды сүйедің,  
120 Жауабын тауып, құлатпай.  
Орыс, қазақ, түрікпен жұрт,  
Сөйлескендер кеткен жоқ  
Әңгімеңді ұнатпай.  
Соғысқанда жәумітті  
Жеңіп едің, шыдатпай.  
Келе жатқан халық едік,  
Біразбен араз, қыжыл-ай.  
Сейілханның екпіні  
Тие берген Адайға.
- 130 Сен келгесін бұл жаққа-ай  
Қашқанды бастың ұзатпай.  
Шығармап едің дұшпанды  
Түсіріп едің тұзаққа-ай.  
Әшкере болды Алашқа  
Белдескен жауды жеңгенің.  
Қиғаштаған қыранның  
Қиынға салған шеңгелін.  
Әр елді жүрмін аралап,  
Шығарып жаннан сөз айтып,
- 140 Талайды таңдап, саралап.  
Тәңір берген жігітсің  
Ауызыңа жұрт қарамақ,  
Нақ жақсысы халықтың  
Пайдасына жарамақ.  
Иран, Мешхед, Қорасан,  
Ашхабадтың жерінде,  
Айладырдың елінде,  
Ақ жанар қылыш белінде,  
Қойға тиген бөрідей,
- 150 Жәумітті кеттің жаралап,  
Саған зиян еткен жоқ



- Талай дұшпан қаумалап.  
Батырлық, билік, әкімдік  
Баршасын кеттік аралап.  
Арғы атаңыз Мұңалдан  
Иман шыққан қайырлы,  
Ғазыреттен алғыс, дұға алған  
Ерлер шықты екпінді,  
Жаулы жерде сыналған.
- 160 Билер шықты білімді,  
Үлгілі жауап шығарған.  
Желдетейін жел сөзді  
Теңіз берген, құл азған  
Қонекемнің алдында  
Шығайын сөйлеп құмардан.  
Айырылармыз бір күні  
Уақыт бітсе, бұлардан.  
Арыстан туған жігітсің  
Атаңнан ерлік мұра алған.
- 170 Аттанып атқа мінгенсің  
«Қонарбай – дауыл» атанып,  
Болып еді қапасыз  
Дегендерің сол күнде.  
Қазақ, орыс, Текенің  
Біраз жыл тұрдың ішінде  
Ауылыңды жауға тастамай.  
Қайрат еттің ерлікпен,  
Басыңды байлап үкімге.  
Қалғаның жоқ істемей,
- 180 Келген затты көңілге.  
Айладырдың көп ед баласы  
Жылаған «Қонарбай» дегенде.  
Түрікпен түгіл орыстың  
Әкімдерін ерттің  
Қарсысы жоқ қылған ебіңе.  
Бұл Адайдың баласы  
Үйде отырып күледі,  
Тәуекел бар ма көбінде,  
Абыройлы жігіттің



- 190 Шет жерден барып жүлде алған.  
Қадірлі басың пұлданған,  
Заманыңда сенің әңгімең  
Астана көпке тыңдалған.  
Нәсіреддин патша, Әмірхан –  
Солардан тарту – нар алған,  
Наград алып құлданған.  
Аттанып атқа мінген соң,  
Жүлдеден жоқсың құр қалған.  
Бұл дүниеге келгесін,
- 200 Кем болған жоқ бір ісің.  
Тірілікте шайқадың  
«Болмас, деп, жолдас, бұл жалған».  
Мәрт мінезді жігітсің,  
Ер көңілді екпінді  
Өз дегенің болмаса,  
Кетпедің тек бағытта.  
Кеңес еттің келісті.  
Заман бар ма жүрмейтін  
Біреуді біреу қағытпай?
- 210 Айтқаныңды еттірдің,  
Шет жерде жүрген халыққа-ай.  
Қонарбай, Ораз, Нұрсұлтан –  
Сендерден қайрат көрген соң,  
Дұшпандарың қашқандай.  
Ерлік, билік еткенмен  
Келесіңіз жалықпай.  
Айтқаныңды кезеніп,  
Кеткенің жоқ дарытпай.  
Кеткеннен соң алқаға
- 220 Әңгімеңді ағытпай.  
Кім бар еді өлшеусіз  
Шықпай жүрген жарыққа-ай.  
Хабарыңа қай күнде  
Алаш ұлы қанықпай.  
«Өтірік» деп жұрт айтпас  
Еш сөзіңе нанықпай.  
Жеделдес ағаң Ораз би





- Жүйрік еді қапы жоқ  
Самсаған сан қол жетпеген.
- 230 Жұлысты жалғыз көппенен.  
Көргеннен соң қайратын,  
Жан бар ма еді, беттеген?  
Алысқан күні Адайды  
Байлаған жауап ебпенен.  
Адай түгіл нәшәндік –  
Тарарин деген уездің  
Бұйрығына елең етпеген.  
Әкім едің қаһарлы  
Тентекті тыйып, «төк» деген.
- 240 Білгірлік жаққа келгенде,  
Кемітіп ешкім сөкпеген.  
Атқан оғын дұшпанға  
Тигізіп еді көптеген.  
Терең еді түбі жоқ  
Әріден кеңес кептеген.  
Бермейтұғын жауға жолдасын  
Хажы менен Нұрсұлтан  
Ордадан оқып түгесті  
Ресей жұрттың молдасын.
- 250 Қолданған зәкүн ақылды  
Прокурор болып тергеп тұр  
Тентек пенен мақұлды.  
Кідіртіп жұрт сөйлесе,  
Бұқара түгіл әкімді.  
Арғы жағың Тоқтамыс  
Жаулы жерге батылды.  
Ауыл едің батырлы.  
Және шешен шетінен  
Біліп еді алты Алаш
- 260 Абылдай шешен, ақынды.  
Сасқан күні халайық  
Қайратынан сендердің  
Дұшпандары шашылды.  
Арлы жерге салатын  
Жігіттер едің батылды.



- Талай көрдің ордасын  
Қонарбай қажы, Нұрсұлтан  
Білімнің терең арнасын.  
Таразыға тартқанда,  
270 Ауырлығы – қорғасын.  
Тобанияз болмаса,  
Адайда бар ма, қолдасың?  
Бұл айтылған сөздің баршасын  
Мақтамадым мал үшін.  
Парасатсыз жаман көп,  
Білмейтін сөздің мәнісін.  
Қай күннен халық басқарған,  
Әкімі қанисың, үш Жаулы  
Сегіз арыс Жарының,  
280 Ішіндегі барысың.  
Жігітісің салатын  
Алқалы жерде ар үшін.  
Батырлық, билік, әкімдік –  
Алысқа кеткен дабылың.  
Сөзді тамам етелік,  
Сөйледік көңіл көтеріп.  
Қалған жері бар болса –  
Жеткізер шайыр тағы да.

## ХАЗІРЕТ ӘЛИДІҢ ҚҰЛ БОЛЫП САТЫЛУЫ

*Орынбай Бәлдековтің 1960 жылы Сәттіғұл Жанғабылұлы ақынның өз аузынан жазып алған, алғаш рет Маңғыстау облыстық «Адай» апталық бұқаралық тәуелсіз газетінің 1992 жылғы 18-23 мамырдағы санында жариялаған дастанның мәтіні*

Бұл шығыстық сюжеттегі мұсылмандық діни дастан-аңызды әкем кезінде Сәттіғұл ақынның өз аузынан 1960 жылы жазып алыпты. Кейін, заман өзгеріп, мұндай діни мазмұнды шығарманы жариялауға мүмкіндік туғанда, Маңғыстау облыстық «Адай» апталық бұқаралық тәуелсіз альманахта 1992 жы-



лы жариялапты. Бұл дастанның мәтінін баспаға жолдағанда, ол мынадай түсініктеме жазыпты:

«Мен бұл жырлап айтылған дастан-аңызды 1960 жылы марқұм Сәттіғұл ақыннан жазып алғанмын. Ол кездерде мұндай әңгіме-дастандар айтылмайтын да, жарияланбайтын да еді. Сөйтіп, жылдар өткен сайын ұмытыла беретін-ді. Қазір, дініміз бен тілімізге ерік берілген кезде, халқымызды адамгершілік, адалдық, бауырластық, қайырымдылық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерге шақырған жөн болар. Міне, сол мақсатпен осы аңыз-әңгімені сіздерге жолдап отырмын».

Кейін бұл дастан 1996 жылы Жетібай Жылқышыұлы құрастырған Сәттіғұл Жанғабылұлының өлең толғаулар, жыр-дастандар жинағына [10; (231-235, 375-беттер)], Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасының 3-ші томына [49] «ақтаулық Орынбай Бөлдековтің жариялатуынан» деген сілтемемен қосылды.

**Түсініктеме.** Хазірет Әли – төртінші әділетті халифа, Мұхаммед пайғамбардың (салаллаһу алайһи уа ассаләм) сенімді серіктерінің бірі болған немере інісі, оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли алып күштің иесі, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғанышы ретінде суреттеледі.

Бұл діни тақырыптағы туынды – шығыс елдерінің мұсылман дінін уағыздаған классикалық әдеби дәстүріне жататын ауыз әдебиеті үлгісі. Дастан алғаш рет 1896 жылы Қазан қаласында жарық көрген, мәтінінде діни сөз-түсініктер мен ұғымдар көп қолданылған 500 тармақтан астам көлемді шығарма көрінеді. Назарларыңызға ұсынылып отырған Сәттіғұл Жанғабылұлының нұсқасы – қысқаша, көпшілікке түсінікті болғандай негізде ақынның өз сөзімен айтылған қисса.

\*\*\*

Мұхаммед Пайғамбардың (салаллаһу алайһи уа ассаләм) тірі кезінде бір пақыр адам жоқшылықтан көпір патшасына кіріптар болып, мың ділдә қарыз алыпты. Соңынан алған



қарызын қайтара алмай, борышына өзінің әйелі мен қызын кепілдікке тастап, не істерін білмей дағдарыпты.

«Тәуекел, Мұхаммед Пайғамбарға (салаллаһу алайһи уа ассаләм) барайын, сол жарылқар, жәрдем етер» деген тоқтамға келіп, жолға шығыпты.

- Мінеки, шықтым сапарға,  
Кіргізе-гөр, Алла, қатарға.  
Сабыр ете алмадым  
Үйде тыныш жатарға.  
Кәпір алды әйел мен қызымды,  
Көңілім жаман бұзылды.  
Көрмесін ешкім асарға  
Қайғының дәмін татарға.  
Қатты жолмен қашайын*
- 10 *Көрмесін кәпір ізімді.  
Иә, пірім, өзің жәрдем бер,  
Қараттым, міне, жүзімді  
Мединадай шаһарға.  
Тас қараңғы болды күн  
Басыма түсті мұндай түн.  
Бір мұсылман табылып,  
Басымды сатып, болсам құл,  
Қара басым болар қанша пұл?  
Мың ділдә болды бермегім,*
- 20 *Ылажсыздан көнгенім,  
Қатыным мен қызымды  
Еріксіз қолдан бергенім.  
Неше жыл бақтым ау қарап  
Күніне таптым төрт шабақ.  
Басқа нәрсе көрмедім.  
Неге алдым екен әуелде  
Көтерме ақша-теңгені?  
Ей, Расуллы пайғамбар,  
Алдыңа келіп еттім зар,*
- 30 *Қиналып келген жайым бар,  
Кәпірге бермек қарызым бар,  
Сізге айтар арызым бар.*



*Баласына мұсылманның  
Жел жағына панасың,  
Жау жағына қаласың,  
Пақыр менен міскінге  
Алты емшекті анасың.  
Айта келдім, тақсыр, мен  
Кәпірдің салған жарасын,  
40 Қыз, қатыным айдап жүр  
Кәпірдің арба, шанасын.  
Тақсыр-ау, сізге шағындым  
Алдыңа салып басымды.  
Құлақты мал менде жоқ,  
Туысқан, аға-іні жоқ,  
Жау қолында жылаған  
Қыз, қатыннан жаман жоқ,  
Жауда қалған олардан  
Жүдә, менде хабар жоқ.  
50 Кереметтің қолым тұтпаса,  
Қажетім сізден бітпесе,  
Біз сияқты пақырға  
Басқадан болар шара жоқ...*

Пақырдың сөзін тыңдаған Мұхаммед Пайғамбар (салаллаһу алайһи уа ассаләм) өзінің ең жақын серіктерінің бірі Өзірет Әлиді шақырып алып кеңеседі. Пақырға жәрдемдесу керектігін айтады. Сонда Өзірет Әли былай депті:

– Бұндай қарызды өтерлік ақша да, мал да бізде жоқ. Сіз рұқсат берсеңіз, мен пақырға еріп кетейін, не істерімді барған соң көрермін.

Пайғамбар оған рұқсат етіп, батасын беріпті.

Кәпір патшасының мән-жайын сұрастырған Өзірет Әлиге пақыр мынаны айтады:

– Ол патшаның қорқатын бір айдаһар жыланы бар, бөгей алмай жүрген бір үлкен дариясы бар, тағы басқа несі барын білмеймін.

Мұны естіген Өзірет Әли пақырға былай депті:

– Сен менің екі қолымды байлап, базарға апарып, құл қылып сат. Көп күн сұрамай-ақ, бір мың ділдәға бағаларсың. Мені



сатып, қарызынды қайтарып беріп, қатының мен қызынды кіріптарлықтан босат. Ал мен құлдықтан құтылудың жолын өзім ойластырармын.

Пақыр Өзірет Әліді базарға апарып, саудаға салып тұрып, былайша сайрайды:

- Уа, жиналған жамағат,  
Әкеліп тұрмын базарға  
Сатайын деп құлымды,  
Блажсыздан әкелдім  
Қажет етіп пұлыңды.  
Қызмет етсе, бұл құлым*
- 60 Сәтті етеді, тынымды.  
Қап-қара болған түсі бар,  
Маржандай аппақ тісі бар.  
Мың құлменен пара-пар  
Бір өзінің күші бар.  
Айтқан сөзім тап рас,  
Алғанға тиер бір мұрас.  
Тырнағының көлемі  
Үштен туған айдай бар,  
Әр саусағы бір құлаш.*
- 70 Кемелге келген жасы бар,  
Имек таудай басы бар.  
Ақшаң жетсе, аларсың,  
Егер ақшаң жетпесе,  
Арманда болып қаларсың.  
Бір мың ділдә бәсі бар.  
Бүгін салған базарға  
Мұндай құлды таппайсың  
Қай базарға барсаң да.  
Ақшаң болса, алып қал.*
- 80 Патшаның байтақ көп жері,  
Екі қабат құлақты  
Жиналған илат көп елі  
Ақшаң жетсе, келе бер,  
Бүгіннен соң саудалап  
Базарыңда қалмаймын,*



*Жер бетінде базар көп,  
Ертең қайта салмаймын.  
Құлымның бәсі мың ділдә,  
Бір ділдә да кем алмаймын...*

Бұл хабарды естіген жұрт базарда ондай көп ақша беріп, құлды сатып ала қоятын адамның болмағанын көріп, құлдың келбетіне таң қалып, қала патшасына хабар жеткізіпті. Патша үзірлерін жіберіп, пақыр мен Әзірет Әлиді сарайға әкелдіреді. Сонда патша алдына келген пақыр былай дейді:

- 90 Уа, тақсыр, не келеді ойыңызға  
Менің мына құлымды алыңыз да,  
Салыңыз жиын менен тойыңызға.  
Тамаша, қызық мұның ойыны да.  
Қызметін көрген кісі таң қалады,  
Бір ұрғанда қолына балға алып,  
Мың батпандық темірің құл болады.  
«Екі жұртты жау қыл» десең, жау қылады,  
Бұйырсаң «жаудыр күн» деп, жаудырады,  
Лақтырып жай кесектей тауды тауға*
- 100 Ұрады ашу қысса, бұл құлымды.  
Азу тісін егейді,  
Мың дұшпаннан бір өзі  
Тіпті «қорқам» демейді.  
Сарқырап жатқан дарияны  
Сәтке апармай бөгейді.  
Айдаһар жатқан жыланды  
Шаян құрлы көрмейді.  
Айтсам, адам нанғысыз  
Қасиеті және бар –*
- 110 Қару тисе, өлмейді.*

Құлдың осындай қасиеттерін естіген патша көп саудаласпай, пақырға сұраған мың ділдәсін беріп, құлын сатып алады. Кеткелі тұрған пақыр Әзірет Әлиге қоштасып тұрып былай деген екен:



*Келген жерің жаман жер,  
Қайратыңды еттім кер.  
Көріскенше күн жақсы,  
Аршыланым, қолың бер.  
Аллаға жаның аманат,  
Көрмегейсің жаманат,  
Жүргейсің, қалқам, саламат,  
Шәһарлы жерден шарапат,  
Расуллы атаңның  
120 Дұғасынан шапағат.  
Мұсылман кәпірге ел емес,  
Басыңды салып базарға,  
Аршыланым, мен сені  
Кәпірге қылдым келемеж.  
Өзіңмен бірге өлейін,  
Мехнатыңды бірге шегейін,  
Сендей ерді азапқа  
Тастап кету – жол емес.*

Сонда, алған бағытынан қайтпайтын, қорқуды білмейтін өжет, ер Өзірет Әли пақырға былай деген екен:

– Бар, енді жүре бер. Ақшанды төлеп, әйелің мен қызыңды босатып ал.

Пақыр Өзірет Әлиді айтқанына көндіре алмай, амалсыз, қоштасып кете беріпті. Ол кеткен соң, патша құл қылып сатып алған Өзірет Әлиді алдына алдырып, оған мынадай үш түрлі шарт қойыпты.

– Бірінші, бір жауым бар – айдаһар, соны өлтіресің. Екінші – бір өткел бермей жатқан дариям бар – соны бөгейсің. Содан кейін мұсылманның батыры – Өзірет Әлиді ұстап, тірілей әкеліп бересің. Осы үш шартты орындасаң, құлдықтан азат боласың. Бұл шарттарды орындай алмасаң, өмір бойы құлдықта жүре бересің, – депті патша.

Өзірет Әли алдыңғы екі шартты орындапты. Үшінші шартты орындауға патшадан қасына қырық палуанды ертуді сұрапты. Патша бұған келіседі. Патшаның палуандарын ертіп, батыр жолға шығыпты. Қаладан біраз ұзап шыққан соң, қалың орман арасына кіргеннен кейін Өзірет Әли кідіріп, қасына ерген палуандарды тынығуға тастап, өзі ағып жатқан дарияға барып,





жуынып, бетіндегі бояуларын кетіріп, тазарып қайтып келіпті. Патшаның палуандары мұның өзгеріп кеткеніне таңданып, әрі қорқып, мәнісін сұрағанда, Әзірет Әли:

– Патшаларыңның іздеген батыры менмін. Сендер менің қолымды қайырып, байлап, патшаға апарыңдар. Ол сендерге сыйлық береді, – депті.

Палуандар Әзірет Әлидің айтқанын істеп, оны патша сарайына алып келіпті. Патша бұған қуанып, еліне жар салып, көптің көзінше мұсылманның батыры Әзірет Әлиді дарға асатынын хабарлап, орталық алаңға дар ағашын құрдырып, жұртты жинапты. Әзірет Әлиді көп жеңдеттерге күзеттіріп, дар ағашына әкелдіріпті. Жеңдеттер оны дарға асуға дайындалып жатқанда, ол «ханнан-маннан» деп ақырып, жұлқынып, байлаулы қолдарын жіптен босатып, сексен алты кез биік мұнараның басына қарғып шығыпты.

Сол кезде Алладан бұйрық болып, Жәбірейіл періште Әзірет Әлиге зұлпықарын, дүлдүлін әкеліп беріпті. Сол жерде батыр майдан ашып, патшаны, оның әскерін өлтіріп, қаласын ойрандап, елін бағындырып, мұсылмандықты мойындаттырып, еліне қайтып оралыпты...

\* \* \*

Енді танысатынымыз – Сәттіғұл ақынның 1927-1928 жылы жұт болғанда айтқан өлең сөзі. Бұл өлең мәтінінің қолжазбасында Орынбай Айтмағамбетұлының «1990 жылы 5 сәуірде Тұрыш елді мекенінің тұрғыны Теңізұлы Бисембінің айтуынша жазып алдым» деген түсініктемесі бар. Сәттіғұл Жанғабылұлының «Аманат» өлеңдер жинағына бұл шығарма қосылмаған.

## 1927-1928 ЖЫЛЫ ЖҮТ БОЛҒАНДА АЙТҚАНЫ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған Сәттіғұл Жанғабылұлының өлең сөзі)*

*Жиналды Форт қалаға біздің халық,  
Мал қалмай, жұтқа ұрынған өңкей ғарып.*





*Жерінен бес күншілік шұбырғанда,  
Қалаға әзер жетті арып-талып.  
Әкімдер жергілікті есіркеді,  
Көргенді ашаршылық, орын тауып,  
Советке «сау болсынды» күнде айтамыз,  
Күнелттік бес-алты ай жәрдем алып.  
Жәрдемін үкіметтің үлестіріп,  
Бұл күнде бағып тұрсың бақырларды.  
Бақырдың болдың қорған баласындай,  
Жетімнің болдың қорған анасындай.  
Сындырды терезе мен есігіңді  
Онда да кейіп, жерің тарылмады.  
Ахмет Ниязұлы «сау болсын» дейд,  
Адайдың алты жүздеі бағылғаны.  
Жасым бар елу бірдің шамасында  
Айтуға әркім алып аралаған,  
Сөзім бар Кіші жүздің баласында  
Осы күн Форт қаласы тұрған жерім,  
Шабылып талай жерде шыққан терім.  
Табылып бойда өнер бар, тұрғанда  
Қабаттап жасырмалық тілдің ебін.  
Көремін сүйеушімнің жоқтығынан  
Газетке басылмайды сөзім менің.  
Қошы жоқ көңіліміздің осы күнде  
Өлең-жыр онан басқа бізге тегін.  
Бұл жазған өлеңімді «аз болды» деп,  
Жолдастар жоқтамаңыз сөздің кемін.*

## **ОРЫНБАЙДЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ МҰРАҒАТЫНДА САҚТАЛҒАН СӘТТІҒҰЛ АҚЫННЫҢ ТЕРМЕЛЕРІ МЕН ТОЛҒАУЛАРЫ**

Енді өкемнің отбасылық мұрағатында сақталған, Сәттіғұл Жанғабылұлы жырлаған, араб әліппесімен «төте жазу» түрінде оқушылық дәптерге жазылған термелердің кириллица жазбасына аударылған мәтіндерімен танысудың реті келді.



Бұл «Жанғабылұлы Сәттіғұлдың термесі», «Сәттіғұлдың толғаулары» деп аталған дәптерлердегі жазбаларды аударған соң, олардың тұтас мағыналы толық мәтінді тереме-толғаулар емесітігі, әртүрлі, бірнеше терме-толғаулардың үзінділері екен-



Араб әліппесімен «төте жазу» нұсқасында Қазақстан КС Республикасының халық ақыны Сәттіғұл Жанғабылұлының термесі жазылған оқушылық дәптердің Орынбай Бөлдековтің өз қолымен жазған мұқабасының және анық көрінетін 5-бетінің көшірмесі



дігі анықталды. Дәптер беттері тозғандықтан термелер мен толғаулардың мәтініндегі кейбір сөздердің, дәптер беттерінің оқылуы аудармашы маманға қиындық көрсеткенін айту керек. Сондай-ақ бұл шығармалар қағазға түсірілгенде бізге үйреншікті түрде, әрбір тармақ азат жолдан басталып, тыныс белгілері қойылып жазылмаған. Толғау сөздері тіркесі үзілмей, шұбатылып жазылған. Мына, төменде жарияланып отырған мәтіндерде оқылуы қиындық көрсеткен тұстар көп нүктелермен белгіленді. Термелер мен толғаулар қағазға түсірген адамның сауаттылық деңгейінде жазылғандықтан, олар оқырмандарға түсінікті болуы үшін кириллицаға аударылған мәтіндер редакцияланды.

### **Бірінші терме**

- Жақсылар келдің жиналып,  
Біразырақ толғайын  
Сөйле десең ұйғарып.  
Деніміздің сауында  
Үйіріп көпті жиналық.  
Өзіме қолқа салған соң,  
Отырмалық қиналып.  
Қарап жүрмін халықтың  
Жақсы менен жаманын
- 10 Ақ-қараны білмейтін  
Білімсіз тағы наданын.  
Мен жорғамын халықтың  
Таймайтұғын табаным.  
Бабына қарай өркімнің  
Келеді сөзге амалым.  
Кемеліме келтірген  
Жайнаған гүлдей заманым.  
Тілегенің сөз болса  
Көп ойланбай табамын.
- 20 Соңыма сөз қалдыру  
Алдымда міндет талабым.  
Сөйлесін деп жаратты  
Үндемей не ғып қалайын.



- Білгенімді жайнатып,  
Ортаңызға салайын.  
Мен емеспін сендердің  
Шаппайтұғын шабаның.  
Жалықпасаң өздерің  
Атқаруға бір таңды
- 30 Мойыныма аламын.  
Мен бабындағы жүйрікпін  
Демеймін шаршап қаламын.  
Өлеңді жақсы еліктеп,  
Өнер алды қызыл тіл  
Думанды жерге көрік деп  
Қызықты өмір .....
- Күні сізге серіктеп.  
Әділ айтсаң сөзіңді  
Көңілдерің серікбек.
- 40 Мейманасы тасығандар  
Мас боп босқа желікпек,  
Абыройын көздемей  
Орынсыз жерде желікпек.  
Болымсызға бос шауып,  
Бет алдына желікпек.  
Байымас жігіт алғаннан  
Бастан бақыт ауған күн  
Жаманға жақсы жалынған  
Санаулы сағат .....
- 50 Қатар өскен қабындап,  
Жабылса жандар қанатын.  
Дария едің жатқан ағындап  
Аруақ бұлттай қалыңдап.  
Ішінен шығып ерлері  
Кездескен күні дұшпанға  
Жасанған қару сермеді.  
Николайдай патшаға  
Қарсы болып, қан төгіп,  
Біразға дейін көнбеді.
- 60 Еріккен күні жау болып,  
Ерінген күні ел болып,  
Ала қыр арқа Маңғыстау



- Мекендеген жерлері .....  
Екі жүз елу жыл болды  
Әзіреттің ойынан  
Алқи судың бойынан  
Адай халқы келгелі,  
Келгесін бұл жерлерге  
Іздегені болынып,  
70 Мал мен басқа толығып,  
Талабы тасып өрледі.  
Қаз-қатар ошақ ойдырып,  
Мал семізін сойдырып,  
Жұма сайын жиын той,  
Қызық болды көргені.  
Салтанат пен бақыттың  
Болған жоқ орта, кем жері.  
Сол күндегі Адайдың  
Қонысы еді иеленген.  
80 Маңғыстау жаңғақ өкімді ең  
Жоғары менен төменнен.  
Тәңірің .....  
Жарыса көшіп жаз жайлап  
Тырнадай шулап жаз қайтты.  
Сарыарқа сары өзеннен  
Тәңірдің берген халқы едің.  
Керегің бітіп кенелген  
Байқасаң нелер шыққан жоқ,  
Қалың Адай көлемнен.  
90 Қайырлы нары шықты ауыр,  
Дәулеті екен иеленген.  
Кебеже қарын би шықты  
Кеңес айтқан тереңнен.  
Жәрдем беріп .....  
Әулие Бекет пір шықты.  
Кереметке бөленген  
Хатым еткен дәрісі  
Ғалымдары шығулы  
Шариғат айтқан кемелмен.  
100 Тақтақтар айтқыш шығулы  
Үстіне көпті іірген



Ағынды жыр, сұлу өлеңімен  
Жаралғалы бұл заман,  
Есеп етсек көп болды,  
Талай жандар жоқ болды,  
Қалған пәни нелерден.  
Асанқайғы, Қазтуған  
Қоныс тастап жер асып,  
Оларда кеткен көп елмен.

110 Шаруа надан халық едік,  
Сақарада мал жайып,  
Бос қалған ғылым-өнерден.  
Бір мың тоғыз жүз санының  
Он жетінші жылында  
Ленин көсем кешегі  
Патшаны тақтан тайдырды,  
Жарлы тапқа жай қылды.  
Еңбек үшін езілген  
Тыным таппай қайғырды

120 Ақырында орындап  
Азды көпке сай қылды.  
Қараңғы надан халықты  
Ғылымға тегіс бай қылды.  
Айта берсем, асыл сөз  
Ағытылып барады  
Қазақстан, Түркіменстанға  
Хабарым тегіс тарады.  
Абыроймен келемін  
Талай жерде көпшілік,

130 Ортаға алып қамады.  
Бас-аяғы қысқа дүниенің  
Жолдастығы шамалы  
Көрінген түстей бір күні  
Айырылып бізден қалады,  
Сұрауға сауал қисап күн

.....  
Қорларды құшып ұжымақта  
Пырақтар мініп шабады.  
Үзілмейтін мәңгілік



140 Жылғалардан ішіп қанады.  
..... жүзін көрмейді  
Тірілікте еткен пенденің  
Көп болса ізгі амалы.

Басталуы жоқ, қағазға түскен мәтіні аударылған екінші терме:

- Жарлы ем деп жасыма  
Бақытыңа бес күндік  
Көңілің өсіп тасыма.  
Аз ғана дәулет, қызыл жүз,  
Келмеген кімнің басына.  
Сөз білмейтін момын деп,  
Жазықсыз жанды басынба.  
Мұратыңа жетерсің  
Жақсының ерсең қасына.
- 10 Қаны бұзық залымның  
Жоламай бақ қасына.  
Жолап кетсең қасына  
Бөле салар басыңа.  
Сөйлеген мақұл өлшеумен  
Өркімнің қарап қасына.  
Түсінер деп ойлаймын,  
Көрің менен жасыңа.  
Білгеніңді аянып  
Бойыңды тежеп бұлданба.
- 20 Сәл нәрсеге ісініп,  
Ашуланып тұлданба!  
..... қылып  
Біреудің затын қолданба.  
Абырой иман нышаны,  
Абыройдан құр қалма.  
Дүниеге келген соң  
Өзіңнен өзің ұрланба.  
Жігіттіктің сәні деп,  
Маңғазданып қырланба.
- 30 Түсіндіргін өзіңді  
Қаныңды тартып сұрланба.





Қайырымсыз болма халыққа  
Басыңда бақыт тұрғанда.  
Сұраса, бер жауабын,  
Көп ойланып ырғалма.  
Адасып босқа шырмалма.  
Басыңда дәурен тұрмайды,  
Ықтияр күніңде дүние  
..... беріксіз жолдас болмайды,

40 Өлгендердің соңынан  
Кімдерге ерген .....  
Тағы да ойлап қарасаң,  
Дүниесіз тірілік жоқ,  
Берекетсіз бірлік жоқ,  
Жақсыларда айырықша  
Менмендік пен тірілік жоқ.  
Көңілінде кіршік жоқ,  
Қыран құстай қиялап,  
Қанатын қомдап шалқыған

50 Көкірегім желденіп,  
Жалынды оттай шалқыған.  
Дұғасыздан басқаның  
Жүрегі жібіп балқыған.  
Жақсы лепес – жарты ырыс  
Қош иісі аңқыған.  
Кісінің жақсы жаманы  
Белгілі алған даңқынан.  
Қара құс бүркіт болады  
Қанатын жайып қалқыған.

60 Басшы басшы бола алмас  
Ермесе, көш артынан.  
Ел мүддесі тола алмас  
Ақылы кем жартыдан.  
Аяғын жөндеп баса алмас  
Жүйріктер асса, шарқынан.  
Шайтан емей немене  
Уәде тайса, шартынан.  
Еңбектеген бала артық  
Ғалымның азған қартынан

Бұл терменің қағазға түскен мәтіні осымен аяқталған, соңы жоқ.



### Үшінші терме

- Айрыларсың жұрдай боп  
Дүние, мүлік, малыңнан  
Әрбір түрлі сауал бар  
Сапырған тіл мен жағынан.  
Жақсылық пен жамандық  
Өзіңнің жүрек қабыңнан.  
Мақшар күні пайда жоқ,  
Осы күнгі бағыңнан.  
Имансыз болсаң, не пайда
- 10 Осы күні мінген тағыңнан.  
Мұсылмандық шартында  
Түсірмеген жадына  
Өлшеу беріп қарасам  
Өскендер толып жаралған  
Сандықты қазақ байлары  
Жойылып орыны арылған.  
Дүниеден пайда жоқ  
Тоймас нәрсе қарыннан.  
Бергенін білмей Алланың,
- 20 Өзі-өзінен тарылған.  
Көргенсіздік белгісі  
Қонақты көрсе, тарылған.  
Тәкаппар мен менменге  
Бір күні зауал табылған.  
Қайырсыз болсаң халқыңа  
Емессің артық сағымнан.  
Ақ жолынан ауысып  
Адасып босқа сабылған.  
Тәуба қылған Аллаға,
- 30 Біздер түгіл бұрынғы  
Нешелер түгел ағылған.

Бұл терменің қағазға түскен мәтіні осымен аяқталады, соңы жоқ.

Дәптердегі мәтіні аударылған төртінші терме:

Сексенім (1)<sup>1</sup> бойдан қуат күшімді алдың,  
Ауыздан ақ қаладай тісімді алдың,

<sup>1</sup> Жақшаға алынған санмен көрсетілген түсініктемелер терме мәтінінің соңында келтіріледі.



- Ағарып шаш пен самай әжептәуір  
Жастықты, беттен ажар, түсімді алдың (2).  
Кешегі қырық-отыздың дер күнінде (3)  
Айқайлап жыр айтқанға қысылмадым.  
Құдайым ақырында иман беріп  
Қауымында ете гөр мұсылманның,  
Сексен бір (4) жолдас болдың меніменен
- 10 Күрестім сыр бермен деп сеніменен.  
Көпшілік басын қосып жиналғанда  
Сөйлеуге шешен едім ерінбеген  
Кешегі қырық, отыз, жиырма бесте (5).  
Көзіме бір кеткен соң көрінбеген,  
Ойласақ, бұрын-соңды пікір етіп.  
Кәріліктен адам бар ма жеңілмеген,  
Кәріліктің қарауылы деп ойлаймын,  
Ауырад тізем қабат белімменен.  
Кәрілікте ыңқыл-сыңқыл және де түр (6).
- 20 Өлім деген Алланың ақ бұйрығы (6)  
Жеткен күн ешкім жоқ үйірінен бөлінбеген. (6)  
Бір Алла сапарымды оңғарғайсың  
Кеткен күн екі-үш қабат кебінменен.  
Аяңдап ақсақ қойдай кәрілік жетті  
Талпынған қыран құстай жастық дәурен  
Баянсыз басымыздан мұрсатта өтті.  
Тұрамын жер таянып осы күнде,  
Жастағы бойдан қайрат-қуат кетті,  
Қара жер қалдырмастан қарпып жатыр
- 30 Пайғамбар шейх, әулие, хан мен бекті  
Жараттың бір Қүдірет тәрбиелеп  
Ай мен күн, жан, мақұлық жер мен көкті  
Салмағы сауабымның ауыр келіп  
Аударып күнәмізді басқай-дағы  
Қараттым ауызыма талай көпті  
Таразы құрылған күн мизан шеккі  
Тілеймін иман бер деп Жаббар хақтан.  
Күнәға бейшарамыз белден батқан (7)  
Ғарасат майданына барған күні
- 40 Пайда жоқ дүниеде қонған бақтан.  
Сол күнде оң тараптан шамаң келсе,



Сүйікті пенде болып сонда мақтан  
Құдайым күнәмізді ғапу етіп (8)

Кешіріп күнәмізді бір Жаратқан, (9)

Бергейсің мақшар күні рахаттан.

Жұмақтың имандыға есігі ашық

Бір Алла жеткізгейсің содан нәсіп.

Ажалға жақындаған секілдіміз

50 Сексеннен бір-екі елі кетік асып. (10)

Өртүрлі ағзалары тозғандықтан (11)

Басылды жүрген көңіл судай тасып.

Жұлделі (12) жүйрік едім оза шапқан,

Көпшілік көрмек үшін болған асық. (13)

Ажалдан бұйрық солай, амал нешік, (14)

Кем-кемдеп келе жатыр кәрілік басып

Бір Алла қатымымның қайырын бер (15)

Құшақтап құрсағыңа алған күні (16)

Атқанда таңы мақшар мекеніміз (17)

Бұл терменің дәптердегі мәтіні осымен аяқталады, соңы жоқ.

### Түсініктемелер.

Сәттіғұл Жанғабылұлының «Аманат» атты өлең-толғаулар, жыр-дастандар жинағында бұл терме «Сексен бес» деген атпен жарияланған [10; 96-98-беттер]. Орынбай Айтмағамбетұлының отбасылық мұрағатында сақталған осы біз жариялап отырған терме үзіндісінің мәтіні сол кітапта жарияланған нұсқасымен салыстырылды, айырмашылықтары төмендегі түсіндірмелер түрінде көрсетіледі.

(1) Аталған жинақта бұл сөз «сексен бес» деп көрсетілген;

(2) Бұл тармақ «Жастағы беттен ажар-түсімді алдың» деп берілген. Біз жариялап отырған бұл жол беттегі ажар, түстен басқа жастықты алдың деген мағына да береді;

(3) Бұл жол «Кешегі жиырма, отыздың дер күнінді» деп жарияланған;

(4) Бұл сөздер «сексен бес» деп көрсетілген;

(5) Бұл тармақ «Кешегі жиырма бес пен отыз, қырық» деп берілген;



(6) Бұл үш тармақ

*«Қарттықта ыңқыл-сыңқыл ештеңе емес,  
Және тұр алдымызда өлім деген.  
Алланың ақ бұйрығы жетіскен күн»*

деп берілген;

(7) Осы тармақтан кейін

*«Құдайым, күнәмізді гафу еткей,  
Соңыра айдалған күн гарасаттан»*

деген екі жол бар;

(8) Бұл тармақтан соң

*«Әнсат (?) ет айдағанда ысыраттан (?)  
Жаратқан кең фазылды (?) падишасың,  
Біздерді етпегейсің тамуғлықтан,  
Кәләмдағы (?) аятыңнан үмітім бар»*

деген жыр жолдары жарияланған. Сұрау белгісі қойылған сөздердің мағынасын, ондай сөздердің діни ұғымдарда бары-жоғын айқындау бұл еңбектің шеңберінен сырт болғандықтан, оған тоқталмаймын;

(9) Бұл тармақ «Кешіріп күнәмізді тірліктегі» деп айтылған;

(10) Бұл жыр жолы «Сексеннен бес жыл болды – кеттік асып» деп берілген;

(11) Бұл тармақ «Әртүрлі ағзалары жауырғасын (?)» деген түрде көрсетілген. Біз жариялап отырған мәтіндегі осы жолда айтылған «әртүрлі ағзалары (адам дене құрылысының органдары) тозғандықтан» деп айтылуы дұрыс сияқты;

(12) Бұл сөз «жұлдызды» деп айтылған;

(13) Бұл жыр жолы «Көпшілік «көрер ме ед» деп болған асық» деген айтылыспен берілген;

(14) Бұл тармақ «Озалдан (?) бұйрық солай, амал нешік» деп жарияланған;

(15) Бұл жол «Бір Алла Хатимыңның қайырын бер» деген түрде көрсетілген. «Құран қатым шығару, Құран оқыту» деген ұғымды қамтитындықтан, біз жариялап отырған тармақтағы «қатымымның қайырын бер» деп жазылуы дұрыс болар деген ой бар;



(16) Бұл тармақ «Құшақтап құрсағына алғанда жер» деп айтылған;

(17) Аталған кітапта осы тармақтан соң 59 жыр-толғау тармақтарын қамтитын терме жалғасы жарияланған.

Бұл түсіндірмелердегі (1), (4) және (10) салыстырмалар «анығында, Сәтекең ақын бұл өлең-терме-толғауды 80-81 жасында жырлады ма, әлде 85 жасында шығарды ма екен?» деген ойға жетелейді. Бұл – Сәттіғұл ақынның әдеби еңбектерін зерттеуші әдебиетшілерді ойландыратын жай. Осы терме-толғаудан басқа төте жазудан аударылған терме-толғаулар үзінділерін Сәттіғұл Жанғабылұлының «Аманат» атты шығармаларының жинағында кездестіргенім жоқ.

«Сәттіғұлдың толғаулары» деген дәптердегі «төте жазу» үлгісінде жазылған толғаулардың кириллицаға аударылған мәтіндерімен танысайық.

### Бірінші толғау

Әуелі Алла жараттың,  
Топырақтан бізді халық етіп.  
Қараңғы жерден жарыққа  
Шығардың бізді ерке етіп.  
Жеті мүше жан беріп,  
Дәулет, перзент, мал беріп.  
Оны бізге көрік етіп.  
Біреу жігіт, біреу жас,  
Біреуді қойдың қарт ертіп.  
10 Біреу ауру, біреу сау,  
Біреу жарлы, біреу бай.  
Біреуді қойдың және де  
Бақ-дәулетке қарық етіп.  
Адам еттің Құдайым,  
Бізді жоқтан бар етіп.  
Ай менен күнді туғыздың,  
Әлемге раушан шам етіп.  
Біздей ғарып пенденің  
Ойлап көңілі жетпейді,  
20 Құдіретіңе паш етіп  
Ырызық бердің бәріне





Кімдерге бердің батырлық.

.....  
Баршаны өзің жараттың  
Бірінен бірін кем етіп,  
Пенденің жоқ-ты амалы,

- 30 Жаратқан соң жөн етіп.  
Бір адамнан өргізіп,  
Жараттың Алла баршаны.  
Базылың артық, ғапу ет,  
Сөзімнің болса алшағы.

### Екінші толғау

Зор дәреже қоныпты,  
Қайсыларын үйретіп.  
Ізгі жолға салыпты.  
Бағзыдан-ақ тіл алмай  
Кәпір болып қалыпты.  
Тыңдамаған залымды,  
Үйретуге жалықты.  
Әлек болып баршасы  
Кәріне хақтың жолықты.

- 10 Расулла Мұхаммет  
Дүнияға келген соң,  
Дінге халық молықты.  
Талайын оның оңдады,  
Көрсетіп ұжмақ, тамұқты  
Расулланың заманы  
Ешкімнің қонбас қолына  
Шапағатты ізденіп,  
Кірілік сүндет жолына  
Махшар күні көреміз,  
20 Талап етсе оңына  
Халифа болып көрініп  
Көзін тұтқан соңына  
Артынан келген төрт имам  
Мұсылман қарап іс қылар  
Имам Ағзам шамына





- Не қылса да адамзат  
Әркім жанның қамында  
Рахметулланың ұшыраса бағына  
Дүниеде еткен ізгілік
- 30 Алдыңа келер соңында  
Өзіңе болар махшарда  
Ізгіліктің пайдасы  
Хазірет имам Ағзам да  
Шариғаттың айнасы  
Соларда кәміл табылған  
Шайтанның өлмек айласы –  
Дәрет, намаз, ораза.  
Малғұнның төніне шаншарлық  
Бұл да найза, ойлашы.
- 40 Дүниеге әуел шығарда  
Тоғыз ай қапы болыпты  
Анамыздың құрсағы.  
Мұсылман болып туыппыз  
Бойымызда таңулы  
Ислам дінінің бұршағы.  
Нұр иманның белгісі  
Көңіліміздің жұмағы  
Ақыл иелі азамат  
Әуелгі байлық – денсаулық
- 50 Денсаулықтан айрылсаң,  
Дүниенің кетер құрсауы.  
Ауру болып азамат  
Қойылса, басың жастыққа  
Достарыңмен сөйлесіп  
Жарамайсың достыққа.  
Көңілің жүрмес қостыққа.  
Өзіңнен бақыт тайған соң,  
Айналар достың қастыққа.  
Не қылмайды азамат
- 60 Әурелікпен жастықта.  
Дүние құған мастықта.  
Ғабдурахман ғапу ет  
Адасып қадам асықпа  
Шүкірлік етпей тасықпа!



Қымбат бізден болса да  
Таупиық сізге лайым,  
Екі жаһан патшасы  
Қай орында .....  
Рахым ..... патшасы

70 Таупиық етсең, нұрланар  
Ықылас қылып дінуарлар.  
Өзің пендемін демесең  
Пайдаға аспас уайым.  
Зор сүйініп айтамын  
Мұсылман болып туғанға.  
«Ләббай» деп аруаққа,  
«Сүбхан» деп шүкірлік етіндер,  
Жақсы мал шалып құрбанға.

Дәрет алып, намаз қыл  
80 Суды құйып құманға.  
Зекет беріп, қажыға бар,  
Айналмаңыз құр малға  
Дүниеге айналып.  
Алла берген дәулеттен  
Махшар күні құр қалма.  
Көңілге иман бекітіп,  
Үйретіңіз туғанға.  
Исламның бес парызы  
Жанған оттан құтқарар,

90 Ақ таразы құрғанда.  
Бұл дүниенің қызығы  
Ұқсайды білсең, жарандар,  
Қөзіңді ашып, жұмғанда.  
Келіп қайтты дүниеге  
Атамыз Адам пайғамбар  
Жүз тоқсан төрт мың ақ нәби  
Алды жақсы болғандар.  
Отыз үш мың сахаба  
Расулаллаға ұйығандар.

100 Он екі имам, сегіз жар  
Қадамнан нәпсі тыйғандар.  
Ұрылық етіп, күн кешіп,  
Түнде елді торығандар,



Шайтан әмірінде болғандар.  
Көз жіберіп қарашы,  
Қай сөзімде жалған бар.  
Бұрынғы өткен пайғамбар  
Өздері асыл болыпты

Бұл толғаудың қағазға түскен мәтіні осымен аяқталған,  
соңы жоқ.

\* \* \*

Бас жағы дәптерде жоқ жаңа беттен басталған үшінші  
толғау:

..... және әлемге тарайды  
Халықты жұбатып жүрмекке  
Пенделерді құлатып  
Шайтан қасы иман ғой  
Ақылға қойған қаратып  
Дүниеде пенделер  
Қылса да күнә бұратып  
..... бір күні  
Келтірер ..... иманға  
10 Мұсылман кәміл жаратып.  
Жолдас көріп біз жүрміз  
Бұл дүниеде қолға алып  
Көрген түстей қызығын  
Бес-алты күнде айналып  
Ажал келсе бір күні  
Шымырқанып, шамданып  
Кеудедегі шыбын жан  
Қорғады сонда таңданып  
Пенденің еткен ісіне  
20 Бармас едің арланып  
Әзірейіл келген күн  
Алдына түсер жолданып  
Иман оқу басыңа  
Ағайын жұртың молла алып  
Ізгіліктің пайдасын  
Көрсетсін сонда жігітке  
Жүрсе құдай оңғарып  
Бір шыбын жан қорқар



Ажалдың көріп айбатын  
30 Әлек болып ері өлсе  
Жесір қалмас қай қатын  
Шыбындай болмас сол күнде  
Тауды бұзған қайратың  
.....

Бұл толғаудың қағазға түскен мәтіні осымен аяқталған, жалғасы жоқ.

\* \* \*

Бас жағы дәптерде жоқ, жаңа беттен басталған төртінші толғау:

Арналып адам бойы қазылған көр  
Жатамыз топырақпен бастырылып  
Онда жоқ кіріп-шығар есік пен төр  
Бір Алла сол орында ынысап ойлап  
Ғаппарын кіргіздірер жаннат жайға  
Руза намаз қабыл болса болды  
Өлген күн болар-дағы жанға пайда  
Алланың шын сүйікті пенделері  
Қарасат майданына жиналғанда  
10 Жүздері ұқсайды екен толған айға  
Мөңгілік құрларменен бір көрісіп  
..... ұжымақта, кең сарайда.  
Қорқамын күнәларым таудан ауыр  
Зарлаймын ғапу ет деп бір құдайға  
Раббым, бір жаратқан қадір Алла,  
Пенденді біз бишара өзің қамда  
Кәлима шарттан бізді жаңылдырма  
Жеткен күн ажал төніп шыбын жанға  
Сапарды ал құлым деп оңғарғайсың  
20 Ауыр жүк кеткен күні алыс жолға  
Келген күн мөңкір-нөңкір сұраушыға  
Саламат сауалынан нысап етіп  
Қабірде қараңғылық қайық салма  
Белгісіз дүниеде адам пенде  
Айтылар жақсы-жаман махшар таңда



Мұсылман қауымына болар еді  
Мұхамбет үмбетіне кірсек санға.

Бірден-бір мәтіні толық дерлік жазылған **бесінші толғау:**

- Әншейінді әңгімелеп  
Орынсыз жерде мыжыма.  
Керілген кербез болам деп  
Аяғыңды баспай сызылма.  
Құмарланба, достарым,  
Бояушы бет қызылға,  
Кем деменіз қызылдан  
Болса тәтті тұзында.  
Әдептілік белгісі –
- 10 Ата-анаңды сыйласаң,  
Алдыңа келер өзіңнің  
Көрсетіп жәбір қинасаң.  
Шырмаларсың сөзіңе  
Тіліңді тартып алмасаң.  
Сараңдықтың белгісі –  
Барды «жоқ» деп жасырсаң.  
Салынар сені қимасың  
Ақылыңның кемдігі  
Ағайынға сыймасаң,
- 20 Абыройдан айырылып  
Шылбырыңды жимасаң.  
Дәл дуана болғаның  
Өсекті теріп жинасаң.  
Сезімің өсер артылып  
Алғаны көріп ширасаң.  
Ысырап кетер сөздерің  
Зерделі жанға қимасаң.  
Жақсы болса алғаның  
Жеткізеді мұратқа.
- 30 Бір-біріңмен сыйлассаң  
Шыққаның биік қыратқа.  
Қоңыраудай сылдырап  
Күлкісі келсе құлаққа,  
Ұятымен өзіндік



- Сырғасы болса құлақта,  
Ұқсаса көзі маңдайда  
Жарқыраған шыраққа.  
Ал айтқанын ұқсатсаң  
Сылдырап аққан бұлаққа.
- 40 Болса ақылы ендеше  
Арғы түбін сұратпа,  
Алғаныңмен тұрақта.  
Ақылы кем наданға  
Сыр алдырып сынатпа.  
Сүйіп алған жарыңнан  
Кетпегін ұзап қашыққа.  
Ақылының парасы –  
Қарындас, қатар ұнатса.  
Алғаның болса осындай
- 50 Сындырып сағын жылатпа.  
Жаман болса алғаның  
Қорлыққа басың салғаның,  
Ағайынмен араз боп  
Жаманатқа қалғаның.  
Қиын болар жаманмен  
Абырой атақ алмағың.  
Арланарсың өлгенше  
Үйленіп ауыр салғаның.  
Сөйлей алмай қақалып
- 60 Тістеулі кетер бармағың.  
Тегін танып, тергеп ал  
Жақсы-жаман ар жағын.  
Жетесі төмен жасықпен  
Тіріде бітпес арманың.  
Бастырмайтын ілгері  
Болады жаман қармағың.  
Қиын болар жаманмен  
Мейірлену қабағың.  
Безіп кетер үйіңнен
- 70 Ағайын-тума, жан-жағың.  
Алғаныңша аруды  
Ақылын өлшеп шалдағын,  
Татымдысын таңдағын,



- Сай келе ме өзіңе  
Абайлап қарап аңдағын,  
Әліңе қарап таңдап ал,  
Көтерсе қолың салмағын.  
Бақытыңа мастанба  
«Менен артық кім бар» деп,
- 80 Мейманыңды тасытпа,  
Бергеніне Алланың  
Кешікті деп асықпа,  
Берейін десе Құдайдың  
Қазынасы қашық па?  
Жерде қалмас өкпемен  
Жақсының көңілін жасытпа.  
Ғайбат етсең біреуге  
Кетпесін ұзап қашыққа.  
Ақ-қараның бәрі бір
- 90 Жетесі төмен жасыққа.  
Құдайым күнді салмасын  
Іші жаман пасыққа.  
Және жолдас қылмасын  
Біліксіз арам пасыққа.  
Қаны бұзық адамнан  
Болғаның мақұл қашықта.  
Дәулетті болса қатарың  
Артық көрініп көзіне  
Кісіге бөліп бермейді.
- 100 Біреуді біреу күндеген  
Бақыт ауған басынан,  
Кедейлікті меңдеген,  
Бейнеттің ұзын құрығы  
Мойынына кімнің ілінбеген.  
Айтсаң да білмес сөз мәнін  
Бағынышты өзіңе  
Буынсыз қызыл тіл деген.  
Өсек айтып өңештеп  
Құтыра берме тілменен.
- 110 Менмендіктің белгісі  
Басқа адамның сөздерін  
Құлағына ілмеген.



- Бітеуліктің белгісі  
Езу тартып күлмеген.  
Бергеніне Алланың  
Барынды «жоқ» деп, құрытып  
Шала айналар тірілікте  
Бастама жаман ырымды.  
Менен де бұрын сөз қалған
- 120 Әбубәкір, Сырым да,  
Нешелер тілді бұрын да.  
Нақты жақсы болмаса,  
Бос орынға ұрынба.  
Ақтың ісі құдірет  
Ауысып жолдан бұрылма.  
Еңбек, ғылым екеуі  
Көзіңнің болсын қырында.  
Әдеп тұта білмейтін  
Жақындама құрбыңа.
- 130 Достық сөзді кем көрмей  
Келгенің төуір ымыраға.  
Ұзақ қуып аңдысаң,  
Ұшырарсың шығынға  
Кісіге залал етпегін,  
Ең тазасы шынында.  
Жанжалдасқан жаманның  
Арасына тығылма.  
Аңдығанша біреуді  
Жыртығыңды тығында.
- 140 Өзіңді атқарып болғанша  
Аңғарынды ашып сұғынба.  
Ар-намыстан айырылып  
Алданбаңыз жұғынға.  
Жағаласпа жауыңмен  
Болмаса қару қыныңда.  
Уәделескен сертіңнен  
Өлгеніңше бұзылма.  
Болады шалап айраны  
Ізсіз қалған адамға.
- 150 Келтіремін мысалдап  
Кеуіп қалған дайраны.





- Жамандардан кесапат  
Көңіліңді суытып  
Жүрегіңді шайғаны.  
Адамдардың жаманы  
Уәдеден тайғаны.  
Гүлденбеген ағаштың  
Жіберіп тамыр жайғаны,  
Бақыттың құстай ұшқаны
- 160 Өмірдің сынса қайрағы.  
Адамзаттың қай күні  
Түгенделген жан жағы.  
Түсінер деп жақсылар  
Келтірем мысал қайдағы.  
Естігенде нәрленер  
Жүрегі болса айналы.  
Жүрегіңе түйіп ал  
Ұнамды жерін пайдалы.  
Бәрін айт та, бірін айт –
- 170 Адамзатта ат қалса  
Тіріде алған байрағы.  
Басыңды байлау жаманмен  
Парызы емес Алланың.  
Біздерге күнін қалдырып  
Батырлар өткен қаһарман,  
Дұшпанға қырлы айбарлы,  
Халықтың сүйген ұлдары,  
Шыбын жанын сарп етіп  
Өлімге басын байлаған,
- 180 Қастасқан дұшпан жайрады,  
Ызғарлары ойнады.  
Ілгеріні болжаған,  
Ғалымдар болған пікірлі,  
Астана елге пайдалы.  
Ақындар өткен ақылды  
Жүздері жарқын жайдары.  
Жақсылардың бұрынғы  
Нұрлары балқып жайнады,  
Қазына болып халқына



190 Мыңдаған жылдар қайнады.

Жез таңдайлы би де өткен  
Сөздері тәтті шырындай,  
Ұйыған сүттей қаймағы.  
Тақуа-тақтақ көп өтті,  
Заманының айғағы,  
Зар илеген заманда  
Тотыдайын сайрады.  
Әулиелер және өтті  
Беті ақтан таймады,

200 Қадірлеген пір тұтып

Астана халық аймағы.  
Кіріптар болған жігіттер  
Басынан бақыт тайғаны,  
Қарсы келген ажалға  
Табасың қайсың айланы  
Басы айналған адамның  
.....


Бұл толық дерлік жазылған бесінші толғаудың қағазға түскен мәтіні осымен аяқталған. Соңғы, 206-тармаққа қарағанда бұл толғаудың жалғасы бар болар деген ой туады. Өкінішке орай, оның жалғасы дәптерде жоқ.

Сәттіғұл Жанғабылұлының шығармаларының «Аманат» жинағынан басқа, жарияланған толғау-термелері, өлең-жыр жинақтары маған беймәлім болғандықтан, осы біз жариялап отырған терме-толғаулар мәтіндерін салыстыратын нұсқалар болмады. Сондықтан «төте жазу» түрінде қағазға түскен, Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған, кириллица жазбасына аударылып, осы кітапқа қосылған Сәттіғұл Жанғабылұлының терме-толғауларының үзінділері алғаш рет жарияланып отырған болуы ықтимал» дегенді айтуға тоқталдым. «Бұл терме-толғаулардың кезінде жарияланбауына, ауызша тарауына әсер еткен олардың діни мазмұнда жырланғандығы себеп болған шығар» деп тұжырымдасақ, қателеспеспіз деген де ой келеді. Қалай болғанда да бұл Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатынан табылған ескіше жазба түрінде қағазға түскен терме-толғау мәтіндері Сәттіғұл Жанғабылұлының шығармаларын зерттеуші әдебиетшілерді ойландыруы тиіс.



XI тарау

МӘТЖАН БИДІҢ  
ӘҢГІМЕЛЕРІ





## МАҢҒЫСТАУЛЫҚ МӘТЖАН БИ

Адай елінің тарихында нақыл сөздерімен өзіндік белгілі із қалдырған, есімі ел аузында осы кездерге дейін сақталған шешендердің бірі – Мәтжан би Тілеумағамбетұлы (1841-1929). Ол өз халқының тіл байлығын, ақыл-нақыл, шешендік сөздерін ой-санасына сіңіріп өскен, тапқырлықпен шешендік сөздер айтып, ел-жұртына жас кезінен-ақ таныс болып, есейе келе Мәтжан би атанған. Оның атағы тек қана Маңғыстауда емес, көршілес Атырау, Ақтөбе, Орал облыстары, Қарақалпақ, Өзбекстан, Түрікменстан жерлеріндегі қандастарымыздың арасында да тараған. Жалпы қазақ елінде билерге ортақ, тән құбылыс – олардың әлеуметтік мәртебесінің бай-болыстардан да жоғары дәрежеге жеткен ел-халықтың қалаулысы болғандығы. Мәтжан би де сондай ел-жұртының қалаулысы еді.

Мәтжан бидің әңгімелері мен шешендік сөздері – ел-халыққа ортақ қазына. Соларды әртүрлі басылымдарда жариялап жүрген маңғыстаулықтардың қатарында Орынбай Бәлдековті де атауға болады. Мен бұл кітапқа оның жариялаған, баспаға дайындаған Мәтжан бидің әңгімелерін қосқанда оларды «Орынбайдың еңбегі» деп меншіктену мақсатынан аулақпын. Тек оның, басқа да ауыз әдебиеті үлгілерімен қатар, Мәтжан бидің мұраларына да қызығушылығы болғандығын, соларды жинақтап жүргенін оқырмандарға жеткізгім келді.

## МӘТЖАН БИДЕН ҚАЛҒАН СӨЗ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Бейнеу аудандық «Ленин жолы» газеті,  
19 шілде, 1989 ж.*

Маңғыстау өңірінде есімі ел жадында сақталған шешендердің бірі – Мәтжан биге қатысты О. Бәлдеков жинаған әңгімелерді оқырмандарға ұсынып отырмыз.



## Ет асату

Ауылда қонақ түскен үйдің іргесін қаумалап, қазан түсіріліп, ас берілетін кезді торып, «ет асаймыз» деп жүрген қарасирақ балалардың ішінде бала Мәтжан да болыпты. Табақ тартылып, ет туралып, ас алып басталғанда үйдің есігінен сығалаған балаларды көріп, отау ішінде ас алып отырған қонақтың бірі:

– Әй, анау есіктен қарап тұрған сорлыларға ет асатындаршы, – дейді.

Мұны естіген балалар босаға алдына топырлап, сыбағаларын алуға жиналып тұра қалады. Дастарқан басында отырғандардың бірі табақтан ет алып, әлгі қарасирақ жүгірмектердің уыстарына салып, ауыздарына асатып бастайды. Кезек бала Мәтжанға да келеді, сонда ол:

Асамаймын! – деп күңіренеді.

– Е..е..., неге асамайсың? – деген сұраққа Мәтжан бөгелместен «сорлы» деп атадыңдар ғой» жауап беріпті. Мұны естіген төрдегі қонақтың бірі баланың сөзіне елең ете қалады да, сұрақтарын жаудыра түседі.

– Қарағым, өзіңнің атың кім?

– Атым жылқыда.

– Кімнің баласысың?

– Оны шешемнен сұраңыз.

– Апырым-ай, мына баланың көзінің жаманын қараңызшы!

– Екеуіміздің орнымызды ауыстырса, сіздің көзіңіз де келісті бола қоймас.

– Қаршадай болған мына баланың сөзін-ай, ұртын тілер ме еді өзінің!

– Немене, ұртымды тілетіндей асатқалы тұрған етің менің аузыма сыймастай ма еді.

Баланың бұл жауаптары төрде отырғандардың ішіндегі бір сыйлы кісіні риза етсе керек. Ол «апыр-ай, мынау бір тілі жетісіп, болайын деп тұрған бала екен, ескеріп, көз сала жүріңдер» депті.

## Нағашысы Көбен биге көрісуі

Мәтжан, нағашысы Қызыл Шегем руының биі Көбенге көрісуге барады. Сол ауылда бірнеше күн қонақтайды. Ауылы-



на қайтар алдында әдет бойынша нағашысы бұйым сұрапты. Сонда Мәтжан:

– Шүкір, мал да, бас та өзімде бар-ау, тек сізден ақыл сұрай келіп едім, – депті. Бұған Көбен би:

– Өз ақылың өзіңе жетерлік екен, тек қана тіліңнің ұшы сүйірлеу екен, соны тойтар, – депті.

## Қосшы баланың әдепсіздігін қойдыруы

Бір ауылда қонақта отырғанда, Мәтжанның қасына ерген қосшы бала ет турағанда, асты араластырғанда еттің дәмді, шұрайлы, майлы тұстарын өз алдына қарай ығыстырып тастағанын байқапты. Осы тұста Мөтекең:

– Әй, бала, тұр! Атты әкел! – деп, тұруға қамданыпты. Үй иесінің таңданып, ас желініп болмай, мұнша неге асығыстық білдіргенін сұраған сауалына Мөтекең:

– Жоқ, асықпаймын, аттанып барып, ет тураған қосшы баланың алдын орап, оның алдындағы жинаған етінен ас алайын деп едім, – деп жауап беріпті.

Тағы бірде, әлгі қосшы бала ас үстінде өрескелдік көрсетіп, табаққа қол салған сайын уысын етке тақ толтырып алып асай берген екен. Мұны ерсілік көрген Мөтекең, бала тағы да алақанын етке толтырып, асайтын болғанда:

– Әй, жігітім, уысындағы асты мына табақтағы етке сатамысың? – депті. Шиедей қызарған жас жігіт осыдан кейін бұл әдеттерін қайталамапты. Сөйтіп, Мөтекең қосшы баланың әдепсіздіктерін қойдырыпты.

## Болыстықтан түсуі

Ақылдылығымен, алғырлығымен жасынан көзге түскен Мәтжан 18 жасында болыстыққа сайланыпты. Бірнеше жылдар болыстықты атқарған ол, келесі сайлауда болыстыққа қайта сайланудан өз еркімен бас тартып, ұлықтарға арыз беріпті.

Мәтжанның бұл шешіміне таң қалған Маңғыстаудың сөзге жорға шешендері, оның замандастары – Иса, Тілеген, Ермәмбет



билер келіп, одан «басыңа қонған бақты бағаламағаның қалай?» деп жөн сұрасады. Сонда Мөтекен:

– «Болыс болсам, халқыма тигізетін пайдам арта түсер» деп ойлаушы едім, оным бекер екен. Болыс болсаң, анау патшаның оқалы жағалылары мен жандайшаптарының көңілін табуың керек екен. Ал оны тек халқымды жылатып, сорлату арқылы ғана орындауға болады. Мен оған көне алмаймын. Аққумен істес болсаңыз – денеңіз пәк болар, бүркітпен істес болсаңыз – тамағыңыз тоқ болар, қарғамен істес болсаңыз – шұқығаныңыз боқ болар. Қара қарғадай құжынаған ұлықтардың арасынан аққу таппадым, – деген екен.

Мөтжанның жауабына қанағаттанған ауыл билері үнсіз тарасыпты.

## Құн дауын жеңуі

Адай елінің Тіней тайпасының бір азаматын Хиуа ханының салықшы шабармандары өлтіріп кеткен екен. Ханға арқа сүйеген кісі өлтірушілер құн даулап барғандармен сөйлеспеті. Арыз айтып, теңдік іздеп барғанда құн даулап ала алмай қалған ру ақсақалдары Мөтжанға сөз салыпты. Мөтжан ел атынан Хиуа хандығына әділдік іздеп барыпты, сонда сөзін былай бастапты:

– Қазақта «шарапатты жақсы мен бай ортақ, төрелігін тура айтатын хан мен би ортақ» деген сөз бар. Сіздің әділдігіңізге сеніп айтар арызым бар.

Бұл сөздердің астарын, әңгіменің төркінін қапысыз ұққан хан қарсы сөзге көшеді.

– Қазағым, кешегі күні «басыңа құн түскенде қойныңда болатын қоныстасыңмын, не айтсаң да көнемін» деп едің. Құран ұстап, ант берген едің. Енді, міне, менен құн дауламақсың. Бұл берген антыңды бұзғандық болады. Ант бұзғанды Құранның қасиеті ұрады, – дейді. Сонда Мөтжан:

– Көзі ұйқыда, көңілі иманда жатқан қазақтың азаматын өлтіріп, құн төлемей жүрген хиуалықты ұрмайтын, жазықсыз қазақты ұратын сіз айтқан Құранда нендей қасиет қалады, – деп дауласып, ақыры жеңіпті.





Мәтжанның айтқан айғақ дәлелдеріне қарсы тұруға нақты себептер таба алмаған хан қазаның құнын төлеп құтылған екен.

### **«Баймәмбет көрден шыға келе ме?» деп...**

Маңғыстау өңірінің өңшең болыс-билері мен жайсандары – Иса, Тілеген, Өсербай, Ермәмбет, Қожық және олармен бірге Мәтжан Кетікке (Форт-Александровск) «сыязға» келе жатады. Жолдағы бір аумақты қауымның тұсына жеткенде, аталғандар аттарының басын тартады. «Мая би мен Баймәмбет би жатқан зиратқа бұрылайық, аят оқып, бет сипайық» деседі. Мәтжан да бұрылады, атынан түседі, бірақ серіктестеріне қосылмай, оқшауланып теріс қарап, көптен бөлек отырыпты.

Мая би кезінде бүкіл елді аузына қаратқан би болған екен. Оның баласы Баймәмбет те әке жолын құған, билік айтқан адам болыпты. Оның бір елге әйгілі ерекшелігі – патша үкіметінің жергілікті ұлықтарына жақын тұрғандығы, олар орнатқан тәртіп пен заң талаптарын мүлтіксіз орындауға елді шақырғандығы болған екен. Бірақ жергілікті халық оның айтқанына көнбеген, қарсыластық білдірген екен. Ақыры Баймәмбетті өзінің ағайындары өлтіріпті. Осының бәрін Мәтжан жете білген.

Әлгі би-болыстар дұға оқып болып, орындарынан көтеріліп, Мәтжанға қараса, ол теріс айналған күйі күбірлеп отыр екен. Сонда серіктестері жақындап келіп:

– Әй, Мәтжан, сенің бұл не еткенің, Баймәмбетке өкпең бар ма еді, немене? – деп сұрапты. Сонда Мәтжан іркілместен:

– О дүниелік кісіге өкпе жүретін бе еді? Құдайдан бұйрық жетіп, Байкем көрінен шыға келіп, «кешегі күні патша бастаған орыс заңына көнің» дегенімде, оны құлақтарыңа да қыстырмай мені өлтіріп едіңдер, міне, енді бүгін тымақтарың жылпылдап қалаға, ұлықтарға беттеп бара жатырсындар» десе, не жауап берерімді білмей ұялып қаламын ғой, сондықтан сырт айналып отырмын, – депті.



## Ар сақтау туралы өсиеті

Бірде Мәтжанның үйіне көрші ауылдан бір ағайыны, жас жігіт келеді. Амандасып, есен-саулық сұрасқан соң ол Мәтжанға:

– Үйде босқа жата бересің бе, бой жазып шығып, бір үйге түсіп, қонақтап, мал сойдырып, бұйырған басты мүжіп, ет жеп қайтпаймыз ба? Сенің арқанда мен де етке тояйын, – дейді.

Мәтжан атын алдыртып, жаңағы жігітпен жолға шығады. Жолдасы қайда бармақшы екенін сұрағанда, Мәтжан оған:

– Сенің ауылың қайда болса, сонда тартамыз, – деп жауап қайтарады.

Өлгі жігіт ауылға жақындағанда бір байдың отауына қарай бағыт алады. Оны сезген Мәтжан:

– Сенің өзіңнің үйің қайсы? – деп сұрайды.

– Анау шеттегі қоңыр үй-дағы...

– Ендеше, сол үйге түселік.

Жігіт амалсыздан Мәтжанды өз үйіне ертіп келіп, жалғыз ешкісінің лағын сойып, қонағының алдына табақ толы ет қойып отырып:

– Мәтеке, барым осы, қой-қозыларым болмаған соң жалғыз ешкімнің лағын сойдым, аз көрмей, құрметке риза болып, ас алыңыз, – депті. Сонда Мәтжан:

– «Өзіңде асың болса, өзгеде қасың бар ма?» деген бар. «Қыдырайық, ет жейік» деген өзің боласың. Шырағым, әуелі өзің ал. Алғанда жақсылап, тойғаныңша ал. Мен сені тойдыру үшін келдім, маған сенен қалғаны да жетеді. Мал сақтағанша, ар сақта, – депті.

Үй иесі айтар сөз таба алмай сасып, қатты ұялып, қабағын да көтере алмапты.

## Шілдеханада айтқаны

Адай елінің Майлан руынан шыққан Аманқұл болыс ұл балалы болады, шілдехана жасайды, оған Мәтжан да шақырылады.

Мәтжан Майланның жамағайыны Сарбас екеуі болыстың ауылына келе жатады. Жолда бұлардың алдынан Бектемістің



Бекені шығады. Бекен Мәтжанды іздеп келе жатқан екен. Жол жүре келе әлгі жігіттің әңгімесіне құлақ түреді. Әңгіменің мәніне қарағанда, ағалы-інілі Бекен мен Құлбайдың он бойдақ қойларын Аманқұл болыс айдатып алдырған екен. Бұлардың әділдік сұрап барған арызын Аманқұл ескермеді. Осы жүрісінің мәні – Мәтжанға мұңын шағып, малын қайтарудың қамы екен. Би бұл жігітті өзімен бірге ертіп жүреді, «малың қайтпаса, қонақтарға сойылған малдың еті тісіңе тиер» дейді.

Аманқұл болыс Мәтжан бидің алдынан шығып, қарсы алып, атын ұстайды, қолтығынан демеп, үйіне кіргізеді, төрге отырғызады.

Біраз отырыс болады, Мәтжан әртүрлі әңгіме айтады, бірақ «баланың бауы берік болсын» деген тілек айтпайды, бұл сөзге жоламайды. Әңгімені қанша тыңдаса да Мәтжаннан күткенін ести алмаған болыс шыдамы таусылып, әйеліне қарап, дауыстап:

– Әй, анау нәрестені әкелші бермен, аталарына сәлем еткіз. Аталары құтты болсын айтар, баталарын берер. Әулие нәрестеме ізгі аталарының бақытын, даңқын берер ме екен?! – дейді.

Нәрестені әкелген соң Аманқұл баланы Мәтжан мен Сарбастың алдына тосып, «ассалаумағаләйкум, аталар» деп дауыстайды. Мәтекең үнсіз отыра береді. Сонда Сарбас Мәтекеңді түртіп:

– Мәтеке, болыстың қуанышына бір сөз айтып жіберіңіз, әңгімені сонан соң жалғастырарсыз, – дегенде, Мәтекең:

– «Құтты болсын, баланың бауы берік болсын» деп айтуға меңің аузым бармай отыр. Мына отырған Аманқұл туғанда сондай тілекті айтқандардың бірі мен едім. Ал сол Аманқұлымыздың ер жеткенде не көрсеткені белгілі. «Болыс болдым» деп, жарлы-жақыбайлар мен момын-әлсіздерге тізе батырады. Басқа қылығын былай қойғанның өзінде, міне, осы той қажеті үшін Құлбай мен Бекеннің он бойдақ қойларын айдатып алдырыпты. Мына нәресте ертең ер жеткен соң әкесінің жолын қумасына кім кепіл болады?.. Ендеше, әкесіндей өзімді талап жейтін бөрінің бөлтірігіне «құтты болсын» айтып, басыма пәле тілеп алатын жәйім жоқ!, – депті.

Жиналған жұрттың алдында бұл сөздерді естіген Аманқұл болыс кірерге тесік таба алмапты.



## ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Бейнеу аудандық «Ленин жолы» газеті,  
17 қараша, 1989 ж.*

**Жары Мәтжан** би кезінде өнерді құрметтеп ел арасында таратуға, өнерлінің өрісін кеңейтуге шама-шарқы жеткенше қамқорлық жасаған екен.

Бірде Мәтжан жауырындары жерге тимеген Есет пен Бәлдек палуандарды, «Тоғыз құмалақ» ойынының асқан шебері Төлекбайды, «дауысы күндік жерге жетеді» дейтін белгілі әнші Шолтаманды, күйші, домбырашы Қартбайды, сөз зергері, белгілі домбырашы Жантілесті, атбегі Қосжанды, айтыскер ақын, жыршы Берекетті, аударыспақ ойынының аса мықтысы, «теңге алудың» шебері Итбайды және садақ, мылтықпен «құралайды көзіне атқан» мерген Өтесінді жинап алып, қонағасы беріп, оларға қолқа салыпты.

– Жігіттер, сендердің әрбірінде кемінде үш кісінің өнері бар. Бірақ өнер – өрісті болғанда ғана өнер. Өнердің өрісін кеңейтіп, елге таныталық, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, ел ішінде сендер сияқты өнерлі көп, солармен бақ сынап бәсекеге түселік, барымызды үйретіп, жоғымызға үйренелік, – деген екен.

Жігіттер бұл айтылғандарға келісіп, бәрі де жолға шығыпты. Адай мен Әлім арасында қона, түстене жүріп, Табын елінің шетінде отыратын Шегем Ләтіп бидің ауылына түсіп, ойынсауық құрыпты. Сонда Ләтіп би:

– Мәтжан, сапарларың оң болсын! Өнерлерің де, өнерпаздарың да сай екен. Осы ауылдан үш-төрт күндік жерде «Доңыз тауды» жайлайтын Жұмағұл-ахад деген ақсақалдың ауылы бар, оның бала-шағасы, немере-шөбересімен жүз үйдей елі бар. Жасы да, кәрісі де шетінен өнерпаз, солармен сайысқа түсіңдер, кімнің кім екені сонда білінер, өнер алмасыңдар, – деп кеңес беріпті.

Мәтекең бастаған топ Жұмағұл-ахад ақсақалдың ауылына келеді. Елдің Айтқожа деген мырзасы жолаушылардың алдынан шығып, жөн сұрасып, қонақтарды қарсы алыпты. Ауыл



елі қонақтарды ерекше, құшақ жая қабылдапты. Қонақтар аунап-қунап дем алғасын Жұмағұл ақсақал:

– Жастар бірімен-бірі таныссын, өнер көрсетсін, ал біз тамашалалық, – дейді.

Өнер көрсету «тоғыз құмалақ» ойынынан басталады. Мөтекең жақтың ойыншысы Төлекбайға ауыл жігіттерінің бірі қарама-қарсы отырып жатып:

– Қане қонағым, қалай, құмалақты інге салып ойнаймыз ба, әлде ауызша ойнаймыз ба? – дейді. Сонда Төлекбай:

– Ауызша ойнасақ, жаңылып қалармыз, інге салып ойналық, – деп ұсыныс жасайды.

– Ал онда кезек сізден болсын қонағым, – депті ауыл жігіті.

Екі ойыншы бір-бір жүріс жасаған соң ойынды бақылап отырған Жұмекең қарт:

– Ойынды кім бастады, қалай жүрдіндер? – деп қызыға сұрайды. Оған ауыл жігіті:

– Ойынды қонақ бастап, Сатыйдан жүрді, мен Қосмойыннан жүрдім, – деп жауап береді. Сонда ақсақал:

– Қонаққа үш құмалақ беретін болыпсың ғой, – дейді.

Ойын қортындысы дәл солай болып шығады. Екінші ойын да қонақтың жеңісімен аяқталыпты. Бұдан әрі ойнай берудің пайдасыз екенін сезген Төлекбай «ауырып отырмын» деп жатып қалады.

«Тоғыз құмалақтан» басқа өнер сайыстарында да Мәтжан бастаған жақ басымдық көрсетеді. Жастар танысып, бірінен-бірі өнер үйренеді. Қонақтардың кетер алдында Жұмекең ақсақал Мөтекеңе:

– Осы сапардың жалғаса беруі, ел мен елдің жақындаса түсуі үшін себеп, белгі болардай бұйым сұра, – дейді. Сонда Мөтекең:

– Мына әнші Шолтаманым бойдақ еді, құда түсем, – дейді.

– Мына шәй құйып отырған немеремді бердім, Мөтеке, – дейді Жұмекең қарт. Сонда Жұмекеңнің немересі, қыз былай дейді:

– Екі ата келісіп жатырсыздар ғой. Дегенмен мына шыр бітпеген қу кедей Шолтамандарың мені баға алар ма екен? Құр ән сән болғанымен, мал бола ала ма?

– Қарағым, білмей айтқан ағаттық болар. Шолтаманның жарлы екенін қайдан білдің? – дейді Мөтекең сыр бермей. Сонда қыз:



– Ата, маған кім айтсын, оның өзі айтып тұрғандай. Киген киімінің екі жеңіне қарап, кезек-кезек сипай береді. Мұнымен де қоймай, екі етігін қаусыра береді. «Кісі киімі кіршіл болады» демей ме? Өз киімі болса, олай етпес еді. Сонда киер киімі жоқ Шолтаманды кедей дегенде кім деймін, – депті.

Шындығында да Шолтаман шыр бітпеген кедей екен. Мәтекең жолға жүрерде өзінің баласы Алуадиннің киімін кигізіп, «ретін тауып Шолтаманды үйлендірсем» деп қамданып шыққан екен. Ақылды қыз бәрін сезіп, түсініп, біліп отырса да «теңім табылды» деп келісіп, қарсылық білдірмеді. Сөйтіп, осы сапарда Мәтекең ауылға кедей Шолтаманды айдай сұлу ақылды аруға үйлендіріп қайтқан екен.

«Жақсыдан – шарапат» деген осы болса керек.

## МӘТЖАН АЙТЫПТЫ...

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Маңғыстау аудандық «Жаңа өмір» газеті,  
25 қараша, 1989 ж.*

Мәтжан бірде өзін шақырған тойға палуан інісін және өңшең өнерпаз тоғыз жігітті ертіп барыпты. Тойға жиналғандардың ішіндегі есерлеу біреуі көптің көзінше «төбелессіз той болмас, егер алда-жалда төбелес бола қалса, осы отырған әрқайсымыз он жігітке, онымыз жүз жігітке қарсы тұра алар едік-ау» деп желпініпті. Той біткен соң Мәтжан бастаған топ түкпен ісі жоқ ауылға қайтып келе жатады. Бір кезде, олар биіктеу төбенің басына шыққанда, төменде бұларды біршама қаруланған жиырма-отыз атты жігіттер күтіп тұр екен. Мәтжанның жігіттері жол тосушылардың бағанағы тойда әнтек айтылған сөз үшін күтіп тұрғандарын сезе қояды, және олармен күш сынасып, абырой таппасын біледі де, жанжалдан аулақ болғысы келіп, ат басын кейін бұрып, қаша жөнеледі. Төбенің басында тапжылмай тек Мәтжан қалады. Аттарын бауырға басып, оны қоршап алған жол торушы жігіттер:

– Ана жігіттерің неге қашты? Бағанағы сөздеріне өздері сай емес болғаны ма, қалай?! – деп кіжініпті. Сонда Мәтжан:



– Жоқ, олар қашып бара жатқан жоқ. Сендердің қараларың жүзге жетпеген соң «басқа жолы кездесерміз» деп кетіп барды, – депті.

## ХАН АУЫЛЫНДА

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
«Адай» тарихи, әдеби, мәдени альманагы,  
1-6 маусым, 1992 ж.*

Маңғыстау халқы базаршылық сауда-саттық кәсіппен Хиуа хандығы жұртшылығымен араласып тұрған. Бір кезде керуенге еріп, Мәтжан да бұл өңірге сапар шегеді. Хиуаға Мәтжан келгендігін естіген Аллақұл хан оны қонаққа шақырады. Бұл құрметті Мәтжан қабыл алады. Хан сарайына келіп, жайғасып отырған соң әңгіме-дүкен құрылады, сөз басталады.

– Сіздің атыңызға сырттай таныс едік те, бірақ жүзіңізге шалыс едік. Біздің ниетіміз сол олқылықтың орнын толтырып, өзіңізбен әңгімелесіп, сыйласу ниетімен шақырып едік. Сіз келетін болған соң қонақасы жайлы кеңескенде, «Мәтжан – қазақтың сыйлы азаматы, сондықтан оны өзіміздің дәмді тағам «Жеті әулие» атанған ұлттық асымызбен сыйлап көрсек қайтеді» деген ұсыныс болды. Сіз бұған қалай қарайсыз? – депті хан.

«Жеті әулие» деген аты-ақ әсем екен» деп Мәтжан ұсынысты қабылдайды. Біраз уақыттан кейін дастарқан жайылып, шар табаққа толтыра салынған палау да келіп жетеді. Табақтағы тауша үйілген палаудың төбесінде әрқайсысы асықтай бір уыс ет салынған екен.

– Ал, құрметті қонағым, мынау – сізге арнап сарайдың таңдаулы аспазшылары дайындаған «Жеті әулие» атты ас, дәм алыңыз, – деп хан ілтипат білдіреді. Сонда Мәтжан:

– Ассалаумағалаяйкум «Жеті әулие»! Биссимиллаһи, пір әулие! О, дүние-ай, ең үстінде келеді екен өзіміздің ет әулие-ай! – деп, әлгі үйілген етті екі алақанымен көсіп алып, өзінің алдында тұрған ыдысқа салыпты да, «осы бір «әулие» маған жетеді, басқа «әулиелерге» рұқсат, – депті.



Кетерде хан қонақтан бұйым сұрағанда, Мәтжан «біз көшпелі елміз ғой, ағын су, егісіміз жоқ, бізге егістікпен айналысуға жер-су бер, қоныстанып көрелік» депті. Сөйтіп, Мәтекең ханнан мың танап жер алыпты, ол жерді қоныстануға ниет білдірген көшіп-қонуға шамалары жоқ жарлы-жақыбайларға берген екен.

\* \* \*

«Мәтжан бидің жер алғандығы туралы әңгімені Сәттіғұл ақыннан да естіп едім. Сол жерге қоныстанғандардың ішінде Сәттіғұл ақынның әкесі Жанғабыл да болыпты. Сәтекең, «Маңғыстауға 12-13 жасымда келдік. Қоңырат, Хожелі жерінде «Мәтжан бақ» деген жер болғанын қарттар айтып отыратын-ды» дейтін» Бұл айтылғанды әкемнің отбасылық мұрағатындағы қолжазбасынан кездестірдім.

\* \* \*

Әкем Мәтжан бидің шешендік сөздері мен әңгімелерінің бір тобын 1989 жылдың қыркүйек айында белгілі бір республикалық баспаға ұсыныпты. Бірақ ол республикалық баспасөздің редакторы «баспаға ұсынылған әңгімелердің тіл байлығы, мазмұнының көркемдігі жеткіліксіз» деп, оларды жарияламайтыны туралы жауап беріпті. Редактордың онысы бізге түсінікті. Ол кезде қазақ елінің шалғайындағы Маңғыстаудың Мәтжан биі түгіл, қазақтың әйгілі билері – Қалдыбекұлы Қазыбек би, Әлібекұлы Төле би және Байбекұлы Әйтеке би сияқты ірі тарихи тұлғалар да елге толық танылып үлгермеген еді. Олар туралы жарияланымдар да кең тарамаған болатын. Екіншіден, ол мезгілде орталық республикалық басылымдарда қандай мақалалар, әдеби туындылар жариялауды Қазақстан КП Орталық комитетінің идеология бөлімі шешетін тәртіптен әлі арылып бола қойған жоқ едік.

Жариялауға ұсынылған Мәтжан бидің әңгімелерінің алғы сөзінде әкем мынадай ой айтыпты:

«Маңғыстау халқының өткен өмір жолындағы мерейін көтерерліктей, мақтаныш тұтарлықтай, ғасырлар бойы дамып, жетілген ауыз әдебиеті мұралары бар. Міне, сондай мұралардың бірі – Мәтжан бидің айтқандары. Олар әлі толық





жиналған жоқтың қасы. Бәлкім, Мәтөкеңнің айтқан терең ойлы әңгімелерін, түйін-тұжырымдарын толықтырып жинақтап, сараптап, ел-жұрттың назарына ұсыну болашақта жүзеге асырылатын жас қаламгерлердің ісі болар».

Сол Орынбай Айтмағамбетұлының жинақтаған, 1989 жылы республикалық баспаға ұсынған Мәтжан бидің әңгімелерінің қайсыбірін осы кітапқа қосуды жөн көрдім.

## ОРЫНБАЙДЫҢ БАСПАҒА ДАЙЫНДАҒАН МӘТЖАН БИДІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

### Тобанияз болыстың үйінде

«Әланияздың ұлы Тобанияз болыс болыпты» дегенді естіп Мәтжан оның ауылына келеді. Алты қанат ақ ордаға кіріп келсе, үй іші толған кісілер екен, барлығы да Мәтжанды танып, жамыраса сәлемдесіп, ығысып, оған төрден орын береді. Есен-саулық, жөн-жосық сұрасқан соң Тобанияз болыс былай дейді:

– Уа, Мәтеке, өзің жас кезіңнен атақты Мәтжан атандың, ал балаңды кім болды дейміз?

– Е-е, шырағым-ай, өзім уақытында Мәтжан атансам, басыма бақ қонған шығар. Балам өзіме ұқсамаса, ата жолын қуып, мұрагер атанбаса, оны далаға тастаймын ба? «Кешегі көн етектегі Әланияздың ұлы Тобанияз болыстыққа қол жеткізіпті» дегенді естідім. Мен білетін Әланияздың ұлы болыс болатындай кісі емес еді ғой. Соны өз көзіммен көргелі келдім, бұған не дейсің?

Жамаулы шапанды мына кәрі шалға шамасы келмейтінін ұққан Тобанияз бұл сөзден соң ғана жөнді әңгімеге көше бастапты.

### Тобаниязбен кездесуі

Мәтекең үлкейген кезінде Тобанияздың ауылына түйеге мініп келіпті. Үйге кіріп, отырып, аман-түгел алысқан соң үй иесі былай депті:



– О, Мәтеке, кезінде атқа мініп, ел аралап, билік айтып жүрдің. Ешкім сізді «олқы болды» деп бағаламады. Бұл жүрісіңнің жарасымы жоқ сияқты, бұл қай өнерің?

Сонда Мәтжан:

– Тобанияз, мен сені бірінші рет көргенімде, сені «тентектік қылды» деп әкең керегеге байлап қойған екен, сонда шешіп, босатып жібердім. Екінші көргенімде, Кетікте қараңғы үйде жатыр екенсің, сені «қашып кетеді» деп қорыққандықтан, ешкім кепілдік бере алмаған кезде «қашып кетсе, мен өзім түрмеге жатамын» деп босатып алдым. Міне, бүгін «Әлнияздың баласы Тобанияз ревком болыпты» деген хабар жатқызбаған соң өз көзіммен көргелі келдім, – депті.

Бірге отырғандардың «Мәтеке, әңгіме айта отырыңыз» деген ұсынысына «маған әңгіме айтқызғыларыңыз келсе, менің өзіме емес, менің ақылыма тиісің» депті де, сөзін былай жалғастырыпты.

– Жас та келді, ол дүниеге аттанатын уақыт та жақындағандай. Ажал жетіп, ол дүниеге барғанда ол жақтағылар «сен де келдің бе, артыңда үміт артарлық кім қалды?» деген сұрақ берсе, «атауға тұрарлық екі адам бар» деп айтамын ба деп жүр едім. Олардың біріншісі – Айдарбай, оның өзі «би» десең – би атағына, «ер» десең – ер атағына сай, бірақ жүрегі қара адам. Екіншісі – Тобанияз сен едің, сенің де екі жағың бір жүздей, ұстатпайсың, саған да сенімім аз. Енді кімдерді атарымды біле алмай жүрмін, – деп сөзін тоқтатыпты.

### **«Әкеңнен бұт төмен екенсің...»**

Мәтекең Тобанияздың үйінде қонақ болып отырғанда, Тобанияздың бірнеше рет «Уһ!..» дегенін естіп:

– Тобанияз, сен әкеңнен бұт төмен екенсің-ау, – депті.

– Мәтеке, неге олай дейсіз? Әкем мал баққан шаруа болды. Би де емес, билікте де болмаған әкеден мен асып тудым емес пе?

– Әкең Әлнияз иттің жұтында өлген малдардың терілері мен жүнін Кетікке апарып сатып келуге бірнеше рет барғанда бір рет те «Уһ!» деген жоқ еді. Сен астыңа сұр жорға ат мініп жүріп, шаршап келген адамша «Уһ!» дегенінді қоймайсың.



Соған қарап сені әкеңнен ширек емес, бұт кем туған екен-ау деп отырмын, – депті.

## Бата беруі

Мәтжан ауылдағы өзінің аталастары мен ақсақалдарға тән жағымсыз қылықтарды сынап та сөз айтқан екен. Бірде билер мен болыстар қонақтыққа жиналған жерде Мәтжан да болыпты. Астан кейін бата айту кезі келгенде ақсақалдар «бата сізден, бата сізден» десіп, бірі-біріне сілтепті, сөйтіп, астың батасы кідіріңкіреп қалыпты. Сонда отырғандардың арасындағы жасы кіші, төрден төменірек отырған Мәтжан қолын жайып, дауысын шығарып, бата қылатындай әдеппен былайша сайрап қоя беріпті:

– Тастемірдің айналып соқпасынан, Шотанның қасарыспасынан, Құдайбергеннің сағырынан, Майланның құмарпаздығынан, Сейіттің мысқылынан сақтай гөр, жасаған! Аллаһу әкбар! – деп бетін сипапты.

Бұл айтылғанды естіп, ауыл арасындағы белгілілердің мінез-қылықтарын, жүріс-тұрыстарын білетін отырғандар, солардың жарамсыздықтарын, ерсіліктерін Мәтжан өзінің «батасымен» сынап отырғандығын түсініп, «батаға» қосылып, бет сипап, «қабыл болсын» айтыпты.

## Артықшылықты есептеу

Қосай атаның балаларынан тараған Қадір Қалдыбай атты би бірде сөздің реті келгенде Мәтжанға:

– Ау, Мәтжан, біздің, Қосайдың, екі артықшылығымыз бар ғой, соны ескере жүргейсің, – депті.

– Е-е, биеке, олай болса айтып отырыңыз, ол қандай артықшылықтар еді?

– Бірінші артықшылығымыз – ағаның баласымыз ғой. Екінші артықшылығымыз – хан төресі бізден шықты емес пе?

Сонда Мәтжан бөгелместен:

– Ендеше, біздің атаның үш артықшылығы бар, оны сіз де ескере жүресіз, – депті.



Бұған Қалдыбай елең етіп, құлақ түреді, Мәтжан болса сөзін сабақтай жөнеледі:

– Кез келгенге тап болған мешел ауруды емдеп, адамды қатарға қосатын Мұңал ошағым бар. Бұл – біздің бірінші артықшылығымыз. Екінші артықшылығымыз – осы өңірдің жауға шапса, жеңіске жетелер ұранына, тарыққанда медет тұтар піріне айналған Бекет сынды әулием бар. Үшінші артықшылығымыз – осы өңірде бірінші болып Меккеге барып, ондағы қасиетті қара тасты өз көзімен көріп, өз қолымен ұстаған, Алла үйін салдырған Қосқұлақ атамыздың перзенті Асар қажымыз бар, – депті.

## Жиені Қашқынбайды ұялтуы

Мәтжанның әзілі жарасқан қатар-құрбыларының бірі – жиені Таз Қашқынбай екен. Бір күні Мәтекең сол Қашқынбайдың үйіне түседі. Үйге кіріп, сәлемдесе, Қашқынбай төрде жамбастап жатыр екен. Ол үйге кірген Мәтжанды көріп:

– Е-е, міне, Адайдың қу тақтағы келген екен, төрлет, – дейді.

Бұл сөздің Мәтжанның жарлылығын келеке еткендігінің белгісі екенін түсінген Мәтекең мынадай жауап қайтарыпты:

– Жоғары шықпаймын. Біраздан бері сіздің ауыл маңынан жоқ қарап, жездеміздің моласын таба алмай дал болып жүр едім, «Қашқынбай бүгін ауылда» дегенді естіп, сенімен кездесіп, жездеміздің басына барып, дұға оқуға ертіп кеткелі келдім.

Бұл әңгіменің мәнін ұққан Қашқынбай:

– Анда-мында шапқылап жүріп әкеміздің басына белгі қоя алмай жүргеніміз рас еді, реті табылар да, – деп кібіртіктепті.

## Қашқынбайға берген жауабы

Бір жиын үстіне кіріп келген Мәтжанға Таз Қашқынбай:

– Е, міне, Адайдың сөзі көп қу тақтағы келді, – депті. Сонда Мәтжан ойланбастан:

– Уа, Қашқынбай, көп сөзді сөксең – Құранды сөк, Құранды шығарған пайғамбарды сөк, таппай айтсам – мені сөк, тауып айтсам не дауың бар? – депті.



«Әй, Мәтжан-ай, сен осы екі жақты, қызыл тілді жаннан сөзден жеңіліп көрдің бе» деген сұраққа Мәтжан:

– Сөздің маңызын түсінбейтіндерден, айтқанға тоқтамай, алды-артына қарамай лағып сөйлей беретіндерден күнде мың рет жеңілемін, – деп жауап беріпті.

\* \* \*

Орынбай Айтмағамбетұлының қолжазбаларында Мәтжан бидің елдің қамын ойлаған, қамқоршылық көрсеткен абзал адам болғаны жайлы, және де басқа әңгімелер де бар.

\* \* \*

Кетікке (Форт-Александровск) барып, базаршылап ауылына қайтып келе жатқан жергілікті құдықшы Бейнеубай Үстіртте Қарнауда отырған Мәтжан бидің үйіне қонақ болып түсіпті. Мәтекең қонақпен әңгімелесіп, шаруасын айтып Өзек, Тәңке сулы жерлерінің бірінен құдық қазып беруін сұрайды, ақысын беруге уәде етеді. Бейнеубай оған келіседі, бірақ екі арада ақы мөлшері жөнінде келісім жасалмаған көрінеді. Араға көп уақыт салмай құдықшы іске кіріседі де, суы мол құдық қазып береді. Би уәдесінде тұрып, құдықшыға бір қысырақ жылқы береді. Бейнеубай Мәтекеңе ризашылығын, уәдеге беріктігін, өнерге қамқоршылығын ел арасында аңыз қылып әңгімелеп жүріпті. Сол Тәңкедегі суы мол құдық «Мәтжанның қара құдығы», «Мәтжан шымырауы» деп аталып кетіпті.

Осы әңгімеде аталған құдықшы Бейнеубай жөнінде әкемнің қолжазбасынан мына мәліметтерді кездестірдім.

Бейнеубай (руы Қараш) су шығатын жерді өзі болжап табады екен. Жоғарыда әңгіме болған Өзек-Тәңкедегі «Мәтжанның қара құдығынан» басқа оның көрсетуімен, су шығатын жерді тауып беруімен мына құдықтар қазылған көрінеді:

Кетіктен (Форт-Шевченко) 18 шақырым жердегі Құнанорыс Жаңабай қаздырған «Жаңабай шымырауы»; Үстіртте «Бекес қазған» деген құдық; Шат жеріндегі, Көпенің бойын-



дағы құдық; «Шегем Мамыш қазған су» деген жерде тереңдігі 7-8 құлаш, арақашықтығы 100 қадамдай жерде 40 құдық қазылған. Сол жерде ел егін салумен шұғылданып, бір жазда, әуелі бидай, сонсоң қызыл тары егіп, екі рет өнім алып тұрған көрінеді; Қыр үстінде «Қара төрткүл» деген жерде Тастемір Сартайдың қара құдығы» деген сарқылмайтын, суы мол құдық қазылған. Осы құдықтың сулығына жеткенде сүймен кеткен екен дейді.

\* \* \*

Адай, Табын елдерінің көп баратын базары Қоңырат, Хожелі, Бесқала базарлары болған. Сол бағыттағы Барса-келмес сорын жағалап, ойға құлап-шығатын Шыбынды жері базаршыларға қиындық көрсеткен екен. Сол қиын құлау жолда керуен тонаушы ұры-қарақшылар тобы да кездесіп қалатын болған. Елдің бұл жағдайына жанашырлық білдірген Мәтжан өзі бастап, араласып, түйеге тас сүйретіп, Итібай атты құдықтан Көнеге дейін ойға түсіп-шығуы оңайлау, қауіпсіз жаңа жол салу жұмыстарын ұйымдастырыпты. Базаршылар сол жаңа жолмен жүретін болған, сөйтіп, ол жол «Мәтжан жол» атанып кетіпті.

\* \* \*

Сынабай би бастаған Адайдың билері Хиуаның Балталы деген ханына барыпты. Ханның қонақ қабылдаған адамдары билерді қонақ үйге орналастырыпты. Сол үйде Сынабай би жолдастарына «көп сөйлемендер, тамның да құлағы бар» деп ескерту айтып қойыпты.

Қонақтарды бақылауға хан тыңшы-жансыздарын қойған екен, олар билердің өзара әңгімелерін, байқауларын ханға жеткізіпті. Сол тыңшылар ханға былай депті. «Бұл топтың ішінде сөздерінен сақтанатын екі кісі бар, оның бірі – жасы үлкен Сынабай би, екіншісі – жас жігіт би Мәтжан. Сынабай би – анадан жалғыз ба, әлде атадан аз ба, әйтеуір, биліктігі



өзімен бірге кететін арты жалғыз адам. Жас би Мәтжан – сөзінен сақтанатын қауіпті адам. Басқалары – тек қара көбейтіп жүргендер».

Қонақтар жайғасып болған соң Балталы хан танысуға келіпті.

– Ал, кәне, танысайық, қонақтар. Кім боласыздар? – дегенде, Мәтжан би:

– Тақсыр, қонақтарды сізге мен таныстырайын, – деп сөз алыпты.

– Тәрде отырған Қаражан баласы Сынабай деген би, ол – сынғанды сылап бүтіндейді, түйілгенді шешеді. Оған жалғас отырған Бегей Қуанбай би, ол қуса – жетеді, қашса – құтылады. Одан бері отырған Наурызек Қырдаусын деген би, ол қырдан асырмай қияды, алысқа қашқан да одан құтылмайды. Ал мен Мәтжанмын, – депті.

Аман-есендік, хал-жағдай сұрасқан әңгіменің соңында Балталы хан:

– «Тамның да құлағы бар» деген сөз бар көрінеді, бұған не дейсіңдер? – деп сұрапты. Сонда Сынабай би:

– Ондай сөз бар, ол біздің арамызда айтылды. Егер тамның құлағы болмаса, ол сөздерді сіз қайдан білдіңіз, ол әңгіме айтылғанда біздің арамызда болған жоқ едіңіз ғой? – депті.

\* \* \*

Осы әңгімеде аталған Наурызек деген ру жөнінде әкемнің қолжазбасынан мынадай жазба кездестірдім.

Наурызек деген руды Бәйімбеттің Медет руы да, Жаулы руы да біздікі деп талас жүргізген көрінеді. Сол таласқа байланысты:

*«Көрінген сонадайдан күйкен еді,  
Біреуге біреу тиіп, сүйкенеді.  
Наурызек бізге таман икем еді», –*


деп Бәйімбеттер меншіктенсе, Жаулы жағы ол руды:



*«Кейбіреу өз кемдігін байқамайды.  
Надандар бір айтқанын қайталайды.  
Айтпасақ, іштің шері тарқамайды –  
Наурызек – Қосқұлақтың өз баласы», –*


деп өздеріне қарай тартатын көрінеді.





XII тарау

ОРЫНБАЙ ЖИНАҒАН  
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ  
МҰРАЛАРЫ







- Тәуекел етіп, шыдайын.  
Ер басына не келмейд,  
Сабырлық етіп тұрайын.  
Қарындас, халқым, ағайын,  
30 Мұңымды сізге шағайын.  
Қалың дәулет тараптан  
Дүниенің көрдім талайын.  
Не болса да, тәуекел,  
Мұны да көріп қарайын.  
Қайда айдаса, сол жаққа,  
Мойынымды созып, барайын.  
Ар жағы үш жыл күн кештім,  
Мұңымды кімге шағайын.  
Аяғым ақсап тұрса да,  
40 Бауырымды жазып, шабайын.  
Дау айтқанмен, амал жоқ,  
Бір Алла болғай пана-айым.  
Дерексіз болса, байқап тұр,  
Қаптаған халық, ағайын.  
Кердері салтын қарап көр,  
Білмедім мұның қалайын.  
Құрметті, сәлем, халыққа,  
Біздерге жақын адамға.  
Тұтқын үйден босанып,  
50 Шығамын қашан жарыққа.  
Таң атпайды, күн батса,  
Біздей болған кәріпқа.  
Көлденең жатқан хан орда  
Қар жаумайтын ойда еді.  
Сарыарқаны жаз жайлап,  
Күнде жиын-той еді,  
Сауын еткен он бес күн  
Сан мыңғырған қой еді,  
Біреуден-біреу асырып,  
60 Бәсеке қылған той еді,  
Жиынға жүйрік жаратып,  
Басын көкке қаратып.  
.....<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Осы жерде және бұдан әрі қарай жыр-толғаулардың анық жазылмағандықтан оқылмайтын немесе түсініксіз тармақтары осылай көп нүктемен белгіленді.



- 140 Айдасаң да жасаңға.  
Ағайынның жаманы  
Алдыңда жүріп бас болмас,  
Артыңнан еріп, дос болмас.  
Қажырлы өссе қадірлеп,  
Байлыдан келген кер болмас.  
Төмам құлдар құтырса –  
Алласы артық жаратқан,  
Арыстан туған ел болмас.  
Төмам жұлдыз жарық нұры
- 150 Балқытып жарық ай болмас.  
Айдың нұры жарқырап,  
Күн шығып, атқан таң болмас.  
Төңірім асыл жаратқанды  
Қойға салсаң, қор болмас.  
Құдай жасық жаратқан  
Тұлпар мініп, ту алып,  
Қаруды қолға асынып,  
Дулыға киіп, зор болмас.  
Қалыбынан артылып,
- 160 Жете жазған мез болмас,  
Ойлағаны қараңғы,  
Күңкілі саған қош болмас.  
Болмас бала құрысын,  
Болар бала жас болмас.  
Балшықты мың жыл илесең,  
Асыл гауһар тас болмас.  
Екі жақсы дос болса,  
Ізін аңдып, қас болмас,  
Із аңдыса, дос болмас.
- 170 Ерге бітсе, мал, перзент,  
Төңірім берсе, кеш болмас.  
Басы бұлақ болмаса,  
Аяғы шалқар көл болмас.  
Қарғадай қонса, топ жасап,  
Жарлының жұрты күң болмас.  
Ұры-қары қосылса,  
Ұйытқылы ел болмас.



- Аяққа шұлғау қылсаң да,  
Асыл жібек бөз болмас.
- 180 Жолдас болсаң, жақсымен,  
Айтылмай іште сыр қалмас,  
Жолдас болсаң, жаманмен  
Ойлағаны қараңғы,  
Жадырап көңіл жаз болмас.  
Өсек айтып, жамандап  
Сыртыңнан, иттей қапса да,  
Жақсылар оған қор болмас.  
Төмам талды жинасаң,  
Қисықтарын түзетіп,
- 190 Қайыңнан ойған кез болмас.  
Алпыс бала аталап  
Алдыңа түсіп бастаса,  
Маңдайдағы көз болмас.  
Халық білген азамат,  
Тура келсе, сыйыңыз,  
Дүние бөлек айналып  
Өне бойы кез келмес.  
Жердің сәні – айдын-ды,  
Көлдің іші суалса,
- 200 Үйрек ұшып, қаз қонбас.  
«Насихат» деп айтады  
Бұл сөздерді ескерген.  
Ақымақтықтың белгісі –  
Пайдасын айтсаң, қас көрген.  
Қасақаналықтың белгісі –  
Өзі біліп тұрса да,  
Ұнаған сөзді жек көрген.  
Сақилықтың белгісі –  
Қонаққа тынбай ас берген.
- 210 Қайырсыз байға жолықсаң,  
Ұқсайсың төбетке көшке ерген.  
Атамыз әуелі жаралып,  
Бұл дүниеге кеш келген  
Мұны төмам етпейміз  
Күніне намаз бес келген.



- Біз жапалы пендеміз,  
Мінәжат етпей Аллаға,  
Өзіне-өзі қос берген.  
Мал жинаудан не пайда,  
220 Атқармаса парызын,  
Өтемесе қарызын.  
Малдың пірі – зекетті,  
Аралап малын жүрмесе,  
Ат мінуден не пайда,  
Түгі қызыл, жалы ұзын,  
Бақсының күні секілді,  
Тартып өткен қобызын.  
Сүлеймен мүлкін берсе де,  
Сөйлеме сөздің семізін.
- 230 Жер астына бір күн қайтарсың,  
Топырақтан болған нәсілің.  
Әкімдіктен не пайда –  
Ақ әділдік, үкім етпесе,  
Залымдарын түзетіп,  
Жұртының сөзін төкпесе,  
Тек тұрғаны көп артық,  
Әкім болған күнінде.  
Халқының хақын жүктесе  
Орда бұзғыш әкімге,
- 240 Таңда, махшар күнінде,  
Тар көшенің бойында,  
Бұхар асып кетпесе.  
Сопылықтан не пайда –  
Бір-біріне риза болмаса.  
Моллалықтан не пайда –  
Өзі танып жазбаса,  
Сонда жақсы болғаны  
Дүние қуып алмаса.  
Ғылым қайдан табылсын
- 250 Инемен құдық қазбаса.  
Ерді шайтан жеңгені –  
Өткен істі қозғаса.  
Әулие ғалым болғаны –  
Дүниеге қызығып,



- Нәпсісін ашып, озбаса.  
Жігіттіктен не пайда –  
Ат мінбесе қатырып,  
Жеңбесе жауды жапырып,  
Қырмызы киіп, қыз құшып,  
260 Басындағы дәуірін  
Өткізбесе сапырып.  
Шал құр адам отырған,  
Шалдарменен тең болар  
Сөйлемесе сапырып.  
Ол секілді жігіттен  
Кемпірменен шал артық,  
Дәурені өтіп басынан,  
Күніне неше ауырған.  
Оқымысты болу не пайда –  
270 Болмаса сапа, салмағы.  
Жігіттерді көргенде  
Жалтаң-жалтаң қараса,  
Кеткендейін алмағы –  
Оның аты қыз емес,  
Шайтанның ұшқан қаңбағы.  
Қыздардың асыл болмағы –  
Рұқсатсыз жүрмеген,  
Сұрамай сөзді білмеген,  
Солар болар қыздың саңлағы.  
280 Қорғаншақтан не пайда –  
Сұлу болып өтпесе,  
Ойлаған ісін етпесе.  
Тіршіліктен не пайда –  
Мұратына жетпесе,  
Өткен күнге өкініп,  
Көзінің жасын төкпесе.  
Алды – соқпақ, арты – жол,  
Келеді шайтан иектесе.  
Ішіңе ұқсаң болмай ма,  
290 Алланың берген қазасын  
Мұсылман пенде күтпесе.  
Би-төреге сөз айттым,  
Сопы, ғалым, моллалар



- Бұл сөзімнен шеттесе.  
Құрметсіз өткен ғұмырдан  
Ұйқыда көрген түс артық.  
Сипаты бірдей адамның  
Ерлерден ердің ісі артық.  
Орынсыз пайда еткеннен,  
300 Айламен еткен күш артық.  
Жаңбыры жоқ жаз күннен  
Жайлы болған қыс артық.  
Қайыры жоқ сұңқардан  
Қайыры болған күнінде,  
Тұрымтай атты құс артық.  
Бұрымы келмес күмістен  
Сұлулап соққан мыс артық.  
Сыйласпаған туғаннан  
Тоқтылы қойға жалданған,  
310 Кеткенде малың малданған,  
Есікте жүрген кісі артық.  
Басшысы жоқ әскерден  
Әруақты туған ерлердің,  
Жалғыз да боса, сұсы артық.  
Сырты құрым қараша үй,  
Жазылар болса тақымым,  
Ықыласты болса да,  
Боз қарадан үш артық.  
Ауданы кең ақ қайық  
320 Теңізге керек өтерге,  
Асыл туған мәрт керек  
Ойдағыға жетерге.  
«Көп екен, – деп, – өкімім»  
Көкіректі көтерме,  
Мың сан қарға топ жасап,  
Жеке дара сұңқардың  
Түгіне зарлық етер ме?..  
Білімсіз туған көп ұлдан  
Білімді туған бірі артық,  
330 Жал пісіріп, жая ассаң,  
Ұқсай ма дәмі шекерге?..  
Мағынасын байқап қарасам,





- Төресі әділ хан болар,  
Боз орданың іші жарқырап,  
Түнде жаққан шам болар.  
Жақсыға дәулет, мал бітсе –  
Қара басы хан болар,  
Жаманға перзент, бақ қонса –  
Орнын білмей даң болар,
- 340 Көрінгенге ұрынып,  
Өз айтқаны жөн болар.  
Жабыққан көңілге, далада  
Ит жүгіртіп, құс салған,  
Тоғайдан алған аң болар.  
Жердің сәнін келтірген  
Көкорай шалғын бел болар.  
Өңкей белдің сәні жоқ,  
Белдің сәнін келтірген,  
Сұғанай сусыз шөл болар.
- 350 Өңкей шөлдің сәні жоқ,  
Шөлдің сәнін келтірген,  
Сағымды шалқар көл болар.  
Өңкей көлдің сәні жоқ,  
Көлдің сәнін келтірген,  
Жағалай қонған ел болар.  
Ел қорғаны – ер болар,  
Қорғаны жоқ байтақ ел,  
Бағусыз малмен тең болар.  
Ақсұңқар құстың белгісі
- 360 Өзі өлтірмей маңайына  
Қылған іске әулие түнемей  
.....  
Бір сапарға бір мың сыр  
Ер жігітке қарыз емес.  
.....  
Қапталы жауыр болса да,  
Қайыспас жеккен қара нар.  
Мүсәпір қылса пендесін,  
Аллаға нешік шара бар?..  
Өзек жарып, өртейді  
Жүрекке түскен жаралар,



- 370 Сақтамаса Құдайым,  
Қалмайды ешкім паналар.  
Қарындас, халық қиналып,  
Андаған дұшпан табылар,  
Бөріңде бірдей азамат,  
Тұқымы жүйрік қазан ат,  
Бұрын-соңды көрмеген  
Болды ғой, мұндай ғаламат.  
Көріскенше күн жақсы,  
Сапарым болғай саламат.
- 380 Хош, аман бол ерлерім,  
Қалың байтақ елдерім,  
Ұялы тоғай қалыңды,  
Айдын шалқар көлдерім,  
Ойлы-қырлы жері көп,  
Өсіп-өнген жерлерім!..  
Тағдыр болса жазмышта  
Көрмегі солай пенденің.  
Хош, аман бол, сүйген жар!..  
Поштаға салып жолдарсың
- 390 Сағынышты сәлем қағаздар,  
Сағынып тұрған халқыма  
Барып тұрсын хабарлар.  
Арбаға салып пар жеккен  
Жүрек ерді еркіне қоймайды,  
Орсыз көрде, ұйқыда  
Көңілдің шерін қозғайды.  
Байлауда жатқан нар-тайлақ  
Үйірін іздеп боздайды.  
Бақытсыз жан болған соң,
- 400 Баянсыз пәни жалғанда-ай  
Жапа шегіп, кімде-кім  
Қалған екен арманда-ай.  
Сол арманның біріміз,  
Отыралық арланбай,  
Қазіреті жосын, біз түгіл,  
Олар да түскен дарларға-ай,  
Кеміс әкім іс еткен,



- Сол іске сенген жандардай.  
Не көрмейді адам, шіркін-ай,  
410 Дүниеде тірі қалғанда-ай.  
Бастан бақыт ауған күн,  
Талайлар болған арманда-ай.  
Мүгедек болып отырмыз,  
Жасы жеткен шалдардай.  
Сәл нәрсеге жұбанып,  
Өртіске сай балдардай,  
Асыр салып жатырмыз.  
Төрт-бес болдық азбаздай,  
Қасірет-қайғы орнайды,  
420 Жеті мүше азғандай.  
Бұзықтың сөзі шын болды,  
Болса да өтірік, қара-ай.  
Қаратай ұлы – біреуі  
Жасы жеткен шал адам,  
Тыңдамады айтқанды  
Дерегі қолда бар адам.  
Босаудан үміт үзілді,  
Сотымыз болып жаңадан.  
Ар жағы – үш жыл, бер жағы –  
430 Жыл жарым, алты ай шамадан.  
Бұдан артық не болсын,  
Болмаса жәрдем панадан.  
Ақ сұңқар құс талпынар  
Баласын көрсе, ұядан.  
Арғымақ жылқы жайылмас  
Қараны көрсе, қиядан.  
Көңіл көшіп қозғалса,  
Қайғылы болған, сірәдан.  
Көтеріліп қаламыз  
440 Хал сұрай келсе, бір адам.  
Тұтқында ерлер ойлайды,  
Ойласа, ойға тоймайды.  
Дертке толған сұм жалған,  
Бір күні алып қармағын,  
Екі айналмайд дүние,



- Бойында кетер арманың.  
Осы сапар алдында,  
Қуатың барда азық жи,  
Тістеулі кетер бармағың.
- 450 Дүние деген алдамшы,  
Алданба оған, нәпсің тый.  
Дүние деген көрі қыз,  
«Боламын ертең үлкен сый»  
Деп бәрімізді алдап жүр.  
Адамзаттың баласы  
Арманы болмас дүниеде,  
Алланың болса панасы.  
Жақсылар аттан жығылса,  
Жаманның қанар табасы.
- 460 Жазықсыз іске шатаған,  
«Жауыз» деп бізді атаған,  
Тұтқынға бізді қамаған,  
.....  
Салынбас еді жаласы  
Центрден келді тергеуші  
Бір жеті өтпей арада  
.....  
Қырлы жерден арыққа  
Бұл да мағлұм халыққа.  
Еңбектеп жүріп шүлдірлеп,  
Тіліміз шықты аныққа.
- 470 Баладан асып, жігіт боп,  
Жасым жетті толыққа.  
Балалықтан озған соң,  
Жігіттік дәурен келеді,  
Қызылды-жасыл киініп  
.....  
Құр қалып махшар күнінде,  
Жанып отқа қаларсың  
Кітаптан оқып қарасаң.  
Тәуба қабыл уақытпен  
Бұл жаһанда халыққа.
- 480 Тынбай құлдық етуге



Мұсылманның рухы,  
Уағда қылған ақ хатпен,  
Бір нағыздай сауаппен

.....

Әңгіме тыңдап отырсыз  
Бүкіл халық қаумалап.  
Жұмысы еді шайырдың  
Сөзбенен қоштап, көтеріп,  
Көңілін көптің ауламақ.  
Тиісті жерге келгесін,

490 Зейінге жел-сөз енгесін,  
Бұрынғы өткен жақсының  
Әруақтары тербелсін.  
Бұлданбайық кідіріп,  
Өнбейтін тұрмыс, тірілік,  
Айырылармыз бір күні,  
Отырғанмен бүгін бірігіп.  
Әуелі Алла жараттың,  
Топырақтан халық етіп.  
Қараңғыдан жарыққа

500 Шығардың бізді ер етіп,  
Жеті мүше, жан беріп.  
Ай менен күнді түзеттің  
Ғаламға жарық-шам етіп.  
Біздей ғарып пенденің  
Ойласа ойы жетпейді,  
Құдретіңе паш еттік.  
«Бисмилла» деп сөйлесем,  
Тілге жәрдем бере гөр,  
Тіл жаратқан Жәләлім!..

510 Жанға жәрдем бере-гөр,  
Жан жаратқан Жәләлім!..  
Ханымыз – қайғы, би – бүкір,  
Қайғылы болды заманым.  
Заманым солай болған соң,  
Көрінген Алаш көз салсын,  
Көлденендеп желейін.  
Заманның қорқам түрінен,



- Сыбағалап берейін.  
Заманым түгіл, ел азды,  
520 Ел ішінде ер азды.  
Айқын-айқын сулардың  
Балығы кетіп, көл азды.  
Ойтаң-ойтаң жерлердің  
Оты кетіп, жер азды.  
Еділ, Жайық – екі су,  
Ел қонуға тар болды.  
Одан сыртқы Қобда, Елек,  
Құрағы көктеп гүлденген,  
Мақпалдап шөбі түрленген,  
530 Ұзын судың арасы  
Жуалы, жеміс, гүл еді,  
Қазақ қыстап арасын,  
Жұттан малы сау еді.  
Қоңырсытып көң қыстап,  
Тау саласын ел қыстап,  
Қысы-жазы малы сай еді.  
Арқаның киік, құланы  
Қара малмен бір еді.  
Қыс күні нардың қомымен,  
540 Жаз күні аттың жалымен,  
Азамат шығар жар еді.  
Алатау мен Түркстан –  
Тама судың өрі еді.  
Бұрынғының бірі жоқ,  
Жақсылардың күні жоқ.  
Айқын-айқын сулардың  
Аяқтай суы қалмады.  
Ойтаң-ойтаң жерлердің  
Мал жайылар оты қалмады.  
550 Қарағай, қайың, тал-терек  
Тамыр суы тартылып,  
Қамшы сапқа зар болдық.  
Көлденең жатқан қара шың  
Құлай-құлай бор болды.  
Қараның ұлы хан болды,  
Құлдан туған – паң болды.



- Қар жаумайтын қорығым,  
Тебінгіден қар болды.  
Саулық еткен мұсылман
- 560 Бұрынғыдан бәс болды,  
Балдағы алтын болатын,  
Балалар ойнар тас болды.  
Жүректері ат басындай,  
Елдегі асыл ерлерім  
Қайғы басып, жер болды.  
Атаны билеп ұл кетті,  
Ананы билеп қыз кетті,  
Қыз он беске келген соң,  
Ата-анадан күн кетті.
- 570 Атаның қосқан адамын  
«Адалым» деп сүймеді,  
Кеудесін шайтан сүйреді,  
.....

## АУЫРЫП ЖАТҚАНДА АЙТҚАНЫ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатында ақталған,  
«төте жазу» үлгісінде қағазға түсірілген нұсқаның  
кириллица жазуына аударылған мәтіні)*

- Жалбарыным Аллаға  
Қайғы-қасірет дертпенен,  
Тәубә қылдым сертпенен.  
Ер көңілді жігіттің  
Көкірегі тең болад  
Лаулап жанған отпенен.  
Шарғы бөлек айналып,  
Денсаулық баста тұрғанда,  
Өтпеген жоқ базарым,
- 10 Қайнады тілмен қазаным.  
Дүбірлі туған тұлпардан  
Жоғары ұшты тозаңым.  
Бұл уақыттар болғанда,  
Қысы-жазы жатырмын



- Ауру болып, сарғайып.  
Дұғада болың, азамат,  
Пайғамбар жасы толғанша  
Бола қалса ажалың.  
Моқатып түр бегірек
- 20 Бұлбұлыңның қажарын,  
Ұшырадым бұл дертке  
Қоян жылдың жазында.  
Атқа міндім талпынып  
Заманымның кезінде.  
Алған қатыным өлгесін,  
«Алып бер, деп, бір қызды»  
Шонты ұлы Құлбатыр  
Соған айттым базына.  
Көнеден қалған жан еді,
- 30 Азаматтың назына,  
Бір жылда басты қысырын,  
Есесін ақыры жеткізді  
Алланың өзі қазына.  
Тірі жүріп ғарып бас  
Бейнеттің көрмес нешесін,  
«Құлмын» деген пендеге  
Алланың салған кеселін,  
Пенде жөндеп, бұза алмас.  
Денсаулығың болмаса,
- 40 Қара жермен пара-пар  
Астыңда мамық төсенген.  
Тең құрбы еске түскенде,  
Үйде жатып жоқтадым,  
Бесікте жатқан баладай  
Көрмесе жоқтар анасын.  
Әбубөкір айтты шамасын,  
Бақытың баста тұрғанда,  
Білмесең де данасың.  
Бақыт құсың жөнелсе,
- 50 Қатарыңнан қаласың,  
Қаумалап келсе, дұшпаның,  
Ақ та болсаң, қарасың.  
Саламат жаның сау болса,





- Салтанат пен сән түзеп,  
Мал жинамақ боласың.  
Жанға залал келген күн,  
Кімдер талақ етпеген  
Малы түгіл, баласын.  
Мөжіліске мас болып,  
60 Ақылсыз басым білмеді  
Осылардың арасын.  
Аллаға қылған тәубәң жоқ,  
Таңда махшар күнінде  
Иманды қайтіп табасың.  
Ауру қатты меңдесе,  
Ақырет жуық болады.  
Көздің жасын жинасақ,  
Күніне аяқ толады,  
Жүректі қайғы шалады.
- 70 Өзекті жанға өлім бар,  
Кім-кімді де алады.  
Өлімнен бұрын күнәм көп,  
Соған ішім жанады.  
Ләймәти Қадір түнінде  
Аспаннан жауған айқын нұр,  
Таңдайыма, қайтсем, тамады.  
Күнәм Қаптың тауындай,  
Иманым байдың малындай,  
Талай ма деп қорқамын,
- 80 Кәпір нәпсім, жауымдай.  
Бұл дүниенің талабы –  
Шыбын жанның сауында-ай.  
Ренжу кірсе, көңілге,  
Сөндірер шамды дауылдай.  
Атқа мініп жүргенде,  
Ерлерге жеңсік көріндім,  
Шамшаның сары қауынындай,  
Бұл дүниенің қызығы –  
Деніңнің, тек, сауында-ай.
- 90 Бұл уақыттар болғанда,  
Қысы-жазы отырмын  
Ақсақ болған құландай,



Жарым болған бұландай,  
Адам ашпас көңілім –  
Жерге түскен тұмандай.  
Достың сөзі – рахат,  
Дұшпанның сөзі – жыландай.  
Ер дұшпаны моқалмас  
Көкіректі ашып, шабынбай.

- 100 Бұл кеңесті не етейін,  
Бұл дүниеге шығармай.  
Жұрттан озған ғалымдар  
Наданменен тең болар  
Кітабынан айырылса.  
Сауыт бұзған ақ сүңгі  
Көсеуменен тең болар  
Үңгіліктен айрылса.  
Есіктегі құлмен тең,  
Абыройы ердің жойылса.
- 110 Дүние кешкен жұртпен тең,  
Өлімнің бір күн жарлығы  
Басқа келіп қойылса.  
Жұлдыздай болмайд жарығы  
Ай толығып жартайса.  
Бақа-шаян жайлайды,  
Көл суалып, ортайса.  
Жаманға күнің қалады,  
Асыл ерден мал тайса,  
Қараша көзін шұқыйды,
- 120 Алтын тақтан хан тайса.  
Бір қарауға мұң болар  
Қара көзден нұр тайса.  
Ауылдың үсті күнде ши  
Ер дұшпаны марқайса,  
Есекпенен тең болады,  
Арғымақ аттан жал тайса.  
Бөрінен де, жігіттер, сол жаман,  
Кеудеден иман, жан тайса.  
Қаршыға төрде отырып,



130 Қанатын қақса, не еткені  
Күйіне кәміл жеткені.  
Хан баласы қайырылып,  
Қаршығаға сөз салса,  
Қолынан хақы кеткені.  
Қартайған ерлер қамықса –  
Басынан дәурен өткені.

## КЕРДЕРІ ӘБУБӘКІР МЕН НОҒАЙ НҰРЫМНЫҢ АЙТЫСЫ

*(Орынбай Балдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

Бұл айтыс мәтінінің қолжазбасына әкем мынадай кіріспе сөз жазыпты:

«Ұтымды ой, өткір сөздерімен танымал болған Кердері Әубәкір ақын 1873 жылы Орынборда, Мырзагелдінің үйінде ноғай ақыны Нұрыммен айтысыпты. Сол айтысты кезінде әкем Айтмағамбеттің және де басқалардың ауызша айтылыстарынан жинақтап, «төте жазумен» қағазға түсіргенмін. Көп жылдар бойы оны жаңаша жазу үлгісіне аударуға көңіл бөлмедім, кейде мойным жар бермей, ерініп, оған кіріспеген едім. Кейін, кейбір замандастарым «аударып, газетке бер» деп ақыл айтып, қолдаған соң, соны жаңаша жазуға аударып, жас оқырмандарға ұсынайын деп отырмын. Ақтау қ., 16 ақпан, 1994 жыл».

Бірақ бұл айтыстың кириллица жазу түріне аударылған мәтінінің баспаға дайындалған ия жарияланған нұсқасын әкемнің отбасылық мұрағатынан кездестіргенім жоқ. Осы жариялап отырған мәтін оның қолжазбасынан алынды.

### **Нұрым:**

Мен келдім Мырзагелді ордасына,  
Кез болдым ішіндегі жорғасына.  
«Бұл жақта жүйрік қазақ бар» дегесін,  
Көңілім тоқтамады бармасыма.  
Жыландай зәрін шашып сөз айтады,



Мырзекем «қой» демейді молдасына.  
Жолықпай бұл қазағым жүрген шығар,  
Кесетін қорғасынын алмасына.  
Қазаққа менің әкем ақын болып,  
10 Ондағы ерген екен хан қасына.  
Қазақтың моллалары арам жейді,  
Береді не деп жауап Алласына.

### Әбубәкір:

Ноғайым, танымадым келдің кеше,  
Ноғайға болдым жолдас әлденеше.  
Шалдырлап жіпке тізген қаңылтырдай,  
Алдыма шыға берме кесе-кесе.  
Мұсылман діннен шығар кәпір десе,  
Күнөсін өзі тартар арам жесе.  
«Қазақты жеңемін» деп көп қайғырма,  
20 Ол саған оңайлықпен бермес есе.  
Қай сөздің жөнін біліп тексересің,  
Көшеге ерте кетсең, кеш келесің.  
Қазақпен жалғыз-жарым сауда қылсаң,  
Жаныңды бір тиынға бес бересің.  
Қасыңа «мұсылман» деп келсе қазақ,  
Нақақтан жала жауып, сес бересің.  
Үйіңе, құдай айдап, барса қазақ,  
Жалғыз-ақ қара суды бос бересің.  
Арыңды нанға сатқан ноғайым-ай,  
30 Қазаққа қайдан сатпай ас бересің.  
Күнөнді мойныңдағы өзің білмей,  
Қазақты не бетіңмен тексересің.

### Нұрым:

Қазағым наданбысың, молламысың?  
Тың басқан төрт аяғын жорғамысың?  
Бұл жақта Қазан деген шәһарым бар,  
Қазанға бұрын-соңды барғанбысың?  
Қазанда мың мешіт бар мұнаралы,



- Төбесі күміспенен құрамалы.  
Ішінде мешіттердің қариялар көп,  
40 Қолында хатым еткен бар құралы.  
Сабағын төмамдаған молласы бар,  
Басында дулығалы сәлләсі бар.  
Жад етіп бір Алланы «үфу» деген,  
Аузында «зікір, таспих, Алласы» бар.  
Мешітте намаз оқып, шыққаннан соң,  
Көретін жасақтаулы ордасы бар.  
Байларым сәндік үшін ел қыдырса,  
Мың теңгелік тарантас арбасы бар.  
Арбаға алты-алтыдан парлап жеккен,  
50 Біреуі мың теңгелік жорғасы бар.  
Ерткені қосшылыққа зейнет үшін,  
Қасында жиырма-отыздан жолдасы бар.  
Сайраған ақ сарайда бұлбұлым бар.  
Алысты жақындатқан дүлдүлім бар.  
Патшаға ақылменен басты қосқан,  
Дәулетті, билігі әділ жұлдызым бар.  
Алтыннан ақ шағала үйлерім бар.  
Жетіскен заң-зәкүнге билерім бар.  
Басына түрлі-түрлі жеміс біткен,  
60 Көк теңбіл, көк орайлы көлдерім бар,  
Тамаша байларым көп мал жинаған.  
Сопым көп құдай үшін жан қинаған.  
Сыпайы нендей жақсы біздің елде,  
Шәй құйып самаурынмен жан сыйлаған.  
Ордаңда біздей салған шәһарың жоқ.  
Тазалық бірің түгіл, бәріңде жоқ.  
Жастарың жасөспірім қайдан білсін,  
Жас түгіл, ақсақалды көріңде жоқ.  
Секілді киік-құлан азған қазақ,  
70 Қай жерде пәле болса, қазған қазақ,  
Үйіне ит кірсе де, «кет» демейді,  
Аюанмен араласып, тозған қазақ.  
Қазақта көп болады батыр деген,  
Батыры пақырының хақын жеген.  
Қазақтың бұрынғы өскен аталары,  
Қуырып бауыздаудың қанын жеген.



Қазағым сен білмесең, мен айтайын,  
Қазақты бір рауайт «кәпір» деген.

**Әбубәкір:**

- Ноғайым, арқада аю, барыс болар,  
80 Көңілге шайтан кірсе, ұрыс болар.  
Мен сендей өтірік сөз сөйлемеймін,  
Кітаптан айтқан сөзім дұрыс болар.  
«Кәпір» деп мұсылманды діннен шықтың.  
Түбінде бұл сөзіңнен бір іс болар.  
Мен сонау Әнес сахаба баласы едім,  
Қашаннан екі кенттің арасы едім.  
Құралып қазақ-ноғай ел болғалы,  
Біздермен басың қоспай, талас едің.  
Мін іздеп, қанша жала жапсаңдағы,  
90 Сен менің бола алмайсың қазағымдай.  
Әулие алуан-алуан пірлерім бар.  
Дұшпанға ту көтерген ерлерім бар.  
Бай-жарлы, аз бен көпті бірдей қылған,  
Көлемі кереметтей жерлерім бар.  
Жылына бес жүз қойдай зекет берген,  
Кең пейіл, дәулеті мол байларым бар.  
Желдіріп ішімізден айта берсем,  
Сенің де хақтан безген жерлерің бар.  
Қазақта мың ишан бар мешіт баққан,  
100 Басына мұрит сақтап, тәңірін тапқан.  
Көз жұмып, күні-түні таспих айтып,  
Сөзімен дүниенің аузын баққан.  
Тұрғызған жығылғанды әулием бар,  
Жұмақтың кереметтей дәмін татқан.  
Қазақта жетпіс екі хан өтіпті,  
Түспеген ғұмырында алтын тақтан.  
Осындай қазағыма тіл тигізіп,  
Тазы иттей ырылдайсың қарғы таққан.  
Ноғайым, жамандасаң көзің тұнар,  
110 Қайырым ертеңді-кеш судай аққан.  
Әу, ноғай, қоймадың ба тілге нанып,  
Қазыналы қашаннан да біздің халық.



- Даладан түйе тізіп жеткенімде,  
Ноғайдың талай байын көрдім барып.  
Кеш болса тамағына қара нан жеп,  
Жүреді аюандай-ақ суға қанып.  
Суалған айдын көлдің бақасындай,  
Аралас тауығыңмен шығар сарық.  
Сартылдап сабатада талай ноғай,
- 120 Іздейді қара судан сүлік, балық.  
Ғалидай қалипаның қарауында,  
Жоқ екен күні қараң сендей халық.  
Қазақты «сәнің жоқ» деп жамандайсың,  
Өзіңе жақсылықты қоғамдайсың.  
Бір жылда екі қалаң шоқыныпты,  
Сен неге Қазаныңа оны алмайсың?  
«Қазан сәнді» дегенің тіпті жалған,  
Сен емес ол Қазанның орнын қазған.  
Шынымен білгің келсе, баяғыда
- 130 Би Шора деген ханым оны салған.  
Бар болса анық мешіт төртеу шығар,  
Дегенің мың мұнара – шіркеу шығар.  
Дегенің алтын-күміс айналасы –  
Шойынмен түзеттірген тіркеу шығар.  
Айтқаның дүлдүл деген арбаң шығар,  
Дегенің әнші бұлбұл қарғаң шығар.  
«Елімде байым көп» деп мақтанасың,  
Жанына бес-он тиын салған шығар.  
«Қазанда сұпым көп» деп мақтанасың,
- 140 Жаулардан ақсақ, соқыр қалған шығар.  
Қазанда мен білетін үш ишан бар,  
Өзгесі хат танитын моллаң шығар.  
Жеріңе жеміс түгіл, шөп шықпайды,  
Жер жыртып, шашқан тұқым зорға шығар.  
Сені әкеп, айтыстырып, таластырған,  
Алладан бұл да болған пәрмен шығар.

### Нұрым:

Сөзіңнің бірі – жылы, бірі – суық,  
Байқасам нысаналы бәйгі жуық.  
Кім мықты, кімдер нашар – мағлұм болар,



- 150 Түскенде топтамаға белді буып.  
Шәһарымды жамандама Қазан деген,  
Таң атса күңіренеді азанменен.  
Қазанда қаптап жатыр сопыларым,  
Жүргенде жол бермейді тозаңменен.  
Қазанда өзен деген бір ноғай бар,  
Бір өзі мекен еткен мың тоғай бар.  
Падишах Александр мен Николайдың,  
Салдырған темір бұрыш жүз сарай бар.  
Істерлі, Қарғалыдай шәһарым бар,
- 160 Жүргізген дін шырағын нәһарым бар.  
Айдаған бес жылқыңды мал демейміз,  
Жинаған алтын, күміс, гәуһарым бар.  
Үш арыс – арғысы Естек, Ашар, Татар  
Жігім бар алты арыс қатар-қатар.  
Білесің Ахмет деген бір ноғайды,  
Қазақты Орынборда малдай матар.  
Қазақтан жетім-жесір келсе, пақыр,  
Ақшасын «садақа» деп тастай атар.  
Патшаның қарауында қырық түрлі ел,
- 170 Бәрінің малын алып, қолдан сатар.  
Қазағым, оны көзің көрген жоқ па?  
Молласы Қарғалы да оқып жатыр.  
Қазағым, құр далада тасып жүрсің,  
Дініңді аяғыңа басып жүрсің.  
Бұхардан бергі жердің бәрі қазақ,  
Сығандай арқаланып, босып жүрсің.  
Бос белбеу, қисық өкше, сасық қазақ,  
Сөйледің мұнша неге, асып, қазақ?  
Аллаға жағатұғын бір ісің жоқ,
- 180 Күнің тар, көңілің қараң, пасық қазақ.  
Ордан ойып алған қонысың жоқ,  
Қор болған құр далада босып, қазақ.  
Сен де ел болдың ба екен Қазақ деген,  
Ғұмырың өте шығар азаппенен.  
Қоймасаң сен, қазағым, бұл тіліңді,  
Мақшарға айналарсың, тозақпенен.  
Қазағым, сен білмесең, мен айтайын,  
Мағынасы қазақ дегеннің, азап деген.





### Әбубәкір:

- Әй, ноғай, сөйледің ғой асып-сасып,  
190 Қайырылып қалмадың ба, жездей жасып.  
Ноғай-ау, мұғаттылық кетті қайда?  
«Мағала, күпар» деген хадиста бар.  
Босыған ноғайдай боп қалмақ қуған  
Сөйледің ата-анаңның ізін басып.  
Қазақта қазына көп сен көрмеген,  
Баладай сандалайсың жөн көрмеген.  
Сөзіңнің айтып тұрған бәрі бекер.  
Шайтандай ойың бар ма, өлмен деген?  
Қазақты қай жерінен кемітесің,  
200 Өтірік тар да болса, кеңсінесің.  
Зәредей шарифаттан хабарың жоқ,  
Жолында арамдықтың ерсінесің.  
Ноғайдың, сақта құдай, баласынан,  
Тәубе еттім көңіліңнің қарасынан.  
Анау жыл садақасы дәл-дәл келді,  
Мекке мен Мединаның арасынан,  
Байларым садақаға қойын беріп,  
Келсе де өз жұртының арасынан.  
Көк тиын садақасыз бос кетіпті,  
210 Ноғайдың сен мақтаған қаласынан.  
Сен түгіл қали қорым мін тапқан жоқ,  
Қазақтың еркін ойлы баласынан.  
Білесің Досжан менен Нұрмекені,  
Меккенің үй салдырған арасынан.  
Осындай Мединадан үй салдырды,  
Шығарып жүз мың теңге сомасынан.  
Ол үйдің бәрі гәуһар, бәрі маржан,  
Әрісі жүз мың сомдық, емес арзан.  
Дүниеде ондай жақсы үй болған жоқ,  
220 Ол үйге таң қалысты көрген адам.  
Төбесі айқыш-ұйқыш сылаттырған,  
Сыртына алтын, күміс қадаттырған.  
Күмбесін күндік жерден жарқыратып,  
Сыртынан алтын сырмен сырлаттырған.



- Көтеріп бағанасын лағыл тастан,  
Айнала қоршауменен оратылған.  
Арқаның алпыс екі саласы бар,  
Жайлаған бәрін қазақ баласы бар.  
Жазым жай, қысым тыныш, елім бейбіт,
- 230 Алланың маған берген панасы бар.  
Ишаным Сары Шопан сәлде киіп,  
Істейтін хаққа құлқын тобасы бар.  
Айтасың өзен менен Ахметті,  
Бұл жерде мақтау үшін келтіресің,  
Ойламас ол екеуі ақыретті.  
Әр жақта қалаларың бөлек-бөлек,  
Шоқынтып халқын неге көпір етті?  
Көп ноғай араз болад ханыменен,  
Ант беріп, мал жинайды жаныменен.
- 240 Қазтуған, Асанқайғы қатар өтті,  
Екеуі жерді бірге парыменен.  
Салдырған істерімен Қарғалыны,  
Қазақтың қайыр берген малыменен.  
Шаруаға бұл қазағым қандай жақсы,  
Келеді қашаннан да сәніменен.  
Ордаңа ойран түсіп, бөлген ноғай,  
Еліңе бүліншілік келген ноғай.  
Сірә да мұсылманға басын қоспай,  
Қамытты өз мойнына ілген ноғай.
- 250 Жұғымсыз әрбір түрлі мінезіңнен,  
Мойнына крест тағып жүрген ноғай.  
Ақ ісің арамдыққа араласқан,  
Қай ісің шарифатқа шамаласқан.  
Жүреді арақ ішіп, шылым тартып.  
Байқасам, ноғай жұртын қара басқан.  
Шалуға құрбандыққа жарамайды,  
Сарығың шошқаменен араласқан.  
Секілді қарағаштай қалың, ноғай,  
Салынған қазынаға малың, ноғай.
- 260 Саласың қарағайдан үйді мықтап,  
Мөкіру сөз айтасың көңіл нықтап.  
Үйіңе қазақ келсе, тас атасың,  
Тап бейне сауысқандай шықылықтап.



- Орысша «ну» дейсің де, «айда» дейсің,  
Атыңды ұстамастан ықылықтап.  
Ау, ноғай, неге күпті сенің ұртың?  
Бұзылған қашаннан да ниет-құлқың.  
Ызғытып жаз айдаған, қыс байлаған,  
Қазақтай бар ма сенің қой мен жылқың?
- 270 Орыстың қойын баққан талай ноғай,  
Жүреді шашын қойып, қақпай мұртын.  
Ау, ноғай, сүйенесің тіл мен жаққа,  
Таласпа, шақ келмейсің біздің баққа!  
Ноғайдың бұрынғы өткен аталары,  
Одағы келіп өлді біздің жаққа.  
Ноғайдың көп болады пақырлары,  
Пақырдың хақын жейді мақұлдары.  
Жетелеп жаяу арба зыр жүгіріп,  
Қазаққа тыным бермес пақырлары.
- 280 Үркітіп атымызды жүргізбейді,  
Жалаң бұт жарқылдайды тақымдары.  
Ахмет қайыр берген болса мырза,  
Жек көріп, неге өкпелі жақындары?  
Тоқталдым мен азырақ көргеніме,  
Жеткен сөз сүйегіңе көлбеді ме?  
Мен қойдым, сорлы байғұс, іш асыңды,  
О, байғұс, шылым тартпай терледің бе?

## КЕРДЕРІ ӘБУБӘКІР МЕН ӘЛІМ ҚОЖАХМЕТТІҢ ЖҰМБАҚ АЙТЫСЫ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

Әлім Қожахмет Кердері Әбубәкірге мына жеті жұмбақты жазып жіберіп, соларды шешуді сұрапты.

### Бірінші жұмбақ:

Кешегі айдың ішінде  
Ұйықтап жатып түс көрдім,  
Әжептәуір іс көрдім.



- Көп алтынның ішінде  
Бір бөлек жатқан мыс көрдім.  
Жорысын деп айтамын  
Әбубәкір бұлбұлға.  
Өзгерді заман жыл-жылға,  
Бір иірім тойға
- 10 Бір қара құс қоныпты.  
Көзім түсті құрғырға,  
Қара құсты сұңқар деп,  
Біздің қазақ баласы  
Ең әуелі дос көрді.  
Жүре-жүре қас көрді,  
Қанатымен қақпайлап,  
Қалдырды бізге бес белді.  
Сіздің жақтан шығыпты  
Ерні салпы қара құл.
- 20 Етегін жайып, дос көрді  
Басындағы сыпырып  
Томағасын дес берді.  
Құлдың қорқып өңінен,  
Шошынып тұрдым алаңдап.  
Ақылым қайран дал болды,  
Мәнісін бұның біле алмай.  
Бір-екі берген адамым  
Көп адасып қайтарды  
Жұмбаққа жауап бере алмай.
- 30 Назар, Шүрен баласы  
Айтушы еді «білгір» деп,  
«Қызыл тілге дүлдүл» деп.  
«Әулие» деп ұсынып,  
Қолыңды барып аламын  
Бұл сөзімнің мәнісін  
Шешіп берсең бір-бірлеп.  
Бірде жұлде алғандай,  
Өзімді жүрмін құр-құрлап,  
Сен бір мылтық, мен құндақ,
- 40 Саған арнап жібердім  
Үшеуі кем он жұмбақ.  
Білгіш болсаң, шешерсің,



Бұл сөзімді сен тыңдап,  
Мәнісін мұның білмесең,  
Біздің Әлім баласы  
Мақтайды екен құр шулап.

**Екінші жұмбақ:**

Еділдің бойы мың дария,  
Сол дариялар ішінде  
Ең абзалы бір дария.  
50 Көбі тасып, көкке ұшса,  
Бөгейтін оны құл қайда?  
Елге берер пұл қайда?  
Бұл сөзімнің мәнісін  
Ақылменен білетін  
Айласы асқан ұл қайда?

**Үшінші жұмбақ:**

Сары сөбізде бір сарай,  
Сырты біреу, іші жұр.  
Сол сарайдың ішінде  
Алма жүзді толған қыз.  
60 Пара берген адамдар  
Сол қыздармен айқасып,  
Араласып, татар тұз.  
Парасы жоқ адамның  
Көзі соқыр, көңілі мұз.

**Төртінші жұмбақ:**

Аспаннан түсті бір нәрсе,  
Намаз оқыр дәретсіз,  
Іс қылмайды әдепсіз.  
Жер жүзіне келмейді,  
Бір Алладан себепсіз.  
70 Бесеу емес бір бөлек  
Еркі жоқ, сәжде жоқ.  
Тәмамдауға ер керек.



Ақылың дана ер болсаң,  
Бұл сөзіме қыл дерек.

**Бесінші жұмбақ:**

Ол не қылған жануар,  
Өзі өткір, көңілі тар?  
Бөддұға қылып басқа ұрса,  
Ойламайды намыс, ар.  
Қара түгіл ханда бар,  
80 Харазым, Бұқар – мұнда бар,  
Түркістан, Рум – онда бар.  
Ақылың дана ер болсаң,  
Бұл сөзіме бер хабар.

**Алтыншы жұмбақ:**

Баданша бір ат бар,  
Аспанда бір ай бар,  
Жүзінде мың ай бар.  
Бұл айларды жаратқан  
Жасаған Жаббар Құдай бар.  
Бірінің жүзі қап-қара,  
90 Жүзі қара болса да,  
Құранға біткен шырайы бар.  
Айдың жайын ай білмес  
Арасында жүретін.  
Жаты күміс құмай бар.  
Бұл сөзімнің мәнісін  
Ақылменен білетін  
Қай кісiде кең ой бар?

**Жетінші жұмбақ:**

Жапанға біткен қу ағаш,  
Көгермейтін құр ағаш,  
100 Асты – топырақ, үсті – тас.  
Бір бұтағын байқасаң,  
Бұқарменен қаралас.



Өзін адам көрмейді,  
Тірі жанға жоламас.  
Сөйлеседі екі адам,  
Біреуінің жаны бар.  
«Жаны жоқ» десем жарамас,  
«Жаны бар» десем біреуін,  
Қылышпен шапшаң қанамас.

110 Бір бұтағы жаз болар,  
Бір бұтағы қыс болар.  
Жаз бұтағын жайсаң –  
Жаңбыр жауып, жаз болар,  
Қыстың қары борамас.

Бұл жұмбақ өлеңдерге Әбубәкір мынадай жауаптар қайтарыпты.

#### **Бірінші жауап:**

Қожахмет тап сенің  
Жақында көрген түсіңнен  
Сұбхан Алла, шошындым,  
Түсінде көрген ісіңнен.  
Қалмақ қырған бойында

120 Бір адам деп жүр едім.  
Көп алтынның ішінде  
«Ояз ба», деп жүр едім,  
Қала салған көліңе.  
«Қара құс» деген құсыңды  
Сол оязға бас қосқан  
Бала ма, деп жорыдым.  
«Қара құл» деген кісіңді.  
«Жез томаға» дегенің  
Бір сандық наград беріпті,

130 Бұл сөзіңнің түбіне  
Әбубәкір түсінді.  
Өтпес жерге оқ атып,  
Моллаекем неден ісінді.  
Алшаңдап атқа мінген соң,



Көрген жауым сен емес,  
Көбең тайдай ұшындым,  
Ойнап, күліп шешермін.  
Хабарыңды білсем де,  
Жүзіңе тың танысым.

140 Ол елдердің билері  
Оязға құл болса да,  
Келмейді бұған намысың.  
Біздің елде бар адам  
Хакімге жақын болды деп,  
Шығардың сөздің шалысын.  
Кешегі айдың басында,  
Хатыңа жазған жолықтым.  
Астын-үстін ойланып,  
Мәнісіне қанықтым.

150 Ел ішінде мінсіз бар  
Жаманы жоқ халықтың.  
Өсек айтып өлген құл,  
Отынан шықпас тамұқтың.  
Бұл сөзіңнің мәнісін  
Өзімше ойлап, қорыттым.  
Бұл не деген ғаламат,  
Бойын жұмбақ қылыпсың  
Еділ менен Жайықтың.  
Біз Жеті ру, сен Әлім,

160 Кіл Кіші Жүз баласы.  
«Алла» деген құлдардың  
Қабыл болар тобасы.  
Сөз жүйесін табуға  
Жар болғай ердің панасы.

Екінші жауап:

Еділдің бойы мың дария,  
Мұны тапшы тегенің –  
Жайықтың бойы жағалай  
Орыстың салған қаласы.  
Абзалы біреу дегенің –





170 Орынбор шығар, шамасы.  
Көбігі тасып, көкке ұшса,  
Тамам қазақ жиналып,  
Ретті күні мал сатар.  
Сауда қылып тұрғандар,  
Қазақ болар арасы.  
Тамам қазақ келмесе,  
Қыздыруға келмейді  
Бір адамның шамасы.  
Көңіл бөліп қосқанда

180 Осы сөздің арасы.  
Өздеріңдей тым есті  
Азамат ердің баласы.  
Осылай деп хат жазған,  
Бәрекедді, болайын  
Қожахмет молланың  
Ақылының данасы.

#### Үшінші жауап:

Сары сөбізге бір сарай,  
Мұны тапшы дегенің –  
Орыс салған мұнара-ай

190 Заманнан бері келеді,  
Кірпіш тасы құламай.  
Іші толған қыз болса,  
Қазына шығар, шамамен.  
Осы күні қыз болса да,  
Қызы қатын дегенің –  
Қазына қалар бір жақта,  
Адыра қалған моладай.  
Ақшаң болса жаныңда  
Мақсатыңа жетерсің,

200 Хакімге берген парадай.  
Сатар пұлың болмаса,  
Сарғайар жүзің қоладай.  
Көңіліммен алғыс тілесем,  
Нысаналы жер болса,



- Сөзім кетпес далаға.  
Әбубәкір інің де  
Әлі құрып, адаспай,  
Шортанға бас шалдырмас,  
Тереңге біткен қарағай.  
210 Бәйгілі базар жер болса,  
Шыға жортып келермін,  
Жаман тайдай жалтаңдап,  
Жан-жағыма қарамай.  
Сұраған сөзің сол болса,  
Тетігін шешіп, мен айттым  
Төстен тартқан тағадай.

**Төртінші жауап:**

- Бұл айтқаның шын екен,  
Қаза келсе, адамға  
Алладан, келмес себепсіз.  
220 Өліп қалған адамның  
Мойнында парыз болмайды.  
Мұны білген молланың  
Ақыл-ойы зор екен.  
Тақырдан терген шөпшектей,  
Жиып-теріп сөз жазған  
Молла-екемнің көңілінде  
Бәсекестік бар екен.  
Бұл сөзінің мәнісі  
Білген құлға оп-оңай.  
230 Білмегеннің көңіліне  
Жайып тұрған төр екен.

**Бесінші жауап:**

Бесінші айтқан жұмбаққа  
Жаңа келдім жағалап.  
«Жаны бар нәрсе» дегенің –  
Ит екен, білдім шамалап,  
Көзі өткір, көңілі тар,  
Түнде жүрген дұшпанды



- Кіргізбейді абалап.  
Жинамаса да мал қылып,  
240 Асырауға сол итті  
Жұрттың бәрі құмар-ақ.  
«Кет» деп тұрса, арланбас,  
Ұрып-соғу обал-ақ.  
Шынын айтсам, сөзім көп.  
Қатар жүрген құрбыны  
Не қылайын табалап.  
Айналып шапса, ат жетпес,  
Көңілім шалқар шығанақ.  
Ұядан ұшқан көк түйғын  
250 Қанаты қысқа болса да,  
Көзге берер тоғанақ.

**Алтыншы жауап:**

- Және шешіп айтамын  
Алтыншы жазған хатыңды.  
Айтар жерім келгенсін,  
Сарп етейін ақылды.  
Жер үстіндегі мың айың –  
Әр шаһардың ішінде  
Патша болған Хакімді.  
Бірінің жүзі қара деп,  
260 Айырып басқа айтамын,  
Осы патша хакімің  
Құранға біткен шырың.  
Хакімде болса кеңшілік,  
Дінімізге жақынды.  
Арасында жүретін  
Қанаты күміс құмайың,  
Қатынасып тұратын  
Пошта болса керек-ті.  
Маған айтқан сөзіңнің  
270 Мәнісі балдан татымды.  
Айтыспақ болсаң қайта жаз,  
Ат құлағын теңдесіп.  
Сертке жетпес қатындай



Қауіптенсең, қоя қой,  
Түкірігім сөндірер  
Сенің жаққан отыңды.  
Көрген жауым сен емес  
Өбүбөкір деп қойғалы  
Азан айтып атымды.

**Жетінші жауап:**

- 280 Жетінші айтқан жұмбағың –  
Телеграфтың ағашы.  
Қасына барсаң көрінер  
Темірінің қарасы.  
Көмген жері топырақ.  
Бір жағынан қарасаң,  
Шыннан болар жұдырық.  
Шыңылдатып қаққасын,  
Тірі жанға жоламас.  
Сөзіңіздің бәрі рас,
- 290 Сөйлеседі екі адам.  
«Жаны жоқ бірі» дегенің,  
Ызындайды масадай  
Темірден тартқан құр басы.  
«Бір жағы қыс» дегенің,  
Ол жағында қыс болар,  
Петербурда бір басы.  
«Бір жағы жаз» дегенің,  
Ол жағында қыс болмас,  
Бұқарға барар бір басы.
- 300 Ойлап көріп қарасам,  
Сөзіңіздің бәрі рас.  
Ақылменен әр жерде  
Базар көрген ініңмін  
Бораны көп тілімнің.  
Айтыспақ болсаң молла-еке,  
Қағазыңды қайта жаз,  
Ішіңнен шықса білімің.  
Сөз таппаған кісідей  
Қытай менен Қырымнан,



310 Қайтарып қағаз жазбасаң,  
Көңілге ауыр алсаң да,  
Молла-еке, менен сүріндің.  
Ишарат етіп хат жаздым  
Төмам етіп сөзімді.

## **II. НҰРЫМ ШЫРШЫҒҰЛҰЛЫНЫҢ ЖЫР-ТОЛҒАУЛАРЫ**

### **АТАҒЫМ ШЫҚТЫ АЛАШҚА**

*Орынбай БӘЛДЕКОВ,  
Республикалық шығармашылық бірлестік,  
«Аққұс» газеті, 26 шілде, 1993 ж.*

Нұрман баласы Рахметолла 22 жасында Бұхарада Мәткәрім ишанда оқып, куәлік қағаз алып келіпті. Ол Гурьев уезі Қызылқоға болысының 8-ші ауылында мешіт салыпты. Мешітті ашарда Тайсойған, Қызылқоға, Қарабау болыстарынан ел шақырып, жұма намазын оқып, жиналғандарды қонақтапты. Солардың ішінде Жаманадай Шыршығұлұлы Нұрым да болған екен. Ол ақын Шеркеш Рахметоллаға арнап мына толғауды жырлапты.

Адам Сафи анасыз,  
Інісі жоқ, ағасыз.  
Құдіреті күшті Құдай бар,  
Ол да қатын-баласыз.  
Алланың досы – Мұхаммед,  
Ол да бір жалғыз, қарасыз.  
Ғарасат пен майданның  
Зиратына барарсыз,  
Алла нәсіп ойласа.

10 Шарап, суға қанарсыз,  
Одан да үлес аларсыз.  
Бұлдының бөсі алтындай,  
Базарға басты саларсыз.



- Сан пайғамбар, сол Алла  
Құрметпен қарсы алғанда,  
Тастама бізді хабарсыз.  
Қарағым, сенің ордаңа  
Жиналған өңшең жақсылар.  
Азырақ кеңес етейін
- 20 Отырмалық хабарсыз.  
Отырсақ болар жарамсыз.  
Алдымда жанған шам-шырақ  
Тұрғанда күнім жарқырап,  
Иншалла, болман ажарсыз.  
Ислам жолын жаңартып,  
Кірлеген көңілді тазартып,  
Халық үшін туған адамсыз.  
Сөзімнің көпті қатесі,  
Оқымаған наданбыз.
- 30 Пір тұтынып, қол бермей  
Жайылған малдай адамбыз.  
Жасымыз үлкен болғанмен  
Бөріміз де сіздің балаңбыз.  
Қараңғы жерге барғанда  
Шапағат бізге ете гөр,  
Қасыңа ерген қараңбыз.  
Осы отырған жамағат,  
Бөріміз де келе жатырмыз,  
Бөріміз де сізге жаранбыз.
- 40 Аманатын Алланың  
Бұйрықты күні берген соң,  
Тар жолдарға барармыз.  
Қараңғы жерге барған соң,  
Айнала көзді салармыз.  
Алдағы күнді кім білсін,  
Бұл дүниеде тәуір адамбыз.  
Ортасы жылы қатпайтын  
Сіз шалқыған көк теңіз.  
«Әліп, Алла, Би» ғарып
- 50 Біз жүрміз соған тек шанып.  
Біз жүрміз соған иланып.  
«Би» менен «Тидің» арасын



- Лауқы менен Махфуз да  
Түгел жазған ұйғарып.  
Мұныменен тұрмалық,  
Алқаға түсіп зырлалық.  
Шаршыға басым түсіп жүр,  
Өр жерде сөзім тыңдалып.  
Атағым шықты Алашқа
- 60 Байрақты жерде жүлде алып.  
Көзімді салсам әріге  
Қонған екен моллалық,  
Келе жатыр үзілмей  
Бірінен бірі үлгі алып.  
Атаңыз Нұрман, Шектібай –  
Тұқымыңызда бар еді,  
Арылмаған жорғалық.  
Сәулең түсіп саяға,  
Аймағың отыр нұрланып.
- 70 Талабың жүріп дәуірлеп,  
Басыңа бақыт орналып.  
Кетпеген бақыт атаңнан,  
Ізгіден дұға, бата алған,  
Шыр етіп жерге түскенсін,  
Рахметолла атанған.  
Бали жасқа жеткенсін,  
Қалмаған басың қатардан.  
Он беске жасың жеткесін,  
Ризық тартып Бұқардан,
- 80 Жиырма екі жасыңда  
Бала ишан атанып,  
Шатырнама хат алған.  
Алдыңнан туды ай мен күн,  
Оңғарылған сапардан.  
Шынжырлы сойдың тұқымы  
Үзілмеген қашаннан.  
Қазақтың бар ма таласы,  
Ақылың нұрдан жаралған.  
Хиуада пірің Мәткәрім,



- 90 Оқыдың құран-тәпсырын,  
Шарғымен ғамал жүргіздің,  
Халықтың ойлап жапсарын.  
Лебізің төтті секерден,  
Дүниеге келген ашпағым.  
Көтерсем көкке жеткендей,  
Асырып айтпай, шақтадым.  
Шариғатқа шет болмас,  
Турасын айтып мақтадым.  
Жаңылмай ауызың тәубеден,
- 100 Кеудеңе иман сақтадың.  
Садақа, шүлен таратып,  
Пақырдың қолын қақпадың.  
Надандыққа жол бермей,  
Хақтың ісін жақтадың.  
Басын қосып халықтың,  
Дін шырағын жаққаның.  
Бұқардан оқып келгенсін,  
Муридті мыңнан шығарып,  
Мешіт болды баққаның.
- 110 Батасын алып атаңның,  
Ананың сүтін ақтадың.  
Ізгі талап ойланып,  
Үйде қарап жатпадың.  
Дін жолына аямай  
Қоралап малды сатқаның.  
Қызығын көріп жол жүрдің,  
Бағасы қымбат ақшаның.  
Тәуіп етіп қайтуға  
Медина мен Меккеге
- 120 Қадымдап аяқ басқаның.  
«Басыма бақыт қонды» деп  
Дәрежеге тасымадың.  
Уақиға болса үстінде,  
Сабыр етіп, саспадың.  
Жарығын жұртқа көрсеттің,  
Ғылымның ашып қақпағын.  
Бірінен бірі дәлірек,





- Ауызым құрулы зеңбірек,  
Айта берсем ары жағын,  
130 Маңайың көпке бас болып,  
Меккеге сапар тартқаның.  
Оралда міндің пойызға,  
Қайтарып мінген аттарын  
Ағайын, туған халқыңа.  
Жазылған қалам-хаттарың,  
Артыңда қалған ақсақал  
Батасын берді қол жайып,  
«Ашылсын, деп, бақтарың».  
Құмарың асты күн сайын
- 140 Көруге жүзін Меккенің.  
Көк теңіздің үстінде  
Толқыған күні кемеңіз,  
Айтылған азан, өкбарың.  
Тәуекел етіп сен міндің –  
Откеме, пойыз, арбаға.  
Жалғыз сұңқар бас болдың  
Жүз елу мың қарғаға.  
Аман барып, сау келіп,  
Шариғат, азан үйретіп
- 150 Біздей надан ардаға.  
Алланың берген бағымен  
Басшы болдың жұмылаға.  
Сөждеге салып басыңды,  
Жүзіңді қойдың құбылаға.  
Бұл жүрген жанда теңің жоқ,  
Шайқылардан кемің жоқ.  
Қалайша айтсам жарасар  
Рахметжандай моллаға.  
Атамыз адам, хауана
- 160 Зират етің басына.  
Сан пайғамбар, сол Алла  
Түнөдің барып қасына.  
Құраннан аят оқығанда,  
Балапан үйрек жүзгендей,  
Көзіңнен аққан жасыңа.



Еңбегің еткен бос кетпей,  
Төлелер бір күн ақы да.  
Кеуденді нұрмен толтырды,  
Аямай иман хақыңа.

170 Талап еттің жасыңнан,  
«Өтер, деп, жалған қапыда».  
Гауһардың суын ішкейсің  
Мінген күні пырақ астыңа.  
Астана жұртың бағынған,  
Көрмесе бір күн сағынған.  
Жазылған қалам хатыңа  
Көрмеген адам көп құмар,  
Көруге жүзінді ынтазар  
Жаралған асыл затыңа.

180 Талабың жүріп өрлеген,  
Дәреже қонып басыңа  
Сапардан аман келгесін  
Жиналды халқың қасыңа.  
Азырақ сөйлеп өтейін,  
Тәңірім артық жаратқан  
Рахметолладай асылға.  
Аман барып, сау келдің  
Ізгілерден бата алып  
Ғарафаның шықтың басына.

190 Қазірет қажы атанып.  
Халқың қатты күтінді  
«Қайтамын, деген, есен-сау»  
Телеграм, хабар, хат алып.  
Бес Шеркештің баласы  
Қараша қаздай қаңқылдап,  
Алдыңнан шықты Аталап.  
Өріден қажы келгенше  
Оралда жатты маталып.  
Рахман Алла кешіргей

200 Сөзімнің болса қателік.  
Тыңдасаң, сөзім сатусыз,  
Айтпаймын, сірә, ақы алып.  
Ұялып сізден отырмын,  
Шарғыға сөзім шет болып,



- Қатесі сөздің көп болып,  
«Қалам ба, деп, шаталып».  
«Жақсының алды кең» дейді,  
Оңғарылар талабы  
Пенденің болса дегені.
- 210 Кезі келді, ағаң, құрбан-ай,  
Алладан болып себебі.  
Ата сыйың белгілі  
Дуадақ ұшқан төбе еді,  
Айдын шалқар көл едің,  
Ортаймаған кемелің.  
Қызылқоға, Тайсойған –  
Мекен еткен ел едің.  
Көп жылдар осы төбеде  
Өлең айтып, жыр жырлап,
- 220 Байрақты алған мен едім.  
Әшкере болып өнерім,  
Тәңірім айдап тап болып,  
Ризық, нәсіп жеп едім.  
Алдымда жанған шырағым,  
Ислам діні, тірегім.  
Уақыт болса кетерміз,  
Лауқы менен Махфузда,  
Жазылғаны пенденің  
Өлшеулі ғұмыр сүрегі
- 230 Әміріндей патшаның  
Бұйрығы көпке жүреді.  
Расул Алла Нәбиге  
«Жеті қабат көкке шықсын» деп,  
Алланың берген үні еді.  
Асқан күні миражға  
Ережеп мына айының,  
Жиырма жеті күні еді.  
Дүниеге қалдырған  
Расулдардың көмегі.
- 240 Шайқылар талай өтіпті,  
«Дүниенің жоқ, деп, керегі».  
Ойын, күлкі, мереке –  
Пенденің көрер мерейі.



- Көзін жұмған адамға  
Дұға қылсаң артынан  
Риза, дейді, үрейі.  
Фазәзіл дұшпан адамға  
Әуелден қашып маңынан  
Малғұн шаршап жүреді.
- 250 Сөйлеген сөзім шет болмас,  
Бүгінгі күні жиналған  
Мереке-сауық күні еді.  
Аман барып, сау келдің,  
Халықтың болып тілегі.  
Дүниеде болып дегенің,  
Келіп отыр кемелің.  
Ақырын Алла біледі,  
Діні мұсылман қардашың  
Күндіз-түні сіз үшін,
- 260 Айқасып еді білегі.  
Қаабадан аман келгесін,  
Жарылды көптің жүрегі.  
Ары жағың Қыдырқожадан  
Қыдырсиық баласы  
Шеркеш деген ел едің.  
Шөлдеген адам қанғандай,  
Айдын шалқар көл едің.  
Арғы атаң – мырза Шектібай,  
Той тойлаған Маңқатай
- 270 Дуадақ ұшқан төбеде  
Солар өсіп дүрлеген,  
Ауыл едің үлгілі,  
Жүйрік едің жүлделі.  
Шежіре шешен би шықты,  
Тобынан озған тілділі.  
Әруақты талай ер шықты,  
Кеудеге сыймай қызғыны.  
Шығып еді сенің ішіңнен  
Жорғаның талай сүргіні.
- 280 Бәрінен артық жаралған,  
Бағаңыз қымбат белгілі.  
Үміті бар халықтың



- «Қайымға дейін кетеді, деп,  
Осы бір сойдың ұрығы».  
Мәккама шарғы жолымен  
Сіз сайраған көптің бұлбұлы.  
Тірілікте сөйлеп қалайық,  
Кетерміз біз де бір күні.  
Тауларды терең сай қылар,  
290 Исафилдың үргіні.  
Ғалымдардан сұрасаң  
«Дүниедегі мың күндей  
Қияметтің, дейді, бір күні».  
Дүниядағы басшымсың,  
Парасат майдан жерінде,  
Қолдай гөр бізді, сол күні.  
Осы маңға нұр келді,  
Жарқыраған сәуле, түр келді.  
Байқасаңдар сіз мұны,  
300 Құранды қолға алып тұр,  
Алланы еске салып тұр,  
Бес Шеркештің баласы.  
Ислам дінінің шырағы  
Ортаңда парлап жанып тұр.  
Земзәмнің бұлақ-жылғасы  
Алдымызда ағып тұр.  
«Құдай» деген құлдарым,  
Дінді күткен ұлдарым,  
Бұдан ішіп, қанып тұр.  
310 Жұмада уағыз айтылып,  
Астана құлақ салып тұр.  
Қойдай шулап шәкіртің,  
Муритің мыңнан жылма-жыл  
Келешекте адамнан  
Туар ма екен, сіздей ұл?!..  
Лұқпандай мың жыл жасатпай,  
Сізден де өтіп кетер ме,  
Опасыз пәни – дүние бұл?!..



## БАЛУАНИЯЗ ЖЫРЫ

*(Орынбай Балдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

Бұл жырды әкемнің отбасылық мұрағатында кездестіріп, танысқан соң «оның жарияланған мәтіндерден қандай айырмашылығы бар екен, кітапқа қосуға болар ма екен?» деген ой біраз мазалады. Себебі бұл жырдың қай кезде, қандай дерекнамадан алынғандығы белгісіз, қолжазба түрінде сақталған. Сонсоң аз-кем ізденіс жүргізіп, Балуанияз жырының қолыма түскен мәтіндерімен таныстым. Оның біріндегі (Батырлар жыры. 6-том, «Жазушы», Алматы, 2001 ж.) мәтін мектеп оқушылары үшін арнайы дайындалғандықтан, бірнеше нұсқаларды салыстырып, соларды ішінара біріктіріп, өндеген нұсқа екендігі байқалды, сондықтан оны салыстыруға алмадым. Ал екінші бір жарияланатынын [48] негізге алуыма, біріншіден, жыр мәтінінің қолжазбасындағы әкем жазған түсініктеме, екіншіден, филология ғылымының докторы Асқар Егеубайдың мәліметтері себеп болды.

Әкем өзінің қолжазбасында «бұл жырды ақын Нұрым Шыршығұлұлы (1831-1908) Балуанияздың әке-шешесін, әйелін, туған-туысқандарын, балаларын қатыстырып отырып айтқан екен» деген түсініктеме беріпті.. Ал А. Егеубай «...Қазақстан Республикасының орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорында осы жыр жазылған үш шағын қолжазба бар. Оның бірін Бисен Сариманов Нұрым Шыршығұловтан жазып алып, 1941 жылы тапсырған...» деген мәлімет беріпті. Демек, салыстырып отырған нұсқалардың екеуі де Нұрым Шыршығұлұлының жырлаған мәтіндері болады. Олай болса, бұл екі мәтіннің айырмашылықтарын айқындауға тұрады деп есептедім. Екі жыр нұсқасы салыстырмасына жыр мәтіні соңында түсініктемелер бердім.

Базаршылап шыққан Ескелді Тұрмамбет Айбүгір деген суға жеткенде, Маңғыстауға қарай беттеп, аттанып келе жатқан екі жүздей атты түрікмен қолының іздерін көріп, хабар айтуға асығыс елге қайтқан екен. Сол жау қолы Қаратау бетіне өтіп, сонда қоныстанған Адай елін шауып, мол олжа – мал мен тұтқындар айдап келе жатқанда қазақ батырлары түрікмендерді Қараған босаға деген жерде қуып жетіп ұрыс салыпты.



- Саудагер ертіп қасына,  
Өзінің пайда басына,  
Тұрмамбет кетті базарға. (1)<sup>1</sup>  
Айбүгірге барғанда, (2)  
Аттанып шыққан қол көрді,  
Қайта шапты хабарға,  
Алдыңғы келген аз ауыл –  
Самдағы бөлек Адайға.  
Тұрмамбет келіп сөйлейді,  
10 Сөйлегенде бүй дейді:  
«Аттанып түрікмен келді, деп,  
Дұшпанды көзім көрді, деп.  
Түртней қалмас бір жерін (3)  
Бөлініп шыққан елдің, (4) деп.  
Бақы батыр, Бөрі мен (5)  
Бастығы – Ораз, Меңді, (6) деп,  
Талқан қылып шапқалы  
Маңғыстаудағы елді, деп.(7)  
Балуанияз, Балта-еке,  
20 Қумаймысың енді, деп.  
Кел асыға қуалық,(8)  
Жанымыз үшін тұралық,(9)  
Жігітке бер желді, деп.  
Осыдан барып өлгенсін,  
Кәусар суын (10) татарсың,  
Кең сарайда жатарсың,  
Шариғатқа жөнді, деп.  
Айбүгірден шапқалы (11)  
Азар жеттім ентигіп. (12)  
30 Болдырды атым шөл көріп,  
Жалықпас еді жануар,  
Мезгілімен суарып,  
Оттатпадым, дем беріп, (13)  
Жүрер еді-ау әлі де, (14)  
Қамшы бассам, жем беріп. (14)  
Әулие Бекет жар болып,

<sup>1</sup> Жақшаға алынған санмен белгіленген түсіндірмелер жыр мәтінінің соңында келтіріледі.



- Жолықтырған кез келіп,  
Енді, ағайын, сендерге  
Хабар бердім мен келіп.
- 40 Әй, батырлар, батырлар!..(14)  
Екі жүз түрікмен аттанды, (14)  
Енді бұған амал не?.. (14)  
Алыстан келдім демігіп, (14)  
Кел, жігіттер, жүріңіз!.. (15)  
Атқа жылдам мініңіз!..  
Қайтарында сол қолдың  
Қапталынан тиіңіз.  
Не салғанын Алланың  
Сонда барып біліңіз.
- 50 Кел, жігіттер (16), аттаның!..  
Өзіңнен тұғыр тапқаның,  
Жан басына қой айтың,  
Көтерілсін бақтарың.  
Біліп тұрмын жәуміттің  
Ойдағы елді шапқанын.  
Жауға жесір (17) жіберіп,  
Жігіттер, лайық па, жатқаның?!..  
Сырт болмаса, ер Бекет, (18)  
Аттанып келген түрікменнің (19)
- 60 Қысқартармыз жортқанын» (19).  
Алдыңғы жатқан Сам елі,  
Жігіттері дәмелі,  
Тоқтатып алып жүректі,  
«Бергей, деп, Алла тілекті»,  
Ұшқан құстай дүрлесіп,  
Ауыздары бірлесіп,  
Әбден сұрап алыпты,  
Анығына қаныпты.  
Тұрмамбетпен кеңесіп,
- 70 Біріне-бірі «жүр» десіп,  
Асар, Балта – бас болып,  
Жүре берді келісіп, (20)  
Алпыс кісі Адайдан





- Сонда гулеп жөнелді, (21)  
Ит түрікменді іздесіп. (22)  
Сол Адайдың басы екен, (23)  
Балуанияз мырзаңыз,  
Басына Қыдыр дарыған,  
Уызына жарыған,  
80 Ежелден Құдай қалаған,  
Аш-арыққа қараған, (23)  
Сырлы аяқтың түбінен,  
Бал сыпырып жалаған.  
Жасынан-ақ жау көріп,  
Ат құйрығын тараған.  
Бір өзінің дәл басын  
Мың кісіге балаған,  
Азын көпке санаған.  
Балуанияз бас болып,  
90 Алпыс кісі Адайдан  
Аттанып шықты аламан,  
Бекем ұстап жеделді,  
Қуғыншы болып жөнелді.  
Құла Атты жетектеп,  
«Жауға жесір (24) кетед, деп,  
Айырмай қалсақ осыдан,  
Дұшпанның көңлі өсед» деп.  
Қолын жайып, қой айтып,  
Сиыныпты «Бекет» деп,  
100 Сырт болмасаң, ер Бекет,  
Кереметті көрсет!» деп.  
Опасыз сұм дүниені,  
Ойында бар ма, өтед, деп,  
Сол Адайдың ішінде (25)  
Кімдер бар да, кімдер жоқ, (25)  
Етке тойып, көже ішіп,  
Мықтысынған пенде көп.  
Сол кісілер ішінде,  
Тәуекелшіл бір батыр –



- 110 Өзденбайдың Кенжебек.  
Сол кісіге жарасар  
Мақтап айтсам, ер демек.  
Жауатын бұлттай түнеріп,  
Жылдан-жылға келеді  
Аруағы оның өрмелеп. (26)  
Әрі-бері сөйлейін, (27)  
Батырларды термелеп.  
Дәурен ауса басыңнан,  
Жігіттік кетсе, қасыңнан,
- 120 Ұстай алмай қаларсың,  
Екі қолды сермелеп.  
Аттаныпты жауға, жорыққа  
Өңшең батыр, дәу түрікмен.  
Мықты менен тажалдың  
Соғысынан қау, түрікмен.  
Ұлы жолдың бойымен,  
Маңғыстаудың ойымен,  
Жанашыға (28) шығыпты,  
Қарашыдан (28) өтіпті,
- 130 Өгіз бенен Орауыл  
Мұнан да өтіп кетіпті.  
«Қаратауда егінші ел  
Болатын шығар» десіпті.  
Шырымын алмай көзінің,  
Күн-түн қатып, жетіпті,  
Ебелекті судың басымен,  
Қатты құдық қасымен,  
Қарауыл қойып қағымен,  
Шырғы аяқты салыпты
- 140 Өңшең бедеу атымен.  
Сол түрікменнің басы екен –  
Бөрі батыр Бақының. (29)  
Бас батыры Бөрі еді,  
Ат құйрығын өреді,  
Түтін шыққан алдында  
Таудағы елді көреді.



- Таудан түтін көрген соң,  
Елдің барын білген соң,  
Шалбарланып алады,  
150 Шабуылды салады,  
Арғымағын астында  
Қара терге салады,  
Әбден шала сояды.  
Таудағы елді талқандап,  
Қақ айырып қазанын  
Балтаменен ояды,  
Тойғанынша (30) мал алды.  
Мұсылманды құл қылып,  
Сатайын деп бала алды.
- 160 Неғып оңсын бұл түрікмен,  
Ия, Расулла, ия, Алла,  
Қолдың жолы болған соң.  
Болғаны емей, немене,  
Оңаша ауыл қонған соң,  
Бетіне қарар адам жоқ.  
Алды малға толған соң,  
Атанға қосын артады,  
Еліне түрікмен қашады.  
Манағы келген жолының
- 170 Бағытына тартады.  
Ат жем, суы таусылып,  
Арғымақтары шаршады.  
Аттары аштан жүдеді,  
Еліне бетін түзеді.  
Екі қонып жолшыбай,  
Ебелектің аңғары,  
Босағаға барады.  
Босағаға барғанда,  
Алпыс кісі Адайдан,
- 180 Жасағанға сиынып,  
Кебенесін киініп,  
Тапа тастай түйініп, (31)  
Лашын құстай шүйіліп, (31)



- Имандарын үйіріп,  
Найзаларын шүйіріп,  
Шәйіт болып өлмекке,  
Дәрет алып, жуынып,  
Өлімге басын байласып,  
Мылтықты оқтап, сайласып,
- 190 Көп жәумітке тайласып,  
Шыға келді жайласып.  
Адайдың алпыс батыры,  
Ерліктен жоқты қапылы,  
Оңдап мінді атын-ай.  
Қазақты жәуміт көрген соң, (32)  
Қоя берді жапырай,  
Шақпақтысын қайырып,  
Тарсылдатып атып-ай.  
Алпыс кісі сол жерде
- 200 Аттан түсе қалады,  
Қырлыға оқты салады,  
Әрқайсысы бір өзін  
Жүз кісіге балады.  
Жасағанды жар етіп,  
Қашпастыққа бата етіп,  
Төбеге барып тоқтайды,  
Төбенің басын шоқтайды.  
Айбатынан түрікменнің  
Қорықпайтынға ұқсайды.
- 210 Аттың басын бұрады,  
«Аруақ» деп тұрады. (33)  
Тура шапқан түрікменді  
Мылтықпенен ұрады,  
Сойылмен де ұрады. (34)  
Табаны аумай қасқарып,  
Қазақ байғұс шыдады.  
Сол ұрыстың ішінде  
Шаршамаған күнімен,  
Қимылдаған шынымен,



- 220 Жүгіріп жүріп оқ атқан,  
Оғын қардай боратқан,  
Кенжебек пен Серғазы,  
Тура шапқан мылтыққа,  
Қорықпайтын талайдан,  
Үзілмеген шабаздың,  
Шынжырлы нағыз ері еді.  
Иман, Намаз бері жағы,  
Есен, Нұрбай ежелден,  
Сүйеп жатқан сол дағы.
- 230 Жау жақындап төнгенде,  
Бетпе-бетке келгенде,  
Шулап тұрған жесірді,  
Жәуміттегі көргенде,  
Балуанияз жылайды, (35)  
«Жауда жесір жылап тұр,  
Көгендегі қойдай шулап тұр,(36)  
Жыламай қайтіп шыдайын.  
Шәйіт болып өлелік,  
Қыймылдаңыз, жігіттер,
- 240 Жолықтырған Құдай да!..»  
Балуанияз сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
«Тәмәм батыр, ер, дейді,  
Билікті маған бер, дейді.  
Билікті маған берсеңіз,  
Жапыралық, кел, дейді.  
Есіріп кетер мына қол,  
Жапырмасақ осыдан,  
Айыртпай кетер, енді бұл.
- 250 Ажал жетсе – өлерміз,  
Сегіз арыс Адайда  
Буаз әйел жоқ па екен,  
Тумас па екен біздей ұл?!..».  
Балуанияз толғайды, (36)  
Толғайды да қозғайды: (36)  
«Менің көңілім тынбайды



- Осы жаумен тоғыспай,  
Араласып соғыспай.  
Қорқып қалсақ осы жерде,  
260 Бір Адайды келтірмес  
Маңғыстау деген қонысқа-ай,  
Сарыарқаны қыстатып,  
Сыбай қылар, орысқа-ай!»  
Мінді батыр Құла Атқа,  
Шауып шықты қыратқа.  
«Жау қарасы көп екен,  
Жеткізгей, Алла, мұратқа,  
Қалдыра көрме ұятқа.  
Осы жерде айырсақ,  
270 Қалар едік сауапқа» .  
Мініп алып жөнелді,  
Жамалдатқыр Құла Атқа,  
Қамшы басып, «шүү» деді,  
«Шүү» дегенде Құла Аттың  
Табаны тасқа тимеді,  
Асқар таудай айбатын,  
Алла берген қайратын,(37)  
Балуанияз қасқарып,  
Түтеп тұрған мылтыққа,  
280 Бір қайыспай жасқанып,  
Қасында жоқ серігі,  
Жетіп барды түрікменнің  
Батыры деген Бөріге,  
Он балаға аталып,  
Мініп шыққан еріне.  
Сонда батыр көздеді,  
Жанына батар жеріне,  
Түйіп өтті найзамен  
Аш сүбеге беріп-ай.(38)  
290 Қолдың құрысы жазылып,  
Тарқатты әбден шерін-ай. (39)  
Сол сапарда жәуіттің  
Сынып еді, белі (40) де-ай,



- Шығып еді, жаны (41) да-ай.  
Адайдың беті кеңіді –  
Мықтысынған бәленің (42)  
Бұралды әбден, тілі де-ай.  
Мықтысынған жәуміттер (43)  
Арғымақтан айырылып,  
300 Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Қашты жаяу, еліне-ай.  
Бас көтерген ішінде –  
Бөрі батыр өлгенсін,  
Бөрі тиген қойдай ғып,  
Бөріктіріп бөлгесін,  
Ерліктің көзін көргесін,  
Түрікменнің кесіп келдесін,  
Бауыздады бір жерге  
Жинап салып он бесін.
- 310 Қорыққандай жүрмесін,  
Алпыс кісі ұрысып,  
Екі жүзін жеңгесін.  
Әрі-бері мақтайын,  
Сөзді неге таппайын,  
Алла тілек бергесін.  
Балуанияз мырзаның  
Шейіттерден еш кемі жоқ,  
Пайғамбарлар болмаса.  
Бұл заманда қазақтың
- 320 Одан артық теңі жоқ, (44)  
Өзірет Әли болмаса.  
Бұл заманда қазақтың  
Одан артық ері жоқ,  
Ондай болған адамға  
Қайғырудың жөні жоқ.  
Екі жүз кісі жәумітті  
Жалғыз өзі қашырды,  
Дұшпанға кеткен кегі жоқ.  
Жәуміт жаяу шұбырды,



- 330 Жұртта қалған жұрын жеп, (45)  
Айладыр халқы шулайды,  
«Анда Мәмбет (46), Меңді, Ораз – (46)  
Қазақтан бұлар өлді, деп,  
Машырық пен Саламның  
Түгесілді ері» деп.  
Шылым тартып жүруші ед,  
Қайратына семіріп, (47)  
Көкірегінде өзінің  
Әлдеқандай көрініп,
- 340 Аяғын тірей шіреніп, (48)  
Арғымақ мініп, еліріп,  
Арпалысып Адаймен  
Жаяу қалды демігіп. (49)  
Таңдайына татыды,  
Тасбақаның сүйегін  
Қытырлатып кеміріп.  
Шүлдірлеген түрікмен  
Енегін жеп қарсақтың,  
Еліне барды «семіріп».
- 350 Бұл жәумітті қашырған  
Балуанияз батыр-ай,  
Алаштың озған ақылы-ай,  
Ерліктен жоқты қапысы-ай,  
Түтеп тұрған мылтыққа  
Тура шапты, апыр-ай! (50)  
Қабағын шытқан жоқ екен, (51)  
Ойлап тұрсам артынан,  
Айтулы ердің соңы екен,  
Ғұламадан сұрасам,
- 360 Ақ шейіттің өзі екен.  
Елде айтады «шейіт» деп,  
Қайғырмаңыз егіліп,  
Алла берді кемді күн,  
Төрт құбыласын тегістеп,  
Таңда, махшар күнінде,  
Тар көшенің жүзінде  
Мінер пырақ ерттеп.





Осы жырда айтылған екі жүздей түрікмен қолы мен Адайдың алпыс жігітінің арасында болған ұрыста тек Балуанияз батыр мен інісі Балтеке өліпті дейді. Ұрыстағы шабыста бойы қызып алған Балуанияздың Құла Аты иесі жерге құлаған соң, тоқтамай шаба беріп, жау жаққа өтіп кетіпті. Біраз уақыттар өткен соң ол жануар түрікмендердің жерінен қашып шығып, еркін шауып, кісінеп өскен жеріне қарай тартқан екен, бірақ елге жете алмаған көрінеді. Ат өзінің иесінен айырылған жер – Қарағанбосаға маңына жетіп, шөлден өлген екен. Сол Құла Ат өлген, оны қастерлеп жерлеген жер «Құлатбасы» (Құла Ат басы) деп аталып кеткен.

Бұл толғаудың алғашқы тармақтарында сөз болған Тұрмамбетке берілген мынадай сипаттаманы әкемнің қолжазбасында кездестірдім.

«Тұрмамбет – батыр, өте ірі, екі қолы ұзын, тізесіне дейін жететін еңгезердей кісі болған көрінеді. Отырғандағы бойы орта бойлы жігіттің бойына тең келеді екен дейді. Бірде жалғыз өзі қалашылап келе жатқанда оған үш түрікмен жігіттері тиісіпті. Тұрмамбет үшеуіне де әл бермей, астына басыпты дейді».

### Түсініктемелер.

(1) – Бұл жыр жолы «Тұрмағамбет барды базарға» деп берілген;

(2) – Мұндай жыр тармағы жоқ;

(3) – Бұл тармақ «Түртпей қалмас бір-бірін» деп берілген;

(4) – Бұл жыр жолы «Бөлініп шыққан ерді деп» айтылған;

(5) – Бұл тармақ «Бақы қара бөрімен» деп айтылғандығы жыр жолының мағынасын өзгертеді. Біз жариялап отырған нұсқадағы Бақы, Бөрі деген – түрікмен батырларының есімі. «Бастығы қара Бақы, Ораз, Меңді» деген жыр жолы Балтабасұлы Түменнің «Маңғыстау» атты жыр-толғауында да бар;

(6) – Бұл жыр жолында «Оразмеңді» деп берілгендіктен, ол бір кісінің есімін білдіреді, ал біз жариялап отырған нұсқада «Ораз, Меңді» деген екі кісінің есімін береді;

(7) – Осы жерге «Осыдан қумай қалсаңыз, Сындырды ғой белді, деп» деген екі тармақ қосылған;

(8) – Бұл жерге «Жаудың ішін ұралық» деген бір жол қосылған;



- (9) – Мұндай жыр тармағы жоқ;
- (10) – Біздің жариялауымыздағы «Кәусар суы» деген жұмақтағы су көзін түсіндіретін сөз «Көпір суы» деп мағынасыз ретте берілген;
- (11) – Мұндай жыр жолы жоқ;
- (12) – Бұл тармақ «Азар жеттім именіп» деп берілген;
- (13) – Бұл тармақтан соң «Екі жүз жәуміт сыртынан, Келдім және жем беріп» деген екі жол қосылған;
- (14) – Мұндай жыр жолдары жоқ;
- (15) – Бұл жыр тармағы «Кел, шектідер (?), жүріңдер!» деп берілген;
- (16) – Бұл жерде де «жігіттер» сөзі «шектідер» дегенмен ауыстырылған;
- (17) – «Жауға жесір жіберіп» деген жыр жолы «Жауға жер жіберіп» деген жыр мағынасын өзгертетін, түрікмендер жер алу үшін жаугершілікпен келгендей ұғым беріліпті;
- (18) – Осы жолдан соң «Құрытармыз қатқанын» деген мағынасы түсініксіз тармақ берілген;
- (19) – Мұндай жыр тармақтары жоқ;
- (20) – Бұл жыр жолы «Жүре берді күлісіп» деп келіссіз, «жауға күлісіп аттанды» дегендей мағына беретін түрде келтірілген;
- (21) – Мұндай жыр жолы жоқ;
- (22) – Осы тармақтан кейін «Бұл кісінің ішінде, Кімдер бар да, кімдер жоқ» деген екі жол қосылған;
- (23) – Мұндай жыр тармақтары жоқ;
- (24) – Осыған дейін 17-ші түсініктемеде айтылғандай «Жауға жесір кетеді» деген мағына «Жауға жер кетеді» деп берілген;
- (25) – Мұндай жыр жолдары жоқ;
- (26) – Осы тармақтан кейін «Бес алты ауыз айтайын» деген жыр жолы бар;
- (27) – Мұндай жыр тармағы жоқ;
- (28) – Жыр мәтінінің мағынасына қарағанда, біз жариялап отырған нұсқадағы «Жанашы», «Қарашы» деген сөздер жер аттары болса, салыстырмалы нұсқада «жаңа ши», «қара ши» деп берілген;
- (29) – Біз жариялап отырған нұсқадағы Бақы деген түрікменнің батырының есімі болса, салыстырмалы нұсқада ол аталмайды;



(30) – Біз жариялап отырған нұсқадағы «тойғанынша мал алып» деген жол «азын-аулақ мал алып» деп берілген;

(31) – Мұндай жыр жолдары жоқ;

(32) – Осы тармақтан кейін «Аз екенін білген соң» деген жыр жолы қосылған;

(33) – Мұндай жыр тармағы жоқ;

(34) – Мұндай жыр тармағы жоқ. Бұл тармақтан кейін «Дунадан!» деп көп түрікмен, Төртке дейін жапырды» деген екі жол келтірілген;

(35) – Осы жолдан кейін «Жылайды да жырлайды» деген тармақ бар;

(36) – Мұндай жыр жолдары жоқ;

(37) – Осы тармақтан кейін «Талау тигір бәйге атқа» деген жыр жолы бар;

(38) – Осы жыр жолынан соң «Уа, ұрдың, қазақ! деп, Құлап қалды көрім-ай» деген екі тармақ қосылған;

(39) – Бұл тармақ «Тартады әбден шірене-ай» деп берілген;

(40) – Бұл жердегі «белі сынды» деген сөздер «білегі сынды» деп айтылған;

(41) – Бұл жолдағы «жаны шықты» деген мағына «жілігі шықты» деп айтылған;

(42) – Осы тармақтан соң «Орады әбден тіліп-ай» деген жыр жолы қосылған;

(43) – Мұндай жыр тармағы жоқ;

(44) – Бұл жыр жолынан соң «Ғибратының шегі жоқ» деген тармақ қосылған;

(45) – Бұл тармақтан кейін «Он бес жылғы тері жеп» деген түсініксіз жыр жолы қосылған;

(46) – Бұл жыр жолындағы «Мәмбет» деген есім «Мехмет» деп берілген, және 6-шы түсініктемеде айтқанымыздай «Меңді, Ораз» деген екі кісінің есімі бұл жолы «Меңдіораз» болып бір кісінің аты ретінде берілген;

(47) – Мұндай жыр жолы жоқ;

(48) – Бұл жолдағы «тірей шіреніп» деген сөздер «шірей тіреніп» деп айтылған,

(49) – Бұл тармақ «Жауап қайтты демігіп» деп берілген;



(50) – Осы тармақтан соң салыстырмалы нұсқада біз жариялап отырған жырда жоқ 54 жыр жолдары бар. Олардың ішінде «Бізіңменен қас болған», «Ортасынан шапқанмыз», «Мылтықменен атқанмыз», «Қарқ олжаға батқанмыз», «Дұшманға жоқ білдірген» деген сөздер бар. Осы асты сызылған, және салыстырмалы нұсқадағы «шектідер», «дунадан» деген сөздерге назар аударсақ, олар қазақ жыршыларының лексикасында (сөздік құрамында), сөз байлығында қолданылмайтын, көрші елдер (мәселен, Түрікменстан) жерлерінің жергілікті диалектісінде (тіл ерекшеліктерінде) қолданылатын сөздер секілді көрінеді. Осыған қарағанда, «реті бұл жыр тармақтары осы тұсқа жырдың басқа бір айтылысынан түскен болар немесе жырды қағазға түсірушінің сауаттылық деңгейінде жазылған болар» деген ой келеді;

(51) – Осы тармақтан соң «Айнымай көріп алады, Жауабы қатқан жоқ екен» деген екі жыр жолы қосылған.

### **III. БАЛТАБАСҰЛЫ ТҮМЕННІҢ «МАҢҒЫСТАУ» ТОЛҒАУЫ**

Маңғыстау Машайықтың басқан жері,  
Талаптың таудай өрлеп тасқан жері. (1)<sup>1</sup>

Жер жүзін желмаямен жеті аралап,

Ауғанға Асан бидің асқан жері.

Абылай, Өз-Жәнібек, Әлен төре,

Қазаққа Қайыпалы хан кезінде,

Жыландай улы зәрін шашқан жері.

Хандардың қарабауыр кәрлерінен,

Патшаның удай ащы зәрлерінен, (2)

10 Жерленбей жеті жұрттың қашқан жері.

Көп болса, ар жағы – Әнес, бер жағы – Алаш,

---

<sup>1</sup> Жыр мәтінінің соңындағы түсініктемелерді қараңыз.





- Арасын ағайынның ашқан жері.  
Артынан, аңдып жүріп, орыс алды,  
Ол орыс – ойдағыдай қоныс алды. (3)  
Ханды алды, қараны алды, қаланы алды.  
Сақара мал жайылған даланы алды.  
Оқыған оқушыны, баланы алды. (4)  
«Хорезм ханға барып қайтеміз?» деп,  
Адайдың, әсіресе сасқан жері. (5)
- 20 Жасасын ақ советтің әділ заңы, (6)  
Бірлесу, бейбіттікке айналып тұр,  
Жаһанның жаратылған аспан, жері.  
Маңғыстау, білемісің, не қылған жер,  
Қашаннан қалың дәулет бағылған жер.  
Қыры – егіс, суы – балық, сазы – сабын, (7)  
Күмістей көмірі отқа жағылған жер.  
Тал шығып тауларының тарауына,  
Мал бітіп елдерінің қарауына,  
Бал бұлақ бауырынан ағылған жер.
- 30 Қыс – қыстап, жазда жайлау өмір үшін,  
Төлдетіп төрт түлік мал айдау үшін,  
Тай-құлын, бұзау, бота байлау үшін,  
Қазықтап керіп желі қағылған жер. (8)  
Бектері бес жүз сомдық белбау буып, (9)  
Қыздары қызыл шарқат қия тартып,  
Қос сырға құлағына тағылған жер.  
Ат мініп арғымақтан алма мойын, (9) (10)  
Соқтырып сом күмістен, алтын шайып, (9)  
Керегі кербездердің табылған жер. (9)
- 40 Ақ көйлек айналасын алтын зерлеп,  
Қынама қызыл мақпал бешпент киіп,  
Иыққа құндыз ішік жамылған жер. (11)  
«Шаруаға шаңды қиян» деген атақ,  
Тарихта тасқа басып жазылған жер.  
Байлығы жер астынан байқалғаннан,  
Бұрын да толып талай шайқалғаннан,  
Ашылып, әлде неше жабылған жер.  
Маңғыстау мал өсіру мәселеде,  
Жан салмай жарыстарда шабылған жер.



- 50 Жерінде кереметі өулие көп,  
Төкөппар тек жүрмеген тентектердің  
Таулары талай рет шағылған жер. (12)  
Азға көп, әлдісі әлсізіне зорлық етіп  
Асқаны әруаққа шалынған жер.  
Шалынса, шайқыларға жалынған жер,  
Туына ту бие мен қошқар сойып,  
От жағып, рухына табынған жер.  
Тарихын тауып айтсақ еліміздің,  
Отырған мекен етіп жеріміздің,
- 60 Кен байлық кереметі табылған жер.  
Бас қосқан Байұлы, Әлім күнбатыстан, (14)  
Еншіге елімізге алынған жер. (14)  
Шөбінен шөккен түйе көрінбейді, (14)  
Қалың шөп қарашыға малынған жер. (14)  
«Жат жерге жалғыз ауыл біз келдік» деп (14)  
Жасаған Жаппар хаққа жалынған жер. (14)  
Өлінің рухына тірі ас беріп, ақ үй тігіп, (14)  
Қой сойып, Құран оқып құдай үшін, (14)  
Тапқанға тастан тамы салынған жер. (14)
- 70 Ол күнде ел қорғаны ер болады, (15)  
Мінгені ерлерінің кер болады, (15)  
Аққаны ат бауырынан тер болады. (15)  
Асынып алмас қылыш, төрт қаруын, (15)  
Түн ұйқысын төрт бөліп, сабылған жер. (15) (16)  
Қырының қырық құлаш түбі терең,  
Шыңырау, шығырменен қазылған жер.  
Тас астау айналасы алты метр  
Толғанда, тоғыз байтал қанылған жер. (17)  
Бұл жерден кімдер кетіп, кім қалмаған,
- 80 Қара жер, қаза жетіп, кімді алмаған.  
Қызылбас, Қытай, Қыпшақ, Қырым, Қырғыз,  
Айладыр алты болса, Қалмақ жеті,  
Олардан адырада қалынған жер. (18)  
Маңғыстау – ер Бекеттің туған жері,  
Кетіріп кіндік кірін жуған жері.  
Кіндігін Қожа молда қолымен кесіп  
Тамырын тарамыспен буған жері.



- Бекеттен берекелі дұға тиіп, (19)  
Жауызды жамандаса қуған жері. (19)
- 90 Шайқының шарапатты дұғасымен,  
Тентекті тек жүрмеген тыйған жері.  
Шақыртып шашықтарды жиған жері (20)  
Халқымның қара менен хандары да,  
Қаптаған қалың дәулет малдары да,  
Жақсы жер жайылымға сыйған жері. (21)  
Кешегі Отан соғысы кездерінде,  
Халқымның ер көңілді жігіттері, (22)  
Халқы үшін қасық қанын қиып барып,  
Жарадан, жаудан жазым тапқан жері. (23)
- 100 Маңғыстау – үш қиянның неткен жері,  
Жерленбей жеті жұрттың кеткен жері.  
Иеленген иесі кеткен иесіз жерді  
Атамыз Адай мекен еткен жері.  
Суы – сүт, шөбі – шүйгін, бал татиды,  
Төлдеткен төрт түлік мал тұқымының,  
Мыңғырып сай-салада өскен жері. (23)  
Көл түскен күн жауғанда көлдеулерге,  
Ақ бидай, ақ жүгері, арпа, тары  
Шалдардың шашып, тұқым сепкен жері.
- 110 Бөлініп Бөкей ханнан көшіп келіп,  
Ел болып, ірге қоныс еткен жері  
Атамыз алпыс үйдей аз келіпті,  
Ішінде Ақпан деген Таз келіпті,  
Есболай еріп көшкен екі үй екен,  
Қалғаны қар кеткен соң, жаз келіпті.  
Аралас Адай-Беріш қоныс алып, (24)  
Аспаннан аққу ұшып, қаз келіпті.  
Ер Шотан шұбар атты ұстап беріп,  
«Аға» деп, Әжібайға бата айтқызып,
- 120 Той қылып, Адай туын тіккен жері.  
Ақ теңіз айналасы бөрі балық,  
Ем болған ауруларға дәрі балық.  
Сатқанға алтын, күміс, ақша болса, (25)  
Ас болған ашыққанға, ара салып. (25)





- Қортпасы қойдай семіз, ақ балықтар  
Жегенге жылқы етіндей жеңсік болған,  
Ішінде шоқыр, шортан, сары балық.  
Қазына қара жердің қарнында көп,  
Суының беті сульфат ақ дәрідей,
- 130 Теңізі түбі терең, бөрі – балық  
Қаңтарып қара қайық қара суға,  
Сүзгісін су бетіне құра салып,  
Шенелдің, шешіп, судан кепкен жері.  
Баяғы бай патшаның заманында  
Қаналып жарлы байға, жанын қинап, (26)  
Жарлының жаны жапа шеккен жері.  
Жасасын ақ советтің әділ заңы,  
Құр-құрлап, қолмен ұстап асауларды  
Жұмысқа жуасытып, жеккен жері.
- 140 Ауданның алматылық біреуіміз,  
Байлыққа басқа ауданнан ірілеуіміз.  
Руға ұран болған пірлеріміз,  
Кең дәулет кетпей тұғын кірідеміз.  
Жез тырнақ, тау тайлақты жеңіп ұстап,  
Адайдың ұран отын жаққан жері.  
Хандардың қастасқан күн қанын төгіп,  
Өлтірген Рукинді ерлеріміз.  
Халқымыз қалмай тегіс колхоз болып,  
Хат танып қалмай тегіс кәрі-жасы,
- 150 Хабарға орталықтан «қала салсын», (27)  
Дегенге еліміздің жеткен жері. (27)  
Маңғыстау Машайықтың жатқан жері, (27)  
Ашыққанның абыройын жапқан жері. (27)  
Қаратау – қақ ортасы қасиетті, (27)  
Желіндеп жер бетіне жеміс шығып,  
Сүттей су бауырынан аққан жері.  
Сейілхан сегіз арыс сыртымыздан  
«Қазақты халық емес», деп шаққан жері.  
Ұйғыр ұлт Қоқан ханның күшіменен,
- 160 Хан бастап Хорезмнен, халқымызды  
Аңсызда алты жерде шапқан жері.



- Шамданып шапқындыққа шайқылары  
Келгенін кедергілеп жатқан жері.  
Бастығы қара Бақы, Ораз, Меңді,  
Ішінде Есен, Сүйін ерлері бар,  
Етектен иттей тістеп, қапқан жері.  
«Ат мінген алты бала беремін, деп,  
Көп болса, айдай алмай келермін» деп,  
Төкаппар тек жүрмеген тілі тиіп,
- 170 Тентекті тіземенен қаққан жері.  
Қалың қар, қар айдаған үскірік жел, (28)  
Қарашаның қауыстағы, қаны мен қар (28)  
Сіресіп, араласып қатқан жері. (28)  
Тұрмамбет Хорезмнен қайтып келді,  
Хабарды өз еліне айтып келді.  
Айтады «екі жүздей қол кетті», деп,  
«Еліне Маңғыстаудың ол жетті», деп,  
Есірген жау бір уақиға етеді» деп, (29)  
Адайдың ұран отын жаққан жері.
- 180 Адайдың алпыс кісі аламаны  
«Болар, деп, бір Алланың қалағаны»,  
Келетін кейінгі елге қарамады.  
Мінгені кілең бедеу жарағаны,  
Мінуге жаман жабы жарамады. (30)  
Екі сай – Ебелектің оң-терісі,  
Болмаса, Қарағанның босағасы, (31)  
Қара оба қалмақ үйген қарауылда (32)  
Қарсы алып, қайтқан жауды баққан жері.  
Бастығы Балуанияз, Балта, Арыстан, Әбілғазы,
- 190 Кез болып кілең батыр кең далада,  
Қарудың қара қанға батқан жері.  
Бастығы, басқарғанды Балуанияз (33)  
Оқпенен өкпесінен атқан жері. (34)  
Бір қасық қанын ұрттап татқан жері. (35)  
Ақ бас ер, ала қоржын, арғымақ ат,  
Қырмызы қызыл шапан, қынжал қылыш  
Ерлердің елге тегін таратқан жері. (36)



- Құла аты қаз мойынды құрбан үшін  
«Жолына ер Бекеттің садақа» деп,  
200 Тұмарды төрт бұрыштап таққан жері.  
Батырбек, Балуанияз, Қармыс, Қабыл  
Төленді, Түкешпенен Есенияз  
Мырзатай, Кенжебек пен Құлбарақтың,  
Елдегі ер көңілді жігіттерім (37)  
Жарадан, жаудан жазым тапқан жері  
Қараойы қасиетті Маңғыстаудың  
Жерленіп жеті жұрттың жатқан жері  
Тоң қатқан желтоқсанда ..... жері  
Шөп бітік, шөңкесі жоқ, жайнаған жер.
- 210 Жылқысы құлатөбел құлындайды  
Қоздатып қоңырлы қой айдаған жер.  
Ақ тұмсық айыр інген алмас өркеш  
Шудалы шошақ өркеш нағыз нарды  
Желіге жез бұйдамен байлаған жер.  
Идіріп қозы емгенсін енелерін  
Сұлымен сүт кернеген денелерін,  
Тұра алмай тоқтылары шайлаған жер.  
Қама тон, қалы кілем, ақ киізді  
Нарға артып ел көшкенде тайлаған жер. (38)
- 220 Ғасырдан он жетінші бермен қарай,  
Қонған ел қонысынан таймаған жер.  
Мал баққан малшылардан маман шығып,  
Малдары апаттардан аман шығып,  
Еңбекші еріндерін майлаған жер.  
.....

Орынбай Бөлдековтің отбасылық мұрағатында сақталған, «төте жазу» түрінде қағазға түскен Балтабасұлы Түменнің «Маңғыстау» толғауының бұл мәтіні түгелдей емес, үзіндісі болып шықты. Осы жарияланып отырған жыр-толғау үзіндісін оның бұрын жарияланған [49; (147-154-бет)] нұсқасымен салыстырып, айырмашылықтарын көрсетіп, түсініктемелер беріп отырмын.



### Түсініктемелер.

(1) – Бұл толғау жолы «Қасиет-кереметі тасқан жері» деп берілген;

(2) – Бұл тармақ «Жыландай шаққан тілдің зәрлерінен» деп айтылған;

(3) – Бұл жыр жолы «Ортадан ойдағыдай қоныс алды» деп көрсетілген;

(4) – Осы жол «Оқыған учительге баланы алды» болып айтылған;

(5) – Бұл тармақтағы «әсіресе» деген сөз «бір кішкене» деп берілген;

(6) – Осы жолдағы «ақ советтің» орнына «Советстан» деген сөз қолданылған;

(7) – Осы тармақтан соң «Мысқалы мың теңгелік металы бар» деген жыр жолы қосылған;

(8) – Бұл жолдағы «қазықтап» деген «кіндіктен» деп айтылған;

(9) – Бұл тармақтар ауысып, төменде, басқа жерге түскен;

(10) – Осы жыр жолынан соң «Ақ бас ер, алтын таға, Құйысқан омырауы тағылған жер» деген екі тармақ бар;

(11) – Бұл жолдағы «иыққа» деген сөздің орнында «иінге» деген сөз бар;

(12) – Осы тармақтан соң «Айыбы азға көбі зорлық етіп» деп айтылған жыр жолы қосылған;

(13) – Бұл жыр жолындағы «отырған мекен етіп» деген сөздердің орнына «ата-ана кіндік кескен» деген сөздер айтылған;

(14) – Мұндай 9 жыр тармақтары салыстырмалы нұсқада жоқ;

(15) – Бұл жыр жолдары ауысып, төменде, басқа тұста айтылған;

(16) – Осы жолдан соң «Дәм айдап алыс жерге кеткен ерлер, Ел үшін еңбек-қайрат еткен ерлер, Келгенше кіндік кірін сағынған жер» деп айтылған үш тармақ қосылған;

(17) – Бұл жыр тармағындағы «тоғыз байтал» «тоғыз үйір» деп берілген;

(18) – Осы жыр тармағы «Ерлерден ертедегі қалынған жер» деп айтылған;



- (19) – Бұл жолдар «Бекетке туғаннан-ақ дұға дарып, Қас-тасқан жауыздарды қуған жері» деп берілген;
- (20) – Мұндай жыр жолы жоқ;
- (21) – Бұл тармақ «Маңғыстау – үш түбекке сыйған жері» деп айтылған;
- (22) – Бұл жолдан соң «Дұшпаннан анталаған елін қорғап» деген тармақ қосылған;
- (23) – Мұндай жыр жолдары жоқ;
- (24) – Бұл тармақтағы «қоныс алып» деген сөздер «ақ көл қонса» деп берілген;
- (25) – Мұндай жыр жолдары жоқ;
- (26) – Бұл жол «Жалданып жарлы – байға, жалғыз – көпке» деп айтылған;
- (27) – Мұндай жыр жолдары жоқ;
- (28) – Бұл үш жыр тармақтары «Қалың қар, қараша мен қауыстағы, Қан мен қар араласып» деп берілген;
- (29) – Жыр-толғаудың бұл жері «Еліріп, есірген жау біле білсем, Сол елге бір уақиға етеді» деп айтылған;
- (30) – Бұл жолдан кейін «Келген жау кері қайтар екі жол бар» деген тармақ қосылған;
- (31) – Бұл тармақта «Қараған босаға» деген жер аты «Босағаның қарағаны» деп берілген;
- (32) – Мұндай жыр жолы жоқ;
- (33) – Бұл жол «Батырды Балуанияз Бақы-Қара» деп айтылған;
- (34) – Осы тармақтан соң «Бақының батыр Балта басын кесіп» деген жыр жолы қосылған;
- (35) – Бұл жыр жолы «Қос уыс қанын ұрттап, татқан жері» деген түрде жазылған;
- (36) – Осы жыр тармағынан кейін «Адайдың Балуанияз ақпарлы ері, «Болғай» деп, мәңгі жайлы жатқан жері» деген екі жол қосылған;
- (37) – Бұл тармақтан соң «Халқы үшін қасық қанын қиып барып» деген бұрын айтылған жыр жолы қайталанған;
- (38) – Осы жолдан соң «Ақ жолым үй аулының желкесінде, Сахилық салтанатқа сайлаған жер, Маңғыстау біздің елдің жайлаған жер, Қара орман қалың дәулет айдаған жер» деп айтылған төрт жыр тармақтары қосылған;



## IV. ӘРТҮРЛІ ӘҢГІМЕЛЕР МЕН ӨЛЕҢ СӨЗДЕР

### ЖОРЫҚ АҚЫНЫ ҚАЛНИЯЗ

Орынбай БӨЛДЕКОВ,  
Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті,  
8 қаңтар, 1991 ж.

Жас кезімде Шопықұлы Қалнияз ақын жайында өз әкемнен және ақынға жақын, бізге жиен болып келетін, Бекқұл ақсақалдан алуан түрлі әңгімелер мен ақынның өлең-жырларын естіп, тіпті қайсыбірін жатқа айтып та жүруші едім. Қазір, қапелімде, олардың барлығы еске түсе бермейді, ұмыт болыпты. Жақында «Маңғыстау» газетінде І. Шыртановтың Қалнияз туралы шағын әңгімесін оқығаннан кейін ақын туралы білетіндерімнің есімде, қолжазбаларымда қалғандарын жазып, «бір пайдаға асар» деп газетке ұсынып отырмын.

Қалнияз ақын Қосай атаның Тінейінің ұрпағы көрінеді. Әкесі Шопық Доспамбетұлы жас кезінде Бөкей ордасы жағында болып, кейіннен Маңғыстауға көшіп келіп, жалданып мал баққан кедей адам болған. Оның Қалнияз, Көлнияз, Ернияз, Тілеубай, Қапа, Рақа атты алты баласы болған.

Қалнияз ақынның өзінің Қожа, Құлшар, Қортан, Бимағамбет атты балалары болыпты. Олардан тек Қортан ғана әке жолын қуып, өлең-жыр айтатын жыршы болған. «Қортан Тәжікстан жеріндегі қазақтар арасында танымал кісі болып еді» деп, 1974 жылы Матай құмында кездесіп, әңгімелескен Рымбай Аймағамбетов ақсақал маған мына бір өлең жолдарын жаздырған еді:

*Қалнияз әкем, Қортанмын,  
Сөйлер сөзге дарханмын.  
Қадірімді білгенге  
Қойдан жуас марқаумын.  
Көңілім сүймес кісіге  
Жылқыдай асау тарпаңмын.*



Енді сол Рымбай қарттан жазып алған Қалнияз ақынның өзінің өлеңін келтірейін.

*Биік қылып сөйлейін  
Асқардың ала тауындай.  
Нөсерлетіп сөйлейін  
Селдете құйған жауындай.  
Тәтті қылып сөйлейін  
Жаңа піскен қауындай.  
Шыны қылып сөйлейін  
Жіліктің аққан майындай.  
Қылтыңдатып сөйлейін  
Қысырдың емген тайындай.  
Сылаңдатып сөйлейін  
Жалғыз үйдің қызындай.  
Байұлыға белгілі  
Ұстазым Тіней Аязбай,  
Неше буын жыр төккен  
Он екі баспа қобыздай.  
Тосылып сөзден көрмеген  
Адайда айтқыш Абылдай.  
Шабатын жұйрік мен едім,  
Сөзге қамшы салдырмай.  
Қаумалаған қарындас,  
Құмарыңды сөзбенен  
Кетейін неге қандырмай.*

Қалнияз жауынгер, жорық ақыны болған. Ол бір басында домбырасы, екінші басында садағы бар қоржынын, оқ толы қорамсағын ала жүреді екен. Өзі садақшы мерген болыпты, сөзі садағынан да өткір болған екен. Жорықтарда, әсіресе ұрыстар мен шайқастар кезінде сарбаздарды өзінің жалынды сөзімен жігерлендіріп отырған. Бір жорықта Хиуа ханының жасағымен қарама-қарсы келіп қалғанда қапелімде тап беріп шабуға бата алмай қолбасшылар абыржып қалыпты. Сонда Қалнияз Сүгір батырға келіп былайша толғапты:

*Баласы ер Шабайдың Сүгір деген,  
Жасыңнан атың шығып дүбірлеген,*



*Айтулы әкең батыр Шабай еді-ау,  
Осындай арлы жерде кідірмеген.*

Бір жорықта Қожалақ батырға келіп, Қалғанияз былай деп толғапты:

*Адайда батыр Қожалақ,  
Айбатың артық арыстан,  
Жүрегің берік құрыштан.  
Тоғыз кіріп шайқасқа  
Аман шықтың ұрыстан.  
Ерлігің сенің кем бе еді  
Кешегі Төлеп, Қармыстан?..  
Атағозы, Шабай, Өмір, Лабақ,  
Шотан мен Мыңбай, Досандай  
Патшаға қарсы ұрысқан.  
Ағаларың бұрынғы  
Есен, Сары, ер Жанақ  
Қалмақпенен шабысқан.  
Есенғұлдың Есегі  
Таутайлақпен алысқан,  
Жезтырнаққа жабысқан.  
Атаға тартып ұл өсіп,  
Ерлігі саған жұғысқан.  
Егестің жері келгенде  
Ер өлмейтін бе ед, намыстан?!..  
Сен Адайдың сойылы,  
Жауды көріп сескеніп,  
Жиылмаған айылы.  
Ерлігіңді сөз қылған  
Адай түгіл Байұлы.  
Қас дұшпанын көргенде  
Батырлар мойынын бұра ма?..  
Халқы үшін туған қайран ер  
Дүбірде шыдап тұра ма?..  
Ақ ордасы Адайдың,  
Үлкен үйім – Мұңалсың.*





*Батыр да өзің, пір де өзің,  
Ұлы жиын құралсың.  
Төрт Мұңалым тұрғанда  
Басқасы келіп көп жұрттың  
Қолына қалай ту алсын?!..  
Қожалақ! Тұрма, қол баста!,  
Артыңнан сарбаз шұбалсын!..  
Ұрандап жауға ат қойсаң,  
Келімберді, Құдайке  
Ізіңе еріп, лап қойсын.  
Сонда аруағың аспай ма,  
Душпаның қорқып, қашпай ма?..  
Ертең елге барғанда  
Ерлігің хабар болғанда,  
Қалың елің жиылып,  
Алдыңнан шашу шашпай ма?!..*

Қалнияз осылай толғағанда Қожалақ батыр қолды бастап, жауға қарай жөнеліпті дейді.

Осы жыр-толғауды маған жаздырып отырған Рымбай қарт намысы қозып, іші елжіреп, көңілі босап кетті ме, әйтеуір, бір қарасам, көзіне жас алып отыр екен. Тағы да басқа жырлар мен толғауларды айтып, жаздыруға қарт дайын еді, бірақ жол жүрісі асығыс болып, басқаларын жазып ала алмадым.

\* \* \*

Қазақ елінде, соның ішінде Адай елінде де ел-жұртты жарастырып, ағайын арасын ажыратпай, бірлестікті қолдаған ақылды, ару ана-апалар, жеңге-келіндер болған ғой. Әкемнің отбасылық мұрағатындағы қолжазбаларында кездескен мына бір көнеліктің әңгімесінің негізгі мән-мазмұны ерінің намысын қорғаған, құдандалы екі елдің арасында жалындауға жақындаған жанжалдың ұшқынын басқан даналығымен танылған Адай елінің келіні Айсырға туралы болады.



## ДӘУЛЕТАЛЫ ТӨЛЕБАЙ БАТЫРДЫҢ ҮЙЛЕНУІ ...НЕМЕСЕ АДАЙ ЕЛІНІҢ КЕЛІНІ АЙСЫРҒА ТУРАЛЫ

*(Орынбай Бәлдековтің отбасылық  
мұрағатында сақталған шежірелік әңгіме)*

Дәулеталы – Тілеміс – Итбатыр немересі Дәуітұлы Төлебай батыр үйде отырмай, «елге жау келіп қалса, қапы қалармын, жау елді шауып кетер» деп, өне бойы далада қарауыл қарап жүретін болған көрінеді. Егізлақ-Жиделі жерлерінің алдында «Төлебай» аталатын төбе сол батырдың қарауыл қарайтын биігі болған деседі.

Атасы «ел аралаң, осы балаға лайықты қыз қараң, үйлендірейін» деп інісі Мұратты (Кещені) басшы қылып тағайындап, он шақты жігітті жолға шығарыпты. Міне, сол жігіттер ел аралап жүре келе Әлім еліне келіп, Шекті Көтібар батырдың ауылына түсіпті.

Шектінің Көтібар деген батыры атты қонақтарды үйіне жақын келтірмейтін әдет ұстайтын, сол үшін өз отауынан алшақтау жерге қонақтардың аттарын байлайтын арқан керме тарттырып қоятын болған екен. Ауылға келген қонақтар сол жерге аттарын байлап, өздері үйге жаяу келуі тиіс болған. Батыр өзі орнатқан осындай тәртіпті сақтауды талап еткен.

Ауылдың бұл тәртібінен бейтаныс Мұрат, өзі бастаған жігіттермен Көтібардың үйіне аттың басын тіреп тұрып:

– Үйде кім бар? Сөйлес! – деп дауыстапты.

Мұндайды бұрын естіп-көрмеген, өзі орнатқан тәртіпті бұзған қонаққа ашуланған Көтібар:

– Мені басынған бұл қандай жау! – деп ақырыпты.

Көтібар батырдың аруағы екі қызыл түлкі екен деседі, әлгідей ақырғанда аруақтарының бірі – сықырлауықтан, екіншісі – шаңырақтан шыға қашыпты. «Апыр-ай, бұл не ғажап, менің аруағыма не болды?» – деп таңданған Көтібар батыр сыртқа шықса, есік алдындағы қонақтардың ішінде аруақтары екі қара бұлт болып көрініп тұрған екі батырды көріпті де, қонақтарды үйге кіргізіп, аман-түгел алысыпты.



Сонсоң бір үйді арнайы Мұрат пен Төлебай үшін бөлек тіктіріп, сол үйге орналастырып, өзі де солармен бірге болыпты. Қонақтар жайғасып, сусындап, қонақасы беріліп болған соң, олардан жүрістің мән-жайы, бұйым сұралыпты. Мұрат қасындағы інісіне қыз айттыру шаруасымен жүргенін айтады. Сонда Көтібар батыр:

– Менің үш қызым бар. Маған олардың үшеуі де бірдей, қайсысын қаласаңдар, соны аласыңдар. Шешімдеріңді маған айтың, – депті.

Ертесіне қыз таңдау үшін су алып келе жатқан үш қызды күтіп тұрған Төлебайдың алдынан екі қыз шапшаң басып, әзілдесіп өте шығыпты. Артында асықпай келе жатқан бір қыз иін ағаштағы суын көтеріп, жай басып үйге келіпті. Төлебай батыр осы қызды таңдапты. Қыздың әкесіне өзінің қалауын айтыпты. Сонда Көтібар батыр қызын шақырып алып:

– Мына Адайдың жігіті Төлебай батырға сені ұзатқалы отырмын, – деп өзінің шешімін айтыпты. Сонда қызы:

– Әке, мен Адай жігітке әйел, Адай еліне келін бола алмаспын. «Адай елі киіз үймен көшіп-қонып жүретін ел» дегенді естідім. Мен, өзіңіз білесіз, киіз үйді жығып, тігуге, уық байлауға, түйе саууға үйренбеген адаммын. Оларды жасамасам, анау болашақ ерімнің беліндегі дойыр қамшы маған тимегенде, кімге тиеді? – депті.

Қызының бұл сөздеріне арланған әкесі:

– Менен туып Адайдың бір жігітіне қатын бола алмағаның еліміздің намысына тиер. Қалайда осы жігітке барасың! – деп өзінің шешімін кесіп айтыпты.

Сөйтіп, Әлім – Шекті елінің батыры Көтібардың қызы Айсырға Адайдың батыры Дәулеталы Төлебайға ұзатылып, Адай еліне келін болып түсіпті.

Күндердің бір күнінде Төлебай батыр әдеттегідей қарауылға кетерде «ауа райы аптап ыстық, мені шөл қысар, түсте маған ақ нармен сусын әкелерсің» деп әйеліне тапсырма беріп, аттанып кетеді. Түс мезгілі жақындағанда ерінің тапсырмасын орындауға шыққан әйелі адасып, әрі жүрісі баяу ақ нармен қарауыл қарап жүрген еріне түс ауған мезгілден соң зорға жетеді. Айдалада шөл қысып, қиналып, ыза болып тұрған Төлебай батыр жақындап келген әйелін дойыр қамшымен бір



тартып жібергенде, оның бір көзі ағып түсіпті. Әйтеуір, жарасы асқынбай, жазылып кетіпті. Бұл болған жағдай жөніндегі әңгіме ел арасына тарап кетеді де, хабар Әлім еліне, Көтібар батырға да жетеді. Ол «бұл Адайдың мені қарт деп басынғаны ма, немене?» деп ызаланып, жүз қаралы жігіт жинап, өзі соларды бастап, жолға шығыпты.

Айсырға шешеміз әкесінің келе жатқанын түсінде көреді. Көп ұзамай ол туралы хабар да жетеді. «Ал енді не істейміз?» деп ақылдасқан ері Төлебайға:

– Әкеме бұл жайдың жауабын өзім беремін. Сен қонақ қабылдау қамына кіріс. Елдің көмегімен жүз қонақ жігіттерді орналастыруға үйлер тік. Әкеме бөлек бір үй тіктірі. Өзің дәмтүз, сусын алып әкемнің алдынан шығып, қарсы аларсың, – депті.

Төлебайдың ауылы Аманқызылит деген жерде екен. Манатыдан құлап келе жатқан, қол бастаған Көтібар батырды Төлебай жалғыз өзі алдынан шығып қарсы алыпты. Жігіттерімен өте сақ жүріп келе жатқан Көтібар батыр әуелігіде «бұл Адай жалғыз өзі жүрмеген болар, тар жерде күтіп тұрған адамдары болар» деп күдіктенгенімен, жалғыз келген Төлебаймен кездесіп, оның әкелген қымыз, шұбатына шөл қандырып, сусындаған соң ғана тынышталғандай рең білдіріпті.

Ауылға келіп, бас-басына тігілген үйлерге жігіттерін орналастырып, қонақасы берілген соң Көтібар батыр естіген хабардың мән-жәйын сұрайды. Сонда әкесіне Айсырға қызы былай жауап беріпті:

– Әке, сізге хабар жаңылыс жеткен болар. Менің көзім киіз үй тігіп жүргенде уықтың түбі тиіп, ағып түсті. Әуеліде өзіңізге, «мен киіз үй тігуге үйренбегенмін» деп айтпап па едім? Бұған ешкім де кінәлі емес, айыпты өзім. Өзіңіз осы ауылға бердіңіз, енді мені қозғамаңыз.

Қызының бұл жауабын естіген Көтібар батыр тынышталып, ауылына қайтып оралыпты.

Бұл әңгіменің айтылыс жалғасы «Төлебай батыр мен Айсырғадан Жәлімбет, одан Тәжі атты бала дүниеге келіпті, ал Тәжіден Досан батыр туыпты» деп айтылады.



\* \* \*

Маңғыстауға қазақтар келген кезде, осы жерді қоныстанған екі түрікмен батыры Оғылша мен Құттықсейіт бастаған түрікмен елі болған екен. Аманқызылиттің жоғарғы жағында Құрша деген кеуек бар. Сол кеуек Оғылшаның мекені болған деседі.

Түрікменнің Оғылша батыры мен Адайдың Шотан батырының кездесуінде Шотанның қасына ерген жас батыр жолдасы болыпты. Оғылшамен жекпе-жек ұрысқа әуелі сол шығады. Осы шайқас кезінде Оғылшаның көзі тиген жас батыр оған жарақат салса да, өлтіре алмапты. Сонда Шотан «Найза сал!.. Найза сал!..» деп ақырып, айқай салған көрінеді. «Оғылшаның көзі жаман, Шотанның сөзі жаман» деген мәтел сөз содан қалған деген бар.

Осы жаугершілікте Шотан батырдың өзі жекпе-жек айқасқа шығып, Оғылшаны өлтіріпті. Жесір қалған Оғылшаның жас әйелі Шотан батырды «Ұшың ұзармасын, енің жайылмасын, тұқымың өспесін!» деп қарғаған екен, содан оның бойы, тұқымы өспеген екен дейді.

Оғылша Аққоңыр деген жерде жерленіпті, сонда моласы бар. Түрікменнің екінші батыры – Құттысейітті Адайдың Байболының Айтқұл бөлігінен шыққан Атағозы батыр жекпе-жек ұрыста өлтіріпті. Құттысейіттің таспен қоршаған моласы Шетпенің алдындағы Қызылтұранда дейді.

\* \* \*

Сүйінғара дауыстап, ақырғанда біреуді біреу көре алмайтындай шаң көтеріледі екен. Оның бір сәтсіз сапарында, Аққулы, Шүжік деген жерде аруағы ұстамай, дауысы шықпай қалыпты. Сонда Ернияз, Тән деген екі жігіт кедергіде қалып, Сүйінғараны жаудан қорғапты.

Сүйінғараның бір жорығына 800 адам қатысыпты, сонда 42 адам өлген екен. Бұл жорық туралы Абыл ақын былай жырлапты:



*Аттанған Адай сегіз жүз,  
Келер ме екен келер күз?..  
Келер күзде келмесе –  
Аттанғандардан күдер үз.  
Арғы жағың ер Есболат Итемгеннен  
Келеді айқын жүйрік ит өлгеннен.  
Қайтпады қайран ерлер қауымына  
Ажалға өзі барып сүйкенгеннен.  
Құлбарақ туып еді Табылдыдан,  
Жау көрсе, жаман қашар жабындыдан.  
Барды да батыр жауға, қапыда өлді,  
Тиді оған ажал оғы қағындыдан.  
Бұл жаудан жақсы өлді, жаман да өлді.  
Жамандар жабындымен аман келді.  
Ер Медет, алты кісі Табын да өлді,  
Ізбастың көзі шегір, түсі шұбар,  
Аман-сау болса-дағы Қарамұрат  
Жоғалмас Ізбас атың тағы шығар.*

\* \* \*

Қабақтың ханы Ақжан Мұғаджарға Адайлардың 100 түйесін айдатып алдырыпты. Қырықмылтық Төш деген әрі батыр, әрі би бітімге барыпты. Сонда бітісудің билігін өзі айтып, «әрбір түйеге үш жылқыдан аламын, олай болмаса бітіспеймін, айтқанымды тыңдамасаңдар, Ақжан ханның өзі келсін» депті. Қабақтар амалсыз келісіп, бітісіпті.

\* \* \*

Бір үлкен даумен Адайлар Нұралы ханның баласы Есім сұлтанға барыпты. Сонда Абыл ақын былайша сөз бастапты:

*Ассалаумағалаякүм сұлтан Есім,  
Ақсұңқар алған жемін өзі жесін.  
Адайға олай-былай күн туып тұр,  
Осы жерде демеп жібер сүйектесім.*



Есім сұлтан Адайдың қызынан туған жиен екен, сүйек-тестігін ұмытпай, Адайларды қолдапты деген әңгіме бар.

\* \* \*

Бір сапарда Шернияз, Есенбақ, Абыл үшеуі бай-болыстармен араздасып, олардан бөлек бір жарлы ауылға түседі. Сонда өздерін былай таныстырыпты:

**Шернияз:**

*Жарылғас әкем аты, шешем – Торқа,*

**Есенбақ:**

*Жоқ па екен сыңар қозы егіз туған.*

**Абыл:**

*Шернияз, Есенбақ пен Абыл ақын,  
Болыс-би табаласа не қыларсың?!..  
Қайнаса, сенің сорың қайнап жатыр,  
Ана ауыл қонағына қойын сойған.  
Отырған қарсы алдымда ханым-айым,  
Алдыма ас, үстіме киім дайын.  
Арыстан, Артығалидай ұл туғасын,  
Қырмызы қытайыдай қыз туғасын,  
Ол барда хұр қызын да танымаймын.*

\* \* \*

Шераяқтың Омары ауырып жатып бір емшіге мынадай сөз арнапты:

*Көріп кет, келіп Сәке, жан барында,  
Жан жатыр жергілікті аңғарында.  
Атыңды, сипатыңды сан жыр еттім,  
Сарсылып, дерттiң қысқан салдарынан.  
Ізіңе ынтық болып інің жатыр,  
Кеселдің кілтті қора азбарында.  
Қолдағы құжырыңды жұмса Сәке,  
Ұстазың Әбу-Синаға жалбарында.*



*Сүлеймен Зұлқарнайын патша қайда,  
Большыпты тәні шіріп, сүйегі құл,  
Иесі екі ғалам Нұр Мұстафа  
Фәни мүлік болды ма соған да бұл,  
Қаһарман Рүстем дастан қыран да өткен,  
Айрылар бір күн жақтан буынсыз тіл,  
Алланың арыстандай Ғали хандары  
Қазадан құтылды ма мініп дүлдүл.*

\* \* \*

Адайдың Тобышы Екібай деген жігіт Баубек Сатқан деген мырзаның жылқысын жалғыз бағып жүргенде мал барымталаушылар жылқыларға тиісіпті. Сол ұрыста Адай жігіті үш Ысық жігітті өлтіріпті, бірақ өзі ауыр жарақаттаныпты. Ысықтар күн даулап төреге барғанда, Қосым Шеркеш Тыманшы деген би «Адайдың бір адамының құнына бір адамнан өлген үш адамның құны тең болмайды. Және ұрыға бүтін күн берілмейді» деп төрелік айтып, өлген үш Ысық жігітін құнсыз қалдырыпты дейді.

\* \* \*

Ақботаның үш баласы – Байгелді, Хангелді, Аман. Аманнан – Базар, Бұқар, Қозыбай, Төлеген, Бұсырман. Қозыбайдың 12 баласының бірі Серім (кірме бала). Сол Серімнен туған Шүлдік, Тілеу деген билер болған. Аманның Төлегенінен Дәбік деген асқан күшті палуан шыққан. Адайда «Арқадан Дәбік келер-дағы» деп ойдағы Адайлар күреспей отырар деймісің» деген мәтел сөз бар.

\* \* \*

Адай еліндегі кейбір ру-тайпаларда арғы аталары орыс болған деген әулет-елдер бар. Тұяқ әулеті туралы мынадай әңгіме айтылады.





Астраханға қатынап, сауда-саттық жасап жүрген қалашылар жастайынан жетім қалған, баспана іздеп жүрген орыс баланы Тастемір деген байға әкеліп береді. Бай оны бала қылып алып, Заман деген есім беріп, өсіреді. Ол бала өскен соң байдың малын бағатын сенімді адамына айналады. Бай оған енші беріп, үйлендіріп, бөлек үй-отау иесі қылады. Алайда ол жігіт есі кіріп, есейген соң қалаға, одан әрі орыс жеріне кеткісі келеді де, жолдастарына соны мәлімдеп, байға және әйеліме мынадай сәлем айтың деп тапсырып кетіпті. «Мен еліме кеттім. Жүкті әйелім босанып, ұл туса, менен қалған тұқым-тұяқ болар, есімін «Тұяқ» деп қойсын. Бай күздің қара қатқағында қырауға сеніп, жылқыны күнараға қалдырмасын, жылқы шөлге шыдамайды».

Кейін оның әйелі босанып, ұл туыпты. Міне, сол Тұяқтан тарағандар – өз алдына бөлек әулет. Кейбір маңғыстаулықтардан ру сұрасқанда олардың «Жарының Тастемірі, одан Тұяқпын», кейбіреулерінің «Бәйімбетпін, одан Әлексейлікпін» дегендерін естігенім бар.

\* \* \*

Қазақ елінде қайсыбір ру-тайпаға, әулет-атаға қатысты айтылған сын-сипат, бағалар кезінде нақтылы бір адамның мінез-құлқына, басынан өткерген уақиғаға байланысты болған. Кейін олар ел арасында тарап, сол адамның аты берілген ру-тайпаға қосалқы есім ретінде қабылданған. Адай елінде туғанда қойылған есімдері өзгеріп, қосарлы атпен аталатын бірнеше рулар белгілі. Олар туралы әңгімелердің алуан түрлі айтылыстары бар. Солардың бірін әкемнің қолжазбаларында кездестірдім.

### Нұрмағамбет (Кедей)

Келінбердінің алты баласының бірі – Бұзау. Одан Айтумыс, Жеменей деген екі бала тараған. Жеменейден Нұрмағамбет, Жомарт, Алдасай деген үш ұл өсіп, өрбіген. Нұрмағамбет бері келе Кедей аталып кеткен.

Бір жорықтан шаршап, жол азықтары таусылып, ашығып келе жатқан қолдың алдынан бір топ құлан қашады. Қолбасы



жігіттеріне «азықтыққа біреуін атып алып келің» деп тапсырма береді. Тез арада оған Нұрмағамбет жіберіледі. Құландарды қуып жеткен Нұрмағамбет үзеңгісіне тіреніп, піреніп тұрып садағын күшпен тартқанда таралғы үзіліп кетіп, дәл ата алмай, құлан жығылмай кетеді. Сөйтіп, Нұрмағамбет бос келеді.

Аштық қысып келе жатқан қолбасы ашуланып: «Бұл не қылғандарың, бір ер-тұрманы сай жігітті жібермей, қу кедейге аң аттырып, аш қалдық қой», – депті Содан кейін Нұрмағамбет кедей аталып кетіпті.

### **Қожамсүгір (Шолақ)**

Келінберді – Бұзау – Жеменей немересі Жомарт баласы Қожамсүгір жас кезінде жарлылықтан ұрлық жасап, ұсталып қалған көрінеді. Сол үшін жаза ретінде бір саусағы кесілген екен. Содан ол «Шолақ» аталып кетіпті деген бар. Бұл әңгіменің ел арасында «Қожамсүгір жаугершілікте жарақаттанып, бір қолынан айырылған соң Шолақ атанып кетіпті» деген айтылысы да тараған.

### **Сүйіндік (Жаманадай)**

Құдайкенің Қосайының алты баласының бірі – Сүйіндік. Ол ру Жаманадай деп айтылады. Оның себебі жөнінде «басқа рутайпалы ел көші-қоныспен айналысқанда, Сүйіндік ауылы өне бойы бір жұртта отыра беретін болған, сондықтан көрші елдер оларды «жаман адайлар» деп атапты» деп айтылады.

### **Мәмбетқұл (Шалбар)**

Құдайкенің Қосайынан тараған алты ұрпағының бірі Байболдың төрт баласының бірі – Мәмбетқұл. Ол Шалбар атанып кеткен. «Мәмбетқұл ауылы Тайсойған, Боқсақ жерлерін қоныстанған. Олар сол жерлердегі көрші отырған орыс, татарларға еліктеп, шалбар киетін болған екен. Сондықтан Шалбар атанып кетіпті» деген бар. Ел арасында бұл әңгіменің басқа да айтылысы тараған.



## АРАЛБАЙ АҚЫННЫҢ 1910 ИТ ЖЫЛЫ ЖҮТТА АЙТҚАНЫ

*(Орынбай Балдековтің отбасылық мұрағатынан алынды)*

- Құрметті сәлем жазайын  
Маңғыстау уязы Фортқа,  
Мекемеде отырған,  
Содия мен болысқа.  
Тағы да сәлем жазайын  
Отырған бай мен мырзаға.  
Бірінші сәлем жолдайын  
Мұңал менен Тобышқа,  
Екінші сәлем жазайын
- 10 Құнанорыс, Ақпанға.  
Тоқтасаң, түсер есіңе  
Ұлысын байдың шапқанда,  
Шабаным жүйрік атанып,  
Қалағаным берік тақалып,  
Әлбет болып өсіп ек,  
Сулас болып отырып,  
Өрісте малым қосылып,  
Төсекте бірге жатқандай.  
Алланың ісін кім білсін,
- 20 Алдыңда тұрған саптаулы-ай.  
Алладан әмір болғансын,  
Өркімдер тарап жөнелді,  
Дөндерді терген тауықтай.  
Шуағы күннің шыққандай  
Айрылдық егіз-парымнан  
Болғасын заман тарынан,  
Салтанат үлгі тасталып.  
Үшінші сәлем жолдайын  
Жеменей менен Балықшыға.
- 30 Қыс – Маңғыстау, жаз – Арқа,  
Қатар көшкен халыққа.  
Бұл сөзіме түсінер,  
Мыйлы кісі парықты.



- Тар заманға тап болып,  
Көңілім қатты жабықты.  
Қайыры болып ақыры,  
Халық көрер жарықты.  
Боз бала басы құралып,  
Ағасынан ақыл сұранып,  
40 Енді бізге күн қайда,  
Алғыр құстай-ақ парлап,  
Шыға тұғын парықтап,  
Маңғыстаудың үш түбек  
Айналып жатқан бұрышынан.  
Адастырды бір тұман,  
Қонысым қиғаш ауысып,  
Ақтан мен Нұрым кеткесін,  
Басыма жұмыс жеткесін,  
Білмедім қалай бағытты.
- 50 Жас елуге келгесін,  
Елу бәле жабысты,  
Аз ақылды ұттырып,  
Оларың қайрат тауысты.  
Есім кетіп еңіреймін,  
Жүргесін қиғаш, алыста.  
Аңдаусызда өуелі сөз  
Басы ұмыт қалыпты.  
Өуелі айтпай ағасын,  
Келімберді, Құдайке –
- 60 Адайдың екі баласын.  
Ағасы жүрсе алдында –  
Жау жағының қаласы,  
Жел жағының панасы.  
Інісі жүрсе артында –  
Болмай ма құйрық, қанаты.  
Ежелден жақсы арасы  
Араңа шайтан іс кірмей,  
Алыстағы дұшпанның  
Алынған жоқты шамасы.
- 70 Алты арыс Қосай болғанда,  
Айтсам ауызым толғандай,  
Байқасам аймақ – ордаңдай.




- Үзілмеген шынжырлы  
Абырой мен ырзық бар еді,  
Ешкімнің жоқты таласы.  
Ертеде өткен Есеттің  
Қасиетін көрсеттің,  
Атағозы мергеннің  
Ақ сүңгісін өңгердің.
- 80 Адырнасы ақырған,  
Қол оғы нардай бақырған,  
Артыңнан шыққан жүйрігің –  
Сейтімбет пен Қылыштан,  
Бәрін айтсаң дұрыстап,  
Қалдыра көрме еш бірін,  
Қашаннан артық ауылсың,  
Айбатты асқар тауымсың,  
Бұралқы, нашар күн көрген,  
Арзанға қымбат ой берген
- 90 Көлеңкеңнің саясы.  
Екеуіміз қатар жүргенде,  
Маңғыстаудың үш түбек  
Шаңдатып едік арасын,  
Сыйдыра алмай қарасын  
Базарын да толтырдық  
Қарақамыс, Орынбор,  
Түзтөбе, Көкжар қаласының.  
Бәйтерек едік жапанда  
Бұтағы бұлт шалатын,
- 100 Дария едік шалқыған  
Шөлдеген ішіп қанатын.  
Өткен Қоян жұтында,  
Дамбалы жоқ бұтында,  
Нар жетелеп, қой айдап,  
Тұқым алған Алашым.  
Сонда Алаш құтырды,  
Дым көрмеген сықылды.  
Өткен Қоян жұтында –  
Тоқалдыққа қыз беріп
- 110 Көп бейнеттен құтылды.  
Сексендегі шал қыз алып,



- Қыз алғанға қуанып,  
Жүз мәнет пен бір жүз қой –  
Үлгі болып бір пара,  
«Қара беру қиын» деп,  
«Ақша беру – тиын» деп,  
Тиынды алды бүтіндей,  
Бай баласы байпаңның  
Бойынан кетіп салқыны,  
120 Бір келмеген алдыма,  
Жан сыйлаған мырзалар  
Жаяу жүрді алқынып.  
Тарттық енді жазасын,  
Адыра қалды боз дала,  
Жылады аштан жас бала.  
Ауыл деп келсек бір үйге,  
Ит болмаса үретін,  
Қара жоқ мұнда жайылған.  
Ағарған жүзін көрмедік,  
130 Болмады бір мал сойылған,  
Қатықсыз көже, қара шай,  
Бүкіржік дерті табылған.  
Әлі де болса үміт көп,  
Үзіле қойды деймісің  
Көк Еділдің сағасы.  
Уайым қылып айтамын  
Ортайған халық шамасын.



СӨЗ СОҢЫ







## ТОП ТАРҚАТАР ӘНГІМЕЛЕР

Қолдарыңыздағы шығармамен танысу кезінде біраз уақыт бірге болдық деуге болады. Бұл кездесуіміздің басында алдымызға қойған іс – кітап мәтінімен танысу аяқталды. Әдетте, бірлесіп іс атқарғандар сол жұмыс біткен бойда-ақ тарап кетпейтін, қош айтысқанға дейін жиналып, «топ тарқатар» дегендей әңгіме-дүкен құрып, бас қосқан отырыстан кейін ғана тарайтын тұрмыстық салт бар. Міне, ел арасында тараған осы жоралғыны сақтауды көздеп, «топ тарқатар әңгімелер» ретінде кітап тарауларының мәтініндегі тақырыптарға байланысты, бірақ қосылмаған, «айтуға тұрарлықтай еді-ау» деп есептеген әртүрлі жайлар мен мағлұматтарды әңгімелейін.

1. Қыдыр әулиенің Жарылғас атамызға табыс еткен сыйларының мән-мағынасы туралы аңыз-әңгімелерді зерттеген ғалымдардың ғылыми тұжырымдары туралы сөз болғанда, КСРО Ғылым Академиясының ғылыми зерттеушісі, шығыстанушы, филология ғылымдарының докторы В.И. Абаевтың еңбегіндегі ерте заманда үш атқарымдық идеология қалыптасқандығы, ол идеология екі түрдегі сарында дамығандығы, оның бірінші сарыны туралы сол тақырыпта айтылды. Ал екінші сарын жөнінде баяндау сол тақырыптың сыртына шығып кететін болғандықтан, оған тоқталмап едім.

Жалпы, ол тақырыптағы әңгімемізді сол жазылған күйінде аяқтауға болар еді. Бірақ ескі заманның этнографиялық аңыз-әңгімелерін зерттеген ғалымның еңбегінде кездескен мына төмендегі ғылыми тұжырымдарды қазақ халқының тарихына қатысы болғандықтан атамай, өтіп кете алмай отырмын.

В.И. Абаев әлгіде аталған үш атқарымдық идеологияның екінші түрде дамыған сарыны туралы былай дейді.

«...Халықтардың шығу тегі туралы ескі заманның ескі сөздерінде, аңыздарында ағалы-інілі үш ағайындылар батырлар ретінде жиі көрсетіледі және оларға берілетін сипаттама-



да әрбіреуінің өзіне тән үш түрлі атқарымы болатыны байқалады. Мұндай мысалдар скифтік, үнділік, көнепарсылық халықтардың аңыздарында бар...». Осы айтылғанға мысал ретінде осетин халқының ата-бабалары үш ағайынды ағалы-інілілер – Сидамон, Алузу және Кусагу болғаны туралы осетин халқының ескі заманнан бері айтылатын аңыз-әңгімесін келтіреді. Сонсын «...осындай ескіліктің әңгімесі түркі тектес халықтарда да бар» деп, мына аңыз-әңгімені баяндайды.

«...Ескі заманның аңыз сөздері бойынша қазақ халқының ата-бабалық негізін қалаушылар Құдайдың аспаннан түсірген сый-сыйлықтарына ие болған үш ағалы-інілілер – Adaj (Адай), Arghun (Арғын) және Usun (Үйсін) болған. Құдайдан Адай жебе алған, оның ұрпақтарында жауынгершілік сақталған. Арғын қасиетті жазба иемденгендіктен, оның ұрпақтарына білімпаздық, діндарлық дарыған. Үйсін қойшының таяғына ие болған, олар малшылықпен айналысқан...» [В.И. Абаевтың аталған еңбегі, (425-426-беттер)].

Шығыстанушы ғалымның бұл тұжырымын оқыған соң, «қазақ елінде тараған, көнекөз қарттардың айтуымен осы заманға жеткен, баршамызға белгілі «Ұлы Жүзге таяқ бер де, малға қой; Орта Жүзге қалам бер де, дауға қой; Кіші Жүзге найза бер де, жауға қой» деген мәтел сөздердің түп-төркіні осылай болса керек» дегенге тоқталасың (Осы мәтелдегі Орта Жүз туралы мәтел сөздің «Орта Жүзге қамшы бер де, дауға қой» деген айтылысы да тараған. Ол «қазақ елінде даулы мәселені шешу ісінде қалам-қағаз пайдаланылмаған, жиналған билер сөз кезегін сұрағанда қолындағы қамшасын екі бүктеп алдына тастайтын қағида, тәртіп болған» деп түсіндіріледі).

2. Ескі заманның этнографиялық аңыздары мен әңгімелерін зерттеген екінші ғалым З. Гасановтың еңбегінде кездескен ғылыми тұжырымдарды да қазақ халқының тарихына қатысы болғандықтан атағым келді.

Өзінің зерттеу жұмыстарында бұрын жарияланбаған түркі текті халықтардың ерте замандағы тарихын айқындап, баяндайтын АҚШ-тың ғылыми әлеміндегі деректерді пайдаланған З. Гасановтың еңбегінде қазақ этносының үш Жүзден құралатындығы жөнінде сырт көзбен қараған шетелдік зерттеу-



шінің тыңнан, батыл айтқан, тарихшыларды ойландыратын, көпшілік оқырмандарға беймәлім төмендегідей ой-тұжырымдар бар.

«...Қазақ этносындағы Жүздердің пайда болуын зерттеушілердің негізгі қатесі – олардың қалыптасуының алғышарттары мен мезгілін дұрыс анықтамағандық, XVI ғасыр деп шектелгендік. Бұл жұмбақтың құпиясын әріден, Геродот эпохасындағы тарихи-саяси және әлеуметтік үдерістерден іздеу керек... ..Қазақ Жүздері көптеген ғалымдар айтқандай «осы заманнан төрт жүз жыл бұрын, XVI ғасырда пайда болған» емес, олардың пайда болуының түп-тамыры – скифтер заманы...»; «...Кіші Жүз құрамын би, бектер ұлысы құраған, олар алғашқыда ел билеуші, басқарушы болған...»; «...Қазақтың Кіші жүзінің негізін бектер ататегінен тараған ұрпақ – би ұлдары құрайды...» [З. Гасановтың аталған еңбегі, 116-117-беттер)].

Ғалымның бұл айтқаны «Кіші жүз құрамына кіретін, «Бай ұлы» деп аталып, біріктірілген рулар тобын «Би ұлы» деп түсінуге меззегені ме, қалай?» деген ой келеді.

3. Өзіміздің шыққан тегіміз, шежірелік тарихымыз, жадымызда тұрған жеті аталарымыз туралы баяндаған тарауда «Шортық ата ұрпақтары – Сырымбет пен Бұқардың бұл дүниеге келген кезі 1725-1730 жылдар болар», ал «Мұрат атамыз 1675-1680 жылдар шамасында өмірге келген болар» деген түспал, жорамал айтылды.

Тарихтың тереңіне үңіліп, ой жүгіртіп, Мұрат (Кеше) руының тарихына байланысты айтылған бұл болжаулар артық айтылғандық болмас деп ойлаймын. Біріншіден, бұл жорамал-болжамдар осыған дейін Әбілқайыр Спан айтқан Жарыұлы Мұраттың, Шопашұлы Ақдәулет ағамыз жазған Мұратұлы Мендібайдың өмір сүрген мезгілдері туралы ойларын өрбіткендігім болады. Екіншіден, Мұрат атамыздың, оның алдыңғы буын ұрпақтарының өмірге келген, тұрмыс құрған кездерін болжауға негіз бола алатын тарихи шежірелік деректер бар екендігіне назар аудартқым келді.

4. Өз халқының тарихын білуге талпынысты тек қана тарих мамандарының жұмысы деп есептемей, ел тарихына қызы-



ғушылық білдіретін әрбір адамның саналы әдептілік қарекеті ретінде қарауға болады. Осындай талпыныс, ізденіс кезінде өз елінің, ру-тайпасының тарихын білуге ұмтылып, әрекеттенетін адам аз да болса тарихшы, тарихты зерттеуші жолына түседі. Осы бағытта ізденіп, еңбектенгендерге ара-тұра кездесіп қалатын тарихи шежірелік мәліметтер мен уақиғалар аясында өз елінің, ру-тайпасының, ататегінің тарихын тап басып, дәл айта алмаса да, болжам жасап, топшылауға болады.

Қазақ елі тарихының қазіргі заманға белгілі деректерін пайдаланып арғы аталарымыздың қоныстанған жерлерін, тіршілік-тұрмыс құрған мезгілін қазақ-қалмақ қанды қарсыластықтарына қатынасты уақиғалармен сабақтастыра жасаған тарихи шолуымды белгілі бір мағынада менің ел-халқымның Маңғыстауды қоныстануының тарихын өзімдік тануыма талпынысымның, ізденісімнің қорытындысы ретінде қабылдаған дұрыс болар. Бұл әуесқойлық ізденісімнің айтарлықтай толықтыққа сай келмейтін, мен оқып, біліп, танып үлгермеген мәліметтер сөз болмаған жетпестіктері болса, оны түсіністікпен қабылдарсыз.

## СӨЗ СОҢЫ

Міне, сіздер, қадірлі оқырмандар, осы кітаптің соңғы беттеріне де жеттіңіз. Маңғыстау еліне танымал тұлға, белгілі қоғам қайраткері, өлкенің өмірі өнегелі азаматтарының қатарынан өзіне тиесілі оқшау орнын алған Орынбай Айтмағамбетұлы Бөлдеков туралы ақиқатқа, мұрағаттық жадығаттарға негізделген, өткен заманнан шынайы мағлұмат беретін бұл шығарма өзінің мәресіне жетті. Бұл еңбек мәтінінің желісінде мен өз тарапымнан сіздердің көпшілігіңіздің ойыңыздағы «өмірі мен еңбегін туған жері – Маңғыстау өңірінің өркендеуіне арнап, сүбелі үлесін қосқан Орынбай Бөлдеков жөнінде не білеміз?» деген сауалдарыңызға толық дерлік жауап алуыңыз үшін ынталанып, жұмыстандым.

Әр нерсенің «келбеті келмей, келісі келмейді» деген бар. «Әйтеуір, жазылса болар-дағы, кітап болып шықса, жарар» демей, мазмұнына жауапкершілікпен қарап, мән беріп, бас-



паға әзірлегенде биік талап тұрғысынан қарап, тиянақты ба-  
сылым болып шығуына тырыстым. Әрдайым, өзім оңаша  
қалған кездерде ой теңізіне шомып, әлденеше рет ойланып, бір  
жазғанымды бірнеше рет түзетіп, өңдедім. «Айтайын дегенің-  
ді егжей-тегжейлі баяндау – әдептіліктің, сыпайылықтың,  
оқырмандарға сыйластықпен қарағандықтың жөн-жобасы,  
тәртібі» деп есептеген ұстаныммен кітап мәтінін баяндадым.  
Осылай, бұл еңбектің сапалы болуын, тиянақты жазылуын ой-  
ластырдым.

Бұл кітабымды кемеліне жеткен туынды деп есептейтін ой-  
дан аулақпын. Мен қаламы ұшталған, тілге шебер қаламгер,  
көнігі, кәсіби жорналшы-жазушы, бірнеше кітап шығарып  
сыннан өткен қаламгер болмаған соң, менен ел-жұрт таңда-  
натындай тартымды шығарма күту орынсыз болар. Назар-  
ларыңызға ұсынылып отырған осы еңбек әдеби-көркем жанр-  
дағы туындыға жатпайтын болса да, «Шеберлігі шамалы  
ағашшының жұмысында жаңқа көп болады» дегендей, тіл  
байлығының, оқырмандарын үйірілтіп өзіне тартып алатын-  
дай мазмұн желісінің, уақиғаларды суреттеуінің жетпестігі  
болар. Ондай олқылықтарды байқаған болсаңыз, түсіністікпен  
қабылдарсыз. Өзімнің ойымша, тарихи құжаттарға негізде-  
ліп жазылған өмірбаяндық кітап болғандықтан, бұл еңбек  
оқырмандардың тиянақты талқысына түспес. Алайда орынды  
сын айтылып жатса, оны түсіністікпен қабылдауға бармын.

Бір ойшыл «Өткен ғасырдың жақсы адамдары туралы кі-  
тап оқу сол адамдармен әңгімелескендей болады» деген пікір  
айтқан екен. Егер осы кітапты оқып шығып Орынбай Бәлде-  
ковтің өмірбаяны, еңбек жолы туралы мәліметтермен және  
ол жинаған көнеліктің әңгімелерімен, жинаған ауыз әдебиеті  
мұраларымен танысқан соң сіздерде, әлгі ойшыл айтқандай,  
«Орынбай Айтмағамбетұлының әңгімесін тыңдағандай бол-  
дық» дегендей сәл де болса әсер қалса, онда бұл еңбек өзінің  
мақсатының бірін орындады деп есептеуге болады.

Ел даналығында «Қолың көтермейтін шоқпарды беліңе бай-  
лама» деген мәтел сөз бар. Сол айтылғандай «бұл кітапты жа-  
зып шығу қолымнан келер ме екен» деген күдіктену де, әрине,  
бұл еңбекпен шұғылдану барысында кездескен қиындықтар да  
болды.



Осыған дейін айтқанымдай, әкем Орынбай Айтмағамбетұлының естеліктері, ол туралы және оның өзі жариялаған орыс, қазақ тілдеріндегі мақалалары айтарлықтай көлемді құрайды екен. Ол өзінің өмірі, еңбек тарихы жөнінде бай жадығаттар қалдырған. Әкемнің өмір-еңбек тарихын баяндағанда соларды, оларға қоса оның отбасылық мұрағатында сақталған, жүйеленбеген болса да қолжазбалары мен көптеген тарихи құжаттарын, жарияланымдарын пайдаландым.

Ал анам Ғайния Меңдалықызы туралы тарауды жазудың кезегі келгенде отбасылық мұрағатқа сүйену мүмкіндігі шектеулі болды. Сондықтан анамның өмір жолы мен еңбек тарихын баяндауда ол туралы әртүрлі әңгімелер мен маған жеткен оның азды-көпті құжаттарына қоса Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатқа сенім артқан едім. Бірақ бұл сенімім ақталмады. 1939 жылдан партияның мүшесі болған, Ұлы Отан соғысының алдында Шевченко аудандық партия комитетінде, соғыс жылдарында Шевченко аудандық, Форт-Шевченко қалалық атқару комитеттерінде жауапты қызметтер атқарған беделді, белсенді қызметкер-коммунист Ғайния Қарабекованың Маңғыстау облыстық партиялық мұрағатынан жадығаттарының табылмағандығы қатты қынжылыс тудырды, мені таңдандырды.

Мұрағаттық мекеме туралы сөз болған соң айтайын, ондай өкінішті жай тағы да кездесті. Реті бұрын Гурьев облысына бағынған Маңғыстау бөлек облыс болғаннан кейін бір рет таратылып, екінші рет қайта құрылып жүрген кездерде партиялық мұрағат адыра қалған дүниедей күйге түскенге ұқсайды. Әкемнің Маңғышлақ облыстық партия мұрағатына алу-беру актілері бойынша 1979 жылы 14 желтоқсанда, 1980 жылы 14 ақпанда тапсырған едәуір қомақты тарихи жадығаттары да табылмады. Ол мұрағаттық нәрселердің мені қызықтырғанын, маған аса қымбаттылығын жасыра алмаймын. Олардың ішінде өте құнды, сирек кездесетін құжаттар, жадығаттар да бар еді. Мысалы, менің қолымда бар аталған алу-беру актілердегі тізімде соғысқа дейінгі жылдарда әртүрлі қызметтер атқарған кезінде Орынбай Айтмағамбетұлына берілген мінездеме-сипаттамалар; 1935-1938 жылдары жұмыс жасаған кездегі бұйрықтар мен Маңғыстау аудандық атқару



комитетінің қаулысы; 1942 жылы Ленинградтың әскери-саяси училищесінде қысқа мерзімді әскери дайындықтан өткендігі туралы әскери куәлігі және тағы да сондай тарихи құжаттар тапсырылғандығы көрсетілген. Ал соғыс кезіндегі Волхов Майданы әскер басшысының біздің жанұямызға, арнайы анам Ғайния Қарабекованың атына жазған майдан мен тылдың бірлігін, майдандағы әскер басының тылда еңбектенгендердің еңбек ерлігіне қолдау көрсеткенін айғақтайтын хат тек қана біздің әулет үшін емес, сонымен қатар Маңғыстау тарихындағы өте құнды, сирек кездесетін жадығат екені даусыз. Өттең..! Олар табылмады, қайда екені де белгісіз. Солардың мазмұнын көпшілікке паш етіп, бұл еңбекте әңгімелеудің сәті түспеді.

Алайда «үмітсіз шайтан» деген бар, үмітім өшпеді, ізденісті Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатта жалғастырдым. Заманында қазақша-орысша, ескіше-жаңаша сауаттылығымен, іскерлігімен мемлекеттік органдардың назарын өзіне аударған анам Ғайния Меңдалықызы Ұлы Отан соғысы жылдарында аудандық партия комитеті ұсынатын, облыстық партия комитеті бекітетін Шевченко аудандық, Форт-Шевченко қалалық мемлекеттік мекемелерде жауапты лауазымды қызметтерге үш рет тағайындалғанда дайындалған құжаттарды Атырау облыстық мемлекеттік мұрағат қызметкерлері Гурьев облыстық партия комитетінің мұрағатынан іздеп, тез арада тауып берді. Сол жадығаттар анамның еңбек тарихының өзекті тұстарын әңгімелеуге негіз болды. Сонымен қатар әкем Орынбай Айтмағамбетұлының еңбек жолында Маңғыстаудағы Гурьев тауар-тасымал басқармасына қарасты Баутин мұнай өнімдері базасын басқаруға тағайындалуына байланысты тарихи мұрағаттық құжаттарды табуға да сол мекеме қызметкерлері көмек көрсетті.

Міне, осылай бұл еңбекті жазуда баға жетпес көмегі тиген нәрселер – әкемнің отбасылық мұрағаты, қолжазбалары және әкем мен анамның мемлекеттік мұрағаттарда сақталған жадығаттары болды.

Жоғарыда айтқанымдай, әкемнің отбасылық мұрағатында қазақ халқының тарихы, хандар, билер, батырлар туралы, Жүз, ру-тайпалық шежірелерге байланысты жазбалар, жыр-толғаулар, шежірелік мәліметтер мен әңгімелер біршама



жиынтық екен. Олардың барлығын кітапқа қосуды қажет деп есептемедім. Солардың ішіндегі мені қызықтырғаны – «төте жазу» түрінде қағазға түсірілген жыр, толғау-термелердің мәтіндері, солардың кейбіреулерінің қазіргі заманның кириллица әрпімен жазу нұсқасына Орынбай Айтмағамбетұлының өзі аударған нұсқалары. Міне, сол жазбалардың сырын ашпай кетуге болмайтындығын ескеріп, «төте жазу» сауаттылығы бар аудармашы іздеу, аударылған мәтіндерді редакциялау, оларды жарияланған нұсқаларымен салыстыру үшін ізденіс жүргізу кітап құрастыру жұмысын баяулатты. Дегенмен бұл жұмыс та атқарылды.

Олардың қайсыбірін («Қырымның қырық батырының» «Қарасай – Қазы» жырын, Кердері Әбубәкірдің толғаулары мен айтыстарын) Орынбай Айтмағамбетұлының өзі «төте жазудан» кириллицаға аударыпты. Сол мәтіндердің аудармасын тексеріп шыққан және әкемнің отбасылық мұрағатында сақталған, «төте жазу» түрінде қағазға түскен Сәттіғұл Жанғабылұлы және Түмен Балтабасұлы атты ақын-жыршылардың жыр, толғау-термелерін кириллицаға аудару жұмыстарын «ҚазАқпарат» халықаралық агенттігінің аударма бөлімінің редакторы Сұлтанұлы Бейсен деген маман жігіт өз міндетіне алып, атқарып шықты. Сол бір шынайы азаматтық, ыждағаттық көрсеткен жігіттің еңбегін ризашылықпен қабыл алып, мың да бір рахмет-алғысымды айттым, еңбегінің нәтижесін осы кітапқа қостым.

Міне, осылай бұл өмірбаяндық, тарихи-танымдық мұрағаттық жадығаттарға негізделген кітапты құрастыру ісі де өзінің мөресіне жетті.

Назарларыңызға, зейін қойып оқығандарыңызға рахмет. Сау-саламат болыңыз.

*Құрметпен,  
Амангелді Орынбайұлы БӘЛДЕКОВ,  
Астана, Ақтау*





## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН АҚПАРАТ ДЕРЕКНАМА, МҰРАФАТТЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Мұрат Жарыұлы, Құрастырған А. Шамшадинов, Алматы, «Информ-А», 2010 ж.;
2. В.О. Ключевский, Шығармалары (1-том), Мәскеу, «Мысль», 1987 ж.;
3. А. Сейдімбек, Қазақтың ауызша тарихы (Зерттеу), Астана, «Фолиант», 2008 ж.;
4. Ә. Сарай, Көнеліктер (Қазақ тарихының көмескі беттері), Алматы, «Санат», 2008 ж.;
5. Ә. Ыспан, Сүйінғара, Алматы, «Таймас», 2006 ж.;
6. А. Тұраров, Жарылғас атаға белгі орнатылды, Маңғыстау аудандық «Жаңа өмір» газеті, 11 тамыз, 1993 ж.;
7. С. Қондыбай, Маңғыстау-нама (Зерттеу), Алматы, «Арыс», 2006 ж.;
8. З. Гасанов, Царские скифы (Этноязыковая идентификация «царских скифов» и древних огузов), Нью Йорк, «Liberty Publishing Hous», 2002 ж.;
9. В.И. Абаев, Избранные труды. Религия, фольклор, литература, Владикавказ, «ИР», 1990 ж.;
10. С. Жанғабылұлы, Аманат (Өлең-толғаулар, жыр-дастандар), Алматы, «Ер-Дәулет», 1996 ж.;
11. Ә. Сарай, Ноғайлы (Зерттеу), Алматы, «Арыс», 2009 ж.;
12. А. Левшин, Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казацких орд и степей (2-бөлім «Исторические известия»), Санкт-Петербург, Карл Край баспаханасы, 1832 ж.;
13. Ә. Кекілбайұлы, Шығармаларының толық жинағы, Алматы, «Жазушы», 2010 ж.;
14. Қожаберген жырау (Өлеңдер, толғаулар, дастандар), Құрастырғандар С. Жұмабаев, Қ. Биғожин, Алматы, «Жас Ұлан и К», 2007 ж.;
15. Бекет-Ата (Имандылық-тағылым кітабы), Құрастырған И. Мырзабекұлы, Ақтөбе, «Насихат», 2009 ж.;
16. Мұсылман күнтізбесі. 2001 жыл. Құрастырған С. Қанатбайұлы, Алматы, «Жылнама», 2000 ж., 11 наурыз-16 зуәл-хижжа беті;



17. К. Тұманбайұлы, Балықшылар (Тарихи-танымдық баян), Алматы, «Нұр-Принт 75», 2008 ж.;
18. Ә. Спан, М. Абылхан, Ермембет би, Астана, «Сарыарқа», 2003 ж.;
19. А. Шопашұлы, Мұрат ұлы Меңдібай ата және оның ұрпақтарының шежіресі, Алматы, «Елнұр», 2010 ж.;
20. Е. Жаманбайұлы, Кешеден келдік бүгінге, Алматы, «Информ-А», 2002 ж.;
21. О.Х. Халидуллин, Н.Х. Саңғысбаев. Қазақтың біртұтас шежіресі. Адай, Алматы, 2004 ж.;
22. А. Меңдалыұлы, Адай шежіресі, Алматы, «Информ-А», 2002 ж.;
23. Маңғыстау энциклопедиясы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2008 ж.;
24. А. Смағұлов. Қазақ есімдері (Энциклопедиялық анықтамалық), Алматы, «Атамұра», 2006 ж.;
25. О. Бәлдеков. Бектілеу ишан, Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті, 18 қыркүйек 1992 ж.;
26. О. Көшбайұлы, Азамат тұлғасы, Алматы, «Орхон», 2009 ж.;
27. Л. Масынов, Гибель Уральского казачьего войска, Нью Йорк, «Всяславянское издательство», 1963 ж.;
28. Ә. Спанов, Ж. Нұрмаханова. Қарашаңырақ (Тарихи очерктер), Алматы, «Жазушы», 1996 ж.;
29. В.С. Толстов. От красных лап в неизвестную даль, Константинополь, «Пресса», 1921 ж.;
30. Ә. Спанов. Сол кеткеннен жоқ (1937-нің зілзаласы жайлы), Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газеті, 19 шілде, 1988 ж.;
31. Т. Тәшенов. Гитлердің Қазақстанға соғысы, Республикалық «Айқын» газеті, 11 мамыр, 2006 ж.;
32. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1186 қор, 1 тізімдеме, 8 іс;
33. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1186 қор, 3 тізімдеме, 10 іс;
34. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1186 қор, 1 тізімдеме, 103 іс;
35. Д. Мұрынов, Мұрын ата жайлы сөз, Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті, 15 маусым, 1995 ж.;



36. О. Бәлдеков, Ерлер рухын қастерлей білейік, Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газеті, 26 қаңтар, 1990 ж.;
37. О. Бәлдеков, Жауынгер рухы, Маңғыстау облыстық «Коммунистік жол» газеті, 25 сәуір, 1991 ж.;
38. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, «Атамұра», 1997 ж.;
39. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1 қор, 2 тізімдеме, 2335 іс;
40. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1 қор, 2 тізімдеме, 2374 іс;
41. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты, 1 қор, 2 тізімдеме, 5299 іс;
42. Жастығым менің комсомол (Маңғыстау комсомолына арналады), Алматы, «Балалар әдебиеті», 2008 ж.;
43. С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдықов, Маңғыстау, Алматы, «Қазақстан», 1973 ж.;
44. Победа к нам пришла не сразу, Маңғыстау облыстық «Огни Мангышлака» газеті, 7 қараша, 1987 ж.;
45. Тағзым. Поклонимся великим тем годам. 2 книга, Алматы, «Балалар әдебиеті», 2010 ж.;
46. Астаналық «Астана ақшамы» газеті, 6 тамыз, 2011 ж.;
47. Бабалар сөзі. Жүз томдық. 41-том, Батырлар жыры, Астана, «Фолиант», 2007 ж.;
48. Адайдың алпыс батыры. Маңғыстау облыстық «Маңғыстау» газеті, 13 желтоқсан, 2003 ж.;
49. Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы, 3-том (Сәттігүл, Өскінбай, Түмен), Алматы, «ҚазАқпарат», 2013 ж.

# **ОРЫНБАЙ БӘЛДЕКОВ**

*Өмірбаяндық, тарихи-танымдық жинақ*

*Құрастырушы Амангелді Бәлдеков*

Редакторы *Фарида Уәлиева*  
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*  
Корректоры *Ботагөз Мұхиден*  
Компьютерде беттеген *Ұлжан Бердібекова*

Басуға 03.07.14 қол қойылды.  
Пішімі 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 30,5.  
Тапсырыс №167. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13





Бұл кітаптың жарыққа шығуын ойластырып,  
жүзеге асыруға белсене араласқан  
Орынбай Айтмағамбетұлының ұрпақтары –  
ЗИНЕШ ОРЫНБАЙҚЫЗЫ,  
АМАНГЕЛДІ ОРЫНБАЙҰЛЫ,  
МӘЛІК ОРЫНБАЙҰЛЫ,  
МАРАТ ОРЫНБАЙҰЛЫ



Бұл еңбектің жазылуы кезінде тұрақты рухани  
қолдау көрсеткен, істің ойдағыдай бітуін шынайы  
жанашырлық ниетпен тілеп, жігерлендіріп тұрған,  
кейбір тұстарын талқылауға, ақылға салуға  
араласқан  
апам ЗИНЕШ ОРЫНБАЙҚЫЗЫ мен  
зайыбым ТАМАРА МЕНДІХАНҚЫЗЫ екеуіне  
ризашылық білдіремін





## КІТАПТЫ ҚҰРАСТЫРУШЫ АМАНГЕЛДІ ОРЫНБАЙҰЛЫ БӘЛДЕКОВ



А.О. Бәлдеков (30.12.1945) Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. Мәскеудің И.М. Губкин атындағы мұнай-химия, газ өндірісі институтында оқыған, мұнай-газ өндірісі саласында үзіліссіз 43 жыл еңбек еткен маман.

Еңбек жолын Жетібай мұнай-газ кен орнында бастаған. «КазНИПИнефть» ғылыми зерттеу-жобалау институтының ғылыми қызметкері, «МангышлакНефтеПромХим» өндірістік басқармасының Бас технологі, «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ бөлім бастығының орынбасары қызметтерін атқарған.

Егеменді Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндірісін басқаруға жұмылдырылған алғашқы мамандардың бірі ретінде Мемлекеттік «МұнайГаз» холдинг компаниясының басқарма бастығы, «Қазақ мұнай құбыры», «ҚазақОйл» Ұлттық мұнай-газ компаниясы», «ҚазМұнай-Газ» Ұлттық компаниясы», «ҚазМұнайТеңіз» теңіз мұнай компаниясы» акционерлік қоғамдарында департамент бастығының орынбасары, бас инженер, бас менеджер жауапты қызметтерін атқарды.

«Құрмет белгісі» орденімен, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ. Мәсімовтің Алғыс хатымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасы мұнай-газ-энергетика ұйымдары қауымдастығы «KAZENERGY» медалімен марапатталған. «Қазақстан мұнайына – 100 жыл», «Өзен мұнай кенорнына – 40 жыл», «Маңғыстау мұнайына – 50 жыл» марапаттарының иегері. 25 ғылыми еңбектер мен 4 өнертапқыштық патенттердің иесі.

ISBN 978-601-292-898-3



9 786012 928983

FOLIANT